


№ 2016
3018к

Айгүл Кемелбаева

СӨЗ ХИКМЕТ







А 2016/3018 к

Айгүл Кемелбаева

СӨЗ ХИКМЕТ



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

Айгүл Кемелбаева

СӨЗ ХИКМЕТ



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 қаз)

К 29

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарыла-
ту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насип-
хаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»
бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»**

К 29 Кемелбаева А.

**Сөз хикмет: Эсселер, мақалалар, сұхбаттар. / Айгүл
Кемелбаева. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр»,
2016. – 384 б.**

ISBN 978-601-7505-23-3

«Сөз хикмет» атты бұл кітапқа жазушы, әдебиеттанушы, «Да-рын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Айгүл Кемелбаеваның көркем эсселері мен әдеби, өнертану, ғылымтану сұхбаттары енген.

Кітапқа қазіргі қазақ әдебиетіне теориялық-аналитикалық талдау жасалған әдебиет танытқыш, әдебиет зерттеуге арналған ғылыми мақалалар мен көркем эсселер, интеллектуальды сұхбаттары енді.

Жазушының ғылыми тұрғыдан нысан етіп алған классикалық әдебиеттің тұлғалары: Ибн Рабиа, Дулат Бабатайұлы, Абай, Иманжүсіп, Георгий Гребеншиков, Марина Цветаева, Әлкей Марғұлан. Бұл кітапқа сондай-ақ, қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің 40 шақты көрнекті өкілдерінің шығармашылығы жайлы зерттеу мақалалары да енген.

Кітап әдебиетті тереңдеп оқытатын жоғары және орта оқу орындары мен сөз өнерін қастерлейтін көзі қаракты жұртшылыққа арналады.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-7505-23-3


© Кемелбаева А., 2016.

© «Дәстүр», 2016.

© «Қаратау КБ» ЖШС, 2016.



I БӨЛІМ



**ЭССЕЛЕР
МЕН
МАҚАЛАЛАР**

Дулат Бабатайұлы.
«ЖІГІТ БОЛАР МА ЕКЕНСІҢ?!»

О, Ақтан жас, Ақтан жас,
Сен де жетер ме екенсің?!
Жетімдіктің белінен
Асып өтер ме екенсің?!
Жарық сәуле көре алмай,
Ел шаңына ере алмай,
Сол бойы кетер ме екенсің?!

Дулат Бабатайұлы (1802-1874), қазақ даласында отарлау саясаты күшейген тұста, сол тегеурінді көріп, күңіренген зарзаман дәуірінің бас ақындарының бірі. Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай, Жанақ сияқты ақындармен бірге елдіктің мұңын мұңдап, орыс империясы саясатының бұратана халықтардың рухын өлтіретін зымиян зұлымдықтарына, қазақтың бодандыққа көне бастауына жан-тәнімен қарсы болып, отты жырларымен қаймықпай қарсы шыққан. Азуын айға білеген алып империяға қарсы шыққан нағыз ерлік, елдік мұраты зарзаман ақындарына тегіс тән болуымен қайран қалдырады. Сол зар-запыран қайғы Абай феноменіне алмасты. Отарлықшылдық қамытқа ашынып, сол заманына күйлеген қазақтың зарлы толғаулары Дулат шығармашылығында ерекше қуатпен тұр.

«Жігіт болар ма екенсің?!» – бұл сол отарлау шегіндегі елдің жас баласының тағдырын ойлап, бата-тілек түрінде жазылған, бір үміт, бір күдік араласқан, төгіліп түскен өлең. Ақтанберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп, күреңді мінер ме екеміз?!» атты елдіктің мұратын аңсаған әйгілі толғауының сарыны мұнда айқын. Бір жетім баланың зарын екшеп алғанмен, түп астарында бұл өлеңде елдіктің қайғысы тұнып тұр. Отан отбасынан басталса, ата-анасы жоқ, ерте жетімдік көрген қазақтың бір баласының азамат болып, ел қатарына қосылып кетуін аңсауы ақынның ұлы гуманистік идеяларының көрінісі, адамсүйгіш жүрегінің лүпілі. Өйткені Дулат жырау кейінгі толқында Абай жырға қосқан: «Жетім қозы тас бауыр, / Маңырап да отығар», күпті ойдың, алаң

көңілдің қайғысы бар.

Жапанға біткен жапырақ,

Жамылсаң тоңар ма екенсің?!

Жазғы шыққан бүлдірген

Сұғынсаң тояр ма екенсің?!

Абай М.Ю.Лермонтовтан аударған (1829), тұпнұсқасы
неміс ақыны Шиллерден (1796) алынған өлеңде:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,

Алла асыраған пендесі аш бола ма?

Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,

Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.

Дулат жыраудың көкейкесті ойы ата-анасы, сүйеніші жоқ жетім баланың адам болып кетуін мұрат көріп, соның тілеуін тілеуі. Әрі жалғыздың жары бір құдай өлтірмейді, «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» деп дүние танытын қазақтың санасын жаңғыртуы. Қазаққа тән типтік сана осы. Әрі өлеңдегі аса қуатты идея – азаттық, қазақтықтың бастауында жатқан еркіндікті ұлықтау. Көк күмбез – кең аспан астында жұлдыз қарап өскен жаны жомарт, жүрегі жырға толған қазақ. Жапырақ жамылу, құрсаусыз, байлаусыз иен түзде ер жету – азаттықтың асқақ символы.

Ақтан жас – Дулат жыраудың көкейінде метафоралық есім, түп негізде жаттың қолында жетім баланың кебін киген қазақ ұлтының тұспалы болып шығуы бек мүмкін. Ақтанберді жыраудың таудай есіміне жетім баланың Ақтан деген аты ұқсас. Мынау отарлаушылық бұғау, бодандық қамыты басына түскен елдің ертеңі не болар екен деген зар-уайым бар сияқтанады. Қазақтың бұрынғыша кең жайлап сүрген өмірі өзгерерін зарзаман ақындары таңбалап кетуі соның айғағы.

Иен даланың жер түгінде сынсыған бүлдірген, тоғайдағы қарақатын құстармен қатар теріп жесе, жетім баланың ризық-несібесін көк Тәңірі береді деу сол ұлық биік сананың көрінісі.

Қазақтың жас ақыны Дәулеткерей Кәпұлы:

Қиялым қыран құсқа ерсе,

Сағыныш одан да үстелсе.

Үлгерер ме едім жыр жазып

Бүлдірген ағып түскенше?..

Жыл мерзімдері төрт аунап, алма-кезек ауысқан дөңгеленген дүние, көшпелі тірліктің танымдарын түгелдей бекітті. Мұндағы Дәулеткерейдің «Бүлдірген ағып

түскенше» деген өлшемі маусымдық ерекшелікті айтып отырған жоқ, бұл ұғымға қазақтың ұлттық санасында күллі адам ғұмыры кіреді. Қазақ мұны бес күндік өмір немесе қас-қағым тіршілік деп атайды.

Ақтанберді мен ту тігіп Қабанбай бабам,
Тұлпарлар жүзіп, тұныққа терең бойлаған.
Көрінесің сен, құт қонған
Киелі өзенім,
Дулаттан қалған өрнекті өлеңдей маған.

Дәулеткерей «Аягөз» атты өлеңінде қазақ рухы үшін қас үлгі жыраулар поэзиясы екенін, оның белді бір өкілі Дулат ақынды пір тұтып айтады. Ал Дулат Бабатайұлының кіндік қаны тамған баба жұрты – алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың бас ақыны деп риясыз атаған Абай тууына нәсіп еткен Жидебаймен жалғас, сулас, нулас, елдес мекен.

Абай өз өлеңінде Дулат, Шортанбай, Бұқар жырауды атап келтіргені оларды ескі ақындар деп мансұқтау емес, сынай тұра, жыр бағбаны санап, ізашар ақындардың бағын, аруағын асыру екенін екінің бірі ұға бермейтіні өкінішті.

Ақтанбердінің сарынын бастан-аяқ жаңғыртқан Дулаттың өлеңінде қазақтың бесік жырының да үлгісі анық тұр. Маңдайы торсықтай ұл баланың өскенде үлкен азамат болуын бесігін тербетіп отырып, анасы тілеп айтатын магиялық жыр қазақтың қанында бар. Бата – бесік жырының жалғасындай емес пе!

Бадана көз, тоғыз тор
Сауыт киер ме екенсің?!
Білтелені тұтатып,
Түтінін үзбей оқ атып,
Жау қашырар ма екенсің?!

Бежін ерді ерлетіп,
Жорыққа жортып терлетіп,
Сырты қырлы, жүзі алмас,
Салған дағы жоғалмас
Сапы асынар ма екенсің?!

Көшпелі тайпалар үшін ел қорғау – өмір сүрудің кепілі. Ал даңқы асқан жауынгер болу азаматтықтың мұраты болса керек. Жетім баланың елі үшін аман жетілгенін Дулат жырау осылай толғайды.

Мұхтар Әуезовтың «Жетім» атты классикалық әңгімесі бар. Әке-шешесінен қалған малын иемденіп алған қатігез жамағайын туыстарының құлдық тепкісінен қашқан жетім бала Қасым түн ішінде тауда үрейден жүрегі жарылып өледі. Әңгіме лейтмотиві – жетімнің көрген күні құрысын деген реалистік мұнды ойдан туған.

«Одна, печально измеряя / Никем незнаемы лета, – / Земля катилася немая, / Небес веселых сирота». Орыс ақыны Алексей Хомяков өлеңінде жерді, галактикада жалқы саналы тіршілік иесі деп саналатын Жер планетасын жетімге балап тұр. Орыс классикалық прозасында тұл жетім («круглая сирота») деген сөзді И.С.Тургенев екі шығармасында келтіреді. («Три портрета», «Петушков»). Және жетімдік ұғымын аяушылық сезімге қосақтайды. Өйткені жетімдік халықтар санасында мүсіркеушілік, жанашырлық тудырады, қазақ болса жетім көрсең жебей жүр дегенді обал мен сауап деп айқын ұғынады.

Босағасын борлатқан,
Таңдайға дәмі татымас,
Керегесін торлатқан,
Тегерішін манаттан,
Жібектен ызып бау такқан
Үйге кірер ме екенсің?!

Мынау көшпелі тұрмыстағы қазақ үйінің салтанаты. Ел қатарына қосылу жеке отау болуды білдіреді. Ал манат пен жібек барлықтың белгісі.

Тең құрбыңмен теңеліп,
Шаруа жиып кенеліп,
Керсеніне бал құйып,
Өмір де сүрер ме екенсің?!

«Шаруа жиып кенеліп» – бұл енді мал-жаны бар болу, төрт түлігі сай болу. «Керсеніне бал құйып», ертеде балды сусын ретінде пайдаланған, шөлдегенде батырлар ат үстінде бал жұтқан.

Жетімдіктен өтерсің,
Шаң бермей әлі кетерсің,
Қажыма, Ақтан, қажыма,
Жетерсің, әлі жетерсің.

Дулат Бабатайұлының «Өсиетнама» атты жинағы 1880 жылы Қазанда басылып шыққаны белгілі. Кейінірек

Абайдың асыл жырлары сол Қазанда басылды. Түркілік руханият тамырының суалмауына 19 ғасыр аяғында өзге түркі тектес халықтардың ішінде мәдениеті озық болған татар ағайын қам қылғаны да тегін емес.

Өлеңнің магиялық жыр, нағыз бата, елге өсиет екенін соңы анық танытып тұр. Қазақ фольклорындағы күн жайлату, бақсының жыры сияқты. Ақтанның бұғанасы өсіп жетіліп, аптал азамат болуына Дулат ақын тілектес ғана емес, нық сенімді. Жақсы сөз – жарым ырыс. Уайымды үміт жеңіп тұр. Бұның жүрекке нұр құятындай әсері бар. Бір баланың бағы өссе, бүкіл елдің бағы артады деген гуманистік идея бұл өлеңнің құнын асыра түседі.

17.01.2013./ 23.01.2013.

ИБН РАБИА мен АБАЙ

1.Көшбасы.

Өлең жырға сан қилы деп анықтама беру ақын атаулыға бек лайық. Поэзияны өзінше сипаттау көктегі кемпірқосақ түсіндей құбылып, марқайып тұрмағы ақындық қырмызы жүректен тарайтын шұғыламен тең. Поэзия, сөз өнері туралы бір ғана орыс әдебиетінде мыңнан аса теңеу табылады екен. Орыс поэзиясының күні атанған А.С.Пушкин поэзия туралы «Язык Петrarки и любви» деп жазды. Александр Сергеевич Пушкин өлеңді Франческо Петрарка мен сүйіспеншіліктің тілі деп анық атайды. Ол адамзаттың көркемдік қасиеті даму эволюциясындағы жарық тұлғалар ішінен неліктен Петрарканы ерекше тандап алған? Өйткені итальян халқының ұлы ақыны Франческо Петрарка өлең дүниесінде құдіретті жан сезімін, махаббаттың керемет жаратылысын айқара ашудың ұлы бастауында тұр. Петрарка қара түнек ерте орта ғасырлардың надандық тұмшалаған, крест жорықтары, сансыз соғыстар, оба, инквизиция, тиран билік пен католик шіркеуі дін басылары еркіндікке ұдайы тыйым салғаннан өлердей тұншыққан тылсым рух, жаны сүйген музасы, ғұмыр бойы сағынған ғашық жары Лаура аруды пір тұтып, әйел затын көкке көтере жырлауды жер жаһанға жария қылды. Бұл төмен етектегі әйел затын тегі адамға санамаған,

жалпы адамзат құнсыз саналған құсалы һәм қатігез орта ғасыр үшін бұлайша жырлау асқан күпірлік пен таңғажайып азаттықтың қос қанатына айналды. Аспан алты, жер жеті таңданды. Сондықтан жыр әулиесіне айналған Петрарканың махаббат лирикасындағы ұлы төңкерісін – ежелден ер мен әйел арасындағы риясыз махаббат сезімін, адамның құдай жаратқан сүю қасиетін дәріптеуде дана Пушкин қос ұғымды текке қатар алмаса керек.

Орта ғасырлардағы итальян әдебиеті Қайта Өрлеу, Ренессанс дәуірінің ерте тууымен ерекшеленетіні баршаға аян. Петрарка әлем әдебиетінде ең алғаш рет адам баласының табиғатын, сүйген жүректің жанды баурайтын таңғажайып қуат-күшін сүйіктісі Лаураға арналған сонеттерінде ерөн ашып берді.

Петрарканың әсерінен итальян әдебиетінде петраркизм деген ұғым қалыптасқан, бұл оның махаббат лирикасына еліктеген бір шоғыр ақындар жыры өз алдына құбылыс болуына байланысты туған.

150-130 жыл бұрынғы қазақ әдебиетінде махаббат лирикасын Абайдан асырып асқақтатқан нұрлы ақын әзірге жарық дүниеге тумаған сияқты сезілетіні рас. Абайдың өлең мектебі, ізбасарлары, еліктеушілері енді ешқашан азаймақ та емес. Абайдың сүйіспеншілік лирикасында жаңашылдығы, суреткерлік болмысы айрықша көрініс берді.

Қазақтың кара өлеңінде көбінесе қыз бен жылқы образы бірге аталады. Абайда дәстүрлі бұл қосарлау жоқ. Өзіне дейінгі даяр үлгіні, дәстүрді бұзып, сара жол салу – дәстүрге қиянат қылу емес, оны байыту һәм түрлендіріп, жаңғырту нышан. Бұрынғы ұлттық мінез, далалық мәдениетте сұлу қыздан ер серігі жүйрік атты артық санаған қылық көшпелі елдің қанына әбден сіңген, батырлық эпостардан бек мәлім. Өнет баба тәрізді хақ дін білген ғұлама, дала билері жеті қазынаның бірі әйел, бірі жүйрік ат деп ұрпаққа өсиет қылды. Сөйте тұра ер жігіт астындағы қас тұлпарын қимай, асыл санап, көрікті ару қызды одан гөрі төмендеу санап жатса, бұл жүректің қалауы ғана болмайды, сахараның ымырасыз жаугершілікте қатайған өмір салты.

Абай жазба ақындарында алғаш рет махаббатты жанай, тие қашып айтудан аулақ болды. Абайда махаббат сезімін

жан-тәнімен қызықтау, мейлінше арзу бар. «Махаббатсыз – дүние бос, хайуанға оны қосыңыз», бірқатар абайтанушы қауым мұны «махаббатсыз – дүние дос» деп айқындайды. Абай сөзінің күштілігі сондай, бұл өлеңді тіке я ауыспалы мағынасында алса артық етпейді. «Дүние дос» ұғымы парсының «жар», «дос» ұғымын береді, яғни суфийлық санада Аллатағаланы сүймей, адам рухани жетіле алмайды.

Ұлы ақын махаббаттың асыл қасиетін анық білген.

Қызды сүйсең, бір-ақ сүй, таңдап тауып,

Көрсө қызар, күнде асық – диуаналық,

(«Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық»).

Әлбетте, бұл «Қасына сұлулардың көп жантайдық» деп мұнафиқтан азат мойындайтын, дегдар Біржан сал жырға қосатын сал-серіліктен бір бөлек, тосын көзқарас. Абайдың махаббат лирикасында ұшырасатын аңқыған сөз тіркестері әлдеқашан афоризм, қанатты сөзге айналып халықтікі болып кетті.

М.Ю. Лермонтов энциклопедиясы Абай Құнанбаев есімімен ашылады. Академиялық энциклопедияның мәртебесі Абай тұлғасымен басталуы әліпбиге байланысты алфавиттік қалып дей салуға болмайды. Бұл конгениальды құбылыс, ұлылар үндестігі. Абайдың Лермонтовтан 30-дан астам өлең аударғанынан бөлек мистериялық, мистикалық тұспал. Келешекте руханиятты өгейсітуді жек көретін ойлы жұрттар Абайды түпнұсқадан оқу үшін күн сәулелі, күдіретті қазақ тілін жастанып үйренетін күн туары сенемін.

Ең әуелі Абай махаббат адам жаратылысына тән сезім екені анық жазды:

Адамзатқа не керек:

Сүймек, сезбек, кейімек,

Харекет қылмақ, жүгірмек,

Ақылмен ойлап сөйлемек.

Адам тіршілігі сезім шарпуы, жұптасу жұмбағы, сүю шапағатынан, жүрек мәртебесінен басталады. 13 жасар шәкірт Абай шығыстың атақты жеті шайырына еліктеп өлең жазуы баталы құл арымас деген қазақ дүниетанымын айғақтайды.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,

Науаи, Сағди, Фирдауси,

Хожса Хафиз – бу һәммәси

Мәдет бер я шагири фәрияд.

Жыр пірлеріне мұншалық сыйына табынудың көлдегі балғын құрақтай жасөрім ақынға еш сөкеттігі жоқ, бұл дүмше молда айыптар күпірлік емес, мұнысы асқақ талғам, эйфория, салтанат, бекзаттық тылсым хал тудырған құлай сүюдің ишарасы.

Сонымен қатар өленде теңдесі жоқ, қас асылдарды тану өз жолын таңдаудың шамшырағынан айнымайды. Парсы тілінде жазған алты ақыннан бөлек, ең алғаш дәстүрді бұзып, сара жол салған, түркі тілінде бес дастан-хамса жазған тұрандық, өзбек Әлішер Науаиды Абай дара атайды. Араб, үнді поэзиясынан ешкімді атамайды. Төрттағандағы Шәмси деп жас Абай Джалелледин Румиды атағанын шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаев жазады.

Қазақта шығыс классикалық әдебиеті классикалық жанрындағы – бес дастан жазуды бертінде Абайдан үлгі-өнеге алған немере інісі Шәкерім Құдайбердіұлы, Абайдан соңғы ақындарда жыр падишахы десе артығы жоқ Илияс Жансүгіров, эпикалық дәстүрдің соңғы могиқаны Шәкір Әбенев жалғады. Хамса жазудың қас үлгісі үнді эпосы Панчатантрадан басталған. Таңғажайып даналық кітабы Панчатантраны қазақшаға Сейділ Талжанов «Кәлила мен Димнә» деп аударды. Өліпті таяқ деп таныған балалық шағымда бұлар кісі екен деп ойласам, философиялық әдебиет сүйетін аллегориялық қалыпқа сай даналық дарыған қос қасқырдың аты екен.

2.Көшпелі стихия.

Орта ғасырлардағы араб әдебиеті осал болған жоқ. Классик ақын Абу-ль-Аля-аль-Маарри (973-1057) жырлары неге тұрады! Роман-эпопея «Мың бір түн» ертегілері «әнгіме ішіндегі әнгіме» жанрының теңдессіз қас үлгісі кейінгі дәуір прозасы өркендеп дамуына, небір таңдаулы жазушылардың жұлдызы онынан тууына айрықша үлес қосты. Бұл ақиқатты проза жанрында ең күшті авторлардан көреміз: Боккаччо мен Сервантес, кейініректегі Дефо.

Аңыз-жыр қағбасындай «Ләйлі-Мәжнүн», Физулиден еркін аударған Шәкерім оның киесін қазақ санасына сіңірді. Андалусиялық испан арабтары арқылы араб әдебиетінің құдірет-күші еуропалық әдебиеттің көркеюіне



зор ықпал етті. Мұны қазіргі евроцентристік менмен көз-қарас ұстанатын зерттеушілер мойындап қойды.

Меккеде туып өскен Омар ибн Аби Рабиа (644-712) араб әдебиетіндегі махаббат лирикасының қас шебері саналады. Тенеуге құштар еуропалықтар ибн Аби Рабианы «Арабстан мен Шығыстың Овидийі» деп атайды. Ежелгі Рим ақыны Овидий сүйіспеншіліктің бал татыған сезімін сан қилы ракурста, адамзатқа не тән: асқақтық пен астамшылық, тақуалық пен күпірлік, құдаймен алысу, ортодокс діндерге дейінгі көпқұдайлық, эротикалық құштарлық, табиғатқа жан салатын пантеистік сарында, метаморфозалық-мифтік құдіретпен құбылта, төгілте жырлауымен, трагедиялық тылсым, керемет өмірсүйгіш пафоспен сипаттауымен классиканың құс жолына тартты.

Абай өзінен он екі ғасыр бұрын өмір кешкен араб ақының жырларын атымен білмесе керек.

Ақындардың жүрегі — тәңірі қазынасы. Ақын атаулы бір нәсіл, бір тектен тарағандай жан туыстығымен баурайды. Омар Ибн Аби Рабиа мен Абай өлеңдерінен ерен үндестік табылуы тосын құбылыс емес. Әуелі екеуінің тақырып аясы бір, көкірек көзі өзгеше көргенде ақындар бір көзбен көрмегі жасырын болмасы хақ. Қос ақынның махаббат лирикасындағы кейбір ұқсастығының әлеуметтік-қоғамдық сипаты мышау: екеуі де көшпелілер мәдениетінің төл өкілі. Кең сахара дала, мал баққан халық, жыл мезгілдері алмасқанда көшіп-қонып, тұмақ пен өлмек өмір өткініші екенін ұғушы олардың жүрегін бір ырғаққа салуында мән бар. Оның үстіне, ең негізгі себеп, екі ақын да мұсылманшылықты ұстанады, бір Аллаға сыйынады.

Алайда діндегі тақуашылдықтан, жер бетіндегі өмірдің рахат-қызығынан, тыйым салынудан кезі келгенде екеуі де айнып шыға келетін тарпаң сәттері баршылық, бұл сиқыр, әсіресе, махаббат лирикасында мейлінше көрініс табады. Өйткені Абай махаббаттың «безгек ауру сықылданып жүдететін» қасиетін дөп баспаушы ма еді, жүрекке әмір жүрмейді. Құранда негізінде сүйіспеншілік ұғымы көбінесе Аллатағалаға байланысты айтылады.

«Алла оларды жақсы көреді және олар да Алланы жақсы

көреді» (5:54). Алла мен адамзаттың арасын жалғайтын сүйіспеншілік. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, / Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», – дейді Абай. Түп негізінде махаббаттың өзі иманға қатысы бар бақыт екен, оған куә «Күдіксіз иман келтіріп, түзу іс істегендерге: Алла сүйіспеншілік береді» (19:96). Отбасн Құранда сүйіспеншілік һәм бейбітшілік ұясы деп дәл атайды, себебі тәні топырақтан жаралған адам махаббатпен өсіп-өнеді: «Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларда ойланған елге белгілер бар» (30:21). Ислам діні махаббатқа тыйым салмайды, тек оның кеселді, азғырушы шайтанға ілесіп адаспауын қадағалайды, некеге қатысты нақты нұсқауларды адамшылық тұрғыдан айқындап береді.

3. Сүйіспеншілік құлдығы.

Абай жырларынада махаббат адам баласын асырады, оның қадірін қашыратындай нәпсінің құлдығы жоқ. Жан сарайының нұрлы қалтарыстарын, жан сұлулығы мен тән рахатын ізетпен, әдептен озбай сүйкімді айта білудің қасиеті шексіз. Омар ибн Аби Рабия:

Я жизнь отдам стыдливой красоте.

Мне знатная, живущая в палате

Красавица приятнее, чем те,

К которым ночью крадутся, как тати.

(Орыс тіліне аударған С. Шервинский).

Ибн Рабия жырлары қазақ тіліне аударылмаған. Кейінгіде дәл осы сарынмен Қожа Хафиз қас сұлудың менін әспеттеді, махаббат бұйрығына құл болды.

Абай ойын ұрлап, жүрегін тербеген сұлу қызға құштарлықты сабырмен толғайды:

Жүректен қозғайын,

Әдептен озбайын.

«Көзімнің қарасы».

Әдебиетте сюжет қарыздану бар құбылыс. Бұл көбіне-көп прозада жиі кездеседі. Өлеңде оның циклді,баллада, сонет тәрізді жанры бір болмаса даяр қалыптың түкке қажеті жоқ. Назирашылдық дәстүрдің жөні бөлек. Поэзия сюжет, тақырып, үлгіні қарызға алса жабыдай



қарадүрсін күйге құлайды. Көктен құйылатын нағыз өлең қарызға алуға ділгір емес, ол мүмкін емес. Бір құбылыстысуреттегендеұқсасәттердіңтабылуырасында көркемдіктің әсері.

Ақынның көкірек көзі жетіп жатыр. Ақындық шабыт жүректі баурағанда, көңіл құсы самғап, жан дүние теңіздей тасығанда шын сөздің асылы толқыннан туған қас сұлу Афродитадай бұлықсып туады.

Дүниежүзілік әдебиетіндегі дәстүр бойынша әр ақын өз тұлғасын жырында әспеттеуі керек. Ибн Аби Рабиа жұлдызы жануын былай таниды:

*Меня знают и в Марибе все племена и в Дуруббе,
Там, где резвые кони, где лука туга тетива.*

Абай тұлғалық «менін» рулық санамен өмір кешкен қазақ тұрмысынан алып айтты:

*Арғын, Найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме.*

Ұлы ақындар өз бағасын білуі туған халқымен арасын жалғайтын мәңгілікмахаббат кепілі. Көне римдік ақын Горацийдің «Exegi monumentum» өлеңі, одан Пушкин үлгі алғаны аян, («Памятник»), Абай айтқан таусыншақ күн-қорқытшыл сарынды жыр құдіретімен аластау деп қабылдауға болар.

Ақын халықтікі, ол халық үшін туады. Ақын өз ұлтының даму дәрежесін, рухани қуатын, жарқын бейнесін, кемеліне келгенін немесе мешел қалғанын айғақтайтын барометр сияқты.

Араб ақыны мен қазақ ақыны дүниетанымы ұқсас. Далада туған көшпелі қауымның менталитеті. Екеуі бір стихия. Араб түйе мінген, қазақ жылқы мінген. Олардың кәсібі, жан дүние ырғақтары, дүниені көруі бір-бірінен алшақ емес. Далалық зерде – сөз құдіретіне бас иіп, көркемдік қуатын, рух ұлықтау. Қос ақын даңқ мәселесін тілге тиек еткенде өз тайпаластарын сүйсініп айтады, өзі шыққан рудың игі қасиетін айтса ризашылықтары тасып төгіледі, жаманатын айтса өлгенше қорланады.

Араб ақыны ғашығының көз жасын жасырмақ түгілі, оны көлдете, әсірелей көрсететіні поэтикаға еш артық етпейді, гипербола өлеңнің құнын арттыра түседі. Сүйіктісінің асқан көркіне бағынған, оның әсемдігі жанын оттай жандырған

кұлы екенін дәстүрлі шайырлар жасырған емес.

*Сказал я — и слезы струились из глаз,
Ах, слез моих не был исчерпан родник.*

Глаза мои, слеза мои, что вода из ведра!

(С. Шервинский аударған).

Лирикада бас кейіпкер қашанда ақынның өзі.

*Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.*

«Көзімнің қарасы».

Ақын пейілі сырбаздығы, эстетикалық әсемдігі айқын. Сүйіспеншілік көз жасы бұл фәнидегі ең керемет гауһар тасынан құндырақ.

Араб шайыры өзі сүйген аруларын ардақтап, атымен атайды: Зейнеп, Әсмә, Атика, Рабаб, Хинд, Сельма. Мұнысы жастықтың алабұртқан бұла күшіне тағзым, өмір сүйгіш экстаз күйі, көрсеқызарлық, жеңілтектік деп біржақты ұғу жаңсақ. Ибн Аби Рабия тәрізді ұлы ақындардың жырында махаббат тәңіріндей есімі қалған, Ләйлім шырақтай сұлулар неткен бақытты!

Поэтикалық шығармашылықта бұл нәзік, қанық берілсе ақтап алатын нәрсе. Өлеңде Абай құлай сүйген көрікті әйелдер есімі жұмбақ, деректі дүние, Мұхтар Әуезовтың ұлы романынан белгілі.

Қыз бен жігіт сүйіспеншілігі ақын үшін өмір өзегі. Шындығында әрбір ақын ұқсас бола тұрып бөлек, бөлек бола тұра ұқсас. Өйткені адамзат негізі бір, Адам ата-Хауа анадан тарайды.

Араб ақыны жар сүюдің бағын былай асырды:

*Одно я знаю — только в ней
Мой свет, и жизнь, и дух.
Она нужна душе моей,
Как зрение и слух.*

(М. Курганцев аудармасы).

Абай ғашығының нұрлы бейнесінен өз сезімін бөле жармайды.

*Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы,
Бітпейді ішімде,
Ғашықтық жарасы.*



«Көзімнің қарасы».

Екеуі де сүйген жарын «көзімнің қарасы» деп бірдей ұлықтауы ғажап үндестік; дүниенің өз бояуы, ақиқат тенеуі.

Омар ибн Аби Рабиада ару бейнелерінде, Абай суреттеген қыз кейіптерінде көшпенділердің ең сүйікті образдары, далалық эпитеттер молынан ұшырасады.

Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол,

Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.

Абай шындықтан ауытқып әуре болмайды. Нәпсі астарлы, мағынасы үлкен. Құранда нәпсі иманға антоним ретінде көбірек қолданылатын сияқты. «Расында нәпсіні тазартқан кісі құтылды да. Әлде кім оны кірлетсе қор болды». (91:9-10). Нәпсіні шын махаббат тазалығы жеңбек.

Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,

Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Осы өленде Абай нәпсіден толық бас тартып тұрса, ол сүйе білер, көне білер адамшылық қасиет.

Көңілімнің рахаты сен болған соң,

Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.

Андамай қалмауға болмайтын бір мезет – Абай сүйіспеншілік сезімін діни ұғымдармен зерделейді. Рахат – жұмақ сөзінің синонимі, нұр дүние сипаты, Жаратушы Аллатағала шапағаты. Тәнді сүйіп тұрып жанды аңсау, рухты сезіну адамзатқа лайық. Жан мен тән біртұтас болса, Абай үшін тән жанның құзырында. Бұл деректі бола тұра абстрактілі өлең деуге сыйып кетеді. Қос ақын да әйел образы тым тылсым екенін, оның осалдығы мен дәті беріктігі, сүйдім деуі жалғандығы, махаббаты күмәнді болмағын әбден түйсінген, бірақ сүйікті санайтын жаннан олар жери алмаған.

Омар ибн Аби Рабиада сүйгені ақынды сиқыршыдай арбайды. Сиқыршылық мыстан кемпірге, сайқал әйелге лайық, әзәзілдік.

... И лукавишь, как всегда.

Ты меня заворожила, оплела, заколдовала...

(М. Курганцев аудармасы).

Бүгілді белім,

Жар тайған соң әр серттен.

«Қор болды жаным» деп аһ ұра күніренсе, Абай жаны сүйіспеншілікке құл болудан құса шекті, күшті ердің



әлсіз әйелден жеңілуін көнеден жырлау ұлы суреткерлер дәстүрінде тұнып тұр.

Ақындар «Қор болды жаным» — махаббаттағы біржақтылықты, сүйген жардың опасыздығын, суықтығын үлкен күйзеліспен жырлайды. Сөйте тұра өздері ғашығынан бас тартуға дәрменсіз екені айтпаса да түсінікті. Әйел көркі тылсым тор іспетті, ешбір ақын жүрегін бұлтартпайды.

Любимая так хороша!

Лицо светлей луны,

Что в полнолуние взойшла

И смотрит с вышины.

И провели мы ночь с ней – когда б ей не было конца!

За часом час втивал я свет луноподобного лица.

(М. Курганцев аудармасы).

Араб лиригі қыз жүзін айға теңейді, бұл метафора елең-жырда дүние жаралғаннан ақырзаманға дейін толастауы мүмкін емес. Қазақ ақынында көркем қыз сипатын суреттегенде ай нұры ғана емес, оның әр қилы атрибуттары, кұбылған бейнесі табылады.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.

Жіңішке қара қасы сызып қойған,

Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Өлеңде түнгі аспан падишахы Ай элементтері бірнеше: күміс, нұр сәуле жана туған айдың өзі. Көрікті!

Піскен алма секілді тәтті қызды

Боламын да тұрамын көргендей-ақ,

«Білектей арқасында өрген бұрым».

Алма айға ұқсамай ма, толған ай мен піскен алманың силуэттік кескіні бір.

Жар, сенің көңілің тоқ,

Ақ етіңді.

Нұр бетіңді.

Меншікті

Қылмаған соң

Алла,

Өзі сорлы етсе, амал жоқ.

(«Қор болды жаным»).

Абай көңлі өларадай құлазиды. «Адамда бір іс бар жабығу деген» ақынның тағы өзі.



*Вновь из мертвых восстали забытые муки любви,
Обновились печали, и жар поселился в крови.*

Ибн Рабиа қор болғанын, күйікті халын жапсырмайды.

Я весь исстрадался, душа еле держится в теле.

Солай бола тұр екі ақын сүйіспеншілікке өле мас, сүйген жарға адал, тәңірідей табынады. Махаббатта қашанда бірі өктем, үстем, бірі пәс, бағынады. Тең сүйетіндер сирек болғандықтан адамзат олардың есімін аңызға шығарды. Ләйлі-Мәжнүн, Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыр-аңызы фольклорлық, лиро-эпостық поэтикаға айналды.

Если женщины верной или даже неверной я раб,

Мне и та другая всего лишь замена Рабаб.

(С. Шервинский аудармасы).

Араб ақыны мәрттігіне сүйсінбеске болмас, сүймесе де сүйгеннен кем түспейді.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Аспанда ай менен күн шағылса да,

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ;

Саған жар менен артық табылса да.

Махаббат, трагедиялық сипат, космос, ұлы кеңістік, түңілістің жарық сәулесі, Абай лирикасының қуатын сезіну қасіретті һәм мәртебелі.

Сезім дүниесінің жойқын жаратылысын Абай қазаққа өлең арқылы ашып берді. Рас, Абайға дейін қазақта сүйіспеншілік лирикасының жүрек қылын тербер өдемі үлгісі табылатын.

«Сырғанды қайық қылып өткіз мені « – тендессіз көркем наз. Сезім байлығын толық суреттеуге реалистік суретпен қатар мистика, абстракция тарлық етпейді.

Перестань убивать меня этой жестокою мукой

Ведь Аллаху известно, чье сердце блуждает далеко.

Когда ж наконец без обмана свиданье назначишь?

Девичьи обманы отворотней нашептанных зелий.

(С. Шервинский аудармасы).

Араб ақыны жүрегі таза, пейілі ақ екенін айтқанда Аллаға жүгінеді. Қазақ поэзиясында тап осындай ойдың ұшығы Абайда орасан күшті берілген.

Қор болды жаным,

Сенсізде менің күнім.

Бек бітті халім,

Тағдырдан келген зұлым.

*Тағдыр етсе Алла,
Не көрмейді пәндә?*

Бірақ сүю қоршылық емес, бақыт екенін олар бәрібір түйсінтті. Мұны әлем әдебиетінің үздік лирикасынан айқын көру күнә емес. Алайда араб ақынына өз сүйіктісі астарлы үн қататыны әйел болмысын терең аша түседі:

(С. Шервинский аудармасы).

Омар ибн Аби Рабианың жырлары жалған абыздықтан ада. Япырмау, адам жаратылысы тап осындай болмағын қазаққа Абай танбаламап па еді: «Айттым сәлем, қалам қас» деп тап осылай үздікпеуші ме еді?!

*Көзім жатқа қарамас,
Жат та маған жарамас.
Тар төсекте төсіңді
Иіскер ме едім жалаңаш?*

Бағзыда араб сахарасында тап осы найзағай сезімнен жаны жарқырап бір ақын өмір кешті.

*Всевышний даровал мне милость
С тобою встретиться, с ревнивой.
А ты желанна мне, как ливень,
Как по весне поток бурливый!
Зачем так жажду я свиданья!
И убиваюсь и тоскую...*

(С. Шервинский аудармасы).

Көне дәуірде тірлік кешіп, адам психологиясының ешқашан өзгермейтінін үлкен әдебиетте жеріне жеткізе айтып кеткен арабтың ұлы ақынының тап осы мұңына араға 12 жүзжылдықтар керуенін өткізіп біздің Абай тілдескен тәрізді :

*Махаббат, қызық кім көрер,
Оның да дәмін татпаса?
Біржола басты кім берер,
Жаныңа қайғы батпаса.*

(«Жастықтың оты, қайдасың?»)

Шынайы гармония! Сөздің құпия жаратылысы – өлімге бас ұрмайтыны орасан рақымды жазмыш. Өлеңнің ермек үшін жазылмайтынын кенет ұққандай, арқаға қанат біткендей ризашылық кернейді жүректі. Тәубә!

25.08. 2004.

АЙТУЛЫ ЕР ИМАНЖҮСІП

эссе

1. Тұлғалық «мен».

2013 жылдың 30 сәуірінде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдығына арналған «Дәурен сүрдім бір кезде құстай ұшып» атты жыр кеші өтті.

Иманжүсіп атын естісе, елең етпейтін қазақ жоқ. Тек тілін, тек-тамырын, құнарынұмытқандар ғана селт ете қоймас. Алаштың ақжүрек ақыны Серік Тұрғынбекұлы Ақан серінің романтикалық күрескер өмірін роман-дилогияға өсиет қылып, артқы ұрпаққа аманаттап кеткен жазушы Сәкен Жүнісовтіңжұрт алдында «Ерейментау» әнін ұдайы жүрегімен шабыт кернеп, шырқап салатынын әңгімеледі.

Қазақтан қайран қазақтық алыстаған сайын Иманжүсіпке нағыз алаш баласының сағынышы бір басылмайды. Түбі шикі болмаса қазақ оған бей-жай қарай алмас. Иманжүсіптің әнін кезінде академик Қаныш Сәтпаев сүйіп салғаны естеліктерде бар. Қазақтың ең таңдаулы адамдары бұл әнге шын құмартуының сыры неде?

Өйткені «Ерейментауда» – Иманжүсіптің таңғажайып портреттік бейнесі тұнып тұр. Табиғи құнары күшті, сұлу, бекзат, нұрлы бейне. Ол жеке адамның образы бола тұрса да, қазақ деген қайсар халықтың асыл ұлдарының ұлттық мінез-құлқын даралайды. Халықтың дегдар рухынан, тектік жаратылысынан жаралған. Тек қуалаған даралық, ата текке тартқан өршілдік. Онда адалдық пен азаттық сүйгіш ұлы қасиет айқын білінеді.

«Ерейментау» – Иманжүсіптің айдауда жүргенде, ел мен жерді, өзі кіндігімен байланған тұрмыс-салтты ерен сағынғанда шығарған құса өлеңі, жасымас өр рух пен сағыныштың үлесі басым.

Иманжүсіп бұл өлеңде лирикалық кейіпкер – «мен» арқылы ісі қазақтың тағдырында бар, арқасына батқан кесапаттың сырын ашады.

«Ерейментау» – әр түрлі нұсқасы бар өлең. Әуелгі нұсқасында 9 шумақ. Ал «Бес ғасыр жырлайды» атты кітапқа енгені Иманжүсіптің біраз өлеңдерінің басын қосып,

бір атаумен бере салғаны білінеді.

Шідердің үш балығын атқа салдым,

Иманжүсіп атымды хатқа жаздым.

Ата-бабам дәулеті арқасында,

Жұдырықтай басымды отқа салдым.

Иман – дін үшін ең қасиетті ұғым. «Иманжүзді» – инабатты, жүзі жылы. «Иманы жоқ» – ұяты, адалдығы жоқ. Жексұрын, сұмырай, оңбаған адамда иман болмайды. Ол шығыс шайырларынша, өз есімін өлеңде таңбалайды. Мұны грекше «сфрагида» («мөр») дейді, кейінгіде Қасым Аманжолов жиі қолданған әдеби тәсіл. Шортанбай Қанайұлы:

Иманы бардың белгісі –

Тілінен тamar шырасы.

Қазақ адам баласының имандылығына аса мән берген, оны ерекше бағалайтын халық.

Мен елімде жүргенде жұрттан астым,

Менменсіген талайдың көңілін бастым.

Жаныма ерген жігітке олжа салып,

Бір түнде сегіз қызды алып қаштым.

Иманжүсіп – өлгеннен соң да ғашық қыларлықтай нартұлға. «Жігіттер қолдан келсе, маған ұқса» – дейтіннің өзі. Иманжүсіп серілік құрған дәуірдің ұшы жаңа низамға ілігіп сор тартты. Иманжүсіптей айтулы ерге қыз теріс қарамайды. Сал-серілер ел еркесі болғанын бәрі біледі. Біржан сал «Сұлулардың қасына көп жантайдық» мұны ашық айтады. Ақан серінің «Сырымбеті» – қайта оралмас жастық шағын, сұлу біткенге сүйкімді қалыбын аңсап, өмір соңы қайғы екенін біліп, араздасып, шер тарқатуы.

Көне Гораций үлгісімен Пушкин өз «менін» поэзия көкжиегіне темірқазық қылды. Өйткені ол жай бір сандалма, еріккен көп «мен» емес, ең асылзатты таңдап қонар, құдайдан берілер сый – ел бағына туатын тұлғалық «мен». Ұлы ақындар, данышпандар елі мен жерін, рухын қорғау үшін, әулиелік сөзбен бағын өсіру үшін туады. Тұлғалық «меннің» кәдімгі пендеге тән «меннен» айырмашылығы сонда. Ал ұлы тұлғалары жоқ, немесе тым жұпыны, суреткерлерінің саны аз халық санатқа ілікпей қор болады. Ол халықтан ғөрі қара тобырға тартады.

Ердің өзін айқын білуі, жорта көлгірсімей тануы Иманжүсіпте ерекше қуатпен берілген.



Сусыз жерге ауылым қона алмайды,
Кері кеткен тірлігің оңалмайды.
Жүз қатыны қазақтың ұл туса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды!

Кейде «Қыпшақтың жүз қатыны ұл туса да» болып келетін бұл ойдың түп қазығы – Иманжүсіп нағыз дара, айтулы ердің өзі. Бір қарағанда өркөкірек менмендік, асылық тәрізді сезілері анық. Бірақ Иманжүсіп иненің жасуындай жалған сөйлеп тұрмағаны тағы айқын. Оны Иманжүсіптің сөнбейтін жарқыраған жұлдызы айғақтайды. Харизма. Құдайға жазған құл-адасқан періштенің кекіген тәкәппар басына лағнет камыт киілген, содан қарғыс атқан соң ол әзәзілге айналған. Мынау мадақ Қазтуған жырау рух шақырған – «Бұлт болып айды ашқан, / Мұнар болып күнді ашқан», «Бұдырайған екі шекелі» – Ерді сыйлайтын халықтың төл дүниетанымы, сондықтан күпілдек құр мақтаннан ада. Ердің әруағын сыйлау, қас жақсының құнын білу қазаққа тән қасиет. «Ұл туғанға күн туады» деген қазақ. Ержүрек ұл өссе, елін қорғайтын ерге айналар.

Ал қазір Иманжүсіп тектес жүз ұл туса да орны толмас дейтін ер жігіттер қайда? Ерлердің көбі неге ұсақталып, төмен етеккі әйелдің рөліне еніп кетті?! «Қатынбасша» – жігерсіз, сүмелек еркек неге бүгінде сұмдық молайды? Тумай туа шөккен талай жарығы, жазығы жоқ нәрестенің обалы мен қаны ақымақ, имансыз қыздың ғана емес, арсыз, тексіз, қорсыз жігітсымақтардың да мойнында. Азаматтық, адамшылық сонша неге құлдилады? Мұның тылсым себебі, асыл ерлерді, қас үлгі тұтарлық бек лайық азаматтарды тарих кезеңдерінде талай мәрте отап, қынадай қырғанында болуы ғажап емес. Жамандар көбірек жан сақтады. Ерлерден ірілік, өрлік кетті. Ұсақталғандары соншалық, олар күні ертең өлерін, құдайға есеп берерін ойламай, мемлекеттің ірге тасын құлататын сыбайлас жемқорлық, араны ашылған сұмдық дүниеқоңыздықтың арсыз құлына айналды.

Үлкен парасат иесі, нағыз зиялы, сыншы Зейнолла Серікқалиев айтқандай, қазіргілер адал адамды Мырқымбай деп ұғады. Адалдықты бәрі жабыла тепкілеп өлтіріп, көрге тығып құтылғысы бар. Аллатағаланың бір аты адалдық болса, ендеше адалдық өлмейді. Ер қадірін білмей, алтын басын төмендетуге қазіргі қазақ қоғамы мейлінше ұрынғанын

аңдаған сайын Иманжүсіп тәрізді біртуар ерлердің дегдар бейнесі сағынтпай қоймайды.

Ерлерді әдейі құлдилату, ерлерді кемсіту бір халықтың құруына бастайтын кесел. Қазіргі әлем-жәлем әлем мұны гендерлік саясат деген атаумен бастап кетті.

Тектілік қасақана құртылған сайын қазақтың санасы мәңгүртеңе түсті. Репрессия жылдарында Иманжүсіптей нағыз ерлерді панасыз тағыдай қылып, бір сайда атып тастаған сайын қазақтан иман мен береке кетті. Мұның бір кесепатты салдарын Серік Ақсұңқарұлы былай таңбалайды:

Ана тілім, Алашымның көзі едің,

Өртенеді өзегім...

Үндемейді бесік жырын айт десем,

Өгей шеше – өз елім?!

Қазақтың ежелден тамыр тартқан төл әдебиетінде атадан артық туған ерлерді ерекше сүю, бағасын білу бар.

Халел Досмұхамедұлы «Аламан» атты құнды жинағында «Қарасай-Қазы» жыры туралы жазды: «Сонда бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр Орақтың қатыны сөйлейді:

Құланды қақтан қайырған,

Хандарды тактан тайдырған

Кешегі менің Орағым.

Болып өткен ер еді

Айтулы ердің бірі еді!».

Қазіргі қазақ поэзиясы бабаларға тән үрдістен жаңылған жоқ. Маңқыстауда туған Светқали Нұржанов «Адай Сүйінқараның таз Төремұратқа мола салдырғаны жайлы хикая» атты балладасында ата дәстүрдегі осы айтулы ерге шынайы құрмет дәріптелуі заңды:

Әлі есте қан-қамауда айтқан сөзі,

Баяғы Аллақұлдың қырғынында.

«Мен өлсем – алты Алаштың белі сынар,

Сен өлсең – бір қатын ұл туад!» – деген.

«Ерейментау» жырының мәтіне оның «Бұғылы-Тағылы» атты өлеңінің 5 шумағы еніп кетсе керек. Бұл өлеңді ол айдауға бара жатқанда жазған.

Қысырақтың үйірі жирен ала,

Орыс, қазақ байлары жапты жала.

Сүйіндікке бет алып шыққанымда,

Көрінуші ең алдымен Ботақара.



«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» лиро-эпостық жырындағы Ай, Таңсықтың туған жермен қоштасуы қазақтың ұлттық санасында архетип, тамыры.

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,
Ұйпалақтап қып-қызыл түлкіні алған.
Атамекен жерлерім – кәрі қойтас,
Көзімнен бұл-бұл ұштың дүние жалған.

Бұғылы-Тағылы. Қазақтың ешбір халықта жоқ асқан жершілдігіне дүние жүзінде ештеңе жетпейді. Аң мен құс, төрт түлік аттары кілең топонимдер болып келеді. Антропонимдер қазақ дәстүрінде бұған қарағанда сиректеу. Жамбыл «Өтеген батыр» атты жырында: «Бұл жырды мен естігем / Тағы құлжа үнінен» деп жырламаушы ма еді. Құланды, Құланды даласы, Жыланды таулары бар. Жабайы иен табиғатта бұла өскен халық ғарыштық аспан денелеріне, жер сұлулығына қарап, көркем ойлауға әбден дағдыланған, мұны космостық көру деп атайды. Сондықтан болар, Ұлықбек Есдәулет қазақ тілін «құдайдың тілі демейін тегі / табиғаттың өз тілісің!» деп арнау жазады.

Ауылым Күйгенжарға қона алмайды,
Өткен күн қайта айналып оралмайды.
Толғатып тоқсан қатын ұл тапса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды.

Адамзат баласы анадан жалғыз туады, жалғыз өледі. Бір адамды бір адам түк қайталамайды. Бір Аллатағаланың құдіретімен солай. Атадан асып туатын ерекше ерлерді ел дәріптейді, ғасырлар өтсе де олардың аты өшпейді.

Мамай батыр өлгенде тоқсандағы шешесі Қараүлектің жоқтап айтқаны:

Артыңда қалған жас бала
Қашан сендей болады?!
Қырық ұл туса бір күнде,
Орның қалай толады?!
Жұртыңды дұспан ториды,
Кім мініп атқа, қориды?!

Ахмет Байтұрсынов Мәскеуден 1926 жылы қазақтың жоқтау жанрындағы жырларын жинап, бастырған.

Өлдің, Мамай, қор болдың,
Тірлігіңде зор болдың...

Дұспанға құрған тор болдың.
Иманжүсіп бейнесін қазіргі қазақ өлеңінде Ғалым
Жайлыбай жырға қосты:

Толғауымен тірліктің тоналды ай, жыл,
Бота болып боздады Боралдай – жыр,
Аққу-қазым айдынға оралмай жүр.

«Талай қатын қазақта ұл туғанмен –
Бәрібір Иманжүсіп бола алмай жүр».

Өткен күннен атады өлең дерек,
Өлең барда ойламан өлем бе деп,
Иман аға,

біз қашан төмендеп ек?

Көкмойынға үкілі көз сап тұрмын –
Мойнындағы тұмарын көрем бе деп...

Бұл ата дәстүріне адалдық. Елі үшін жанын қиған ерлерден
өткен ардақты адам болмайды. Шернияз Жарылғасұлы
(1807-1867):

Па, шіркін Исатайдай сабаз тумас.

Ер тумас ел бағына ондай жайлы.

Қарадан халқы сүйіп ханым деген

Жігіт ед төрт тұрманы түгел сайлы.

Ел жүрегі ел қамын жеген ерлерге елжіреді. Махамбет
Исатайды былай жоқтайды:

Таудан мұнартып ұшқан тарланым!

Саған ұсынсам – қолым жетер ме,

Атқан оғы Еділ – Жайық тең өткен,

Арыстан еді-ау Исатай!

Бұл фәнидің жүзінде

Арыстан одан кім өткен?!

«Ұсынсам қолым жетер ме?» – бұл аса жоғары құрмет,
нағыз мәртебесі асқан жандарға ғазиз жүректен айтылар
жанды сөз, яғни тұлғалық «менді» сүйіп дәріптеу. Исатайдан
айрылған Махамбет бұл жерде оның қайғылы қазасынан
бөлек, дегдарлығын, асқан ерлігін, елге тұтқалығын қоса
ұлықтағаны айдан анық. Небір билеушіге де арнала бермес
әрі мадақ, әрі реквием. Құдайға ғана адамның ұсынса қолы
жетпейді.

Сөз астарын түсінбес, жұмбағын білмейтін адамдар үшін
түрленіп айтыла беретін «Қыпшақтың қырық қатыны ұл
туса да, / Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды!» деп ақынның



өзі кесіп, үкім айтқандай құлаққа тосын естілетін жолдар құр мақтан, өркөкіректікке еш жанаспайды. Бұл тұлғалық «мен», үкім емес, шындық сәулесі түскен игілік нышан.

Ең әуелі Иманжүсіп аты – қос есімнен құралған. Оның Жүсібі – көне дәуірдегі пайғамбар аты. Тауратта бірнеше Иосиф бар. Соның бірі Иаковтың (Жақып) үлкен ұлы Иосиф. Ол бағы жанып, елден асарын түсінде көреді. Түсінде оған күн мен ай, 11 жұлдыз басын иіп, тағзым етеді. Ағалары оны қызғанып, өлтіргісі кеп, бірақ 20 күміс ақшаға құлдыққа, шетке сатып жібереді. Ақыры Мысыр патшасының ең сенімді адамы болған Иосиф аштыққа ұшыраған, жасында өзіне опасыздық жасаған аға-бауырларына кешірім жасап, асырап, зор қайыр қылады. Бұл әпсананың түп астарында еврей халқын сақтап, өсіп-өркендеуге бастар тұлғалық таным – ұлттық идея жатыр.

Мой стих – Иосиф прекрасный, я пленник его красоты.

Мой стих – соловьиная песня, к нему приковал меня рок.

Жүсіп есімін жырға символ қылып жырлаған бұл Рудаки, парсы-тәжіктің ұлы ақыны.

Аңызда «Иосиф прекрасный», сұлу Жүсіп, ол «Жүсіп-Зылиқа» жырына арқау болған. Көрікті Жүсіп кіріп келсе, ас әзірлеп отырған әйел, қыз атаулы оған еліте қараймын деп саусақтарын кесіп алатын болған дейді. Қазақтың Иманжүсібі осал болмаған:

Қараөткелдің кіргенде көшесіне,

Маржалары көрем деп қамалаған.

Ғасыр бұрын орыс келіншектерін қазақ «Маржа» деп атаған, «Мария» деген жиі кездесетін ат қазақыланып, бұрмаланған түрі. Олар қазақты бұратана деп менсінбес еді. Иманжүсіп қыз, келіншекке сүйкімі күшті болғанын айтпай неге кетсін:

Екі жағы дарияның қалың шұбар,

Көкмойынға үкілеп тақтым тұмар.

Бір түстеніп аттанған ауылымның

Қыздары болушы еді маған құмар.

Көрген кісілердің айтуынша, Иманжүсіп бір ауылдан атымен аттанып бара жатқанда, некелі әйелдер көздері сүзіліп, соңынан қимай қарап қалады екен. Айтулы ердің бір қасиеті – жар сезімін, сүйіспеншілікті ояту екені тағы айқын.

Әкем Құтпан болғанда, ағам – Шонай,
Адамзатта ұл тумас мендей құмай.
Болыстың поштабайын сабап едім,
Төрт аяғы байлаулы қойдан оңай.

«Мен – құстан туған құмаймын» дейді Махамбет. Біржан салдың кегін болыстың поштабайын сабап Иманжүсіп қайтарғандай әсері бар. «Ерейментау» атты өлеңде айдауда таршылық басына түскен ақын тағы екі ағайыны – Тұрсынбай мен Дәулетханды еске алады.

«Оның қыздары Үлбибі мен Күлзағипа әкесін тәте деп атаған. Иманжүсіптің үлкен ағасы Шонай сол Қарасуда (Ақмола) өмірінің сәтіне дейін өмір сүрді. Бабамыз Тұрғанбайдың кіші інісі – Басықара. Малбике бейшара құмды шөлден өзінің туған баласы Баймырзаны тастап, осы Басықараны аман алып шыққан екен», – деп жазады атасына арнаған «Тұлпардың ізімен» атты кітабында Иманжүсіптің туған немересі Раушан НұрханқызыКөшенова.

Асырап алған әкесі баланы Құтпан атаған. Иманжүсіптің әкесі Құтпанның шын аты – Баймырза екен. Ол Кенесары жасағында 10 жыл жүрген. Азаттық идеясы Иманжүсіптің қанына Қоқан, Хиуамен күрескен атасы Тұрғанбай датқадан берілгені тарих біледі. Датқа, оңтүстік өңірлерде аға сұлтан дегенді білдіретіні Сүйінбай Аронұлының өлеңінде бар.

Тобықты Кеңбірбай би өз туысына: «Атыңнан айналайын,
Қараменде, / Ұл тумас сірә, сендей кейінгі елге. / Керегедей
Шыңғысты қия алмадым, / Не де болса қаламын осы жерде»,
– депті. Майлықожа ақында «Ілгері өткен жақсылар» деген ой бар. Айтулы ерді жұрты қайталанбас тұлғасы арқылы ажыратса керек.

2. Сарыарқа.

Менде дұшпан көп еді қамалаған,
Иттей болып барлығыабалаған.
Кіргенде Қараөткелдің базарына,
Қызық көріп қазақ, орыс жағалаған.

Иманжүсіптің өз өмірінің деректері. Орыс классикалық әдебиеті, Иван Крыловтан бір мысал бар: «Пілге үрген кәнден», адамзат жаралғалы солай. Жақсыны жамандар қосыла итше талау тыйылмайды. Өйткені жамандар қас жақсыны көргенде өз қораштығына, күйкі дарынсыздығына



өлердей арланып, соны кек тұтады. Абай бекер жазбаған:

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

Адамзаттың әлсіз жаралғанын дін растайды. Жан дүниенің тазалығы, ізгілікке ұмтылу көкірек көзі ашылған соң болар шапағат.

Ішім өлген, дүние-ай, құр сыртым сау,
Маған десең, көз жасым, жаңбыр боп жау.
Бүркіт салып басыңа шығар ма едім,
Бір көрінші көзіме, Ерейментау.

«Бір қызық ісім екен сұм жалғанда» деп «Қансонарда бүркітші шығады аңға» –құсбегілікті Абай ерекше көркем жырлауымен қазақ өлеңін байытты. Иманжүсіп айдауда жүргенде Ерейментауды сағына есіне алуы бүркітшілігімен тікелей байланысты ойға құрылады.

Сарыарқаның құдіретін талай ақын жырға қосқан. Дулат Бабатайұлы:

О, Сарыарқа, Сарыарқа!
Самалың салқын жон едің.
Сырдан ауып келгенде,
Жапырылмай шалғының,
Балауса балдыр балғының
Тимеген ірге соны едің.

Ал Мәшһүр-Жүсіптің шығармалары 5 том, 37 бетінде «Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылаған зары» бар:

Кете бардым зар жылап,
Сендей жерді жалғанда,
Іздеп қайдан табармыз?!

Қазақ пен қалмақ 200 жылдай шабысқан. Арқадан қазақ ауа қашып, қайта оралғанша қалмақтан Арқада 3 ұрпақ өсіп өнген.

Кемеліне келген соң,
Арқаны қазақ көкседі,
Арасынан қалмақтың
Бөленің оты өшпеді.

Дулат Бабатайұлы «Ой, Сандықтас, Сандықтас – Атамның қонған жайлауы!» деп небір молшылық, ырыс-несібе Арқа төсі туған жердің арқасы деп дөп танитын жыраудың «Ата қоныс Арқадан» атты өлеңінде мұны айғақтайды.

Нарманбет Орманбетұлы, зарзаманның артқы ақынында

«Сарыарқа» – жоқтау:

Сарыарқа, сарқыраған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар, буың қайда.
Найзағай жарқ-жұрқ етіп нөсер құйған,
Көк жасыл, кемпірқосақ туың қайда...

«Ер Мамайдың алдында шаһид кештім, өкінбен!», – деп жырлаған XVI ғасырда өмір сүрген – Аймадет Доспамбет жырау. Ол туралы академик Сейіт Қасқабасов былай деп жазады: «Доспамбет жалындап жанады, үміттенеді, қайрағтанады. Өмірден ерте кеттім деп өкінбейді. Керісінше, өзіне лайықты, жақсы өмір сүрдім деп есептейді, өйткені оның идеалы – Сарыарқа үшін шайқаста шәйіт болған жауынгер. Доспамбеттің ойынша, ең бақытты адам – арғымақ мінген, көбе киген, жұпар аруды құшқан, той тойлап, армансыз қымыз ішкен, жау келсе, қарсы шапқан жаужүрек жігіт. Міне, Доспамбет өзін осындай өмір сүрген кісі ретінде көрсетеді. Ол өз дәуірінің қоғамына, болмысына, тіршілігіне дән риза. Оны жалған дүниедей, қайта дәріптей жырлайды. Оған құштарлық танытады. Өмірден түңілу атымен жоқ».

«Доспамбет жырау бірінші жақтан сөйлейді, жырау өзі туралы айтады, өзін қалың жаудан қайтпайтын жырау, нағыз қаһарман етіп сипаттайды:

Достым менен дұспаным,
«Апырым, ер Доспамбет!» – дегей ме?».

(Сейіт Қасқабасов. 1 том. Жаназық. 504 бет).

Батырлық пен жыраулық қанға сіңген – ноғайлы заманынан үзілмеген қасиет. Иманжүсіп Қазтуған, Шәлгез, Доспамбет, Ақтанберді, Жиёмбет, Махамбет – кілең ерлердің тұяғы.

Сарыарқа – қазақтың жұлын омыртқасындай. «Еділ үшін егескен», «Жайық үшін жандасқан» (Махамбет) – туған жер үшін айнала қаптаған дұшпандармен соғысып өткен ерлер ұрпағын қорғады.

«Ерейментауға» кейіннен қосылып кеткен басқа бір нұсқасында жыр басы былай басталады:

Абылай аспас Арқаның сары-ай белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас –
Нияздың Аюлы мен Қара көлі-ай.

Бұл екінші нұсқада Арқа өңірінің географиялық деректері бар. Шежірелік деректерден қыпшақпен қоса



арғын тайпасының кіші екі атасы, Қуандық пен Сүйіндік қатар аталады. Русыз сөз сөйлеу ескі қазақта болмаған. Ақын өзінің қыпшақ руынан екенін – «Қыпшақтың баласымын Иманжүсіп» деп айтуы заңды. Иманжүсіп өлені құдіретінен сол көлді жайлаған Нияз деген байдың есімі хатталып, ұрпақ жадында қалды. Әрі бұл әнімен шырқалар өлең болғандықтан қазақ үшін темірқазықтай жарық. Иманжүсіптің композиторлығы өз алдына.

Жылқының таңдап кілең саңлағын,

Туған даламды түгел шарладым.

Бұл Дәулеткерей Кәпұлы, кейінгі қазақтың түйе қомында өскен, көшпелі өмір қызығын көрген саусақпен санарлық аз ғана баласының бірі.

Ал жерінің кеңдігі мен суының молдығын қазақ қашанда «Қырықмыңжылқы су ішсе лайланбас» – жылқымен өлшейді. «Тағы да бас қосқаным Жағалбайлы, / Жылқысын көптігінен баға алмайды». Ер Төстік тумай тұрып, Ерназардың 8 ұлы, Баян сұлудың әкесі Қарабай, қазаққа біткен бай атаулы тегіс жер қайысқан қалың жылқы қамымен ата қоныстан шығандап кете береді. Бакытжан Раисова, өскемендік ақын, дала мен көшпелі өмір салтының біртұтас құбылыс екеніне дәл меззейді:

Дала, дала, көшпендінің ең соңы,

Күн астында Күнекейім дер сені.

Мәшһүр-Жүсіптің «Бауыры Ерейменнің айдала еді. / Жер екен дуасы жоқ Ерейментау / Жігіті болады екен молдамен жау» деп сынайтыны тағы бар. Иманжүсіп жер аттарын жырында қадай атайды. Соның ішінде «Көктің көлі» туралы бір қызық дерек – Мәшһүр-Жүсіптің «Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы» атты жазуында бар. Елдің бәрінен биік боламын деп 100 жылқы құнына сәукеле жасатып киген, асқа түйе мініп келген Көктің көліндегі Инем баласынан шыққан Өтебай сал, қымбат сәукелесін бір тақиядай көріп, ұзатқанда кисін деп Шоң бидің қызына бір сақау арқылы бере салады. Мәшһүр-Жүсіп мұны «Бұрынғылардың бәрі әулие екендігі осындайдан білінеді» деп түйіндейді.

Қатар-қатар салынған тастарың-ай,

Мұнарланып көрінген бастарың-ай.

Еске түссең, қайтейін, Ерейментау,

Тыя алмадым көзімнің жастарың-ай.

Иманжүсіп айдауда жүргенде туған жердің баға жетпес қасиетін жырға қосып, жүрегіне толған шерді ақтарды:

Ақтау, Ортау, Қаратау, Көктің көлі,
Жаз болғанда жайлаушы ед көшіп елім.
Сағынғанда көзімнен бұл-бұл ұшты
Ақ туын ата-бабам тіккен жері.
Несібемді жазған екен менің түзден,
Қойыпты күдер үзіп ел-жұрт бізден.
Қайран ел, оқта-текте еске түссең,
Жасымды тия алмаймын екі көзден.

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов айқын айтқандай, «Қазақ жерін алу турасындағы низам» Сарыарқаның иен даласын өз ұлдарынан тазалауды бастады. Айтулы ерлерді құрту басталды. Иманжүсіп сол құрбанның біріне айналды.

Құнсыз болып еріміз,
Жесір болып жеріміз,
«Жан менікі» дей алмай,
«Мал менікі» дей алмай,
Ит пен құсқа азық ек.

Ахмет Байтұрсынов «Тілек батам» атты өлеңінде осылай күңіренді. Өйткені үкімет-орыспен қоса биліктегі қазақтың болысы мен парақор ұлығы аңқау елді жабыла қанады. Сүйінбай ақын қазақтың қоршылығы жаңа низаммен бекігенін жырға қосты:

Қайран қазақ қор болды-ау,
Құр бекерге далақтап.

Қазақтың генетикалық қорын құрту қазіргі ұлт мәселесінде текке кеткен жоқ. Өз тілінен өлсе айрылмайтын өзбек пен тәжікпен салыстырғанда, қазақ туған тіліне сұмдық обал жасады, сондай-ақ, қақ жарымынан астамы ана тілінен мақрұмдығына әсте қайғырмайды. Өз тілін қорашсынады. Қазақ болуға намыс көреді. Оның шын мүскіндік, сорлылық екенін ұқпайтын миғұла.

Намысына қазақтың
Мың жерден көр қазылды.
Аза тұтқан аз ұлдың,
Есімдері тасқа емес,
Көкірекке жазылды.

Алтайдың ақ өлеңмен жазатын мықты ақын қызы Бақытжан Раисова қазаққа арысы жоңғар, берісі совет



үкіметін жамылған зұлымдардан болған геноцид астарын өлеңде астарлайды. Бұл кәдімгі көр емес, елдік намысты өлтіруге қазылған мың көр. Намыссыз халық – өлген халық.

Қазақ баласының туған жерге сағынышы әлі сол қалпында, әлбетте, мәңгірттенген, шіріген жұмыртқа тәрізді өзін-өзі өгей қылған адасқан ұрпақты қоспағанда. Жас ақын Ербол Бейілхан былай жырлайды:

Сарыжайлау, сағынышым мәңгілік!..

Жүк артушы ек, сарыатанға қом қылып.

Бозторғай – таң шырылдамай аттанып,

Сары жонға көш жетуші еді болдырып.

Иманжүсіптің «Ерейментауы» – азаттық идеясын ұлықтауымен елім деген әр қазақтың көкірегінде жазылып қалары айқын. Түркістан-Тұран елін сүю идеясы жолында өмірін күреске арнап, жанын берген Мұстафа Шоқай Иманжүсіп шыққан қыпшақ руының шашты атасынан болатын. Мұстафа Шоқай рухын жаңа заманда жаңғыртып, зерттеуге ерекше қажыр-қайрат жұмсаған алаштың ақыны Қасымхан Бегманов жырға қосқан:

Түркістан ием, біз үшін, Тәңірмен бірдей есімің,

Алаштың алтын бесігі-ай, мұңдасы жетім-жесірдің.

Азаттық, теңдік – барлық халықтың арманы. Ақын сөзі әулиенің батасына татиды. Шайырдың дуалы сөзі 300 жыл өтсе де орындалары бек анық. «Сөйлер тілі түркменнің» – Мақтымқұлы Пырағы елі мен жерінің бағы үшін үнемі бірлік пен ізгілікке сенім арта жыр жырлауы бүгінгі Түркменстан мемлекетінің бейнесін ғасырлар бұрын сүйіп, болашаққа аманат қылып, бедерлеп айтқанының арқасы деп ұғамын. 1733 жылы туған классик ақын Мақтымқұлын сол үшін ерен сүйіп, қастерлеймін.

Теке, жәуміт, язырға

ғөклен, ахал қосылса,

Мүмкін емес

түркменнің гүлзарлары солмағы.

Мүмкін емес

түркменнің біреуге құл болмағы.

(Түркмен тілінен аударған Дүйсенбек Қанатбаев).

«Ерейментау» – тұлғаны, тұлға арқылы ұлттық болмысты танытатын өте биік, текті өлең. Қап тауларынан алтынды Алтайға созылған кең алқапты жайлаған көкбөрінің ұрпағы

исі қазақ баласы үшін азаттықтан асқан құдірет бұл әлемде болмаған әрі болмайды да.

Аманхан Әлімұлы «жақсы сөз – жарым ырысқа» татитын ұран сөзді өтірік жыламай, құса-мұңға құламай айқын қылып айтуы нағыз құдайшылық:

Бақытты сезбесең сол қайғы,
Жасасын, жасасын азат күн, –
Азаптың жыршысы болмайды,
Ақыны қазақтың.

Илайым, қазақтың бағы өшпесін, қазақтықтың күні сөнбесін! Өрлікті ту қылып өткен бабалар жолы қайта жаңғыруға жазсын!

1.05. / 5.05.2013.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ «ҚАЗАҚ ӘЛЕМІ» ХАҚЫНДА

Қазақтың біртуар ғұлама ғалымы, академик Әлкей Марғұланның «Қазақ әлемі» кітабында туған ел мен жердің тарихи, мәдени, этнографиялық асыл мұралары зердеден өткізілген. Бұл рухани әлемнің тек бір ұлтқа тән эстетикалық, әлеуметтік, тайпалық, дүниетанымдық айшықтары. Академиктің көлемді ғылыми монографиялық еңбегі «Бегазы-Дандыбай мәдениетінің ескерткіштері» атты кітабында да ұлы кеңістік, евразиялық кең алқап суреттелген. Каспий теңізінен Алтай тауына дейін қалқыған Қыпшақ даласы, көшпелі құбылыстың тал бесігі болатын.

«Қазақ әлемінің» алғашқы бөлімі «Бөрі тотемді петроглифтер. Шапырашты руының тотемі» деп аталынады. Өнердің шығу тегі туралы концепцияның біреуі еліктеушілікке негізделген. Әуелгі жабайы адам айналасындағы мол табиғат құбылыстарынан, жаратылыстың тылсым құпиясынан сескеніп, аң мен құсқа, жан-жануардың тіршілік ырғағына еліктеген. Адам жаратушы Құдайын іздеген, тұттай жалаңаш, балғын шағында құдайына құлшылық қылуды түйсінген. Ғылымнан дін емес, діннен ғылым шыққан қайырлы құбылыс. Адам бар жерде өнер шықты. Өнердің ең көне ескерткіштеріне ең алдымен жартасқа салынған суреттер мен тасқа қашалған



сызба-нобайлар жатса керек. Әлкей Марғұлан кітабының алғашқы һарпін осы мағлұматтан бастайды.

Петроглиф – ғылыми термин, археологтардың еншісіне тиген. Петро (petra) грекше тас деген сөз, glyphe – ою, ойма, бедер. Адам ежелден тасқа құмар. Көзін таспен ашқан, тас оның күнкөрісіндегі ең қажет құралы болды. Өркениеттің қат-қабат, қатпар-қатпар қойнауларында, археологиялық қазба деректерінде мол ұшырасатын айғақ бұл. Әр тастың құны мен қасиеті жекедара, кәдімгі қымбат бағалы тастар көздің құрты ғана емес, қоғам жылнамасы, мәдениеті, дамуының көрінісі.

Жартасты кез келген қарақшы, олжа алғыш қанша сұқтанса да көтеріп әкете алмайды. Оның баға жетпес осы қасиетін әуелгі суретшілер сүйіп таңдағаны шүбә тудырмайды. Петроглифтер – тасқа тіл бітіру. Тас сөйтіп адамзат үшін көркемдік, беріктік белгісі болып көрінді. Таста тамыр жоқ, бірақ оған өнер араласса ұзақ ғұмыр бар. Табиғи мұражай, аспан астындағы галерея. Құдайдың құдіретімен бөлшектен бүтін құралғандықтан өлген соң сүйектері үгіліп, топырақ болып кеткен, тұқымы сақталмаған ежелгі аңдардың тірі бейнесі таста сақталған. Тас та су сияқты ақпарат сақтаушы.

Шың, күз, жартастағы суреттер, петроглифтер үдере көшкен тұрлаусыз ғасырлар керуен көшінен, жаратылыстың үркер шоғырындай ауған аумалы-төкпелі мәңгі ағымынан, көктегі бұлттардай кезбе дәуірлер мен уақыт атты философиялық дерексіз дүниені деректі хроникаға айналдырған құдіреттің тегеурініне төтеп бере алар өнердің бір түрі. Ғалым сол суреттерден өз халқының өткенін көргісі бар, жұмбағын шешуге талпынады. Ол тек ғылыми тұрғыдан саралап көруге ғана ұмтылмайды, өз зерттеуінен орасан зор ләззат алады. Бұл сүйініш кітаптың алғашқы бетінен-ақ айқын сезілгендіктен оқырманын баурап алады.

Романтикалық дүниетанудың бастауында осы бір мәңгілік суреткерлік тұр. Сонымен ежелгі суретшілердің қазіргі техникалық замандағы суретшілерден басты айырмашылығы әрі артықшылығы сонда, олар ашық аспан астында сурет салды, ұлы табиғат ана бесігінде тербелді. Тәңіріге бұрынғылар бір табан жақын болды. Бағзы шеберлердің шеберханасы, мольберті, түрлі-түсті бояуы, қылқаламы болған жоқ. Олардың кескіндеген суреттері көбінесе флора емес, фаунаға қатысты.

Жартасқа таңба салуда гравюраны қолданды. Гравюра – орыс тіліне берік орнаған сөз, француз тілінен енген. Бірнеше мағынаны береді, негізгісі графиканың бір түрі, оюлау, бедерлеу, қашау, өрнектеу арқылы жүзеге асырылады. Ол ежелгі дәуірлерде ағаш қабығы, жақпар тас, жартас бетіне ойылған сурет.

Алғашқы қауымдық құрылыста аңшылық асырады. Жер бетіндегі тірі организмдер дамуының ең жоғары сатысына көтерілген, еңбек құралдарын жасап оны қажетіне жарата білген адамзат қоғамы үшін тарихи және эволюциялық дамудың өзегінде аңшылық жатыр. Аңшылық пен аңдау деген екі сөздің түбірі бір, омоним. Аңдау – адамзаттың объективтік дүниені тану жүйесі, айналасындағы нақты құбылысты дөп қабылдай алу.

Көк күмбез астында, күн райының ыстық-суығында, жел-жаңбырға қалқан жоқ, ай мен күн нұрына шомылып, кеудесін шығармашылық қуат кернеген, адами биік рух шеберлендірген тұңғыш суретшілердің күшті қолымен жартас беттері қашалды. Мұның қасында үңгірдегі суреттерді көркем шеберханаға лайықтай салуға әбден болар ма еді. Авторды тебіrentкен, зерттеушілік ісіне сәуле құйған, қиял-ғажайып дүниесін сөндірмейтін бір көркем қасиет – өмір оза береді, ұрпақ жалғасып ауыса береді, ал жартастағы петроглифтер ақырзаманға дейін мәңгілікке таласқандай мызғымай тұра береді.

В дальних северных туманах

Есть угрюмая скала.

На безбрежных океанах

Чудный лик свой вознесла.

Александр Блоктың «Черная дева» атты өлеңіндегі тылсым жартас бейнесін ең алғаш жабайы аң терісін жамылған суретшілер аңдай білгені күмәнсіз.

Әлкей Хаканұлы Марғұлан жартастағы суреттер қазақ халқына ғана тән құбылыс емес, бүкіл әлеми құбылыс екенін айта келе, петроглифтер Қазақстанның күллі мекендерінде жиі ұшыраса беретініне мән береді. Олардың баршасында дерлік жануарлардың бейнесі жиі бедерленген. Аң аулау көріністері, сүт қоректі аңдарды аулау мол, ал жыртқыш аңдарды аулау тым сирек кездеседі екен.

Аю мен үңгір арыстанын аулауға ежелгі аңшылардың



құлқы соқпаған, ал күштіден ығысқан. Олар негізінен бизон, бұқаның тағы түрі, жабайы жылқылар, аша тұяқты аңдар, құландар..

Автор желмая туралы аңыздар, мифологиялық сюжеттерге құрылған өрнектер, әсіресе, жануарлар дүниесінің көптігін ерекше атап өтеді. Зерттеушілердің көпшілігі жартастағы бейнелер сиқырлы, керемет, діни ғұрып, магиялық соқыр нанымға негізделген деп есептейді. Суреттер ерекше маңызы болған, бұл құбылыс палеолит (сүйекті) дәуірінен орта ғасырларға шейін жалғасқан. Петроглифтер – белгілер мен нышандар, аяндар мен баталар, өмір мен өлімнің ашық кітабы, тастағы жыр, күн астындағы дархан, сұмдық жойқын күшті кітабы. Петроглифтер бейнелеу өнерінің шығу тегі, негізі.

Әлкей Марғұлан мұның күнге табынған, пұтқа табынған, табиғат құбылыстарын баққан еркін, азат, ежелгі алыптардай күшті, бейәлім суретшілердің таңғажайып қолтаңбасы екенін даралап көрсетеді. Мұның астарында өмірді толық сезіну, экологиялық апаттардан ада мынау әппақ дүниені ұлықтау, өз көкірегіне ойды тау-тасқа көшіріп бедерлеу, рухани кеңістікке ғарыштық қуатпен атойлай аттанған метафизикалық стихиялық құбылыстың ұшығы жатыр. Жартас бетіндегі тылсым таңбаларда мифология мен живопись біртұтас құйылады.

Дәл осы құбылыс жарық дүниеге жана туған әрбір жас нәрестенің бойында бар. Адамзат қанында бар қасиет: кез келген сәби бейсана түрде әлгі ежелгі ата-бабасы жартас бетіне салған бейнелерден аумайтын сурет сала береді және сала бермек. Жас баланың беймағлұм шимайларынан сонау асыл мұраның нобайы түзіліп тұратындай байқалады, адам баласының жұмыр басы көктегі күндей дөп-дөнгелек, көздері жұлдыздай, аяқтары өзен жағасына өскен сәмбі талдың бұтағы сияқты, сәби көкірегінде көк пен жер атрибуттары тегіс. Петроглифтердің маңызы сонда, өркениеттің шаһары әлі алыс, бірақ қозғалыс, әлемдік баян, ұлы әдебиет сол жартасқа түскен құландар мен турлар, аңшылар, бақсылардың бейнесінен басталса керек.

Сол себептен бе, Әлкей Марғұланның есімі жадта атымен жоқ көне дүние суретшілеріне деген құрметі мен тағзымы ерекше. Атсыз деген бүркеншік ат алған түрік жазушысы

бар. Кей-кейде тұспалшыл суреткерлік жұмбақ қисынды сүйеді.

Ал палеолит дәуірінің тамаша суретшілерін шетінен Атсыз десе артық емес. Өнердің бір киелі қасиеті, ол иесін жоғалса да мазмұны мен мәнін, философиялық құнарын ешқашан жоғалтпақ емес. Академик Марғұлан атсыз суреткерлердің тау жыныстарының ерекшеліктерін өте жақсы білгенін мәлімдей келе, ғылыми тұжырым жасайды. Гравюра салынған материалдар мәрмәр тас (гранит), тақтас тас, құмдақ, диорит, жылтырақ филлит тәрізді тау жыныстары екен. Және салу әдісі үш түрлі: таңбалы, яғни нүктелерді қуалай соғып істеу, сызып алу, жартастағы кескіндеме. Әлкей Марғұлан ХХ ғ. 40 жылдарынан бастап археологиялық зерттеу жұмыстарының осы саласын меңгерген. Қазақстанның күллі аймағынан дерлік табылған жартастағы бейнелерді ол ұлы қазынаға балайды, оның сюжеттік құндылығының теңдесі жоқ. Күнге табынушылық салты, бақсылық, құрбандық шалу, аңшылық, аң аулау сәті, астральды мифтер, жезтырнақ, т.б. бейне тастан табылады. Сондай-ақ, көне грек мифтерінен әлемге әйгілі кентавр бейнесі ең алғаш түркілерден шыққанын дәлелдейтін бір жайтты Әлкей Марғұлан келтірген. Орталық Қазақстаннан табылған дөңгелек медальонның бір жақ бетінде көк бөрі, екінші бетінде адам-жылқы кентаврдың садақ тартқан мүсіні бейнеленген. Бұл көне қыпшақтардың VI-IX ғғ. қолтаңбасы көрінеді. «Оғызнамада» бөрі бастаушы, бөріні түркілер кие санайды. Жазушы Марат Қабанбаевтың «Кентавр» атты роман жазып, ерен поэтикалық образға құмартқаны аян. Кентавр далалық стихия, қанда бар нәрсе құрымайды, рухымен баурайды. Ежелгі орыс аңыздарында құдайы көршісі далалықтардан қарызға алынған Китоврас (гректің «Кентавр» сөзінің бұрмаланған түрі) және Полкан есімді батыр кентаврлар бар.

Жаңа дүние тарихы еуразиялық салтаттылардың батысқа жорығы, доңғалақты ат-арба қолданысқа енуі, атқа темірден ауыздық салынып, үзеңгі тағылуынан басталған деп мәлімдейді ғылым. Түркілік дүниетанымда сол қозғалыс, сол белгі жартаас арқылы мәңгіге қалған.

Тастар көркем сөйлейді. Орыс ақыны В.Г.Бенедиктов «Искра» атты өлеңде жазады: «Дикий камень при дороге /



Дремлет глыбою немой». Бейне түспеген мылқау, тілсіз тас. Тасты космогониялық мифтерге тән адам денесіне ұқсатуды төмендегі қос ақынның өлеңдері растайды.

И камни, грея спины,
На жарком солнце спали под горой.
(И.А.Бунин. «Бог полудня»).

...По ребрам вымытых камней!

(И.Аксаков. «Дождь»).

А.С.Пушкин болса «К морю» атты өлеңінде құз, жартасты «гробница славы» деп атайды: Одна скала, гробница славы...

Абай жартасты метафоралық мағынада қолданды, бағы тайған, ұсақталған ұлттық мінезді күйінішпен астарлады:

Баяғы жартас – бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас.

Әлкей Марғұланнның «Қазақ әлемі» атты кітабының ерекше құнды тұсы – топонимикалық атаулар. Жер-су аттарының бүтін бір жүйесі, ұлттық дүниетаным сипаты, өзіндік төл сөздердің тұтас бір қоры болғандықтан бір асыл қазына тәрізді: Ұлытау, Қаратау, Хантау, Бетпақдала, Бұланды, Білеулі, Сарысу, Баянауыл, Қарқаралы, Балқаш, Шыңғыстау, Алтай, Тарбағатай, Маңғышлақ.

Біздің байтақ жеріміз, елдік қазынамыз, ата-бабадан қалған тіршілік ортамыз. Автор рухани құндылықтарды ұлықтайды. Әсіресе, қола дәуірінің жартастағы бейнелері көбірек таралған. Құз-жартасқа өрнек салу көркемдік көкжиегі есте жоқ ескі замандар салтанатын көзге елестетеді, ал ұрпақ үшін мұның орасан зор маңызы бар. Ғұлама ғалым жартастағы көркем бейнелердің маңызы адам өзін табиғатпен біртұтас сезінуінде жатыр деп тұжырымдайды. Бұл ойлаудың тотемдік стилі, архитип. Әуелгісі мифтік сана, эпос кейінірек туды. Сондықтан адамзат эпоста өзін табиғаттан бөле жарып алады.

Тайпалық өмірдегі ең басты атрибуттарды тарихтың кейінгі кезеңдерінде де ежелгі бабалар бейнелей білген. Ұлы жүз шапырашты руының тотемі – көк бөрі. «Тотем» сөзі оджибве тілінде «оның руы» деген ұғым. Адамның шығу тегінде зоантропоморфтық тотемнің елеулі рөлі бар. Мұны көптеген халықтардың нанымдары айғақтайды. Қырғыздардың Бұғы-Ана, Мүйізді ене дегендегі бұғы тотемі. Көк бөрі монғол-түркі халықтарында ғана кездеспейді.



Этногенетикалық миф Рим қаласының негізін салған Ромул мен Рем атты ағайынды екі жігітті сүтімен асырап сақтаған қасқыр ана туралы мифінен табылады.

Түркі қағанаты туларында көк бөрі бар, көк бөріге байланысты наным қазақтар арасында сақталған. Ғалым тарихи еңбектерден кездесетін деректерді өз жинағында келтіріп отырады. Ғұндар заманындағы найзалы атты жауынгерлер туларында көк бөрі басы бедерленген. Тотемге байланысты мәліметтерді автор ақындардың әйгілі өлең-жырларымен көркейтіп, зорайтып, сүйіп жазған. Жусан мен қымыздық исі аңқыған ұшы-қиыры көрінбейтін, шауып келе жатқан салтатты алыстан бұлдырап кентавр болып елес беретін көркем, құдай берген кең даламыздағы сармат-скиф-сақ қорғандары әлемдік археология үшін теңдесі жоқ құндылықтар қатарына жатады. Мұның тарихи маңызы мен романтикасын әйгілі түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилевтен бастап «Жартастағы өрнектер», «Қазақстанның палеолит дәуірінің геохронологиясы» атты зерттеу кітаптарын жазған Алан Медоевке дейін лайықты бағалаған еді. Әлкей Марғұлан осы бір сирек, соны тақырыпты нақты, қысқа түйіндей келе ежелгі адамзаттың өзін аңға туыс тартуы, әрі хайуанаттардың белгілі бір түрін кие деп санауы табиғаттан бөлінбей, біртұтас жаратылуынан дейді. Мұндай көзқарас негізінде шынайы гуманизм мен асқан күшті рухани сүйіспеншілік жатыр. Таңбалы тастарды мұраға қалдырған тотемдік сананың адамдары сол бір анайы қалпында-ақ қазіргі техногендік заман адамдарынан ғөрі тәңіршілдікке қозықөш жер тақау тұрғаны күмәнсіз.

Жинақтың екінші тарауы – «Бетпақдала шөлі арқылы өткен ежелгі керуен жолдары» деп аталады.

«Жол мақсаты – жету» деп мақалдаған қазақ «Жолың болсын!» деп бата берер еді. Өйткені біздің ұлтқа тән дүниетанымда жол бақытқа парапар ұғым. Бақ пен жол функциясы ұқсас, түптеп келсе тіршілік өзі қозғалыс.

«Іркіт шапқан бай», «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау», «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған», «Ұлын Ұрымға, қызық Қырымға» деген нақыл сөздер дүниенің кеңдігі әуелден қазақ қанына сіңгенін, талай айшылық алыс жерлерді ата-бабасының табаны басқанын ұлықтап, ұлағаттап кеткенін білдіреді.



Бұл тараудың басты бір ерекшелігі, топонимдік атаулар тым жиі ұшырасады. Әлкей Хаканұлының бұл жазбаларын өте мұқият жасалған жол сапар картасы, яғни картографиялық мәліметтер қоры деуге әбден болады. Көне Троя қазбаларын археолог Шлиман Гомердің эпосында суреттелген маршрут арқылы іздеп тапқан. Дәл осы Бетпақдала картасына сүйеніп, ертедегі керуен жолдарын қайта жаңғыртып жүріп өтуге мүмкін. Аса дөп, нақты, тиянақты түрде жер-су аттарын тегіс жазып отырған ғалымның еңбегінен сол дәуірдің бет-бедері көз алдыңызда ойнап шығады. Өзге халықты кім білсін, ал жер аттарын қоюға келгенде жер жүзінде қазаққа жетер зерек халық жоқтың қасы.

Кітаптағы жер аттары мен ертегі қабысып, біте қайнасып, бір қауыздан жарылып, бір арнада тоғысып, құлаққа жырдай тәтті әуезбен шалынады. Күнбасыс пен күншығысты жалғаған ұлы Жібек жолының сөзбен салынған картасы бұл. Маң далада шөккен түйелердей артта қалған жүзжылдықтарда бұл жолдармен сансыз керуендер өткен. Соның ішінде Қарқаралы жолы Бетпақдаланы қиып өтетін ең ұзақ жол, Сарыарқа мен Ертіс аңғарын оңтүстіктегі кенттермен, Жетісу өлкесімен жалғаған жалғыз күретамыр іспетті. Малшы, мал баққан қазақтардың ұзақ жылғы тәжірибесінен қалтқысыз дөп тапталған сүрлеу ұлы жолға айналған. Мұның ең кереметі тақыр, шөлді ұлы далада адаспай, тура бағдар таба алған көрегендік пен зердеде, ептілікте жатыр. Өйткені әрбір 25-30 шақырым сайын жер астындағы сулардың көзі табылып отырған. Бетпақ аталса да, қазақ халқын жоңғар басқыншылығы үдеген сайын, ақтабан шұбырынды, алакөл сұламада кең дала қалтарыстары сақтап қалып отырған. Құғыннан, соғыстан құмға тығылып, жер жадын біліп жылыстап, ел жан сақтаған.

Сонымен қатар автордың назарынан тайпалық жер сызығы қалыс қалмай, айқын сызылады. Бұл ата тек, көшпелілік шамшырағы.

Қазақи жер-су атаулары Сорбұлақ сортаңы мен Жиделі құдық шатқалы дегенде ғұлама ғалымның фольклорды терең білген жадынан, жазу стилінен ертегілік сарын таңғы самалдай есіп қоя береді. «Сорқұдықтың басына сорға бола қонды әкем» деп зарлаған жыр үзігі оралып, қазақ санасына сүтпен сіңген әлем қалқып шығады. Сөйтіп, шөл кезген

ғұлама, Әлкей аға «Ертөстіктегі» жоғалған 8 ағасын іздеген кенже ұл тәрізді рухани жоқшы, жол бастаушыға айналады, тұлғасы зорайып өседі.

Жиделі атауы Алпамысты, эпос қуатын еске салары анық. Топонимдерден Затаевичтің «Қазақ даласы ән салып тұрғандай» деген поэтикалық символикасын табар едік. Қазақтың ақындық қасиеті әр атаудан көрінеді. Жер мен көктегі бедер-белгіні жырдай көріп, өлең аңқыған әсем бейнеге айналдырып жібере алар сөзінің күдіретінде. Құланөтпес – өзен атауы. Барсакелмес аралы, тұнған мистика, болымсыз етістіктен зат есімді балқытып құйып шығарған қазақтың мифтік, эпостық соны жады.

Әлкей Марғұлан қаламы осының бәрін қағыс қалдырмай баяндайды, Қыдыр баба, Қорқыт баба, Асан Қайғыдай, шежірешіл шалдай күш кешеді, қызғыштай қориды. Жолай жұлдыздар арқылы, Жетіқарақшыны мегзеп, шөл дала үшін көздің қарашығындай құдықтар мен бастау-бұлақтар арқылы жүріп өткен сан керуен Құмтөбелер, шұңқырлардан асып, жазыққа құлайды, жер шұрайы Жетісуға табан тірейді. Сонымен автор қазақ даласын көктей өткен керуен жолдарын суреттеген қысқаша шолуы географиялық құндылық болып табылады. Онда қазақ тарихына, өлке тануға қатысты біраз деректер де бар. Осы тектес мұқият картография Қаныш Сәтпаев сынды әлемдік дәрежедегі ұлы ғалымның кен-зерттеу ғылымында да болғанын айтпай-ақ білеміз.

Әлкей Марғұлан жазбаларының тілі жеңіл, тұманды, бұлдыр ештеңесі жоқ. Сонымен қатар ғалым этнографиялық салт-дәстүрге байланысты көп жайттарға ерекше үніледі. Мысалы, көшпелі қазақтарға тән жол жүру ережесінің бірі үдере көшу деп аталады екен. Бұл евразиялық қоңыржай ендіктегі мол даланың ауа райына, табиғат сырлары мен күннің ыстық-суығына сай ең ұтымды жақтарын есепке алып барып істейді. Қиямет шөлді аман-есен кесіп өту теңдессіз ерлік. Өзін ең таңдаулы халықпыз деп жаһанға жар салған жебірейлер Мысырдан, перғауын құлдығынан қашқанда шөлден шыға алмай қырық жыл адасып жүрді деп әпсана жасауы бекер емес.

Ғалым айтуынша, Бетпақдаланың ең ауыр жері Шолақкеспеден Кендірлікке дейін маршрут екен. Сарысу сағасынан Балқаш көліне дейін 75 мың шақырымды орайтын



зор кеңістік неге бетпақ аталған? Көктемде арнасы суға толып, жазда құрғап қалатын өзендері мен тұзды көлдерді бар, жазы құрғақ. Оның ойлы-қырлы, адырлы тұстарында жердің жарығынан шығып жатқан бұлақтары көп емес пе еді. Қазақтың жады көркемдігіне тіл жетпейді, Мырзашөл деген оксюморон атау өзге қай халықтың лексикасынан кездесе қояр дейсіз.

Бұл бөлімде автор тарихи деректерден ғөрі, этнография, менталитетке лайық ұғымдарды ерекше ден қоя суреттеуі күшті.

Үшінші бөлім – «Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштерінің маңызы туралы» деп аталады. Сырдария өзенінің көне атауы «Ұлық ене» екен. Қазақ руларының ертеде егіншілікті тәп-тәуір игергені нақты көрсетіледі. Бұл өлкеде жер суғаратын каналдар болғаны туралы автор батыл мәлімдеп, ежелгі қазақ тек мал шаруашылығымен айналысқан деген евроцентристік көзқарасты бұзады.

Ал көне ескерткіштегі құлпытастардағы жазулар орхон жазуларымен қашалған. Аңыздар, жазбаша, ауызша жеткен мәтіннен бөлек қазақтардың ежелгі тарихын қабір басындағы жазулар арқылы қалпына келтіруге болады деп мәлімдейді автор. Мұнда қазаққа тән әруақ культі мен жеті атасын санау ғұрпы бар.

Моласы жас шоқының қорымында,
Бел асар жүргіншінің жолы мұнда.
Көк тасқа басындағы айшықталған,
Жетпейтін сөз жазылған жолы оңға.

Бейімбет Майлин прозасында осылай жазды. Ескерткіштер Құлпытас, Көктас аталған. Жарасқан Әбдірашев жыр жинағын «Құлпытас» атады. Бұл бөлімде қазақ ұлты Қазан төңкерісіне дейін хат танымаған, сауатсыз күн кешкен тәрізді үстем, кемсітушілік көзқарастарды Әлкей Марғұлан жоққа шығарады. Ол көзімен көрген 800-ге тарта ескі қолжазбаның ең көнесі XVI ғ. туған, ал құлпытастарда өлген адамның шолақ өмірбаяны, жеті атасы, рулық таңбасы болады. Мұндағы топонимика да мән берерлік. Жер тарихы –ел тарихы. Жоңғарлармен соғыс көрінісі – Найманқашқан атты тау сілемі. Еңірекей (еңіреп жылаған жер) 12-13ғғ. монғол шапқыншылығының белгісі. Тәуелсіздікті аңсар ұғымдар. Сарысу жағасындағы Тамғалы тас деген жер

қазақ этносының біріккен, топтасқан жері. Эпиграфиялық ескерткіштердің мәні зор. Ол империялық пиғылдардан қорғайды. Ол халқымыздың мәдени асыл мұрасы. Оның астарында ғаламат бір тұспал мен күдірет-күш тұнып жатыр.

Ә.Марғұлан жинағының соңғы екі тарауы – «Қаңлы тайпасының шығу тегі», «Қазақтың киіз үйі және оның жабдық-жасаулары». Автор «қаңлы» сөзінің төркіні «арба» деген сөз дейді. Бұқар жырау: « Доңғалақ арба жүре алмас,/ Қос арысы сынған соң».


Ежелгі петроглифтерден табылған доңғалақты арба мен рессорсыз арба көшіп-қону мен жорыққа арналған. Варварлар атанған ғұндар күшейгені жорыққа бейім ат-арбасынан екені мәлім. Автор ру атына байланысты мақалдар арқылы қаңлы-үйсін тайпаларының маңыз, қасиетін түйіндейді. Ол көшпелі тайпалардың өткенін, елдігін академиктер Бартольд, Яакинф, Бронников, Голубовский, профессор Толстов сияқты оқымыстылар зерттегенін тегін келтірмейді. Оны өзгелер мойындаған артықшылықтар мен мәдениетті ұлықтап келтіргені анық. Ал киіз үйге байланысты этнографиялық мағлұматтар 1970-1990 жылдары талай белгілі этнограф жазушылардың сүйікті тақырыбына негіз ғана емес, түрткі болған дүние екенін айтпаса да болар еді.

ГЕОРГИЙ ГРЕБЕНЩИКОВ ӘҢГІМЕСІНДЕГІ КӨКБӨРІ

1. Қайта оралған классик.

Әдебиет – жер шарын шаранадай ораған көк мұхит түбіндей зерттелмеген тұстары, алты құрылықтағы ашылмаған аралдары мол сиқырлы әлем. Адамзат алға озған сайын оның құпия қазыналары қордалана, молая береді. Оған бекзаттық пен мүскіндік, таңдамалылық пен графомандық қоса талас қылады, кейде онысы шыбын жанға талас қылғандай сұмдық бақталас ымырасыздықта өтеді. Қас таланттың бағы мен соры тең.

Кітап патшалығын тұтас бағындыруға бұл фәниден өткен небір жер тітіреткен билеуші императорлар, шахтар мен хандар, патшалардың үкімі жүрмес еді. «Шахнамені» Дакикиге бастатып, ол жас өлген соң, Фирдаусиге жаздырған парсы шахы өлеңнің ұлы бағын мәпелеп өсірткізді, туған



елін жат жерлік рухани ықпалдан арашалап, ана тілін ұлықтатты. Мұның түбі, ұлық Сөздің қасиеті мемлекеттің зораюына бастады.

Телегей теңіз лықсыған әдебиеттің нағыз аңсары нағыз талантты жазушылардың айдай есімдерін жадтан өшірмеу болып табылады. Араға жүздеген жылдар мен тұтас дәуірлер салып кейбір мықты жазушылардың аттары жария болып, анасынан қайта туғандай, жөргектеліп, әдеби айналымға оралып жатады. Бұндай игілікті қазынаны енді мәртебелі әдебиет ешқашан қайыра жоғалтпайды.

Амброз Бирс, Герман Мелвилл сияқты таңғажайып жазушылар ұмытылып барып, үйірге қайта оралған қас шеберлердің өзі.

Кейіннен қайта табылғандай, шырағы маздаған классиктердің қатарына орыс жазушысы Георгий Гребеншиковты (1884 – 1964) бекем қосуға болады.

Әдебиетші қауым біле бермейтін бұл жазушының есімін алғаш рет алқалы жиында, 16 мамырда ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Шығыс Қазақстанның музыкалық мұрасы» атты аудиожинақтың тұсаукесерін өткізгенде, белгілі жазушы Әлібек Асқар Алтайдың руханият байлығын айтқанда ерекше екпін түсіріп айтты: «Бүгін Мәскеуде бұл жазушының туғанына 130 жыл құрметіне орай үлкен кеш өтпекші. Ол 1933 жылы Иван Бунинмен қатар әдебиет бойынша Нобель сыйлығына ұсынылып, Бунинге өз еркімен жолын берген аса көрнекті орыс жазушысы – Георгий Гребеншиков. Шыққан тегі жағынан біздің туысымыз. Қазақ ханының тұқымы».

Осыны тыңдап тұрған бәріміз елең етпей қалмадық. «Нобель сыйлығына» лайық тегеурін мен қандас туыстық қасиеті қатар айтылған соң, мұның әсері күшті шықты.

15 мамыр күні «Казахстанская правда» газетінің №164-165 нөміріне белгілі зерттеуші, әдебиеттанушы Сауытбек Абдрахмановтың «Ұмытылған есімдер» айдарымен орыс тілінде «Ханство Гребеншикова» атты танымдық мақаласы жарияланған екен.

Мақалада Георгий Гребеншиковтың жазушы болғанда әлемдік даңққа лайық тұлға екені жан-жақты қамтылып, өмір дерегі мен шығармашылық қырлары айтылған. Георгий Гребеншиков туралы алғашқы мәлімет осылай табылды.

Оқулыққа енген нақты очерк тәрізді өзім үшін Гребеншиков әліппесін бастауға себеп болды: «Гребеншиковтың өзі «Гонец. Письма с Помпеяга» атты кітабында» өз әкесі туралы жазады: «Оны балалық шағынан қудалады, ұрып-соқты, діні басқа, христиан емес деп атады. Бағзыда оның арғы атасы Алтай хандарының бірі болған дейді, ал оның атасын бала кезінде орыстар жылқы үйірлерімен қоса ұрлап әкетіп, қаршадайынан құлдыққа алынған. Міне, сондықтан да әкем ешқашан мұқтаждықтан, шахтердің құлдық қамытынан босамай қойды».

Қазақ түгілі, кейінгі орыс әдебиеті үшін Г.Гребеншиков прозасы жұмбақ жер тәрізді, өйткені әрбір төл таланты бар ірі жазушыны үлкен құрылыққа балауға татиды.

Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтында «Русское зарубежье» – «Шетелдегі орыс әдебиеті» пәні айрықша энтузиазм, революция қанды қырғынымен орыс рухы жоғалтқан қазынасын қайта иеленген эйфориямен оқытылған еді. Бес жылдық оқуда орыс тілінде жазған ірілі-ұсақ ақын-жазушыларын түгін қалдырмай оқытты. Кәсібиліктің жоғары деңгейі сынға аса сирек ұшырайтын орыс әдебиетінің елдік мұраттары дүниежүзілік тұғырға лайық мәдениеттегі үстемдіктің артықшылықтарын анық танып, асқан біліктілікпен, шынайы сүйіспеншілікпен сөз өнері – әдебиеті арқылы ұлықталатын. Һаріптің күші зор екенін «Буква убивает» деген бір афоризмге сыйдырған діни зердеге ұштасып, әдебиет әлемін ғарыштық кеңістікте шолумен қатар өз тақырыбын микроскоппен тануды мақсат еткен зерттеуші қауым өмір күші де Һаріпте екенін айқын білетін. Сондықтан жаңғырған әдеби есімдер аз болмайтын.

Александр Солженицынді мейлінше пір тұтқан 1990 жылдардың бас шені, оның 6 томдығы метрода сатылды, «Архепелаг ГУЛАГ» ең оқылатын деректі әдебиет көшін бастап тұрды. Әдебиетпен бірге орыстың елдік рухы жаңғырды. Орыс эмиграциясының аласапыран 1918 жылдардағы алғашқы толқыны Иван Буниннен – оның 1970-1980 жылдардағы үшінші буыны Сергей Давлатовқа дейінгі аралықта әдеби туындылар М.Горький атындағы Әдебиет институтындағы емтиханға кірді. Тізім тым қомақты әрі сапалы еді, солардың арасында Георгий Гребеншиков есімі болғаны қазір есімде жоқ. Өйткені кейбір



ақын-жазушылардың қалың кітаптарын студенттер жылы жауып қалдырып кететін, оқып үлгермейтін.

Ештен кеш жақсы десе, әдебиет үшін бұл сөздің құдіреті орасан. Тірісінде дәуірлеп, өлгенде рухани електен уақыт құрдымға кетіп қалатын текке өткен қайран жазушылық ғұмырды итке берсін. «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, / Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп хакім Абай әуелде өзін танып айтқан шындықтың құдіретіне жарық дүниеде ештеңе жетпейді.

Шығыстық тегі көркем шығармаларында тасқа басқандай таңбаланып тұратын Георгий Дмитриевич Гребенщиковтың тарихи отаны алтынды тау Алтай. Ол Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданында туған. Зерттеушілер оның қазақ тақырыбына мол барғанын, бабасының тілін білгенін айтады. Оның Алексей Николаевич Белослюдовпен жақын дос болғаны Сауытбек Абдрахмановтың мақаласында жазылған. Белослюдов – Абай мен оның әулетін суретке түсірген атакты фотограф. Қазақтар туралы алғашқы пьеса жазған Гребенщиков болып шықты. Сонымен қатар, мақала авторы Серік Байхоновтың Гребенщиков туралы көлемді эссе жазғанын, «Аударма» баспасы жазушының 130 жылдығына арнап, қазақ тілінде кітабын шығарғалы жатқанын мәлімдейді.

Алтайлық болу этностық тұрғыдан кең ұғым. Алтай, көне түркілердің тал бесігі – бір қойнауын қазақ, бір беткейін жоңғар-қалмақ жайлап, кейде бейбіт, соңыра қанды қырғын қылған ұлы тау. Алтай – Николай Рерих Шамбала деп Мұзтаудан жер ұйығын іздеген, адамзат Тәңірмен тілдесуді аңсаған рух мекені. Үш мемлекет шекарасы қиылысқан, таңғажайып сұлулығын суреттеуге тіл жетпес асқан көне түркінің тал бесігі.

Тегі қазақ екенін Георгий Гребенщиков артына қалдырған мол мұрасын таныған адамға жасырмай айғақтайды. Бұл сірә, туған әкесін балалық шағынан «нехристь» – діні бөтен деп атап, кірмелігін бетіне баса беретін нағашы жұрты шеттеткен жатбауырлық өз тегін сүюге, түп нәсіліне тартып, бауырмалдық танытуға сеп болары анық. Расында қазақ қаны тек арғы бабасында ғана бар, одан соңғы ұлттық басымдылық орыс қаны болып кеткен жазушыға қазақ тақырыбын талмай жаза бергені үшін ерен риза боласың.

Көшпелі нәсілдің Оксфордтан бірақ шыққан қайран нәсілі, могииканның соңғы тұяғындай беймаза күй кешпеген. Көзі тірісінде Сібір әдебиетінің көш басында тұрған Георгий Гребенщиковтың дара, төлтума талантын Куприн сияқты тұтастары таныған, сүйініш мадақ сөз айтқан. Ал оның Алтайын жан-тәнімен сүйген жазушылық тілі неткен шұрайлы.

2. Бөрі хикаясы.

Әлқисса, теңіздің дәмі тамшыдан, Г.Д.Гребенщиковтың «Қасқыр ғұмыр» («Волчья жизнь») атты әңгімесі туралы сөз. Бұл әңгіме алғаш рет «Современник» журналында 1913 жылы, №11 санында жарияланған. 100 жыл бұрын. Демек, араға бір ғасыр салып, жазушы шығармалары өз жұртына жетіп отыр. Шебер Аллатағала қалауын солай келтірді десе еш артығы жоқ. Ұмытылу кезеңі өтті. Шәкерім қажы өзінің зорлық өлімге душар болып, сүйегі құдық түбінде 30 жыл жатарын әулиелікпен сезгендей, ғаділ жаны қинала айтпақшы, «Мұтылғанның өмірі», ол символдық ұғым. Шынында дарыны ұмытылмайтын адамдар қап түбіне жатпайтын алмас пышақтай уақыттың мылқау тысын жарып шығады.

«Қасқыр ғұмырда» – түз тағысы қасқыр өмірі суреттеледі. Әңгімедегі аш ана бөрі – кең полотноның жайлауы, құс қанаты жеткізбейтін жер түбіндегі арқауы тәрізді. Жазушының негізгі айтпағы бұл емес. Қаншық қасқырдың тағдыры таңдалғанмен, бұл әңгімеде орыс пен қазақтың типтік бейнелері және тағдыр-ғалайлары астарлы суреттелген. Жазушының ұлы гуманизмі айқын берілген, ол халықтарды бөле-жармай тең қарайды, адам баласын мейірім тұнған үлкен жүрегімен сүйеді. Шеке мен Митьканың бейнесін орыс жазушысы қатар сүйіп суреттейді, олардың осалдығы мен өкінішіне налып, жан ізгілігі білінсе-ақ шаттанады.

Бөрі – әлмисақтан, фольклор, мифтік санадан бері әдеби колоритті кейіпкер. Бөрі мекен – барған сайын Бальзактың философиялық романындағы былғары терідей қуысырыла түскен кең қоныс, құла түз. Георгий Гребенщиковтың реалистік бояуы айрықша қанық, көркемдігі классика деңгейіндегі әңгімесінде қаншық қасқырдың апанын адам көр қазғандай қазып, қос бөлтірігін тірідей олжалағысы



келген әрекеті отырықшылық тұрмыстың көшпелі тұрмысқа жасаған қысымы, таршылыққа қамауы.

Бұл мәңгілік тақырыпты әлемдік әдебиетте Уильям Фолкнер «Аю» атты қас үлгі повесінде, Мұхтар Әуезов «Көксерек» атты шедевр әңгімесінде стихиялық көркемдік қуатпен суреттеді.

Бас кейіпкер үшеу – мал бағудан ажыраған қазақ Шеке, орыс мұжығы, олақ аңшы болып, жер көкті кезіп жүруге жаман үйренген, жалқау, шаруаға қырсыз Митька және ақсұр, арық, кәрі аналық қасқыр. Ата кәсібiнен ажыраған Митька мен Шекенің тұрмысы мен мінездерінде бір ұқсастық бар, орыс аңшының бойынан балалық әумесерлік арылмаған, қазаққа таңсық орманшы болуға мәжбүр, мал баққан жұрттың нәсілінде балалық жан тазалығы, мейірім, аңқаулық басым. Шеке барға қанағат қылса, ол мінез, кедейшіліктен жиренбеу Митькаға да тән. Екеуінің жас шамасы бір.

Алтай Сібірге ұласады, әкесінің бар малы жұттан қырылғаннан кейін орманшы батрақ болып жұмысқа орналасқан Шекені автор сол уақытқа сәйкес дағдымен «киргиз», қырғыз атайды. «Қазақ» этнонимі Қазан революциясынан кейін, Сәкен Сейфуллин сияқты алаш арыстары күш салуының арқасында қайтарылған ұлт атауы.

«Алайда Шеке – қырғыз, оны бес Митька ер тоқымнан жұлып ала алмайды, сондықтан да Митьканың қолында ескі бешпенттің қиығы қалды». Қасқырды тап дегенде айтқанына көнбеген қазаққа орыс тамыры сөйтіп күш көрсетеді. Жазушы көшпелі нәсілдің тақымы атқа мықты екендігін ғана суреттеп тұрған жоқ, оны сүйінішпен айғақтап тұр, басқаша айтқанда, бес мұжықтың әлі ат үстіндегі бір қазаққа келмейді деген мойындау сөз.

Шеке мен ақшулан, адам мен аңды жазушы атамекенінде, құдайы көрші құқығын бұзбай, үйлесіммен тіршілік етіп келе жатқанын баса айтады. «Қасқыр орманшымен бұрын талай жолыққан, неге екені белгісіз, адам көзі оны ылғи қорқытатын, ал кенет шаңқылдаған ащы даусы ықтиярынан айырды ».

Шеке сұр бие мініп, артына оның құлынын ертіп жүреді, ат үстінде ыңылдап ән салады. Этнографиялық дерек, атқа мінсе көңілі тоқ қазаққа тән ұлттық сипат. Ақшулан кейде

кәріліктен көр тышқан аулауға жарамай, аштан бұратылып жүрсе де, көз алдында көлбеңдеп, жолыға беретін түгі жылтыраған, жал-құйрығы желбіреген кеш туған құлынға, бұзаулы екі сиыр, үш жылқы, біраз ешкісі бар, Шекенің малына түк тиіспейді. Өйткені қазақ пен бөрі мінезі ұқсас, қазақ бөріден үйренген сірә, жақын маңға жоламай, барымта жасайды, үйірлеп алыстан алады, бөрі де қасындағы елдің малына қанды ауызын салмайды, қорегі үшін аулаққа жортады.

Георгий Гребенщиков Шекенің малын суреттегенде, малсақ қазақтың көзімен сүйіп бейнелейді. Кәрі ақшұланды бейнелегенде автор оның көрмегені жоқ екенін айта келе, аңды адам тәрізді келтіретіні қызық.

Тұпнұсқада бұл тұс былай берілген: «А тут на мартовских гулянках достается всегда. Муженьки-то не больно ласковы. Другой грызет-грызет, мучает-мучает. Изверги».

Ол қос сөзді сүйеді, қанындағы қазақтығы қосарланудан, ойға зерек, сөзге шебер шешендігінен анық білінеді.

Митька аңшылықты кәсіп қыламын деп шаруашылығын қожыратып алған еріншек, бейқам, алаңғасар мұжық. Оның үй-жайын, шекпен жамылып ұйықтап жатқан жас балаларын, түн ауа үйіне шаршап жеткенде әйелі Арина алдына қойған борсыған үйрек көжесін кеспірсіз, қиқы-жиқы дақ түскен тозған үлкен ағаш қасықпен ішкенін, шекпеннің жыртығынан иконаға қарап, қасығының қабырғаға түскен көлеңкесі Шекенің домалақ тақыр басы ұзын найзаға шаншулы тұрғандай елестетін тұсын суреттеуі жазушының тұрмыстық салт пен психологияны дәл беруде ерекше шеберлігін танытады. Бұл кедейшілік образы, әрі өлім символикасы, ай мен күн аманында кесік бас көзіне елестегені, түлен түртіп, қасқырдың апанына өзі барып ұрынуы Митьканың қара басына көрінеді. Сөйтіп, ол шиеттей екі баласы мен әйелін асыраушысыз қалдырып, есерлігі мен қасқыр саудалап, ақша тапқысы келген ашкөз пайдакүнемдігінің құрбаны болады.

Георгий Гребенщиковтың осынау детальды суреттеудегі юморы керемет: «Голова беззвучно прыгала по стене, ломалась в углу и лизала богородицу». Митька дәу қасықты аузына тыққыштап, қызып кеткен үйрек сорпасын ішіп отырғандықтан, жұмыр қасық кескіні адам басына келеді.



«Адамның басы – Алланың добы» деген қазақ ұлтына тән мұсылманшылдық жазмыш идеясын Георгий Гребеншиков айтқысы келетін тәрізденеді.

Жеті жыл орманға бауыр басқан Шеке қарауыл болғаны үшін 12 сом ақша алады. Бірақ бұл өте қауіпті жұмыс. І Петр патша орманшылықты «ұры кәсіп» деп бағалап, жалақыны өте төмен тағайындаған. «Михалка Иванович сам в избушку привозит. Чеке только рукой тамгу – кружок с хвостиком – на бумаге выведет». Орман бастығы қожайыны не берсе, соған риза кіріптар, сауатсыз Шеке шимайлап, таңба салуды біледі, солай жалақысын алады. Бұл деталь типтік бейнелерді сомдаудың қас шебері Н.В.Гогольдың Петрушкасын еске салады. Сонымен қоса жазушы қазақтың баяғы көшпелі тұрмыс салты өзгергенін, жалданып жұмысқа жегілетін капиталистік құрылыс айнала орнай бастағанын көрсетеді.

Орман ұрлайтын мұжықтар қасқырдан жаман деген ой – Шекенің ойы. Ұрылар Шекені талай өлтіре сабап, жазым қыла жаздаған. Баладай пейілі таза Шекеге автордың ықыласы ауып отырады, түн сайын ұрлана ағаш кесетін зұлым мұжықтарды атып тастауға Шеке аяйды. Кесілген ағаш түбірлері ұдайы жайрап жатады.

Шеке өзі құдайы көрші көретін ақшулан қасқырға аяныш, құрмет сезіммен қарайды. Жеті жыл қатар қазақ пен қасқыр бейбіт тұрады. Сондықтан ол өзі іш тартып, достық білдіретін Митька аңшы әдейі қасқыр аулауға келгенде, ақшуланның апанын көрсеткісі келмей, ізден көп адастырады. Жазушы әңгімеде «қасқыр», «ой-бой» деген сөзді қазақша қолданады.

Екеуара әңгімеде мысық мұрт Митька Шекені шоқындырумен келеке қылатыны да дөп деталь. Ешкі құмалағы шай түбінен шыққанын, қатының салақ дегенді орыс тамыры Шекенің бетіне зілсіз басады. Іс насырға шабатын тұсы – Митька Степаныч қасқырдың апанын көрсет деп Шекені қинайтын тұсы. «Сен неге мені алдайсың!.. Олар саған туыс па, сонда не? Неге оларды сен жасырасың! Айт, иттің баласы!» – деп ұрсады орыс мұжық қазаққа.

Жанды әңгіме сарыны арқылы орыс жазушысы көк бөрінің киесін астыртын аңдатады. Бөріні тотем санайтын, түркілер бөрі анандан тараған деген аңызға ұйыған қазақ баласы сайтандай азғыруға көнбей, ақшуланның апанын көрсетпей ұзақ бұлталақтайды. Ол Митька өзіне мылтық кезеп, қоярда

қоймай зорлық қылғанда барып, амалы таусылып, апанды көрсетуге мәжбүр болады. Артына Митьканы мінгестіріп алған Шеке орманды айналып жүріп алады. Бірақ аңдыған жау алмай қоймайды, Митька аңшылық құмарлығы қозып, жын иектегендей құтырып, ымыраға келмей, ақыры тоғай шетіндегі апанды Шекеге тапқызады. Ырымшыл үрей бұған Шеке бір пәленің басталарын іші сезеді. «Орыс ойына келгенін істейді» дегенді қазақ түңіліп айтса керек. Өйткені дүниетанымы бөлек халық өкілі кейде қазақ қастерлейтін обал мен сауап, киені ойламай, жандыны қор қылады.

Аңініне келгенде Митька одан көрдей иіс шығып тұрғанын аңдаса да, бұл нышанды әсте қаперге алмайды. Ақыры ол апанды қазып, бір бөлтірікті Шекенің үйіне арқанмен сүйреп келеді. Шеке мына сұмдықтан аузын жиып алмайды, қас пен көздің арасында сұр биенің құлынына ақшулан ауыз салады. Қанға – қан, кекке – кек.

Георгий Гребенщиков шағын әңгімеде дала заңын бұлжытпай береді. Өзіне оқ атқан Митьканы кекті аң атылып кеп, тамағын жұлып алады. Жаралы қасқырдың жан тәсілім берер ақтық сәтін жазушы реалистік анық кейіпте береді. Көкбөрі Тәңіріге шағым айтқандай, көкке қарап ұлиды. Адам қазып астан-кестенін шығарған ұясына ол өзін тірідей көмеді, демі сонда бітеді.

Бұл реалистік-тұрмыстық бейнелеуі айқын әңгімеде бір түйір жалған суреттеу, әсірелеу, асыра сілтеу жоқ. Адамдардың психологиялық портреті дөп, дәуірге тән тұрмыстық атрибуттар анық, адам мен табиғаттың қайшылығын тұңғығынан тартып, табиғи беру тәсілі қайран қалдырады.

Орыс класикасында аты алтынмен жазылуға бек лайық жазушының бірегейі – Георгий Дмитриевич Гребенщиков екені бір әңгімесі арқылы-ақ еш күмән тудырмайды. Артына мол әдеби мұра қалдырған жазушы кітаптарын оқу арқылы қазақ халқы өзінің жанды портретін, образдар галереясын жиі тауып алары айқын.

Алтай кенге және табиғи таланттарға бай өлке. Павел Николаевич Васильев (1919-1937) Шығыс Қазақстан өңірі, Зайсан, қазақ топырағында туған орыстың біртуар ақыны, Ілияс Жансүгіровтың «Дала» атты поэмасының бір тарауын қазақшадан орыс тіліне аударған.



Бөрі бейне классикалық әдебиетте сарқылмас қазыналы: бұрынғыларды айтпағанда, бертінгі Джек Лондон, Сетон-Томпсон, Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов – мықты жазушылар шоғыры оның магиялық құдіретінен айналып кеткен жоқ. Алайда Георгий Гребенщиковтың шағын прозасындағы «Бөрінің өмірі» – бұл адам ғұмырына телуге болар философиялық сарын-қуаты зор зерлі дүние.

Георгий Гребенщиковтың құнарлы прозасына бастар соқпақ мен үшін бөріден басталды.

13-14.06.2013.

МАРИНА ЦВЕТАЕВА

Эссе

1. Марина Цветаева аударма жанрында.

Марина Цветаева басқа акын-жазушыларды жан-жүрегімен сүйіп, қастер тұтып, сүйінішін жырмен жариялап өткен акын. Ол құдайдың сүйікті құлдары, халық ардақтыларын – «Менің Пушкинім», «Блоктың киелі жүрегі» – «Святое сердце Александра Блока» деп көкке көтеріп, жанына меншіктеудің ғаламдық шығандауын әдебиетке үлгі етіп кетті.

Қазақ әдебиетіне Цветаева жырларын Гүлнәр Салықбаева әкелуі тегін нышан емес. Пушкин, Пабло Неруда, Блок жырларын қазақша сөйлеткен Фариза Оңғарсынова өлең патшалығының көркемдік тылсымында тұнған ырғақ-күйін аумай-төкпей әкелді. «И звезда с звездой говорит» (Лермонтов), ақындық өнерде терезесі тенесу аударма үшін аса маңызды.

Жаралы жүректің ғажайып жоқтауы,

Сен бе едің ақ түннің адасқан баласы!

Қап-қара бораның Руське соққалы

Өксігің қанжардай қадалды, қарашы.

«Я научила женщин говорить» деп тасқа таңба басқандай абыздық қасиетін танытқан, құдай қаласа әйелден зор тұлға туарын әдебиеттегі менмен ерлерге мойындатқан Анна Ахматоваға Цветаева елжірей жыр арнаған. Фариза Оңғарсынова Сара Тастанбекқызының ақындық мұрасынан қуаттанса, Ақұштап Бақтыгереева Мариям Хакімжановаға өлең арнап: «Жыр көшін өзің батыл бастамасаң, / Мүмкін

біз бұл өнерден жасқанар ек», – дейтіні текке емес.

«Адастырған Алламызға мың алғыс» дейтін, «Күн астындағы Күнекей едім» – қазақтың мандайына біткен ақын қызы Гүлнәр Марина Цветаеваның тұпнұсқадағы «Моим стихам, как драгоценным винам, / Настанет свой черед» деген тұлғалық «менін» – «Жырларымның – жазған бала жасымнан, / Байлығымның бағалы, / жырларымның – / шаң қабаты жасырған / ашылады бағы әлі...» деп аударды. Шарап ұғымы қазақы түйсікте «бағы ашылумен» ауыстырылуы артық етпейді.

Бере қоймас жүрегiнiң жүз кiлтiн –

Бiздейлердi кiм есiне алыпты.

Цветаевадан таңдап, iрiктеп аударған Гүлнәр өз жанына қонатын жырларын алуы оң. Цветаева поэзиясында А.С.Пушкин ықпалы орасан. Оның «Плач Ярославны» атты жоқтау өлеңі Пушкиннің «Ворон к ворону летит...» атты шотланд халық балладасынан еркін аудармасына стильдік жағынан туыс. «Тырс-тырс етіп жаңбыр жауса...», «Сыған тойы», т.б. өлеңдерінде Пушкин әсері нақ сезіледі.

«Цветаева Пушкин сияқты жер жаһанның мәдениетінен қорек алып өсті», – деп жазды оның өмірі мен шығармашылығының аттай 12 жылын зерттеген Анна Саакянц. Марина Цветаева Пушкин, Блок сияқты биік стиль элементтеріне құмартты, таураттық сөз тіркестерін, афоризмдерді жырына енгізді. Афродита, Федра, Иштар, Манон Леско, көркем әдебиеттің дүниежүзілік мұхитында балықтай жүзетін алтын шашты Цветаева («Адам емес, мен теңіздің / Құрсағында жаралғам. / Су перісі, көк теңіздің құрсағында жаралған», ауд. Г.С.) символдық образдардың баршасына үзіліп жыр арнады. Өзіне тән кестелі, айқын, бейнелі, мәнерлі тілімен. Мәскеу, Кузнецкідегі Вольф кітап дүкенінде 17 жасар Марина Брюсовты кездестіреді, оның біреуге айтқан «Мен Ростанға табынбаймын» деген сөзін естіп толқып, оған өзі пір тұтқан француз ақынын ақтап хат жазады. «Жүректе жылайды өлеңі Ростанның, / Москвадағыдай тағы ұлып. / Ростанның ғажайып, тұңғыық сөздері» – ол «Парижде» атты өлеңінде жасөрім шақтағы сүйікті ақынына адал қалады.

Марина «Не самозванка я...» дейтіні, өлең – сөз патшасына бөтендігі жоқ, кіндігі бір екенін айтқаны. Гүлнәр бұл өлеңді



«Бетпердем жоқ, өз үйіме келдім мен, / Күң болардай
нан сұрадым мен кімнен, / Іңкәріңмін, жексенбіңмін мен
сенің – / Арманыңның аяулы бір бөлшегі», – деп аударған.
Цветаеваның «Менен кейінгі әйелге» аталған өлеңі
Пушкиннің «Я вас любил: любовь еще, быть может» атты
тұңғық лирикасымен үндес.

Әулиемісің, сен әлде күнәһармысың күйе емі –
Қадамың ба бұл алғашқы құралып па едің сан күйреп –
Әйтеуір есің кеткенше елжіреп, күйіп, сүй оны –
Жас сәбидей аялап, кеудеңе қысып, әлдилеп.
Құшағыңмен қажытып, ұйқысын бұзба киелі –
Тынығуы керек ол, оятқанша таң билеп.

М.Цветаеваны Белла Ахмадулина пір тұтты. Ахматова мен
Цветаеваның дәстүрін Юнна Мориц жалғады.

Цветаева туралы жазу эпикалық құлашты қалайды,
Төлегеннің сахараға қалыңдық іздеп шыққаны сияқты, «Көш
алдына қараса бір қыз кетіп барады» тәрізді ұзақ жол сапар.
Керуеннің бір теңін ашсақ ше. Оның алтын көпір аударма
жанрындағы қолтаңбасы орыс поэзиясына құнар бітірді.

Шекспир, Гете, Райнер Мария Рильке, неміс халық
поэзиясының жырлары, ағылшын халық балладалары,
бретон халық жырлары, Федерико Гарсия Лорка, Шарль
Бодлер, болгар Елисавета Багряна, Никола Ланков, Людмил
Стоянов, поляк Юлиан Пшибось, Люциан Шенвальд, Адам
Важик, чех Ондра Лысогорский, еврей Герш Вевер, Ф. Корн,
беларусь еврей ақындары, есімі белгісіз ақындар, украин
Иван Франконы Марина Цветаева орыс тіліне жақұттай
жарқырата аударды. Неміс, француз, ағылшын тілдерінен
тіке тәржіма. Грузин ақыны Важа Пшавеланың көлемді бір
балладасы мен «Этери» атты поэмасын Цветаева қайтыс
боларынан бір жыл бұрын жағдайсыз күйінде аударған.
Пушкин мен Лермонтов өлеңдерін французша аударды.
Неткен биік азаматтық рух! Марина Цветаева бұл жанрдың
қас шебері екеніне Важа Пшавеладан жасаған классикалық
аудармасы айқын дәлел. Грузин әдебиеті десе Шота
Руставелидің есімін оқымай-ақ айта саламыз. Цветаевадан
соң Пшавела жырлары маған жанартау атқылағанда табылған
алмаз кеніштей әсер еткенін, ерек көркем, құнды сезілгенін
жасырмаймын. Ынтызар оқырманын сондай сиқырға бөлеу
ұлы ақын-жазушылардың еншісінде.

2. Пешене.

Марина Цветаеваның өмірі мен өлімі – тылсым нысаналы. Өзі өлгенмен аты өшпейтін, тірі сөзі өлмейтін классикалық әдебиет шоғырына барып қосылған жарық жұлдыз – Марина Цветаева.

Қадыр Мырза Әли 2004 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан кітабын «Жазмыш» деп атады. «Жазмыш. Қасірет кітабы» – дүниежүзілік әдебиеттегі ақын-жазушылардың жазмыштан озмыш жоқ ешкімге ұқсамайтын қайғылы тағдырын таңбалайды. Ақын-жазушылықты, тегі өнерді еріккеннің ермегі, оңай жол санайтын адасқақ жұрт айнала жоқ емес.

«Дүние жүзіндегі ең бақытсыз әйелдердің біріне есептелетін Надежда Мандельштам – ақын Осип Мандельштамның жесірі Марина Цветаева туралы: «Марина Цветаеваның тағдырынан асқан сұмдық тағдыр көрген жоқпын», – деп жазған еді. Шынында жоқтықтан, қайғы-қасіреттен жалпы бас көтермеген ақын. Ол өзі өмірінде екі қыз, бір ұл тапқан ана. Екі қыздың бірі ана сүтіне жарымай, аштан өледі. Енді бір қызы Ариадна бүкіл жастығын түрмеде өткізеді. Жалғыз ұлы Отан соғысы кезінде опат болады. Күйеуі Сергей Эфронды Совет үкіметі ату жазасына кеседі. Надежда Мандельштам айтса айтқандай.

1931 жылы әдеби сыншы Марк Слонимнің жазуына қарағанда, Марина Цветаеваның халі тіптен нашарлап кеткенге ұқсайды. Тойып тамақ жемегеннен қаны сұйылып, басы айналатын жағдайға жетеді. Қартаймай жатып шашы түсе бастайды. Кей күндері кішкене Ариаднаның тоқып сатқан бас киімі, яки содан түскен бес франктың арқасында өзек жалғап жүреді.

Міне, осындай ауыр кезеңдердің бірінде Марина Цветаева Прагадағы құрбысы Анна Тесковаға: «Қарапайым оқырмандардың алдына ұялмай киіп шығатын бір көйлек керек, бір ғана кешке», – деп хат жазады». (Қадыр Мырза Әли. «Жазмыш», 51-52 бет). «Марина Цветаева да көріпкелдіктен құралақан емес. Ол өмір бойы картамен бал ашып өткен. Көптеген болжамдары бұлжымай орындалған. Ол Осип Мандельштам, Сергей Эфрон, тіпті өзінің өлімі туралы да көрегендікпен сезе білген». («Жазмыш», 17 бет).

«Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ, / Иілтіп екі басын




ұстаған хақ. / Имек жолда тыянақ, тегістік жоқ, / Құлап кетпе, тура шық, көзіне бақ». Абай «Лай суға май бітпес қой өткенге» атты діни сенімін, бір Жаратушыны ойынан шығармас асыл қалыбын танытар дегдар өлеңінде жарық дүниені құдайдың қолындағы жақ, садаққа теңейді. Бұл мифтегі батыр Геракл, Одиссей, Алпамыстың аңыздағы садағы емес, күллі ғарыштың гүрзісіндей, космос сипаты. Көкжиекке ғана емес, санаға сыймайтын құдірет. Адамнан сүйеніші жоқ жалған дүниеде қиыншылыққа тап болған сайын адаспауды өмір талап етеді.

Поэтов путь: жжя, а не согрeвая,
Рвя, а не вращивая – взрыв и взлом –
Твоя стезя, гривастая кривая,
Не предугадана календарем!

Шығармашылықты, ақ өлеңді махаббаттан бөле жармаған Марина Цветаеваның «Анадан ерке туғанмен, / Өмірге қиын еркелеу» (Ақұштап) қилы тағдырына тарихтың төңкерістер, репрессия, екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы қасіретін арқалауға үкім етілген бүкірейген шағында, сұмдық бұлғағында өмір сүріп, азат жаны бекзат туса да жоқшылық пен қорлық, қаза мен жоғалтудың небір күйзелісіне шыдау; ақыры қор болған мұңлық-зарлық ғазиз жаны әбден әлсірегенде өгей шешеден бетер өксіткен бетпақ өмірден өз еркімен жеру жазылған екен. Өлерінен 5 күн бұрын Цветаева «Литфонд кеңесіне. Мені Әдеби қордың ашылған асханасына ыдыс жуушы қылып алсаңыздар екен» деп хат жазды. Бұл ХХ ғасырдағы орыс поэзиясының ұлы қосынына енген, орыс әдебиетін керемет байытқан, анық олжа салған қас асыл, адал, таза, нағыз ақынның қайыршылыққа ұшыраған азасы кісіні мойытпай ма?! Жан азасын оқыған сәтте көзге жас үйірілмей ме?!

«Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?», – дей келе, «Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар, / Сәулесі бар жігіттер бір ойланар» – дегенде Абай адамзатта таңдаулы болудың бағынан соры басым екенін жырлайды.

Марина Цветаева 18 жасында әлем әдебиетінің тұңғығын таныды. Кіл классиктерді таңдап оқыды. Ол әлемді біртұтас қабылдайды, мифтік уақыт жанғырығы санасында сағымдай толқып тұрады. «Живите в доме – и не рухнет дом. / Я вызову любое из столетий, / Войду в него и дом построю в



нем» деп жырлаған Арсений Тарковский кітапқұмарлық пен ақын-жазушының стихиясын тұспалдайды. Биік мұрат, ақындық рухани жаратылысын, сезімтал, сұлулық аңсаған нәзік жаны, кейде күпіршілікке құлап түсіп, құдаймен алысатын Марина Цветаева асығы, жары Жаратушы Ие құдайға мерейлене тіл қатқандай нұрлы жан сарайын былай деп жырлайды:

Не самозванка – я пришла домой,
И не служанка, – мне не надо хлеба.
Я – страсть твоя, воскресный отдых твой,
Твой день седьмой, твое седьмое небо.
Там, на земле, мне подавали грош
И жерновов навешали на шею.
– Возлюбленный! Ужель не узнаешь?
Я ласточка твоя – Психея!

«– О, ғашығым, жылытшы енді түсінді, / Таныдың ба Психея құсыңды?». Грек-рим мифологиясында адам жанының кейіптелуі – асқан сұлу Психея. Ендеше мынау эйфория мен суицидтің арасы жұмақ пен тозақтай. Психея туралы мифтің керемет поэтикалық нұсқасын ежелгі рим классик жазушысы Апулей жазды, өмірден тек махаббат аңсайтын адам жанының оны іздеп аласұруын бейнеледі.

Сені атқан тағдырдан жаралы болғандар
Өледі өлсе де мәңгіге тіріліп.

Ахматованың азасын Цветаева жүрегімен сезді. Асылып өлуге ұлы ақынды итермелеген нендей құса екенін айтудан еш пайда жоқ. Сайтанша иектеп алған жаманшылыққа Маринаның дегдар рухы төзбей кетті. «Сен әлде қиналар ма екенсің / Анаңдай сығымдап басыңды» – деп ол, қиналған ана, қызы Ариаднаға құсалы жыр арнады. Қайран ақын сплин, түңіліс, дағдарған, дұғасы қабыл болмаған екіталай психологиялық сұрапыл мезеттің құрбаны болды. Марина Ивановна Совет одағы ақсүйек, ауқатты, тектіні тентіретіп, аз ұлттың таңдаулысын қуғын-сүргінге айдап, атып-асып, тірі қалғанын лагерь мен жоқшылық құлдыққа байлап қойған құдайдан безген беймезгіліне дөп түсті.

Недотыкомка серая
Все вокруг меня бьется да вертится, –
То не Лихо ль со мною очертится
Во единый погибельный круг?

Орыс поэзиясының күміс ғасырының бір мықтысы Федор



Сологуб сол дәуірді торлаған зұлымдықтан тараған түңілісті, депрессия сарынын бейнелеу үшін «недотыкомка серая», фольклордағы домовой сияқты мистикалық жұмбақ кескін, ойдың жегідей жеуін, жүйкенің бұзылуын тұспалдайтын, жаны ауырған күйзелісін көрген түстей нанымсыз бір құбылысты суреттейді. Дүние төңкерілгенде осы тектес құлазу-аласұрулардан Брюсов, Бальмонт, Бунин, Белый, Блок, Гумилев, Ахматова, Ходасевич, Есенин, Клюев, Мандельштам, Пастернак, Г.Иванов, В.Иванов, Цветаева тегіс сау болмағаны хақ.

Эмиграцияның «бірінші толқынынан» А.Толстой, А.Куприн сияқты туған отанына оралған Марина Цветаева 49 мүшелінде опат болды. «Отчаеется! Поэтовы затменья / Не предугаданы календарем». Бірақ, арылу үшін ажалға жүгіну, болмыс құрсауына шыдас бермей морт сыну жоқшылық пен қорлықтан бөлек, тоқшылық бар жерде де боларын ағылшын жазушысы Вирджиния Вулфтың жазмышы айғақтайды. Ол Цветаеваментүй құрдас, екеуі де 1882 жылы туып, 1941 жылы өлген. Цветаеваның әкесі Иван Владимирович Москва университетінің (әйгілі Бейнелеу мұражайының негізін салушы) профессоры болса, Лондонның мәдениет, интеллектуалды элитасына жататын, Вирджиния Вулф тарихшы, әдебиеттанушы Лесли Стивеннің қызы. Алапат сұм соғыстың басталуын жан-дүниесімен сезіну қос жақсыны мерт қылды.

Заповедей не блюла, не ходила к причастью.

Видно, пока надо мной не пропоют литию,

Буду грешить – как грешу – как грешила: со страстью!

Господом данными мне чувствами – всеми пятью!

Цветаеваның дінге көзқарасы қайшылықты, өмір сырын күнәдан ақтап алғысы жоқтығы мүнәфиқтық, жалған сопылық жат жаны тазалығынан. «Қызғаныш» атты өлеңі ерен. «Махаббаты қашқан жерді қаңырап, / Ажал ғана арман етер, жерінбес». Марина Цветаева өмірді елжірей сүйген, жаны нұрлы бұла ақын болып миллиондардың көкейінде шамшырақтай тұрады.

Тасқа жаздым есімінді,

Тактайға да тырналап.

Құмға да атың көшірілді,

Мұзға сыздым сырғанап.

22.02. – 3. 03. 2014.

ҚАСЫМ ЖЫРЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ МӨР

Арқа сауырындағы Қарқаралы-Қазылық тауы баурайында Қасым ақын туғалы жүз жыл өтті. Ақын туған жерінің көшірмесіндей боларын Қасым Аманжоловтың отты жырлары білдірді.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!

Нендей күйге жүрегімді бөледің?

Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем, –

Арманым жоқ бұл дүниеде, – дер едім;

Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім; («Туған жер»).

Адам туған жерінің топырағынан жаралатыны аксиома. Ақынның нұрлы дүниедегі орны елінің мәртебесімен өлшенеді: «Бір сен үшін туған едім./Бір сен үшін жасаймын мен!».

Туған елі өлеңнен құя салған,

Алдыңызда отырған мынау Қасым. («Ілияс Омаровқа»).

«Ішімде жанар таудай жатыр жырым» («Сәбитке») деп өзінің поэтикалық потенциалын анық білген Қасым жұпыны тірлікке тұтылса да, өзін ақындық қуатпен сүюі мен тануы кемшін болған жоқ. Дарынға тән сипат нарциссизм шығармашылық құбылыстың бөгде сыры, өнердің қалыбы, жатын орны тәрізді; жекедара «меннен» туған соң солай, бірақ ол Абай сынайтын, оң дүниеге шәрғез кеп қитығатын, жөнді жөн демейтін ақ көз наданның құдай атқан астамшылығынан анық ұстыны бөлек ұғым.

Өмірдің ащы шындығы сонда, нағыз құдай берген қасиет иесі дарынды тірі күнінде жүзден біреу ғана бағалап, сүйсе шын беріле сүйеді, риясыз қамқорлық жасайды. Ең жақсы үндіс – өлген үндіс дейтін жаңа құрылықты иеленгендегі янкилердің арам пиғылы әдебиет пен өнерде жасырын салтанат құра бермек, «үндіс» сөзін «талант» деп ауыстыра салса жетер. Оның айналасын торыған қызғаншақ қызыл көз аңдуыл көп: «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы./ Сонда да солардың бар таңдамасы» деп Абай айтқан дарынсыз бақталастар бал шырын табиғи өнеріне шыбындай үймелейді, ұялмай жала жабуға құштар, жақсының түзу жерде сүрінгенін, қоғамнан аласталғанын, өнердегі бағы тайғанын аңсап іштей үздігеді. Себебі дарын табиғаты



қарағанның көзін қарықтыратын, өзімнен аспасын дегеннің мысын басатын жасын тектес. Бұл-дағы сұлу жаратылысты керемет сүюдің бір құпия, азған түрі, адам жаратылысының жұмбағы. Сүю мен жек көрудің арасы тым жұқа болатыны соның үшін. Ақын өлген соң рухы мен тірі сөзі жарық дүниеде артқы ұрпақ жадына хатталып қалары жазмыш. Оның өмірде шеккен михнаты құдай дарытқан сол артықшылығы үшін таланттан кенде графомандарға төленетін салықтай диһрәм шығар. Дарынсызға ол да бір жұбаныш.

Мен едім от жүректі Қасым аған.

Расында нағыз Қасым мұнайған, жүрегі жылаған сәттегі Қасым емес, ақындық рухы буырқанған, Тәңірдің сәулесі түскен шынақынекенін мойындаған шағындағы жанартаудай тасыған өр ақын. Қазақ өлеңінде көктегі қырандай биік самғайтын Рақымжанның Қасымы таңғажайып үрдісті, жұлдызы жарық классикалық дәстүрді жаңғыртты. Ол Шота Руставели, Сүлеймен Стальский, Сұлтанмахмұтқа жыр арнаса рухани сабақтастықты терең сезінді. Орта ғасыр ірі парсы шайырлары авторлық құқығын жалғаны көп өткінші әлемде әдейі таңбалап, ен салды, шығармасын бөгде иеленіп кетпестей қылып, бәйіттің соңғы шумағында өз есімін атап, мөр салып бекітті. Әдеби термин бұл құбылысты «сфрагида» (грекше «мөр») деп атайды. Бастауы антикалық жырда, эпиграммашыл, даңққұмар грек Фокилиттен із тартып, Рудаки, Нәзір Хосрау, Омар Хайям, Қожа Ахмет Ясауи, Низами, Қожа Хафиз, Жәми, Науаиден жалғасады. 16 ғасырда неміс халық ақыны Ганс Сакс өлең соңына ылғи есімін қоса жазуды дағды қылды. «Мақтымқұлы сөйлер тілі түркменнің» дейді Мақтымқұлы жыры, көзге жас үйірердей не құдіреті бар қастерлі сөзінің?! Тілі өлген халық қоса өлерін ақын білген! Ғадетте өз атын көкек шақырады. Көкек үні өлмеген құлға жаз келгенін айғақтайтын тылсым құдіреттей әсем көрікке малынған. Жандыдан өз есімін ақын қадап айтса егер, ол сөз өнерінде қас үлгідей баурайды. Көкірегі сұлу жанның сырлы сөзі жаһұттай шашылған соң сөйтпегенде қайтсін. Мұның астарында ақынның өлмес рухы жасырулы. «Көкірекке құйыл, нұр / Өлең керек өмірге, / Өлеңсіз күн көңілсіз» деп Қасым қара өлеңнің өшпес қасиетін мойындайды.

Ежелден ерке бұлан Қасым едім,
Бұлқына тасып едім, басып едім.
Жүзім – жаз, көңілім – көктем кең пейілді,
Жақсының жүрегіне ғашық едім.

Бұл оның атақты толғауы – «Өзім туралы». Гораций, Пушкиннің өзіне өлеңмен қойған асқақ ескерткішінен несі кем?! Толықсыған тазалық бар, тебіренгені қара тасты жібітердей, адамға тән мұраты асыл аспан текті өлеңді ХХ жүзжылдықта Қасымнан асырып басқа қай ақын жазды?! Мұны айтқан тағы «Баяғы Қасым, бір Қасым».

Асан қайғы емеспін, Қасыммын мен,
Қобызымен сырласып күңіренген.
Іздеймін деп «Жерұйық» көр басында, –
(«Атамекен») десе де, расында «Жалын жүрек, жасын тіл»
өлеңіне ақырзаманға шейін жалбарынып өмір тілеп тұрған
жоқ па:

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың!

«Аманжол – Рақымжанның Қасымымын», «Аяған жүрегім
жоқ жолдасымнан, / Сый көрді не бір сараң мол Қасымнан»,
«Боламын ақын Қасым әлі де мен, / Өлеңін бөбегіндей
әлдилеген» – үздіксіз дұғадай қайырып, нөсерлеткен жыр
әлеміне Жаратқан Иеден бата тілеп тұрғаны айдай анық.
Ақын атаулы солай жаратылған. Мұның түп мағынасы,
қасиетті Құрандағы кейбір қаріптің мәні тәрізді тек бір
Аллатағалаға аян.

Енді сірә, дүние,
Танисың ғой мені сен.
Тәкәппар ұлы дүние!
Қазақ деген мен деймін.

Қасым бұл жерде өз есімін айтып тұрған жоқ, қазақтың
дейді.

Абай – Қасымның пірі. Абай есімін ол өлеңдерінде жиі
атайды.

Өлең мен күйден жаралған
Мен де бір адам ғажайып.

Абайдың жұмбақтығына сүйініп, ұқсап бағуға бейіл.



«Абайға айтарым» атты өлеңінде хакімді дөп таниды: «Бір өзің бүкіл халықсың, / Қалдырмай бәрін жиғансың».

Қасым Аманжоловтың өзімен-өзі тілдесетін сыршыл шақтары Абайға тете. Мұндай кеп Бернияз, Мағжан мен Мұқағали сынды жалғыздығына күйіп, «Ұшырдым ұясынан балапан қаз» – қанатты өлеңге қосқан ақындардың қанында бар көркем мінез.

Ей, Қасым, адасуға хақын бар ма?

Адасу закон ба екен ақындарға...

Қасымның тауда тұрғандай күбірлеп, өзімен ұдайы тілдескені енді келер ұрпағымен тілдесуге ұласты. Мұқағали Қасымның суреткерлік бағасын анық берді:

Дейсіңдер-ау, Қасымның несі басым?!

Қасым солай болмаса несі Қасым.

«Ақынмын» деп қопаңдап жүргендердің

Әммесінен Қасымның десі басым.

Ақынның тірі сөзі қазақ халқының тілдік қорын бұзбай сақтап, асқақ рухы ұлт жанын байыта береріне бір Алла жазсын!


ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. «ҰЛПАН»

1. Ел анасы.

Қазақ әдебиетінің классик жазушысы Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» атты романында қазақ әйелінің әншейін қиялдан тумаған, жалған дәріптелмеген, өмірде нақты прототипі бар көркем бейнесін жасады.

Матриархат өте көне заманның қалдығы, ал біздің дәуірімізден бері адамзат қоғамы негізінен патриархат заңына бағынады. Қыз баланы кемсіту, әйел затын төмен санау менталитеті өзгеріске аса ұшырай қоймайтын, томаға-тұйықтау Шығыс түгілі өзін өркениетті, күншығыс елдерінен озық санайтын Батыс елдеріне айрықша тән болды. Сондықтан бұл кереғарлық – бумерангтың бір ұшы бұл елдерде феминистік қозғалыс сияқты ұшқары идеяға әкеп соқты. Отбасы институты, ер мен әйелдің арасындағы табиғи үйлесім бұзылуы салдарынан Батыс қазір ерекше зардап шегіп отыр.

Орыс топырағында некебұзарлық, ажырасу, өз күйеуінен жерініп, өзге ерді пір тұту, ашыналық құбылыс орыс



қоғамына алғаш ене бастаған қасіретін орыс ойының данышпаны, классик жазушы Лев Толстой «Анна Каренина» атты қос томдық романында терең ашып көрсетті.

Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» атты жинақы романында алдына мұндай мақсатты қойған жоқ. Ұлпан ерден безген, сүйіспеншіліктің отына күйіп, басқа ерді сүйгені үшін қарекет қылған, ұябұзар әйел емес. Керісінше, «Ерді кебенек ішінде таны» дейтін халық даналығынан туған дархан мінез, нағыз ерді ардақтау арқылы елдіктің іргесін бекіткен, халқының ризық-берекесін қарақан басының бақытынан артық санаған өте ақылды, дана, дегдар әйел болуымен баурайды. «Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық», «Байтал шауып бәйге алмас» деп қарайтын елде Ұлпан сияқты қайратты жанның болмысы бағалана бермейді.

Ғабен бұл романында өз елінде өмір кешкен, ел билеген деректі адамдардың тіршілігін суреттеп берді. Бұл кейіпкерлерді көзі қаракты оқырман Сәбит Мұқановтың кітаптарынан да білері анық.

Сондай-ақ, XVIII ғасырда жоңғарға қарсы соғыста ерлігімен танылған батырларды мадақтағанда Тәтіқара ақын былай жырлайды:

Найзасының ұшына жау мінгізген,

Еменәлі Керейде ер Жабайды айт.

Жабай батыр романдағы бас кейіпкерлердің бабасы болуы мүмкін, өйткені керей руынан шыққан Есеней, Еменәлі оның бір туған інісі.

Керей ішінде Сибан руының бас көтерер адамы, биі Есенейге Ұлпан қыз қапалақтаған қар астында ұшырасады. Есеней еркекшора киінген, батыл сөйлескен Ұлпанның қыз екенін байқамай қалады. Оның қыз екенін Есенейге дереу айта қалып, жүрегіне шоқ түсіріп жіберген «түркпен» Мүсіреп: «Ие, қыз!.. «Міне, айыбым!» дегенде көз құйрығымен өзіңді бір шарпып өткенде неғып байқамадың?» дейді. Жазушы «шарпып» деген сөзді текке қолданып тұрған жоқ. Махаббат оты демде тұтанғанының тұспалы. Романның дилеммасы мен драмасы осы эпизодта бірден жарқ етеді.

Қазақ әдебиетінің драма жанры мен кино өнеріне өшпес олжа салып, «Қыз Жібек», «Ақан сері – Ақтоқты» сынды шедевр дүниелер тудырған Ғабеннің қаламы жазуда әбден ұшталған, стилі мықты, қу сөзге әсте жоқ. Қысқа да нұсқа.



Осы эпизод жадқа қазақ эпосының шоқтығы биік – «Ер Тарғын» атты жырын түсірді. Конфликт – кәрі мен жастың үйлесімсіздігі. Сюжеттегі ұқсастық мынау – екі шығармада да сұлу қыз балғын жас, оған көңілі құлаған егде жастағы ердің еңкейе бастаған шағы. Жүрекке әмір жүрмейді, сұлулық пен жастық адамзаттың еркін бағындырмай, елітпей, тартпай тұрмайды.

Ақшаханның қызы Ақжүніс, аппақ жүзі «Қара жерге жауған қар таям, қар үстіне қан таям» қас сұлу, өжет қыз, сондарынан қуа жеткен Қожақ батырға тайсалмай былай дейді:

Алайын деп тұрмысың,
Мені көріп қуанып?
Өлтірсең де тимеймін,
Теңдік берсең сүймеймін,
Бұрын батыр болсаң да,
Сенің басың бұл күнде
Жерде жатқан қу тезек.

Дүниежүзі халықтарының классикалық әдебиетінде мынау жарқыраған өткір сурет, табиғи өршіл рухпен шендес түсетін қас үлгі жоқ.

Дәстүрлі қазақ қоғамында шындық бәрінен биік тұрғаны, әйел заты күң еместігі, ата-анасы бетінен қақпай, далада еркін өскен қазақ қыздарының бостандығын артық санайтыны айқын. «Сонда Қожақ ойлады: «Асылзада патшаның баласы ғой. Мұны мен алсам обалына қалады екенмін. Мұны өзінің сүйгеніне қосайын», – деді де, Тарғын батырға қосты да қоя берді. Барыңыз, менен озған дәурен екеуіңізге құтты болсын деді. Тарғын ол қызды алып, сол кеткеннен кетіп, Еділдегі Орманбеттің он сан ноғайына барды». Бұл қазақтың эпостық дүниетанымы ғана емес, ұлттық санасы.

Есенеидің ағайыны «түркпен» Мүсірепті елші қылып, өзіне сөз салғанын естігенде Ұлпан дәл осы шамырқану, жаны тосырқау, жатсынуды сезінеді. Бұл жазмыш сөзді естіген сәті жас қыздың жүрегіне қанжардай қадалды. Әкесі Артықбай батыр қатарлы, өзінен кем дегенде қырық жас үлкен Есенеиді, ел ағасы, көсем, патриарх. «Ағашқа асылып өлмесең құтыла алмайсың. Есенеиден арашалап алып қалар адам жоқ. Айтты – болды. Басың болса ие бер, тізең болса бүге бер». «Ұлпан бір түсініксіз күлкімен күле бастады. Жынданып кеткендей атынан ауып, ар жағына қарай құлап барады».

Жазушының тілі қырнаулы, стилі анық, зергердің қолынан шыққан өрнектей, сөйлемдерінің артық-кемі жоқ. Ғабен қазақы мақамға жиі түсіп кетер ашы ішектей шұбалыңқылықты, прозадағы көк езу бәдіктікті сүймейтіні нақыш салғандай шебер қиюласатын тілінен көрінеді.

Ұлпанның жас өмірін қимайтын, үлкен кісіге күйеуге барғысы жоқ балғын көңілін жазушы шебер психологиялық иірімдерімен бере алған. Мұхтар Әуезовтың «Ескіліктің көлеңкесінде» атты реалистік тұңғығымен тартатын әңгімесінде бұл мотив қайталаанады. Ескішіл әже билігіне көніп, апасы өлген соң, кәрі жездесіне сүймей барған қыздың трагедиясын ашады.

Абай «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты классикалық өлеңінде баяғының малға сатылып жылап кете барған қыздарының құсасын бас шенін аңызға айналдырып, арғы жағын қазақ шындығын жүрегі күйіп, асқан жанашырлықпен тебірене жырға қосты. «Етімді шал сыйпаған құрт жесін деп, / Жартастан қыз құлапты терең суға». Бұл сатирадан гөрі лирикалық қайғы тұнған, Абайдың адам баласын бәрін сүйетін адамшылық қалыбы көрінген жанды өлең. Әлеуметтік теңсіздікті, әйел затының құқықтан жұрдай төменшіктігін, қырық жетіге маталып, қор болып кете баратын күйік зарын Абай «Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр», «Екі көңіл арасы – жылшылық жер» деп жан дүниесі егіле жырлайды.

Есенеі Ұлпан үшін кемітетін ер емес, ердің ері, («Шіркін-ай, бұдан қырық жыл бұрын қандай болды екен? Бұған кездеспегенде кімге кездесер едім? Сөз жоқ, бір жасқа кездесер едім. Сол жасым Есенеідің оннан біріне тұрар ма еді? Кім білсін... жоқ, тұрмас еді!») әттең, жасы ғана жасына сәйкес келмейді. Ұлпанның мықтылығы сонда, ол әзелде жаны қаламаса да Есенеіге күйеуге тиюді мұрат қылды. Ол елдік мұрат. Кез келген шөпжелке қыздың қолынан келмейтін, тіршілікті дүниемен өлшейтін кейбір ойы шолақ, таяз әйел затының түсіне кірмейтін ұлы мұрат. Ұлпан жайнаған жастық дәуренін осы елдік мұрат жолына қиды. Есенеідің беделі мен билігін ол қараңғылық құрсаған елін алға жетелеу үшін пайдаланды.

Қазақ байлығы жылқысында. Есенеі – исі Сибанның бай адамы, ел қорғаған бас батыры, биі. Оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс.



«Есенеидің құрығы мойныма түсе қалса, оны алып кететін күш біздің азғана ауыл кірме Күрлеуітте жоқ. Құдай салды – біз көндік. Бірақ, ағаңның есінде болсын – Ұлпан арзанға түспейтін қыз».

Ақжүніске тән өр мінез Ұлпанда анық тұр. Бірақ заман басқа, уақиғабөлек. Ол Есенеи ордасының бәйбішесі болғысы келетінін, «Мен үлкен үйге кіремін де төрінде отырамын» деп кесімін алты қарыс азуын айға білеген биге өз аузымен айтады. Үлкен үй – билік. Есенеидің көзі тірісінде-ақ, Ұлпан бес болыс Сибанның қамқор анасына айналды. Сөйтіп, оның құрбандығы ақталды. Ғабит Мүсірепов осы бір адамдар арасындағы аса күрделі қарым-қатынасты диалог, оқиғалар арқылы табиғи суреттейді.

Ұлпан даму дәрежесі арта қалған жұпыны елге қанатымен су сепкен қарлығаштай әрекет қылды. Монша, қыстық үй сияқты сол кездегі кедей тірлік, надандықтан езілген елге жақсылықтар нышандарын алып келді. Әйтпесе, қыс бойы киіз үйде отырған қазақ руларының жас баласы қысқы ызғарды көтере алмай, өкпесіне суық тиіп, тез шетінеп кететін еді.

Сәбит Мұқанов «Халық мұрасы» атты жанры бай, стилінде небір әдеби тәсілдер тұнып тұрған қазыналы кітабында: «Біздің елде самауырды ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында Ірбіт базарынан Есенеи алдырған екен. Оны қайнатайын десе, суды қалай құйып, отты қалай жағуды елде ешкім білмейді. Содан көршілес қазақ-орыс станицасы Құтырлағанға (Екатеринировка) кісі жіберіп, біреуді алдырады да, самауырды қалай қайнатуды үйреткендігі үшін оған Есенеи бір жылқы береді. Бірақ ырымшыл Есенеи «шүмегі төмен қарап тұр екен, елді төмен қаратпай қоймас» деп самауырдың шайын ішуден безген екен деседі».

Осыдан-ақ Есенеидің асыл тегі мықты, қаракөктің тұқымы, қазақтықтың алтын қазығындай, өмір бойы ат үстінде күнелткен, есесін ешкімге жібермеген өр адам екені аңғарылады. Қазақтық сана оның болмысында берік орнаған. Оның құдай маған қарыз болмаса, мен құдайға қарыз емеспін дейтін Жаратушы Иемен алысатын күпір сөзі бар. Жазушы оның намаз оқығанын бейнелі суреттейді, Есенеи Кенжетай күбірлеп айтатын дұға сөздерін қайталайды. Мұның өзі оның жаугершілікте, рулық қоғамда ел қорыған көкжал бөрілігін, ел шеті, жел өтінде, үйдің емес, түздің



адамы екенін анықтайды. Мүнәфиқтық мінез, көлгірлік оның табиғатында жоқ.

Тектік, ұлттық ойлау жүйесі күшті халықтар замана ығына құламай елін кесапаттан қорғап қалатын рухани күшті жасымайтын болаттай ерлері арқылы бойында сақтайды. Ол иммунитет күшейген сайын ұрпақтан ұрпаққа жаңылмай беріледі. Әлемдегі тегеуріні күшті ірі халық атаулы ата дәстүрінен айныған емес.

Ұлпанның ел анасына айналған тұсы Есенеидің қалың жылқысын қарауындағы елге бөліп беретін, кісі ақысын жеуді ар санайтын бекзат адалдығы. Бұл мырзалық деуден гөрі имандылық, теңдік белгісі.

Есенеі өлген соң Ұлпан бекзаттығынан айрылған жоқ. Өттең, ол қыз емес, ұл болып туатын жан. «Ұлпан бұл кезде қара жамылған қаралы әйел. Он ауыл Сибанды Есенеидің қазаны мен қолына қарап телміріп отырудан біржола құтқарды. Қашаннан Есенеидікі болып келген кең жерді әр ауылға бөліп берді. Мұнысы жалғыз бұл ел емес, жалпы Сібір қазақтары үшін жаңа бір үлгі еді. Оның аты не екенін Ұлпан өзі білген емес. Кедейлік жаншып, ділгірлік сорына белден батып отырған жоқ-жітікке жаны ашыды да, қолдан келерін істеді де берді. Қазір Есенеидің малы екі есе азайды, оның есесіне ел Сибанның малы он есе көбейді. Әр үй өз текесін, өз айғырын мақтасып отырады.

Ел аздап егін салады, шөп шабады. Бала-шаға дірдектеп қыс бойы киіз үйде отырмайды, жылы қысқы үйде отырады. әсіресе, осы қысқы үй үшін ел-жұрты Ұлпанға қатты риза».

Ұлпан өзін Есенеіден жоғары қоймайды, артық сезінбейді, байлықты малданып, айналасына ызғарын шашып, бекер өктемдік қылмайды. Өйткені оның бойында «Қырық есекке жүк болатын» сайқалдық, күншілдік, ардан безу жоқ. «Жеті жылдан бері малымен болып кеткен адамның әділ би деген атағы көмескі тарта бастап еді. Ұлпанның атағымен бірге қайта көтерілді. Ұлпан олай ойлай қоймаса да, Есенеі солай сезінді.

– Ақнарым, сен мені адам қыла бастадың, – деді аттанарда.

– Жоқ, Есенеі, сен көлеңке күндік жерге түсетін бәйтерексің. Мен сенің саянда шырылдаған бозторғаймын. Менің құдайдан бірінші тілегім сенің амандығың! – деді Ұлпан. – Сенсіз мен кім болар едім?.. ».



Расында солай. Қазақ әйелді ешқашан ерден асырмайды. Бұл оң көзқарас, жаугершілікте ел қорғаған ерлер, мал табатын, отбасын асыраушы ерлер, нәсілді сақтайтын ерлер болған соң туған әділетті өмір заңдылығы. Н.С.Лесковтың «Мцен уезінің Макбет ханымы» («Леди Макбет Мценского уезда») атты повесінде махаббат жолында адасып, көңілдес еркекке бола өз ерін өлтірген әйелдің бейнесі еске оралады. Ұлпан ақ жүрек, Ұлпан адал, Ұлпан нағыз қазақ әйелі. Ол нәпсісі үшін кісі өлтірмек түгілі өзін қасақана іздеп келіп, үйіне қона жатқан, жас десе жас, ақсүйек десе төре тұқымы, орыс оқуын оқыған, көзі ашық, шен-лауазымы бір кісіден кемдігі жоқ Қазі Уәлихановты некелі жары Есенеіден артық санамайды. Күйеуінің көзіне шөп салып, жұртқа таба қылар ақылсыз әйел Ұлпан емес. Ол қазақы танымнан шығандап шықпайтын дәті берік, намысы күшті әйел.

Мемлекет басқаратын адамның бүкіл нышаны, қайраткерлігі, үлкен жүрегі, мейірім шуағы, имандылығы Ұлпанның бойында түгел бар. Оқымай қалғаны бөгет болмаса Ұлпан тәрізді әйел қазіргі заманда ең биіктен көрінер еді.

2.Есенеі.

Есенеі – тарихи тұлға, атакты Сырымбатырдың жиеншары. «Сырымның кісесі Есенеі үйінің бір қара сандығында жетпіс жылдай жатты. Есенеі – ауыр сүйекті, балуан денелі адам. Бар өмірі ат үстінде өтіп келе жатқандықтан, үсті-басы қол батпайтын білеудей-білеудей бұлшық ет, қарны шыққан емес».

Заманда болған ер Есенеідің әділдігі ә дегенмен айқын болды. Жас жігіт кейпінде келген Ұлпан «Қаршығалы» шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Күрлеуіттің арызын қыр шонжарына жасқанбай, тік айтқан аталы сөзіне дән риза болып тыңдайды. Қос ұлы тірі болғанда жігіт болып өсер еді-ау деп балаға зәру би іштей сүйсініп, қызыға қарайды. Оның қыз екенін білгенде көңілі өзгеше құйқылжиды. Өзін өлімнен құтқарған Артықбай батырдың қызы Ұлпан. Нышан табылды, жүрек бұлқынды, енді өмір өрбиді. Автор тіршілікті, құс жолындағы, жер бетіндегі мәңгілік тартылысты, айналысты түйсік, ибамен береді.

«Есенеі қазір діндар адам болғанымен бір кезде аса

адуын, озбыр би болатын. Орыс шекарасын паналай отыратын Нұралы деген момын елдің барлық жерін тартып алып, далаңқы жайлауға айдап тастағаны бар-ды. Момын ел қарғап-сілеп кеткен екен – келер жылы Есенеидің екі ұлы қара шешектен бір күнде, бір сәттің ішінде бірге өліп кетті».

Ғабит Мүсіреповпен елдес, жерлес, заманы бір көрнекті жазушы – Сәбит Мұқанов. Сәбеңнің «Халық мұрасы» атты кітабында: «Біздің елде «бес мың жылқы болыпты» деген Есенеи сабаны алты айғырдың терісінен тіктіріп, атын «Тай жүзген» қойған екен. Сол сабаны ысқа қойғанда, ауыз жағы құрап кетіп, бұған ашуланған Есенеи ыс салған адамның үйірге түсіп тұрған айғырын сойғызып, терісін сабаның құрғаған аузына жаматқан» – делінген.

Билік иесі болу – зорлықшылдық. Сәбең мен Ғабен айтқан осы екі эпизод Есенеиді ақтап тұрған жоқ. Оның қатігез, момынды ренжіткен озбырлығын танытады. Қазақ ұғымында киелі мал болады. Бір елдің күнкөріс жерін тартып алу, үйірге түсер ата малды рәсуа қылу – күнәһар зорлық. Оның қарғысы болады. Бірақ сол кездегі қазақ дәстүрлі қоғамында бұл үйреншікті қалып болған. Бұл қатігез мінез аламандық, абадандық саналған. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» атты роман-эпопеясындағы ру арасы түгілі, ру ішіндегі сұмдық тартыс, ағайын араздығы қашаннан қазақ әлеуметінде болып келеді. Өйткені ол өктемдік айдан түскен жоқ, тегіс адамзат қоғамына тән теңсіздік идеологиясы, зорлық-зомбылық.

Осы кітапта Есенеидің қазақтың ескі тұрмысында не қадірлі, соның бәріне қолы жеткен, үкілеп ұстаған, тұтынған, көгінде бар, бай адам екенін білдіретін детальдар баршылық. Самауыр қазақ тұрмысына енді ене бастаса, құсбегілік қазақтың қанында бар. Бүркітті байлар сән-салтанат үшін ұстаса, қарапайым аңшылар кәсіп қылған.

Ғабит Мүсіреповтың романында Есенеидің қасына ерген кісісінің бірі – аңшы Алдай Мүсіреп. Оның бейнесін автор шынайы, ұмытылмас қылып суреттейді. Көкірегінде зілі жоқ, аңқылдаған ақкөңіл, баладай аңқау адам. Оның Есенеидің жанына тиетін сөзді байқамай айтуы, өзі ұстаған түлкімен ұрысып отыратыны, тазыларына адамша сөйлейтіні қазақ мінезінде бар қасиет.

«Қартайған бүркіт еріншектеніп, ірі аңдарға түспей, ұсағына ұмтылады. «Бүркіт қартайса тышқаншы болады» деу



сондықтан. Тым қартайған бүркітті еркіне жіберу салты бар. Адамға үйренген бүркіт ел маңынан ұзамай ұшып-қонады. Ондай бүркітті бүкіл ел болып сыйлап, әрдайым жем (шикі ет) тастайды, иттен, құстан қорғайды, тасаға паналатады. Біздің елде «Еснейдің танакөзі» дейтін бүркітті сөйткенін өз көзіммен көрдім», – деп жазады Сәбит Мұқанов «Халық мұрасында».

Есней бейнесі романның өне бойы біртіндеп ашыла береді. Қартайған сәтінде жолыққан Ұлпан – оның бақ құсы, әрі қорғаушы періштесі.

Романда Еснейдің інісі Еменәлі образы жан-жақты ашылған. Ұлпан адуын сарықарын бәйбіше, жалғыз қайнысының әйелі, абысыны Айтолқынды ә дегеннен орнына қойып, мүйіздеп алады. Өйткені оның үлкен үйді өзі билеп-төстеп қалғанын біледі. Қазақ салтында жап-жас Ұлпанның ересек Айтолқыннан жолы үлкен болып саналады. Мұны ол билік, байлық үшін істемейді. Ұлпанның статусы – ел анасына айналу: «Ұлпан Сибанның ең үлкен әйелі, ел бәйбішесі!».

«Жабағы сұрайды, қыл сұрайды, сүт сұрайды, ұн сұрайды, киіз сұрайды, шай сұрайды, бөрікке тыстық, көйлекке түйме сұрайды, жайлауға көшетін көлік сұрайды...

Ұлпан ешкімнің қолын бос қайтармай бере берді. Мырза келін атанғысы келіп берген жоқ, әлденеге іштей наразы, әлденеге іштей намыстанып үлестірді.

Қандай әдемі қыз-келіншектер қайыршыдай жалаңаш, қайыршыдай сұраншақ. Шешелері әдейі ертіп әкелетін балалар өңкей мес қарын, ши борбай, ірің көз... бұларға өмір тілеу, бақыт тілеу мазақтау сияқты сезіледі».

Кедейлік, жігерсіздік, жоқтық шегіне жеткен зардабын Ғабит Мүсірепов «Этнографиялық әңгіме» атты шынайы суреттеулерге толы әңгімесінде ашып көрсетті, сатиралық образ жасады. «Ұлпан» атты романындағы кедейлік басқаша сипатта. Елге жаңару керек. Заман лебі солай соғады. Ұлпан соны түсініп, Еснейдің бес мың жылқысын қол астындағы елге жартысын бөліп береді. Туған жұртының әл-ауқатын көтеруге ол жанын салады. Артынан тұрмысы түзелген, тоғайған ел Еснейден ештеңе дәметпейтін болып кенелді. Бұл Ұлпандай дана әйелдің арқасы екенін Ғабен сүйсініп суреттейді.

«Бұл араның қазағына егін салдырды, шөп шаптырды, қыстау салғызды. Бұл елді қазір жартылай отырықшы дей аламыз», – дейді жазушы ұлық орыстың аузымен.

Ұлпанның қайраткерлігі кісі ақысын жемеу сияқты имани ұғымда тіпті жарқырап көрінді.

« –Есенеі-ау, мына қараша ауылды сен неғып көрмей жүрсің? Өзіне ұят қой! – деді.

– Осы қырық үй малшы-жалшылардың қырық жылдан бергі жалақылары сенің мойнында кете беріпті... обал ғой, – деді.

–Айналайын Ұлпанжан, соны маған ендігәрі айтпайтындай болып, өзің тындыршы, екеумізге екі айғырдың үйірі жылқы қалдырсаң болды. Менің ендігі байлығым жалғыз сен... асырарсың бірдене қылып...».

Ерлі-зайыпты екі адамның арасындағы осы диалогтан айқын, елге тұтқа Есенеі мен оның сүйіп алған қосағы Ұлпанның жаны таза жан екендігі. «Еркексің ғой сен, еркексің, Есенеіжан!» дейді ол әйеліне, билігін ғана емес, өзінің Есенеі атын қоса қияды.

«Қатын қайраттанса қазан қайнатады» деп түсінген қазақ қоғамындағы стереотипті Ғабит Мүсірепов бұзып отыр. Сүйіспеншілік хисса-дастандарында дәріптелетін қыз-келіншекті мемлекттік ұғымына теліп, әлеуметтік биікке көтерді. Өйткені Ұлпан атамекенінің елге сыйлы, аяулы адамы.

«Жас әйел Ұлпан асқан ақылды адам еді. Өз айтарын әуелі Есенеіге айтқызып алып, өз байламын әуелі Есенеіге байлатып алып жүр. Есенеі де «мына қатын былай деп еді» деп Ұлпанның атын шығара сөйлейді».

Жазушы Есенеі мен Ұлпан екеуінің арасындағы шынайы жарасымды дәл бейнелейді. Ол тіпті өз атасы «түркпен» Мүсіреп пен әжесі Шынардың алғаш шаңырақ көтерген кезін бейнелейтін тұстарында мол. Ұлпан Шынарға еркіндікті уағыздайды, бірақ ол лағып кету емес.

Ұлпан әйел бақытын сезіне алған жоқ. Ол басқа бір күдіретті сезінді. «Ерте тоқыраған аналық» дейді автор, бір қыз туған Ұлпан, сол жарығынан ерте айрылып, мерзімінен бұрын ажал тапты. Қара ниетті адамдардың көре алмаған, қызғаншақ кесірі тиген шығар, романда бұл сарын, сүйікті қызы Біжікеннің қаза болуының сыры ашық айтылмайды, астыртын беріледі.



3. Ұлпанның айналасы.

Еменалы ескілікті тұрмысқа әбден үйренген, кертартпа. «Ата-бабамыз киіз үйде туған, сонда өлген» деп ол қасарып жалғыз отырады. Ұлпан оны елмен бірге көшіреді. Соған ақылы жетеді. Есенеидің інісі болған соң ол басында әйелі Айтолқын екеуі «ана жалаң бұт келген тоқал» деп бұйрығына шамданатын Ұлпанды жек көрді, бірақ беделі, мәртебесі зорая түскен жеңгесінің адамшылығын, ел қамын ойлаған даналығын мойындауға мәжбүр: «Сенемін, Ұлпан, сенемін. Сен бір әулиедей адал адамсың ғой. Бірақ, мен Есенеидің малын талап жатыр деген атаққа қалмаймын. Бір лағынды алмаймын. Өзім де сотқар едім, балаларым менен ұзап қайдан барсын».

Бұл кісілік, жөн білгендік емес пе! Еменәлі жаман адам болса, ең әуелі Есенеі өлген соң артында қалған үйір-үйір малға талас қылар еді. Ол тіпті Ұлпан үш ұлдың еншісі деп бөліп берген тиесілі малды алмай қояды. Онысы бекер болды, Есенеіден қалған тұяқ Біжікенді аман сақтай алмаған күшік күйеу, қайырсыз Торсанның игілігіне айналды. Еменәлі Абай өлеңдерінде шенеген малдан басқада ісі жоқ сасық бай емес. Иманы түзу.

Еменалыны ықтырған Ұлпан тік айтқан шындық. Ұлпан қандай батыр, ірі сөйлейді! «Сибан сені Есенеидің алдында айыпты санайды. Айыпты екенің өтірік пе? Тыжырынбай тұра тұр! Сен Есенеидің өліміне де ортақсың! Есенеіге ең соңғы тиген қара шоқпар сенікі болатын содан кейін Есенеі бір күн төсектен тұра алды ма? Тұра алған жоқ! Енді сен сол Есенеидің қатыны Ұлпанға әмеңгер болып есенеидің төсегіне жатқың келетін көрінеді. Есің бар болса, енді Есенеидің төсегіне ешкім жақындарын деп ағаңның аруағын қорғай жүрер едің-ау! Оны ойлаудың орнына өзің жатқың кепті. Әмеңгерлік хайуандықтың бір түрі емес пе? Ұялсаңшы! Есенеидің жалғыз мұрагері менмін деп дауласқалы отыр екенсің. Өзіңе керегі мал ма? Қанша керек өзіңе? Күні ертең үш балаңды ертіп кел де қанша мал керек болса, соншасын айдап жүре бер. Маған мал керегі жоғын неғып түсінбей жүрсің? Биыл Есенеіге ас беремін депсін. Беріп көрші, бір Сибан қатынасар ма екен! Сонда қандай маскараға ұшырайтыныңды білемісің сен! Есенеидің асын биыл өз үйі берді, келер жылы сен бер. Ашпа аузыңды, жықтыр үйіңді! Көш жайлауға!».

Сөйтіп, Еменалыға Сибанның қалаған жерінен қоныс берген Ұлпан оның тонторыс қырыстығын жеңді. Ұлпанның небір ділмәр шешенге лайық аталы сөзінде ескі қазақ тұрмысының бүкіл айқын белгілері тұр: рулық, әмеңгерлік, ағайын араздық, малға талас, жерге талас, ас беру, көш, мал ашуы, мораль мәселесі. Аталы сөзге арсыз тоқтамайды. Еменалы Ұлпанның ақ сөзіне тоқтайды.

Еменалы түгілі Есенеі кеткен соң жесір әйелді талап алғысы келген болыс-билерді ақылымен жеңген Ұлпан.

Әмеңгерлікті сөгу арқылы жазушы өз болмысы жаңа заманға бейімдегенін көрсетеді. Бәйбіше-тоқал, әмеңгерлік ұғымдарын сол кездегі қазақ жазушылары жатсынды. Жазушы ұлттың бұрынғы ғұрып-салтын жаңаға лайық көрмеуі социалистік дәуірдің әсерінен туған. Оның көбінесе оң нәтежелі, кейде теріс салт екенін Ғабен бір кісідей біліп отыр.

Сәбен «Халық мұрасында» әкесі туралы: «Күрілдектің күтірінде жеген таяқтан кейін ауыр еңбекке күші келмейтін болған Мұқан көшіп, Зәуре атты қызының ауылына келеді. Бұл ауылда біздің үй бір қыс болған деседі. Ол жылы мен алты жаста болсам керек.

Есенеідің інісі Еменалының кенже баласы – Сүлеймен. Зәурені ол тоқалдыққа алған». Қарға тамырлы қазақ, Сүлеймен Сәбит Мұқановтың туған жездесі болып шықты.

Романда этнографиялық деректер мол. «Балалар бай, кедей деп алаламай көш бойында кетіп бара жатқан барлық әйелдерден бәйге алады». Алтыбақан, бастаңғы, т.б.

Жазушы өз атасы Мүсірепті ерекше сүйіспеншілікпен суреттейді: сыбызғышы, күйші, атқұмар, әдемі киімді ұнататын, сері. Автопортрет сияқты.

«Түркпен» Мүсіреп пен Шынардың ауылындағы сауық-сайранды суреттейтін тұстарында жазушы қазақ мінезін, үлкендерден ығысып, жастардың булығып тұратын сәтін шебер суреттейді. «Отау үйлерде жас келіншектерге бір теңдік тиіп қалады. Өз үйлерінің төріне шыға алмайтын жас келіндер төрге шығады. Еркектермен бірдей құрметтеледі. Қыз күнінде бар өнерлері, келін болып түскен соң құмығып қалатын өнерлері осындайда бұзып-жарып шыға келеді».

Романдағы Торсан Тілемісов бейнесі жаңа низаммен бірге қазақтың тұрмысында көп өзгеріс болғанын ашады. «Ел



биледі бір сымпыс» деп Абай осындай типті жырлайды. Зар заман ақындары: Шортанбай, Дулат («Қазақтан шыққан кәпір») бұлардың образын өлеңмен таңбалап кетті.

Бұлар әуелі орысша оқып келеді, тілмәш, ауылнай, болыс болады. Сосын қара халықты ақ патша үкіметімен қосыла қанаудың, баюдың жолына түседі.

Торсан Тілемісов И.А.Гончаровтың «Обломов» атты романындағы Андрей Штольц образын еске салардай. Пысық. Әкесі Тілемістің Есенежде кеткен кегі бар. «Бұдан он жеті жыл бұрын Есенеі Тілемістің әкесіне шошқа бақтың деп дүре соқтырған еді». Мұсылманшылықты ел ағасы басқаша қалай қорғайды?! Соны білер-білмес, бірақ Есенеіге өштіктің уытын осы күйеу бала Торсан алады. Ол Есенеідің шаңырағын ортасына түсіріп, отын сөндіріп тынды.

«Талпақ танау» атты керемет әңгімесінде Ғабең қазақ жеріне шошқа әкелінген сәтін трагикомедияға айналдырып, сатира, юмормен көркем суреттейді. Сондықтан Есенеідің бір момын қазаққа шошқа бақтың деп дүре соқтырғаны қорлық-зорлық емес, ашынудан туған әрекет деп жазушы ақтап тұрғаны айқын.

Керей-Уақ туыс ел. Құдалық сөйлескен Шайғөз-Уақ руының кісілерін тындап, Ұлпан Есенеіден туған жалғыз қызы Біжікенді Торсанға қосуға қиды. Торсанды қызының теңі деп білді.

Торсан тектілік таныта алмады, ақыры қызы кенет қайтыс болған Ұлпанның сорына Есенеіден қалған қара шаңырақты мал-мүлкімен, жерімен қоса иемденіп, Жәуке деген ұятсыз әйелі екеуі бұл әулеттің түбіне жетті.

Жәуке тұрмыста аз кездеспейтін шайпау әйел. Ақылы өзінен аспайтын нашар, әйтпесе, Жәуке де Күрлеуіттің қызы. Ұлпанды апалап сыйлап тұрса, байлық иесі Ұлпан екенін білсе, бұндай сорақы сұмдықты жасамас еді. Ұлпан ана өз үйін өзінен қызғанып, құзғынша тартып алған Торсан мен Жәукенің тексіздігін, жалғыз қызы Біжікеннің беймезгіл ажалы салған күйікті көтере алмай мерт болады.

Романның басы мен аяғында кездесетін бір жаңылтпаш сөйлем арқылы Ғабит Мүсірепов «апама жездем сай», пейілі теріс Торсанға дәл табылған тоғышар, дүниеқоңыз, қатігез жартысы Жәукенің характерін білдіретіндей:

«Ұлпанды кіші баласы Мырзашқа айттырып қойған Түленнің әкесінің әкесі Тілепбайдың шешесінің сиңлісі Ақбайпақтан туған Қарабайдың Қайыркелдісінің жиені Игембердінің немере қызын алып отырған Ырымбектің Жәуке деген қызы бар еді. Торсан соған үйленді.

Ырымбек Ұлпанның жылқысын баға жүріп, бұл кезде байшікештеніп алған еді».

Алпамыс батыр жоқта елді билеген Ұлтан құл, оның сақау қатыны Бадамша еске түседі. Біреудің басындағы құдай берген бағын күндейтін адамдар жарық дүниеде аз емес. «Біреу өлмей біреуге күн жоқ» деу сондай қара ниетті адамдардың философиясы.

Торсанның сол елде ұзақ жыл бай, әкім болғанын Сәбен көркем шығармаларында жазады.

Романда қазақтың әлеуметтік өміріне үлкен өзгеріс ене бастағаны Ұлпан Есенейдің қырық жылқысын саттырып, сауда жасаған Тобыл базары, орыс, татар саудагерлері, жерге қатысты ұғымдар арқылы ашылады. Қабан мен Жетікөлдін арасында әйелдер монастыры салынғанын жазушы Тұрлыбек бидің аузына салады: «Сондағы екі жүз он тоғыз қыздың бәрі жесір қатын емес пе? Әйелді жарылқағаның осы ма? ». Бұл қазақы танымнан бөлек целибат, некесіздік ұғымы жат мұсылмандық ұғым.

«Шынына қалғанда Байдалы он бес десятина дегеннің қанша жер екенін дәл шамалай алмайтын адам еді. Тек өлшеп берілгендікке қарсы. Ол өлшеуі жоқ жерге, өлшем-шегі жоқ, ата қуалаған билікке үйренген адам».

Жазушы дәл осы ойды қандай мақсатпен айтып отыр?! Шынтуайтында, ол Байдалы биді жақтап отыр. Өлшеуі жоқ кең далаға ие болу бүкіл қазаққа тән сана. Ол ішпей-жемей көңілді тоқ қылатын кеңдік, азаттық. Ғасырлар бойы сол кеңдікке әбден үйренген, жаудан зұлымдық келмесе құдай өлтірмейді деп дүние танитын таза ел. Оның қарадай тарылғанын қай қазақтың жаны қалайды. Бұл өзі қанмен, текпен берілетін қасиет.

Романдағы колоритті образ – Қожық қарақшы. Қасқыр қуып, көлдегі жылымға ат-матымен құлап кеткен Есеней суық далада дерт жабыстырып оралды. Ақыры, сол апат оның түбіне жетті. Олар түнде бір жылқышы қосына кездесіп, Қожықтың қосы екенін білген соң қонбай кетеді.



«Қожық ұры, атақты сотқар еді. Жүз жігіт баукеспе ұры ұстайды. Жолаушы тонайтын жолбасарлары да бар. Талай кедей ауылдарының жылқысын тал түсте тартып әкетіп, теңдік берген емес». Ол Еснейдің қас дұшпаны. Қожық барымташылықты ұстанған, бұрынғы дәуірде әр елде, әр руда кездескен қанішер ұры. Қазіргіше мафиоза басшысы, «крестный отец». Аламандық адамзатта өзгермейтіні қайран қалдыратын құбылыс.

Роман кейіпкерлері Ғабеннің рулас, аталас туыстары, шыққан ортасы. Ғабен өз ортасының шындығын жазып отыр. Психологиялық портрет жасауда деректі тұлғалар болған соң жазушы қаламына оңайға соқпасы анық.

Романдағы Шыңғыс төре, Кенесары сұлтан тұлғасына, оның ұлт-азаттық қозғалысына жазушы салқындық танытады, оны билік құмарлық деп бағалайды. Төре тұқымынан кілең жағымсыз бейне жасайды. Қазақтың елдігін бекіткен, басын қосып, жоңғардан теңдік әперген, Бұқар жырау, Үмбетей жырау, Тәтіқара жырау артқы ұрпаққа аманат қылып, ұмытылмас бейнесін жырға қосқан ер Абылай ханның тұқымы Кенесарыны Мағжан сүйіп жырға қосқан, қазақтың талай ақындары дәріптеген. Советтік дәуірде өмір сүрген жазушы бұл ретте идеологияның әсерін бастан кешкен жоқ па, сол ісіне артынан өзі өкінген жоқ па? – деген күрделі сауал туындайды.

Ғабен діни білімі жетік ғұлама Науан қазіретті Ақан серіге қарсы қылып суреттегенмен, өмірде бұл екі тұлға бір-біріне қарсы болмаған деседі. Шығармашылықта рухани қайшылықтар жүрмесе, жазушы қоғамды өз ырқымен бағаламаса, онда тіршіліктің жұмбағы оңай, қитұрқысы жоқ, бір клеткалы инфузория сияқты арзан болар еді.

Еліміз тәуелсіздік алған соң қазақ баспасөзінде Сәбит, Ғабит, Ғабиден сияқты ірі жазушыларды сынап, олар советтік социалистік әдебиетті жасады, күні өтті, енді олардың бізге керегі жоқ деп жар салып жүргендердікі теріс, әбестік, ұят қылық. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген шала ес ұғым әдебиет пен өнерге мүлдем жүрмейді. Мұны айтып жүрген топ негізінен прозаға үмітті. Бұлай жер өртеп ат шығарудың қажеті қанша? Әдебиет кең әлем. Мықты болсаң жерде қалмайсың.

Мұхтар Әуезовтың «Өскен өркен» атты романын сынайды.

Япырмау, Мұхаң деген «Абай жолы» роман-эпопеясы, шетінен классикалық әңгімелері, қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ драматургиясы, том-том кітаптары, ғұламалығы айқын ғылыми мұрасы ғой! Басқасын айтпағанда, қазақ әдебиетіндегі қасқыр мен ит туралы әңгіме-повестердің баршасы түгел «Көксерек» ұясынан шықпап па еді?!

Қазақ филология ғылымы бұл тұлғаларсыз қараң қалмай ма?!

14. 08. / 25.08. / 27.08. / 28. 08. 2013.

ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР. ТЕК ПЕН ЖАД

Біз, қазақ тек туралы бұрын жиі айтушы едік. Тектілік дәстүрлі қазақ қоғамы мен дүниетанымы үшін ең маңызды тетік болып табылды. Нағыз қазақ тектілікті барша дүние құндылығының басы санайтын. Қазір тектілік туралы танымға қарынбайлық дүниеқорлық жегі түсті, кілең дәулеттіні текті санайтын адасу шаң беріп қалады.

Меніңше, тектілік нышан адамшылықтың негізі – адалдық пен иман. Құдайдың бір аты – Адалдық, бір аты – Иман. Адалсыз иман жоқ, имансыз адалдық жоқ. Егер бір адамның бойынан осы екі асыл қасиет табылса, оның генетикалық кодында, көгінде аса бір кінәрат, тексіздік синдромы жоқ деп айтса қате болмас.

Герольд Карлович Бельгер. Герағанды халық шынайы құрметтейді, қадір тұтады. Оның қазақ әдебиеті мен руханиятына көп қазақтан артық еңбек сіңіргенін, ұлтқа адалдығын бек біледі. Қайраткер жазушының кісілік тұлғасы айнымай қалыптасуы – ата-ана қасиеті, қанмен беріліп, сүтпен сіңген шынайы тазалық несібесі.

Неміс ұлтына тән ірі өлшемдерді әсте ұмытуға болмас. Құдай әр ұлтты тегіннен тегін әртүрлі қылып жаратпағаны айдан анық. Неміс халқының ерек мықтылығы кесектік, философиялық түпкі таным, өнер мен руханияттағы биік жетістіктерімен, экономикадағы патшадай орнымен өлшенеді.

Сансыз соғыстар қинап, әлсіреген, бытыраңқы Европаны 1648 жылы Вестфаль бейбітшілігіне негізделген, прогрессивті идеяны қолдау арқылы Европалық қауіпсіздік



жүйесін жасаған реформа. Ол Біріккен Европаны дүниеге келтіріп, Батыс әлемінің тұтас аман қалуына жол ашты. Вестфалия, солтүстік Германия, Рейн, Мюнстер готикалық шіркеуі. Діндер мүддесі мемлекеттер мүддесіне жол берді. «Дербестік» және «ұлттық мүдде» деген жаңа ұғымдарға негізделген Вестфаль келісімі. Бұл құнды дерек Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» атты кітабында бар.

XX ғасырдағы фашизм идеясын, қырғын соғыс құрбандарын мемлекетті тиран билегенмен тұтас бір халыққа таңа алмайсыз.

Неміс прозасы іргесін қалаған Мартин Лютер, 14 ғ. 1521-1534 жылдары, 13 жыл бойы оның әдеби қызметі «Новый Завет», Інжілді неміс тіліне аударды деп жазды Ф.Энгельс. Гете ұлы ақын, ойшыл, жаратылыстанушы философ пұтқа табыну кезеңінің көркем құпиясын құдай сүйген, христиандық ілім туралы айта бермейді.

Неміс поэзиясы бастауында халық әндері, жыр. Ганс Сакс, Гете, Шиллер, Гельдерлин, Гофман, ағайынды Гримм, Гейне, Гаупман, Гессе, неміс классиктері есімін «Г» әрпі еншілейді.

Неміс қазақ дүниетанымына жақын келер рухани ерекшелігі, еуропалық халықтар арасынан қара үзіп шыққан ірі эпосы, дүние шырайын эпикалық көруі деуге әбден болады. «Нибелунгтар туралы жыр», И.В.Гете өлеңі, поэмасындағы эпикалық аңыздық негіз, Гете-Лермонтов-Абай үндестігі бұған айғақ. Неміс елімен қазақтың рухани байланысы ешқашан үзілмейді. Бұған мысалдар мол.

Герольд Бельгер әке бейнесін өлмейтін жанр – прозаға аманаттады. «Әкем туралы әңгімелер» атты кітабы (2009) қазақы ұғымда жалғыз ұл –құдайдан тілеген перзент, оның асыл әкеге сүйіспеншілік құрметінің беллетристикалық үлгісі.

Карл Фридрих Бельгер (1909-2002) Еділ бойы немісі, ол туған Мангейм селосы, неміс автономиясы қазір жер бетінде жоқ. Тоталитарлық сталиндік тәртіп Совет Одағындағы көп халықты езіп-жаншыды, неміс, қазақ, орыс, Кавказ жұрты тұтылды. Әбілет басқан 1937 жылы «Халық жауы» деп қара таңба басқан тұқымның бір жалғасы менмін. Туған атам Кемелбай Насырханов құдайсыз дәуірдің миллиондаған саяси құрбанының бірі.

Жазушының әкесіне арнаған «Дом скитальца» аталған

романында (2003) Еділ-Волгадағы Энгельс қаласы маңындағы Мангейм туралы дерек ностальгия, этностық құса, трагедиялық сарын арқылы берілген. Жазушы әкесін Давид Эрлих есімімен бейнелейді. Ауыл дәрігері, фельдшер. Орысқа пейіл берген ағасы Давидпен салыстырғанда немістік қалыбын сақтаушы, тегін қорушы туған інісі Христьян көзі жасаурап: «Жоғалған отанның картасы...», – дейді тығулы картаны көргенде.

Романда неміс тілінде: «Менің үйім жоқ, менде енді отан жоқ. Мен еліме орала алмаймын, менде енді атамекен қайда?» делінген өлеңде роман лейтмотиві, көтерген жүгі, жүзжылдықтар ауысқан сайын тамыр жайған мекеннен аласталу идеясына, баянсыздық зауалға қыстығу сезімі тұр. Атамекенді сағыну, оның ұшығын жер бетінен таппай қалу, шаруашылыққа аса мығым, іскер халық диуана тәрізді күн кешуіге мәжбүр болса, бұдан артық қандай қасірет болуы мүмкін?! Христьянның аузымен айтылар ақиқат бар, оның ерен патриот, ұлтшыл болуы есімінің этимологиясымен тығыз байланысты, әсте діни сипатсыз емес.

«Сірә, тарихи қалыптасу бұл. Немістерге өздерінің ергежейлі княздықтары таршылық етті. Ұдайы жойқын соғыстар, кедейшілік, жұқпалы дерт оба мен тырысқақ, жаңа қоныс іздеуге ділгірлік, бейбіт тіршілік кешуге құлшыныс... өзен маңы күтімі келіскен бақ, жасыл табиғат аясы, тоған су. Неміс рухының асыл мұраты осындай», – бұны айтқан Христьян.

«Олар жаңа жерлерді ерен көркейтіп, адал еңбегімен гүлдендірді. Неміс паналаған мемлекет басына іс түссе-ақ келімсектер деп айыптап, барша кінәні соларға жауып шыға келеді. Өміршілердің күнәсі үшін халық ауыр құн төлеуге ылғи мәжбүр болады. Еділ бойы немістерінің дәулеті мен берекесі жоғарғы биліктің жек көрушілігі мен күншілдігін оятқаны қашан».

Асан Қайғы сияқты ұлт несібесін ойлап күйзелген Христьянның түйдек-түйдек шұбыртпалы толғаумен айтатын жан ашуы, жүрегін кемірген зіл қайғысы бұл.

«Біздің үйіміз – үйсіздік болғаны ғой. Бәріміз бұрынғыша үйді армандаймыз, ошақ басы, туған түтінге тартыламыз. Бірақ біз жадты жоғалтқан сәттен бастап шаңырақсыз боламыз. Қаңғыбастың үйі – жад. Ес-жадың өшпесе сен



тірісің. Қайда мекен етсең де. Қай жерге үй тұрғызсаң да. Жад – біздің үмітіміз. Оны бізден әрқашан тартып алуға, құртып-жойып жіберуге тырысып келді. Біздің ата-бабаларымыз орыс кеңістігіне аяқ басқан сәттен-ақ солай етті. Ал біз қарсы тұрамыз және жадымызды күзетіп, мықтап сақтаймыз. Бізді құтқаратын тек жадымыз...».

Бұл ретте немере ағасы Христьян мен Герольд Бельгердің рухани туыстығы, ойлауы бірдейлігі айдай анық. Расында жазушы сол жадты өлтірмеу үшін туды.

«Тұйық су» сарыны осы жоқтау: Отаным қайда? «Ресейде туған, Қазақстанда тұрған, Германия азаматы – Эдмунд Ворм, оның отаны қайда?». Тарихи атамекені, герман жер-суы Эдмунд Вормға отан болып кеткен жоқ, тұрғылықты жері болмаса. Өз қолымен салған патша сарайындай қос қабатты үйін бірге өскен қарындасы сияқты Әсимаға тастап кетті. Анасы Паулина алыста қара жұмыста жүргенде, қазақ әйелі Хадиша пана болып, неміс баласын асырап-сақтаған. Германиядан ол ауылына он жылдан кейін оралып, үш күн аунап-қунаған.

Жер атауы «Тұйық су» болғаны, жігіт ағасы Эдмунд санасы тұйыққа тіреліп, жаны мынау өзгерістен өлердей құлазуын автор сөйтіп тұспалдайды. Тұйық атау-қисық тағдыр. Риторикалық сауал, басы ашық, жауап таппаған жан күйігі, тамырын тереңге жібере алмай өксік шалған өгейлік, Совет өкіметі геноцидке ұшыратқан күйік жазушының бірер кітабының эпилогын құрайды.

Неміс елі, бабалар жері Эдмунд Вормның немерелеріне нағыз отан болары даусыз. Таураттағы тәмсіл, адасқан ұлдың оралуы сарыны ескірмейді, дәуірлер озған сайын ол жаңа мазмұнмен ылғи қайталана бермек. Адамзат жаппай тұтылар адасу. Қазір қазақ жеріне небір шетелдіктер, африкалық нәсіл тұрақтап қалуға келе бастады. Кейбір қазақ Американы, Европаны сағалап, елден безіп, көшіп кетті. Ассимиляция, жатты малдану соны.

Адам баласы ұя басқан мекенінен мерзімі келіп, кенеттен кетуге, өзге елге қаңбақша көшуге мәжбүр болса, әзиз жаны қиналмай тұрмайды. Герағаңның үш бірдей романында бұл елдік құса тұнып тұруы тегін емес. Қаны мен рухы неміс, бойына қонған мәдениеті тевтон-славян-түркі, тілі неміс-қазақ-орыс. Мұның қаншалық артықшылығы мен

астары, қуаныш пен шері барын бір білсе, тек Ғерағаң білер.

«Қаңғыбастың үйі» атты романда автор немістердің Ресейге алғаш қоныс тепкен уақытын дәл атайды: 14 шілде 1764 жыл. Патша қатын Ұлы Екатерина қалауымен, кайзерин манифесті бойынша Еділ бойына Европадан қалың ел келді. Топырағына тартып, жазира даласындай кең қазақ «Елге ел қосылса құт»,– дейді. Берекелі, өнертапқыш, еңбекқор, мұқият, тазалыққа жаны құштар неміс халқынан, жасыратын түгі жоқ, ормандай орыс, бертінде қазақтың үйренгені, алған қазынасы көп болды.

Тевтон нәсілі Европадан Еділге ауып келгеніне нақ 250 жыл болған екен. Ғұн, сақ тайпалары мен тевтон, кельт тайпалары. Есте жоқ ескі замандарда өзара қарым-қатынасы болғанын кельт, неміс фольклоры, халық балладалары айқындайтын сияқты. Жер бетін мекендейтін барлық халықтарға тән теңіз тасуындай буырқану, алыс-беріс, келіс-кетіс, өзара шапқыншылық, Абыл мен Қабыл тарихы – соғыс пен бейбітшілік бұларды айналып өткен жоқ.

Бұл романда Еділ бойы қазақ қазақ шықпай тұрғанда арғы тегінің атамекені болғаны туралы деректер бар. Жер атаулары тұнған түркі тарихы.

«Қайран менің Еділім, / Мен салмадым, сен салдың, / Қайырлы болсын сіздерге / Менен қалған мынау Еділ жұрт!..» – деп XV ғасырда жырлаған Қазтуған жыраудың алаң жұрты бұл Еділ.

Жазушының «Тұйық су», «Қаңғыбастың үйі», «Разлад» атты үш романында далалық неміс бауыр басқан, кіндік қаны тамған туған жері мен тарихи отаны арасындағы екіге айрылған санасы суреттеледі. Қазақ халқына ерекше тән дүние жалған, дүние шолақ, бес күндік тіршілікке адам қонақ дейтін философия содан шығады.

Соғыс басталған 1941 жылы күзде бұл отбасы солтүстік Қазақстанға, Есіл жағасындағы Қабай-Тұяқ аталған ауылға жер аударылды. 1941 жылғы шілде айы ортасы, Совет үкіметі Жоғарғы Кеңесінің Жарлығы, Калинин қол қойған. Немістер депортацияға ұшырап, Еділ өзені бойынан кетірілді, жаңа жерлерге мәжбүрлеп көшірілді. Бұл азалы жоғалтулар, бір тектен тараған тұқым тарыдай шашылуына бастады. Жазмыштың осы бір катерлі межесін орыс немістері ешқашан ұмыта алмайды.



Қазақ жерінде Карл Бельгер тұрақтап, 30 жыл өмір сүрді, қазақ тілін білді, зейнетке шықса да, күн-түн демей, шақырылған жерден табылып, зәру елді емдеді. «Халықпен тірлік кешсең, қайғы жоқ. Халық – күш. Халық – теңіз», – деп ол ұлына 28.01.1999 ж. жазған хатындағы ойынан айнымай өтті. Еңбекқорлық пен елгезектік адамның негізгі ұлы қасиеті болса, ол бақытты жан. Жалқаулық пен кесірлік бақсыз сорлыға бітеді.

Автор тек әкесін суреттеп жазбайды, бала кезі, бала Гера бар, автопортреттік штрихтармен қоса, туған халқының басына түскен ауыр қасіретті адам тағдыры арқылы; «алтын иек, сары-ала қыз» (Абай)қиял-қоспасыз, табиғи бейнелейді.

Карл Федорович, әкесінің Фридрих есімін военкомат орыс тіліне икемдесе де, тұла бойы тегіс неміс ұлтына тән ізгі қасиеті бар жан. Сүйген жары Анна Давыдовнамен екеуі жарты ғасырдан аса тату-тәтті өмір кешіп, ұрпақ өсірді; жер бетінде 95 жыл мәнді өмір кешті, құдайдың ақ өлімімен фәниден бақиға көшті. Адалдықтың арқаны ұзын деп астарлай айтқанда, қазекен адал адамның жер бетіндегі несібесін айтқан. Өз төсегінде, ақ өліммен аттану – адалдықтың бір сыйы. Мен мұны ерекше адалдық дарыған, ғұмыры біреудің ала жібін аттамай, кісіге кесірі тимей, тынымсыз еңбекпен өткен нағашы атам Оразхан 82 жасында өмірден озғанда айқын ұққанмын. Бұл адал өту, діни ұғымда ерен маңызды ұғым, екі дүниеге лайық болу.

Соғыстың басы. Қорғаныс қорына көмек жинауды Карл Федоровичке компартия тапсыратын тұсы бар. Ұран: «Бәрі де майдан үшін!». Жер аударылған неміс, мына маған қалай сеніп тапсырады?! – деп ол әйеліне сыр шертеді. Қайыршылық кешіп, жүдеп-жадап отырған айнала елден салық алу. Әкесі жалақысының жартысын берсе, анасы жүннен қолғап, нәски тоқиды, ал кішкентай Гера жәрдем беруден құр қалғысы келмей, асық қапшығын бергісі келетін тұсы бар.

Қазақ болмысы мен мәдениетін жанымен сүйіп, қабылдап алған азамат, шығармашылық жолда қазақ қоғамының қайраткер тұлғасына айналып, шындық пен ізгілік мерейі үстем болсын деп күн кешкен Герольд Карлович; күллі саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің мәртебесін асыруға арнаған, аса қиын, инемен құдық қазатын аударма жанр

жүгін мифтік дәудей арқасына салып алған бейнетқор Ғерағаң бұл шағын кітабында көкейінен кетпес жан жарасы, туған ел-жұрты, Еділ бойы неміс басына түскен сұрапыл қасіретті баланың көзімен суреттейді.

Ағайын-туыс уақытты тұтқан құса-шерге тегіс тұтылды, қанды зұлмат, қара жұмыс, айдаудан ерлер қайтпады, ауру-сырқау, қорлықтан өлді. Бұл қаралы кезең еуразиялық халықтардың баршасын қинаған нәубет тұс болғандықтан қанды соғыс түтінін өшіріп, тұқымын құртқан, асыраушы ер азаматсыз сорлап қалған жетім-жесір тағдырлар миллиондап саналды. Фашизм мен коммунизм бұл ретте, жендеттікте бір-бірінен еш қалыспағаны ақиқат. Биік идеялар мен асқақ ұрандар жамылып, ажал үстемдік құрды. Көсемдер мен құрбандықтар. Концлагерьлер мен еңбек лагерлері. Атауы бөлек болғанмен, заты бір тажал болды. Аждаһа аранындай жазығы жоқ бейбіт адамдарды жаппай жұтты. Тарих ақтаңдақтары әлі түгел ашылмай жатыр. Жер мен су ақпарат сақтайды, планета дерексіз болмайды, адамзат өзара араздықтан арылмайды, биік Ар соты қиямет-қайым алда.

«Әкем туралы әңгімелер» атты повестің лейтмотиві: адам басына не күн түссе де, құдайдан үмітін үзбей, ар сақтау, адал еңбекпен жан сақтау, артқыға жақсы іс, асыл бейне қалдыруға мүдделі болуы керек.

Автор балалық шағын суреттегенде қазаққа тән дүниетаным жиі көрініс табады. Боран бақсыдай сарнауы, әкесінің сергектігін суреттеуі, «Қазақтар мұны «Құс ұйқы» дейді». Ауылда желаяқ атанған ұл, жаман дерт жабысып, жүгірмектермен қоса шауып кететін жаста аяғы гипсте жатыр. Мүгедек болып қалу қаупі сейілмей, төсекке таңулы ұлына әкесі көп оқылғанын мұқабасы танытқан бір кітапты әкеп береді. «Суға кеткен тал қармайды», күйкі өмір тәлкегінен, түңілу, жалығудан тек кітап құтқарарын сол бала әулиедей ұқты. Пушкин ертегілері. Жан сарайы арайлы ұлы ақынның інжу-маржан ертегі кітабы болашақ жазушының өмірлік жолын шамшырақ тәрізді айқындап бергендей әсері бар. «Мені адам қылған ата-анам, ауыл мен кітап. Міне, менің қайнарларым, рухани тіршілігімнің құрамдас үш бөлігі осылар», – дейтін болады ол өскен соң.

«Әкем «Тағай!» дейді, мен «Дәбай!» деймін». Әкем неміс екені аузын ашса білінеді, кейпі екі бастан. Менің қазақшама



қарап, татар баласы деп қалуға болатын шығар». Балалық естелік әншейін жаңылтпаш емес, тұтас бір дәуір суретін құрайды, қазіргі заман тілінде мұндай құбылысты геосаясат деп атайды.

Бала әкесін үнемі еңбек үстінде көріп өсті. Аулада үстіне ескі-құсқыны киіп алып жұмыс жасауды ұнататын кейпін суреттеген тұсы Плюшкинді еске салды. Сарандық, қарынбайлық қарғыс таңбасы түскеннен аулақ, әншейін, құнтты, қолы шебер адамның бір қызық мінезі, былайша хоббиі.

Әкесі Есілден ауланған шортанды жағада ат қылып мінітетін тұсы кино эпизодтай көрнекті. «Шортан емес, бұл аң!» деп дауыстайды әкесі. Ұзындығы метрден асатын, салмағы он келі шортанды қармаққа ілдірген баланы әке сүйсіне мақтайды: «Сенің табысың!».

Осы жұмбақ сәт, Герольд Карловичке тән іріден қарпу, алып іске тәуекел қып, бел буу кейінірек әдебиет атты майданға ауған болар. Көз майын, алтын уақытын тәржіманың құз-шатқалды қия-қия асуына салғыштауға екінің бірі көніп, бара бермейді. Әсіресе, тілі тәтті, діні қатты кей адамдар басқаны рухани немесе материалды байытқанды еш қажет етпесі анық. Олар тек қара басын күйіттеуге әккі, біреуден алуға, борсықша қор жинауға мейлінше үйренген. Абай жирене жырлаған, «Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп» құларға Ғерағанның қанша мәрте есесі кетті екен?! Өз басым жақында сондай кепті нешінші рет бастан кештім. Ауыр жұмысын қоярда қоймай істетіп алып, ақысын төлемей, алдап кетеді. Іс бітті, құ кетті! Интеллектуальды құлдық таз кепеші басқа бірнеше мәрте түскен соң, айтпаса сөздің атасы өледі деп қасақана айтып отырмын. Өйткені, әдебиет, драматургия, аудармада әлгіндей құлдану бар. Бұған тек күшті заң, айыптыны сотқа тарту тыйым салуы тиіс. Қайран, есіл уақыт, ауызбен орақ орған жалған сөзге балаша сенетін аңғалдық, сені қайтейін!

Шөп шапса құмырысқа илеуі мен құс ұясын бұзып алмай, сақ қарайтын Карл Федорович көлге балық өсіретін жері керемет! Бір ірі шаруашылық аудан басшысы болуға туған тұлға! Бүгінгі нарық заңы мұны ерен іскерлік деп таныр еді-ау. Есіл өзені тасып, айнала су жайылады. Ұзамай томарлы ойпатта қалған уылдырықтан өскен, күн қыздырған шұңқыр сулар толы құжынаған ұсақ балық екенін балалар

көріп, шабақтарды алақандарымен, бас киім, тақиямен аулап мәз болды.

Фельдшер, қазақтар Першыл дейтін Карл Федорович ат жеккен арбаға кеспек пен екі ыдыс байлап, балалармен бірге аулап, шабақ тұқымын тасып әкеледі де, колхоз маңындағы көлге жібереді. Бірер жылда балықты көлге айналған соң ел оны мұның атымен атайды. Ақыры 1950-ші жыл басында балықты көл түбіне тың игеруші жұрт жетті, балығын динамитпен аулаған соң қайдан оңсын! Құрғап кеткен қазаншұңқыр, солған қайынды шоқ тоғай.

Бұл мезет те құпиялы адам өмірінің құнары қайтқан кезіне ұқсамай ма!

Жазушының әкесі құдық аршиды. Ауыл әйелдері шелек құлатып ала беретін тылсым құдық. Жұрт жын-шайтан бар дейтіні содан. Құдық суы лайланып, дәмі ащы, жағымсыз иісі білінгенде, Карл Федорович құдықты тазалау керек деп шешеді. Ол әуелі жеті қауғаны ілмекпен іліп шығарды. Құрал-саймандарын асынып, қараңғы құдықтүбіне арқанмен түсіп, екі жүз шелек жабысқақ лай топырақты салып тұрады, төрт бірдей жасөспірім балалар сыртқа шығарады. Бітелген су көзі ашылып, құдыққа жан кірді. Айнала қаумаласқан жұрт мәз: «Апырай, это наш Белгір или водяной?». Бұл құдықты да жұрт артынан Белгір құдығы деп атады.

Құдық аршу, бұл метафора. Бұлақ көрсең көзін аш. Өмірінде айнала шуақ шашып жүретін, адамдарға тек жақсылық әкелетін адамдар болады.

Герольд Бельгер асқар таудай әкесін қарапайым қалпында, ешбір әсіре бояусыз бейнелейді. Коммунист, атеист («Діннен бас тартқанда, пастер Граф шіркеуде жексенбілік дұғада көпшілікке бұл күпірлікті жария қылды, сол үшін анасы туған үйінен қуып жібергісі келген), емші, шаруақор, бейнетқор, белсенді, намысқор. Өзін фриц деп басынғысы келген бір зек бандит орысты қалай тәубесіне түсірді.

Әке образын баласы ностальгия, қимас сарын, сағыныш меңдеп жазды. «Бәрін сүйіспеншілікпен, жаны қалап, құлшына, мейірбан жүрекпен істейтін. Жаратылысынан жаңаға бейім еді. Игі қасиеттері үшін, жан жомарттығы үшін адамдар оны қастерледі, сүйді, оған тартылып тұратын. Оның қызығушылығын оятатын тек өмірлік анық, шын, сенімді ақиқат нәрселер болды».



Мұндай адамдар өмірде бар, бірақ сиректеу, ел сондықтан оларды әділдігі үшін әрдайым әпенді санауға бейім тұрады. Тұла бойы тұрған қалпы, бір түйір арамдығы жоқ, аузын ашса, жүрегі көрінеді, жаны таза дейді қазақ.

«Қарапайым, түсінікті және шындық нәрселерге сүйінетін. Симфониялық музыка, опера, балет, абстрактылы бейнелеу өнерін («шімай!») қабылдамады», тіл безеу, қымбат киім, байлыққа табынуға баспады». Балетті жақтыртпайтын демекші, телевизор «Аққу көлін» көрсеткенде, нағашы атам: «Қарағым-ау, құйрықтарын түріп алғаны несі?!» деп ерсі көріп, таң қалғанда ұзақ күлгенім есімде.

Сол кездің адамдары ұлтына қарамай жасандылық, артистік, жанын мәпелей күтуді, екіжүзділік пен айла жасауды білген жоқ. Ең қиын қара жұмыстарға өз еркімен жегілді, маңдай терімен тапқан ырзықпен қоректенді, ұрпағын адал өсірді. Рухани құндылықтан айнымады.

Немерелерін сүйетін балажан ата, отбасында мейірім кеніндей кең болған адамның жарқын бейнесі – бұл «Менің әкем туралы әңгімелер» атты повестің алтын кілті. Тағдыр айдап қазақ жеріне қоныс тепкен Карл Бельгер образы ер азаматтың эталоны десе артық емес.

Тіршілігінде еңбек пен адалдықты пір тұтатын жандар азайған сайын ақырзаман зауалы төне түседі екен. Діни сенімде ақырзаман жер бетінде ең ақырғы адал адам өлген соң болады. Оның қисынмен ақталуы зұлымдыққа лайық жаза идеясымен тең. Бағзыда топан су неліктен жер бетін қаптады? Мифтік деректе құрбандыққа адамдар жиі шалынатын болған соң құдайдың қаһары түскен, тажалдыққа ұрынған жер үстін сөйтіп тазалаған делінген. Құрбан айт сол сұрапыл кесірді аластау символы, ортодокс діндердің гуманистік сипатына белгі.

7.10.-14.10. 2014.

ОТАМАЛЫ

Эссе

1. Сыбағалы баға.

Әдебиетке Илияс, Сәкен, Бейімбетпен қатар келіп, 1937 жылдың жалмауыз аранынан аман қалса да, зауалынан екі мәрте сотталып, азап лагері мен соғыста айып батальонында болған; қазақтың эпикалық жыр дәстүрін берік жалғаған Шәкір Әбенұлының хадистік қос әңгімесінде жазушылық өнердің киесі туралы шындық ой айтылады. «Сыбағалы бағасын біреу бере жатар», – дейді ақын. Автор атаулы елену, оқылу, әдеби кеңістікке милықтамай, ұшқан құстай қалықтай өтуге мүдделі. Әдебиеттегі атақ-даңқ – оның жазба мұрасының жоғалмауы үшін қажет алғы шарт. Шың басына жорғалап жылан да шығады деген тәмсіл жалған. Жылан стихиясы бөлек.

«Тілегім де болмас еді басқа онша, / Тек бір адам мені шындап жоқтаса...» – деп келер ұрпаққа арзу айтты жұмбақ аралдай ашылуын күтіп жатқан ерек ақын Жүмекен Нәжімеденов.

Біз жәйлі не айтар екен кейінгілер,
Әлде бір зерттер ме екен зейінділер,
Табылған құм астынан құмырадай?

Есенқұл Жақыпбек. Қас жақсысын бақиға қиса да,
ажалмен қоса жазуын жоғалтпау ірі халықтардың еншісіне көбірек тиеді.

Өмірден өткен жазушылар үшін риясыз іздеуші болуы өшкені жанған шырақ, басқа қайта қонған бақпен тең. Егер ол мықты талант болса, қайдан шықпасын, іздеушісін құдай құлай береді. Сондықтан сөзі құмға сіңген судай құру нағыз жазушыларға қауіп төндірмейді.

Әлем әдебиетінде өлгеннен соң аты көп уақыт ұмытылып, кезеңі келгенде қайта ашылған, со замат асыл қазынадай жарқырап, суреткерлігімен баураған небір классик жазушылар бар. Герман Мелвилл, Амброз Бирс, Эдгар Аллан По, Говард Филиппс Лавкрафт есімдері қайта табылған асыл мұраны еншілейді. Бұлар неге біраз мерзім ұмытылды? – деген сауал туындайды. Өйткені шынайы



көркем әдебиетті сүйетіндер қашанда азшылық, жалпақ жұрттың суреткерлікті айқын бағалауға талғам-өресі жетпейді. Былайғы сандалма ел жезді алтын санап адасады, ортаңқол жазушылардың қарадүрсін желдірме дүниелерін місе тұтып жүре беруге бар. Белинский жар салмағанда, Гогольды дер кезінде мешел орыс қоғамы тани алған жоқ. Көркем сын құдіреті, Құлагерді жазбай білген Күреңбайдай қас асылды, ерді кебенек ішінен бұлжытпай таниды.

Француздың ұлы ақыны Шарль Бодлер ана тіліне аударып, есімі шарықтап Европаға жеткен соң туған елі Америкада Эдгар Поның жұлдызы жанды. Екінші қайтара ашылу жаңа контекстте оқылумен тең. Зейін күшейеді. Сөйтіп расымен ұмыт калудың құпиясы қоса ашылады, үстірт сын дер шағында шалағайлықпен дұрыс ұқпайды екен. Енді жазушының бағы аспандап өсе береді.

Қазақ әдебиетінде сондай мәуелі бақ Тобық Жармағамбетовке (1934-1974) бек лайық. Тобықтың заманы енді туды. 39 жаста өмірден озған жазушыға ықылас соңғы 40 жылда бәсең тартқандай болды. Бірақ өлі арыстаннан тірі тышқанды артық санау пиғылы әдебиетке өлсе жүрмейді. Ол туралы Зейнолла Серікқалиев сияқты мықты сыншылар кезінде айтты. Сағат Әшімбаев: «Біздің әдебиетімізде елеусіз-ескерусіз жатқан, ләм-мим сөз болмаған роман, повесть, әңгіме, поэма, өлеңдер қаншама?! Күні кеше арамыздан кеткен талантты жазушылар Ақан Нұрманов пен Тобық Жармағамбетовтың қалдырған мұнтаздай таза мұрасы туралы жазылған көлемді, көрнекті мақаланы кім оқыды екен?», – деп жазды. («Әдебиет мүддесіне адалдық» атты мақаласынан).

2.Метафоралық проза.

Абай «Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды, / Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, /.. Дем алысы – үскірік, аяз бен қар» деп кейіптеп, көрі құда, беймаза шалға теңейтін жыл мезгілі – қыс. Тобық Жармағамбетов ежелгі халық қиялы эпикалық құлашпен қисындап, жаратылыс нышанын кісі бейнелі етіп, метафоралық тілмен жұмбақтай кескіндеген табиғи құбылысты нысан етіп дәл таңдады. «Отамалының» кереметі, жыл мезгілінің құбылмалы кезеңін, табиғат тосын құбылған, қыс пен көктем таласқан алмағайып мезетті

тұлғаландыра, нандыра суреттеуінде. Жыл он екі айда тайғақ кешу, бесқонақсыз болмайды. Жазушы қар аралас жанбыр, көктемнің басқы салқын ауа райының ең жайсыз жаламыр мезгілін образ арқылы суреттеуі – космогониялық портрет, оның прозалық теңдесі жоқ көркем үлгісі.

Тобықтың «Отамалы» атты әңгімесінде адамзат аңсай беретін мейірім кені жатыр. Қазақ халқының рухани болмысын еректеп тұратын жан иесіне мейірбандық, рақым, жанашырлық, биік адамшылық гуманизм – поэтикалық-мифтік әңгіменің алтын өзегі. Ақ өлеңдей әр сөйлемі көркем, екшеп алуға татиды. Әуелгі кілтті сөз – мұз бен аңыз. Тобық Жармағамбетов дүниені құрсаған мұзды жібітер мейірімді жырлады. Оның сүйікті қаһарманы құбыжық дәу емес, кебенекті ер. «Ертеде қазақ даласын борандар мен аңыздар, жұт пен қасқырлар, сосын... аздаған қазақтар жайлайтын. Әр төбенің баурайында тілін жалаңдатып, жұт жортатын». Отамалы – қойшы. Жазушы жалшының қара мұрт Жапан байдың үйіне келген сәтін бейнелегенде шық бермес Шығайбай еске түседі. Тобық аға әңгіме тініне фольклорлық негізді дәл енгізгені ғажап. Ол ноғайлы жырауларының тұяғы, психологиялық параллель арқылы жер-көкті орап суреттейді: «Намаздыгерде Отамалы етігін жамайды, байеке намазын оқиды, қарға ұясына кіреді». Отамалы өзін мен демей, үшінші жақтан атап «Отамалы» деп жас балаша сөйлеуі тектік нышан, әңгіменің аңыз жанрында екенін экспрессивтік күшейте түседі. Кішкене кезінде бір қызым екіншісінен ойыншығын тартып алғанда, бұл менікі демей, «Мақандықы!» дейтін нығыздап, «Балкентікі», мына менікі дегені. Д.Ф.Купердің прозасында ақ нәсілділер қызылтерілі атаған үндістер өздерін үшінші жақтан сөйлейтін. Бұл мінез әуелі балаға тән, сосын жабайы түз адамына лайық аборигендік таза сананы айғақтайды. «Еділден аққан сызашық, / Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді», – деп Шалғез жырау жырлаған бұрынғы есте жоқ ескі мифтік уақытты еске салады.

Бай есімі Жапан аталуы, жапан дала, жазы, айдала дегенді білдіреді. Сәкен Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» атты романының атауы қазақ кешкен патриархалдық тұрмысының моделі. Қойшы атсыз болуы мифтік деталь. Соңында ала төбеті бар. Шұбат ішкен түйелі Жапан бай жалшысына



мінер бір ат тауып берері даусыз. Ол адам тәрізді берілген иен дала, елсіз кеңістік. «Темірқазық, Жетіқарақшылар көріне бастаған. Олар бір жанып, бір сөніп, селк-селк етті», «Ай, Жетіқарақшының теңселуін-ай!». Жазушы әр детальды мұқият таңдайды. Жеті қат көктегі жұлдыздар жердегі өсімдіктей тоңып тұрғаны Отамалының басына үйірілер, өлімге итерер дүлей зұлматты астарлайды. «Өмірден бар көргені осы ошақ, иттері, байдың үйі. Бірақ ол кең даланың етене баласы еді», «...жер танығыш еді».

«Жұлдыздарға да қиын-ау, жап-жалаңаш, – деп ойлады Отамалы бір мезет». Асан Қайғы, абыз толғау. Отамалы ауылдан ұзап кеткендегі төбелерді жазушы «қара жаулық жамылып» деп суреттейді. Трагедиялық таңбаны оқушы жүрегі сезе бастауы үшін. Отамалының құла түзде мың қоймен жалғыз өзі ығып, сұрапыл суыққа ұрынуын Тобық аға мифологиялық үлгіде берген. «...бір мыжырайған төбенің бауырынан ызғырық жел кенеттен қойлар мен Отамалыға тап берді».

Орыс халқының ірі этнограф-ғалымы А.Н.Афанасьев (1826-1871) «Поэтические воззрения славян на природу» атты құнды кітабында ежелгі еуразиялық тайпалардың мифологиялық дүниетанымын зерттеді. Көне қауым табиғат жаны бар, тірі деп түсінген. Бағзы пұтқа табынушылық табиғаттың мылқау күшіне бас иген, әр құбылысты қастер тұтып, жеке дара құдай деп таныған. Жер, су, от, жел, тегіс жанды, тұлғаланған, бәріне тәңірідей табынған. Дінге сенушілікке дейінгі адамзатқа тән тұңғыш риясыз көркем дін осы. Бұл расында халық тудырған символдық поэзия болатын.

«Көкек айында қар ұзақ жатпайды», жазушы жер жадын білетіні, алай-түлей стихия билеген кең даласын сүйетіні шүпілдеп тұнып тұр. Жан-жануар, тірі жәндікке мейір-шапағаты адамға теңелген жазушы нағыз ізгілік иесі. Тобық Жармағамбетов қаламының құдіреті сол, жан-дүниесіндегі қазақы ұлы мейірімін боранда ыққан панасыз малға арнайды. Ол малдың үскірікке ұрынуын трагедиялық биікке көтерген. Қой екеш қойды адамдай, жаңа туған қозысын нәрестедей көріп, аяп, үсік ұрған сайын жаны қалмай елжіреп, құсадан егілетін кім? Отамалы. Отамалыны тірілткен Тобық емес пе! Егіліп шер жұтқан Тобықтың өзі. «Қойлардың жалынышты маңырағаны ертіп келе жатыр

оны», «Ызғырық желдің өтінде екеуі шоңқиып қала берді». Қойшы көкірегі зар жылайды. «Отамалы бүкіл денесімен селкілдеп, дірілдеп кетті. Ерні кемсең-кемсең етіп, түсі бұзылып қоя берді. Қойлардың жаппай қоздайтын уақыты жеткен екен ғой. Қазір дүниеге келген жас қозыларымен бірге қатып жатыр!». Бейнетқор, адал қойшы қара басын емес, қорғансыз, кенет долданған қу далада пана таппай қырылуға айналған қайран малды ойлап жаны түршігеді, сол үшін түңіле азап шегеді. Өзиз жаны кейіп, малды жайылымға зорлықпен жіберген ашкөз байды қарғайды.

Көкек айда көктеуге көмекке кеп,
Көптеу жауған жаңбырға ел өкпелеп,
Бетегеге көк қасқа қозы жайып,
Көпшілік боп көп төлге өбектеп ек,
Қажытса да жүгіріс қара сан ғып,
Мейірім көрсек мал-жанға жарасарлық,
Қуанамыз елжіреп:

Мекіреніп,

Шаранасын жаласа мама саулық.

Сонша үзілген, не деген өзек еді?!

...Мама саулық даусынан – маңыраудан:

«Құлдығым-ай!» – деген сөз естіледі.

Жұматай Жақыпбаев. «Көктеудегі көріністер»,
патетикалық баллада.

Ермек Тұрсыновтың көрерменді бастан-аяқ ширықтырып ұстап отыратын «Шал» атты фильміндегі қасқыр қамаған қойлардың лажсыз қозылай бастауы, шалдың мейірімі Тобық Жармағамбетовтың «Отамалысын» еске түсірді. Фильм идеясы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты культтік повесінен алынуы стихиямен жападан-жалғыз алысқан тағдырды, «Адам жеңеді!» идеясын анықтайды.

«Алғашқы қозыны көргенде Отамалы өзін ұмытып кетті. Бишара саулық қозысының денесін жалағыштап жатыр екен. Бірақ оның да әлі жоқ. Отамалы қозыны көтеріп алды да, икемсіз қолдарымен шекпеніне енгізді». Қозы әлі тайған, жансызданған қойшы қолынан сусып түсіп, көбік қарға тұншығып өлді, терең қардан аршып, арашалай алмай қалды. Ол қой жаппай қозылай бастағанда сұмдық қатты қиналады. Отамалы, халық «бесқонақ» атайтын мезгіл көктемгі мал төлдейтін уақытқа дәл келеді. Мұндай зарды ешкімнің



басына бермесін. Өлген мұз қозысын жалаған саулық. «Отамалының жүрегі қарс айрылды». Есі шыққан қойшы боран, жел, табиғат құбылысына айбат шегеді, Тәңіріге нала айтады. «—О тәңірі! Не істегенің? Не қылғаның? Көкек айы, сенің айдарың жұлынсын!» деген Отамалының күйініші көркем кейіптеу. Айнала жас өлім. Оның бешпентін шешіп, лақтыра салуы өлімге мойынсұнғаны. Басындағы тымағын жел ұшырды. Есі кетіп, етіксіз, шұлғауы шешіліп, тәні бір қар, бір мұз болып қайғылана асып барады.

«Аспан іріп кеткен», «...құстар ұшуын, кесіртке жорғалауын, өзен ағуын қояды». Автордың шеберлігі қиямет қайымды еске түсіреді, тозақты бейнелеуде алдына жан салмайтын католик классик ақындар болатын.

Табиғат құбылуын суреттегенде жазушы «...су өгіздің ыңыранғанындай дыбыстарға толып кетеді», «Суық жел мыңдаған жыландарға айналып барады» деп мифологиялық қанық бояумен беруі құнарлы.

Дүкенбай Досжанның аптап құмда қой баққан, құлдан бетер қиналған «Аборигені». Жұмабай Шаштайұлының «Қызыл қар» атты повесінде қой бағудың аласапыран қиыншылығы, қойшының бейнетқор тірлігі. Қазақ рухын қорғап, ұлт мұңын ашына жазған.

Қойшының жан тәсілім етер сәті, ол отамалының таусылар тұсы, құдай айдап әкелгендей құлпытасқа тап келуі. Өлерінде ол өзінің ұшып келе жатқан қазаны мен ошағын көреді. Астындағы жанған отымен бірге. Отамалы аруаққа айналды. Дүниеғайып. Қыс жеңілді, жазғытұрым келді. Отамалы өтті. Ол Снегурочка сияқты жылылықтан еріп кетті. Мифтанушы Александр Николаевич Афанасьев ақындар, абыздар, балгерлер табиғаттың сан алуан құбылысын түсіндірушілер болып табылады деп таниды.

Жазушының мейір тұнған жүрегі аңызды былай аяқтайды: «Күн қайта шығып, қарларды әп-сәтте ертіп жіберген. Қойлар баурайда өскен қызғалдақтарға қозыларын жайып, кең даланың төсінде мәңгі бақи қалып қойыпты. Оларды қасқырдан ит қорғапты».

Қиялдың құсы егіліп,
Іштегі дертті айдасын.

Бернияз Күлеевтің «Жырла да зарла, көңілім» атты өлеңінен қос жол мынау танымдық аңыз әңгіменің түп сарынын ашуға септігі тиер.

Қазіргі қазақ санасында Тобық Жармағамбетов әңгімесінің

алтын шуағындай төгілген шынайы мейірім азайып, сарқылып барады. Бабалар орнында бар оңалар десе, ізгілікке сенімі. Отан мейірден өседі. Түркмен ақалтекесін қызғыштай қориды. Қазақ тілімен жылқыны сүйеміз дейді, бірақ кейбіреулер әсіре пайда қуып, бұл жануардың тұқымын мөлшерден артық сойып сатқыш қасапшыға айналды. Малды құдай адам несібесі үшін жаратты, сөйткенмен шектен тыс пышаққа қия беру обал. Мұның бәрі аураға, елдікке теріс әсер етері айдан анық.

Әбубәкір Қайранның «Түйелер трагедиясы» атты ыза жыры бар. Малдың киесінен қоғамына бағынышты кейінгі мәңгүрт қазақтың қорықпайтын болғаны; өз көрін өзі қазған нақұрыстай, обырдай араны ашылған ет комбинатына өткізу үшін ауылдағы түйе жануарды обал жасап, техникамен соғып өлтіргені туралы.

Қамаудағы текті түлік, киелі,

Мойындарын көкке қарап иеді.

Құлап жатыр бірінен соң біреуі,

Елестетсем, ішім от боп күйеді!

...Бұғауланған түйелерді сонан соң,

Дырылдатып «ДТ»-менен сүйретті.

Бар еді ағам түйе баққан жасынан

«Тоқтат, кәне, сұмдықты!», – деп сол ағам,

Мылтық атты директордың басынан.

Әбубәкір ақын өмір бойы түйе баққан әкесі қайтыс болған соң 3000 бас түйе түлігінің құрып кеткенімен өлеңін аяқтайды. Төрт түлік мал басы елде күрт азайып кеткені осы тектес кесірлік зардабы. Құнарлы шұбаттан айрылу, ұлттық құндылықтарды ата түлік малмен қоса жоғалту.

3. «Отамалы» ұғымы.

Отамалы. Көктемнің бас кезіндегі ауа райының ең жайсыз мерзімі. «Біздің қазақ Айды да білмейді, жұлдызды да білмейді, жылды тоқсан болғанда: «Жер мұз» – дейді. Отамалы, сәуірде қой қоздайды. Қыс болып, суық болса, ақпан мен қаңтар дейді». (Мәшһүр Жүсіп, 4 том, 5 бет). И.В.Гетенің «Айнымас Эккарт» (1813) атты балладасы скандинав фольклорынан қарызға алынған сюжет. Эккарт эпос кейіпкері, адамдарға боран басталарын алдын ала ескертетін мейірбан шал. Ол «Борандағы жиһанкез жыры» атты ода (1771) жазған. Гетеді



боранда қаза тапқан Леандр есімді ғашық жарға арнаған өлең бар, сүйгені Геро суға кетіп өледі.

«Совсем не вернется, скрылась, / Быть может, в чужие края.../ Идите, овечки, идите,/ Томится душа моя».
(«Бақташының шағым жыры»).

Орыс тіршілігінде отамалыға ұқсас ұғым – «Падера», ол құйындай соққан, қарлы, жаңбыр араласқан боран. «Падера – буря с вихрем, дождем, снегом». (Словарь областных и устаревших слов по А.П.Чапыгину).

Игорь Золотусский «Гоголь» атты мақаласында Николай Васильевич Гогольдың нағашы атасы Иван Матвеевич Косяровский туралы былай деп жазады: «Бірде бұрқасын боранда ол бір күн, бір түн иесіз ашық далада аязда қалып қояды. Оны тауып алғанда есін білмейді, ал көзінде мұз болады. Оның бір көзі, Мария Ивановна жазғанындай, «өлді»». Қызы әкесінің көзін суық сорып семді, соқыр қылды дегені ғой.

Лев Николаевич Гумилев есте жоқ ескі заманғы ұлы даланы суреттейді. Бағзыда аң-құсы өріп жүрген кең далаға еріген мұздықтан өзендер сарқырай ақты, қазан шұңқырларда көлдер пайда болды, циклондар шығысқа лап қойды, жаңбыр мен қар төпеп тастаған соң жазықта ормандар өсіп шықты дейді. Демек, отамалы құбылысы ұлы даланың негізі жаратылысында болған ғой.

«Жылдың бас айы – отамалы болып саналған. Мерзімі жағынан қазіргі май айына сәйкес келеді. Бұл атаудың төркіні түркі тілдердің барлығында дерлік кездесетін «от», яғни шөп деген мағынаны білдіреді. Әдетте, отамалы айында көк қаулай шығып, әжептәуір көтеріліп қалады. Ай есебінің рет тәртібін саралайтын деректердің бірін Шоқан Уәлихановтан кездестіреміз: 1.Отамалы (март), 2. саратан (апрель), көкек (май)...».

Жер жұтуға тоймайды; От отынға тоймайды; Құлақ естуге тоймайды; Кісі ойға тоймайды; Бөрі қойға тоймайды.

«Сәуір санды қыс, отамалы ойылған қыс (отамал да сәуірде болады), үркерлі айдың бәрі қыс. Саратан-зауза сенен де қорқам» дейді екен бұрынғылар. Шалдар айтады екен, заузада, желіде байлаулы құлын қырылған, енесі ығып кеткен, шай қайнатым уақыт жаңбырлы, желді бұршақ қар жауып, күн ысытып осындай оқиға болған деп. Сол сәтте түс қайта күн қайта жылынып, өлген малдың терісін алуға

үлгермей шіріп, иістеніп кеткен деп... зауза, саратан деген осы айда ұшатын кішілеу сары қоңыздың аты». (Үркімбай Қыдыралин, «Батыс Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрып аймақтық ерекшеліктері»).

Сагирик-жазушы Табыл Құлыяс: «Отамалы негізінен батыс өңірінде болады. Үш-төрт облысына тән құбылыс. Отамалы өтпей малшылар сақтығын жоғалтпайды. Бұл қыс пен көктемнің алмасу кезеңі».

Ота. Қырып-жою, жоқ қылу, құрту. Оталумен түбірі бір.

Отамалы туралы ғылыми болжам Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғайдың тілдік таным кітабында айқын берілген. «Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында халықтық этимологияға түсінік: «Жазға салымның ең жайсыз кезін әнеукүні әжесі «отамалы» деп атап еді.

–Осы «отамалы» немене? Не деген сөз өзі? – Абай соны сұрады. – Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда. Отамалы деп атанғаны бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. Сол бақыр күн қайырады екен-ау! Көкектің суығы басталған уақытта, әлгі, қойды жайылысқа шығарайық, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айылыасың десе, байы бір діні қатты кәпір екен. Сен тоғышарлық қылып алдап отырсың деп, Отамалыны сабап-сабап қойды жайылысқа шығартады. Сол күні, құдай көрсетпесін, бір қатты боран басталып, тақ үш күн, үш түн соғып, бар қой ығып кетіп қырылыпты да, қойдан қалмаймын деп, Отамалы бақыр да үсіп өліпті. Көкектің суығы – «отамалы» атанғаны содан дейді. Әжең бақыр соны біледі ғой, – Қарабас».

Академик І.Кеңесбаев құрастырған сөздіктегі қосымшаларда белгілі ғалым Құлмат Өмірәлиев былай деп жазады: «Қазақша ай аттары Қазақстанның әр жерінде әртүрлі аталады. Егер Шоқан Уәлиханов жазып алған деректе Наурызым – февраль, Отамалы – март, Шаршатамыз – июль айы болып келсе, бір жерлерде (Қазақстанның шығысында, оңтүстігі мен батысында) айдың Қыркүйек аты аталмай, оның орнына Мизам (Мизан) ай аты (зодиак жұлдызы аты) айтылады. Хут (не Үт) айын Қазақстанда шығысында Бірдің айы, ал Хамал айын Көкек деп атайды».

Араб тіліндегі (Хұт) – Балық, ал «Хамал» – Тоқты зодиак



шокжұлдыздарының атаулары біздің ана тілімізде ақпан және наурыз айларының аты ретінде де қолданылған екен. Біздіңше, «отамалы» атауының пайда болуына дәп осы екі атау себепкер болған секілді. Ерте кезеңдерде «хұт»(ақпан) және «хамал»(наурыз) ай аттарының қосарлана қатар аталуы себепті әуелгі кезде «хұт+хамал» аталып, кейінірек «үт+амал» дыбыстық құрамында жүріп, тілімізде «отамалы» сөзі қалыптасқан деп жорамалдауға болады. Осы екі атауынан пайда болған «отамалы» бастапқыда қыс пен көктем арасында өлара кезенді бейнелеген де болуы мүмкін. Соңыра ол жылдың осы мерзіміне сай келетін амал атауына айналған деп түсінудің орайы бар». (Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай. «Тіл ұшындағы тарих»).

Небесный свод, горящий славой звездной,

Таинственно глядит из глубины, –

И мы плывем, пылающей бездной

Со всех сторон окружены.

Федор Тютчев – орыстың ең тұңғық философ ақыны, екі дүние лебін сезінетіндей, табиғаттың иррационалды соқыр стихиялық құдіретін түйсікпен біліп, жаны тітіркенердей жырлаған. Болмыс хаос екенін, меңіреу, мылқау, адамды буырқанған дауылды теңіздегі жаңқа құрлы көрмей, шыбын жанын шырқыратып жаншып жіберетін дүлейлігін дәл Тютчевтей сұмдық сезінген ақын сирек. Тобық Жармағамбетов жазмышқа бағынбай, соңғы демі қалғанша алысқан адам образын асқан мейіріммен, жанашырлықпен тебірене суреттеуі тютчевтік сарындағы күніренуге ұқсас. Стихиялық орасан зор күшті Мағжан «Қара түн, оның зорлығы» нышанда жырға қосты.

Тобық Жармағамбетов аңыз-әңгімесінде қой-ешкіні қазақ халқының төл түлігі, мал баққан халықтың өмір салты ретінде тандап алды.

Қой – от, күн қуатын, ерлік, қырсықтықты тұспалдайтын маңызды символдың бірі. Қой басты Амон құдайдың құрметіне Иорданияның астанасы Амман аталған; қошқар мүйізі құдайлық белгі саналған. Көбінесе қой құрбанға шалатын мал ретінде жиі пайдаланылған.

Құрбан айтта қошқар шалады. Құрбандыққа адамдар шалынған сұрапыл замандардың құруын, дін оған ресми тыйым салуын тұспалдайды. Қойдың момындығын нышан

ретінде діндерде тұспалдады. Алтын жабағы – гректе иен дәулеттің белгісі.

«ҚОШҚАР. 1. Орта жүз арғын тайпасының құрамында қошқар руы бар. 2. Орта жүздегі қыпшақ тайпасы құрамында қошқар руы бар. 3. Мажарстандағы қыпшақтардың құрамында қошқар (кочкар) руы бар». (Ақселеу Сейдімбек. «Қазақтың ауызша тарихы»). Қазақ шежіресінде еркек қой қошқар мен ешкі баласы теке тайпалық атауға ие екені білінді. Оның дәстүрлік, ғұрыптық астары болмаса атамас еді.

Қой баласына сүйіспеншілік Табыл Құлыястың «Жиёмбет» атты кітабында бар: «Қой аз туады. Өзі қоңыр, өзі момын келеді. Тез көбейеді. Бірін-бірі жатырқамайды. Бірінің қозысын бірі емізіп ала береді. Өскесін екі төбенің аржағына шығып кетсе де маңырасып, бірін-бірі жоқтап жатады. Отар, отар қаптап келе жатса да бірінің ырыздығын ит сықылды аузынан жұлып жеп, әлімжеттік етпейді. Алдындағы бұйырғанына қанағат етеді. Тойғанын біледі. Семіздігін де көтереді. Қазақта «Семіздікті қой ғана көтереді» деген мақал содан қалған. Әттең, бір қой пышаққа іліксе екіншісі де өлгісі кеп тұрады. Бір тамырдан тараған шөпті бөліп жейді. Қызғанышы жоқ. Аштыққа душар болса бәрі бірдей азапты тартады. Маңырағаны да бір сарындылықты танытады».

2.02.2014. /4.02. /15-16. 03.2014.

«АРТЫҚ ҒЫЛЫМ КІТАПТА» АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫНЫҢ «АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС» АТТЫ ЕҢБЕГІ ХАҚЫНДА

Абайтану ғылымы – қазірде қазақ әдебиетінің жетекші саласы. Оның қалыптасу кезеңі оналып, қаз тұрып кетпегені әдебиеттану тарихынан белгілі. Идеологиялық қатаң-қыспақ тапшыл дәуірде Абай мұрасының түбін қазғанда әсте тіктеп айтуға болмайтын күрделі тұстары ұлы ақын шығармашылығын зерттеушілердің жанын қинап, тығырыққа тіреп келгені бүгінде әншейін айта салуға жеңіл көрінетіні рас.

Мекемтас Мырзахметұлы абайтану тарихының асқан



білгірі, ұлы ақын шығармашылығына арналған оннан астам кітаптың авторы.

«Абай және шығыс» атты көлемді монография ғалымның өзі сүйіп таңдаған саласы бойынша, Абай дүниетанымының рухани түп негіздерін оң көрсетуде ең бір озық, қазыналы һәм таңдаулы, дербес дүниесі.

Кітаптың кіріспесінде заманның түркі халықтарына ызғары, отаршылдық билеп-төстеудің қол астындағы кез келген тәуелді халықтың тарихи жадына өштігі туралы сөз болады. Сөз басы қазақ прозасының классигі, академик жазушы Мұхтар Әуезовтың есімімен басталады.

Абайтанудың ұлы көшбасшысы Мухтар Әуезовтың 1934 жылы «Абай ақындығының айналасы» атты ғылыми-теориялық мақаласы артынша өзіне бәле болып жабысып, ондағы пікірлері айыпталып, қатты сынға ұшырағанын, соған қарамастан ұлы ақынның шығыстық дүниетанымын ең алғаш дәріптеген һәм нақты көрсетіп берген дүние болуымен ерекшеленгенін Мекемтас Мырзахметұлы оқырманның есіне салады. Ол уақыттарда атеизм гүлденіп, дін-апиын деген идеологиялық көрсоқырлық зорайып тұрғанда исламиятты қайтып түзу қабылдай алсын.

Сонымен қатар ғалым абайтанудың тез ілгерілеп дамуына басты кедергінің бірі ретінде қазақ жазуының аз жылдар ішінде үш рет алмасып, құбылып кетуін атайды. Ғалымның айтуынша, әлі күнге шейін абайтанудың ең қиын мәселесі – зерттеуші қауымның араб, парсы, шағатай, түркі тектес халықтарының тілін білмеу мұқтажы. Абайтанушы ғалымдардың негізінен қазақ және орыс тілдерімен шектеліп қалуы – туғанына 160 жыл толған ұлы классик ақынның өсіп-өнген ортасы, оның оқу-ілімінің қайнар кездерін мұқият ашып көруде зор кедергі келтіріп отырғаны жалған емес. Абай руханиятына шығыс тілдерін, орта ғасырлардағы араб, парсы классикалық әдебиеті мен діни философиясын мейлінше меңгермей тұрып ену мүмкін еместігін ғалым қадап айтады. Тегінде Абай қазынасына енудің алтын кілті -мұсылмандық рухани әлемнің ұшан-теңіз қазыналары, ежелгі шығыс, түркі ойшылдары ғана емес, Аристотельден басталатын грек-рим дәуірінің философиялық еңбектерін білу артықшылығын қалайды, яғни, зерттеушісінен күллі ғұмырын сарп етуді артық көрмейді. Ендеше, ең әуелі

Мекемтас Мырзахметұлы күллі саналы ғұмырын Абай танымын меңгеру жолына арнаған салиқалы ғалымдығымен баурайды.

Ол ұлы ақынды тек орысшыл, ағартушылық-демократтағы бағыттың өкілі деп сыңаржақты тануды үзілді-кесілді жоққа шығарады. Орыстың классикалық поэзиясы Абай сүйген біртұтас, космостық өлең патшалығының бір пұшпағы ғана екенін дәлелдеп береді. Сөйтіп, абайтану асулары қазақ әдебиетіне ұлы міндеттер жүктейтінін ғалым басты назарында ұстайды.

Жазудың, алфавиттың өзгеруі – қоғамдық үстем мүдделердің ішкі есебінен туындайды. Осы орайда, әлем әдебиетіндегі ең ұлы романдар негізінен сатиралық романдар екені еріксіз көкейге ұялайды. Адамзат тарихы – әуелден әділдік пен әділетсіздіктің текетіресі. *«Адастай тура іздеген хақимдер болмаса дүние ойран болар еді»* – дейді Абай 38-ші сөзінде.

XXғ. орта кезеңінде мүлдем күшейіп үлгерген евроцентристік көзқарас Абай мұрасын зерттеуде елеулі қиыншылық туғызбай қоймағаны анық. Түркі тектес халықтар Қазан төңкерісінен кейін сауаты ашылды, жабайы көшпеліліктің өз мәдениеті болмады сынды теріс көзқарасқа ұлт зиялыларының наразылығы, әрине, іштей пісіп жетілген еді.

Абайдың асыл қазынасына бас қоймас бұрын оның ақындық кітапханасының сырын ашуды XXғ. басында ұлт жақсылары білді. Мекемтас Мырзахметұлы бұл туралы деректердің Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында әбден қанық берілгенін айтады. Яғни, көркем проза арқылы ғылыми мәліметтерді түгендеп алуға әбден болады екен. *«Абай ақындық өнер жолына шындап құлай берілгенге дейін оның рухани нәр алып, сусындар бұлақтары, негізінен, өзі туған халқы мен шығыс әлемінде жатқаны байқалады».* (12-бет)

Бұл қазақ үшін орыс тілі арқылы еуропалық терезе ашылғанға дейін, ал орыстың өзі неміс моделі арқылы еуропалық руханиятты, философияны қабылдағаны белгілі жайт.

Абайды зерттеушілердің баршасы да ұлы ақынның шәкірттік кезеңнен толысу, хақимдікке өрлеуі, әлемдік



биік руханиятқа сапар шегуі медреседен басталып, шығыс классиктеріне жол ашылғанына терең мән береді.

Кітаптың алғашқы тарауындағы кітапхана ұғымы поэзия элементімен қатар барлық философиялар қоспасы – суфизмнің тереңіне тартады.

Кітап – ұлы мағынаға ие, ол өркениеттің өзі мен көзі. *«Книга времени тысячелестая»*, (В.Маяковский). Кітап албастыда да болады, мейлі ол магиялық болсын. Магия, сиқыр ең алғашқы жабайы, көпқұдайлылық пұтшыл дәуірдің адамзаттық діні. Кітап – өте күрделі образ, оның құдіреті шексіз.

Абай шығыстың жарық жұлдыздарына табынып, бозбалалық жүрегінің пір таңдауын паш еткенде негізінен парсылардан таңдап алған, сүйікті шайырларының арасында араб, үндіден ешкім жоқ.

Ұлы данышпандық кітапсыз тұл. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы аты аталған кітаптардың тізімі Абай мұрасын зерттеуші қауым үшін негізгі нысан болмағын Мекемтас аға ескертеді. Бір кітаптың ішінде жүздеген, мыңдаған таңдаулы кітаптардың рухы жүруі ежелден мәлім. Осыдан 500 жыл бұрын жазылған өлмес туынды Франсуа Рабленің атышулы романының талай парақтарын грек-рим классикалық әдебиеті мен философия, тарих, астрономия, дін, медицина ілімі бойынша нағыз оқулық десе артығы жоқ. Пантагрюэль образындағы сюрреалистік білімділік-универсалды білім идеясының көрінісі. Бұл нені білдірмек? Франсуа Рабле алыптық функциясын айналып өтуге еш хақы болмаған. Адамзат этикасының энциклопедиясы ұлы ойшылдардың баршасында қайталанып келіп, жаңғырып отыруы құдайтағаланың өзіндік бұйрығы деуге болар.

Кітапхана адамзатты қараңғы дүниенің қапасынан жарыққа, нұрлы әлемге алып шыққан рухани күштің символына айналды. Дүние жүзін мекендеген ұлттардың тағдырына осы бір кітапханалардың қасиеті мен әсері өз билігін жүргізбей қоймаған. Әсіресе, көктен түскен төрт кітапқа кенелген халықтардың ризығы ерекше екенін қазір толық ұғынсақ керек.

Христиан дәуірінен көп бұрын 700 мың анағұрлым бағалы кітаптар -пергамент, папириус, балауыз, терракоттық таблицалар түрінде, тастар мен ағаштарда жазылған

кітаптар ежелгі дүниенің барлық бөлігінен жиналып алынып, Александрияның арнайы даярланған ғимаратында орналасқанын Мэнли П. Холл өзінің әйгілі энциклопедиялық еңбегінде, “Александрияның жоғалған кітапханалары” атты тарауында жазады. Осынау асқан білімнің сиқырлы кітап қоймасын үш мәрте өрт жалмап қойды. Ал кітапхананың өрттен аман қалған бөлігі билікке таласқан әміршілердің қаһарлы бұйрығымен құртылды. Бірақ, бірнеше жүздеген құлдардың көмегімен құнды кітаптар құтқарылған. Білетіндер (Е. Блаватская) құнды қолжазбалар Мысырда немесе Үндістанда тығулы жатыр деп есептейді. Мэнли П. Холлдың ойынша, ол кітаптар табылмайынша қазіргі заманғы дүние ұлы философиялық және мистикалық ақиқаттардан құр қалады. Антиктік әлемде бұл ақиқаттардың айқын маңыздылығын түсіну пұтқа табынушылық Мистериялардан христиандыққа өтудегі жетпей тұрған түйін ретінде қарастырылады.

XXғ. соңындағы еуропалық культтық романның бірі, итальяндық жазушы Умберто Эконың “Райхан гүлінің атауы” атты әйгілі туындысында кітапхана дуалистік философияның символы тәрізді. Өз романына артынша түсініктеме жазғанда автор кітабын әуелгіде “Қылмыс аббатствосы” деп атамақ болғанын, бірақ оны жарамсыз деп тапқанын мәлімдейді. Кітапхана қылмыстың да ордасы бола алатыны туралы бұл идея әдетте христиандық дүниетанымға тән “һаріп өлтіреді” деген күрделі ойдың дамуы. Мұндағы ортағасырлық монастырьдағы кітапхана адам жанының қалтарысындай тылсым лабиринт түрінде суреттелінеді, онда ең бір сирек, ең бір құпия кітаптар сақталынады. *“Тыйым салынған кітап, сол үшін барлығын шетінен өлтіріп жатыр”,* – деп толғанады кітап кейіпкері. Білім кеніші -монастырьларда кітап қоры мұқият сақталатын. *“Мен сомдаған Хорхе есімі де, өңі де аумаған Борхес, тағы да ол неге сондай жаман болып шыққанын сұрайды, – дейді Умберто Эко. – Ал мен болсам өзім де білмеймін. Маған кітапхананы күзету үшін соқыр адам керек болды. Мен мұны романның ұтымды оқиғасы деп санадым. Алайда кітапхана плюс соқыр, қалай айналдырсаң да, Борхеске тең болады”.*

XXғ. әлем әдебиетіндегі көрнекті тұлға, латынамерикандық жазушы Луис Хорхе Борхес көзінің кемістігіне қарамай

Аргентинаның Ұлттық кітапханасының директоры болғаны рас. Борхестің “Жұмақ – бұл кітапхана” деген қанатты сөзі шығармашылық күдіретіне табынудан шықса керек.

У. Эко романындағы кітапхана символы – күпір символына айналып кетуі тегіннен тегін емес. Ал күпіршілік, дін бұзарлық, діннен азғандық деген не? Орта ғасырларда ол үстемдік еткен дінге қарсылығы бар діни ілімнің пайда болуы. Мысалы, Рим аристократиясы, католик діні үшін протестантизм ғана емес, ислам да күпір болды.

Мекемтас Мырзахметұлы Абай тұлғасы арқылы Мұхтар Әуезовтың жазушылығы, ғылыми зерттеушілігі, шығыстану, дінтану мәселелеріндегі ерен білімі, әдебиетте сара жол салған әулиелігі, бір сөзбен айтқанда, данышпандық болмысын ұдайы тілге тиек етіп, ғылыми тұжырымдармен бейнелеп отырады. Осыдан келіп ғалымның асқаралы өз тұлғасы қоса ашылады. Сөз өнері ұрпақтұ айналуы, яғни ізбасарлықпен өсіп өркендейді. Бұдан сабақтастық хәм мирасқорлық деген адам баласы үшін шексіз ұлағатты, кастерлі ұғым шығады.

Мекемтас аға Мұхтар Әуезов роман-эпопеясындағы бір эпизодтан өрбітіп: “Абай 38-ші сөзінде Аллаяр сопының “*бір фәрдадан жүз фәрда бижай*”, – деген сөзін келтірсе, оның мән-мағынасын өлеңінде өзінше өзгертіп, жаңа мағынада:

Бір қайғыны ойласаң,

Жүз қайғыны қозғайды, – деп өлең жолына айналдырып та жібереді емес пе?” – дейді. (13-бет)

Абай заманында қисса дастаншылдық сарын әдебиеттің негізін құрады, нәзирагөйшілік дәстүр қазақ даласына тарап қана қоймай, ақындар жаппай ғашықтық-эпикалық дастандарды жарыса жазды.

“Тіпті “Мың бір түн” сюжетіне негізделген шығыстың нәзирагөйлік дәстүрімен дастан жазудың классикалық үлгісі Абайда көрініс берді емес пе?” (14-бет) деп қорытады.

Шығыстық сарындағы қисса-дастандар күрделі рухани құбылысқа айналғанын, ол қазақ еліне діни, азаматтық, ағартушылық, поэтикалық идеялардың ұрығын сеуіп, туған әдебиетіміздің тамырын бекітіп, бір буыны болғанын ғалым мағлұматтармен қанық баяндайды. Ол әдеби жанрлар туралы айта келіп, поэзияның ішкі дүниесіне, лингвистикалық, текстологиялық, синтаксистік, поэтикалық талдаулар

жасайды. *“Мысалы, XI ғасырда хатқа түскен Махмұт Қашқари сөздігінде берілген ұйқастың «а а а б» түріндегі үлгісі “Бозжігіт” қиссасында қолданыс тапса, осы ұйқас Абайдың “Білімдіден шыққан сөз”, “Келдік талай жерге енді” өлеңдерінде мейлінше жетілдіріп, сапалық өзгеріске ауысқан түрінде көрінеді”*. (17-бет) Яғни, Абайдан бастап шалыс ұйқастың қазақ өлеңінде екінші түрге ауысқанын, оның шығуы XI ғасырдан да әріде жатқанын автордың мәлімдеуінен нақты білдік.

Абай шығыс пен батысты екі биені тел емген құлындай уызынан жарыған ақын. Қайдан үйренбесін, кімді үлгі, ұстаз тұтпасын, сөз асылын, ой мәйегін өзінің күдіретті ақындық ұстаханасына салып, алтын-күмістен зерлеген шебердей суреткерлігінің жомарттығымен табиғи, тума қалыпқа салып түрлендіріп, көріктендіріп жібереді. Бұл құбылысты Мекемтас аға дөп басады, өзге стильді өзіндік етіп жібергенде әлгі заты тонның ішкі бауындай қазақ өлеңіне үйлесіп, құлпырып шыға келерін сүйіп, сараптайды. Сүйіспеншілігінің себебі, исі қазақ өнері мейлінше толығып, байып қалған жоқ па.

Сондықтан Абайдың *“Білімдіден шыққан сөз”, “Келдік талай жерге енді”* атты өлеңдеріндегі шығыстық өлең өрнегі қазақы қалыпқа әсем жұтылып кеткенін оқырман қалт жібермейді.

“Білімдіден шыққан сөз” (1889) атты өлеңінде Абай жас кезінде еліктеушілікпен бастап, тастап кеткен ғаруз ұйқасын қолданған екен. *“Бұл өлеңдегі сегіз шумақтық барлық өлең жолдары жеті буыңға түсірілген.*

Бірінші шумақтан басқа шумақтардың бәрі де ғаруз ұйқасымен берілген. Бірінші шумақ кәнігі қара өлең ұйқасымен берілсе де, мұндағы ұйқастың жеті буынды өлеңде тұруының өзі көңіл бөлер ерекшелігі бар құбылыс. Абай қара өлең ұйқасы тек он бір буынды өлең ағымымен жазылған өлеңдерде ғана қолданылатын”. (34-бет) Мұндай ғажап, жаңа үлгі Абайдың сүйікті жеті шайырында да кездеспейді дейді ғалым. Ұстаздарынан шәкірт озық шыққаны хақ, өйткені Абай бұл ғаруз ұйқасын Науаи мен Қожа Ахмет Иассауиден алған.

Данте Еуропа халықтық әдебиеттеріне өзіне дейінгі беймәлім бай стилистикалық тәсілдерді қолданып қана

қоймай, оларды жеке пайдаланбай үздіксіз байланысқа келтірген. Абай қазақ лирикасында бұрын-соңды болмаған стиль һәм бейнелілікпен, мүлдем жаңа түрлермен қор жинап берді.

Алайда, ұлы ақын нәр алған поэзия бастауларының тек парсы классиктерінен дарымағанын, оның түркі тілді халықтар поэзиясының төл арнасында жатқанын тағы осы кітаптан танып білеміз. Ол Махмұт Қашқаридың «Диван лұғат ат – түрк» кітабында кездесетін өлең өрнектері екен. М.Қашқари сөздігіндегі Тұран патшасын жоқтау «а а а б» түрінде берілген. Осы үлгіні зерттеуші Абайдың өлеңіндегі:

Әбілет басқан елер ме,

Сөзге жуық келер ме,

Түзу сөзге сенер ме,

Түзелмесін білген ез, – деген өлең моделімен сәйкестендіре қарайды.

Өлең құрылысын ырғағы мен ұйқасына қарап, мүшелеп бөліп, сол қысқа сап-сап болып түзілген кесінді бөліктерінің сыны мен сырына терең үнілу –ғалымдықтың мақсаты. Шынтуайтында, грекше “өлең” деген сөз “қатар”, «сап» деген мағынаны береді. Оның латынша синонимі «versus» (осыдан кеп «версификация» шығады), демек, “бұрма, айналма”, қатардың басына оралу деген сөз болып шықты, (М.Л. Гаспаров). Бір өлең екінші өлеңнен өлшемдерінің алмасуы арқылы ерекшеленеді.

Абай әлгі өлеңінде өзі үкім шығарып, түңіліп айтады. “Әбілет” деген сөз Абай поэзиясында бір мәрте кездеседі. Көбінесе қазақ әлдебір сұмдықтан күйзеліп, қарағанда “әбілет басқыр!”, “әбілет жауғыр!” дейді. Бұл сөз қарғыс атқыр дегенге синоним іспетті. Абайда түзу сөзге сенбездің өзі –имансыздық. “*Көкіректе сәулесі жоқтың көңілде сенімі жоқ*”, – дейді Абай. Мұны Шәкәрім қажы үндес оймен жалғап әкетеді: “*Ақылмен сенбей иман*

жоқ”.

Жас баладай жеңсік қой, Байлаулы емес ақыл, ой. Ақыл тоқтатпаған деп қазақ ғадетте жас ерекшелігін айтады. Абайдағы “*ыржаң-қылжаң ит мінез*” – албырттықтың емес, ақымақтық, кесірліктің ишарасы. Осы өлеңдегі тағы бір күрделі ұғым мораль философиясына байланысты – “*жақсының іші дертті*”. Ал өлеңнің соңындағы:

Ой, тәңір – айшыл, кер есек, / Құлық, сумдық, не өсек, / Болмаған соң, бір есеп -/ Мейлі қамқа, мейлі бөз. “Тәңір-айшылдық” – ақынның «Алла деген сөз жеңіл» атты өлеңіндегі сарынға етене. Сөйтсек, тәңір-ай дей салу наданның сөзінің мәтелі ғана сияқты, сондықтан онысы құдайшылықты емес, құдайсыздықты сипаттайды.

“Білімдіден шыққан сөз” атты өлеңдегі надандық идеясының жалғасы ретінде “Келдік талай жерге енді” атты өлең (1890) – күйкі тіршілікке құр наразылық қана емес, мұнда ақындық қасиетті қорғаудың дұғасы бар. Өлең шығыс классиктерінің үлгісімен жазылған. Әр шумақтың ең ақырғы жолдарындағы ұйқас сөздер бірыңғай ойды құрап, үйлеседі. Өлеңдегі рефрен түрінде түзілген – “қой бұрынғы желгенді!” “Сергі, көңілім, сергі енді!”, “Өрбі, сөзім, өрбі енді!” бұйрық райда айтылып, әмір сөздей бағындырған поэзия ішкі табиғаты бойынша медиативті поэзияға дөп келеді. Өлгі үндес қайталаулар зікір тәрізді, құлшылық қылып, жалбарынып, дұға жасаудың күдіретті үзіндей кейіпте берілуі текке тумаған. Ақынның өзімен өзі тілдесуі жалғыздық мұңы. Дәл осы өлеңдегі налу этностық биікке өрлейді:

*Әзелде тәңірім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті,
Жалғыз үйде күңірентті,
Тағдырға білдік көнгенді.
Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар,
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындай аңқылдар.*

Мекемтас ағаның Абай шығармаларындағы “адам болу” шарттарына ұлы ақынның “Ғылым таппай мақтанба” атты өлеңін бағдарлама қылып түсіндіруі де осындағы “Адам болам десеңіз” деген тезисі негізінде ұғындырылады. Бұл өлеңнің философиялық өзегінен әулиеліктің бір сипаты жарқырайды. Шынтуайтында, мұның сыры – атаның емес, адамның баласы шыңына көтерілген Абайы арқылы қазақ халқының рухани толысуына бастайтын “*ғұмыр өзі – хақиқаттың*” сыни бағасы тәрізді. Абай “*Бес нәрседен қашық бол*” өсиетінде өтірік пен өсекті тағы аластайды.

“Абайда таңбаланып отырған жағымсыз үш ұғымның



(надандық, еріншектік, залымдық) “Кабус – намеде” де айтылатыны бар. Онда “Егер жауанмәртліктің жолымен жүруді қаласаң, әр уақыт үш нәрседен сақ бол: көзіңді жаман назардан, қолыңды жаман істен, тіліңді жаман сөзден тый” -деп жалпылай көрсетілген. Екі автор тарапынан таңбаланып отырған зиянды үш ұғымның өзін анықтап атауында да елеулі айырмашылықтардың барлығы сезіліп тұр. Абай зиянды үш сипатты анықтағанда, бұларды өз заманындағы қазақ өміріндегі кеселді құбылыстардан туындап отырған зарарлы қылықтар ретінде қарастырған. Абай бұл зиянды қылықтарды өзінің өмір бойы жүргізген гуманистік мұраттарының аяқтан шалар жаулары ретінде таңбалап аяусыз сынайды”. (93-бет)

Абай “Түзетпек едім заманды” деп ойлағанда өз иығына пайғамбарлықтың ауыр жүгін арқалап алғанын Мекемтас Мырзахметұлы оның мораль философиясына қатысын зерттеу тұсында тереңінен қозғайды. Дүниежүзілік әдебиетте ақынның пайғамбарлық ипостасы көнеден табылады. «Всевидец душ, пророк сердце, / Гомер, божественный певец», (В.К. Кюхельбекер. Поэты.) М.Волошин XXғ. орыс философиясының көрнекті тұлғасы В.Соловьевті «Пророк библейский» деп атайды. Немесе

поэзияны орыс ақыны Клюев «Сказка пророческая» деуінде үндес ой тұнып тұр.

Бізге керегі, Мекемтас ағаның Абай өлеңдерінің ішінен іріктеп алған шығармаларының салмағы мен қасиетін сезіну артықшылығы болса керек. Онысы зерттеуші қауымның құштарлығын арттыра түсуге тиіс. Ғылымның көздегені де осы.

“Мұхтар Әуезов Абайдың жастық шағындағы үш өлеңін (“Шығыс ақындарына”, “Фзули, Шәмси...”, “Әлифби”) таза еліктеу, бірақ шағатай әдебиетіндегі сопылық сарындағы эротикалық лирикадан мүлде бөлек шығыстық белгілер деп таниды”. (21 -бет)

Осы таным С. Нұрышев тәрізділердің қарсы пікір-таласын қоздатып, М. Әуезов тарапынан тойтарылғанын ғалым айта кетеді.

“Иузи – рәушан, көзі гәуһар” дегенде Абай гүл атаулыдан раушан гүлін әлбетте шығыс классиктеріне мойынсұнып, сүйіспеншілік нұрынан шаттанып таңдап алғаны айқын.

Әйтпесе, кейіннен есейген реалист ақынның “алтын иек, сарала қыз” қияли образын жаратпауын тағы білеміз. Жер бетіндегі әйел затының сұлулығы гүлге теңелуі есте жоқ ескі замандардан бастау алып, машқарға дейін әлемдік метафорада тұрақтап қалған.

Раушан гүліне Шығыс пен Батыс бірдей асық. Сопылар оны өз танымдарының негізгі екі символының біріне айналдырып алған. Жарға ғашықтық идеясы бұлбұл құстың раушан гүліне зар образы арқылы беріледі. Сонымен қатар раушан гүліне ынтықтық шығыс шайырларының сүйген аруларына деген жер бетіндегі сезімдік, тәндік махаббатын қоса береді. Суфизм тегінде адам баласын ұлықтайтын, әйел мен еркек арасындағы махаббатты жырлауда дін үстемдігі тыйым салған идея атаулыны жасырып, эзоптық жұмбақ тілмен суреттеуге шеберленген. Эзоп құл болған, оның тілі жұмбақ, астыртын болатыны содан. Ендеше суфийлер де өздерін Алланың сүйген құлымыз деп атайды.

Сондай-ақ, раушан гүлі – таураттық символ. Ол Дева Марияның бейкүнә, пәктігін тұспалдайды. Адамға күнә араласпай тұрғанда райхан гүлі тікенсіз өскен деген көне аңыз бар. Орыс поэзиясында А.С. Пушкин мен А.С. Хомяковта «дева – роза» деген образ бар. «Только в сердечке поникнувших роз /Капли застыли младенческих слез», (А.Фет.).

Жүректің діни сипаты: «Сердца мерцали алых роз», (М.Волошин. Реймская богоматерь). Орыс классикалық поэзиясында райхан гүлінің бейнесі діни контекстте берілсе, христиандық көзқарастың әсерінен. Құдай анасы Дева Марияның еуропалық бейнелеу өнерінде қолында раушан гүлінен ұстаған таспиғы арқылы бейнеленгенін Джеймс Холл жазады. Таспиқты ортағасырларда розарий деп те атаған.

Розенкрейцерлер өз гербінде андрейлік крестті төрт раушан гүлімен таңбалаған. Раушан гүлінің образы туу, жемістілік және тазалықты үйлестіреді. «Роза пахнет розой, хоть розой назови ее, хоть нет». (Шекспир. Ромео и Джульетта) Апулейде есекке айналған адам сиқырлы раушан гүлін жеп, адам қалпына қайта оралады.

Абай «иузи рәушан» сұлу қызды жарық дүниенің барша қазынасына айырбастамайды. Оның «Осы үш сүю болады

иманигүл” философиясындағы адамды сүю қасиеті ең әуелі әйел затына махаббат арқылы өрбиді.

АБАЙ. «БІЛГЕН ҚҰЛ» – ХАКІМДІК ИДЕЯСЫ

Үздік абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы шығармаларының алтын тәжі – «Абай және Шығыс» атты кітабы.

«Шығыс, батыс әр тарап Аллаға тән. Сондықтан қай жаққа бет қаратсаңдар да Алланың жүзі (ризалығы) сол жақта. Расында Алла (Т.) өте кең, толық білуші» делінген Құран-Кәрімнің 2-Бақара сүресінің 115 аятында.

Күн астындағы әлем бір Алланың иелігінде, Жаратушының күдіретінен таса жер ғаламда жоқ.

Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың хакімдігін, ол нәр алған рухани білім қайнарларын зерттеу нысанына айналдырғанда негізгі түпнұсқа қылып Күншығысты таңдап алуы бекер емес. Батысты бөтен көрмесе де, өзі шығысты жөрегім, өрісім, кенішім, кіндігім, құбылам деп шын таныған. Евроцентристік көзқарас үстемдік құра жарқырап тұрған кеңестік дәуірде бұлайша оң бағыт таңдау ғалымның ғұламаһи сұңғылалығы әрі жүрек қалауы һәм азаматтық биік позициясы.

«Абайдың екі мектебі бар: біреуі – исламдық Шығыс, екіншісі – Батыс» деп жазған ғалым (осы кітапта, 202 бет) ислам дүниетанымының ықпалы қазақ данышпанына оның әр замандағы көрнекті тұлғалары арқылы сіңгенін зерделейді.

Оның «Абай және Шығыс» атты іргелі кітабының «Ғұламаһи Дауани және Абай» атты шағын тарауына үңілсек: 13 жасында, бірінші мүшелге енді іліккен Шыңғыстау перзенті зікір салған бақсыдай (бақсылық – көріпкелдік һәм ақындық, өнердің төл табиғаты), пірге қол жайып, Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз – атақты жеті шайырға сыйынып бастағасын бағалы құл арымайтын сиқырлы күй меңдеп, осынау мерейлі ақындар шоғырынан соң ғұламаларды таңдап тануы ұлғаяды. Қас

жақсының атын атап, хатын ұрпаққа жалғау үшін ақын кейінгі өлеңдерінде іркіліп қалмайды: шығыс даналығына құлай беріледі, шығыс арқылы батысты аңдайды.

Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл –
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл.
«Ғылым таппай мақтанба».

Автор Ғұламаһи Дауанидың – XI ғасырдағы Хорсан өлкесінен шыққан оқымысты екеніне, Хожа Хафиз жырлаған рәушанлі Ширазда атақты медреселердің бірінде ұстаздық қылғанын теріп жазады.

Ғалымның ең басты еңбегі – «Жалали этикасы» («Ахлаки Жалали»). (Кітаптың 167 бетінде).

«...В.Врусевтің атап көрсеткеніндей: «Шығыс қашанда тарих философиясынан гөрі тұрмыс философиясына күштірек. Тұрмыс философиясы – өмірдің мән-мағынасы туралы философия. Толстойдың шығыс философиясына сонша әуестенуі кездейсоқ емес болатын». Бұл Абай шығармаларында мораль философиясы деп аталып жүрген ұғымдармен де өзектес, желілес жатқан нәрселер. Абайдың «Мұны жазған білген құл, / Ғұламаһи Дауани» – деп нақтылы көрсетіп отырған ортақтастығы бар пікір оралымдары да осы «Жалали этикасында» жатыр» («Абай және Абай», 167 бет) – дей келе, ғұлама ғибраттарын Абай поэзиясымен ұшастырады.

1340 жылдары дүниеден озған, туған жылы белгісіз Құтып есімді көне қыпшақ ақыны болған. Ол классикалық поэманың тұңғыш тәржімашысы, Низамидің «Хұсрау мен Шырын» атты дастанын ана тіліне аударған. Қазақ бастауы сол. Ерте ортағасырларда дәні Дешті Қыпшақ сөз өнеріне түсіп, қаулай өсіп-өніп, мәуелі баққа айналу процесі тұтас бір дәуірлерді жалғайды. Абай сол көне жадты жаңғыртушы

ренессанстық тұлға екенін Мекемтас Мырзахметұлы осынау тамаша кітабында мейлінше тереңінен қаузаиды.

Фудайл ибн Йиада сынды көне заманғы суфийлар нақ осы білім иелерінің «Білген құл» екенін нақтылайды, бірақ «періште алтын көрсе жолдан таяды» делінген дүниеден безіне алмау, дүниеге дос материалистік пиғылдың жетегінде омалып, тұтылып жүру олардың соңына халықтың еруіне бөгет болды деп таныған.

Абай нақ осы мораль, мінез-құлық пәлсапасын Ғұламаһи Дауанидың еңбегінен, өзіне дейінгі хакімдердің ақиқатқа құл кітаптарынан тауып, өзіне рухани қорек алды деген ойды айтуды парыз санаған М.Мырзахметұлы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңі мен 38 қара сөзіндегі руханият, кісілік негіздері Дауанимен үндестігіне айқын зер салады.

Бір күн үшін дос болып,

Жүз құбылған салт шықты.

Абай замананың адамының екіжүзділігін өткір сынайды.

Абу-л-Атахийа (748-825), ақынның ақырзамандық өлеңдерінде де осы сарын айқын.

Лицемеры в глаза улыбаются сладко,

Отвернешься – как змея, ужалят шипя.

Полон мир нечестивых, спесивых людей.

Не ищи, не найдешь справедливых людей.

Только истину должно искать в этом мире,

Только правде будь верен, склонись перед ней!

Тегінде осы тектес эсхатологиялық түңліс сарындарды көне заманғы ақындардан бастап бертінгі түркі ақындары Кемине, Дулат, Шернияз, Шортанбай, Майлықожа, Мұрат, Кердері Әубәкір, Бердақтарға шейін жазуы заңды. Абайдағы «Құйрығы шаян, беті адам, / Байқамай сенбе құрбыға» сарыны одан бұрынырақтағы Махамбеттің «Айыр құйрық шаянсың!» деп хан бетіне қасқая тартуынан алшақ кетпесі аян.

«Ал Абайда айтылатын «Хақиқат пен растық – қиянаттың дұшпаны» деген сөз де осы оймен іліктес жатыр. Абайдың да ғұмыр бойы аңсап, күресіп келгені әділет пен шындықтың жолы болатын» (Кітаптың 168 бетінде) деп М.Мырзахметұлы «Дауанидың «Жалали этикасында» ізгілікті мінез-құлықтың шығар көзі ретінде айрықша мән-мағына беріп қарайтыны әділеттілік туралы ұғымға келіп тіреледі. Дауани қоғамдағы әрбір адам әділетті болуға борышты деп қарайды» («Абай

және Шығыс», 168 бет).

Қазақ діни дүниетанымында «жазған құл» деген ұғым бар. Ол адасқан періште, құдайынан безініп, қарғысқа ұшыраған шәйтанның бір аты. Абай осы ұғымға қарама-қарсы «білген құл» – яғни білім қонған, оқыған, Алланың нұры түскен хакімдіктің сипатын анықтайды.

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

«Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа».

Абай бұл өлеңінде «Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар» деп кү дүниеге табынған көкірек көзі соқыр дүниеқоңыздықтың адам нәсілін жегідей жеп қоярына мегзейді. Өлеңдегі «нұрлы ақыл» – осынау «білген құл» дүниетанымының бір баламасы.

Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі,

Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз?

Мумин болсаң, әуелі иманды бол,

Пендеге иман өзі ашады жол,

Шын илан да, таза ойла бір иманды,

Мұнафик намаз қылмап па, мағлұм ғой ол.

Алла ішінді айтқызбай біледі ойла,

Пендесіне қастықпен кінә қойма.

Распенен таласпа мұмин болсаң,

Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»

«Абай Дауани еңбектерін парсы тіліндегі түпнұсқадан оқып білген деуге келеді» («Абай және Шығыс», 167 бет, Алматы, «Қазақстан» баспасы, 1994 жыл).

Мекемтас Мырзахметұлы осынау ғұламаның дүниетанымы әл-Фараби, ибн Сина, Әлішер Науаи кітаптарының негізінде қалыптасып, адамзаттың ой алыптарының руханият әлеміндегі асыл ойлары мен өміршең идея, көркем мінез-құлық философиясынан шыққанын жазады.

Хадистер – Мұхаммед пайғамбардың өсиеттері.

«Я, Тәңірім! Менің жаратылысымды көркем еткеніңдей мінез-құлқымды да көркем ет!» Хадисті Ибн Масғудан р.л.ғ. Имам Ахмад риуаят етті. Шығыстың ұлағаты осы: Ғұламаһи Дауанидың ілімі Абайға жұғысты болды, Абай жүрегіне өлең ұялаған халықтың ұлы болған соң парыздарын жырларымен



уағыздады. Шығыс ілімі ғылымның кәусар бұлағының көзі сарқылмауында жатыр. Мұны Мекемтас Мырзахметұлы былай деп түйіндейді:

«Ерте кезде Шығыста атақты ғылым саңлақтарының еңбектеріне арнайы түсініктеме жазылатын дәстүр болған. Мысалы, Аристотель еңбектеріне Әл-Фараби жазған түсініктемелерді еске алсақ та болады. Осы іспеттес, Ғұламаһи Дауани еңбектеріне де көптеген оқымыстылар түсініктемелер жазған. Мұндай түсініктемелер кез келген еңбектерге жазыла бермейтінін, тек атақты, аса ірі ғұлама ғалымдарға ғана жазылатынын ескерген жөн. Дауани еңбектеріне, әсіресе оның мораль, философия саласындағы шығармалары мен кейбір теологиялық еңбектеріне де атақты ғалымдар Тафтазани, Ж.Қарабағи, Мир Абдулфатх, Мирза Джан, Журжанилер арнайы түсініктемелер жазған» (Кітаптың 166 бетінде).

Араб пен парсы әлеміндегі руханият пен өнердің асыл қоры осылай сақталынған. Қазақтың эпикалық дәстүріндегі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын Марабай, Жанақ ақындар ауызша жеткізгені сияқты. Бұл расында аллашылдық сипат, рухани оттың сөнбеуін қадағалайды.

Абайдың «Мұнафиқ намаз қылады дегені» («мұнафиқ» араб тілінде – екі жүзді, іші кәпір, сырты мұсылман») хақтықтың сәулесі түсетін жүрек тазалығы туралы ой.

Қазақтың Абайға шейінгі ойшыл һәм ақындарында бұл рухани кемелдік, тазалық идеясы бар. «Жұрт – жұп: түсінбегені – өлік, түсінгені – тірі» (Жүсіп Баласағұн), «Жыланның сырты – сұлу, іші – у» (Ахмет Игүнеки), «Әдептің басы – тіл» (Махмұт Қашқари), «Көкірек таза болмаса – көз тазасы не керек, / Тазарт әуел ішінді» (Үмбетей жырау).

Халқымыз «Дүниеде не тәтті? Беттің ұяты» дейді. «Өлімнен ұят күшті» дегенді қазақ ұлтынан өзге тағы кім айтты екен?!

Абай 38-қара сөзінде толық адам, кемелденген жан идеясын осылайша ашқан. Оның арсыздық пен надандыққа жаны қас, өлгенше жиренуін өзінің рухани болмысы «білген құл» деңгейінен асып кетуі деп ұғыну керек.

Өңкей жалған мақтанмен

Шынның бетін бояйды.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек»
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп.
«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
« Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек».

Абай өлеңдерінде «білген құл» мен жалғандық, білімсіздік, слл қиянатқа антипод ретінде құдайдың сүйген құлы – толық адам философиясы үзілмей жалғаса бермек. «Білген құл» сарыны «Ғылымның біліп пайдасын, / Дүниенің көркін болжамай?» – ізгіліктің сырын ашпай тұра алмасы Абайша хақ.

Ол қоғам мен елдің игілігін ойлай келе, ғұламалардың жан сырына бойлайды. Дауани тәрізді хакімдердің ақ адал сөздерін, уағыз, өсиет, ғылымын өлеңмен толғауды парызым деп таниды.

Әр ғұламаға шын берілген, өз ұстазын тапқан сабақтастық, мирасқорлық қымбат қазынаның алтын кілті болса, Дауаниден Абайға, Абайдан бүгінгі қазақ ұрпағына Қайым Мұхамедханов, Құлмат Өмірәлиев, Зәки Ахметов және Мекемтас Мырзахметұлы, Тұрсын Жұртбай сияқты рухани ұстаздар «білген құл» идеясын жеткізіп, рухани көпірді жалғай бермек. Өйткені олардың өздері осы «білген құл» дүниетанымынан жолын ашқан нартұлғалар.

8-9 қазан 2010 жыл.

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ. НӘЗИРАШЫЛДЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ЖАҢА ӨНЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Қазақ драматургиясын тұңғығынан тартып, түбінен қазып зерттеген ірі оқымысты-ғалым – Рымғали Нұрғали. Оның «Эпикалық трагедия» атты зерттеуі әлемдік сахналардың төрінде қойылатын трагедиялардың бастауында халықтың аңыздық желілері жатқанын айтудан басталады. Расында халықтың төл дүниесі болған соң жадтан өшпес аңыздар әр түрлі жанр арқылы әдебиетке басыбүтін енгенмен, соның ішінде таңдамасы боларын ғалым баса айтуы заңды.

Ол «Еңлік-Кебек» аңызының нұсқаларына сол үшін

тоқталғанын мәлімдейді. Бұл тұста ғалым Мұхтар Әуезовтың трагедиясына негіз болған аңыздың алғашқы нұсқасына, зерттеу барысында төрт бірдей нұсқасына толық тоқталады: «Алғашқы нұсқа «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен 1892 жылы «Дала уалаяты» газетінің 31-39 сандарында жарияланды». Бұл зерттеушіге Мұхтар Әуезовтың қазақ драматургиясының төл басы «Еңлік-Кебек» атты трагедиясының жаратылысын, драмалық болмыс-бітімін ашу үшін қажет болды.

Әлбетте, Рымғали Нұрғалиұлы қазақтың рулық жүйесіндегі ескі тартыстан айналып өтпейді және өте де алмайды. Ғалым рубасы Кеңгірбай би бейнесін алғашқы нұсқа мен Абайдың Мағауиясы поэмасындағы портрет арқылы айғақтайды. Би даланың дана көсемі тұлғасында көрінбейді. Жас Кебектің беймезгіл ажалын автор Кеңгірбай бидің билікқұмарлығымен астастырады. Өйткені ғалым қос ғашықтың ағайын ел-жұрттан араша таппай, тобықты мен матай – екі ру бірігіп, ат-құйрығына байлаған аянышты жас тағдырларын күйзеліспен еске алып, жаны күйіп отырғаны анық. «Тобықты, Найман руларының тасбауырлығы» деп зерттеудің орта тұсында ғалым тағы бір мәрте наразы кейіппен таңбалайды. Пьесадағы билер ізгілік иесі емес, зорлық-зомбылыққа бейім.

Бірақ шынайы өмір біз ойлағаннан күрделі. Қазақ халқының ескі тарихында барымта, жер дауы, жесір дауы, ағайын күндестік, бақталастық тәрізді көлеңкелі тұстар жетіп артылары даусыз. Ол әлі күнге жалғасып келеді. Адамзат Абыл мен Қабылдан тарағаны рас болса, бұл құбылыс өзгеріссіз жалғаса береді. Сондықтан билік басындағы алысты болжайтын адамдар қилы саясаттан аспай қалары және рас. Олар қаны бір жақыны болса да құрбандықтардан тартынбайды. Қалай болғанмен де жас өлімнің құсалы зары уақыт өте келе жаңғырған үстіне жаңғырып, осы биік өнерді тудырып отырған жоқ па! Мұны автор «Жазықсыз екі жасты аяусыз өлтірген қатыгез әдет әңгімеде ашық жазғырылып отыр. Кеңгірбайдың Кебекті бақталасым деп өлімге итеруі ашық айтылады» деп, мұны халықтық идея, халықтық сарын басым болғандықтан деп айқындайды. «Ақырып теңдік сұраудың» халықтық түрі кейінгі ұрпаққа мирас болып қалатын, санадан өшпес сөз өнері деп кеседі.

Трагедия табиғатын Рымғали Нұрғали осылай қарастырады. Трагедияның ең көне бастауларында адам нәсілдінің өлімнен қорыққаннан шыққан аза ғұрыптары жатқанын ағылшын этнографы, дінтанушы Д.Фрэзер қисынымен жазады.

Әдебиеттің жылнамашылық табиғатын, тарихта несібе үшін, ел үшін, кейде қарақан басының қамымен тартысып өткен ата-бабаларымыздың ақ-қара істерін сол күйінде кейінгі ұрпақтарына жеткізетін функциясын біз жоққа шығара алмаймыз. Әдебиет сол үшін қымбат өнер.

Ғалым бұл оқиғаның екінші нұсқасын ой елегінен өткізеді. Ол «Дала уалаяты» газетінің 1900 жылы 46 санында шыққан, «Қазақ тұрмысынан хикая» деп аталған екен. Кейіпкерлердің есімдері мен жер аттары өзгергенмен, сюжет сол қалпы: «Адал махаббатты дәріптеп, қара жүректілікті айыптаған халықтық идея бұрынғы күйінде қалады». Бұны ол газеттің оқырман тартудағы қисыны деп қабылдайды.

«Еңлік-Кебектің» үшінші нұсқасын Мағауия Абайұлы жазған. «Мағауия поэмасында Кебек пен Еңліктің тұңғыш кездесуі ұзағырақ суреттеледі. Мағауия психологиялық портрет жасауға ұмтылады» дей келе, Рымғали Нұрғали махаббаттың оянуын тағдырға емес, адамға тән тірі сезімге телиді.

Мағауияның ақ бұлақтай өлең жолдарын енді біз Рымғали Нұрғали арқылы тауып оқып жатсақ, теңіздің дәмі тамшыдан деп сүйінішке жараса, әдебиеттің жасыл бағы солмасын танытуы ғой! Әдебиеттанудың зор миссиясы сол.

«Бірақ жүректің аты қашан да жүрек. Бабына түсіп, кезіне келсе, оған әмір жүрмейді. Адам жүрегі азаттық пен әділет құлы әманда» деп, ғалым Мағауия оқиғаның әлеуметтік жағынан ғөрі, романтикалық махаббатты дәріптеуіне баса тартқанын сүйсіне айтады. Осы поэма арқылы бір рудың ішіндегі туыс аталардың әлі күнге қырғи-қабақ болатындай әсерден шықпай жүргенінің сыры мәлім болары анық. Ел болған соң солай болмағы заңды көрінер. Расында оның ұшығы осы заманда аталар тарихын қозғайтын, жарыса шығып жатқан, шежіреге жүгінгенде әркім өз тегін судан таза, сүттен ақ қылып көрсетуге тырысатын шикілі-пісілі кітаптардан көз көріп жүр. Бұған қынжылу керек пе, ол жағы тағы беймәлім. Жуан аталардың арасында өштік көп,

бағзы ағайын аралық бақталастық, өкпе-реніш өткенмен бітпей, ұрпаққа кеткенін ұғасың. Ескі дауды қазаққа ұмыту қиын. Кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екенін айту кейінгіге әсте бұйырмайды. Өйткені адам нәсіліне осалдық тән, сонымен қатар биік рух қоса берілген. Надандық пен өзіншілдіктен арылу оңай емес.

Бірақ төреші болу бізге қажет емес. Әркімнің өз шындығы қымбат.

Академик-ғалым «Мағауия... ақын аңыз оқиғасы мен сюжетіне күрделі образ енгізбесе де, Кебек, Еңлік, Кеңгірбай образдарын бұрынғы қалпынан бір шама тереңдетіп, дамытып, сыншылдық рухтағы поэма тудыра алды» деп түйіндейді.

Төртінші нұсқа – Шәкерім ақынға келіп тірелді. Ол осыдан нақ 100 жыл бұрын Семейде жеке кітап болып басылған «Жолсыз жаза» поэмасы. «Бұрынғы варианттарда жоқ ерекшелік – жас батырдың портреті» дей келе, Рымғали Нұрғали Кебектің аңға шығуын суреттеген тұсында Шәкерім Абайға еліктеп, образдылыққа мән берген деп атап кетеді.

«Поэманың ең көркем тұсы – Кебек пен Еңліктің арасындағы сырласу эпизоды». Шәкерім поэмасында қыр қызының жігітке өзі бірінші болып көңіл білдіруін, қазақы орта үшін тосын бұл құбылысты «сезім сұлулығы, бұғып қалмас өжеттік» деп бағалап, автор қазақ әдебиетіндегі сол дәуірдегі жаңашылдықпен, Абай аудармасы арқылы енген Онегинге Татьянаның ынтызарлығымен түсіндіреді.

Еңлік пен Кебек арасындағы мәнді диалогтарды ерекше назар аударма айтуымен Рымғали Нұрғали еуропалық романдық стильдің қазақ әдебиетінде бой көтере бастағанын танытады.

Осынау бес нұсқаға жеке дара тоқтала, талдай келе, Рымғали Нұрғали барлық нұсқаның дерлік бір ізден шықпайтынын, адам есімдерінің бірдейлігін, опаттың бас себебі тағдырдың бұйрығында, жазмыш күшінде деп түйеді.

Сонымен зерттеудің басты нысанасы – қазақ театрының басы, Шыңғыстауда Мұхтар Әуезов көркемдік ұясынан ұшырған бала қазындай тырнақалдысы «Еңлік– Кебек» атты трагедиясы. Қазақ халқының кәсіби ұлттық драматургиясының алғашқы қарлығашы осы шығарма деп танымыз. Рымғали Нұрғали мақсаты – «Аса

күрделі шығармашылық тұлғаның эволюциясын, оның эстетикалық-философиялық сатыдағы өсу жолын көрсету қажет». Әдебиеттанушы-ғалым көш-керуенге артатын қазына жүкті өз мойнына алып отыр

Мұхтар Әуезовтың 1920 жылдардағы жас авторға тән, бірақ шүбәсіз классикалық алғашқы шығармаларына берілген баға тұтасымен қазақ әдебиетіне берілген баға екенін әділ уақыт көрсетті. Алайда сол кездерде Мұхтар Әуезовты объективті сын қорғай алды ма? Қаралау, жазғыру болғанын: «Ауыр кезең тудырған түрлі субъективті жайттардың әсерінен Әуезов өз қайшылықтарын тым асыра, дабырайта көрсетуге мәжбүр болды. «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарағөз» трагедияларынан, көптеген әңгімелерінен безініп шығуын осымен ғана түсіндірсек керек», – деп жазады Р. Нұрғали.

«Спектакльді қоюшылардың бірінің жазғанына қарағанда екі киіз үй қатарластырып тігілген. Қазіргі ұғыммен айтқанда бірі – сахна, екіншісі – зал есепті болған. «Еңлік-Кебектің» 1917 жылы, мамыр айында қан жайлауда қойылған тұңғыш қойылымына жиылған көрермен саны жүзден асыпты. Бір қызық деталь – ойынға елу тиыннан билет сатылып, барлығы 54 сом 50 тиын жиылыпты. Бұл ақша Құлжадағы ашаршылыққа ұшыраған қазақтардың пайдасына жөнелтіледі».

Тұңғыш қазақ пьесасында ойнаған актерлер Абайдың тұқымдары, руластары. Ал тұңғыш режиссер, суфлер Мұханның өзі екенін автор баяндайды. Қазақ халқы үшін аса маңызды, мәдениеттің нән құбылысы театр өнері болса, соның құнары күшті Абай топырағында туғаны мүлдем кездейсоқ емес, жүйелі құбылыс болғанын қазір айқын ұғамыз.

Рымғали Нұрғали зерттеуі «Еңлік-Кебек» драмасы туралы кәдімгі энциклопедия тәрізді, театр өнеріне сәуле түсірген кең қамтуы өз алдына, деректілік, алғашқы қойылымдарында ойнаған актерлер құрамы, әр қойылымға жазылған рецензия, әдебиетші-ғалымдардың пікірі тұтас қамтылған. Ол дәуір суретін қоса бедерлейді. «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған, пьесаға жазылған үш рецензияны талдап, жіктеп көрсетеді.

«Ұлттық топырақта драматургиялық дәстүрдің жоқтығына қарамай, басқа елдер әдебиетінен үйрене отырып, Әуезов

жанр шарттарына толық жауап бере алатын трагедия жасады» деп ғалым жоғары баға берген.

«Алғашқы пердеде «Еңлік-Кебектің» бұрынғы нұсқаларынан не бар деген сұрауға жауап іздесек: бірақ-ақ деталь – Абыз образы Мұхтар Әуезов «Жолсыз жаза» – Шәкерім поэмасынан алып қарызданғанын Рымғали Нұрғали айтады.

Рымғали Нұрғали Еңліктің қоштасу өлеңін суреттейтін тұсында өзінің жазушылық таланты жарқырай, жалындай лаулайды. Кей тұстарынан анық аңғарылатын мінез – автор мүмкіншілік болса, осы драманың ішіне өзі кіріп-ақ кетер еді! Драматургты, ол суреттеген ел мен жұртты, сөз өнерін сүйіспеншілікпен қозғауы бұл зерттеудің шоқтығын биіктетеді. Расында материалдың негізінде, біз – қазақтардың мінез-құлқы, менталитеті, арыда өткен ата-бабаларымыздың өмір салты, коллизиялық тартысы, сезімдер шарпуы мен мүдделер қақтығысы жатыр.

Сонымен шығармашылық туралы шығармашылықтың мықты үлгісі – Рымғали Нұрғалидың осы зерттеуі десек асыра айтқандық емес. Зерттеудің соны үлгісін ол қалыптастырып отыр.

Қазақ екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі деп мақалдайды. «Шыбын жан» деген философиялық ұғым бар. Ал жан қалауы махаббат емес пе! Шынайы махаббат енді құрбандыққа лайық болып таңдалғаны айқын. «Еңлік пен Кебек қылығын екі ел дауының сылтауы етіп ұстаған билердің шешендігі, орақ тілді, от ауыздылығы салған жерден таң қалдырады» деп тартыстың түпкі мәні қос ғашықтың азаттық сүйгіш қайсарлығы, Кебек ердің атастырған қызды алып қашып, ғұрыптан аттап кеткені емес, шынтуайтында жер таласы, ру дауы екенін ғалым айқын аңғартады. «Екі ел билерінің сөзбен балталасатын көрінісі сахналық әрекетке өте бай». Олардың опасыз табиғатын: «Жұлқысып-жұлқысып алып... ақыры ауыз жаласып кеткен бөрі билер» деп үкім айтады.

«Образдың тек бір-ақ құштарлық аясында қалмауы – реалистік әдебиеттің ежелден келе жатқан талабы». ««Еңлік-Кебектің» аса құнды қасиеттерінің бірі – қаһармандардың жан-жақтылығы». «Өз күшігін өзі жеген қасқыр іспеттес билердің ырғасып-ырғасып, ақыры тапқан

жолдары – Еңлік пен Кебекті өлтіру. Сол сұмдық үкімді өз қолымен орындаушы Еспембет». Автор Еспембеттің мұздай суық қатігездігін «надандық атты дүлей, топас, соқыр күш» деп айғақтайды.

Қазақтың ғұлама Әуезовы бұл трагедиясына 1943 жылы бір, 1956 жылы қайта оралып өңдегенін, ең зор өзгеріс Нысан абыздың бейнесі: «Кейінгі нұсқадағы Абыз трагедиялық идеяның нық беріктігін, конфликті кесектігін ұстап тұрған тұлға» деп ғалымның лайықты бағалауы шындық.

Ол қазақтың аузымен құс тістеген асқақ жырауларынан, Асан қайғыдан үзілмеген ел-жұрт зары:

Алданар көп, арман көп,
Кәрің қайтіп күн көрер!
Жарастық жоқ, жалын жоқ,
Жарым қайтіп күн көрер!
Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтіп күн көрер.
Бәріңнің де нәрің жоқ
Елім қайтіп күн көрер?!

Абыздың сөзін: «Бұл монолог – қара сөзбен жазылған елең, төгіліп тұрған поэзия... ішкі ағысты, ішкі тереңдікті күнттап туған нағыз поэзия» дейді.

Зерттеуші кеменгер драматургтың ауыз әдебиеті үлгісін – бата беру дәстүрін шебер пайдаланғанын қуаттайды.

Екінші нұсқадағы Мұхтар Әуезов ерекше сәтті редакциялаған, байытқан образ – Жапал бала. Ғалым оның түп бейнесі халықтың бай фольклорынан алынғанын, символдық әсері барына екпін түсіреді.

Жас Мұхтардың «Еңлік-Кебекті» жазуын Рымғали Нұрғали адамның өскен ортасын, төңкеріс алдындағы қазақ ауылдарының тұрмысын, тарихын, психологиясын, бір сөзбен айтқанда, өз тану үшін жазылған дүние деп тұжырымдайды.

Эпикалық кесек туындылар ежелден қазақ әдебиетіне тән құбылыс болса, сол алтын арқаудың үзілмегенін Рымғали Нұрғали зерттеулері танытты және бұл құбылыс қазіргі қазақ әдебиетіне жат еместігін айту парыз.

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ШЕРАҒАН

Әдебиет тамырластықты сүйеді.

«Тұрар енді бір жиырма жылдан кейін ұлы жазушымен дос болып, өз әкесінің басынан өткен шытырман шындықты оған, арман ағысындай етіп айтып берер. Содан барып «Қараш-Қараш» туар...». (Шерхан Мұртаза. Жеті томдық шығармалық жинағы. 1 том, «Қызыл жебе». Роман, 235 бет).

Бірінші кітаптың басты кейіпкері – Рысқұл. Жазушы үшін ол ерен сүйікті образ, оның аузына «Менің жүрегімде түк бар. Бірақ сол түкке қырау тұрып қалған. Пендеге пенде болып жүргенімде ол қырау ерімейді» деген сөз салады. Бұл Рысқұлдың қылмыскер ретінде вице-губернатордың алдында қасқайып отырып жауап берген сөзі. Тұрардың әкесі аюмен алысқан, небір қияметтен аман өткен нағыз ер ретінде суреттелінеді. Фольклордан шыққандай романтикалық кейіпті Рысқұл.

Қазан төңкерісіне шейінгі қазақ тұрмысының нақты суреттелінуі романның үлкен жетістігі. Мешеу қалған ел өміріндегі күштінің әлсізге зорлығы, ал бұл ағайыншылыққа қарамайтын қара ниет қиянаттан шығар дүлейлік екенін Рысқұлдың Түлкібастағы атамекенінен 20 үй өз ағайынымен ауа көшуі растайды. Рысқұлдың туған ағасы Бердіқұлды жер мен суға таласып жазықсыз өлтірген, ұрдажық, шаш ал десе бас алар сойылсоғар шабармандары көп Дауылбай болыс түбі бір жақын туыс атадан, шежіре тарқатса Шымыр, соның ішінде Сәлік атасынан тарайды. Бірақ мынау фәни дүниенің лаңын байлық пен билік билеп тұрады екен. Осынау кеселдің бәрі отаршылдық, өз ырық өзінде жоқ, орыстың оязына бағынған қазақтың болыстық-әкімшілік жүйесінің қаншалық осал, парақор, жарамсақ, имансыз, зәбіршіл, кісі өлтіруден тайынбас сұмпайы екенін жазушы нақты іс-әрекет, қимыл, мінез-құлық қақтығысы, әлеуметтік ымырасыздық арқылы бере алған.

Дауылбай болыс Рысқұлдың батыр бабасы, Қоқан ханы Шерәлімен қанды шайқаста қаза болған, Байзақтың қол астында жүзбасы болған Әлібектен қалған күміс ер-тоқымды оязға беріп, жағынып қалғысы келеді. Осы бір жағымпаздық феноменінен зор трагедия өсіп шығады. Ол Тұрардай

қайраткердің қалыптасуының алғышарты.

Қарақойын деген тары егіп, күнелтіп отырған шұрайлы жерде Жылқыайдардың үш ұлын, ұясын талқандап, үлкенін өлтіріп, кіші екеуін тентіретіп жіберуге айырылысарда ердің қасын сұраған кісіпірлік себеп болады. Оның түбінде сол кездегі әлсіз қоғамды жегідей жеген әлеуметтік теңсіздік жатыр.

«– Көке-ау! Не жаздық, не болдық? Енді не істейміз, айтсаңшы! – деп төмпешікті құшақтай құлады. Топырақ жып-жылы екен, бетінен Бердіқұл сүйгендей тұла бойы дір етті» (167 бет), бұл көріністе аза мен бауырмалдық қатар құйыла түскен. Рысқұлдың есеюі, күрескерлік рухының ояну сәті осындай азалы. Ал бауырмалдықты озбыр Дауылбай басқаша қабылдайды:

«– Атама Сәліктің атын! – деді болыс шегір көзін ежірейтіп. – Сен Сәліктің шіріген жұмыртқасы. Сәліктің басқа баласының бәле-жаласы сендермен бірге кетсін!» (178 бет).

Бұл аталасы Бердіқұлды жазықсыз өлтіріп, Дауылбайдың қорынбай айтып тұрған арыс сөзі. Қиянаттың бет пердесі қандай дәл. Жазушының шеберлігі психологиялық детальда айқындалады. Дауылбай кім? «Кешегі Қоқан заманында сарттардың бегімен қосылып сорушы еді бұның әкесі елді, енді орыстың оязымен қосылып ойсыратып барады» (156 бет) дейді бір ағайыны Ахат ол туралы.

«Қызыл жебе», романның бірінші томы тегіс Тұрардың әкесі Рысқұлға арналған. Рысқұл болмаса Тұрардай қайраткер, күрескер ұл тумайды, соның үшін әкенің рөлі айрықша дәріптелген. Бұл ретте Шерхан Мұртазаның қалам таңбасында ұлттық әдебиеттің ауыр жүгін Толағайдан бетер бір өзі арқалағанда ауырсынбаған кемеңгер классик жазушы Мұхтар Әуезовтың игі ықпалы тиюі заңды құбылыс. Өйткені қазақ прозасы – роман жанрының бастауында тұрған ірі эпопея «Абай жолы» кейінгі қазақ жазушыларының баршасына ықпалы тигені қылаусыз шындық.

Негізінде жазушы Рысқұлды сүйіп суреттейтіні сонша, оның бір бойында әлем жаралғалы дүниежүзі халықтары әспеттейтін сан алуан романтикалық кейіпкерлердің баршасының мінезі, қаһармандық тұлғасы қосылысып кеткен. Рысқұл бейнесінде орыс, ағылшын, парсы, қазақ,

үндіс, т. б. мықты әдеби персонаждардың қосындысы тоғысқан. Рысқұлдың сотталып, итжеккенге, Сібірге айдалған тұстарын суреттеуде башқұрттың ұлттық батыры Салауаттың рухы қайта-қайта жаңғыра бермегі де соның айқын белгісі. Рысқұлдың әйелі Избайша декабристердің әйелдері сияқты ерінің артынан кетуге пейіл: «Етегінен ұстап жүрсем Барсакелмеске кетуге де разымын» (216 бет).

Рысқұл Жылқыайдаровтың бейнесінде қазіргі тілмен айтқанда, кәдімгідей жарқырауық гламур болуы соның әсерінен екенін ұғу керек. Бұл жазушы үшін, реалистік проза үшін теріс шықпағаны және таң қалдырады.

Саймасай бай мен Рысқұл арасындағы ымырасыздық, дау-жанжал ғұмыр бойы жалғасып, күштінің өктемдігінен әбден ушығып, үзілер тұсына таянғанда дилемма тудырған кайғы-шер.

Саймасай – Қызыл жебедей көз құрты, көңіл жегісіне айналған қас жүйрікті сіңіре алмасын ұққанда қызғаныштың кара иіріміне батып кетеді. Рысқұлға ұрлатып алып, жүйрікті дереу бауыздатып жібереді. Сонда барып ер Рысқұл қандай қиянатқа белшесінен батқанын түсінеді, араша түсуге үлгере алмай қалады. Құлагер феномені оның құрбандыққа шалына беретінінде болып тұр. Расында осы бір ащы шындық жануарлар үшін ғана емес, адамдар арасында әбден бекіген ақиқат. Бір ғана мысал, қазақтан дара туған бұлбұл әнші Күләш Байсейітованың тағдыры тура осы халды қайталайды. Артық туған, өнері құдіретті болғаны үшін Күләш күншіл әріптес әншілер тарапынан бақталастықтың құрбанына айналды.

Қызыл жебенің өлімі – қазақ даласындағы жаңа бір қанды кезеңнің басы әрі белгісіне айналды. Ендігі құрбандықтар жылқылармен қатар адамдар болары анық берілген белгі. Романда Рысқұлдың Қызыл жебенің қаны үшін кек алып, қанға – қан, жанға – жан деп ант беріп, жылқының құнын адаммен алатын тұсы өте нанымды мезет. Қызыл жебе – киелі жануар, оның асыл қаны Саймасайды ұзаққа жібермей, өлімге бастады.

Болыстық, бағландық – әділетсіздіктің өзегі болып шықты. Баяғы дара билер, кара қылды қақ жаратын дана билер заманы келмеске кеткен екен. Ендігінің болысы қандай аяр боларын Абай әсіре әшкере қылды.

«Қызды-қыздымен Тұқымбай да бармағын басып қалды.

Рысқұлда кегі кеткендіктен емес, болыстардың тізімінде жүргенді үлкен ырым етіп, ішінен: «Е, әруақ, қолда, қолда, қолда!» – деп үш қайталады» (118 бет).

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта май
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.

Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңідегі психологиялық портрет мұнда айна-қатесіз дөп тұр.

Романның атауын көтеріп тұрған Қызыл жебе – жылқы жануар, қас жүйрік, әдеби астарда – тектік нышан, символ. Расында ол Ақан серіден Илиясқа ауысқан рух, қазақ халқының Құлагеріндей аза жылқы. Рухсыздандудың құрбаны. Оның құрбандыққа шалынып кетуі құдай берген ең асыл қасиеті – жүйріктігінен, артық жаралған қанатты пырақ болуынан. Шерағаң жылқы мен қазақты астастырып, тамаша ассоциация жасай білген. Қызыл жебе – Тұрар Рысқұлов. Уағы келгенде, 1937 жылдың репрессия қанды қасабында қазақтың артық туған ерлері шалынады, соның бірі – сол. Ер мен оның аты біртұтас кентаврлық сипатта асқақ көрінетін патриархалдық тұрмыстан енді қол үзе бастаған жаңа дәуірге бұл символ бек жарасып тұр.

Жылқыны исі қазақ қастерлейді, жазушы бөріні тотем тұтуын мына бір сөзі айқындайды: «Кбөрі біздің қасиетті киеміз ғой. Көк Түрік заманында көк байраққа алтындап, Көк бөрінің басын салып қояды екен. Сол тегін деп пе едіңіз?! Тегін емес қой. Қазіргі көк байрағымызға:

– Бөрінің басын салайық, деп ұсынғанымда, кәдімгідей ақылды, биік дәрежелі, лауазымды адамдар күлді:

– Ай, осы жазушылар-ай, қайдағы жоқты айтады, – деді. Амал не, көп айтса көнесің дағы. Мейлі, келер ұрпақ бізден гөрі парасаттырақ болса, түзетіп алар». (Шерхан Мұртаза. 4



том. «Ай мен Айша», роман, 47 бетте).

Ай, қап! Өттеген-ай! Сол кезде Парламентте депутат болып отырған Шерағанның тамаша идеясын оң қабылдап, көк бөрінің басы туымызға салынғанда әлдеқайда ұтарымыз анық деп ойлайтындардың бірі менмін.

Романның екінші кітабы тұтас Тұрар бейнесіне арналған, өсу, азамат болу, қайраткерге айналу мезгілдері тегіс берілген. Сондай-ақ, бұл саяси том әрі деректі прозаға айналып кетеді. Совет өкіметінің қылышынан қан тамған алғашқы басшыларының портретін беру жазушыға қаншалық күрделі болғанын оқырман сезуі тиіс. Жазушының деректілік үшін инемен құдық қазғандай жұмыс істегені анық. Алайда білікті тарихшы қауым ғана терең объективті сараптай алатын советтік көсемдердің портреттері қаншалық дәл шыққанын айта алмаймын. Бұл мен үшін өте қиын міндет.

Өйткені бұл кезеңде құдай туралы ұғым аласарды. Көсем – жеке бастың табынуына, пұтқа айналды. Ал пұт құдайлар қисапсыз құрбандық тілеп тұратын тажалға айналғанын А.И.Куприн тәрізді реалистік жазушылар астарлай жазды. Заманға сай әлдебір өзгерісті, ескіні терістеуді мына бір ойдан айқын көруге болады: «Руына тартқан – ұрлықпен тең. Табыңа тарт» (428 бет), бұл пролетардық идеяның ұшығы.

Романның көлемі трилогияға дейін ұлғаюы қазіргі заманғы әдебиет үшін құптарлық іс емес. Себебі артық тұстары болмауы мүмкін болмай қалады.

Кітапта автордың афоризмді сүйетін табиғаты жиі ұшырасады: «Бақ қонған жерге күншілдік үйір болады» (36 бет), «Дүниеде оттан таза нәрсе жоқ. Отта арамдық болмайды» (19 бет).

«Қырық бірінші жылғы келіншек» – Шерағанның үздік әңгімелерінің бірі.

Бұл расында диалог түрінде берілген монолог, кеудесін әбден сағыныш меңдеген жалғыздікті жесір кемпірдің қайғы-шері. Көзіне елестеп, жас кейпінде сағымдай толқып келіп, жанында отыратын асыл жары – Максұтқа Хадиша ол соғыста қаза тапқаннан бергі 28 жылдың ішінде көрген азабын кәдімгі ауыл ішінің ұсақ-түйек назы, қазақы болмыстан алып, шер тарқатып отырады. Расында оның күйеуінің әруағына шағынғысы келгені Шалабай қайнысы

өзін ескермей, қызы әкелген қоржынның аузын болып-толған Ақшай кемпірге ашқызғаны жай әншейін сыныққа сылтау ғана. Жалғыздықтың зарын, шермендені қалай жұбатуды тірісінде ешкім білмесін жазушы астарлы сипатпен береді. Соғыстың қасіретін басқаша беру мүмкін еместей оқырман қоса өкситін қылып береді. Хадиша – жазушының сүйікті, нысаналы кейіпкері болғандықтан, оны бір әңгімеден екінші әңгімесіне көшіріп отыруға Шерағаң ықыласты: «Шекшек шырылдайды», «Соғыстың соңғы жесірі».

Хадиша – автор үшін, соғыс басталғанда небәрі 9 жасар ұл бала үшін өз анасының прообразы.

«Ай мен Айша» атты ғұмырбаяндық романдағы Айша ана мен Хадиша кемпір – ерлері қан майданнан оралмаған тағдыры бір ауыл әйелдері.

Хадиша күйеудегі жалғыз қызының қолында, қартайғанда жиендерін ес көріп отыруына болар еді, бірақ ол тым ескірек, қаймағы бұзылмаған қазақы дәуірдің адамы болған соң, мұны тағы місе тұта алмасы анық. Сондағы дәлелі – «Сенің түтінің өшпесін дедім, Мақсұт». Ескі қазақ дүниетанымында от – өмірлік күш, тазалық символы. Отты өшіру кешірілмес күнә саналатыны сондықтан. Түтін идеясы қазақта тұқым, тіршілік идеясымен өзектес. Психологиялық иірімде жалғыздықтың уытына әбден көндіккен, соған тіпті бауыр басып алған, көкейінен өшпейтін жастық кезеңінің сәулелі сәтімен ғана өмір сүруге бейімделген жесірлік феномені мұнда тайға таңба басқандай тұр.

«Ай мен Айша» бұл романды екі мәрте оқыдым, жалықтырмайды. Роман – дайын киносценарий. Келешекте Шерағаңның осы романы көркем фильмге айналарына шүбәсіз сенемін. Балалық шақтың уыздай бейнесі күмән тудырмайды, сол екіталай ауыр кезеңнің қалыбы боямасыз беріліп, ел мен жерге, ұшқан ұя, туған анаға деген сағыныш жұмсақ, сүйінішпен дәріптелінеді. Үш баланың анасы Айшаның өлім алдында жатқан сәтіндегі бақсы кемпір Аққыздың жасаған емі бір ұлттың анасын аман сақтап қалғандай әсер етеді. Бір-бірінің тілеуін тілескен ағайынның бауырмалдығы ашылады.

Шерағаң прозаның кіші жанрында талай дүние тудырды. Оның әрқайсысы бір-бір психологиялық айқын портрет, адам тағдыры, әрі жазушы адамдарға деген сүйіспеншілігінен

айнымайды. Адам баласына өшпенділік пен қарғыс, қара таңба басу, кесірлік бұл әңгімелерде ырымға жоқ. Өйткені Шерағанның жүрегінде құдай берген мейірім сәулесі, өмірсүйгіштік ерекше қасиет бар. өзі суреттеген сәттей: «Алматының аспанында да жаңа көктемнің толғағы бар. Көгілдір, түпсіз көк әлем. Бір қылау жоқ, бір қылпық жоқ» («Қызыл жебе», 220 бет).

Сол әңгімелерден ерекше ұнағаны – «Нахал торғайлар».

Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның еліне деген перзенттік махаббаты, сағынышы, ер – уайымы осы әңгімеде астарлы түрде беріледі. Шераған жауыз торғайларды бөтен, келімсек, қомағай, сұмдық, басқыншы торғайлар деп атайды. Әдебиеттегі аллегория, гипербола, метафора, т.б. тәсілдерді қолданып, жазушы оның түйінін «Қырғилар нахал торғайлармен соғысқа аттаныпты» деген тәмсілмен аяқтайды. Қырғилар – құтқарушылардың қиналған елге көмекке келуіне Кенжегүл кемпірдің дұғасы себеп болады. Қазіргі қазақ халқының түйткілді мәселелерін бұлайша астарлай бере алу үшін шеберлік қана емес, ұлтын сүйген сәулелі жүрек қоса керек.

Ел біледі: баяғы текті билерге тән қара қылды қақ жарған әділдік, ұлтын сүю, азаматтық ұстаным, халқының дархан дүниетанымын шығармаларында ардақтау – мұның бәрі тегіс Шерхан Мұртазаның азаматтық бейнесінде, шығармашылық кредосында анық көрінеді.

7.08.2012. / 13.08.2012.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖАРШЫСЫ

Ертіс жағасында өсіп шыққан Семей қаласы қазақ халқының жадында қазақтың ұлы тұлғасы Шоқан Уәлиханов пен орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевский кездескеннен бергіде, Абай мен Шәкерім, Мұхтар, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт сияқты біртуар алаш тұлғаларының тасқа басқан таңбадай айшықты ізі қалған киелі жер. Семей содан бергіде қазақтың рухани астанасы деген мәртебесінен еш жаңылған жоқ. Бұл шаһар «Тамаша адамдардың өмірі» атты әйгілі сериямен Москвадан үш бірдей ірі роман шығарған

жазушы Медеу Сәрсекенің құт мекені.

Республикалық баспасөзде дер кезінде, әр кезеңде Медеу ағаның шығармашылығы туралы екі әдеби сұхбат пен бір мақала жариялаптын – «Сәтпаев өмірі таусылмайтын сұхбат». «Қазақ әдебиеті», № 5. 6-12.02. 2004. / «Елі сүйген Ебіней. Жазушының «Ебіней Бөкетов» атты ғұмырбаяндық кітабы бойынша». «Қазақ әдебиеті», № 14 (2914). 8.04.2005. / «Алаң жұрттың тарихы. Жазушы Медеу Сәрсекенің «Ермұхан Бекмаханов» атты ғұмырбаяндық романы». «Айқын» газеті, №229 (1653) 09.12.2010.

«Алтай-Ертіс» кітапханасы сериясымен «Фолиант» баспасынан 2013 жылы жарық көрген жазушының «Шығармалары» жинағына алғы сөз авторымын. 2015 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті баспасынан іргелі оқу орны тарапынан ризашылық энтузиазммен жарық көрген Ермұхан Бекмаханов туралы «Ноқталанған тарихшы» атты кітабында «Алаң жұрттың тарихы» атты мақалам бұл романға баспасөз бетінде жарияланған рецензиялар қатарында жарияланды.

Жазушымен кездескен ең алғашқы әсерім жадымда. Медеу аға Қазақстан Жазушылар одағының Семей бөлімшесін басқарған тұста, 1988 жылы «Жігер» фестиваліне мені өз қалауымен қатысушы ретінде жіберді. Өзім үшін қызық деталь, Медеу аға мені бөлімшеге жолдама беруге шақырғанда, бір музейде киім ілушімін, алдында бір үлкен оқудан өз еркіммен кетіп, басқа бір қиын институтқа дайындалып жүрген көзсіз тәуекелшіл кез. Бәлкім, жұпыны категориямен ойлайтын тар пейіл адам болса, елеусіз жұмысымды менсінбей, жастар фестиваліне жібермей қалар ма еді. Қоңыр күзде самолетпен ұшып, Алматыға, әдебиет мерекесіне баратыныма аяқ астынан ерен қуанғаным бар. Ол кісі жастар әдебиетін аңдап, біліп жүреді екен. Алғаш көргенде ұққаным, Медеу аға артық сөз шығындамайды екен. Сол рухани биік қалыбынан Медеу аға ешқашан айныған емес, басы артық әңгімеге жоқ, шығармашылық дүниесіне ерен адал, жүйелі түрде жұмыс істеуге әбден дағдыланған. Уақыттың қадірін ерекше біледі.

«Абай» журналында қызмет атқарған ұзақ жылдарда Медеу ағамен үнемі рухани байланыста болдым. Медеу аға маған ағалық, жазушылық ақылын айтса, шынын айтады;

әдеби мақалаларды көп жазатынымды аса қабылдамайды, «алтын уақытыңды бекер шығындамай, ірі дүниелер жаз, көп болса, жұрт сені білгіш қыз дейді, мақала деген уақытша дүние, кесек прозаға бар, артына қалатын шынайы беркелі дүние сол» дейтінін іштей хош көретінім рас. Медеу аға бұл тыйым сөзді кейде телефонмен де айтады, соныңды қоймадың, енді айтпаймын деп те айтқаны бар. Бұйырса, сол үдеден шығуға тақау келген сияқтымын.

Медеу ағаның жұбайы Клара тәтемен әңгімем ерекше жарасатын еді. Клара Дүйсебайқызы Есенжолова биолог маман, орыс, қазақ тілдеріне бірдей, ішкі дүниесі кең, өте парасатты жан, мейірімді, зиялы жаралған. Ең ғажабы, Клара тәте мәскеулік «Тамаша адмдардың өмірі» атты сериясы бойынша шығатын небір романдарды үзбей оқитын, керемет оқымыстылар мен көрнекті адамдар туралы тұнып тұрған деректі дүниелерді таң қалдырып айтып беретін. Расында кітапсүйер қалыбыммен осынау әйгілі серия бойынша дендеп оқығаным үш-төрт кітап, тиіп-қашып қараған бірен-саран «ЖЗЛ» есепке алынбайды. Клара тәте барған сайын дастарқан үстінде маған атақты жазушылар, ғалымдар, қолбасылар туралы көктегі тырналардай тізілтіп айрықша тартымды деректерді айтады. Оның астарында көктем мен күзгі ностальгия тұнып тұрғандай, жер көгергеннен бергі адамзат рухына құрмет пен өмірге құштарлықты артыратын сиқырлы әсері күшті; мықты физик Ландау туралы айтқаны көкейімде әлі тұр. Ерекше қабілетті туған жандардың кейбірінің өмірге икемсіздігі, бірбеткей мінезі мен адалдығы, ғылымға өлердей берілгені, отбасына көзқарасы, сынаржақтау болмысы туралы, бір сөзбен айтқанда, Клара тәтемнің әңгімесінен құдай ерен дарын берген адамдардың ешкімге ұқсамас жаратылысы өріліп шығатын. Клара тәтенің кісілік ізгі қасиеттері мен жарқын келбеті сағынышпен көкейімде қалды.

Сонымен Клара тәте дегдар түйін жасайтын, өнеге, үлгі етуге бек лайық мықты адамдарды пір тұтатын жасампаз халық ешқашан жерде қалмайды, жер жүзіндегі ең озық ұлтқа айналады, жасөрім балалардың санасына сондай текті адамдардың өмірбаяны мен халқына қызметіне зейін аударту керек! Олар сондай текті, еңбекқор, адал, қайраткер, дарынды адамдарға еліктеп өсуі керек. Қазақ балалары халықаралық

олимпиадаларда жиі жарқырайды, ғылымда, техникалық білімде таңдаулы болуды санасына құю маңызды.

Мен құс жолындай самғау әңгімелерден соң қанаттанып шығамын. Клара тәте көзі тірісінде маған былай дегені бар, сол сөзі аманат сияқтанады: «Медеу ағаң кітап жазумен қолы тимейді, әдебиетке талантты жастар келіп жатыр. Әміре атаң туралы поэма жазған Қайырбек Шағыров деген ақын жігіт бар екен. Медеу ағаңның жерлес інісі болып келеді. Поэмасын оқып өте риза болдым, сен сол баланы ескере жүрші!».

Медеу аға маған кейінірек ән патшасы Әміре Қашаубаев туралы драма жазу идеясын көкейіме салған, оның да шешуін уақыт көрсетер. Жазушылықта осы тектес биік идея ұсыну бір асыл мұрат.

Медеу аға мен Клара тәтенің үйіне қуанышта, үлкен жазушының Москвадан, Астанадан кітаптары шыққан кезде, бір игілік боларда жиі барады екемін. Творчестволық өріс деген ерен құбылыс бар. Құдіретті дүние, шығармашылық дүниенді кеңейтеді, байытады, биікке жетелейді. Медеу ағадан еңбекқорлықта үйренгенім аз емес.

«Фолиантта» басылатын кітаптарын жазушы өзі қадағалайды, редактор, дизайнермен біріге іс атқарады. Өткен қарашаның қара суығында Медеу аға баласы Ерланның үйіне мені шақырып алды. Полигон туралы үлкен кітабы жарық көрмекші. Медеу аға енді деректі кітап жазбайтынын нақты айтты. Полигон деректері қазақ халқының басына төнген атомдық алапат кеселдің түпнегіздерін, сұрапыл қасіретін айғақтаушы-әшкерелеуші құжаттардың толық жылнамасы. Мұншалық ғаламдық трагедияны түп тамырынан қозғау үшін ұлтын риясыз сүйген үлкен жүрек пен асқан жігер қажет. Ешқашан бетінен қалқып іс қылмас, даяр қалыпқа қызықпас Медеу Сәрсекке талай жыл шығармашылық күш-қайратын осы ірі кітапқа салып, жас ұрпақ алдындағы азаматтық ұлы парызын тағы бір мәрте өтеді. Келешекте полигон туралы деректі кітап орыс, ағылшын тілдеріне аударылса, қазақ халқының басынан кешкен зұлматтарына дүниежүзі қауымдастығының әділетті жанашырлығы ұлғая түспек. Полигон десе, еңсе түсіп, құтымыз қашып кететін аймақтың баласы болған соң оның нағыз қасірет кітабы екені ақиқат екенін білеміз. Академик Рымғали Нұрғалидың бір әңгімесінде Дегелеңді өлген тау деп атайтыны жадтан



өшпейді. Шыңғыстау мен Абралы аудандарын мекендеген халық полигоннан көрмеген қорлығы жоқ, әлеуметтік қорғансыздық, мүгедек нәрестелер, адамдар 40-45 жаста қатерлі ісік, қан ауруынан көз жұмады.

«Бозтаевтың архивін маған беріп кеткен. Мыңнан астам хат бар. Төрт жәшік. Аудармашымен жазылған хаттың өзі отыз шақты. Менде қор ашылған, түпнұсқаның бәрін архивке бердім. Менің атымда қор бар. Бәрін компьютерге түсірдім. Семейдегі архив бастығы келісімшартты бұзбаңыз, бізге беріңіз деді».

Жарты жыл отырып жазушы сол архивті реттепті. Архив дүниесіне қастерлеп қарайтынын ұғу қиын емес.

«Мен француздың классик жазушысы Андре Моруаны ұлы документалист санаймын. «Ебіней Бөкетов» атты кітабымның тұсаукесерін 2005 жылы 15 ақпанда ҰҒА-ның төралқасында академик Мұрат Жұрынов жасады. Сонда айтқанмын. Француз әдебиетінің дәстүрі бойынша бір ұлы адам өлгенде ол туралы деректі кітапты 50 жылдан соң жазады. Мен сол заңды бұзып отырмын. Өмірбаяндық романды Қанекең, Қаныш Сәтпаев дүниеден озған соң 11 жылдан соң жаздым. Қанекең туралы кітапта басты қателігім, 11 жылдан соң кірісуім. Кітаптың тоқталғаны рас. Моруаның айтуын орындамадым. Сәтпаев тақырыбын соңғы бес жылда жазсам басқаша жазар едім.

Ебіней Бөкетов қайтыс болған соң 31 жылдан соң жаздым. Бөкетовтың досы, дұшпаны да залда отыр. Бекмахановты жазғанда тарихшы өмірден өткеніне 40 жылдан асты».

Медеу ағаның жазушылық лабораториясынан біршама хабарым бар. Баспадан шыққан таңдаулы кітаптарының бәрін қолтаңбасымен маған беріп келеді. «Фолианттан» шыққан 8 томдықты иелендім. Медеу ағаның 70 жасында осы баспадан 2006 жылы жарық көрген 6 томдық шығармалар жинағы кітап сөресінде тұр. Үлкен қайраткер жазушы Медеу Сәрсекенің соңғы 20 жылда баспадан шыққан шығармалары түгел дерлік менің жеке кітапханамда бар. 8 томдыққа енген «Қаныш Сәтпаев» атты жұлдызды еңбегі бұл романның 14-ші басылымы екен. Еңбегі жанған жазушы Медеу ағамдай болар. «Қаныш елі» атты кітабы үш тілде жарық көрді.

Шәкен Айманов атындағы Қазақфильм киностудиясында туған «Аманат» атты жаңа көркем фильмнің

қоюшы-режиссері Сатыбалды Нарымбетов. Жұртшылық жақсы қабылдаған сәтті фильм. Режиссер С. Нарымбетов «Ермұқан Бекмаханов» атты роман жарық көре сала, авторға фильм түсіру туралы ұсыныс жасайды. Әу баста бұл кітапқа мәскеулік қазақ режиссерінің де назары түскен болатын. «4 сериядан тұратын фильм түсірілсе, режиссерге сценарийін сен жазады деп келісемін», – деп Медеу ағаның маған бес жыл бұрын айтқаны бар.

Жазушының «Шыңғыс хикаясы» атты повесін қайталап және «Тендерге түскен келіншек» атты пьесасын оқыдым. Рамазан-Рәпіш, Шыңғыстауға мұғалім болып келген ерлі-зайыпты екеудің нақақ қазасы туралы бала кезден естіп өскемін. Нағашы атам Оразхан Бодауханұлы Бақанаста бір қыс жұмыс істеген, екі жасты көзімен көргенін, еш жазығы жоғын, колхоздасуға қарсылық еткен банды өлтіргенін аяушылықпен айтып отыратын.

«Тендерге түскен келіншек» – М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында аншлаппен жүрген драма. Жазушы премьерадан соң басты рөлдегі артистер Бекжан Тұрыс пен Дария Жүсіп спектакльде керемет ойнады деп ризашылықпен айтты. Бұл драмада қазіргі заманғы тіршіліктің бір-біріне жұлдызы қарсы қос түйіні бар – арлылық пен адалдықты жетімсіреткен қоғамда ақшаның соқыр билігі. Адамдық азап шеккен жерде ізгілік қасиет қалмайды. Бас кейіпкерді өмірден түңіліп, тентіреп кеткен ішқұса кейпінен жазушы оңымен құтқаруы нанымды, өлуге бекінген сорлы атасын іздеп тапқан немересі арқылы зұлымдық жеңіледі. Кешегі айтулы архитектор бомж болып кеткен шындық санаға қара тастай ауырпалық түсіреді. Драма өмірдегі ең қимас қасиет адамдардың бір-біріне деген шынайы сүйіспеншілігі екенін, одан өткен байлық жоқ екенін көрермен қауымның көкейіне әбден сіңіреді.

Медеу Сапаұлы инженер-металлург мамандығын алмаса, өндіріс тақырыбына, қазақ жұртын кемеңгерлігімен бөгде елдерге танытқан үш алып туралы деректі проза жаза алар ма еді деген ой келеді. Оның «Жарылыс», «Көмбе» атты романдары өндіріс тақырыбына арналған.

Жазушы алғашқы шығармаларын фантастикалық жанрда тудырды. «Жетінші толқын», «Көрінбестің көлеңкесі», бұл повестерде Ғылыми-қияли және техникалық бір топ

әңгімелерағартушылықсарындажазылды. Ататек-шежірелік кітабы авторының қазаққа тән қастерлі дүниелерге ықтияр, ұқыпты, бейнетқор екенін растаса керек.

Медеу Сәрсекеңнің 8 томдық шығармалар жинағының соңында филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Еспенбетов зерттеу мақала жазды, авторды деректі жанрдың қас шебері, дербес тақырып иесі деп қадап атады. Балалық шақтағы іздеп жүріп, сүйіп оқыған, жарық дүниеден керемет әсерлі құбылыстар іздеген оқушы зердеме «Қос мекенді адам», адам-амфибия туралы қиял патшалығын сыйлаған Александр Беляевтың әйгілі фантастикалық романын қазақшаға аударған Медеу аға екенін осы тұста білдім.

22./ 31. 12.2015.

ТЫҢ ӨНЕРДІҢ ТАРЛАНЫ

Қазақ үшін телевизия өнер саласындағы кенже ұлдай көрінетіні рас. Ұлттық тележурналистиканың алғашқы қарлығашы болу мәртебесі Сұлтан Шәріпұлы Оразалының маңдайына бұйырыпты. Оның негізін қаласқан, әуелгі қиыншылықтарын қара нардай белі қайыспай тартқан жандардың бірегейі деп именбей айтуға болады. Теледидар үшін жазылған 300-ден астам сценарий – әдеби хабарлардың, 20 шақты деректі фильмдердің авторы Сұлтан Оразалының шығармашылығының басты ерекшелігі, ол үшінші жақтан жазбайды. Оны әдебиеттің қағазға басылған нұсқасын емес, объектив, камераға түсірілген нұсқасын таңдап алған жазушы деп атасақ артық емес. Телевизиядағы қадамына екі досының төрелік айтатын тұсын «Жүректің көзі ашылса» атты кітабында суреттейтін тұсы бар. Жазушы досы оған «Өзіңнің эфирге сағым болып таралып жатқаныңды сезесің бе осы?» десе, ғалым досы «Ал мына көз алдымызда туған теледидар дейтін жаңа өнерді кім жасайды? Дарынсыздар ма? Қайсымыз тарихта қалай қаларымызды бір құдай білсін. Содан соң өнердің жаманы жоқ» дейді. Көзі қарақты оқырман екі достың қазіргі қазақ руханиятының нартұлғалары марқұм Рымғали Нұрғалиұлы мен Мұхтар Мағауин екенін жазбай таниды. Ал 1960-1970 жылдардағы қазақ әдебиеті өкілдері

үшін экран беймағлұм, кені ашылмаған, латынша таңбаласак «тэрра инкогнита» («жан баспаған жер») болғаны рас.

Ол тұлғалық портретін сомдаған кейіпкерлерімен тонның ішкі бауындай қоян-қолтық араласып жүрмесе іс өнбесі анық. Бұл осы өнер үшін ең мұқтаж қасиет. Сонымен қатар қазіргі қазақ өнері мен қоғам қайраткерлерінің талайын Сұлтан Шәріпұлы томағасын сыпырған қырандай көгілдір экранға шығарып, халқымызға кеңінен танылуына ұйтқы болғаны ақиқат. Сол адамдардың ризашылығын сезіну һәм ел игілігіне жұмсалар жұмыстар қосарлы. Көзі ашылған бұлаққа жер жүзіндегі ел атаулы сусап отырмақшы. Жас ұрпаққа қаһармандар шоғыры әрдайым керек. Сонымен бірге олардың ет пен сүйектен жаралған адамзат екенін журналист әсте ұмытпауы керек. Яғни, әсіре сырлай беру жараспайды. Кейіннен шыққан авторлық хабарлар осыған екпін түсіруге тырысты. Көрерменді сілкіндіруге ден қойды.

Еліміз тәуелсіздік алған мезетте тіл саясатының негізін салысқан Сұлтан Оразалының қайраткерлік болмысынан шығармашылық бейнесін бөліп алып, тек соны зерделеуді мақсат қылдым. Ол кезінде дүйім жұрттың жан қалауын дөп басып, тамсандырған ұлттық хабарлар шоғырын жасаған адам. Бір ғана Жәнібек Кәрменов пен Ақселеу Сейдімбектің сұхбат циклі, қазақтың айрылмас несібелі қазынасы – төл өнердің ән-жыр бұлағын ағызғаны неге тұрады! Бүгінде марқұм болып кеткен асыл ағалардың ұмытылмас бейнесі мен әуезді үндерін ұрпақ жадына еншілеп беруі көрегендік! Ет пен сүйектен жаралған адам баласының бақиға озған соң фәнидегі бейнесін өшірмеу – бұл экранның парызы.

Тележурналистиканың майын ішкен білгір маманы ретінде Сұлтан Оразалы оның теориялық жағын зерттеуі айқын. Өзінің шығармашылық жолын кітабында суреттеуі студенттерге дайын оқу құралы. Бұл орайда автор телевизияның жаратылысына ерекше тән ғаламдану сипатын ескеріп отырды. Телеэкранның көп сериялыққа құштарлығы, жаргон тілімен айтқанда «көбікті опера» сипаты. Әлем халықтарының ес-ақылын тұтас жаулап үлгерген көпшілік мәдениеті құбылысы. Бір мемлекеттің ішінде таралған телехабар басқа елдерге тез жұғысты әрі сіңімді болады. Жанр табиғаты осындай. Бірақ жалаң көшірме бұл өнерді өсірмейді. Журналистен интеллект байлығы барған сайын

мол талап етіле бермек.

Деректі фильмнің авторы болу үшін әуелі «мен» болу керек. Мұнда фильм тек көгілдір экранға арналып түсірілетіні ескеріледі. Жанрдың ерекшеліктерін пайдалану содан туындайды. Өмірде өзі араласқан, адам ретінде жетік білетін һәм тұлғасына көңілі марқаятын адамдарды сайдың тасындай іріктеп алады. Жеке пікірдің маңызы зор. Сол пікірін нығайту үшін автор адамдарды шақырады. Өз көзімен көрген, ұзақ уақыт сырласқан Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Шыңғыс Айтматов – әдебиет құдіретін танытқан жазушылар. Ғұламалармен дидактасу оңай емес. Олардың рухани талғамына толған авторлық хабарды жүргізуші интеллект иесі осал бола алмайды. Ал журналис көзі көрген, жақын тануға талпынған белгілі адамның бағасы бөлек болатынын бәрібір ұғасыз. Мұнда абстракция жоқ. Жаңа сауылған сүт тәрізді шабыттың ақ уызын көрерменге дер шағында жеткізе білу бақыт. Бір повесінің өзі әлемнің 100 тіліне аударылған классик жазушы Шыңғыс Айтматов Сұлтан Оразалинге риза пейілмен сұхбат беретіндігіне қырғыз журналистері таңданысқан. Кеңестер Одағының аумағындағы әдеби кеңістікте айрықша бақ құсы қонған шон тұлғаның сынына толып, сүйінішін сезіну мәртебесіне лайық болуы Сұлтан Оразалының Ақтанберді, Дулат жыраулар, Абай, Мұхтар, Шәкәрім, Шәкір ақын туған Шыңғыстау топырағында өсіп түлегені тұғыр болса керек. 1983 жылдың күзінде Ташкентте Шыңғыс Айтматов, Қайсын Құлиев, Мұстай Кәрім және Сұлтан Оразалы әрқайсысы өз тілінде: қырғыз, балқар, башқұрт, қазақша сөйлеп, үлкен әдеби сұхбат даярлайды. Теледидарда бұрын болмаған дәстүрдің негізінде тамыры бір түркі тілдері мен еуразиялық идея айқын. Осы жылы Ташкентте Азия және Африка жазушыларының VII – Ташкент конференциясындағы кездесуінде шартараптан жиналғандардың ішінде жұлдызы елден ерек жанған қазақ тележурналисі Сұлтан Оразалы болды. Бекер адамға бақ қонбайды дейді ырымшыл қазақ.

Кейіннен Сұлтан Шәріпұлы өзі Ғабиден ақсақал туралы 30 жыл жинаған деректерін жаңғыртып, фильм түсірді. Ғабиден Мұстафин, Сапар Байжанов, Қуаныш Сұлтанов және басқа еліне елеулі азаматтар туралы деректі фильмдер қазақ руханиятына қосылған алтын үлес. Уақыт өткен

сайын деректі фильм атаулының құны аспандай бермек. Дер кезінде, темірді қызған кезінде соғу философиясы көркем телевизия үшін ең керемет олжа. Оның мән-мағынасының өзі осыған келіп тіреледі.

Тележурналист өз кейіпкерімен кездескенде адам тұлғасы екі жағынан ашылады, сондықтан бір жақтылықтан ада. Сонда ғана көрермен тірі тұлғаны таниды. Телевизия адамзат тіршілігіне ене сала, дереу ықпалын асырып жіберген шалт өнердің түрі болған соң, оған ертегідегі алып тәрізді күн санап өсу жат емес.

Сұлтан Оразалының авторлық иелігіндегі «Сұхбат» циклі қазақ телевизиясының классикасы болғанына енді ешкім таласпайды. 1970 жылдардың басында ұлттық қолтаңба үшін төл туындылар жасау айрықша мұқтаж болып тұрған шақта Сұлтан Оразалының бұл салада көш бастауы іздегенге сұраған іспетті болды. «Қымызхана», «Айтыс», «Сахна», «Творчестволық портреттер» сынды қазақы болмысы күшті хабарлар игі нышанға айналды. Әсіресе, «Қымызхана» әзіл-сықақ, сатира жанры қасқалдақтың қанындай қат кезде туғаны шындық. Ол кезде күлкі театрлары тарала қоймаған. «Айтыс» – біздің эпикалық жаратылысымызды жаңғыртып жіберді. Урбандалуға көшкен қазақы санамызда ұлттық сипатқа, тұп-тұқиян, тамыр-тегімізге тарту жоғалмауы үшін бұл хабар елші пайғамбар тәрізді тууы керек болатын. Әрі айтыс қазақтан өзге кімдерде сақталып, мәпеленіп отыр? Жер бетінде импровизацияға бейімдігін сақтап қалған халықтар некен-саяқ. Шешендік сөздер мен мәйекті тіл орта ғасырларда көптеген елдерде негізгі қалып болғанын тарих растайды. Сұлтан аға негізгі сом күшін әдебиет пен өнерге салуы тіптен тегін емесі содан болса керек. Теледидардың синтездік қасиетін ол бұл орайда өте сәтті қолданды. Мысалы, ол поэзияда «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» атты Махамбеттің бір өлеңінен телепьеса жасап шығарды. Поэзия мен театр қосылысып, көгілдір экран үшін төл туындыны құрайды. Ақпараттық технология дамыған сайын адамзат даяр тұрған дүниелерге зәруліктен арыла алмай қиналады. Сондықтан иесіз аралдағы Робинзон Крузо сияқты тележурналиске бұрыннан бар дүниені қайта жасап шығуға үкім етіле беретіні рас. Романдағы қаһарман күрішті жан баспаған аралында қайта өсіріп алғандай егістік

алқап теледидар өнері үшін молайған үстіне молая бермек. Оның кейде көр-жөрді қаузап кететіні содан, әсіресе, шоу-бизнестегі коммерциялық жобалар жоқты-барға термекке әуес.

Сұлтан Оразалының әлемге қуатты өнер болып таралған телевизия өрісінде өз тәжірибесін танытқан «Жүректің көзі ашылса» атты кітабында өзінің тұңғыш рет эфирге шығу михнатын бейнелейтін жолдар бар. Камераның мысы басқанда ең шешен, ең білікті һәм ділмәр жанның аузына сөз түспей қалады екен. Экранға шығарған кейіпкерімен журналистің жаны кемедегідей бірігіп кетер тұс осы телевизия табиғатына ерекше тән. Суретші мен журналистің өзара сұхбатын түсіріп тұрғанда, екеуі бір мезетте абыржып, дегбірі қашып, бір бойы минут тілсіз қалғанда оператордың тасадан Сұлтан Шәріпұлына қос жұдырығын түйетін жерін езу тартып оқығанмен, сол сәтінде оның азаптың көкесі болған рас. Ол уақытта қазіргідей алдын-ала түсіріп алып, монтаждау жоқ, тікелей эфирге шығады. Ал бір минут көк экран үшін қыруар қазына кілтіндей, аса маңызды. Себебі жарнаманың күші осы бір минут! Ол деген қып-қызыл капитал! Оны үнсіздікпен толтыруға еш рұқсат жоқ. Оператордың жаны шығып кете жаздамағанда қайтсын. Ғабит Мүсіреповтың Сұлтанға айтатын сөзі көкейге қонымды: «Телеэкранда бос сөз бақыр». Екіншісінде осы көрініске кереғар бір күлкілі оқиға орын алады. Эпикалық кеңдікке әбден үйренген жазушы қауымы, ал Сәбен, Сәбит Мұқанов қазақы аңғалдықпен көсіле сөйлегенде қызып алған тұлпардай тоқтамай қояды. Жүргізшінің жан тері шығады, тікелей эфир. Бұл енді кейінгі ұрпақ үшін керемет естелік. Неткен қазақы дархандық һәм ұлттық менталитеттің қайталанбас сәті. Біз расында кең пішілген қазақ емес пе едік! Шеңберге сыймайтын, ноқтаға басы көнбейтін ұлттық жаратылысты дөп танысыз.

Автордың көсемсөзінде, телехабарларында өз жолы сайрап жатыр. Ол кейінгілер үшін ашық кітап.

8.04. – 9.04.2011.

ҚҰМ ДАЛАНЫҢ НАЛАСЫ

Жазушы Дүкенбай Досжанов шығармашылығында

2011 жылдың 20 мамырында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Дүкенбай Досжанның шығармашылығына арналған «Көркемсөз шебері» атты кітап көрмесі өтті. Мұнда жазушының 130 еңбегі қойылды. Жанкешті жазушының кітаптары әлемнің 20 тіліне аударылғаны, 7,7 миллион данамен жарық көргені бір мәртебе. Көрнекті ақын-жазушылардың көрме иесіне құрметі айқын сезілді.

Арал теңізі қазақ жоғалтуға шақ қалған алтын тостаған. Ғарыштан қараса солай көрінер-ау. Ол «Қоғалы көлдер, қом сулардың» – жер тебінгідей кезден шарасы шүпілдей мөлдіреп, айналасына өмір нәрін сыйлаған бір ойығы. Көк теңізді айнала торыған ашкөздік жер-суды ластап, ақыры алапестей тоздырды. Су стихиясын құм стихиясы басып, сонымен қатар ісі адамзаттың өкпесін қоса жаншып барады.

Құмда не қасиет бар, еңсені езердей, құмда қандай қуат бар, дүниенің бар қазынасын бауырына басардай?! Мұны ұғыну үшін күллі адамзат философиясын білу керек шығар.

Белгілі жазушы Дүкенбай Досжанның «Құм адамы – Абылүйген» атты хикаяты ХХ ғасырда әлем әдебиеті қозғаған ірі идеяларды таңдай әрі игере білуімен баурады.

Хикаят кейіпкерінің лақап есімі Абориген – оның молда азан шақырып қойған аты – Абылүйген. Әу баста жеті жасар баланы бұлай кемсітіп, қорлап атаған орыстанған санасын артық санаған мектеп директоры. Қазақтың өзінің кетеуі кете бастаған тұспалы, ұлтсыздандудың басы. Автор бас кейіпкерін «..мөлигеннен мөлиіп Абориген отыр» деп кейіптейді. Бұл қазаққа кейіннен сіңіп алған мінез. Баланың әкесі қойған аты өзгеріп кеткені сол себепті, көнбістік, еті өлгендік. Отарлық езгі мен сана сансырауының, әбілеттей басқан мәнгүрттік уыты.

Мәтіннің астарында адам тұлғасындағы Абориген, өмірі зая Абылүйген – көне дүниенің жұрнағы, жұқанасы, таусылып бітер сарқыншағы. Бәлкім, кісілік пен тектіліктің жанайқайы.

Құм мен адам. Құм сарыны әлемдік әдебиетте көнеден, қасиетті кітаптардан бастау алады. Құм философиясы Дүкенбай Досжанның «Өмір арбасы» атты шежірелік сипаттағы жанды

әңгімесінде бар: «Адамдар, сірә, құмға түскен із бе екен?..». Немесе ол «Шырақшы» атты әңгімесінде: «Қайда қарасаң да ордалы жыландай белдеулене, иретіліп жатқан ұлы құм. Жетім ауыл бейне бүріскен көжек» деп суреттеу арқылы қазаққа төнген экологиялық апаттың аранын айтады.

Абориген қойшының жасы – 37-де, мүшел жас, демек бір қатерді автор аңдатады. Абылүйгеннің тіршілік тауқыметіне әбден көнген, көнтері, запы болған қалыбына налымау мүмкін емес. Адам жаратыла береді екен, оның тірі өліктен аумай қалатын кездері бар.

Қойшының ми айналма қасіретті тірлігі: «Жүре-жүре, жылжи-жылжи түс әлетінде ұлы өзеннің қаңсып қалған көне арнасына келіп құлады». «Баяғы жағаны теуіп, шымырлап ағып жатқан көк найқанның қазіргі сұрқы осы. Көз жасындай ғана бірдеме».

Сусыздық, сусау – бұл шығарманың басты идеясы. Судың зары болатын себебі, жер-судың, экологияның құруы. Бұл хикаяттың астарында бір ұлттың тағдырына байланған. Жердің түгі тозып қаңсу емес, мейірімге қоса сусау.

Құм басқан меніреу дүние. Расында ұлы шөлдер бір кезде жайқалған бау-бақшалы, сулы-нулы, бай өлке деседі. Жұмақтан тозаққа айналдырған адамзаттың өмір салты, ешкі баққан халықтар тірлігі, мыңдаған ұсақ малдың тал-бұтаға шейін жалмаған жемірлігі деген жанды сөз тағы бар. Христиандықта текені сондықтан сайтанның символы санайтын көрінеді. Құмда жүрген, қу медиенде бейнетті тіршілік кешкен әлгі Аборигеннің, жалғыздың мұраты – ұлы өзеннің қайта өз арнасында аққанын көру.

Оны бұл ит байласа тұрғысыз мекенге байлап қойған – әке өсиеті. «Қорқыт атаның моласы тұрушы еді, өзен тасып, жарды жеп моланы көз алдымызда құлатуға айналды... қабірді әне көшіреміз, міне көшіреміз деп жүргенде уақыт өте берді.... қол тимеді... Қорқыт атаның моласы бір түнде жым-жылас жоғалды... Әлі күнге күйші бабаның сүйегін көшіре алмадым-ау деп өкініштен өзегім өртенеді... арманымның ең үлкені сол еді!..арманда кетіп барамын!...».

Қорқыт мотивы шығармада тегін тұрған жоқ. Өмір мен өлім – егіз, өмір соңы – ажал, ал Аборигеннің тірідей көрген күні өлімге тең. Аузына құм құйылу бір шеті өлім ғой, құса сөзін тыңдар құлақ жоқ, ол сол өлімді тірідей көрді. Ешкім

шыдамайтын ауыр тағдыр. Әкесінің тілегі неткен керім, ұлы дарияны аңсап барып үзілді.

Су – тіршілік көзі, жазушы сол поэтиканы беру үшін жанын салады: өгіз өкірген – судың тасуы. Осы тұс маған әңгіме ішіндегі әңгіме, өз алдына бір патшалықтай сезілді.

Құм неге адамзат үшін жұмбақ?! Шөл халықтары неге жайлы жер іздеп сығанша ауып кетпейді?

Түркмен классик ақыны Сеидидің «Шөл» атты өлеңінде құмның қасиеті айқын:

Говорит Сеиди: в душу целишь ты,
Зверобоя на гон приневолишь ты,
И пастуший народ всем наделишь ты.
Щедры дары твои, славны и блага, пустыня!

(Аударма: Н.Вольпин).


Аманхан Әлім «Тағы да құм туралы» атты өлеңінде «Қызыр құмым» деп атайды; түркмен мен қазақ, Қарақұм мен Қызылқұмды қатар жайлаған ежелгі екі тайпаның перзенттік сүйіспеншілігі.

Еңіс шолып, қыр кезген,
Сері самал еспеді.
Есенсің бе, тіл-көзден,
Қызыр құмым көшпелі.

Жанарымды жасқайды,
Алмас құмым жаркылы.

Абылүйгеннің құмның тасбақасымен тілдесуі арқылы советтік кезеңдегі қыр қазағының тұрмысы ашылады. Сол кездің шенеуніктері өз қарабасынан аспайды. Әлі күнге мұнда «Пара наркомнан да пәрменді». Оңғарбай, Мамырайхан совет кезеңінің былықтарын, қыр тұрмысын меңгерген пысықтар. Олар елді, қойшыларды алдап күн көреді. Облыс бастығының, «Бастықтың кербез сұлу келіншегі сүт-май зауытынан бір фляг сүт алғызып, астауға құйып шомылып, сол ақты қайыра ыдысқа құйып балабақшаға жібереді екен деген қаңқу сөз көтерілген». Осындай қаңқу-қауесеттер бұрындар Қазақстанның әр өңірінен естілгені рас. Кепиет атқан надандық, мейманасы асқан кесірліктің сорын арқалайтын қараша халықтың есепсіз есіл еңбегі. Оның түбі сұрауы болмай ма?!

Хикаяттың тілі өте көркем. Автор магиялық реализмге жиі



жүгінеді. Құм стихиясын автор ғылыми тұрғыдан білетіні анық. Оның «Жаңақорғанның тарихы» атты мақаласындағы Құмкент анықтаушы айғақ.

«Біздің қазақ жер қадірін білген бе, қайда көрсең көр бейнеттің соңында, ыстық желі азынаған шөл ішінде, аптап күннің астында, мал соңында қаталап жүргені», – бұл «Сыпа» атты әңгімесіндегі қазақтың марқасқа жазушысы Ғабиден Мұстафин жас Дүкенбайға айтқан сөзі. Бұл лейтмотивті тарихи туындыларында жазушы мистикалық сарынмен беруге шебер.

Құм өсімдіктерінің өзі: «Сексеуіл бұтасы, жантақ шөңгесі, көкемарал уы» – бас кейіпкердің қайғысын жамай түседі. Құм мінезі адам тәрізді. Малды құм көшкіні басып қалады. Абориген ауырып қалғанда «Құм иесі өзім боламын» деп сандырақтайды. Осы мезетте бас кейіпкердің сипатына мифологиялық образ қабыса кетпегі рас. Құмның күллі бейнетін отар қойымен арқалаған Аборигеннің бұлай деуге әбден қисыны бар. Ол да бір бойына сеніп жылдан құр қалған керім жануар түйе тәрізді, «арқалағаны алтын, жегені тікен». Тіршіліктің құмдағы адамдарды тұсаулы атша тұсайтыны сонша, Аборигенге төбеден «тандыр ай» көрінеді. Бір үзім нанға бола бейнеті зор адамзат өкілі.

Қой соңынан ерген жалғыз, жанкешті қазақтың жан төзгісіз ауыр азабы, тозақтан бетер соры Тобық Жармағамбетовтың «Отамалы», «Дүкенбай Досжановтың «Абориген», Жұмабай Шаштайұлының «Қызыл қар» атты повестерінде ерекше гуманистік сарында берілуімен ортақ. Бір-біріне ұқсамайтын үш шығарманы ортақтастыратын бір сарын – қазақ баласының Шопан ата түлігі қой жануарына деген ерен мейірімі. Бұл үш көркем шығарманың құнын биіктететін сарын.

Ал Аборигенді емханаға іздеп келіп, жарылқап кететін өзі сияқты бейнеті зор Қалтақ қойшы. Оның портретінде қазақтың жұқара бастаған тектілігі, риясыз бауырмалдығы бар.

Құм далада құдық қазу – әңгімедегі ұлы сарын. Абориген суы сарқылмайтын бір құдыққа зәру. Жадқа Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» атты астарлы повесі оралады.

Абориген – автордың түпкі ойы бойынша қазақ бейнесі. «Көз» атты әңгімесінде қайталанар идеясы – Асанқайғы зары – «Қазақ қайтіп күн көрер!». Іздеген жерұйығы уақыт

озған сайын құрып барады. Жерге иелік жасайтын ұрпақта әл-қуат, билік жоқ. Жазушының Аралды жоқтауы кейде қарғыс түрінде шер болып шығады: «Аралды құртқан аяушылығы жоқ кесапат кісілер, олар әлі көрінде жатып өкіреді!...». Арал комитетінің төрағасы мен Аборигеннің Аралды жоқтап көрісуі сенімді деталь. Ал «Шырақшы» атты әңгімесінде – Арал теңізі аспанға ұшып жоғалады. Ол бұлт сұлбасында Дайрабай есімді шалдың көкейінде көлбеңдейді.

Жаны қатты қиналған Аборигенге құдықты археолог-ғалым Байпақ қазуға жердем береді. Оның есімі ескі қазаққа тән Байпақ болуында үлкен астар бар, қазіргі заманғы ат болса, ол өлеусіреген байғұс қойшының зарын құлағына ілмес пе еді?! Сол байырғы ұлттық есімі археологты ғалым емес, зәлім болудан сақтап тұр. Оның асыл жады мықты. Соның үшін ол өткенді тірілтуге пейілді. Қазына іздеудің сыры қазақты тану, бірақ көп ұзамай жоғарғы жақ бұл руханият жоғын іздеген игі істі жауып тастайды, біреулерге тарихты аршу ұнамайды.

Құдық қазудың қыр-сырын дала қазағының ұлы ұмытпаған екен. Тереңге түсіп, құм қазған жас жігіттің бірі «баяғы құдықшы әкелеріміз жарлауыт қабақ қайта құламауы үшін құдық ішін сексеуілмен шегендеп, бекітіп отырған» деп жөн нұсқайды.

Абориген – жиынтық бейне. Оның болмысында көптеген әлемдік тұлғалардың нышаны бар болуы соны аңғартады. Ол біресе Қорқыт бабаға ұқсап кетеді. Өзі емханадан құр сұлдері оралғанда, әйелі балаларын алып, кетіп қалыпты. Ол күңіреніп қобыз шалды. Көзіне Қорқыт баба елестейді. Сосын оған қайта құруда өз қамы үшін вертолетпен жеткен Мамырайхан бір шұңқырға құлап қалғанда тегін айтпайды: «Манайдың бәріне көр қазып қойғаныңды қайдан білейін». Қорқыт көрі тұспалы.

Қорқыт сарыны жазушыға қазақтың ұлттық ойлау жүйесіне тән табиғи тетіктің бұзылғанын аңдату үшін керек. «Бар пәле пейілдің тарылып, құлқынның құлы болып кеткеннен. Апат сырттан келген жоқ, іштеріңнен шықты». Моласын су ағызып кеткен Қорқыт бабаның аруағы рухы жасыған қойшымен тілдеседі. Қазақы түсінікке сай жазушы ие, кие, аруақ, рух категорияларын тегіс, мистиканы қолдануы



заңды құбылыс.

«..ел шетінде, мола ішінде мына қойшыны жын иектеген. Безгегі ұстаған адамдай қалшылдауы жаман. Жас кезінде қой шетінде жайылған қотыр ешкідей қояншық еді, меңіреу өлке, мал соңында бұрынғыдан бетер делқұлы болыпты. Мынадай тұзды су ішіп, анадай азынаған аш малмен алысқан бейбақта қаншалық ми қалды дейсің» – бұл тағы ұпайы түгел тұрпайы Мамырайханның ойы.

Іле қойшы образы Ф.М.Достоевскийдің кейіпкерлеріне ұқсап кетеді, солар тәрізді безгегі ұстап қалшылдайды. Негізі Достоевскийде қалтырамай, алқымынан өксік кернеп, буынбай жүретін бас кейіпкер жоқтың қасы, неврастениялық сипаттар оның тіпті ең момақан көрінетін князь Мышкин бейнесінде бар. Ал князь Мышкин орыстың рухы өлмейтін ұлы жазушысында Иисус Христостың ипастасы екенін ұғуға әбден болады.

Расында археолог Байпақтың санасы арқылы тәмсілдейтін «Евангелие от Матвея» – «Матай жазған ізгі хабар», Жаңа Өсиеттің бір үзiгiн Дүкенбай Досжан қазақы болмысқа қисындай кiрiктiрiп, тегiн фрагмент қылып салып отырған жоқ. Христиандық тәмсiлдi қазақ әлемiне әкеп оның сыналай салғанын әркiм әрқалай қабылдауы даусыз. Байзақ есiмдi еуропаша оқыған, жаны бoқ дүниеге былғанбаған таза кейiпкерi арқылы, соның көзiмен жазушы Абылүйгендi Иисус Христосқа балайды. Әсiресе, мұсылман қауымы Иса пайғамбар атайтын, христан қауымы «Құдай ұлы» санайтын Иисус Христостың «Жаратқан ие! Жаратқан ие! Менi неге жалғыз тастап кеттiң?» дейтiн зар тұсын Аборигеннiң малы бiр тамшы суға қанбай қырыла жаздап торығатын азапкер тұсында бере алғаны бiр шетi жазушылық батылдық деуге болар.

Алып империя Совет Одағы iргесi шайқалар тұста Михаил Булгаковтың «Шебер мен Маргарита», Шыңғыс Айтматовтың «Жанпида» атты әйгiлi романдары оқырманға сусатып жеткенiнiң әсерi мұнда тимей қалмағаны анық. Нелiктен қазақ жазушысы христиандық символдың жалына жармасты деп кiнә тағатындар табылар. Бұл расында психологиялық жағынан ақталып тұр. Байпақ орысша оқыған. Ол өздерi арнайы экспедицияға байырғы тарихи жәдiгер – Жент шаһарының орны қала қазуды доғарып, қол астындағы

ғылыми топқа Абориген қойшының шөл қаталатқан отарына құдық қазуды бұйырды. Адамзаттың күнәсін арқалап, құрбандыққа шалынған Иисустың шеккен азабын жаны аши қабылдау арқылы ол Аборигенді қабылдайды. Адамшылық, ар-иман, сенім пайғамбарлықтың, ұлы азапкерліктің табиғатын түсінгенде барып адамға дариды екен. Бұл ретте Дүкенбай Досжанды бөтен діннің бақшасынан жеміс үзді деп айыптай алмайсыз. Адамзатта күн мен ай, жер ортақ, адамшылық қағида ортақ, әлемдік діндердің тегі ортақ.

Көне тарихты Дүкенбай Досжан ерекше сүйеді, қастерлейді, өйткені өзі айтады: «...жазылып бітпес әңгімесі бар кер дала», яғни туған жердің әр тасына, бояу-өрнегіне деген перзенттік әрі суреткерлік сүйіспеншілік эпикалық сарындарға тартады. «Қайрауық күйші» атты көркемдігі келіскен әңгіме сол эпикалық баянның бір үзiгi. Қазақ әдебиетінде өнер падишаһтарын, өнер киенің өзін сүйіп суреттеу Илиястың «Құлагерінен» бастау алған. Әңгімеде аты аңызға айналып, тарих сахнасынан өшкен, бірақ рух пен санада өшпес Отырарда күй тартқан Қайрауық күйшінің алты саусақты болмағы мистикалық күшті әспеттеу, өнер құдіретіне тән қисыннан тыс құпияны аңдау болып табылады. Образға жан осылай бітері анық, проза нақты детальды сүйеді. Қайрауық күйші алты саусақты ғана емес, алты домбыралы, ол бес домбыраны жеңіп алған, былайғы жұрттың көзіне бұл-дағы өнер иелерін шалық шалған, ауысқан деп қабылдайтын ұғымға дөп. Отырар әміршісі керуенге ілесіп кеткен күйшіні артынан қуғыншы жіберіп алдырды. Бағзы Дешті-қыпшақ даласы, Отырарда өнердің бағы жанған, жазушының айтпағы осы.

Жазушы «Мағжанды өлтіргендер» атты әңгімесінде қас дарын мен халтурщиктің ымыраға көнбейтін мәңгілік қайшылығын жазады. Қас дарынды талантсыздар тезірек құрбан қылуға шын ықыласты. Бұл трагедиялық сарын оның «Көз» атты әңгімесінде астыртын тұр, өкімет орнаған жылдары шаш ал десе бас алған белсенді, момын халықты қан қақсатқан Қараноғай Шәкерім ақынды атқан тағы бір жеңдетті еске түсіреді.

«Сыпа» атты әңгімесі нағыз портреттік проза, көркем дәрежеге жеткен, байсалды, қазақтың тамаша жазушысы Ғабиден Мұстафин ақсақалдың бейнесі боямасыз, қоспасыз

берілуімен артық. Сондай-ақ, жазушының бір табысы әңгіме жанрында ақсақал жазушымен қатар өз автопортретін бере алғандығы. Бұл құптарлық тәсіл.

Сонымен қатар «Дон Кихот» атты әңгімесінде шығармашылық әлеміне жазушының жыл құсындай қайырыла орала беруі бұл сарыннан әсте шығуды қаламайтынын аңғартады. Ол әдебиеттің жегі құртындай, өзара бақ таласқан ақын-жазушы қауымның басынан кетпес плагиаттық идеясының формасын сарказм мен гротеск арқылы әдемі тапқан. Біреудің интеллектуальдық еңбегін мұнда біреу иемдене береді. Шынды өтірік жеңеді. Бірақ әңгімеде бұл дерек біртүрлі сенімсіздеу шығып, түбірінен ақталмай тұрғаны анық. Шынтуайтында, жазушы қауым бір-біріне жиендікті көп қылысады. Қызық болғанда, плагиаттыққа ұшыраған автор ол туралы жұмған ауызын ашуға тағы болмайды. Жоқ іздеймін деп жүріп, пәлеге өзін тұтыласың, өйтсең, басың кетеді, әдебиет қып-қызыл дау алаңына айналып қор қылады.

«— Қарсылас, бақталас жазғыштардан құтылмадым, еңбегімді көлденең көк атты пайдаланып кетті, қашан кітап болып шығары белгісіз» деп басталатын тұс монолог, бірақ оның диалог күйінде берілу тәсілі дұрыс. Бұл әділетсіздіктен күйінген қалам ұстағанның өзегін өртеген наласы. Іштей арпалыс, ыза-шері бағзыда сүйегі қурап қалған Сервантестің әйгілі кейіпкері Дон Кихоттың елесі кейпінде танылып тұрғаны мейлінше ұтымды. Неге Дон Кихот?! Дүниежүзілік әдебиетте тұспал қылуға татитын өлмес кейіпкер аз емес. Автор оны текке таңдамайды. Асылында жер беті Дон Кихот тәрізді рухани тазалықтың бірен-саран қалдығы және оны қор, оның қасында өздерін зор санайтын Қарынбайлардың, Гогольдік тоғышар кейіпкерлер галереясындағы тамырын балталасаң өмірден арылмайтын надандардың мәңгілік ымырасыз қайшылық, текетірес, араздығынан тұрады екен. Арман-қиял, рухты, көкті аңсау қарынбайлыққа қол емес. Абайдың «Мыңмен жалғыз алыстым» деуі соның зары. Адамдар өздерінің құдай жаратқан асқақ тегін мүлдем ұмытуға бар. Жамандық иектесе, жындардың жетегінде кете беруге бақұл. Дон Кихоттық құдай жаратқан сұлу жанның санада өшпес жаңғырығы.

Ал жазушылықтағы бақталастықта әдебиеттен тысқары

адамдар айтса сенбес күншілдік дертіне әсте ем қонбайды. Жазушылар бұл ретте бір-бір жекедара мемлекет тәрізді, олар бір-бірін күйрету, үлкен әдебиеттен аластату, жолын қию үшін бірінің лагеріне бірі тыңшы, арандатушы, күйретуші күш жіберуге дейін барады. Сол арқылы бүлдіргі салады. Жасынша жарқ етіп, артынша жанбай жатып сөнетін небір қас талант сондай астыртын зұлымдықтың құрбаны болуы әбден мүмкін. Күншілдік, бақталастық дерттің психологиялық түп-тұқиянын арнайы зерттесе, екінші Фрейд табылар ма еді?

Шығармашылықта жас пен уақыт категориясы атымен жоқ. Талант басты өлшем, ол иерархияға бағынбайды.


«Құм кітабы» атты жинаққа енген әңгімелерден «Үлкендер мен кішілер» атты әңгіме ерекше ұнады. Стили жағынан еуропалық прозаны еске салды. Үйірінен айрылған саяқтықтың мұң-зары көркем берілгенімен баурады.

Қазақ ауылына колхоздасу жылдарында Бұқардан келіп бір ғұлама сінген. Соңында ерткен екі баласы бар деп ойлайды аңқау қазақ, сөйтсе, олар ерлі-зайыпты ергежейлілер екен. Яғұмыс – сол екеуінің жетім ұлы, кіп-кішкентай жалғыз, қазақ ауылында өседі. Аса бір шет қақпай көрмейді. Алайда жаратылысы өзге болу оңай емес. Ол трагедия. «Өз үйірінсіз, өз теңінсіз күні қараң. Яғұмыс та ортасынан айрылған, өзін білмейтін, түсінбейтін, менсінбейтін үлкендер арасында қаңғып жүрген жетім екен ғой. Жарты дән екен ғой» деп толғанады қасында жүрген, бірге өскен қазақ баласы Далабай. Қаладан цирк келгенде есерсоқ Күмісбек оған «Әй, ішінде бөденедей келіншегі бар екен, құда түсіп алып қал!», – деп тегін мазақтамапты. Расымен әлгіндей өзіне ұқсаған жанды көріп ергежейлі жігіт қатты қайғырады. Өзінің арманы мен махаббатына жарық дүниеде жауап болмасын сезіп күйзеледі. Әңгімеде бұл құса шынайы берілген.

Р.С. 1983 жылы республикалық «Жалын» баспасының балалар әдебиетіне арналған жабық бәйгесінде бақ сынап, бір құдайдың қолдауымен жолым болып, мен II орынды иелендім. Бәйге шарты бойынша, бұл конкурста бағы жаным, бас жүлде алған шығармалар жеке кітап болып жарық көруі тиіс.

Тырнақалды кітабым «Жетінші құрылыққа саяхат» деп аталды.

Менің бала кітабымнан «Жалын» журналына 1984 жылы



үзінді жариялаған бас редактор қазақтың айтулы тұлғасы Мұхтар Шаханов, сол журналдық нұсқасына алғысөзді үлкен жазушылардан Дүкенбай Досжан жазды. Ол кісіден ұдайы кітап қазынаға ерен ықылас, сүйіспеншілікті көремін. Жазушылықты өмірлік мұраты еткен Дүкенбай аға кезінде жас толқын маған батасын шын пейілімен бергенін қазір ұғып жүрмін. Қазақтың «Баталы құл арымас» деген ұлы дүниетанымын ештеме алмастыра алмайды. Өзіме жол басында ақ жол тілеп, батасын берген жанашыр ағалардың үміт-сенімі алдамағанына қазіргі әдеби процесс куә. Сондықтан Дүкенбай ағаға ризашылығым шынайы. Кітап қазынаңыз жоғалмасын!

8.04.2012. – 13.07.2012. / 19.07.2012. – 23.07.2012.

ОРАЛХАН БӨКЕЕВ ӘНГІМЕ ЖАНРЫНДА

80 жылдардың басында әдебиет сүйер жас қауымның пір тұтқан шын сүйікті жазушысы Оралхан Бөкеев еді. Араға жиырма жыл салып Оралхан прозасын қайта оқығанда жазушы тұлғасы уақыттың тезінен еш ұтылмағанын, ескірмегенін аңдаудың еш қиындығы жоқ. Оның «Ауыл хикаялары» деп аталатын әңгімелер топтамасы өмірдің өзінен бұзбай алынған мөлтектігімен, жан тазалығымен, шындыққа қылдай қиянаты жоқ әділдігімен оқырманын баурап алады. Оралхан, сөз жоқ, романтик суреткер, бірақ оның өмірге сүйіспеншіліктен өрілетін тұңғыық романтизмі реализмге қиғаш келмейтін тектілігімен қымбат, қызыл сөздің шылауында адасып лағып кетуден аулақ мағыналылығымен құнды.

Оралханның прозасының бағыты реалистік болғандықтан тіптен бұл шағын әңгімелерді очерк деуге болар ма еді, рұқсат етпейді. Орыс әдебиетінің классикалық үлгілері И.С. Тургенев, А.П. Чехов, И.А. Бунин прозасындағы қысқа жанрдағы дәстүрден бастау алып, төл әдебиетіміздегі Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов сынды үлкен жазушылардың шығармашылығында дамып жетілген көркемдік тәсіл Оралхан Бөкеев прозасында көрініс табуы тегін болмаса керек. XX ғасырдың екінші жартысындағы орыс әдебиетінен Оралханды өзінің жерлесі, Аотайдың

арғы жағында, туған Катон-Қарағайына қол созым жер тиіп тұрған жерде туып-өскен Василий Шукшиннің деревнялық прозасымен тамырлас, өзектес, рухани туыс деу артықшылық етпейді. Тағы бір тамаша орыс жазушысы Юрий Казаков тәрізді осынау екі жазушы қарапайым жандардың адамшылыққа толы ұмтылымас бейнелерін сомдады, бұл үшеуінің де кейіпкерлері жан тазалығымен, өркениеттің тасжүрек есепқой қыспағына көнбеген табиғи жаратылысқа адалдығымен ерекшеленер еді.

«Ауыл хикаяларының» негізгі қозғаушы күші жарқын күлкі, кәдімгі өмірсүйгіш, жарасымды күлкі. Жазушы қаламының жұмсақтығына, шеберлігіне жан сүйінеді, тіпті, бір қарағанда, өкініш күштірек, күлкіге татымайтын оқиғаны юмордың жасампаз, саф таза керуен сарайына айналдырып дөңгелентіп жібереді. Өйткені автордың адам баласына деген мейірі артық, ол адам баласын ең жаман әлсіздігі мен қыдығы үшін де ақтап алғысы келеді. Әдетте бұл қасиет үлкен суреткерлерге тән қасиет, адам баласына деген айрықша мейірім шығармашылықтың негізі болса керек.

Осы әңгімелердің басында тұрған «Көк тайынша» атты дүниесі қазақ әдебиетінде еліктеу мен қайталауды сөзсіз тудырмай қалмаған аса тұщымды, тамаша әңгіме.

Әңгіме жанры бір ғана көңіл-күйдің, эмоцияның, бір идеяның жемісі. «Көк тайыншада» ұлттық мінез, психология, салт-сана жарқырап көрінуімен тәнті етеді. Оралханнан кейде бір қос мәнді, астары терең сөйлемдер ұшырасатыны қызық: «Осы шақта қаладағы қаламдастарымның әліне қарамай қолымды мыжғылайтыны есіме түсті» («Маңдайдан бағың шайқалса»). Бұны тура мағынасында болмаса құпия мағынасында қабылдасаңыз де ерік өзіңізде. Оралхан – жазушы. Жазушыға тап осы бір өзін зор тұту мінезі ана сүтімен берілмесе ол қалам ұстап тұмаған да болар еді-ау. Яғни, өзімшілдік пен менмендіктің творчествоға тигізетін еш зияны жоқ: сірә, жазуға, сомдауға келгенде бұл қасиетте обал, сауап деген атымен болмайды. Немесе «Көк тас көк тайыншаның қанына былғанған. Көзі алайып, күзгі ашық аспанға тесіле қарап кесілген бас, серейіп төрт сирақ жатыр». Бұл сөйлемді тұтасымен траги-комедиялық сарында десек қателеспейміз. Бұзаулы сиыр болып, сүтке қарқ қылады, тұқымы асыл деп мәз болып жүрген жас тайыншаны күтпеген



жерден ұры-қары ұрлап сойып алғаны, тіпті «бастаудың суын ластап, ішек-қарнына дейін аршып» әкеткен басынған қылығы иесінің қабырғасына қатты батады. Әңгімедегі санаулы кейіпкердің барлығы да өзіне лайық емес бір ауыз сөз айтпайды, жасандылық, сөз ойнату, жалған эпизод мұнда ырымға жоқ. Ең тамашасы, осы әңгімедегі жоғалған малды жеті ай іздегенде бар бітірген шаруасы шалдың үйіне кеп ет жеп, шай ішіп, үй иелерін тергеп аттанумен шектелетін аудандық милиционер де, кемпір мен шал да қыл ағы әлгі тайыншаны өз құдасынан ұрлап жеген құда бейнесі де кеңпейіл, бауырмал, адамшылық қалыптарынан асатын сұмдыққа жоқ адамдар.

Жазушы өмірдің тап сондай ақжарқын келбетін сүйіп ұнатып, соны қызықтайтынын жасырмайтын тәрізді. Тегінде Оралханның қаламы суреттесе кәдімгі картоп жеудің өзі таңғажайып картинаға, Балтзак әлемге мойындатқан адамдық комедияға айналып кете береді. Мысалы, «Иған» аталатын әңгімесінде бір көрінгенде осы бір күлкіге лайық картоп жеу эпизодының астарында орасан зор трагедия тұнып жатыр. Мұндағы Иған, палуан деген әншейін аты, өзі өлмеген құл демесең барып тұрған шірік, нашар адам. Ол да бір Қарабай, Қарынбайлардың сарқыты сияқтанады, бірақ ол сараңдықтың кесірінен емес, алып денесін жындай жайлаған жалқаулығынан кедейшілікке бала-шағасын қамап, мүсәпір еткен жан. Мұндай маскара еріншектікті құдай ешкімнің басына бермесін деңіз.

Ал «Бес тиын» атты әңгімесіндегі бас кейіпкер Гогольдің шинелінен шығып, Чеховтың «Құндақтаулы адам» атты әңгімесіне рухани туыс, жамағайын десе де болады, яғни әдебиеттегі «кішкентай адам» тақырыбын қамтиды. Сонда Оралханның шағын әңгімелеріндегі әрбір кейіпкер бір-біріне мүлде ұқсамайды, әрқайсысы бір төбе, дара. Оның «Қияли» атты әңгімесіндегі кейіпкері Саршатамыз деген жас жігіт әу баста орыс ертегісіндегі әлгі Иванушка нақұрыс атты жолы болғыш персонажға ұқсайтын сияқтанғанмен, ол да жалқау Иған тәрізді түбі опық жегізетін бос белбеу, кешелеу екені ашылып қалады. Ел болған соң кездесе беретін жан, сондықтан да жазушы оны дәріптеуден, әсірелеуден аулақ.

Ауыл хикаяларының тағы бір кереметі, бұл жазушының өзі туралы да дүние, өмірбаяндық прозаның элементтері көп,

кей тұсы күнделік беттеріне ұқсап кетеді. Оралхан Бөкеевтің туған жеріндегі бастан кешкен кейбір жайттарынан бұл әңгімелер үлкен мәлімет береді, мұндағы тірі адамдардың галареясы жазушының өзімен қоян-қолтық араласқан, сыралғы, ағайын туыс жандар, балалық шақтың суреттері де үзік-үзік жарқырайды.

Сонда қазақ прозасындағы эссе тәрізді прозаның Оралхан қаламына да тиесілі болғанын аңдаймыз. «Апамның астауы» – көркемдігі ерен күшті әңгіме, бұл жазушының балалық шағының суреті. Осындағы апасы, ана бейнесі эпосқа тән телегей-теңіз ішкі қуатымен, таңғажайып штрихтарымен қайран қалдыратын образ. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» атты классикалық әңгімесінде Құрмаш ауылға бөлтірікті алып келген күні апасының қасына жатпай, бөлек шығып кетуші еді ғой. Мына әңгімеде соған ұқсас эпизод бар. Ол енді жазушының өз хикаясы мен адамға тән қызғаншақ мінезі, балалығын жасырмай, боямасыз әшкерелеуімен күшті эпизод. Әпкесі күйеуге қашып кеткен соң, құдалар жағы «апама торқадан көйлек кигізіп, менің қолыма он сом ақша ұстатты. Мен мәз болдым. Өзім-өз болып қолыма ақша тигені сол еді, ышқырымдағы асық салатын қалтаға жымқырып жүгіртіп жібердім де, үйге апамды тастап жаяу қашып кеттім. Апам кештетіп өзі келді. Сол күні түнде мен апамнан мүлде бөлініп шығып, қойнына жатпай, шалбарымды жамбасыма басып жеке ұйықтадым. Ондағы жымсыма ойым – апам құдалар берген он сом ақшаны сұрап алып қояды деген қауіп. Сонда маған «Әпкенді үйге қайтарамыз, он сом ақшаны бер» десе, азар да безер қарсы болар едім-ау; сонда мені әпкемді он сомға сатып жібергендей едім». Он бес жасар, жасөспірім баланың шынайылығында қылдай дақ жоқ. М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заманымыздың кейіпкері» атты әйгілі романында да жасөспірім бала Азамат апасы Бәланы бір арғымаққа бола сатып жіберуші еді ғой. Сонда бұл эпизодтан ешқашан өзгермейтін адамның психологиясын тану қиынға соқпайды. Әрі бұл өзі әлеуметтік ахуалды да әйгілейтін, ел тұрмысын әшкерелеуге татитын деталь.

Осы циклдағы Оралханның хайуанат туралы жазылған қос әңгімесінің де негізгі тақырыбы, басты идеясы – жалғыздық. Бұл енді жас Оралханның басына түспеген, уақыт есейткенде жанын күйзелткен сезім. Сол ауыр

сезім жалғыздықты жазушы ерен поэтикалық сарынмен бере білгені жан тебірентеді. Асылы мұндағы жалғыздық суреткерліктің табиғатына келіп тірелсе керек. «Кербұғы» – символ. Бұл әңгімеде аң дүниесі мен адам дүниесі жер мен көктей астасып, тұтасып кетеді. Кербұғы – өлімнің ақиық шыңына мойынсұну, өмірді қимастықты қиянатқа қимау; өмірді сүю өлімді мойындауға барып тірелетін қорқытшылдық идеяның мәңгілігі шығар. Әдебиетте аң бейнесін сомдау барлық жазушылардың асыл арманы, бірақ оны ұғыну оңай емес аң бейнесін ашу тіптен қиын, хайуанаттар әлемінің өз философиясы мен таным-зердесі өткізбейтін асу тәрізді. Дүниежүзілік әдебиетте осы асудан өткен жазушылар нағыз суреткерлер. Оралхан Кербұғысына тіршілік философиясын салып жіберуге жаны құмартып, сол сүйіспеншілігінің арынан баса алмай алқынатынын оқырман жүрегі сезбей және қалмайды. Кербұғы – дүниедегі ең асыл қазына аң баласы үшін бостандық, еркіндік болса, автор сол бостандықтың да шектеулі, әншейін ашкөздіктің құрбандығына шалына беруге үкім етілген жалғандығына шағынады. Маралдардың мүйізін отап, қан қылып кесіп алатын адамдардың қылығы бұл әңгімеде астары терең символға ұласар еді. Сол «Кербұғыдағы» қат-қабат астарды адамзат қоғамына да телісе болады. Сонда ойлайсың, осы адам баласы қашан шын азат күйін бастан кешеді деп. Осы әңгімедегі маралдарды қоршау, Кербұғының қоршауды бұзып, қарғып өтіп өлім табуы – ол нендей қоршау, жазушы онымен не айтқысы келеді? Осы әңгіме қоғамдық, әлеуметтік өмірге наразылық емес деп толық илана алар ма едік.

«Кербұғы» мен «Бура» өзегі бір, рухтас әңгімелер, олар бір-бірімен наурызға дейінгі тоң астындағы тамырдай байланысып жатыр. Ол асылдықтың жалғыздығы, асыл ердің жалғыздығы, келер ұрпақтың азғындауы мүмкін бе деген қауіп, дүниенің жалғандығы, тегінде қас жақсының жалғыздығы болып сыңсып тұрады, сыңсығанда күзгі жел өтіндегі Алтайдың қалың орманындай қалың мұң жамылып бақылдасатындай ма қалай. Бураның басындағы тіршіліктің лаңы ұлттық бейнеге ұласып кетердей қазақтың жүрегін қариды: «Қазақбай ауылының ең соңғы түйесі осылайша ит жемі болып қазаға ұшыраған». Бура поездға соғылып өлді, өйткені Кербұғы тәрізді нәпсінің иірімі де мұнда

түпсіз тақырып. Мал ырысы болған қазақ даласын енді көк темірдің уыты басқан, ол көкке полигон болып зәр шашып, өлім бүркер еді. Өркениет көш ілгері озғаны қазақ даласына теміржолдың табаны болып келіп, от арба – поездың дүрсіліне айналған, оны әу баста көшпенді нәсіл сайтан арба деп неге атады дейсіз, ол өзінің өмір салты бұзыларын сезген соң айтқан. «Қамшыгер» атты әңгімесіндегі қазақы тіршіліктің де еш жақсылығы жоқ, бірақ онда шынайы азаттық, құстай еркіндік бар сияқты.

Оралханның прозасы өзінің терең өміршеңдігімен құнды. Ол – өз оқырманын ешқашан жоғалтып алмайтын шын бақытты жазушы. Әдебиет үшін бұдан артық идеал болмаса керек.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ. «АРДАҚ».

Қазақ өз дние танымында әлпештеуді, әсіре бөлектеуді, кастерлеуді сүйеді. Оралхан Бөкеевтің мен үшін «Ер Төстіктегі» сегіз апасының сырғасынан бір бөлек ілінген Кенжекей қыздың күміс сырғасындай айрықша көркем һәм жұмбақ сезілетін бір әңгімесі бар. Ол – «Ардақ». Жазушының жүрегі мен түйсігі, арман-қиял, азап-мұқтажымен қоса көріпкелдігі қат-қабат қиылысқан, таңғажайып құпия сыр тұнған «Ардақ» бұл. Мұндағы адам сүйгіш рухтың саф тазалығы сонша, мазмұнды астар орап алады, сонда фбула екінші кезекке ысырылып, символ, яғни тұспал тұтастай алдыңғы қатарға шығады, ерекше қуатқа айналады. Проза үшін тұспал мен астардың маңызын айтуға тіл керек, ол тағы осал болмас. Ишара күн мен түнді қатар орайтын күдірет тәрізді, өйткені түн дегеніміздің өзі де күннің бөгде бір атауы, Күннің бір құбылуы, жердің айналуы ғой. Мұны ХХ ғасырда Хемингуэй айсбергке, мұзтауға теңеген, әдебиеттің тңғиығынан тіксінгенде емес, сүйсінгенде айтқаны.

Қазақ прозасында жарық дүние алғаш жаралған есте жоқ ескі замандардан бұрынғы адамзат әфсаналарының күдіретін бойына сіңірген әңгіме бұл. Мұны ең алдымен әңгімедегі табиғи жабайы стихиялық қуат айғақтайды. Ол жазушының жан дүниесін бұза жарып, ғадеттегі шектен шықпайтын көнбіс ұғымдарды, жаңқа құрлы көрмейтін



алапат тасқындай шайып, ағызып әкетеді. Ең кереметі, бұл рухани ақталады. Япырмау, өмір өзі солай болса керек. Мұның түп негізі әңгімедегі мифологиялық сарындардың әсерінен екені хақ және бұл өзі тіршіліктің қарапайым бір қылығын әсем поэтикаға айналдырып көркейтіп жіберген. Әдебиеттің бағы осылай көктейді, тек жазушы бөтне бақтың алмасына қызығыр ұрламаса болғаны. Бағбанның өз бағынан тиянақ тауып мәпелеуі – жазушының суреткерге айғалғаны. «Ардақ» бұл орайда, жазушының өз бағын өсірген ақ-адал дүниесі болуымен тәнті етеді.

Былай қараса, ерекшелігі жоқ оқшау әнтек оқиға сияктанар еді.

«Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?»

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ...

Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын»

деп Абай атамыз тап басып күңіренген заманның, «қазақтың бір-біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілдеспейтұғының...» (Абай «Қара сөз»: Үшінші сөз) неден болмағы туралы түйін сырттай қалыбы ғана. «Битке өкпелеп тоныңды отқа салма», «Бөлінгенді бөрі жейді» сынды ұлттық көзқарастардың қағидасы тәрізді көрінетіні бірақ алдамшы. Жазушының нақ осыны мақсат тұтпағаны оның интуициясының күштілігінен. Сондықтан әңгіменің өзегін араздық саяқ қылып, өз үйірінен адасқан адамның харекеті деп қабылдау таяздық болады. Өйткені ондағы замануи атрибуттарға көзі қарақты оқырман назары әсте байланып қалмайды. Шығарманың тасы емес, іші қазыналы болған соң солай. Расында мұндағы адасқанның айыбы мен тәубесі тағдырдың жазуы емес, «оңғақ өмірдің» (Оралханның өз сөзі) шынайы асқақ жаратылысындай құбылып сала беруімен, өзгеше реңге енуімен елітер еді, сөйтіп, оның тіпті айыбы да болмай қалады. Шынымен өмірді кім жоққа шығара алады?

Әуелі әңгіменің негізіне зер салайық. Ежелгі аңыз – мифтерден белгілі, керемет, таңқаларлық, әдеттен тыс дүниеге келу көптеген мифологиялық персонаждарға тән қасиет. Космогониялық және теогониялық мифтердің баршасының дерлік сюжетіне тән әуелгі нәрсе – адам баласының тууы, нәрестенің жаралу сәті. Мифологиялық тақырып үшін

туудың маңызы мен мәніне сөз жетпейді. Көне әдебиет үлгілерінен әлімсақтан белгілі, керемет, әдеттен тыс туудың толып жатқан түрлері бар. Мысалы, Афина әкесі Зевстің басынан, Афродита теңіз көбігінен туады. Оғуз, Өгіз хан, Өгіз қаған жарық сәуледен жаралған, орыс жырларындағы Волхтың тууына да қиял-ғажайып элементтері араласады. Брахма алтын ұрық күйінде бастапқыда ертедегі ең алғашқы суда жүзіп жүрген жұмыртқадан шығады. Әлем халықтарының рухани санасындағы кереметтің бірі осы, сірә, адамзат тегі кәдімгі үйреншікті тууды қорашсынатын болу керек. Көптің бірі деген қарабайырлықтан қорғану ғана емес, жалпақ дүниенің нұр дидарын әспеттейтін мистикалық жұмбағына арбалудың артығы жоқ.

Мына әңгімедегі мифтік тағы бір элемент – су. Су – космостың төменгі бөлігі. Ол жаратылыстың ең негізгі стихиясы, әуелгі табиғат құбылысы әрі күллі жаны тіршіліктің негізгі күйі, жабайы хаостың баламасы екені және мәлім. Құранда әр жанды нәрсе судан жаратылғаны айтылады. (21:30)

Сонымен бірге су құнарлықтың, бала бітудің және туудың тұспалы, ана құрсағы мен аясымен толық үндестік табады. Сөйтіп, су – архитип, негізгі бейне, ең алғашқы мұхит суында жердің жаралуында нұрлы дүниенің бастауы тұр. Әлемнің мифологиялық нұсқасында адамзат жермен, сумен байланысты екені хақ. Топан суы туралы аңыз эсхатологиялық ақиқат, онда су дүниенің ақыры ғана емес, жаңа дүниенің басы да, себебі жер бәрібір суда жаралады.

Оралхан Бөкеев прозасындағы мынау әуелгі қасиетті ұғымдарды – суда жаралу мен әдетте тыс тууды өзі де байыбына тереңдемей, о, онысы түйсік атты құдіреттің әсері, ал түйсік жазушылық жадының сиқыры, ия, расы сол, жазушылық интуициясы меңдеп таңдап алғаны шүбәсіз. Жасандылықтың қас жауы да осы түйсік болса керек. Несі бар, шынында құдіретті таңдау бұл, әзелгі сарқылмас рухтың белгісі, шығармашылықтың құдайшыл жұмбағы.

Тегінде күн астындағы әлемде тұтас бір тайпа, патшалардың үрім-бұтағының өсу, өрбу тарихы тап сондай бір қысылтаяң, қиналысты, ғайыптан туулардан басталады. Саргон туралы шумер-аккад мифінде де тастанды баланы құдайдың құдіретімен таңғажайып құтқарып қалу бар.



Жас өседі, жарлы байиды, көркейеді, ерлейді, бір ұлыстың атасына айналады.

Ал баланың суда хаостан жаралуы ежелден философияның көкесі. «Ардақта» суда туған баланың өз анасының бойына бітуінің өзі мифологиялық сарынға ұксап-ақ тұр. Оралхан прозасындағы келесі бір құпия сәт – ол әлгі нәрестенің жаралу сәтіндегі беймәлім тазалық, бұзылғандық. Өйткені оның анасы Ардақ қыз күнә туралы дүниеауи түсініктен мүлдем ада. Ардақта өзге жұртқа тән есею қабілеті әзір оянбаған, ол өзінің балиғатқа толғанын сезінбейді. Тап осы тұста христиандық мифтердегі «непорочное зачатие», яғни баланың рухтан жаратылуы туралы әулие, пайғамбарларға бұйырған мифологиялық мотив бір жаль етіп, көкейге оралып, ізінше жоқ болады.

Сонымен қатар түркі халықтарының жер иесі деген мифтік ұғым күшті. Мұнда су әрі шексіз қасиетті ұғым, бірақ ол бейуақта қауіп-қатердің көзі, тілсіз жау. Су иесі Сүлейменнен қорғаныш сұрауға болады, алайда қараңғыда су жағасына баруға болмайды, жын соғады. Албасты – сумен байланысты мифтік персонаж. Авеста мен ведалық мифологияда «судың ұлы» деген ұғымға ие «Апам-Напат» деген ұғым бар, ол судың рухы. Үнділік Агни де суда мекендейді, мағынасы «су баласы».

Осы әңгімедегі келесі бір тылсым мезет міне: Оралхан прозасының романтикасы ғажап, ол енді ай толғандай толықсыған екені даусыз, сөйте тұра, ерекше шеберлікті мойындау керек, «мұнда жоқ алтын иек, сарала қыз». Екіжүзділіктің шаян құйрығынан марқұм бөгде еркіндік, түз тағысын асыраған жабайы бостандық, ол ежелде адам баласына тән еді. Сол еркіндік адамының есімін Ардақ деп Оралхан тегін алып отырған жоқ.

Шын мәнісінде Ардақ – өмірдің сәулелеі бір атауы, синоним. Жазушы философиясының бір ұшығын тап осы тұстан табар едіңіз. Бұл әңгіменің романның квинтэссенциясын бойына жасырып, тұңғыық иірімі тарта беретіні, бір түрлі шат әсемдігімен жүректі баурайтыны соның әсері. Ардақ – өмір, Ардақ – ана, ол ұрпақ өрбіту үшін жаратылған тірі жаратылыстың өз бөлшегі.

Салыстыру мақсатында дүниежүзілік мифологиядағы Адам атаның серігі Хауа ананы (Ева, Хавва) алсақ ше. Ол –

жер бетіндегі ең алғашқы әйел заты, Адам атаның жұбайы, адамзат тегінің ұлы анасы делінсе де, Тауратта Хауа есімі әзәзілдің азғыруына сенген, солайынша жұмақтан қуылуға үкім етілген күнәһарлыққа байланысты бір айтылса, сонымен бірге адамның жаралуы, сөйтіп екі жарты бір бүтін болуының сыры туралы әйгілі аңызда да Хауа ананың есімі аталады. Алайда негізгі мәтінде оның есімі нақты аталмайды, демек ол атсыз. Неге? Ендеше, оны да Ардақ десек артығы жоқ. Өңгімедегі негізгі идея, ең қасиетті ұғым қиыннан қиыстырған шебер құдайдың бұйрығымен жарық дүниеге нәрестенің келуі. Сондықтан, шығарманың кульминациясында фәни дүние де ардақ, ана да Ардақ, жаңа туған нәресте де сол Ардақтың ардақтысы, оны тосырқаса да нағашы атасы, демек асыраушысы, жатырқамай, жеркенбей қабыл алуы соның мықты бір айғағы, мұның түйіні ардақсыз әлем қараң деген ойды ұлықтау. Сол себепті жазушы ананың мәртебесіне дақ түсірмейді: «Сәбиді дүниеге келтіруден – Ақшоқыны аунатып жіберу әлдеқайда оңай шығар!» – бір сөйлемнен алып пен дананы тудыратын ананың, ұлттың рухы сезілер еді. Бір жағынан бұл әңгімеден сатиралық элемент ырымға табылмайтыны, сол бір тағзым мен рақымшылық сезімнің күштілігінен деп ұғу қажет. Мұндағы Марқакөл сүйікті һәм әзиз образ, түптеп келгенде оның да бір жасырын атауы – Ардақ. Тарбағатай тауларының, Азутау мен Күршім жоталарының арасында қазан шұңқырда толықсыған ірі, ерен сұлу көл. Ағынды көл болған соң талай өзен бұлықсып ағып шығады. Әлбетте, ол да бір даңғаза тіршіліктің күретамыры іспетті. Марқакөлдің суы тұщы, балыққа бай, теңіз деңгейінен биіктікте орналасқан асқақтығы және бар. Өр Алтайдың бір асылы, нағыз ардағы. Жағалауы сыңсыған орман. Автор Ардақты су перісіндей суға құштарлығын, Марқакөлге үйірлігін, онысы жалғыздығының қапасы ғана емес, сағынышты қоздатпайтын, жабыққанын жасыратын асыл мекені де болған соң «ол суға жерік еді» дейді. Біртүрлі құсалы қисын. Марқакөлді бір көрген адам жер жәннаты деп қабылдар еді. Мұны жүз жыл бұрын Алтайдың білгірі, орыс натуралисі, аңшы, саяхатшы Н.И. Яблонский сүйіп жазды.

Ал, жұмағын аңсау адамзаттың көкейін тескен жұмбағы емес пе еді! Сондықтан Хауа анасының түйсігі Ардақта неге болмасын. Өңгіменің табиғаты мистикалық дүние



болғандықтан жазушы Марқакөлін су анасы деп алып, тіршіліктің аясы деп сүйіп отыр. Соның үшін оған экзотика ғана керек емес. Сондай-ақ Ардақтың бейкүнә дерлік, һадал күнәсін су тазартпағанда кім тазартады? Шарықты бұлақтың айлағындағы жалғыз қараша үйден гөрі көлдің сәні мен салтанаты, сұсы бөлек қой. Шынымен адамзаттың оңғақ, есер ісін жаратылыстың түзеп жіберетіні өтірік емес-ау. Сонымен Марқакөл жазушыға оның көркіне тамсану үшін ғана емес, құпия қуанышының сәулесін молайту үшін де таптырмайтын олжа болып тұр. Әсіресе, соңғы сөйлем тіптен ойнақы, әрі шат: «Сәбидің дүниеге келу мінін өз мойнына алған Марқакөл «әкең менмін, әкең менмін» деп тебірене күбірлеп жатыр». Толқынға жан салу мағжаншылдық, бәлкім грек мифологиясынан таныс нимфа, nereидалар, Посейдон тәрізді су иелері мынау кейіптеуден еске орала қояды. Әңгіменің соңы – адамшылыққа мінажат, рухани құлшылықтың көркемдігі. Көоде жаралып, кіндігін толқын кескендей суда туған сәбиді апасы мен атасы наразы болмай рахымшылықпен һәм мейіріммен қабыл алғаны – жазушының жан сұлулығынан құйылған сәулеге ұқсас. Ол оның өмірге деген ыстық сүйіспеншілігінің тілмен суреттеп болмас бір арда қалыбы, сол себепті онда жасанды намыстың сызы да жоқ.

Өлгі бала, ол енді қорғансыз, жазықты бола қоймас, су иесі Сүлейменнен бата алғандай-ақ атасына ашу-ыза тудырмай өкпесін басып туды. Сонда ғой, құдай атқан жоқ, жарылқаған сыңайы бар. Осының өзі аз емес-ау. Жер – су иесі, қырықтың бірі Қыдыр дарыған соң нәрестені қолдайды. Ал, оның иен далада туғаны әсілі мін емес, бекзаттық. «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға, Алла асыраған пендесі аш бола ма?» деп М.Ю. Лермонтовтан Абай аударған осы қос жолдың поэтикасын «Ардақтың» ең соңғы түйінінен табасыз. Расынан бұрынғы өткен түркі баласы қашан құмырсқаның илеуінде қалаларда туып еді, оның тал бесігі даладан ғой. Әңгімедегі шал, нағашы ата шынайы балажандығымен баурайды. Сонымен, адамзат ұрпағының киесі өзге дүниенің лаңына мойын бұрғызбай қалды. Қазақ қана емес, күллі адамзат зердесінде тұтас бір рулардың, тайпалардың, ұлыстың тарихы осы тәріздес сәттерден бастау алары еш күмән туғызбайды.

Былыр «Халықаралық Абай клубының кітапханасы» сериясы бойынша Роллан Сейсенбаев «Ардақты» жеке кітапша қылып орыс тілінде жарыққа шығарды. Ол Анатолий Кимнің аудармасымен шықты. Жазушыға арналған сүйіспеншілік пен ізет еш толастамақ емес.

Әдебиет күшті тегеурін, нұрды сезім мен нағыз махаббатты сүйеді. Ол адам баласын қорлауы емес, ардағым деп қорғаштай сүйі анық. Бұл қасиетті өз жүрегінен тапқан суреткер шын ынтызар, асық жан екеніне талас жоқ.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ. «ҚАР ҚЫЗЫ».

1. Қар символикасы.

Жазушы ә дегеннен әлемнің тепе-теңдігін сақтаушы ұлы күш, мәңгі тоң еліндей қысқы қар патшалығын нақты суреттейді. Ол керемет көркем, сұмдық меніреу, қатал, табиғи аймақ.

Оралханның қар дүниесі көктен төңкерілген алып қазандай сол кеңістікті тұтас көміп тастардай мол: «Бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәубе жасайсыз». Жазушы «суға тұншығу» демейді, бірақ қар – суықтың әсерінен судың мұздаған түрі, физикалық басқа күйі емес пе! Ол тасқын, жойқын, алапат табиғат стихиясын суреттейді. Оның сұлулығы: «Қара көк аспан ғауһарға малынып тұр».

Қар – повестің құс жолындай көсілген түп негізі, жайлауы, аскары, саф тазалық, оның кепілі әрі символы. Мәңгі жасыл белдеулер, қысы-жазы жылы тропикалық жақтар үшін кіршіксіз аппақ қардың баға жетпес қасиеті жұмбақ. Қар қара құрылық Африканың түсіне кірмейді. Түсі ақ болған соң емес, әрине, ауа суытудан туады. «Біздің жақта қыс ұзақ», кез келген мықты жазушыға тән бір қасиет, Оралхан Бөкей циклді шығармалар жазуға икем.

Көк аспанға қараған Нұржан: «Дүниеде қар жауған сәттегідей бейбіт те тыныш өмір бар ма екен» десе, оқырман Алтайдың қысына еніп кеткендей күй кешері айқын. «Өлгенің құрғыр, аспан қарға айналып кетті ғой деймін, бас алдырмады ғой. Өлгі қарындасың сабағына әрең кетті қонышынан қар саулап», – дейді Нұржанның «Айғай апасы».

Қиын түпкірдегі шағын ауыл, еңбек адамдары. Қысы

нағыз көкшұнақ аяз, үскірген қарлы боран, құрсаған омбы қар, жазы жұмақтай көк, сулы-нулы, қарағайлы-шыршалы, айлы-күнді Алтай. Тұнып тұрған реалистік тіршілікке селт еткізер бір жасын керек-ақ. Жазушының ертегі аңсаған адамдардың жүрегін сүйетіні сонша, психологиялық шеберлігі сонша, мынау тып-тыныш, сырттай моп-момақан тіршілікке романтикалық құдіретті көктегі сыналай ұшқан тырналардың сағынышы тәрізді сіңіріп жібереді.

««Қар қызы» деген бәле оянып кетіпті деп жүр ғой. Не құт, не жұт...» – дейді Нұржанға Упрай. Ол аудандық басқарма. Советтік кезеңде орыс тілінен мамандық арқылы енген сөздер қазақ тілін тәуір шұбарлаған: «завгар» – гараж меңгерушісі, т.б.

Повес кейіпкерлері тегіс өмірден алынғандықтан, тағдырларымен тартып тұрады. Нұржан, жазушының өз прототипі деуге лайық. Қар қызы оның арманын, жанын, поэтикалық натурасының нәзік болмысын бейнелейді. Алма, ол әрі қар қызы: «Махаббат жер бетінде жоқ. Егер махаббат бар болса, баяғыда жек көріп кетер едік» – деуі нені білдіреді? Қыз мәңгі сағыныштан сыздаған жүректің тазалығын сақтау керек дейді. Қар қызының әні тек Нұржанның құлағына естіліп, Нұржанға Алма кейпінде танысады. Себебі көптеген адамдар өз жүрегiнiң үнiн тыңдамайды. Материалдық әлем, дүниеқоңыздық бұл адамдардың жүрегiндегi арманды өлтіріп алады, соның кесірінен рухани көрсоқырлық пен азғындауға әкеледі.

«Мені адамдар мәңгілікке өкпелеткен». Нұржан: «Адамдарың кім сонда?» деп сұрайды. Қар қызы: «Қоңқай шал». Нұржан: «Ол адам емес, Қоңқай ғой». Оған қыз «Қоңқайлар да адам. Олар керек» деп жауап береді.

Үлкен түркітанушы-ғалым, зерттеуші, ақын Асқар Егеубаев Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігі» атты үш томдық кітабын қазіргі қазақ тіліне аударған: «Қарду: кара суық күндерде ағынды су, өзен беттерінде пайда болатын қабыршақ мұз». Жырда:

Қабыршақты інжу санама,
Берген сый-дәмді іс қақы деп сезінбе;
Білгелер одан жерінер.
Қардың мұз қабыршағын інжу деп санама,
Болмаған нәрсеге сүйсінбе;

Ондайды даналар жаратпайды».

Аспаннан жауған соң қар қасиеті ерен. Қар тазалықтың көрінісі, рухани сұлулық бейнесі. Солтүстік халықтары фольклорында қар ғұрыптық тазалық символы. Кейбір дәстүрлерде ол періштедей пәктікті айғақтайды. Қардай әппақтық – бұл жер бетіне тән емес, таза сұлулық белгісі. «Қыз Жібек» лиро-эпостық поэмасында сұлулық көктің құдіретінен жаралған.

«Қыз Жібектің ақтығы наурыздың ақша қарындай, / Ақ бетінің қызылы қарға тамған қанындай».

«Ер Тарғын» жырында Ақжүніс: «Қара жерге қар жауар, / Қарды көр де, / Етім көр, / Жауған қарға қан тамар, / Қанды көр де, / Бетім көр» дейді. Әлемдік эпостың құдіреті казактікі.

Алма Нұржанға: «Қандай сұлу болсам – сондай суықпын», «Атам мен апамның қар қызы деп жүргені – менмін. Апамыз бала көтермеген кісі. Мен сол түні адасып кеткен қар қызымын... боранды түнде үсік ұрып, кірпігім ғана қимылдап, қарға көміліп жатқан жерімнен осы үйдегі Ата тауып алды. Жан адамға сездірмей бір жыл бағып-қақты. Содан бері тіпті тірі адамның бетіне қарағым келмейді» дейді. Қар қызы Нұржанға «Елесімді сізге жібердім, әнімді сіздің ауылға жібердім. Осында, мынау жетім қыстаққа жетелеп келген де сол – менің сағынышым. Қазір өзім осында отырсам да, елесім сонау ақ қар, көк мұз шомылған қарлы тауларда ән салып жүр» десе, реалистік сарын мифологиялық иірімдерге ауысқаны. Оралхан Бөкей жер бетіндегі қарабайыр тіршілікке көміліп қалма, арманды аңса деп оқырманының көкірек сарайына құс ұшырады.

Нұржанның ойы: «Қар қызы... ол қандай екен? Бармысың бұл өмірде, жоқпысың? Жылы жерде еріп кететін шығар, қызың...».

Дүниежүзілік фольклорда қар қызы бейнесі өте көркем әрі мәңгілік сағыныш оранған таңғажайып кейіпкер. Орыс ертегісінде Снегурочка – Аяз атаның немересі. Бірақ Қарша қыздың ата-анасы туралы ләм-мим дерек жоқ. Масленицада славяндар қыстың соңын, жазғұтұрым мезетті тойлағанда сабаннан жасалған тұлыпты өртейді, сол сияқты қар қызы күн шуағынан еріп жоғалады. Афанасьев жинаған ертегіде Снегурочканы бала жоқ жұбайлар жасанды жолмен, қардан жасап алып, мүсінге жан бітеді. Христиандық ұғымда

сурет өнеріне тыйым салынбайды. Православие шіркеуінде икона – образ, шығыс христандар соған қарап шоқынады. Католицизмде бейне көбіне қабырғаға салынған суретпен қатар ағаш, тастан ойылған мүсін – дарға тартылып, айқышқа керілген Иса пайғамбар, Иисус Христос болып келеді. Ислам діні суретке табынбайды.

«Снегурочка» атты опера, драматург А. Островский мен композитор Римский-Корсаковта Снегурочка – Аяз бен Көктемнің қызы. «Снежимочка» – Велимир Хлебников жазған рождестволық ертегі. Пигмалион – шебер өзі жасаған мүсінге ғашық болып, Галатей тіріліп кеткені туралы грек мифі. Бұл мифті Бернарда Шоу осы аттас драмасында жанғыртты.

Ханс Кристиан Андерсеннің «Қар ханым» («Снежная королева») атты әйгілі ертегісінде зұлымдық пен ізгілік айқасады. Жүрегі суық адамдар туралы әпсана. «Что так Снегурочку тянуло /к тому высокому огню? / Уж лучше б в речке утонула, / попала под ноги коню. / ...нет ее. Она подобна / глотку оттаявшей воды. / Как чисто с воздухом смешалась, / и кончилась ее пора. / Играть с огнем – вот наша шалость, / вот наша древняя игра», (Белла Ахмадулина. «Снегурочка»).

Прозада Натаниэль Готорн, американдық романтик жазушы «Снегурочка» атты әңгімесінде бұл сюжетті ерекше шабытпен жазды. Қиял-ғажайыпқа сенетін, көкірегі сырлы адамдар ғана мұндай құдіретті таниды. Мистер Линдсли әйелі мен ұл-қызы көріп тұрған Снегурочканы кәдімгі қыз бала деп қана біледі. Оның алтын шашы, жарқыраған жұлдыздай асқан сұлулығы кішкентай ұл мен қызға, оның анасына айдай әсем көрінсе де, әкесіне танылмайды. Өйткені адамдар жаратылысы солай: біреулері өмірден тек сұлулық іздейді, біреулері сұлулықты, көркем өнерді еш пайдасыз деп ұғады. Тоғышарлық пен қиялшылдық.

Қар қызы – мифтегі көктемде тіріліп, қыста өлетін тірі табиғаттың бір бұла кейпі. Жамандық күшейген тұста адам жаны өлгенше жетімсірейді. Сол құлазыған түңілісті сергіту үшін, шиеленіс түйінін тарқату үшін қар қызының жұлдызы жарқ ете түсуі керек.

«Ғажап, қар ән салып жатқандай... ғажап қар жанып жатқандай» – деп жазушы адам жанының сәуле аңсаған

әсем сәтін суреттейді. Қар қызы повесте мекендейтін тұсты жазушы былай суреттейді: «қыстақ жанынан буы бұрқырап, жылып ағар бұлақ, бойы тал-терекпен көмкерілген және оңтүстіктегі биік таудың теріскейі – ағашты, тегінде Алтайдың қалың орманы осы тұстан басталатындай».

Қар символикасы жазушы үшін өмір сипаты сан алуан, сан деректі. «Көкжиек жоқ, айнала аппақ қар, жер жоқ, өңкей бір бой суытып, жүрек мұздатар сұмпайы қар; еріксіз жалықтырады, еріксіз жалғызсыратады...».

Айыртауға аттанған үш жігіт пішен әкелу мұрат болғанмен, шын мәнінде өзін тану үшін алыс жолға аттанғаны ақыры белгілі болды. Бұл жолдың ақыры эзотерикалық, құпия мәні толық ашылды. Адам жаны өзін білуге құштар.

Озбырлық пен пасықтық құрбанына айналған Қар қызы адамзат қоғамынан жеріген. Оның кісікііктігі елге аңыз: «Айыртауда Қар қызы бар екен, қыста қарлы шағылдардың арасында көзге көрінбей ән салып жүреді екен де, жаз шыға жетіқат жер астына сіңіп кетеді екен».

Осипа Мандельштам жазған өлеңде: «Уже не я пою – поет мое дыханье». Қар қызының әні тылсым. «Қар қызының» сарыны – бұл адам жанының асқан тазалыққа құштарлығы, құдайшыл сұлулықты аңсауы. Лермонтов мұндай халді 16 жасында «Періште» («Ангел») атты өлеңінде биік трагедиялық пафоспен берді.

2. Қоңқайшылдық.

Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» – жанры сапарнамалық повес, жол сарыны философиялық астарға негізделген. Кейіпкерлерінің бәрінің есімінде «жан» сөзі болуы тегін ишара болмайды. Алмажан, Нұржан, Бақытжан.

Андрей Платоновтың повесінің атауы – «Джан».

Үш жігіт қыста малға пішен тиеп әкелуге алыс тау ішіне трактормен барады. Совхоздың ауыр жұмысына жегіледі. Жолға шыққандарына екі күн өтсе де, барар жер көрінер емес. Қыста табиғат өліп қалатын тәрізді, тірлік нышанын білдірмейді, жазушы оны «өлі көрініс, өгей өмір» деп таниды.

Саяхат өлі тыныштықты, аязды, адамзат қауымынан безінген жұмбақ қар қызы әр төбеден ән салған бір тылсым күйді шертеді. Грек мифологиясында сирена теңізшілердің құлағына өлімге естілетін.

Оралхан тірі табиғатқа тән ымырасыздықты дәл суреттейтіні қайран қалдырады. Қар әлемі жалғыздық уытын күшейтеді. Алда – Қоңқай асуы. Бейуақтағы үшеудің трактор табан шабан жүрісіне серпіліс пен күйзеліс әкелер тұс жақын. «Кеше Фадиха тұрғындары айтқан: «Айыртаудағы асуда жалғыз үй оңаша тұрады деп. Сол омарташы шал шығар»».

Джек Лондонның реалистігі орасан күшті прозасында Ақ азу – тұз тағысы табиғи сұрыпталудан шыңдалған терістіктің қатал табиғатында алтын іздеушілердің михнатын суреттейді. Адамдар бақытқа балаған байлықты иемдену үшін бастарын өнебойы қатерге тігіп, небір сұмдыққа көніп, небір сорақылықты көріп, өмір мен өлім арпалысын бастан кешетін.

Ол – Қоңқай шал. Өте шынайы образ. Қарынбай, Қарабай, Шығайбайлармен бұл Қоңқайдың қасында жылап көрісуге татиды. Жексұрын, сұмпайы, оңбаған адамды автор тасқа таңба салғандай қылып бейнелейді, әсірелеуден аулақ. «Аманжан ысқырып жіберді: – Мәссаған, безгелдек. Құдайы қонақтан жамбас ақы алған жаман ырымды қай қазақтан көріп едіңіз. Бес сом...ім». «Шал: – Ал, мен... тіпті де қазақ емеспін. Менің ұлтым жоқ », – дейді.

Оралханның көрегендігі осы детальдан көрінеді. Ұзамай «Мен қазақ емеспін» дейтін, қазақ болуды қор санайтындар көлдегі бақаның уылдырық шашқанындай көбейеді.

Шал Аманжанның «Бұл деген қоңқайшылдық» дегеніне елең етеді. Жас жігіттер соғыс жылы туғандар. Нұржан оны мойындап, «Өттерің жарылып кетсе де айтайын, үшеумізде де шикілік бар» деуі тегін емес. «Ұрлықтан тапқан ұрпақтармыз», – деді Аманжан.

«Пышақпен тіле салғандай жалғыз сызықтанған қысық көз» Қоңқай, тегеурінді, қуатты, қайратты Қоңқай – Оралхан Бөкей прозасындағы әлемдік деңгейде галереяға лайық дербес кейіпкер. Жауыздықтың жер бетінен ешқашан өшпейтінінің кепілі осы Қоңқай. Ол жасы жетпістен асса да өмірі ауырмаған, қар адамындай суыққа аса төзімді, жалаңаяқ қар кешетін, елмен араласудан аулақ, аң тәрізді еркін жүрген, табиғатқа ерекше колоритті образ, классикалық тип.

«Қыста аң аулайды, жазда омарта ұстайды». Дін, идея, сенім, қиял Қоңқай үшін түк құны жоқ. Шөптің тамырын, аю еті, бұғының еті жеп, мүйізінің қанын ішіп, Алтайдың

таза ауасының жұпарын жұтады.

Жазушы оның аузына «Бастығы жоқ өмір» деген сөз салады, бұл тәуелді социалистік қоғамды қабылдамау. Жұмыс қанаудың бір түрі емес, бірақ бағынудың құралы. Советтік өмір салтына қарсылықты автор жағымсыз кейіпкердің бейнесі арқылы береді. Социализмнен безіп, оқшауланып, тауда жалғыз күнелткен Қоңқай өзін «Ұлы жорықшылар мен атақты байлардан қалған ендігі тұяқ біздерміз», «Текті тұқым тентіреп жүрсе де, өз тегін айналып табады. Мынау ағаш лашықтың оты сөнбейді ешқашан. Анау Айыртаудың қос өркешін – Ата Қоңқай, Бала Қоңқай деп, мен емес ел айтады» дейді. Оның бұл жердің иесі менмін дегені. Бай-шонжардың тұқымын тұздай құртқан совет өкіметіне қарсылық. Жалғыздығын еркіндігі санайды, үйінің асты толған бағалы аң терісі, небір байлығы сол шонжарлықтан, жалғыздығым – еркіндігім деп иен түзден айырылмауы. Нұржан оны «Тірлігі басқа ақсақал» деп атайды.

Шал үшеуіне: «Мен Қоңқаймын» дейді. «Нұржан: – Аты аңызға айналған қатігез Қоңқай бұдан елу жыл бұрын жер жастанған еді ғой. Шал: – Ол үлкен Қоңқай, ал мен кіші Қоңқаймын. Біздің ұрпақ ешқашан құрымақ емес. Қоңқайлар ұлын жасырып өсіреді. Мен де ұрпақсыз емеспін», – деп жауап береді.

Айтқанындай, Аманжан ақыры нақ осы Қоңқайдың баласы болып шығады. Тегіне тартып ауылға бармай, асуда қалып қоятыны сондықтан. Қоңқай шалмен арадағы қақтығыстан соң мінезі күрт өзгерген Аманжанға не көрінді? Қанындағы қоңқайшылдығы оянды. Сиыршы шал «Анау ұзын бойлы, сүйегі ірі жігіт неше жаста? Жасарып кеткен Қоңқай екен деп қалдым. Тура аузынан түсе қалғандай» деуі анықтай түспей ме.

Жазушының философиясында қоңқайшылдық әркімнің қарақан басында, өзін өзгелерден асырғысы кеп тұратын тілегінде тұр. «Тек қана бір-бірінен жасқана жасырады».

Теріс жолға салып жіберіп, Қоңқай үшеуіне өлім тілеп тұрады. Қоңқай жыртқыш, жауыз, адасқан жұртты қасақана өлімге қияды. Оң жолға ешқашан нұсқамайды. Орыста орман перісі леший бар, ол соған ұқсайды. Тұқымымен зұлым күш иесі Қоңқай өте күшті мифологиялық образ, тым колоритті, қоңқайлар тұқымы құрымайды, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, қоңқайшылдық тұқым қуалай бермек. Жазушы



осыны адамдарға мықтап ескертеді.

Әйткенмен бұл сұмпайы сұмырай Қоңқай бізге бөтен емес, жанымызға біртүрлі жағатын сияктанатыны несі? Өйткені ол біздің жанымыздың бір бөлігі, қоңқайлық адам атаулының бәрінде бар, ол әрқайсымыздың бойымызда өмір сүреді. Адам бойында шайтандық бары тәрізді. Ф.М.Достоевский «Ағайынды Карамазовтар» атты романында «Адам жүрегі – зұлымдық пен ізгілік күрес алаңы» деп түйді.

Жазушы жадтан өшпейтін классикалық кейіпкер жасады. Оралханның Қоңқайы – Бальзактың Гобсек, Гранде әкей, Салтыков-Щедриннің Идушка Головлев сияқты жағымсыз кейіпкерлерінен еш кем емес.

Адақанда Аманжан «жынданып құтырды». Огневка селосы үш жігітті қондырмайды. Кержақтар мен орыстанған казактардың селт етпес кесірлігін жазушы айнытпай суреттейді.

Образ Конкая особенно поражает воображения читателя. Потомственный злодей, он мне напомнил героя Сомерсета Моэма в гениальной повести «Странная история доктора Джекиля и мистера Хайда». Раздвоение личности, вечная борьба добра со злом в сердце человека, она осмыслена по-философски и убеждает даже скептика горькой правдой.

Повесте қоңқайшылыққа қарсы тұрар күш – сиыршы шал. Таудың күнге бетінде Қоңқай жайласа, теріскейінде сиыршы шал отырады. Иен түз. Ол Нұржанға: «Мен, шырағым, Қоңқай үшін отырмын. Ол адастырады, мен тауып аламын. Мен Айыртаудан көшіп кетсем, Қоңқай зәлімнің жеңгені. Осылайша андысып өтеміз. Сенің де өз қоңқайың бар. Басқалардың да...» – деуі жазушының өмірлік концепциясы. Жамандық пен жақсылық итжығыс түсіп алыса беруге жаралған.

Соғыс жылдарында туған осы үшеу – Аманжан – Қоңқайдың, Бақытжан – ауыл бастығының, Нұржан – сиыршы шалдың баласы болып шығады. Бұл дәуірді, соғыс салған таңбаны анықтайды. Үш жігіт түп негізін табуы жазушы үшін айырықша маңызды. Адам өзінің кім екенін анық білуі керек.

Повесте жазушы туып өскен жері, Алтай, оның сұлу баурайлары ерекше суретелінген. Ежелден жер кіндігін, биік даналық пен ақиқаттың қасиетті орталығын, адам жанының

рухани қазынасын іздеген философтар мен эзотериканы сүйетіндер Мұзтауды рух мекені деп таныған. Алтайдың қысқы қатал, маңғаз кейпін сүйіспеншілікпен береді. Рельды өмірді фольклор, мифологиямен шебер астастырған Оралхан Бөкей болмыстың, жерге тән тіршіліктің мәніне үніледі. Онда жамандық пен жақсылық сыйымды, махаббат пен сағыныш егіз, сүю мен жек көру қатар, алтынның буы, байлыққа елту мен адамшылық қоңсы екендігі ашылады.

17. 09. 2012. /12-15.08.2013.

ТЕКТІЛІК ҒҰМЫР ТАҢДАУЛЫ

1. «Ағасұлтан» романы туралы берер сөз.

Абай мен Шәкерім, Мұхтар мұрасына өте мұқият болуды «Абай» журналына келген соң мен Ырысхан ағадан 11 жылда мейлінше үйрендім, әбден сіңірдім, жад еттім. Өз халімше мен де абайтанушы ғалымдардың біріне айналғанымға Ырысхан Мұсаұлының септігі тимей қалмағаны тағы анық. Абай шығармашылығына қатысты, оның әлемдік ұлы ақын екенін айғақтайтын, сондықтан дүниежүзілік әдебиетпен сабақтастығын қамтыған 10-ға тарта мақала, эссе жаздым, құда қаласа, әлі бұйырғанын жаза беремін.

Ырысхан Мұсаұлының «Ағасұлтан» атты романы – абайтану тақырыбына қосқан өзіндік үлесі. Өйткені сол елден шыққан, қолына қалам ұстаған жандардың Абай мен Шәкерім, Мұхтар тақырыбына бұрылмай кете алмайтыны айдан анық. Сондай рухани дәстүр бұл топырақта қалыптасқаны соншалық, табиғи түрде назирашылдық қалыппен ауық-ауық жаңғырып отыратыны бар.

Ағасұлтан – Абайдың әкесі Құнанбай қажы, романда оның отарлану зардабынан ел рухын күйреуден сақтау үшін уезд орталығы Қарқаралыда мешіт салдыруының мәні мен астары егжей-тегжейлі ашылады. Ал Абай әлемін ғана емес, күллі көшпелі өркениетінің көкжиегін классикалық сипатпен жарқырата суреттеген, 19 ғасырдағы қазақ қоғамын айқын бейнелеген Мұхтар Әуезовтей алып жазушыдан соң бұл тақырыпқа бару оңай шаруа еместігі бесенеден белгілі.

Романның негізгі лейтмотиві қазақ ұлтына төнген рухани қатердің бетін қайтаруға уайым ойлап, қам жеген, нақты

қарекет іс қылған ел ағалары, ру басылары Алшынбай, Құнекең тәрізді тұлғалардың барына ризашылық, сол үлкен бабалардың бекзат рухына тағзым әрі тарихи жадты ұрпақ санасынан өшірмеу екенін аңдауға болады. Құнекең ағасұлтан болып сайланып, Қарқаралыда мешіт салдырарда ақ патша үкіметінің әкімшілік жүйесінен өзіне қажетін ала білетін Құсбек төре қарсы шығатыны романдағы негізі конфликт болып табылады. Ол қазақтың күйін күйлеген Алшекең, Құнекең сияқты біртуар елбасыларының жеңісімен аяқталады. Дәуірдің бір белесі осы. Қайран көшпелі елдің жер танабы қусырылып, мал баққан, кең жатқан қазақтың күйі кете бастаған, қыр баласын миссионерлер ашық аңдып, шоқынды қылуды бастап кеткен сұркия дәуірге ислам діні арқылы Құнанбай қажы, хакім Абайдың әкесі, тобықтының мықтысы, қыр шонжары Құнекең сөйтіп қарсы тұруы заңды құбылыс. Ежелден қазақ елін билеген төрелердің қолынан енді билік кете бастайды. Бұл расында қарадан шыққан қазақтың қылғаны емес, ақ патшаның пәрмені екені де тарихи шындық.

Жазушы бұл кітабында ұлттық менталитеттен бір елі ажырамай, қазаққа тән дүниетанымды әрі атрибуттарды ретін келтіріп ұлықтап отырады: «Құнанбай: «Құл мен қожасы майданда теңеледі, жас пен кәрі ақылда теңеледі, кедей мен бай бмырзалықта теңеледі» деуші еді» (58 бет).

Адамдарын асқақтатса, ел мен жерді де қоса асқақтатады: «Мұса Қужаққа қиыстай қарап, ойға кетіп тұр: «Қасиетіңнен айналайын, Қарқаралы Қазыбек пен Алшынбайдың ғана құт мекені емес, Қантай мен Тонтайдың да кіндік қаны тамған жер-ау, жарықтық. Сөздің кені де, күлкінің кені де бір өзінде. Баладан аз-ақ қалыңқы шарқы бойлы, таңқы танау Қужағы мынадай. Дөңайбатқа басса, дүйім елді дүр сілкіндіретін майырдың алдында мұндай айта жүрер іс жасау басқа кімнің қолынан келіп еді?»» деп тұрған», (109 бет).

Осы Қужақ кейіпкер – Алдар көсе мен Қожанасыр сынды ақыл иесі, аңқаусып-ақ тұрып, ақ патшаның қыр еліндегі үкіметі, әкімдік қылатын ресми өкілі майырды тыпыр еткізбейді. Майыры – майор шені, Савелий Савельевич Савельев деген орысша фамилиясы да жасанды, оның шын ныпсысы Аврам, тегі ебірей екенін ашынған бір мезетінде қазақ Жебірейіл деп атап кеткен Гаврила, алыпсарат бай

саудагер айтып қояды. Мұның бәрі өз билігі өзінде емес бодан елдің жайынан сыр береді.

Автор «Жебірейіл тымағын кереге басына іліп, тақиясын киіп... Алшынбайдың оң тізесін ала отырған соң...» (111-112 бетте) – деп суреттейтін алыпсатар, Қарқаралыда байып, ақыры Омбыда үй-жай салдырған келімсек романда ерекше терең образдың бірі. Неге?

Қазақтың қаршадай қызына көзі түсіп, ақыры оны сүйгенінен айырып, ақшаның күшімен, әрі мұнафиқтық, яғни, дінімді өзгертемін, мұсылманшылыққа өтемін деу арқылы некесін қиып, алып тынған, содан Жұпардай сұлу қызды құсадан тез солдырған, сырт көзге қазақ болып кеткен сияктанып көрінуге шебер осы Жебірейіл деген кім?!

«Қыр елі оны көңілі түссе Жебірейіл деп, ұнатпай қалса Жебірей атайтын. Біреулер «Бұл қу атасын жасырып, орысқа бекер жабысып жүр екен, өзінің шыққан тегі жебірей деген жұрт көрінеді» десе, енді бірі «Түйені түгімен, биені бүгімен қылғымай жұта берген соң, ел: «Ойпыр-ай, жебірі-ай» десіп, содан осылай атанып кетіпті» дегенге саяды», (22 бет).

Автордың Жебірейілге деген ұстанымын ә дегенде ұғу қиын. Сондықтан бұл келімсек, есіктен келсе де, төр менікі дегеннің керін байқатпай келтірген жаннан бірден сырын алдырмас тұңғыық бейне шыққан. Өйтеуір, өмір сүруге мейлінше бейім жұрттың баласы. Шекспирден бергі классикалық әдебиетте негізінде адам баласын бір шекке салып, не сұм, не ізгі етіп суреттеу атымен жоқ. Өйткені әдебиеттің негізгі қағидасы бәрібір адам баласын қорғау болып табылады. Жан иесі болған соң солай. Адамды құдай жаратқан пендесі ғой деп тануды үлкен әдебиет қоштайды.

Жұпардай сұлу, еркін өскен қыздың сорына қалған, обалы мойнындағы Жебірейілдің өзінен туған баласы жоқ. Байлықты ол жиғанмен артына кімге қалдырмақ? Соны көркем тұспал арқылы, гуманизм шеңберінде танытуы жазушының табысы. Адал өмір сүрсе, құдай оны басқа жағынан жарылқар ма еді дегенді жазушы Жебірейілдің әйелі Жұпар ұл туғанда қазақша бәйге шаптырып, той жасау арқылы қуанғанынан ұқтыратын тәрізді. Бала алты айға толғанда келіншек ақылмен Жебірейілді билеп, өз шешесіне жібереді. Ал оның қасында баланың шын әкесі Уәйіс аңшы бар. Тексізденуден, жатқа ұрпақ беруден қазақ



қатты қорқады.

Жебірейілге Жұпар қызды, он екіде бір гүлі ашылмаған, жалғыз шешенің көзінің қарашығындай әнші жиенін қымсынбай берген Хасен имамды да оңдырмай, жазушы бірер детальмен бет пердесін сыпырады. Оның ұрдажық сойылын соғарлары қыздың сүйген жігіті Уәйістің домбырасын өртейді. Өнер қонған ел еркелері мен өзіне жақпаса қасандықтан жаңылмайтын кесірлігін дінді жамылу арқылы жасыратын кейбір молдалардың өзара жиі шарпысқан конфликті, 19 ғасырдың бас шеніндегі текетіресті жазушы осылай береді.

Сүпекен мені жек көрді,
Сұпының сөзін кек көрдім.
Ел аралап жүргенде
Сендей, сендей монтаны
Сұпыларды көп көрдім.

Сонау Маңғыстаудағы адайдың Қашаған ақыны (1841-1929) Есқали сұпыны әшкерелеп жыр арнайды.

Домбыра күнә деген сөз
Тек бір айтқан дабыра.

Өзінді халық сұпы дейді,
Боқтағаның қай ағаш?!

Үш қиянның қай түпкірінде болмасын халық пен үстемдік алып үйренген қауым осылай дүниеге көзқарасы үйлеспей жататыны ақиқат. Халық үшін жаралған, ерекше көркем өнер иелері Ақан сері, Біржан сал трагедияларында да осы ымырасыздық айқын.

«Қарқаралының іргесінен кен табылған» (39 бет), енді қарғадай қаптаған қара шекпендер де, қазақпен кіндігі бір туғандай болып ішіне өтіп алған, аса байыған, мырзалармен теңескен, ақылы мен қулығы тең, түшкірсе, «Жәрәкіммәлла, бер тәңір» деп отыратын Жебірейіл сияқты тылсымдардың да заманы туғанын, ендеше мұндай алашұбар дәуір сол елдің жұты екенін, әй тегі тез арылмасын, жазбай аңдаймыз. Өйткені, автор жазғандай: «Майыр төренің жеріне ауыз салмақшы...», (107 бет).

Жатып ішер жалмауыз,
Борсық тұмсық, қанды ауыз –
Ұлық қылған Құдай-ай

Қазақтан шыққан кәпірді!

Дулат Бабатайұлы (1802-1871), зар заман ақындары тегіс күңірене жырлаған, елдікке таңба түскен кезеңнің бір типтік бейнесі бұл романда бар. Сондай бір образ – «Ұрсып сөз, ұрып таяқ өтпейтін Сымық». «Бермесен де, берем деші» деп сөйлеп, ақыры қадалған жерінен қан алатын Сымық сияқтылар біздің қазақта көбейген үстіне көбейді, бұл, Ақселеу Сейдімбек айтпақшы, қазақтың ұлттық мінезі бұзылғанының айғағы.

Расында Құнекеннің тектілігі аңыз бен әдебиеттің нысанына айналған. Оның ұрпақтары саяси қуғын-сүргінде аяусыз қудаланып, жойылып, «Ел билеген бір сымпыс» (Абай), сымпыстық қазақты ен жайлап, оның түбі асқынып, ана тілінен мақрұмдығына риза тұтас бір буындар пайда болып, ақыры ұлтсыздануға бастағанына жазушы наразы.

Өткеннің жаңғырығы бүгінгі күнмен сабақтас екенін ол сөйтіп еске салады. Роман кейіпкерлері – Алшынбай, Құнанбай, Құсбек төре, Тәттімбет күйші, Мұса, Үйсінбай, Майыр, Жебірейіл, Қужак, Сымық, т.б..

Романда ұзақсонар баяндау жоқ. Кейіпкерлер мінезі мен бейнесі, портреттеріс-әрекет үстінде, диалог арқылы ашылады. Бір кейіпкері юмор мен сатира арқылы ашылса, «Алла тағала әркімнің өз көкірегінде» деген ишараны оң қолын кеудесіне басып көрсеткен Құнекен образы байсалды шығуы заңды. Автор оны сөзшең, шешен қылып суреттеуге асықпайды, әр ісін даналыққа телиді. Жазушы Өскенбайдың үш жүзге аты кеткен атақты Құнанбайы бейнесін жасауда аруағынан қаймығатын, тау тұлғасын дөп беремін бе деп қиналатын да тәрізді. Бірақ, Құнекене деген ісі тобықты баласының құрметі мен сүйіспеншілігі жазушы жүрегінде үстем шығады. Тіпті ағайын дұрдараздық қазақта әсте қалмаған ғой, қазірдің өзінде Құнекенді кейбіреу жактырпауын да бұл елдің құлағы естиді кейде. Өйткені баяғы аталардан бақталастық қалған. Ол да шынайыөмір заңы.

Өзімнің анық байқағаным, біздің ауылдың бай лексикасын, өзі суреттеп отырған дәуірдің сөз саптауын Ырысхан аға аумай-төкпей қолданады. Құндыздыда әлі күнге осылай сөйлейді. «Аузыңа қазы май тығылып отыр ма?», «Мысықтың боғынша жасырып», «Астыңнан су шықты ма...», «Сырғаққа сала берген соң...», «Сөз пісіп қойған...», «Қаңғалақ қағып...».



Елдік ерекшелікті жазушының сақтауы дұрыс.

2. «Абай» журналы редакциясында.

Мен республикалық «Абай» журналына 1997 жылдың 3 қыркүйек күні жұмысқа орналастым. Содан табан тіреп, әдеби журналда 11 жыл қызмет істепмін. Осы мерзім ішінде Ырысхан Мұсаұлы журналдың бас шығарушы-редакторы, иесі, шырақшысы әрі біздің ақылшы-ұстазымыз болды.

Мен редакцияға келген беттен Ырысхан аға редакция мүшелеріне таныстырып шыққан соң, «Айгүл, Абай атаңның журналына келгенің тегін емес, өзіңе, жазуыңа жақсы болады, енді жолың оңғарылады, игілікке кенелесің» деп айтты. Кейінірек көзім жеткендей, Ырысхан аға бір сөзін де артық-ауыс, бекер айтпайтын адам екен, әрі әлгі сөзі расымен көріпкелдік болып шықты. Сәуегейлік сөзге айналғанын ойлап, Ырысхан ағамның рухына ризашылық пейіліммен жазып отырмын. Менің «Абай» журналында жұмыс істеген жылдарым шығармашылығым үшін ерекше құнарлы һәм озық жылдарым болып шықты. Биыл 2013 жылдың қарашасында үлкен әдебиетте алғаш есімім көрінгеніне аттай 30 жыл толады екен, ал қазақ прозасының бір өкілі ретінде республикаға танылғаным кезеңім Ырысхан ағаның қол астында қызмет атқарған жылдарым: 1997- 2008. Бұған шынымен тәубе десем керек. Ырысхан Мұсаұлының кеңдігінің, адамшылық қасиеттерінің арқасында дер шағымда үлкен әдебиетте талай жетістікке жеткен екенмін. Қазақ жазушысы болып әдебиетсүйер қауымға танылыппын. Мұны қалай ұмытайын, қалай мойындамайын!

Ырысхан аға ешқашан кісіге қатты айтпайтын. Бірақ наразы болса, ол ақсары жүзінен, көкшіл көзіндегі тұна қалған ашудан білінетін. Бірақ ашу дұспанға жеңдірмей, сабыр сақтауды құдай ол кісінің болмысына жазып қойғандай сезілетін. Тағы бір өзім анық ұққан Ырысхан ағаның адамшылық қасиеті, мың жерден бастық болса да, қол астындағыларын астыртын сеспен, білінер-білінбес ызғармен ұстамайтын. Сондықтан ол кісіден тайсалмастан өз пікірінді айта салуға әбден болатын. Өйткені ұрсып болмаса тыйып тастамайтын еді. «Ақыл жастан» дегендей, кейбір сөзіңе кәдімгідей ойланып қалатын.

Осынау пейілі кеңдікті мен Ырысхан Мұсаұлының

кіндік қаны қаны тамған Абай елінің рухани болмысынан, топырағынан дер едім. Атажұрты Құндызды ауылының адамдарына тән дегдар мінезі деп несін жасырайын, ашық айтуға бармын. Оразалы ағасынан туған, жазушы Кәмен ағасында да осы кең, мейірімді мінез, тектілік болғанын Қарауылдан қанаттанған, Абай топырағында өсіп-өнген күллі шәкірттері біледі.

«Ақынжандылық» атты жанды портреттік очеркінде Ырысхан Мұсаұлы: «Ал, өз басым о кісіге жан теңгермеуші едім. Адам баласына жақсылықтан өзге ойлап көрмеген, алдына кім келсе де көмегін аямайтын кең пейілі, мейірі қандай еді. Не бір ақыл иесіне кезіксе де, не бір мәртебе иесіне кезіксе де терезесін тең ұстай білетін кісілігі қандай еді. Әңгімемен адамды ұйытып тастайтын, әзілмен сергітіп, жадыратып жіберетін ашық-жарқын мінезі, ақынжандылығы қандай еді» деп жақын туысы Пұшан Қонысов ағасын суреттейтіні бар. Осы сурет біздің елдің игі жақсы адамдарына расымен тән дүние болуымен баурайды.

1997-1998 жылдар Қазақстанның тәуелсіздігінің әлі он жылдығы болмаған, өтпелі, қиын кезеңдер болатын. Жалақы бірнеше айлап болмай қалатын. Сондай сәттерде Ырысхан аға журналдың жабылып қалмай, ұдайы жарық көріп тұруына тікелей мүдделі, бас-көз болды. Журнал қызметкерлерінің ел қатарлы аштан өлмей, көштен қалмай, қалам ұстағандар үшін сынға толы сәттерде рухымыз жасымай, алға баса беруімізге қамқорлық жасаудан аянбады.

Редакцияға келу біз үшін қашанда ауырпалықты мойынсұну емес, шығармашылық қуат көзіндей берекелі мезет болатын. Өйткені басшы адамның данышпан әрі мейірімді болуы жұмыстың жанданып, тоқыраудан аман болуының ең басты тетігі. Ендеше, Ырысхан аға қытымыр, қазымыр, қызметкерлерінің жүйкесін жейтін жаман, оңбаған бастықтардан еместігі біздің әрдайым мерейіміз үстем, мәртебелі, шоқтығы биік күйде жүруімізге бастады десем еш жалғаны жоқ. Біз өзімізді құлдыққа жегілгендей сүмірейіп сезінген емеспіз. Туа бітті бас редактор болуға жаралған адам, қол астындағы мінез-құлқы, ұстанымы, тиянақтылығы ала-құла, әртүрлі жандарды нақты іске бағыттап, жүйелі хәм ғәділ басқарып отыруға бек лайық адам біздің салиқалы Ырысхан ағамыз деп айтсам әй, асылық



болмас. Ол кісіден соңғы көрген, бірге жұмыс істеген екі бас редактордың сиқынан түңіліп, сүй демегенде не деймін. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деп кереғарлықты қосарлай салыстырғанда алашағың кетсе де, айтарың кетпесін деп дүние танитын қазақ осындай орынды өкпе-ренішін меззеп айтқаны айдан анық.

Осы естелікті аяқтар сәтте Ырысхан ағаның мен қалыс қалдырған тағы қандай кісілік келбеті бар деген оймен Сұлтан ағаға қоңырау шалдым:

– Ырысхан аға Маңғышлақ өңірінде облыстық үлкен газетті тұңғыш рет ұйымдастырып, сол өңірдегі қолында қаламы бар адамдардан жақсы топ құрды. Темірхан Медетбек сияқты үлкен ақын әдебиетке келді. Одан соң Ырысхан аға елге оралды, оның бүкіл өмірі Семей өңірі жастарын тәрбиелеуге кетті. Жастық шағы осында өтті. Облыстық газеттің тұтқасын ұстады. Осы өңірден шыққан адамдардың бәрі оған қарыздар, баршасына ол бағыт-бағдар берді. Мәдениет пен әдебиеттің дамуына айрықша зор еңбегі сіңді, рухани ұстаздығын бағаласақ, оның атқарған рөлінің теңдесі жоқ, ықпалы зор тұлға болды. «Абай» журналын ұйымдастырып, басылымның бекуіне себеп болды. Әуезов, Аймауытов салған дәстүрді қайта жаңғыртты. Журнал қазаққа, ұлтқа керек дүние болды. Журналды ұлы ұстаздың арман еткен дәрежесіне жеткізді. Мұны айтқанда Ырысхан Мұсаұлын ағам ретінде емес, әдебиетші, жазушы, қоғам қайраткері ретінде бағалап отырмын, – деді ағынан жарылып жазушы, қоғам қайраткері, ұлтжанды тұлға Сұлтан Шәріпұлы Оразалин.

1997 жылдың қыркүйек айының соңында қазақ елі алып жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 100 жылдық мерейтойын тойлады. Семейге үлкен делегация келгені, классик жазушының ескерткішінің алдында Қазақстан Жазушылар Одағының белді-белді мүшелері тегіс қатысқан шеру болғаны әлі көз алдымда. Мен әлі тым кішкентай екі қызымды жетектеп, қалың елдің арасынан Әбіш Кекілбаев бастаған әдебиет майталмандарына көз салып, бір шетте тұрдым.

Артынша Алматыдан игі хабар жетті. Мұханның тойына арнап «ZAMAN Қазақстан» қазақ-түрік газеті

байқау жариялаған еді. Газеттің бас редакторы Жұмабай Шаштайұлы, байқауға жіберген мақалаларымды дереу жариялатып жіберіп отырды. Үш мақаламмен қатысып, конкурстың III жүлделі орнын иеленіпін, сыйақысы 500 доллар. Бас жүлдені академик-ғалым Рымғали Нұрғалиев, екінші орынды ақын, мәдениеттанушы, аудармашы Әуезхан Қодар алды.

Абай елінен шыққан үлкен ақын Мерғали Ибраев: «Мен де бұл байқауға қатысып едім, сенің алғаның мықтылық», – деп қуанып айтқаны жадымда қалды. Мүмкін, мықтылықтан бұрын, жолым болған шығар. Мерғали ағамен «Абай» журналында бар болғаны екі ай жұмыс бірге жұмыс істеуді жазыпты, 1997 жылдың 3 қарашасында ол кісі бақиға озды. Бірақ сол кісінің айтқан ұлағатты бір сөзі әлі күнге көкейімде сайрап тұр.

Алматыға Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығына арналған конкурстың сыйлығын алуға шақырды. Маған сәл кештеу айтылып, ресми тапсырудан кешігінкіреп қалдым. Асығыс түнгі поезға алдым, ол Ташкенттің Сібір жақтан келе жатқан Алматы арқылы жүретін поезы болып шықты. Семейден түнгі 11-де бір топ жолаушы 1000 теңгелік билетпен мінгенімізбен не пайда, орнымыз бос емес, плацкарт вагон лық толы, оны босатып бере қоятын жолсеріктер көрінбейді. Ұялмай-қызармай түнгі 12-де отырған біздерге таңғы 6-да орын босайды, күтіңіз деп қарап отыр. Билетке пысқырып қарағысы жоқ. Бұл фәниде тоңмойын қасақана топастықтың, ардан безген жүгенсіздіктің емі болмайды, соны олардың түк ұяты жоқ жүздеріне қарап ұқтым. Сөйтсек, бұл түбі бір түркі туыстар өз есебіне аса жүйрік жұрт болғандықтан, дереу ұсыныс айтты. Егер жолаушылар үстеме 1000 теңге төлесе, біздерге плацкарт түгілі, купеден орын беруге әбден даяр екен. Бұрыннан осылайша дағдыланып ақшаға кенеліп жүрген «ағайындар» екенін ұқпау мүмкін болмай қалды. Әсіресе, қазекендердің қолы ашық, ысырапшыл әрі жомарт жаралғанын «өзағаларының» бес саусағындай билетіні тағы бар.

Үржар балалар үйінен 3-4 баланы Түркияға оқуға апара жатқан бір қазақ мұғалім жігіт әлгі озбырлыққа бірден келісіп, теміржолшы акаларға сұраған сомасын санап берді. Мен де сол ақшаны беріп, орналасу құқын қайыра сатып алдым, бірақ кетіп бара жатып, әлгі жолсерік-саудагерге: «Біздің



қазақ өліп бара жатса да, мұндай құдайсыздықты ешқашан жасамайды, кейбіреулерге қарап, адамшылығымыз бар ел болғанымызға тәубе деймін», – десем, «Аштан қалмаймыз», – деп қарап тұр. «Өйткен философияң құрысын», дедім.

Алматыда газеттің редакциясында Жұмабай Шаштайұлы конвертке салынған сыйлық ақшамды сақтап қойыпты, құттықтаптабыс етті. Жұмабайағаның тікелей жанашырлығы болмағанда бұл сыйлыққа талас әжептеуір болатын.

Семейге келген соң, әңгіме сұраған Мерғали ағаға осы оқиғаларды баяндай келе, «Осы біздің қазақ өзбек өз ағам деп кенпейіліне бағып, еміренеді де отырады, қайдағы аға, көр-жөр қылықтары мынау, ылғи көзіңді бақырайтып қойып тонап алуға бар, күштен қорықпаса, заңға түкіргені бар, енді өзбектің былыққан поезына отырудан құдай сақтасын!», – деп ыза болып айттым. Қаны мүлде бөтен басқа бір халықтардың өкілінен осы тектес қорлық көрсем ренжімес едім. Жат жағтығын істейді ғой деп қоя салар ма едім?!

Расымды айтсам, Мерғали ақын мына шындық сөзімді қоштап, өзбектердің атына бірер жақтыртпаған ой айтады деп ойладым, сірә. Ал сол сәтте Мерғали Ибраевтың маған айтқан сөзін ешқашан ұмыптаймын. Тек сөзбе-сөз нақты жазып алмағанымға әлі күнге дейін өкінемін. Мерғали аға ойланыңқырап отырды да: «Баяғы өзбек ойы да, бойы да сұңғақ, сұңғыла зерек, дана ел болушы еді, мына теміржол бойындағылары ұсақталып кеткен-ау», – деді қынжылыспен. Мен сол заматта біраз алаяқтары үшін тұтас бір халықты кемсіте сөйлеп жібергендей ұялып кеттім. Дереу есіме парсы тілі салтанат құрып тұрған дәуірде түркі тілінде хамса жазуды бастап, Иран әдебиетінен Тұран сөзі еш кем еместігін танытқан Әлішер Науаи, Ұлықбек, Бируни орала кетті.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд.

Абай хакім 13 жасында Аллаға сыйынып, рухтарына жыр арнаған 7 самұрықтай шайырдың 6-ы ирандық болса, біреуі түркі нәсілі – Науаи. Күллі түркі тектес классикалық поэзияның бастауында Науаидың есімі тұрады.

Мерғали ағаның шынайы ақындығынан бұрын, Абай елінің төл азаматы екенін осы бір ауыз асыл сөзі айғақтайды.

Өйткені бұл асыл өнеге Абайдан кейінгіге мирасқа қалған. Тап осы дархан мінез, осы сырбаздықты, ұлыдан өлшейтін кісілікті Ырысхан ағамыз бізге өзінің биік парасатымен, ізгі қасиеттерімен ұдайы танытып отыратыны тағы ақиқат.

Бір жолы бас редактордың кабинетінде жұмыс басталғанда бас қосатын дағдымен тегіс жиналған едік. Журналға кететін материалдар рет-ретімен дауыстап оқылады, сөйтіп талқыға түседі. Журналистер мақала туралы пікірлерін айтқан соң, мақала басылымға не өтеді, не өтпейді, өткен күннің өзінде түзетіліп, сын айтылған тұстары жөнделуі тиіс.

Жұмысқа ойыспас бұрын, Ырысхан аға: «Айгүл, мен сені мына жұрттың көзінше қуантайын», – деп күлді. Редакция мүшелері елеңдей, құлақ түре қалысты.

– «Абай» музейінде істейтін Мұздыбай ағанды білесің ғой, сол ағаң сені мақтап отыр, – деді Ырысхан аға.

– Мен Сіз бір ақшалай сыйлық туралы айтады екен десем, бар болғаны сол-ақ па?! – дедім онша қуанбай.

– Пәлі, ол абайтанушы ағаң, Мұздыбай Бейсенбаев, мақтауға өте сараң адам. Ол кісі өзі талантты ерекше мойындамаса дәнеңе айтпайды. Сондықтан сені мақтағанын жақсыға жорып отырмын. Сен туралы шашы жалбыраған көп қыздың бірі ме десем, сынды тура Белинскийше жазады екен деді, – риза болып әрі қуанып жеткізді Ырысхан аға, мұны басқалар да естісін деген ойын жасырмай.

– Ырысхан аға, маған енді әдеби премия алыпсың демесе басқасы онша әсер етпейді, – дедім сонда да өз ойымды ашық айтып қалатын ғадетіммен.

– Жағдай дұрысталса, әлі қаламақыларың да болады, – деді енді Ырысхан аға бәріне қарата айтып.

Келер жолы журналдың кезекті санына жазылатын мақаланы талқылап отырдық. Мұндайда журналдың шығармашылық тобы өзінің жоспарын ұсынады, оны бас редактор бекітеді. 2001 жылдың №4 санына мен Шәкір Әбенұлының «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» атты дастанын талдап, жазамын дедім.

Ырысхан аға:

– Шәкер атаңды сенің Сапар ағаң, Сұлтан ағаң жазған. Сен солардан асырып жаза алар ма екенсің?! – деді күдік айтып.

Редакциядағы ел тыңдап отыр. Сапар Байжанов, Сұлтан Оразалин, Шәкір Әбенұлы және Ырысхан ағаның өзі, мен –

бәріміз бір ел, бір ауылдың тумасымыз. Әрі елдес-жерлес қана емес, нағашылы-жиенді туыстар екеніміз тағы рас. Қарға тамырлы қазақ деп бекерге айтпайды. Шәкер ата мен Сапар аға анаммен бір атадан тарайды, ал Сұлтан аға мен Ырысхан аға менің анам, мамандығы математик, Құндыздыда 32 жыл мектепте сабақ берген Тоқташ Оразханқызы Бодауханованың жақын нағашылары. Қызық болғанда қазақи шындық осы. Ал мен Ырысхан ағаның журналына жұмысқа келмес бұрын, Сапар ағам мен Сұлтан ағамның нақты көмегінен өтіп, студент атанғанмын. Мұның бәрін Ырысхан аға бес саусағындай біліп отыр.

Шәкер атаның эпикалық поэмасы туралы 11 бет үлкен зерттеу жазып бітіп, дағдымен редакциялық талқыға салуға дауыстап оқып біттім. Әрбір ғылыми қызметкер өз пікірлерін кезекпен айтады. Ырысхан аға ерекше ұйып тындап отырды. Не айтар екен деп бағып отырдым.

– Шәкерде де арман жоқ екен, артында мынадай жоқтаушысы, ұрпағы болғаны соның айғағы, – деп ол кісі бір ауыз сөзбен кесіп айтып, мақалама өте жоғары баға бергені. Жүзінде ризашылық тұнып тұрды, әрі менімен қатар Шәкер ақынды жаңа бір танығандай ойлы отырды. Расында Шәкер ақынның әр өлеңін, әр дастанын тегіс жатқа білетін адамдар ғой. Біздің ауыл оны Шәкір демейді, Шәкер ата өзінше деп айтады.

Қаламақы түзелген мезет Шәкер атаның поэмасын талдаудан соң болды. Министрліктен қаржы уақытымен аударылып тұратын тұрақтылық басталды. Бұл 2002 жылдың басы. Қаламақы тұрақтана бастады. Ал Шәкер атаның шығармашылығы туралы зерттеуім, т.б. сол сандағы екі-үш дүнием үшін Ырысхан аға маған, ұмытпасам, бір нөмірдегі жарияланымдарыма 27 000 теңгедей қаламақы қойды. Қыста қас тез қараяды, кешкісін үйге қатты қуанып кіргенім есімде. Дүкенге кіріп, кішкене екі қызыма, көптен көзім түсіп жүрген өте қымбат қуыршақтар мен тәтті-дәмді алып үлгердім. Балаларым бірден әдемі ойыншықтарды бас салды.

– Мама, Ырысхан ағаның түсіне Шәкер ата кіріп, белгі берді ме екен, ол кісі менің жазғаныма үлкен қаламақы қойды, бұрын мұндай ақша редакцияда жоқ еді, – дедім.

– Ырысхан ағаң жазғаныма қуанды, «Шәкерде де арман жоқ» деп айтты деп өткенде өзің айтып келдің ғой. Шынымен

зерттеу мақаланың тәуір дүние болғанына ризашылығы бұл, әрі қазақ әуелі Алла, сосын әруақ жебейді деп тегін айтпайды, – деді мамам қоса қуанып.

Шынтуайтында, мамам өзінің ет жақын туыстары болғандықтан шығар, маған үнемі: «Шәкер атанды жаз, Шәкер атанды сен жарқыратпасаң, кім іздейді?! Сапар ағанның жақсылығын еш ұмытпа, елге 1994 жылы соңғы келгенінде, жұрттың көзінше жарықтық: «Бес жыл бола ма, он жыл бола ма, Айгүл әлі жарқырайды» деп сені асыра бағалап айтқан сөзі ойымда, Сапар ағаң сені бір емес, екі үлкен оқуға түсірді, Кәмен нағашым өте мейірімді, жақсы адам еді», – деп жалықпай құлағыма құйып отырады. Шәкір Әбеновтың көркем мұрасын зерттеп, екі үлкен эссе жарияладым. Әсіресе, оның хадистік қос әңгімесінің астарын ашу өте терең ізденуді талап еткені жадымда.

Ырысхан аға 2005 жылдың күзінде Әзілхан Нұршайықовтың «Мәңгілік махаббат жыры» атты қалың кітабын қолыма ұстатты.

– Әзағаңның мына кітабы маған ерекше ұнады, – деді ол.
– Оқып шығып, журналға мақала жаза ғой.

Тараздан қазақтың үлкен абайтанушы ғалымы Мекемтас Мырзахметұлының 70 жылдық мерейтойына арналған конференциядан оралған бетім сол еді. Бас редактор іссапарға редакция атынан сыйлығын беріп, жолақысын төлеп, барып келуіме рұқсат берген. Ырысхан ағаға бастық болып қызметкерлерді беталбаты жұмсау атымен жат болатын. Сондықтан біздер де «ләббай» деп зыр жүгіріп кетуді мүлде білмейтінбіз. Өзінің сүйікті орынбасары, жерлесі, рухани ізбасары ақын Мұратбек Оспановты «Мұратбегім» деп отыратын, өзімнен кейін бас редакторлық орын Мұратбектікі деп алдын-ала бізге бірнеше мәрте мәлімдеп қоятын. Тегі қалғандарың бас редакторлықтан дәме етпендер, өкпелемендер дегені болса керек. Бірақ адамдарды әсте алаламайтын. Кімді болмасын ісіне қарап әділ бағалайды.

– Ырысхан аға, мынау кітап 600 беттен асады екен, мұндай қалың томды оқуға қыруар уақыт керек. Өзім миым шаршап кетті, – дедім көзінше кітаптың қалыңдығын анықтай сала, жаза қоюға онша пейіл танытпай.

Енді ойласам, ол кісі бәрімізге шығармашылық еркіндікті беріп қана қоймай, сондай бір азаттықты, шын тұшынып



жұмыс істеу дағдысын бойымызға әбден сіңірген екен.

– Онда қолың тигенде жаза ғой, – деді ол кісі абыржып-саспайтын мінезіне салып, бастық болып кейіс білдіру, бұйыру, жазғыру ойына да келген жоқ.

Әзағанның бұл кітабын артынан талдап жазып бердім. Ол кісі де разы болды, журналды Әзағана өзің салып жібер деп айтқан тағы Ырысхан аға. Осы эпизодты мен Әзағаң туралы естелігімде кеңінен жаздым.

Ырысхан ағаның маған екінші бір тапсырғаны техника ғылымдарының докторы, академик Қозы Қазыхановтың 70 жылдығына арнап мақала жаза ғой дегені.

– Өзіңнің нағашың, Қозы ағанды білесің бе?

– Білемін. Ол кісі де мамама аталас туыс екенін білемін. Бірақ біздер ол кісінің атын ғана естиміз.

– Өйткені Қозы ағаң ұзақ жылдар шетелдерде тұрды. Ал Құндыздыдағы ағайындардың көбі Сапар ағанды көбірек жағалады, – деп айтты Ырысхан аға. – Қозы ағаң өте тамаша адам, екеуміз әрі дос, әрі туыспыз, әттең, баяғы кез болса Алматыға өзім барар едім. Енді сен барып қайт, академик ағанды жарқыратып жаза ғой.

Өйткені денсаулығына байланысты ол кісі жолсапарға сирек шығатын, Семейдің өзіндегі ресторан тойларға бара бермейтін. Ырысхан аға өзін бір очеркінде: «Былайғы күнде елгезек едім» дейтіні бар. Онысы рас. Бірақ адам жасы ұлғайған сайын кейде денсаулығын бағып, кейде алтын уақытының қадірін біліп, бейсауат жұмсай бергеннен мезі болады ғой. Әсіресе, шығармашылық тұлғалар.

Құдай оңдап, академик ағамыздың тура сол 70 жасқа толу салтанатында, Қаныш Сәтпаев атындағы Алматы Политехникалық мемлекеттік университетінде үлкен халықаралық ғылыми конференциядан соң, «Достық» ресторанында Қозы ағаның тойы өтті. Алдында сол жерде марқұм Сапар ағамның жары, өзі де журналист Күләш тәтем Бейсенбиеваның 70 жылдық мерейтойына барған едім.

«Жас қазақ» газетінің дәл сол жұма күні шыққан газетін Қозы аға көріп отыр екен. Алғаш көргенде мені жатсынған жоқ, ерекше толқып, бетімнен сүйіп, қолымды қысып, ризашылығын білдірді. Екі рет инсульт алған Қозы ағаның тілі күрмеліп, сөйлемей жүрген шағы екен. Көзінен бірден мейірім саулап қоя берді. Бір көргенде-ақ мен ол кісінің

табиғатынан туған нағашы атам Оразханға ұқсастықты, тағы бір аталас жақыны, жазушы-журналист Байжанов Сапар ағама тән зиялылыққа бітетін жұмсақтықты көріп тіптен қайран қалдым. Тура сондай жұмсақ әрі биязы қалып өзімнің шешем Тоқташқа да етене тән болатын. Бір атадан өрбіген ұрпақ бәрібір түп негізіне тартып, тұқымына қатты ұқсап тұратыны шынымен сонда қайран қалдырды. «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай қоймас негізге» дегенді атаң қазақ біліп айтады екен! Кілең білімді, талантты, жақсы адамдар көп шыққан аталарымыздың асыл тегіне қалай риза болмасқа! Реті келіп тұрғанда мақтаныш сезімін жасырмаудың жөні болады деп ойлаймын.

Әйтеуір, Ырысхан аға кімді болмасын тек ізгілікке бастайтын.

Соның үшін «Абай» журналында ақын, ғалым, аудармашы Мұрат Сұлтанбековты Шәкерім Құдайбердіұлының үш поэмасын аударуға ықпал етті. Егер Ырысхан Мұсаұлының басшылық қалауы болмаса, редакцияның бөгде ісімен айналыспай, айлығың жүріп жатады деп, үйінде отырып, орыс тіліне аударуды тапсырмаса, кім біледі, бұл поэмалар аударылмас па еді?!

Абай мен Мұхтар, Абайға шәкірт болған ақындарға мұқият, ғылыми тұрғыдан қарауды бас редактор қалт жібермей бағып отырады. Жалпы Семей өңірінен шыққан әрбір талантты журналға жариялатады.

Тарихшы ғалым Амантай Исинді журналға шақырып алған да Ырысхан аға, ал мен келгенде бұрыннан шығармашылық топ: Ілияс Исаханов, Молдабек Жанболатов, Асан Омаров, Мұратбек Оспанов болса, кейініректе полиграфшы, Мұратбек ақынның келіншегі Райхан Әбілмансұрқызы, журналистер Мұратбек Кенемолдин, Сайлау Төлеуов, Айтқаным Ахметбекқызын редакцияға жұмысқа қабылдады.

Айман апай, Шолпан, Үміт, Қарлығаш – бәрі де бас редактордың адамшылық мінезін біледі.

Мені бас редактор ешқашан артық жұмыс беріп құлша жегіп қойған емес. Мақалаларым басқа басылымдарға шықса, алғашқыда тәуір дүниенді әуелі «Абай» журналына бер деп біреу мәрте айтқаны бар, бірақ менің сол басылымдарға жарияланғым кеп ынтығып тұратынымды көрген соң, оны да айтпайтын болды. Журналға мен ұсынған «Мүшелтой»,



«Нобель сыйлығының лауреаттары», «Жаһан әдебиетінің жауһарлары» атты айдарларын бірден қолдады. Олар тұрақты басылып тұрды.

Ал өзі 70 жасқа толған соң бас редакторлықты талантты ақын, журфакты бітіргеннен өз қасында жүрген әріптес інісі Мұратбек Оспановқа берді. Мұратбек жауапты хатшы болатын, енді Мұратбектің орнын маған берді.

Содан журналдың 4 санынан соң бір қызық оқиға болды. Бюджеттен аз ақша алатын «Абай» журналында Ырысхан аға 10-нан аса қызметкер ұстайтын, бәріне жалақы төленеді. Тек корректорлықтан үнемдеп, оның орнына компьютер басатын екі терімші алған. Ғылыми қызметкерлер мақалаларын өздері қатесін тексеріп өткізетін. Бір жолы компьютерге терілген, версткасы жасалған қолжазбаны Алматыға баспаға әкетуге 3-4 сағат қалғанда Мұратбек екеуміз сұмдық қате таптық. Әріп қателері. 20 шақты бетте 60-ға жуық қате қара нор биттей өріп жүр. Бұл бетінше басылып кеткенде масқара болар еді. Дереу отыра қап, екі жақтап түзеттік. Соған жауапты қызметкер екі жұмыста істейтін. Немқұрайдылығынан бұрын жауапты хатшыға ысыра салғанын анық ұқтым. Ол өзін корректорлықтан, қара жұмыс санап, ғалымдық мәртебесін биік көреді екен. Мен шағымдануды жек көремін, бірақ Ырысхан ағаға істің мәнісін айттым. Қара жер қозғалса, қозғалмайтын мінезімен ештеңе дей қоймады. Әсіресе, әлгі сұмдық қателерді жіберген қызметкерге ұрыспайтыны мәлім болып қалды.

– Ырысхан аға, – дедім мен ыза болғаным басылмай, қос мақаланың ксеркс көшірмесін көрсетіп, – әр нөмір сайын қате атаулыны мен тексергенге бұл кісі жаман үйреніп алды. Мынаны әдейі жіберді, түк ұяты жоқ. Енді бұлай болмасын десек, мына кісіге әр қатесі үшін 100 теңгеден қаламақысынан ұстап қалу керек. Сонда 60 шақты қате әжептәуір ақша болады да, оның іші ашиды. Сосын келесі жолы ол өзі-ақ қате жібермейді.

Ырысхан аға сөзіме мырс етіп күліп жіберді де, «Жоқ, олай істеуге болмайды», – деді де қойды. Әлгі қате жібергіш қызметкерге де бір ауыз реніш білдірген жоқ. Әлде ғалымдығын сыйлады ма, әлде өзінің ғадеттегі кеңдігі ме, сол күйі қалды. Бірақ редакцияда Ырысхан аға болмаған күні мен әлгі кісіге айтарымды айттым, үнсіз бұғып қалған

жоқпын. Өйткені өз ағаттығын біліп, қысылып тұрған адамды көрмедім.

Ырысхан ағаның қаншалықты жаны жылы, шуақты адам екенін Астанаға көшіп кеткен соң айқын білдім. Бір жылдан соң, Ырысхан ағаның: «Астанадағы үйді жалға беріп, Семейге, журналға қайта кел», – деп айтқаны бар.

Астанада «Абай» журналының ресми, есеп қағаз апарып беретін курьерлік жұмысы болса, қаншалық уақытым сәйкес болмаса да, әуелі Абай хакімнің рухы үшін, сосын Ырысхан ағамды ерекше құрметтегендіктен талай мәрте Семейден қатынайтын автобустан қарсы алып, министрлікке апарып тапсыруға жүгіріп кететін едім.

Журналда істеген жылдарымда емін-еркін іс-сапарларға жиі барып жүріппін. Сондайда Ырысхан аға жиі сұранасың, жұмалап кетесің деп айтып көрмепті. Және мұндай кеңдігін ол кісі бір ғана маған емес, қол астындағы барлық ғылыми, техникалық қызметкерлерінен аямаған екен. Соның үшін ол кісі үнемі жүзі жайдары, нұрланып жүретін.

Құсаның шырмауы басына түскен өмірінің соңғы кездерінде де Ырысхан аға сол биігінде қалды. Тұңғыш баласы Рымханы Ырысхан ағаның өзіне ерекше ұқсайтын. Зиялы, табиғатынан дегдар жаралғанын орыс-қазақ тегіс мойындаған ұлынан, келінінен кенеттен қатар айрылып қалған соң Ырысхан ағаға тағдырдың соққысы осал тимеді.

Телефонмен анда-санда сөйлескенде дауысынан халін танытын едім.

30 тамыз 2012 жылы Семейде Ырысхан ағаның үйіне көңілін сұрауға бардым, соңғы көруім сол болды. Әйелі Күлғайша тәте сүйемелдеп әкеп, ол кісіні диванға отырғызды. Бұрынғы ірі денелі, маңғаз пішінді Ырысхан ағаны көргенде танымай қалдым, бойы біртүрлі ұзарып, сымдай тартылып, өзгеріп кеткендей сезілді. Ырысхан аға дерт пен құса меңдеп, әппақ қудай болып жүдеп кетсе де, сол мейірлі, дегдар қалпынан танған жоқ. Әсіресе, «Қайда жүрсең де, қандай қызмет істесең де өзінді-өзің биік ұста» дегенді маған екі қайталап айтқаны көкейімде тұнып қалды. Дастарқан басында біраз отырды, бір түйір дәм татты. Төсегіне барып жатқан соң мен кетерімде қоштасып, бетінен сүйдім. «Аға, амандық берсін!», – дедім, әншейін пендешілік жұбату сөзі ғой. Өлім – хақ, адамзаттың жазмышы, жалған дүние деген



бабаларымыз.

17 қазан күні Мұратбек таңғы сағат 6-да «Ырысхан ағадан айрылып қалдық» деп хабарлады. Жерлеуіне түнгі автобуспен келіп үлгердім, ал қарашада Ырысхан ағаның қырқына Семейге бара жатып, Сапар ағаны соңғы сапарына шығарып салуға Алматыға барғаным, қазасын еститін сол 1999 жылдың 4 мамыр күні кабинетімде төбедегі ілінген электр шамы өзінен-өзі құлап түсіп, күл-парша болып сынғаны ойыма оралды. Мамам ылғи: «Байжан ата – арғы бабамыз, біздің бергі ағамыз Баймұрын және Сапар ағаның бергі атасы Сақал бір туған, өз әкесі конфескеге екі рет түскен соң Сапар аға атасына жазылмаған», – деп қазаққа тән мінезбен шежіреден сыр тарқататын. Менің рухани шамшырақтарымдай болған қос ағама екі дүниеде ризамын. Өз ағам Кемелбай Насырханов 1937 жылдың репрессиясының құрбаны болып, жастай атылып кетті. Оның да атажұрты Құндызды.

Құдай маған сондықтан талант ретінде мейлінше камқор болуды қанды репрессия түгел құрта жаздаған, жұқанасы қалған ата жұртымнан емес, нағашы жұртымнан шыққан осынау марқасқа ағаларымның мандайына жазып қойғандай көрінеді де тұрады. Марқұм Сапар ағам мен Ырысхан ағамның жанашыр ізгілігі алдында өзімді әманда қарыздар сезінемін. Егер қазақ әдебиетінде менің өз орным болса, жаны ізгі жақсы ағаларымның арқасы деп ұғамын. Туған нағашы ағам Оразхан түсіме кіріп, бір пәледен екі-үш рет сақтандырғаны сияқты, аруақтары желеп-жебеп жүретінін білемін. Екі ағамның жарқын бейнесінөле-өлгенше ұмытпаймын. Қолымнан бар келері, қайтыс болған күндерінде мешітке барып, құран оқыту. Шығармашылық мұраларын насихаттау шығар.

3. Қарға тамырлы қазақтықтың артықшылығы туралы бір штрих.

P.S. 19 қаңтар күні таңертеңгілік ояндым, ертең электронды почтамен журналға жіберейін деп отырған естелікте нені ұмыттым деген оймен түнде ұйқыға бас қойып едім.

Қазақ аруақ деген сөзді өтірік айтпайды ғой. Түсіме Ырысқайша тәтем мен Бұршақбай ағам кіріпті. Екеуі қатар бір жаққа кеткелі жатыр, бір жалт етіп көрінді. Құдіреттің күші, негізі осы естелікке сол кісілердің де аттары кіруі тиіс



болатын. Ұмытқан эпизод есіме оралды.

1987 жылы мен Алматыдағы беделді университеттің 4 курсынан өз еркіммен кетіп қалдым. Әуелі құдай жар болып, сосын Сапар Байжанов, Сұлтан Оразалин сияқты ағаларымыз көмегімен оп-оңай түскен оқуым болатын. Себебі Москваның М.Горький атындағы Әдебиет институтына оқуға түсу көкейімде еді. Ал онда жоғары гуманитарлық білімнің бар болса, оқуға қабылдамайды.

Семейде ауылдан көшіп кеткеніне біраз жыл болған Ырысқайша тәтемнің үйінде тұрдым.

Кейде қазақта нағашы жағы мен жиен жағы сирек болсын үйленеді. Менің шешемнің әкесі Оразханмен анасы бір, әкесі немере туысатын қарындасы, Әбдіхамитқызы Ырысқайша тәтемнің шешесінің есімі – Нұржан. Нұржан апамыздың туған ағалары – Оразәлі, Омарәлі, Ырысхан ағаның әкесі Мұса. Оразәліден Кәмен аға, Омарәліден Бұршақбай аға туады. Соғыстан соң құдай тағдырларын қосқан Ырысқайша тәтем мен Бұршақбай ағам екеуінің де екінші некесі екен. Туыстары болмай қосыпты. Сондықтан мамам туған апасы Нұржанның бауыры Бұршан ағаны жезде демей, нағашы деп атайтын.

Москваға оқуға түсу үшін орысша прозалық шығармаларыңнан аударма жасау керек. Мамам 200 сомын, Бұршан ағам пенсиясынан 100 қосып, 300 сомға аударма жасалды. Сол кезде, 1989 жылы бұл үлкен ақша. Қабылдау емтиханы таяу қалды. Әдебиет институтының бір ерекшелігі, шығармашылық конкурстан өтпесең, емтихан тапсыруға Мәскеуге абитуриентті шақырмайды. Ол конкурстан өтуіме тағы Сапар ағам ықпал етті, Қарауылдан шыққан жазушы, есімі шетелдерге таныс Роллан Сейсенбаевқа қоңырау шалып: «Айгүл Москваға оқуға түскісі келеді, өзің көмектес» деп ашық тапсырыпты. Құдай оңынан болғызайын десе, қисынын түгел келтіреді ғой. Сонымен қабылдау емтиханына біраз уақыт қалғанда Мәскеуден игі хабар келді. Сонда Ырысқайша тәтем мен Бұршан ағам қуанғанынан Бағдаш ағаны шақырып, кішігірім той жасап жіберді. Өйткені Құндыздының тумасы, әрі жас қайтыс болған Қайнікен тәтеміздің (Ырысқайша тәтемнің немере туысы) күйеуі Бағдат Ахметжанов арқылы тәтем аудармашы Мұрат ағаны тауып берген. Кілең туыс адамдардың маңызды

істе зор жақсылығын есіме алып отырмын.

Енді дереу Москваға самолетке билет алу керек. Ол кезде Семейден Мәскеуге жұмасына 4 мәрте дәу самолет ұшса да, жазғы маусымда билет алу үшін ықпалды танысың, обкомнан үлкен көкең болу керек. Міне, Ырысқайша тәтем тап осы тұста бұл істі «Семей таңы» сияқты облыстық газеттің бас редакторы Ырысхан Мұсаұлына тапсырды. Ол кісі билет алуды бірден шешті.

Ырысхан аға мені 1983 жылы әдеби байқаудан үлкен жүлде алғанымда редакцияға бір шақыртып алып, батасын бергені ойымда.

Сөйткен қымбат билет күйіп кете жаздағаны тағы бар. Мәскеумен 4 сағат уақыт айырмасын ескермей, дұрыс карамағандықтан, ертең ұшады деп жүрген самолетім кешегі рейспен ұшып кетіпті. Ал қабылдау емтиханына 4 күн қалған. Мамамның немере сіңлісі Хадиша жедел жәрдемде дәрігер болып жүрген кезі, ол Ырысқайша тәтемнің туған бауыры Құсманның қызы. Күн сайын қызыл жолақ ақ машинасымен тәтесіне кеп, дайын тамағын ішеді, бірақ өз үйлері бөлек. Күйеуі Самат Оспанов балалар хирургі, екеуі күн сайын күндіз кезек үйге келеді. Қайрат атты 11 жасар ұлдары Бұршан ағам мен Ырысқайша тәтемнің баласы саналады, осы үйдің еркесі.

«Әйкен, таксиге тапсырыс берейін, билетінді әкелші, – деген Қаден билетті көріп, шошып кетті: – мына самолет түнде ұшып кетіпті ғой! Қалай уақытын дұрыс көрмегенсің?!».

Алдында бірер ай бұрын Мәскеуге жібеген қолжазбам почта арқылы қайтып келгенде қатты жылап отырғанда, Самат жездем бандерольдың сыртын қарай сала: « Әрине, институт мұны кері қайтарады. Неге факультетін дұрыс көрсетіп жазбадың? Нақты көрсетпесең қайдан қабылдасын?! Мынауың Антон Павлович Чеховтың әңгімесіндегі «На деревню дедушке» дегені сияқты жалпылама болған да қойған», – деп оң ақыл айтты. Тарихты да, географияны да, әдебиетті де ерекше білетін.

Самат Қабдоллаұлы Оспанов өз саласы медицинадан бөлек, ерекше білімді адам болғанын семейліктер білуге тиіс. Жалғыз ұлы Қайраты 22 жасында қаскөйлердің қолынан қаза тапқанын көтере алмады, қайтыс болды.

Мен дереу бандерольды почтаға қайта апарып, сыртына адресі жазған соң, «Проза бөліміне» деп анық көрсеттім. Ұзамай қолжазбам қабылданғаны туралы почтадан хабар келді.

Ендігі ерен көмек өзім Қаден деп атайтын әпкем, Хадиша Құсманқызынан болды. Ол мені ертіп алып, авиоагенттіктің тура бастығына кірді. Сөйтсек, билеттің күнін өздері қате жазып қойыпты, ол самолет кеше ұшпаған, бүгін таңғы 4-те көрінеді. Ал әлгі бастық болса, маған алтыннан қымбат билетті кимай, кері өткізіңіз дей бастап еді. Сірә, бұл билет қасқалдақтың қанындай шынымен қат болып, біреуге керек болып тұр екен. Қаден тез арада оны жөнге салып, билетті кассаға кері өткізіп, жаңадан, дұрыс толтырылғанын алып берді.

Сөйтіп, маған Москвада, таңдаулы творчестволық институтта бес жыл оқып білім алу бұйырып тұр екен. Роллан ағаның үйін тауып келгенім, со үйде біраз тұрғаным, Клара тәтенің жарқын пейілін көргенім ол бір әңгіме.

Ал бұл жолда маған бір Алланың жазумен басы Сапар ағам болып, Бұршан ағам, Ырысқайша тәтем, Бағдаш аға, Сұлтанбеков Мұрат аға, Ырысхан аға, Самат ағам, Қаден әпкем бәрі-бәрі тегіс көмектескен екен. Әлбетте, мені екі үлкен оқуда 8 жыл күндізгі бөлімде оқытқан өз мамамның орны бөлек. Қыл аяғы нағашы атам Оразхан, басқалар журфактағы оқуынды бекер тастадың деп кінәлағанда, «Мәскеуге, биікке ұмтылғаның дұрыс » деп батасын берген. Сол сөзді оқудан кетемін деп рұқсат сұрай барғанымда Сапар ағам да айна-қатесіз бірінші болып айтқан: «Жоғары ұмтылғаның дұрыс!». Аталас адамдардың тіпті ойлауы да ұқсап тұра ма екен?! Жарықтық нағашы атам өзін бірнеше әңгімеге кейіпкер қылатынымды ол кезде әрине, білген жоқ. Ауық-ауық түсіме кіретінін рухы риза болып жүргені шығар деп жоримын.

Баршамыз жарық дүниеде осыншалық мейір-игіліктің болғанына мұқтаж екеніміз бір Тәңіріге аян. Сонда қазақтығымыз тозбайды, ұлттығымыз азбайды деп сенемін!

13.01.- 20.01. 2013.

ӘДІЛБЕК АБАЙДІЛДАНОВ.

«ӨЛЕҢНІҢ МЕН-ДАҒЫ БІР ЫРЫСЫМЫН»

1. Ілиястың ізбасары.

Қазақтың Абайдан соңғы классик ақыны Ілияс Жансүгіров туған жері Жетісу көркін сөзбен өшпестей таңбалап кетті. Сондай бір көркем сурет оның ізбасар інісі Әділбек Абайділдановтың қаламынан төгілді:

Жоңғар тауда қожыр-қожыр,
тарғыл кара таулар көп,
Үнгірлерін мекендеген баяғыда жаулар кеп.

Жыңғыл өскен жыралар бар,
тобылғылы беттер бар,
Жабайы алма, жаңғақ өскен,
доланалы жақпарлар.
Өр кеуделі тастары бар, қына басқан,
мүк басқан,
Түйе тауға теңдейді ылғи теңкиген бұлт
түкті аспан.

«Шыңға шыққан қарағай туралы баллада».

Фольклорлық мол сарын қазақ әдебиетінің тұма бастауы болса, өлеңнің эпикалық құлашы көкжиектен асса, құс жолына тараса, уызынан жарыған ақындық тегеурін ә дегеннен баурайды. Жетісудың керім табиғатын, тау ішін бір өлеңнің айдынына шалқытып, тіршіліктің жанды тынысын сездіріп, «Судан жеңіл бу ұшады, сағаменен көлбейді» – сол сәтке өзің еніп кеткендей, шоқ талдан шыққан елікті көзбен көргендей масайратады. Эпитеттері «түйе тау», «түкті аспан», «теңкиген бұлт» – көш-керуеннің суреті, күн астында тұнық пен тазаны іздеп, жыл құсындай көшіп жүретін бір халықтың белгісі – ол біздің қазақ.

Батыр бабам жау қуғанда таудан әрі асырып,
Сол биікке көмген болар бетін таспен жасырып.

Сол бір тұрған қарағайға Күн де басын иеді,
Бабамның ол тасты жарып шыққан сүйегі.

Сәкеннің ақ боз ат мініп, тау ішінде өлеңдетіп келе жатқаны, Баянауылдағы Жасыбай көлінің тарихы, қазақ пен қалмақ соғысында талай ерлердің тауда көмусіз қалған сүйегі

еске түседі. Табиғат лирикасы қаһармандық, отансүйгіштік сарынға айналып кетеді. Бұл туған жерді кейінгі ұрпақ қастерлеуі үшін керек. Ақын жүрегінің әмірі.

Әділбек ақын «Түйелі ауылдағы кеш» атты эпикалық өлеңінде көшпеліліктің негізі, көштің көркі түйенің (Майлықожа) керемет образын сүйіп жырға қосқан. *«Түйенің шығады үні сағындырып»:*

Тыңдауға оны мәңгі дала дайын,

Келе кеп иірілді анадайдан.

Адасқан енесінен үкі бота,

Құдай-ай, сыңсиды тап баладайын.

Ботасын іздеп боздаған «Боз інген» күйі дереу көкірекке тарайды. «Үкі бота» поэзияда бұрын-соңды табылмаған керемет сұлу теңеу! Әдемілігі үшін азан шақырылып қойған Үммигүлсім атын ел атамай, бала кезінен Үкібас атанып кеткен бір апамыз болған, екі әңгімемнің кейіпкері. («Көкқия», «Тұлпарбасқан»). Қазақтың үкіге деген ықыласы ерекше. Ақ ботаның уыздай таза, үкідей үлпілдеген періште кейпі жарқ ете түседі! Құс балапаны пен малдың жас төлін қосарлап, бір бейне қылып шығару үшін қаншалық ақындық шабыт, табиғи шеберлік керек. Оның сыры мынада. *«Бүйірқұм, бүрген, жусан иісі әтір, / Өсірген бұл табиғат құмға майды», «Даланың шамы дерсің туған Айды», бұл эйфория, кендікке, түннің беймағлұм магиялық сұлулығына, көшпелі сана мен әлемнің болмысы арасында еш бөгет болмағанына елту, жарық дүниені тұтас иемдену, баураған бақытқа мас болу, ақындық кепке елігу.*

Шөмішпен ақын аға кесесіне

Жұп-жұмсақ Ай сәулесі құйылады.

Сықырлы мезетті ақын әдебиет арқылы жүректерге таратады. «Жағалай от ойнатып жерошағы», ежелгі отқа табынған зороостризмдік мәдениеттің ұшығы; оны христиандық ілім шіркеуде діни мейрамда шырақ жағу, шырақ қою түрінде қабылдаған, әуелде адамзат Күнге табынған кез жадтан ұмытылмайды. Жердегі от көктегі жарықпен ұласқанда, Ай нұрын қымыз бен шұбат тәрізді сіміре жұтып отырған жыр көкірек. Өлең ары қарай қазақтың халық әндеріндегі жұмсақ сүйіспеншілік сарынға ауысып кетеді.

«Ішіп тұрмын қазір мен Айдың сүтін». («Дала түні»). «Аспан» атты өлеңінде ақын Ай мен Күннен аузына сүт

құйылғандай болатынын тегін жырламайды. Өзекті жанның қорегі ас болса, жүрекке нәр беретін рухани қорек ақын үшін ерен мәнді.

«Бұлттың қасындағы» Илиястан

Тауың да бара жатыр аласарып.

Тұлпар ақын атап, құдіретті жыры үшін ұрпағы есінен тастамас (өз сөзі) Илиясқа арнаған өлеңінде ол інілігін айтады, шаттанады. Илиястың шығармашылық асыл мұрасын қамтып, Мольқбай қобызшыны қоса айтады.

Немене екен кеудеңде күркіреген,

Жылқы ма екен жау тиіп дүркіреген?

Бұл ақынның «Аспан» атты риторикалық сауал түріндегі өлеңіндегі космогониялық мифтерге тән шалқуы, өйткені Темірқазыққа байланған Ақбозат пен Көкбозат жетіқарақшыны ақырзаманға шейін айналып жүреді. Көк аспаннан көсілген жылқы үйірін көруді әзелде Илияс Жансүгіров жырлаған болатын. Илияс бұлты көкпен астасқан биік тауда жылқы бақса, Әділбек қарлы борасында, дауылды түнде *«Қайран да атам жылқышы ед... / Жабысып белден жарбиып, / Атама алғам мінгесіп»,*

Күркіреп шыға келер әр уақта,

Оранған бұлтыңда әлде аруақ па?

Әділбек ақын тірі мен өлі – өмірдің өзегінде алмасу барын аңдау арқылы, «аруақты» зорайтып, кие тұта сөйлейтіні, «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейтін әуелгі қазақтықтықтың өз дүниетанымынан болса керек. Бұл күпір, құдайға шерік қосу емес, аруақ Жасаған Иеге жердегі адамдардан ғөрі жақын барды, құдіретін таныды деген қазақы ұғымнан шыққан.

Айнала – аппақ аруақ,

Ұлиды боран, тынбайды.

Табиғаттың стихиялық, жойқын құбылыстарынан ақын аруаққа тән тылсымды таниды («Дауылда»). Арқаның үскірік, долы, бөрі ұлыған боранында иен түзде жылқы баққан жігіт нағыз Ер екенін дөп суреттеп, *«Аппақ кебін айнала. / Қалтиып қос тұр ма екен?»* – деп «Өліміне айғақ жоқ» жылқышы образын жырға қосқан Мағжан.

Жер жұтқан дерсің жылқыны,

Таппайсың ізін жер-көктен.

Әділбек бала кезінен қазақ даласының құдіретті

романтикалық сырын біліп, дауылда шынығып ер жеткенін жырлауы – «Сыртынан тонның қар киіп», «Тоңсам да тоңбай келемін, / Қара шал сенің арқаңда» деп мойындап, атасымен жортып келе жатқандағы бұлғақ сәтті нақты реалистік суретпен беруі ғажап.

Найзағай не? Жарқ еткен ашуың ба,

Шашып кеп жіберген бір шашуың ба?

Ол аспанды телегей теңізге, ұлы далаға теңейді, жанының сәулесі оттай жанып, шашулы той қылып, құт-береке көреді.

Кеуденде керілгенде кемпіркосақ,

Мен саған шықсам деймін көпір жасап.

Ақынның ертегілік эпостық санасы сейілмейді, бірақ ол ғылыми болжамға, нақты көруге ұласатыны ғажап:

Не сен бір түпсіз қуыс түнекпісің?...

Дүние әуелде хаос болатын, үйлесімді Аллатағалала жаратты делінеді.

Әділбек Абайділданов «Жер» атты өлеңінде антропологиялық космогонияны таңдайды, ол Жердің көзі – көл, «құм-шағыл әжімің» деп жырласа, бұл-дағы биік поэтикалық сана. «Айды да Жер екен зой туатұғын». «Көмейі терең қара құз / Қарқара таудың аузындай», «Су да сұлу бетіндегі оймыштаным», аруы бұлттан түскендей көп өлеңінде табиғатты антропологиялық қабылдау басым келеді. Жылытау, Қарасеңгірдің кәріліктен шашы түсіп, мүжіліп, қаусап қалыпты деп жырлайды. Марқакөлді суреттеуінде адамша кейіптеу тұр. Овидий жырларында сүйіспеншілік меңдеген, құса-шерге байланған адам аң-құсқа, ағашқа айналып кетіп, естен тандыратыны сияқты. Оның Қарқара тауы түркі мифологиясындағы жерді мүйізімен ұстап тұрған көк өгіздің бір тұлғасы – грек мифтеріндегі жерді иығына көтеріп тұратын Атланттай мықты:

Өмір үшін жарық керек болғасын

Күн мен Айды көтереді иықпенен.

Ақынның стилінде молдық, эйфория мен патетика, дүниеде табиғат пен көшпелі нәсілдің баласына тән жаны жомарттық басым тұрады: «Дарияң – көңілім зой тасып жатқан»; дүниенің толысуына зәру, сәл кемуден жаны жабырқайды: ««Неге кетік?» деп қараймын Айыңа». Ілияс сүйген Қарқара тауы, Жетісу табиғатын сол тауда отырып суреттегенін Әділбек ақын жадтан өшірмейді. Бұл өлкеде үш



жүзге аты шыққан ақын Сара, қазақ өлеңіндегі әлі ашылмай жатқан қазына аралдай кенішті ақын Қанипа Бұғыбаева туған.

2. «О, өлең, керемет қой күдіретін».

Абайдан соң табиғат лирикасын, жылдың төрт мезгілін, жаратылыстың табиғи құбылыстарын, кіндік қаны тамған жері Бақалының көгін, бұлтын, тау-тасын, суын, нуын жырға түгел қосқан кейінгіде бір ақын болса, ол Әділбек Абайділданов. Оның дархан табиғаттан жұққан бір мінезі – мейірімділігі. *«Туған жерді сүйген болсаң, жаяу жүр»* деп ақын даласын перзенттік сағынышпен тынбай жырлайтыны соның айғағы.

Қос қарлығаш жем іздеп кеткенінде,

Жел тербетіп тұрады бесіктерін.

«Көкшіл мұнар, жаралған дала ағыстан» атты өлеңіндегі сарын (Шәкерімде: «Жаралыс басы – қозғалыс»), жан-жануардың табиғат анасына тәубешіл ризашылығы, несіптерін құдай беретіні туралы. Содан әлемге мейір тарайды дегісі бар. Тал басындағы ұяны көріп, көз ақы алған адам жөргегіне жапырақ ораған баласына бұтақтан иіп бесік жасады. Адамзат айнала сайраған сұлу құстарға еліктеу арқылы шаш қойып, сыланып, тарануды үйренген, үлгі алған. Би өнері әуелде құстарға тән қимыл болған.

Арынын аңдамайды кім ісінің,

Өлеңнің мен-дағы бір ырысымын.

Ақылды сөйлеп кетсем – атам Абай,

Шапқанда – Ілиястың інісімін.

«Халқыма».

Әділбек Абайды пір тұтатыны қолтаңбасынан білінеді, әсіресе, жыл мезгілдерін жырға қосқан өлеңдерінде тасқа таңба басқандай анық. Кейінгі қазақта Абайдан үйренбеген ақын атымен жоқ. Абайдың 13 жасында шығыстың ескі шайырларына еліктеп жыр жазған стилін Әділбек ақын жаңғыртты. Есейген Абайдың өз шәкірттері Әріп пен Көкбайды «Мұнда жоқ алтын иек сарала қыз» деп өлеңмен сынағанын біле тұра, қыз жамалын асыл тастан сипаттап төрттаған жазды:

Ерінің гүл, көзің гауһар,

Айдында – аккумуля, көкте сұңқар.

Төсін керген, ей, ақмарал,
Жарық дүние саған іңкәр.

Оның жарық дүниені жатырқамауы, бауырмалдығы жырларында тасқа таңба басқандай анық. Түркмен циклінде *«Сол жердегі «Ферюза» атты қойнауды / Түркмендерге Грибоедов қаратқан»* деп жырлайды.

А.С.Пушкин *«Путешествие в Арзрум»* атты жол сапар жазбасында Тифлис маңы, арқыраған тау өзенінен өтерде қос өгізге жегілген арбаға артқан ақынның мәйітін кезіктіреді. *«Қайдан келесіңдер?»* – деп сұрадым мен олардан. *«Тегераннан»*. *«Не әкеле жатырсыңдар?»* – *«Грибоедовты»*. Шах сарайында бүлік кезінде 1829 жылы қапияда өлтірілген ақын рухын Пушкин ардақтады. Дер шағында елі бағаламаған мәрт азаматты, үлкен дарынды жоқтады. Қазақ ақыны Әділбек Абайділданов А.Грибоедовты бір өлеңінде екі мәрте мәртебесін асыра жырға қосуы соның бір белгісі, рухани тұтастық.

Дүниежүзінде бір-бірін өлсе жатсынбайтын, тосырқамайтын жұрт – ақын-жазушылар, өнер иелері. Олар нақты бір халықтың бекзат өкілі болғанмен, сан қилы ұлт болсын мейлі кей сәт бір тайпа, бір нәсіл, бір тектен тарағандай бітісіп кетеді, бұл үшін дәуір мен уақыттың бөгеті жоқ.

Әділбек ақын есімі дінге тартқанмен, тек махаббат лирикасын керім жырлаған түркмен шайыры Молланепесті, сол елдің белгілі жазушысы Берді Кербабаевты жырға қосты. Оның *«Қара көзі жарқ етер, тартынбасаң»* – *«Түркмен қызына»* – поэтикалық тарту, махаббат лирикасының шоқтығы:

Бетін бүркеп, ұялып тұрғанменен
Көзге сонша тәкәппар көрінеді.

Қазақ ақындарының кейінгі буынында Ғалым Жайлыбай түркмен аруының аспани көркін, сымбатын сүйініп жырға қосты.

Махаббат лирикасында ақынның табиғи дегдарлығы сезілмей қоймайды. Өктемдік, әйел затын кемсіту, тұрпайылық жоқ. *«Жерде әйел болғандықтан гүл өседі»* – нәзіктік пен әдемілікті қастерлеп, сүйіктісінің образын жасайды.

Меңдеп алған махаббаттың жарлығы,
Ес жиюға бермейтін ғып мұрсатты,

Сыйлашы сен, соның бәрі, барлығы
Қас-қағымда болатұғын бір сәтті.
Сонымен қатар ол сүйгенінің сезімге мас болып есі кеткен
сәтінің өзінде ибадан аттاماуын жанымен қалайды:
Бойыңнан шашау шықпай ар-ұятың,
Еркелік қылық көзге жария тым.
Сен, жаралып пе ең күлімсіреп,
Япыр-ау, неткен жылы ед табиғатың?!
Ақынның сезім шарпуы асып-тасқан мезетте дегдарлықтан
айнымауы жаны сұлулығының ишарасы.
Жанымның жоқ көктемнен сырт дауасы,
Ауасынан бал шарап ұрттап алсын...

Қыз дүние кәусарға шомылған ба?
Мөлдір бастаудай тазалыққа тым құштарлығы қайран
қалдырады.

«Қос бикеш» атты сатиралық өлеңі қазақ қоғамында
сол кезде етек ала бастаған жат құбылысты, бұзылған
қыз-жалғызбастылық трагедиясының құпиясын ашады.

Әділбек ақын төрттаған жазса, оған түйін салуы керек,
ол көбінесе жақсы мен жаманның жер мен көктей алшақ
болмысы туралы. Ақын жүрегін қамықтырған күншілдікті
былай суреттейді.

Сыйладым мен әркімді досым ғой деп,
Отырмын бүгін енді тосын ой кеп.
Қараймын әрқайсысына жаным жүдеп,
«Япыр-ау, досым сиқы осы ма, ей?» деп.

Аңқау, акпейіл көңілмен, қарапайым ұғыммен күншілдік,
«Құйрығы шаян, беті адам» (Абай) жалған достықтың уытын
бере алған. Өйткені ақын әдебиет әлемінің қасиет-қадір,
сазды сөздің сиқыр жаратылысын тауып айтқандай:

Сұйық сөз, салқын тіл менен
Музаға жүрмес бас қамы.
Өзі от боп жана білмеген
Жандыра алмас басқаны.

Бекер адамның басына бақ қонбайды дейді халық нақылы.
Дарын қуыс кеудеге, ұсақ күйкілікке өлсе дарымайды.
Ол-дағы тек құнарлы топыраққа өнетін текті өскін тәрізді.

Жырымда қаз-қалпы тұр табиғатым,
Жұрт, тегі, сөзін оқып таниды ақын.

Лаулаған өрт болайын, сел болайын,
Сен үшін, бір сен үшін, жамиғатым.

Ақынның жаратылысы аңқылдап тұрмаса, болмысы таза болмаса, періште жыр тайқып шыға келері айқын.

Әділбек ақында советтік идеология үстем заманның ағымына еніп, күпіршілікті ойламай жазған бір өлеңі – «Прометейдің аспанға қарап тұрып айтқаны» десе өтірігі жоқ. Өлеңге эпитафия Карл Маркстен алынған. Мұндағы Зевс құдай грек мифологиясындағы көп құдайдың бірі, адамзаттың балалық шағындағы пұт құдай болғанмен бұл өлеңнің астарында астамшылық шығандау бар.

Құдаймын деп қасарыспай, маған табын одан да,
Мен тірімін!

Менің жаным – бойда оты бар адамда.

Күпіршілік – ақын-жазушы бас сауғаламай қапы қалатын бір албасты дерт сияқты. Асып-тасып, жынға арбалып, қара басқандай елеуреп кетсе, олар тым артыққа ұрынып сорлайды. Көп ақын бұл жалғанда ажалын өзінің тілінен жазған. Пайғамбарлық даналық күпірден аулақ. Мистикалық шындық солай.

Сеніменен тірестім мен, күрестім мен ұдайы,

Тек жер емес, Адам бүгін – аспанның да құдайы.

Прометей – мифтік қаһарман, бірақ ет пен сүйектен жаралғаны рас болса, оны жарты құдай сияқты қабылдау теріс. Көшбасшы, көсемнің миссиясын орындау – мәрт, айтулы ердің ісі. Марксизм адамның төменгі жаратылысына тән фәнилік мүддені иемденді. «Марксизм – философия желудка», – деп дәріс оқыған мәскеулік ұстазымның сөзі есімнен кетпестей көкейімде жазылып қалды. Әлде ол мұны өлара 1990 жылдардың скептицизмі жеңіп айтты ма екен?! Адамзат ғарышқа ұшқан соң кей жүрек адасты. Оны ақындар елге ұран сала жария етті. Сынықтан басқаның бәрі жұғады. «*«Ал!» дегенде, басқадан бұрын шаптым»* деп Әділбек ақын кейде бекер арандап, текке килігуін мойындаса, бұл мінезінен өнер адамының ақ жүрегі көрінеді.

Еңбекші қауымды жырлаған патриоттық рухтағы өлеңдері сол кездегі баспасөз үшін таптырмайтын дүние болған шығар. «Дихан», «Шопан», «Альпинист», «Адам кетіп барады гүлге оранып» социалистік қоғам үшін қажет мақаладай, сылбыр, жаттанды, қара өлеңнің арқасын



жауыр, жұртты мезі қылған. Оқуға да, оқымауға да болады, түк әсері жоқ.

«Жыласам мен – Отаным деп жылмаймын» – Әділбек ақын мұндай өлеңдер жазбаса, сенімсіз болар еді. Ақын дәуірден тыс қалатын джунглидегі маугли емес. «Жаман өлеңдерім жақсы өлеңдерімді асырайды», бұл сөзді нақты бір ақын айтқанмен, шайырлардың көпшілігі бұл шындықтың шеңберінен шыға алмады.

Ақынның өмірсүйгіштігі, иман-мейірі соғыста аяғынан айрылған адам етікшінің рухы жасымауын бейнелейтін «Мүгедек» сияқты шынайы өлеңінде философиялық түйінмен ашылған.

Құлақ түрем тықылдаған дыбысқа,
Токтамайды толасы жоқ тіршілік.

«Қырандар» – аңыз бен ақиқат астасқан астары мол, рухы мықты, тілі шұрайлы, құйылып түскендей шымыр поэма. Жырға Келіншектау туралы аңыз салу реалистік поэзияға алтын жиек салғандай тартымды.

Балағат сөзді судай сапырады,
Аузынан тастамайды тәубасын да.

Мынау «Қырандар» атты поэмасының жексұрын кейіпкері – Қоқай, шор, ояр, қарғыс атқан, қарақшы Қоқай. Қоқай, Қоңқай десе, қазақ мұны атына заты сай дейді. Әділбек Абайділданов Қоқай бейнесі арқылы мұнафиқ екіжүзді адам жаратылысын, тартюфтік болмысты қалай қазақы нақышпен бере алған. Әділбектің Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» атты классикалық поэмасын пір тұтқаны поэма сарынынан жазбай байқалып тұрады. Ілиястай тегеурінді суреттеу, етене дәлдік, құс жолында қанатты құстай самғаған көркемдік.

Құлагердей текті жаратылыс – Қарабура, мұзбалак, қыран, бұл қазақ рухының символдық рухы, нышанды бейнесі.

Намыстың байлауда ол уын ішті,
Жалаған алай-түлей құйын ішті.
Жердегі байлап-матап қорлап келген
Аласа өмірден ол биік ұшты.

Ойлаушы ед мүлік қой деп қолдағы деп,
Қыранның шын бейнесін сомдады көк.
Маталған ерік біткен сұм заманда ол
Тұтқыннан босанып ап самғады кеп.

Поэманың идеясы – еркіндік, өлсе де азаттықта өлу. Қыранның туған жеріне жетіп өлуі романтикалық биік қаһарманға лайық қимыл. Поэмадағы елдік пафос ақын жүрегінен өзі жиі суреттейтін ай сүтіндей көктен құйылып тұрғаны сезіледі.

18.11. / 20. 11.2013.

КӘДІРБЕК СЕГІЗБАЕВ. ДАЛА ЖЫРШЫСЫ

Ғаламдану құбылысын жер бетіндегі ахуалды билейтін топ капитал үлесі үшін ойдан шығаруы мүмкін. Өйткені адамның санасы осы біртекті жаһандану тасқынына еш көңісі жоқ. Әлемдегі ең дәстүрлі әдебиет үлгілері ұлтшылдықтың оң сипатын жадтан өшіргізбейді. Санасы айқын халық болған соң, көгін танытып, қазақ рухани болмысынан айрылғысы жоқ. Қазақ прозасында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов салып берген таңдаулы жолдан кейінгі буын жазушылары көз жазған жоқ.

Ағыл-тегіл сөз қазынасы қазақ әдебиетіне ежелден тән. Ол бізге сонау есте жоқ ескі замандардан жалғасқан бақсылық сарынмен үзілмей келеді. Осындайда Мәшһүр-Жүсіптің «Қазақтың әулиелігі тілінде» деген түйіні анық. Санасы айқын халықтың тілі көркем, танымы зор, көкірек көзі көреген болмақ. Ұлттық дүниетанымға, дәстүрге берік жазушының бірі Кәдірбек Сегізбаев. Ақан сері, Иманжүсіп, Біржан сал жыраулық ұлы дәстүрдің заман азарда үзілер жұқанасы болса, уақыт өзгерген сайын ауылы көзден бұл-бұл ұшып бара жатқан урбандалған қазаққа салт-дәстүрді ұлықтау өзін жоғалтпау үшін жасалған ұлы түйсігі екені даусыз. Адамды түйсігі ғана алдамайды. Әлемді жаулап алған кино индустриясында жаһандану қаңсығы тозып, керісінше оның ыдырауы басталатын мезеттің жұлдызы енді туып келе жатыр. Әдебиет рухы соны қалайды. Сондықтан дәстүрлі проза ескірді деп үкім шығаруға еш негіз жоқ. Постмодерн Қожанасыр әпенді астарлап айтатын «Үйректің сорпасының сорпасы» деген көз алдауға, қарыздануға жиі ұрына берген соң да дәстүрлі прозаның бағы ешқашан қайтпайтыны анық.

Кәдірбек Сегізбаевтың «Беласқан» атты романы нақты прототиптері бар, XIX басындағы қазақ жерінің шығыс шетіндегі өмір суреттерін қаз-қалпында берген. Әлбетте, автордың қазаққа лайық зердемен эпикалық кеңдікпен әсірелей суреттейтін тұстары баршылық. Ол алпысыншы жылдарда әдебиетке келген жазушылардың баршасына ортақ белгі. Романның үлкен нышандық белгісі, қазір ұмытыла бастаған, тіліміз әбден шұбарланған соң қолдануға зауқы жоқ ескі сөздердің молдығы, бәрі ескі өмір салтынан туындайтын тілдік лексикалық қор. Мұндай тілі бай ділмәр романды оқымай кеткеніме екі онжылдықтың жүзі болыпты. Біртүрлі жатырқап қалғандай сезілгенмен, әуелгі тосырқау ілезде ұмытылып, кітап оқырманды жетегіне алып кетеді. Алдыңызға қайың астаумен толтырып, бір жабағының етін тұтас салып бергендей көрінеді. Ысырап емес, қазыналы дәстүр. Сондықтан астатөк молшылыққа бір кенеліп қалудың сәтін түсіргеніне шүкір десе керек. Романдағы бір шуақты мезет ежелден ата жау деп 250 жылдай шабысқан, қазағыма «ақтабан шұбырынды, алқақол сұламаны», көресіні көрсеткен жоңғар-қалмаққа өшпенділік атымен жоқ. Мұрат Әуезовтың «Иппокрена» атты зерттеу кітабында: «Жоңғарлар тарих сахнасынан кетті. Бірақ қазақ жазушылары ата-бабаларының қаһармандығын айтқанда, жоңғарлар дұшпан символы бейнесінде қалып қойды, сол нышан ретінде зұлымдық пен жаулықты телиді» деп жазды. Бұл ретте Кәдірбек Сегізбаевтың суреткерлік танымын бағзы Қайта Өрлеу дәуіріндегі ұлы гуманистердің дүниеге көзқарасы дарыған, қонған, Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» өсиетіне адал жазушы екеніне шынайы риза боласыз. Яғни стереотипті үлгілерге ұрынып, сынаржақ ауып кетіп қалмаудың өзі жазушының адам психологиясын терең білетін болмысын аңдатады. Адам баласы құдайдың алдында тең, бәрін бір жаратушы Ие жаратқан деген таным романда үстем. Дала мәдениеті салғаннан бабымен көрінеді. Этнографиясы мол, қазақы өрнек тым мол, шүпілдей құйылған кымыздай ернеуінен асады. Әрбір кейіпкердің өз бейнесі анық, басқаға ұқсамайды. Күрделі адам портреттері бар, бір жақты сырлап, әсірелеуге көнбейтін кейбір кейіпкерлерді бір ұрты май, бір ұрты қан десе болар. Бірақ түптің түбінде авторлық гуманизм олардың өзін дегеніне

көндіреді. Пендешіліктерін адамшылыққа жеңгізеді.

Романдағы Жұманай көсе қазақ прозасында ежелден бар әңгүдіктеу, тұзы жеңіл, зілі жоқ, әзіл-күлкіге негізделген кейіпкер. Сақал-мұртсыз әлжуаз шал сайқымазақтың рөлін көп атқарады. Оның құсбегілік өнері құрметке лайық. Мылжың, мақтаншақ, жатыпшіерлері көп ескі қазақ салтында мұндай адамдар әр ауылдан табылады. Зұлымдықтан, екіжүзділіктен аулақ жан болған соң жұрт бос сөзді мылжыңдарға әрдайым кешіріммен қарайды. Авторға Жұманай шал әр оқиғаға дәнекер үшін керек. Егер Жұманай шал Гогольдың кейіпкері болғанда, оның сатиралық сипаты қоюлау болар еді. Юморы басым болып тұрғаны қазақы жаратылысынан, ол бұл ретте Михаил Шолоховтың сүйкімді Щукарь атайына ұқсайды. Ол өзіне оқыс мал біткенде байсымақтың кейпіне енетінін жазушы әжуамен шебер жеткізген. Адамға қажет осалдықты ол кейіпкерлерінен аямайды. Жұманай шалдың аузымен жазушы қалмақтың біраз алабөтен мінез-құлқын қазақы түсінікпен түйреп, аңғармаған болып, әшкерелеп қалуға бейім. Адам баласы бір-бірін сынап-мінемей отыра алмайды, ал бір халықтың ғұрпы екіншісіне жат көрінері рас. Мысалы, «Қалмақтар «тарбаған» деп суыр жейді» (134бет).

Романның басты идеясы – қазақтың ауызша тарихын түзетін, біртұтас ұлт болып ұйысудағы этнологиялық ерекшеліктерін ашу. Шежіренің орны қазақ үшін аса мәртебелі. Ру – қазақтың қағазға басылмаған далалық төлқұжаты. Тайпалық сана қоғамдық қарым-қатынастардың негізгі тетігі болды. Акселеу Сейдімбектің шежірелік деректерді пайымдайтын «Қазақтың ауызша тарихы» атты таңғажайып кітабында «Сіңісті аталар мен рулар» атты тарауы бар. Жаугершілік заманда елден елге, бір рудан бір руға, бір халықтан екіншісіне ұрпақ ауысып жүре берген. Соның нәтежесінде далалықтардың этнологиялық сүйегі түзілді. Қазақтың ең керемет феномені – оның зердесі. Ол өзінің жетпіс жетінші атасының кім екенін нақ біле алатын қасиетке ие. Сіңісті атаның да түбін ұмытпайды. Бауырына басқанмен жадына қиянат қылмайды. Тектілікті артық санайтын қазақ «кірме» деп кемсітпеген, Акселеу Сланұлы ғылыми зерттеуінде атап айтқандай: «Былайша айтқанда, көшпелі өмір-салтта жеке тұлға шыққан тегіне немесе

сіңісті болғандығына қарамастан, оның адамдық сапасы ұдайы алға шығып отырған».

«Беласқан» атты романның өзегін құрайтын оқиғаға эпилогындағы «Тарбағатай етегінде отырған тамалардың ауылы», «...аз үй таманың да «Санияздың алшындары» атанып, төре ауылының бір бұтағы боп кетерін...» – құныкер болып, Еділ бойынан қашып келген ағайынды екі жігіт – кіші жүз Есет батырдың нәсілінен Байшуақ пен Бараттың тағдырлары алынған. Шынтуайтында екеуінің тарихы қазақ тіршілігіндегі көп қайталанатын жазмыш. Ұлттың қалыптасуында рөлі бар құбылыс. Ағасы нағыз ер азамат, інісінде ағаттық, жастық албырттық мол.

Шешендік өнер – көшпелі халықтардың этикетінде негізгі қасиет. Роман бастан-аяқ шешендік тілге негізделген. «Сен Бала Ертісті, мен Қара Ертісті тел емген егіз ел едік», – дейді Нұрәлі би торғауыттың басшысы Ошыржап уаңға сөз саптағанда. Далалық дипломатия мен этикет бұл романда айқын берілген. «Аруақты басымды азғын сөзбен қорлайсың. Жетер, жәдік!» деп Қамбар төре жер үшін жуандық көрсеткен жүрек жұтқан, намысқой жас керей жігіті Алдиярға зілдене сөйлейді (69 бет). Ақыры Алдиярға Қамбар төренің көзі тиіп өледі.

Еділ бойындағы торғауыттың Шығыс Түркістандағы атамекеніне жөнкіліп көшкенде құс қанаты талар қазақ жерін қия кесіп өткендегі тарихы шынайы берілген. «Сұраушы жүзі төменшік» (49 бет) деп қалмақ жағы осы қиын жолда тек аман қалудың жолын дөп басады. Романдағы торғауыт қалмақтың бегі Ошыржап сом тұлға. Ақыл, парасаты мен айлакерлігі жағынан қазақ төресі Қамбардан еш кемдігі жоқ. Ошыржаптың күші оның адами болмысының беріктігінде, әуел баста бұтаға қорғалаған торғайдай болып өзін паналаған қазақтың қос жігітіне тым адал пейіл танытатындығында. Ол екеуі Ошыржаптың сенімін ақтайды, торғауыт көші еліне аман-есен жетуіне себін тигізеді. Ошыржап Байшуақ пен Баратты шақырып алып: «Қалмақ тонын киген қазақтың қазақ қолынан өлгені жараспас. Жандарың – сауға, жолдарың ашық» дегенде, олар: «Мырзам, қалмақ тонын кисек те жанымыздың, қанымыздың қазақ екені рас. Бірақ басымызға іс түскенде пана болған сіздің басыңызға бұлт төнгенде сая іздеп, жалт

берсек қазақтығымыз қайсы. Найзамызды қандастарымызға сілтемесек те, олардың сізге сілтеген найзасын қағармыз. Өлсек – шейітпіз» деуі (55 бет) шындықтан шет кетпейді. Нағыз қазақтың болмысы мәрттігінде. Автор кейіпкерлерін қолдан жасамағаны білінеді.

Табиғат суреттері көркем: «Маңырақтың тасына шейін шөп шыққан екен» (58 бет). «Айнала алқап жап-жасыл түске боялып, Қара Ертіс бойындағы тал-теректің балауса жапырақтары қозықұлақтанып үлгерген» (73 бет), уыздай көшпелі сана. Қазақ прозасынан басқа әдебиетте кездеспейтін тенеулер баршылық: «Қоладан құйғандай шаншылып, күмістеген ер үстінде отырысында ерекше бір сырбаздық, жарасымдық бар» (59 бет). Бұл найман руының байжігіт атасынан Қасқақ батыр. Ол табиғи өткірлігімен, әділдігімен, ерлігімен баурайтын образ. Қамбарды ел билеген төре екен деп жәдік руына қиянат қылған тұсында Қасқақ ер жағынбайды. Қасқақ батырдың қапияда қаза болған Алдиярдың қарындасы Шәйлі қызбен сүйіспеншілік хикаясында автордың шығыс хиссаларындағыдай тым романтикалық әсіре бояуға елігіп кеткені байқалады. Махаббат қисыны қазақ романдарында көп суреттелетін таптаурын реңкте берілген. Сондықтан солғын тартып тұрады. Шәйлінің өлімі селт еткізбейді.

Романдағы Қамбар төре күрделі образ. Бір басында нешетүрлі қасиеті бар, жазушының нағыз олжасы. Қамбар болмысынан жалғандық таппайсыз. Қанды тұсы да, мейірлі тұсы да қанық. Оның әсіресе, тама жігіттерін торғауыт елінен босатып алудағы құпия жоспары ең күшті монархтардың өзі бас иетін ғажап дипломатия екені анық. Романның басында Байшуақ Қамбар төреге түнделетіп кеп жолығып, қазақ арасына оралуға зәрулігін, қалмақтан айла-тәсілмен өздерін қайтаруын сұрайды. Ал Қамбар төре іштей аңдысқан Ошыржап торғауытқа өзі Қойбас шешесіне берген аста қалмақ ішіндегі екі қазақ жігітін алғаш көргендей, үйіріне қайтарғысы келгендей кейіп танытады. Ол өте шебер қисындайды, енді дұшпан болмаса да бұрын жау болған осалдығы жоқ қарсыласын күдіксіз алады. Қамбар төренің қаратай елінің байы Тастайдың қас жүйрік Қаратына көзінің құрты түсіп, ақыры қолына түсіруі романдағы тағы бір хикаялық желіні құрайды. Жылқы культы күшті, табиғи



берілген. «Қараның ат қана емес, бақ екенін Тастай жақсы білер» (216 бет). Қарат пен Сағымсары – қос жүйіктің бейнесі аттың сынын терең танытады. Абайдың «Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп» деп, Ілиястың «Құлагер» поэмасындағы Сағынайдың асына мұқым қазақ жиылғанда суреттелетін жылқы көркі эстетикалық биікке самғайтын классикалық үлгілеріндегідей қас жүйіктің сыны романда қанық. Байшуақ үйірлі жылқыдан бас тартып, Ошыржаптан қалап алған сары байталын, аузымен құс тістеген жүйікті түп иесі абақ керейдің жастабанының байы Солтанның дөп тануы осы жылқы культінің қапысыз берілуінен. Сенімді.

Төренің төлеңгіті Құлжабек шебердің образы кесек, бай үйінің қызметшісі, қарашы болғанмен, дала философы, мақтаншақтығы өзіне жарасады. Оның Баратқа қалыңдық таңдауда тигізген көмегі соны растайды. «Қалмақта қалсаң қаныңды сатқаның» – дейді ол Барат балуанға. Жусан қасиеті айтылмай кетпеуі заңды. Романда қазақ халқының «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» даналығы үнемі алға шығып отырады. Ұлттық салт-дәстүрлер, ақынның өлеңмен топ алдында шындықты айтуы, қазақы күрес культы, балуандыққа баулудың спорттық қыр-сырын, әдісін жазушы үзілдіре суреттеуді мақсат қылған. Бөгде жұрттың қазақ жабайы, надан халық еді деген таңбадан құтылу үшін болмаса керек. Қазақтың жатыпішер жалқаулығын автор идеологиялық сипатта берген. «Ата бабам сиыр сасықты мал екен деп ұстап көрмеп еді» (203 бет) деп шіренген бір қазақ шалының эпизодтық бейнесі қандай нақ. Бұрын мал баққан халықтың көшпелі өмірі келмеске аунап барады. Қазақтың жерге тары егіп, арық қазып, тоған тартып, дән алғанын, қазақ қоғамы ұлы өзгерістің алдында тұрғанын жазушы табиғи суреттейді. Қамбар төренің бәйбішесі Қаражан мен қалмақ Қойбас шешесі тары егуді елге үлгі қылуы етекбасты әйелдің қайраткерлігінің ұшығын көрсетеді. «Тоған тойы» қазаққа таңсық. Қамбардың тоқалы Күлімхан бейнесі қазақ әйелінің сұлулығының тұспалы.

Романда өр Алтайға ода: «Өр Алтай тау-таулардың бабасы екен, / Марқакөл зәмзәм толы сабасы екен» деп келетін Бурахан қожа ақынның өлеңі дөп. Өлеңсіз қазақ психологиясы бос қуыс тәрізді. Кәдірбек Сегізбаев романын «Беласқан» деп атауындағы символикалық астар

– қазақтың өткен тұрмыс, пешенесі, болмыс, мұраты. Бел асу – еуразиялық кеңістіктің символы, қазақтықтың алтын қазығы.

«Аюдың өті» – Алтайдың керім табиғатын бейнелейтін повес. Бас кейіпкері аңшы, жыртқыштығы көнеден жалғасқан адамзат нәсілі. Атып алған аңының әуелі бүйрек, көк бауырын күлді-көмеш қылып отқа қақтап отырған бейне көз алдыңызға елестейді. Аңшы мінезін архитип ұғымдар арқылы суреттеуде автор табиғи, оның мылтығына жасайтын ырымы дәл. «Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ» (367), бұл қазақтың төл танымы. Оның есімі «Елсенген» екені өлерінде бірақ айтылады, жазушы оны «Мерген» деп шартты атаумен атайды. Мергеннің мылтығы – Ақшолақ. Аюдың есімі – Ақтөс, ит екен деп қалмаңыз. Жер орайы нақты, өзені Күркелі, тауы – Сауыр-Сайқан. Қара тұмсық аю мен қос қасқырдың айқасы әсерлі. Аю мен адам егіз тәрізді, екеуі де жер ананың бел баласы. Адам мен аң – табиғат пен құдай алдында тең, бірдей жаралған. Сондықтан автор прозадағы параллелизмді көп қолдануға бейім. Ана аюдан қонжығы, бала Ақтөстің айрылған сәтін суреттеуі өте аянышты, сай-сүйегінді сырқыратады. Жетім қонжықты оқырман бауыр басып қабылдайды. Аю миф ретінде берілетін тұсты «Атам марқұм: «Аю адамнан азған қасиетті жануар, өз басына қауіп-қатер төнгенде болмаса, оған тиісуге болмайды» деуші еді» (345 бет) деп тыяды аңшыны әйелі марқұм. Аю психологиясын дәл беремін деп автор оны кейде адам тәрізді асыра суреттейді. Аюдың физиологиясын жазушы зоология маманынан кем білмейді. Аюдың асқазанын тазартуы, жарасын ыстық қайнарға емдеуі, құмырысқа илеуін жеуі, қарақат теруі тамаша берілген. Мергеннің ашкөздігі, бір жылқы үшін сылтауратып, тойымсыздық танытуы оның түбіне жетті. Үйінде құрдасы дертіне шипа болса деп жаны қысылып сұрап келген аюдың өті тұрса да, Мерген адамға тән астамшылықпен жазықсыз аңды аулап, қан шығаруға шықты. Бірақ мұның да жазмыш екені рас. Аңды көп қырған адамды оның киесі ұруға тиіс, бұл ғарыштың жазылмаған заңы. Аю қармақ – табиғатқа жасалатын қиянаттың көкесі. Обал мен сауап философиясы анық. Өлім философиясы қашқынның дүниетанымымен берілсе де, ол ұлттық дүниетаным болуымен баурайды. «Өмірден өгейлік көрген

өлімтік бейшаралар ғана өлімді аңсайды. Мен өмірге өгей емеспін!» (318 бет) – бұл кешегі кәмпескеленген текті атаның тұқымы, қазір соғысқа барғысы келмей қашқын атанған қазақтың кесек сөзі. Мұнымен жазушы Кеңестер Одағындағы 1940-1950 жылдардағы адам типтерін береді.

Әлемдік әдебиетте анималистік проза өркендеп кеткен. Классиктері нақты, қазақ прозасында «Көксерек» тәрізді романға бергісіз атақты әңгімеден бастау алады. Уильям Фолкнердің «Аю» атты повесі – ұлы шығарма. Қазақ әдебиеті үшін бұл тақырып сарқылмайды. Кәдірбек Сегізбаев жан-жануарларға арналған прозада өз аюымен адасып қалмайтыны даусыз.

«Соңғы шабыс» атты әңгіме Кәдірбек Сегізбаевтың жылқы жануарды ұлықтайтын өте тамаша әңгімесі. Осынау үш туынды: роман, повес, әңгіменің географиясы бір жер, Өр Алтай, Сауыр-Сайқан. «Нұрым шал, ұлы Қасымбек Қойбастың жалпақ жазығына беттеп барады», – деп басталады әңгіме, жер атауы «Беласқандағы» Қамбар төренің тумаса да туғандай қылып, аналық мейірімін көріп өскен соң өлгенде ас берген қалмақ шешесі Қойбастың құрметіне қойылған. Нұрым шал басында бәйгеге шабуды ойламайды. Бәйгеге өз-өзінен бүйірі қызып, тізгін бермей қосылған кәрі жылқы кереметін өлерінде бір көрсетіп кетеді. Месторысы мәреге оза шауып жетерде шал жылап келе жатады. Кезінде желқұйрық жануардың жұлдызы жарқырап тұрғанда Батыраш тәрізді біреу жасырын майып қылған. Әңгімеде қазақтың ұлттық мінезі ерекше шеберлікпен ашылған. Ал жазушы бәйгеге түсетін жүйріктердің келбетін «Керген төстіктей бірегей сұлу» деп суреттейді. Қазақтың ұлттық жадынан Ер Төстіктің шықпайтыны тегін емес. «Бәйгеге шапқан да дүниенің бір қызығы-ау, – деп ойлады Нүкең» – әңгіменің бір лейтмотивы осы. Кең даланың қасиетін жазушы сүйіп суреттейді.

26-28.04. 2011.

КӨКІРЕККЕ ҚҰС БЕРГЕН ПОЭЗИЯ

Ақындар мұндылығымен артық туған. Даңғаза тірлік қайғы-мұннан тосырқай қашса да, өлең тілі сағыныш пен құсадан илайым арылмайды. Қазақтың белгілі ақыны, драматург Нұрлан Оразалин поэзиясында **мұн, арғымақ, түн, көк, жаңбыр, жасын** һәм **құс** деген шынайы қазақы ұғымдарға айрықша салмақ түскен. Себебі оның шыққан тегі қазақ — ақын халық, ежелден құс көңіл, бұлтағы жоқ. Ақынның «Құралайдың салқыны» атты жинағында мынадай өлең шумақтары бар:

Атамыз – Ой,
Анамыз – Сөз,
Күш берген,
Қанат берген, көкірекке құс берген;
аруақтанып алысқанда дін аман
алып шығар қилы-қиын істерден.

Асылы қазақтың жүрегі мен қиялы құстың қос қанатындай, көкке самғап, құстай ұшып тұрарын күллі этнографиялық, рухани кескіні таңбалайды.

Жүгірген құс қуалап қайда бала?

Ақшаның билігі салтанат құрған қуарған заман кең даланы сағынтады. Қазақ үшін жылқы да құстың бір прототипі тәрізді.

Көгілдір жастық шақтарым,
Сәнді кештерім — түсімдей,
ағады көкпен ақжал аттарым,
дүбірлеп күнде ішінде ой...
арғымақ дәуір зырлайды.

Көшпенділіктің жабайы балдай, құздағы қырандай, қаңкылдаған қаздай, Тәңірідей көркем асыл зада рухынан біз мегаполисте камалып отырсақ та арылмаймыз. Мұны бөгде жұрт қайдан ұқсын. Нұрлан ақынның жастық шағындағы шабытты толғанысы бұл өлеңнің ішкі ырғағын берген. Негізгі екпін – қозғалыс, алмасу идеясына түседі. Қозғалыссыз, қимылсыз тірлік қараң.

Ақындар патшалығында метафораларда еш қисап болмайды. Алайда «**көзден аққан күндерді**» өз басым осы ақыннан алғаш кездестірдім. Адамзат қимасын көздің карашығындай сақтаушы еді. Бірақ, өмір зырлап дамылсыз

ағады, күндер оның лыпасындай.

Ағады күндер...

Көзімнен менің ағады,

Алғашқы жауған ақ қардай.

Бұл мұң ақынның келесі бір өлеңде құйылып, қайталанары далалық болмысымыздағы қорқытшыл күйден туса керек:

Ұзақ болып көрінер ғұмырымның

Күндерінің қарашы азаюын...

Қазақ көзден бұлбұл ұшты деп бір көруге зар болып, аңсап, ардақтағанын айтады. Бұлбұлдайын сайрады – бұл көне жыраулардың ағыл-тегіл жыр дүниесіндегі фольклорлық идиома. «Ежелден ел бұлбұлы ақын шірікін» (Ілияс Жансүгіров) мынау біздің басымыздағы тұрлауы жоқ өткінші дүниенің поэтикалық бейнесін мұңая жырға қосса, сол көзден аққан күндердің көрікті, арманды елесін оның «алғашқы жауған ақ қардай» пәк, таза қалыбынан сезінбей қалмаймыз.

Қыз Жібектің ақтығы

Наурыздың ақша қарындай.

Қазақтың лиро-эпостық жырында ол сұлулық өлшемі. Француздың көне ақыны Франсуа Вийон «Қайда кеткен өткен жылдардың қарлары?» деп, рефренмен баянсыз жалғанды бейнелейді. Бұл өлеңде өмір көшінде микрокосм – адам мен макрокосм – табиғаттың біртұтас, бір шеңберлі үндестігі астыртын оймен берілген. Тегінде, тегі көшпелі нәсілден болғандықтан ба, Нұрлан Оразалин дүние көшін көп жырлайды. Негізгі сарын мұнда – бұлт, көк аспан, мұң.

Ақынның образдық жалқы әлемінде ұдайы көшу, көш керуен үзілмейді: күндер көзден ағады; арғымақ дәуір зулайды, жеткізбейді бір ой қуып, бір ойды... Өмір әрдайым өзгеріп тұруға мүдделі, сол себепті ол көшеді, айниды, айналады. Ақынның жастық шақ жырларының қуатын, рухын мол танытар мына бір шумақ:

Құстар қайтар ызғып қырмен

Былтырғы емес,

Басқа бір.

От махаббат үзіктірген

Ойнар ыстық жас тамыр.

Оның әр өлеңінен қозғалыс мотиві, динамика білінбей қалмайды, табиғат бейнелеуінде де анық:

Шырша қайың ырғалар.

Нұрлан ақынның мұңы — арылмас мұң («кешір, көгім, кір сінген!») – техногендік апаттар дәуірінің залал, сұсы. «Мұң – көкбөрі, «жүректерді жаулап алды өгей мұң», «өзекті өртер мұң», «жөңкілген бұлт боп жанымды менің жаңқа мұндардан аршып ал», «мені алып қаш, жалғыздықтардан, жапан түздерден мұң басқан», «мұң ұялап жанарымда», «шөлдетер мұң», «мұңды Айым», «менде мұң бар, сенде мұң бар, бәрімізде бір мұң бар», «дерт болып жабысқандай мұң адамға». «Шалкөдеге мұңайып қарады аспан». Мұңды орыс әдебиетінде М.Ю.Лермонтов жиі айтады. Мұң биік пафос, ол тегіннен тегін адам жанын баспайды. Мұң біресе көкбөрі болып қараңғы түнде ұлып, біресе соғыстағы снарядтың жарықшағындай тиіп мазалайды, енді бірде аптап, аңызак болып қинайды.

Бұл өлеңдердің бұла жастық шаққа әбден тән абстрактілі, кезбе, дәруіш келбеті толған айдай жүзіп шығады. Тәңірі-ай, Ақын да көркемдіктің құлы, дегдарлықтың дәруіші емес пе бұл дүниеде?! «Мен әдебиеттің дәруішімін» деп жазғаным ойымда (А.Кемелбаева. «Мұнара», роман, 2003 ж.). Проза кейде ақ өлеңді таңдап, ғибадат қылуға зәру. Нұрлан ақынның ертеректе жазылған мына бір өлеңі:

Оңымнан соққан жел ме деп,
Солымнан соққан жел ме деп,
Созылып жатқан белдермен
Қашар ма едім өрмелеп?!

Бұл не сонда? Бозбала шақтың алағызған асау жүрегінің үні ме? Бұлдырандаған бұлғақ ой ма булыққан? Қызық өлең. Бір түрлі тосын. Расы эпикалық дүниетаным бұл. Қисса, дастандарда қазақтың бағзы жырауында өлең түйдектеліп, шапқан аттардың дүбіріндей келуші еді ғой. Асылында нағыз қазақ өлеңі алашапқын келеді. Көлемді эпосты бір демде бас алмай оқып шығуға болады, ырғағы солай, әлгі жыршы-жыраулардың ұзақ дастандарды таңнан таңға ұрып, үзбестен, іркіліп, бөгелместен жырлайтын салты қазақтың қара өлеңінің ұлы қасиетінен туғанын аңдауымыз керек. Ақын ауық-ауық ата-бабасының басынан кешкен өмірін аңсауы заңды:

Уақыттың қамалған қорығына,
Бөрі мінез ойларым барады ұлып.

(«Ғасырмен қоштасу»).

«Құмның әні» мен «Қарлығашым» – азаматтық поэзия.

Ей, ағайын,

Сырды неге бұрдыңдар?

Қайда менің көк көлдерім?

Қашан? Қалай құрғаған?

Ата-бабам басып өткен

балдырлы су, балғын үн,

Қайда мені ғашық еткен

Қара өлеңді шалғыным?

Балдыр су астында өсетін жұмсақ, майда шөп. Оның бір мағынасы бүлдіршіндей жас, балдырған дегенді білдіреді. Махамбеттің атақоныстың ең шұрайлы жерлерінен айрылғанда, жерұйықты жоғалтқан зары жадына орала кетер:

Балдырғаны білектей,

Баттауығы жүректей,

Ондай қоныс маған жоқ,

Құдай қылды амал жоқ.

Бұрынғы көшпелі бабалар үйір-үйір жылқы айдап, көсіле көшіп, жаз жайлайтын туған жерден аласталудың соңы енді жаңа заманда жат сипатпен экологиялық апаттардың араны болып төнді. Еуразия құрылығының ғана емес, қазақтың ұлттық мұң-қасіретін ишарамен жеткізу үшін ақын былай жырлайды:

Талып жеткен түнделеп

әлде жетім қаз ба екен?

Кештеу білдім. Естігенім –

Жел суырған құм әні...

Арал теңізінің қасіретін ақын осылай көреді.

Қазақ прозасының кербұғысы Оралхан Бөкеев құм мінезін философиялық сарынмен суреттеп кеткен. Ақын бұл жазушының «Айқайлау дегеніміз – өмір сүру» деген қанатты сөзін өз өлеңіне эфиграф қылып алған. Мылқау құсаның қан жылаған кейпіне жан бітіру үшін ақынға жетім қаздың өзін айрықша аңсау қажет болды, бұл поэзияның эмоциональды қуатын арттыра түседі. Қайда қаз-үйрек нулы жерден ұшып-қонған? Енді бұл жаралы, мүгедек жерлер ақ қанат қазға емес, кесірткелі құбыжық өлкеге айналды, өлі күйге тұнжырады, теңіз құруға үкім етілді. Құм сыңсып

арызданып жатыр.

«Қарлығашым» – отаншылдыққа, құпия налаға, елшіл-жершіл ұлтжандылыққа мегзейді, өзін-өзі аман сақтау түйсігінен туған.

Аспан мең-зең торғайдан ала қанат,

Көрінбедің көзіме, қарлығашым.

Жаһандану дегенше жалмауыздың араны дей беріңіз. Ол жүздеген ұсақ ұлттар мен ұлыстардың тілін өлтіріп, рухын қорлауда. Өлеңдегі қаптаған жат жерлік тажал ала құс – өз жеріне сыймай, құмырсқадай қаптаған пиғылы бөтен, нәсілі жат, келімсектердің символы.

«Апанына түстің бе жалмауыздың?» – деп күңіренеді ақын. Жаһанданудың бір сикы аждаһа болар. Иншалла, ол өзі мифтік хайуан, шын мағынасында жаратылыста жоқ емес пе, соның өзі көңілге хош келтірер, дертке дауа. Ырымшыл халықпыз ғой.

Айқайтастың көгінде қалдың ба сен

Менің сәби кезімнің кескіні боп?!

Баршамыздың көкейімізді тескен желгек, ностальгиялық кезгек мұң. Нұрлан ақын бір өлеңінде мұны тұспалдамай тіке айтады.

Сұрайтыным:

Тәңірім өз елімді

өгей ете көрмесін өз ғасырым...

Ел мен Жердің маңғаз келбетін ұрпаққа аман сақтау, ұлттық мүдде. Осы үрейлі ойдың ақиқатын ізінше ақын айқын ашады:

Дәуір жұтып, жоғалған ұлттар сынды...

Әлде сені қатерлі күш алды ма?!

Мұндағы ақынның жалқы құсасы қазаққа ортақ. «Ақтабан шұбырындыда» елім-айлап зарлап едік.

Аңдаусызда, апыр-ай, жем болдың ба,

Ұяң бос тұр жабырқап, жаңғалағым?!

Ақын мен дала біртұтас рухани бірігіп кетеді, кентавр күй. Көңіл бей-жай болатын себебі дала мең-зең. Қара көзге жас келер. 90-шы жылдардағы қазақ ауылдарының құты қашып, іргесі сөгілген символикасын аллегориямен беру – урбанизация замана талабы болғанмен, ежелден жайбасар, ұзын арқан, кең тұсаумен жүретін халқымыздың арқасына аяздай батты бұл кезең. Ел іші алтын бесік, қазақтың алтын

ордасы, тіршілік салты ауылы еді. Ұлттық негіз далада жаңғалақтай, жамырай қонған ауыл аймағында болатын. Ендеше, ақынның қарлығашым деп үздігіп отырғаны қазақтың образы. Ақын құс баласын аңғалым, жаңғалағым деп еміренуінен құлдырандаған құлындай, азат аңқылдаған, кең пейіл, дегдар көңілі жас баладай таза, зұлымдыққа жаны қас ұлттық мінезді айнытпай танимыз. Қаланың китұрқы өміріне бейімделуге болар, бірақ, аңсар қалмайды. Аңғал қазақтың қапиядан, көңіл кеңдігінен қиянат тартқан кездері аз болмаған.

Дала мең-зең дәуірдің мінезінен,

Қай қиырда адастың, қарлығашым.

Ақын біржола үкім айтудан аулақ. Сондықтан өлеңде айттым-бітті, кестім-үзілді дейтін мірдің оғындай қатал үкім жоқтығымен тебіренеді. Айтылған сөз атылған оқпен тең. Үмітсіз шайтан. Халқының келешегіне қарғыс айтуға итермелейтін тамшыдай болсын жаман ой айтуды мәртебелі поэзия ешқашан қаламайды. Адаस्कанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң дейді қазақ, солайша тәубесіне түсуді сүйген. Ендеше, ақын халық перзенті, оқырманның жаралы жүрегіне үміт дәнінен гүл өсіретін адамсүйгіштік рухта сөз соңын ақын жұмсақ мұңмен қайырады.

Әрине, әлемдік поэзияда көп қолданылатын теңеулер Нұрлан Оразалинде де бар.

Шашбауын тағып,

Таранып түнде жұлдызым.

Түн – ару бейнелі.

Орыс поэзиясының өзінен «Түннің шаштары» деген метафора А.Блокта, ал қазақтың шашбауын еске салар тағы бір образ таң суретінде С.Городецкийден табылады: «Распускает косу вороную, / Самоцветные камни вплетает / И полмира под косу ночную/ Всплывает».

Түп негізінде поэзияда ақын атаулы лексикалық акромнограмманы көп қолдануы шартты романтикалық құбылыс. Ол композициялық тәсіл болғандықтан, ешбір ақын одан қашып құтыла алмайды.

Түп жалғыздық аралы. Ол өзі құздып біткен шыңдай алыс, айқайласаң бөгденің үні жетпестей. Ақындықтың құладүз жалғыздығын бейнелеу үшін ол «түнгі ырғақтар», «түнгі дауыс» сынды сарынды таңдайды.

Қазақ поэзиясында көктегі жұлдыздардың сан алуан метафорасы мол. Нұрлан Оразалиннің жұлдыздарды өлген жандардың елесіне ұқсатуы селк еткізеді:

Елестейді көз алдыма түн мынау

Аспан кезген аруақтар боп көктегі.

Адамзат эллиндік түркілік мәдениеттен бері аспанды тірілерден гөрі өлілерге лайық саф патшалық деп санайды. Оның жаны бар. Көп халықтардың нанымында өлгендердің рухы мен жаны көкке ұшады. Қазақ әуелі құдайды, сосын аруақты қатты қиналғанда ойлайды. Аруаққа сиыну өткеннің ұлағаты. Ақынның кие іздеген санасына, елегізген көзіне, жабырқаулы жанына аспан толы жұлдыз аруақтардай көрінетіні келесі бір «Шаңқобыз үні» атты өлеңінде тағы бір мәрте беріледі.

Ұзап бара жатқандай

шаңқобызда – көп халық.

Бұл автореминисценция (лат. еске алу), варианттылық, ақынның өзін-өзі қайталауы арқылы жарға ұрған толқындай нысаналы ойдың құзыры. Бұл мистикалық сарын ғаламдану албастыдай төніп тұрған тар заманның зарына ұқсайды:

Шаңқобыздың үнінен

өз үнімді естідім.

Өз дауысын жоғалтпау бұл ХХІ ғасырдың ең ауыр, қыл көпірдей қиямет сынына айналды. Мәңгүрттіктен, рухани шөлден жаны жаншылып, ары тапталудан сұмдық не бар бұл жалғанда?! Ештеңе.

Намыс сынды құйылып,

Ием көшіп өткендей;

Тұмар сынды түйіліп,

Киём көшіп өткендей.

Көшу ақын поэзиясындағы лейтмотив сарын.

«Тарқата алмай түн мен ойдың мұнарын» (өз сөзі) – өмір шешуі жоқ жұмбақтай ақын жүрегін жаралайды.

Біздің қазақ әдебиетінде 90-жылдары мұқтаждығын жұрт жүрегі аңсай тұра сезбеген, талпына тұра жетпеген бір биіктер бар. Ол теодицеялық жыр, яғни құдайшылық. Марксизм экономиканы өзге құндылықтардан жоғары қоюы арқылы күллі ХІХ, ХХ ғасырларды адастырып, қойды бөрліктірген жыртқыштай қан қақсатты. Мейірімсіз дүниенің моделі материализмге құлшылық, алтын баспаққа

табыну. Мейірімді үйлесімді әлемді аңсау Аллатағаланың ақ нұрына құштарлық.

Мазамды алып тұрғандайын мынау түн
Дәруіштің кейпін киіп күндізгі.

Пақырлық мүсәпірліктен ада құбылыс. Ол рухани ізгіліктің нышанын іздеу, жан сарайын жарық ұстау. Қоғамдар ауысқан бұлғақ дәуірде ақынның құлағына түнгі сарын естілері нанымды.

Қанағат өлді білем көңілдерде,
Ұмтылды көбелектей отқа халық.

Бұл құдайға мінәжат. Діни ұғымдар бүркемеленіп берілген, солай бола тұра, автор суфизмнің таным-түйсігімен тіл катады. Тәңірі образын антитезалық шүкіршілік пен күпірлік туралы ой алмастырады.

Адасып қалдың білем
„шүкірліктен», ғасырым!
Сақтай көр, сақта елімді
күпірліктен!

Бұл циклдің сонын ол «Дүниенің жарылардай жарғағы» атты өлеңмен түйіндейді:

Кешір мені, Хақ Тағала!
Күрсінсем көрмегендей еш пайда.
Хақ тағалам!

Ақынына арыған
Керек сенің көмегің.
Дүниенің жарылардай жарғағы,
қайғырмасам...

Жүректегі дүрсілден.

«Ер Тарғын» жырында «Ер жігіттің ішінде ат басындай жер өсер» дейді. Бұлай деп айту бақыты тек Ақынға бұйырған.

Он тоғыз мың ғаламың – көз бен құлақ.

Ұмытпа!

Құдай барын...

Ғарыш барын...

Қасиетті Құран Кәрімнің осы тектес аяттарынан алшақ түспейді.

Адалдарға өргену серт еді ме?!

(«Қарлығашым»).

Нұрлан аға кейде өзі де байыбына бойлап бармай, табиғи

адуын қалыбымен сопылық ойды ұлықтай беретіні ғажап. Суфийлер өртенгенде «фәнә» – Құдайтағаламен бірікпеуші ме еді. Ақыл емес, сезім шуағымен бұл өлең баурайды. Бей-жай көңілінің себебін лирикалық кейіпкер өзінен іздейтіні тағы бар.

Кешегі дос жауығардай не жаздым?

Кетті мен әлде бір ағаттық ісімнен?

Бұл қазақтың классик ақыны Абай хакім поэзиясынан перифраз:

Кешегі дос бүгін жау,

Мен не қылдым, япырмау?!

Хақакиқат қашанда жалқы, дәлосы күйініш адамзатқа ортақ болуымен ыстық. Бұл дүниеде бәрі өзгереді, өзгермейтін бір Тәңірі, Алла-Тағала ғана. Сол себепті Нұрлан ақын поэзия тілінде адамдарға шынайы уағыз айтады:

Тағдырынды Тәңірідей сыйлағын...

Бұл мұсылмандық момындық идея. Ендеше, Жаратушы Иеміз бізді жалбарыну – ақ жолдардан дұға, ғибадаттан айыра көрмесін. Нұрлан Оразалинның бұрынырақта, алабөтен жастық жалынмен жазылған бір өлеңінде лирикалық кейіпкер сүйген қызының кеудесіне көз жасын моншақтап тізіп, тағып қойғысы кеп, жан сақтауға құмартады. Осыншалық әсіре бейнелеудің шын иландыра алғанын мойындау керек.

Бұл өмірдің уыз мәні махаббат. Көз жасы – Нұрлан Оразалин жырларында сүйіспеншіліктің символы.

Мен сүйген ашық мына аспан,

Мен сүйген таулар,

Мен сүйген дала

Көкжиектермен ұласқан,

Шуақты күнде бір күлген,

жауынды шақта жыласқан

Сағынар ма екен?! – дейді ақын жүрегі жалынымен баурап. Бұл ғаламмен бетпе-бет келіп, сырласа білер, мұны мен ойын ағынан жарылып айта алар жүректің жұмыр бас пендеге қояр мәңгілік сұрағы. Жалғастардың жалғасындай елестер сұрақ. Қуатты сұрақ.

Ұлы Абайдың «Көгала бұлт сөгіліп» атты өлеңінде ақын айдалаға безіп, жауған күнмен қоса жылағанда жан сарайы ашылып, «іштегі кірді қашырып, жүрегін тазалау» үшін

аллашылдық жаратылысы меңзеп, түлеп оралмаушы ма еді. Қазақ поэзиясында буырқанған жыраулардан, эпостық телегей-теңіз көшкінді жырлардан, Абай дәстүрінен бергі қуатты бүгінгі қазақтың талантты ірі ақындары мирас қылған. Ол біздің ұлтымызбен бірге жасайтын, күн сөнгенше сөнбейтін ерен биік қуат.

13-16.05.2006

РОЛЛАН СЕЙСЕНБАЕВ ПРОЗА ЖАНРЫНДА

Жазушы Роллан Сейсенбаев Советтер Одағы көлемінде есімі елге танылды. Кез келген уақытта ұлт жазушысына тар шеңберден шықпау, өз ортасынан аса алмау қаупі бар. Өйткені ғаламдану адамзаттан ірілікті, ақындық пен заманға сай келбетті талап етпекші. Ең алғаш рет біз енді әлемдік әдебиет дәуіріне ендік, ұлттық әдебиет түкке жарамай қалды деген ойды 1827 жылдың 13 қаңтар күні Эккерманмен әңгімесінде ұлы неміс ақыны, натуралист-ғалым, ойшыл И.В.Гете айтқан. Гетенің пікірінше, ұлттық әдебиеттің құны дүниежүзілік әдебиет айналымына енген сәттен бастап аспандайды, әлем халықтарының ортақ құндылығына айналады. Сол мезеттен бері 180 жыл өтті. «Әлемдік әдебиет» термині әбден күшіне енгелі қашан.

Бірнеше роман, повес, әңгімелері орыс және шетел тілдерінде жарияланған Роллан Сейсенбаевтың кітаптарының жалпы саны миллион данадан асып кетті.

Өндіріс тақырыбына жазылған романдар қазақ әдебиетінде аса көп емес. Автордың 1980 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Өмір сүргің келсе» және «Ешқайда бастамайтын баспалдақ» атты қос романы бір-бірімен өзектес, тектес. Екі романның кейіпкерлері жер бетіндегі бақыт туралы толғанады, әрқайсысы өмірден өз орнын іздейді. Өркім бақытқа жетудің жолын әр қилы түсінеді. Олар өз мұратына қыранша қалықтап немесе жыланша жорғалап шығуды оң санайды.

«Өмір сүргің келсе» атты романның басты қаһарманы Бекен Ысқақов – завод директоры, ол жеке басының мүддесін қоғамға тигізетін адал еңбегіне айырбастамайды.

Халқының игілігі үшін сіңірген қызмет ол үшін отбасынан да жоғары. Бекен Ысқақовтың жас күніндегі досы Ерлан Қожақов онымен шекісіп тұрып, ақырында бекісуі соның айғағы, түпнегізде адалдық пен азаматтық ар-ожданға риясыз құрмет.

Соғыстан соңғы бейбіт кезеңде, азапты жылдар суық лебі жоғалып, өмір шіркін енді оңала бастағанда заманға лайық жақсы өмірге қол жеткізуге әсіре пысық адамдар тым бейіл танытты. Мансап үшін ештеңеден аянбау, адалдықты көпе-көрнеу масылдық деп санау сананы жаулап алды. Сөйтіп, «түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» сынды мәтелдің сиқы қазақ арасында, әсіресе, өнер мен ғылым, өндірісте айна-қатесіз келіп жатты.

Роллан Сейсенбаев романдарының лейтмотиві де осы – «Адам қаншама шексіз күшті болса, соншама шексіз әлсіз екенін ұғу» (122-бет).

«Ешқайда бастамайтын баспалдақ» – діни зердеде құдайсыздыққа тақау ұғымға парапар. Роман кейіпкері Сырым Айбасов бірінші кітаптағы адал жан, үлкен инженер Бекен Ысқақовтың антиподы тәрізді.

Жазушы Роллан Сейсенбаевтың жазу стилінде ұлттық құнарлы топырақтан өсіп-өніп һәм нәр ала тұрып, Еуропаға, орыс әдебиетіне де етене жақындығы оның кітаптарының жанрлық ерекшеліктерінен де, көркем прозасының атынан да білініп қалары даусыз. Әйтпесе, «Өзімді іздеп жүрмін» деп қисындау қай қазақтың ойына келсін. Өзін-өзі тану туралы Платондық идеяны атаң қазақ «Адам баласы ішінде, ат аласы сыртында» деп көрегендік танытуға иіріп әкетпес пе! Жазушының Батысқа бір бүйрегі бұра беретінін оның күллі прозасы айқындайды. Бұл жайтты ұлы хакім Абайдың «Батысым шығыс боп кетті» деген қағидасына сай қабылдасақ үркүдің жөні жоқ.

XX ғасырдағы 80-ші жылдардағы қазақ прозасы үшін қос романның жазылу стилі де жаңа екені сезілмей қалмайды. Дәстүрлі әдебиетіміздегі эпикалық баяндаушылық үрдістен жазушы әдейі бас тартып, диалогты мол қолданады. Сондықтан кейінгі толқын қазақ прозасында диалог, кейіпкерлердің ұдайы сұхбатына асқан құмартуды осы стильді тамаша меңгерген Э.Хемингуэйден емес, Роллан Сейсенбаевтан үйренді деп ойлаймын.

Тауратта баспалдақ – Құдайға деген сенімді білдіреді. «Ешқайда бастамайтын баспалдақ» – бұл кітап әкелер мен балалар арасындағы бітпейтін рухани дау. Заман өзгергенде рухани құндылықтар қоса өзгермей ме. Дәлірегі, оларға деген адамның көзқарасы өзгереді, яғни, адамзаттың пейілі бұзылады. Әйтпесе, рух – шірімес, құны қайтпас асыл әлем.

Сырым – осы заманның адамы. Махамбет поэзиясынан құлаққа тұнып қалған бір аза сарын көкейге орала кетеді: «Ердің соңы Исатай». Міне, Махамбет жырындағы аһ ұрушы хал, ержүрек, қас батырлықтың заманы өткені аңдалмай қалмайды. Мұны Абай дөп болжаған:

Саудасы – ар мен иманы,

Қайрат жоқ бойын тыйғалы.

«Заман ақыр жастары».

Сырым өз әкесінің жан-дүниесі кіршіксіз таза, ізет, әдеп, білім, деғдарлығына шек келтірмей тұрып-ақ, оны өмірде ештеңеге қол жеткізбедің деп кінәлайды. Абай атаңның «Арсыз болмай атақ жоқ, /Алдамшы болмай бақ қайда?» деген күңіренісі атойлап шыға келеді. Абай жалғыз қазақты айтпаған. Абай хакімнің ұлылығы сонда, ол күллі адамзаттың мінез-пейілін осы өлең сипатындағы афоризмге сыйдырып тұр. Бұл сын баяғы Диогеннің бөшкесінен басталмаса керек, одан көп, әріде жатыр.

Сырымның әкесі баласының бойынан өзінде ырымға жоқ қулықпен шебер астасқан пысықтықты көріп ерекше қайран қалып отыр. Сырымның әкесі Рақымның ойы: «Пысықтық пасықтыққа жақын ба деп қалатын», (204-бет).

Осыған дөп перифразды «Өзімді іздеп жүрмін» атты пьесадан кездестіреміз: «Айсұлу, адал адамдарға өмір сүру қиынға соғады» дейді бір кейіпкер екіншісіне, ол бұған «Бұл пысықтардың философиясы» деп жауап қайтарады. (348-бет). Мұнда да қулық, карьера үшін ештеңеден тайынбау, сол үшін махаббаттың өзін құрбан қылу харекеті жер-көкті орап тұр. Сөйтіп, Сырым ашкөз, дүниеқоңыздыққа мықтап тұтылды. Ол «тақыр табан тазалықты» (332-бет) мүлдем менсінбейді: «Астымда машина, үйімде байлық болуы керек. Мен соны армандаймын» деп мойындайды ол ақын досы Әділетке. Адамзаттың байлыққа құлдық ұрып тұрмаған заманы жоқ. «Ақынға да ақша керек», – дейді ол ақын досына. «Бұлбұлдың да жемсауы бар» – деген қазақ

поэзиясының бір мықтысы Жұматай ақын.

Ұрпақтар алмасуының негізгі ұстанымы тұп-тура осы формулаға, торлы тұжырымға сай келгені өкінішті.

«Бұл заманның ғалымы залым болар» деп «Ар ілімі» атты концепциясында айтып кетті Шәкәрім қажы мұнан азар-безер шошынып. Расында бұл жалғандық, арсыздық, өтірік лауазым, мансап пен атаққұмарлық, тамыр-таныстық біздің қазақ қоғамын өрмекшінің торындай шырмап алды. Оның сұмдық зардабы жатқа, нағыз бөтенге есеміз кеткен сайын біліне бермек. Құдайсыздар бұл залалдық кеселін қайдан түсінсін.

Романда өндіріске енгізілген жаңалықтың өзі сыбайлас жемқорлықсыз жарық көре алмайды. Авторлық құқықты алу үшін жас ғалымдар өз басшысын қоса тіркеуі керек.

«Менің білгім келетінін, главка бастығының, ел басқарып отырған үлкен адамның принципсіздігі, керек десең арсыздығы», – деп күйінеді сондай жас ғалымның бірі Айдар.

Жағымсыз бейне Сырымның дүниетанымында бір өзгеріс, рухани өрлеу жоқ, ол өзінің ұсақшыл, аяр, жағымпаз пиғылынан аса алмайды.

Пьесада Әділет ақын өлді. Шынында, ол типті образ. Бірақ оның не үшін өлгені анықталмайды. Автор Әділеттің ауызына Мұқағали Мақатаевтың да, Төлеген Айбергеновтың да өлеңдерін салған. Қос ақынның азабы – өз заманына сыймай кеткені. Көшпелі қазақ нәсілінің урбанизацияға өтер өлара тұсындағы тегін саф таза, ділін анық, рухын биік сақтаған бұл ақындар біртектілікке шындап ниеті ауған адамзат қоғамының алдында могиқанның соңғы тұяғындай әлсіз, қорғансыз сезілетіні рас. Пьеса Төлеген Айбергеновтың «Бір тойым болатыны сөзсіз менің» деген иісі қазаққа тарап кеткен тамаша өлеңімен аяқталады. Сырымды сүйген Айсұлудың бақыты үшін бұл қызды шын сүйген Әділет ақын өмірін қиғандай әсер қалдырады. Бірақ, қатыгез Сырым рухани түлейді деп сене қою тағы қиын. Айта кету керек, қазақ әдебиеті үшін құбылыс деуге болатын бір ерекшелік – Роллан Сейсенбаевтың эпикалық жанрда жазылған шығармаларын дереу драматургия тіліне көшіре алатын қабілеті.

Жазушы 1990 жылы «Тоска по отцу, или День, когда рухнул мир» атты кітабын жазып, жариялады. Кітапта атом

сынағы полигонына 40 жыл бойы айналуудан көз аспаған туған даламыз туралы тарихи деректер бар. Шыңғыстаудың қасиеті мен қасіреті мұнда қоса айтылуы заңды. Жазушы өзін-өзі есімімен атайды. Жанры жағынан деректі проза. Шыңғыстау тауының бейнесін ол Арабтан сатып алады. Мұнда Шәкәрім әулиенің рухы мен қазасы бар. Періштедей қыз бала Кенженің образы елдің обалы тәрізденеді. 1953 жылғы тамызда Шыңғыстау үшін елді жаппай көшіру, эвакуация ауыр дертше тиді. Бұл тектілік пен елдікке түскен зауал. Қазақтың тұқымын тұздай құртуға үкім кескендей Курчатовтың ғылымы анау. Кітапта тағы да Еуропаның елесі жүрген тәрізді. Жазушы Кенигсбергте, Канттың зиратында әскердегі ұлымен тұр, бір кезде, бұл қаланың атауы Калининград болып өзгермеген уақытта өз әкесі, аға сержант, Шыңғыстаудың қазағы фашистермен шайқаста осында жараланған. Семей полигоны осынау қанды соғыс, бейбіт замандағы қырғи қабақ соғыстың үзілмеген жалғасы. 1963 жылы ірі елдер ядролық қаруды қолданбау туралы келісімге қол қойды. Бірақ оның рақымы біздің елге мүлдем тиген жоқ. Жазушының айтпағы да осы мұң, осы қайғы болатын.

Р.Сейсенбаевтың жаңа заманға күллі болмысымен сай кейіпкерлерінің барлығы дерлік шампанды көбірек, коньякты біршама ішіп, шерін тарқатып отырады. Сондай-ақ Моцарт пен Шопенді сүйіп тындайды, Василий Шукшиннің прозасы мен киносын ұнатады. Еуропалық сән үлгілер бізге мейлінше еніп бітті. Бірақ, жазушының төл кейіпкерлерінде батыстық өлшемге, уақыттың құлына айналуға іштей бір наразылық сезілмей тағы қалмайды. Бейқам, еркін жүру қуанышына ештеңені теңгермейді.

Жазушының ұлттық жадын айқындайтын жылқы образы – Сарытөбел айғырды тракторист Сайлау есімді жігіт өрттен, жанып жатқан вагоннан құтқарады. «Тон туралы реквием» атты әңгімеде қазақтың ұлттық мінезі айрықша қорғалады.

«Майдан әндері» атты әңгімеде адамдар қиын-қыстау соғыста бір-бірімен тағдырлары қиылысқан, тоғысқан тұстарын ұмыта алмаса да, жазмыштың жазуымен кейіннен бір-бірін кездестірген сәтте танымайды.

Өмірде бірін-бірі сүйген жандарға бірге жүру бұйырмайтыны соғыс мехнаты, қу тірліктің кесірі.

«Сағынтып жеткен жаз еді» атты повес соғыс тақырыбына арналған, қаршадай баланың отансүйгіштігі жауыздық пен өлімді жеңеді. Бұл идеядан XX ғасыр әлем әдебиетіндегі, Хемингуэй шырқау биікке көтерген «Адам жеңеді» пафосы менмұндалайды.

«Түнгі диалог» атты пьесалар жинағына аталған үш шығарманың сахналық нұсқасы енген.

Жазушының «Өзімді іздеп жүрмін» атты прозалық жинағы жарық көрген мезетте өзіме оқырман ретінде қатты ұнаған әңгіменің бірі – «Парик» деп аталатын. Араға ширек ғасыр араласа да бұл әңгіменің көркемдік әсері еш жоғалмағаны тағы қайран қалдырды. Ауыл мен қала тіршілігіндегі рухани қайшылық, ар-ождан тазалығы, ашыну арқылы өтіріктен арылу бұл әңгімені айрықша қуатқа кенелткен.

НЕСІПБЕК ДӘУТАЙҰЛЫ. АСЫЛҒА ҚҰШТАР ДҮНИЕ

Адамның туа бітті теріс қасиеттерін өмір жокқа шығармайды, бірақ өзі реттейді. Зұлымдықты тіршіліктің тетігі санайтын пиғылдан озбай, адамзаттың жаратылысына тән һәм лайық көріп, жерінбейтіндік түбі қайыр болмайды. Өр жан иесінің жарық дүниеден өз көргені мен түйгені, соған үйлесер мән-мағына іздеу бар. Жазушы Несіпбек Дәутайұлының әңгімелер мен хикаяттарында екі түйін айқын. Өрбір әңгіме өз кейіпкерімен төгіле келгенмен, бәрі бірігіп, мына дәуірдің суретін түзеді. Тәуелсіздік алған кезенді бейнелейтін проза сан алуан тақырыпты нысана қылса да, негізгі идеясы ортақ.

Ол қазіргі қазақтың басынан кешкендері, тағдыр-талайы. «Жүреке тиген оқ» атты әңгіменің тақырыбы ар соты. Тұтқабай Бошаев деген «мықтыға» өлгеннен соң қойылған бюст тірі Борқанның түбіне жетті. Ол ұрпаққа өнеге қылатын қасиетті адам болмаған, сөйте тұра өлсе де әлі түгелісер түрі жоқ. Бұл Бошаев сияқты имансыз, арсыз бастықты өз көзімен көрген бұған рухани соққы болып тиді. Себебі, Бошаев сияқтылардың қиянатшылдығына кезінде өзі де төзіп, көз жұма қараған. Шірінді қоғамнан жүрегі айнымай өмір сүріп келгені рас, ендеше, сол үшін кінәлі. Борқанның



жүрегі тоқтап қалды, кірден тұншыққан жүректің тыншуды қалауы.

Несіпбек Дәутайұлы әңгімелерінде ескерткіш, яғни тас мүсін символикасы жиі кездеседі. Қазіргі заманғы жаппай ескерткіш орнатуға құмарлық дінсіздік пен күпірлік – ежелгі пұтқа табынудан алшақ кетпейді. Еменге де, семенге де белгі қоя беруге мүмкіндік туды. Хас жақсы мен жаманды бөліп-жару жоқ.

«Лениннің мойнына мінген адам» атты әңгімеде Бошаевтар кейпіндегі қуыс кеуде, зинаһор, екіжүзді ашкөздік салтанат құрған құрғақ, монтаны дәуірдің былайғы жұрт көзінен таса сұмдықтарын әшкерелейді. Үлкен прозадағы тәсілді жазушы қолданған. Егер қоғам шын дертті, дәрменсіз болса, онда ең теріс, ең төмен саналатын мүшесі кей сәт әулиеге пара-пар болғаны. Мұндай іш-құса көрегендікті жындысүрей қоғам өзі қолдан жасаудан да шет емес. Оқиға кейіпкерлері жындыханада тұрады. XX ғасыр соңындағы қоғамдық формациялардың өзгеруі қарапайым адамдарды жан күйзелісіне ұшыратты. Әдебиетте бір адамның екі адамға бөлінуі, оның біреуі екіншісін қабылдамауы өміршен идея. Есі ауысып, шатасқан біреу өзімен-өзі сөйлесіп отырады. Сондағысы:

«– Ит екен ғой, мына Ленин

– Күн көсем деуші едің, кеше».

Кешегі шындық – бүгін өтіріке айналды. Оңай тимейді. Рухы биіктерді иттұмсығы батпас ну ормандар тәрізді 1937 жылы отап тастаған қоғамда енді сенімі құрығанда өстіп жасып қалмағанда қайтеді?! Бұл расымен даулы түйін, әрі даудан арылмайтын, біржақты шешімге келу мүмкіндігі күрделі идея. Автор «қайта құру қасірет әкелген» дегенде, қоғамды емес, санасы мәңгірген адамын аяп айтады: «... Қолдан Құдай жасап...». Адамзатқа тән адасулар мен соның кесірінен туатын құсалар толастар емес. Оның айналып соға бермегі неліктен? Жазушы бұл сауалға жауап іздеуге құлықсыз. Әңгіме кейіпкері Дарбызбек, орысша айтқанда, диссидент. Ол ғасыр басындағы кекті ғасырдың соңында қуып жүргендей, және оны абстрактілі сипатта танығандай әсер етеді. Дарбызбек есімі осалдау сезілетін бұл кезбе жігіт дианалық құрып, Лениннің тас мүсінінің басынан табылады. Пародия деуге болар. Осы бір тағдыры ауыр жан

тас мүсіннен империялық зұлмат, зорлық-зомбылықтың өшін, желтоқсанда төгілген қазақ жастарының бейкүнә қанының құнын осылай алуы әрі аянышты, әрі күйінішті көрінсе, бұл символикалық дәрежедегі дәрменсіздікті бейнелейді. Социализмнің көсемдерін жын тәрізді қабылдау Дарбызбек сынды шалыстау кейіпкердің донкихоттығын ақтап алады. Расында бәрі сөз жүзінде, істе жоқ күйінулерге ұласты. Дарбызбек бұл тұрғыдан нысаналы образ. Ол-дағы нақты адам бола тұрып, жел айдаған қаңбақтай дерексіз, талайсыз, елес жанға көп ұқсауы заңды. Оны оқушы кезінде өзі түйген шындықты шығармасында жазғаны үшін мектеп директоры бір топ кілттің бумасымен басына ұра беруін нанымсыз деталь дей алмаймыз. Осы бір топ кілттің бумасы экзистенциальды прозаның табиғатына тән, ол азап лагерлері мен саяси қуғын-сүргін құрбандарының түрмелерінің жиынтық кілтінен аумай қалады. Бұл кілттер кәдімгі кілттен гөрі, тозақтың қақпасына көбірек лайық.

Дарбызбек өмір сүрген кезеңнің өзі – әлгі жындыханада отырып, бір газетті ғана оқи беретін оның көршісі басынан кешкен күйге ұқсас: екіұдайлық. Советтік өмір салтынан, сол заманның қалыбынан біздер бәрібір толық безіне алмаймыз, өйткені альтернативасы жоқ. Тұтас бір ел өмір сүрген тірлікті өткен дәуір екен деп санадан сылып тастау қайдан болсын, ол енді ұстатпайды. Тек интерпретация жасауға рұқсат.

Н.Дәутайұлы әңгімелеріндегі ескерткіш атаулы сатиралық объектілер болып шығады. Тұлға болуға лайық еместерге ескерткіш қою қатерлі індет тәрізді, мұратқа жеткізбейтін шатасушылық. Дақпырт, есерлік.

Ескерткіш – елдіктің белгісі, бірақ ерен тұлға, хас жақсыға ғана қойылмайтын көрінеді. «Мәкендер, Малсекендер, заман» атты әңгімеде бұл жайт мипаздай, бейбіт юмормен ашылады. Малсақбай қойшының образы дәл, иненің жасуындай сөкеттігі жоқ. Кеңес заманындағы қой үстінде бозторғай жұмыртқалағандай аста-төк молшылық осынау Малсекендердің арқасы болатын. Жаны таза, қулық-сұмдықтан ада, еңбекқор, момын Малсекендер сол қоғамды шатқаяқтатпай ұзақ ұстап тұрды, ең ауыр еңбегіне жегілді.

«Қазақы мол пішілген» дейді автор дене тұрқынан бұрын

қойшының кең пейіл, ақжүректігіне сүйсініп. Ал Мәкендер деу тағы нанымды. Кешегі күннің ел тұтқасы, бұл Мәкендер, аупарткомның бірінші хатшысының айтқанын екі етпейтін елгезектігімен көреген бұлар, десе де негізі жаман адам емес. Жазушы Малсекеңе қалай іш тартса, Мәкенді солай сыртқа теппейді. Қос типтік бейне, өмір шындығы. Ендеше, шағын проза айрықша зәру мүдделер қақтығысын, кульминациялық дауды жазушы қайдан алуы керек? Озат қойшы, озат диханның заманы келмеске кетті, Малсекең қайтыс болған, оны жаңа дәуірдің рухани мұқтаждықтарынан іздейді. Қазіргі өзімізге бек таныс одағай, өрескелдіктердің тамырын өткеннен табу қиын болмай шықты. Тым шежірешілдік, әсіреқызыл ататек қуу, қазақтың ұлттық портретіне кей сәт сызат түсіруден де шет емес жүзге бөлінушілік. Қазақтың сом тұтастығына нұқсан келтіретін, рушылдық пен жершілдікке негізделген коррупцияның асқынуы үдеп кеткені рас. Бағзыдағы тектілік – «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» делінсе, ендігісі жең ұшынан жалғасу арқылы тұлпарды жабыдан анайы оздырмауға, қасақана кедергі қылуға айналғанына қазақ ұлт ретінде ұтылып, бөтендер гүлденіп, әл-қуаты артуда. Бас-басына би болудың халыққа еш пайдасы жоқ, зияны шашетектен.

Ескерткіш қоюға құмарлықтың түбінде осы бір бәсеке, күншілдік, өзімшілдік жатыр. Ескерткіш тас мүсін, яки қоладан, мыстан құйылады. Тас мүсіннің ежелгі атауы пұт болатын. Адамзат тарихында ортодоксальды діндер пұтқа табынуды аластап барып, күшіне енді. Өңгімеде аралары бір-біріне жақын екі ескерткіш орнатылған. Оның үлкені – Малсекеңдікі, кішісі – Абайға қойылған. «Мәкең партком болып тұрғанда тұрғызылған». Жазушы өз кейіпкерін жақсы көрсе де, қазақты тек қой бағуға жаралған дегісі жоқ сияқты. Қазаққа қой бағу ата-бабадан келе жатқан ырыс-несібесі болғанмен, ұлы ойшыл, ұлы ақыны барда көп қойшының біреуін ұлықтау ұшпаққа шығармайтын жаңсақтық. «Бәле селдірлеу шашы тіктейген қара баладан шықты». Озық ойлы жас журналист ұлтқа тән ар-ұяттың қорушысы. Ұят – ізгіліктің ұясы. Мәкеңнің өзі осы алалауға айыпты емес, бастығының бұйрығына бағынышты болғанына енді қысылған түрі мынау. Малсекеңді бастығы көтермелеген себебі, «нағашы-жиендіктері бар екен». Міне, гәп қайда.

Несіпбек Дәутайұлы ұсақшылдық пен өткір бір надандықтың желбуаз, далбаса формасын келекелейді; бұл әңгіме ешкімді өшіге қаралауға, сұмпайы қылып әшкерелеуге құлықты емес. Ал бүгінгі қазақ баспасөзінен аян, ұлы Абай айналасында көрсөкырлық пен асылық қаңқу сөз көбейіп барады. Абай көкпар тақырыпқа айналған. Данышпан ақынның рухын қорлау күллі қазақ ұлттын төмендету болып табылатынын ұқпайтын біреулер табыла бастады. Олар реті келсе Абайды өздерінің бәкене қалыптарына теңгеріп, кішірейте салғаннан еш тайынбай жүр. Әсіресе, «Қазақтың жауы қазақ деп айтқан Абай» деген масқара жаланы есерлікпен ұлы ақынға телігені кезеген сұқ ойға айналғалы көп болды. Мұншалық арамзалықты жалақорлар өздерінен көрсін. Абай: «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» деп алып, өзін-өзі жоққа шығарған жоқ. Онда «Қазақтың жауы қазақ демек» деген өзгеше мағына бар, әншейін ұсақ-түйек қаскүнемдікті жақтыртпағаны. Ақиқат, Аллатағала кемшіліктен пәк. Алла өзі сүйіп жаратқан сүйікті құлдарын әр ұлтқа ұлы ақын, ғұлама кейпінде берген.

Біреуі пілге үрген кәнден құсап, «Абайды Абай еткен өлені емес, Құнанбайдың байлығы» деп «жориды». Біреуі біз Абайды қолдан жасап, аспандаттық деп жар салуда. Енді біреулері Абайды руға, жүзге бөліп, тайпашылдықтың тар шеңберінен аса алмай, өз төбешігінен бағалағансиды. Неге? Себебі, қораштық пен таяздықтың қисық айнасынан олар өз бейнесінен артық ешкімді таба алмайды. Мұның бәрі көп қаңқу сөз есекке жүк. Аяр адам күншіл, күншіл адам міншіл, ұғымы жоқтар ұсақшылдықтан арланбайды. Қазіргі қазақ қоғамын жайлаған дерт – рушылдық. Жазушының бір әңгімесінде, «трайбализм деген – трайбализм» деп юмормен айқындаушы еді. Рушылдықтың ежелден қанға сіңген өмір сүру формасын айыптағандай болғанмен, мұны кейіпкердің қазақша түсіндіруге шорқақтық таныта қалуы түсінікті, әйтпесе, қазақ болып тумайды ғой. Әрі оның өрісі тар, шынайы ұлттық қасиет бауырмалдықтан бұрын пайдакүнемдік, ашкөздікпен дүниені керегіне жарату жатыр. Құлқынның құлы болу – адамдықты ластау. Жазушы осы тақырыпқа «Көрбай» атты әңгімесінде қайыра оралған. Шежірешілдік бәсеке қолдан қаһарман жасауға ұрындырады, жасанды батыр, жалған ғалымдар, әулиесымақтар... Мұның соңы



грамфондық, яғни жазғыштыққа ұласады. Дарынсыздығы тіке шырқап кетуге кедергі ғой, Көрбай өзін ақын санап, өзіне-өзі ескерткіш-тақта орнатады, сөйтіп, көңілі көншиді.

«Репетиция» мен «Бір қияр, екі жұмыртқа, Ботабай» атты қос әңгіменің өзегі бір. Әйгілі «Мың бір түн» араб ертегілерінен ұласатын «Халиф на час» әпсанасы бар. Осы әлемдік тақырып кейіннен 19 ғ. орыс классикалық әдебиетінде аса зорайып өсті. Ғадетте мұны кішкентай адамның трагедиясы деп таниды. Гогольдың Ревизорды мәңгі күте беруден арылмайтын қоғамда Чеховтың құлдық ұрудан ажалы даяр шенеуніктері азаймайтынын көркем әдебиет әлі күнге растайды. Мопассанда бұл тылсым молынан ашылды.

Сонымен, Несіпбек Дәутайұлы бірін Көрбай, бірін Жербай атандырған көр-жөрлік пиғыл үдеп тұрғанда, кешеліктен арылу қиынға соғады. «Қайда барсаң құлдық ұру, қайда барсаң құлдық ұрғызу. Ірілік ізғайым. Болса ілеуде біреу. Нөпір ойсыз. Сауат бар, білім жоқ. Сана тұман». Жалпы, жұғымсыз, мардымсыз, күйкі адамдар өмірде жын атады, ендеше, биліктен ғана қорқатын құдайсыздар ешқайда ауып кетпейді. Олар көп және саналы түрде жағынады, әлсіздіктен «ләпбай, тақсыр!» деп тұрғаны. Екіжүзділікті намыс санап, оғаш көрмейді. Көрбай – Жербайларға Ботабай тәрізді тұрмысы нашар, ансағаны байлықтан аспайтын типтер қосылады.

Ботабай, атының өзі айтып тұрғандай, бура бола алмай тұншығады. Маңдайына жазылғаны сол. Қала тұрмысына тән трагикомедиялық ситуацияны, кішкентай адамның дүниеде дос құсасын жазушы өзіне тән юмормен басып-жаншып тастайды, соның әсерінен уыты басылып қалады. Ботабай қызметі өсіп, әлеуметтік жағдайын түзеп алмаққа армандаған сәтінде оның пасық кеуде, нашар адам екені, тым сұғанақ, бықсық жаратылғаны ашылып-ақ қалады. Бақытқа лайықсыз. Бәлкім, кеудесі таза болса, Ботабай таз кепешін басына қайта кимес те еді. Әйелі де өзіне сай, табашыл, іші тар, ұсақ. Кім білсін, Ботабай сияқтылардың бақытсыздығы, туған кең даласын қиып тастап, қазақы дархан болмысын саудалап, әуелден арзан нәрсеге айырбастап алғанында шығар. Бір шатасқан соң түзелу қиын.

«Бейғам дүние» атты әңгіме ядролық сынақ полигондардан жапа шеккен, у тамған әлемнің сиқы. Ел-жұрт қазақтікі, миғұла, мимырт, көнбіс қайғы. Осы әңгімеде бір жанама

кейіпкер бар, оның аты да аталмайды. «Түйе ұрып өлтірген Таубайдың алакөзі». Демек алып, балуан адамның ұлы, қазір ол бір әпенді, шалық шалған. Ірінің зардапқа көнуі. Мұның аузымен қаперсіздікті кінәлайды. Делқұлы әумесерлік пен шалық шалу бір емес, кейде ол даналықтың шаршаңқы, қажыған қалыбы, кешеліктен ерен түңілгенде жамылатын бет пердесі тәрізді. Немесе азған дүниенің өз кейпіне түсіп алып, абыздық қылу. Тегінде Несіпбек Дәутайұлы прозасында осы тектес өткінші, эпизодтық кейіпкерлерінің бас кейіпкерлерден де мысы басым тұрады. Мысалы, «Көкмойнақтан шыққан көкжал» атты әңгімеде сызу пәнінің мұғалімі тарихты жазып кетеді ғой. Ақ адал жаратылысы олардың кем-кетігіне нұқсан келтіртпейді, себебі шындықты сүйеді. Мұндай жаңдар халықтың көзі де, сөйлер сөзі де. Тоқ етерін айтады, өтірікке төзуге жаны қас. Пысықайлар бұғып қалар қауіпті ситуацияларда бұлар тайынбайды, халықтың көкейіндегі сөзін айтады, көрегендігін бейнелейді. Құдай сол үшін жаратқан. Сондықтан жазушы елеусіз, кішкентай кейіпкерлерді үлкен жүрек иесі деп танып, асырып жіберуді сүйеді. Өлгі алакөз науқас жігіт ақырзаманның нышандарын жар салып хабарлайды, тәубана түс халайық дейтіндей жоқшы. Жер тозса, ел азады. Адам қайғысын заман қайғысынан алшақ қарау мүмкін емес. Жер-ана құрыса, оның бауырындағы тектілік біртіндеп жоғала бастайды. Мұзбелде уран шығаратын шахта бар. Соның кесірі елге тиіп жатыр, бірақ табиғаттың өлгенін адамдар толық ұғынуға жоқ. Юморлық бояуы мол бұл әңгімеде күлкінің қауқары қайғының шырайын жасыруға дәрменсіз.

Жұмақтай жасыл жер бетін тоздырудың сан алуан айла-шарғысы, қиянат-кесірі аян. Соның бірі – тозақы адамдардың жаманшылығы. Жан дүниесінде тамұқ арқалап жүретін тым бейпіл, лас адамдар болады. «Шал» атты әңгіме зинаһорлықтың түбінде не барына үңіледі. Адамның сайтаны бұл шал, хайуан десе тағы обал. Жан-жануарлар әлемі адамдардан шын мәнісінде таза. Онда ақылдың азабы да, зорлығы да жоқ. Қала өмірі оқшау, жалғызділік, жанашырлық жат меңіреу әлем моделіне ұқсайды. «Өзгелер үшін тұяқ серіппейтін тұйық тірлік» дейді автор. Ал тұйық суда жын-сайтан мекендейді. Шал ар-ұят, иманнан жұрдай. Ол жалғыз баласын өзі көрдей кеудесімен жынойнақта

тұншықтырып өлтірді. Неге? Себебі, ол өзінің ұлттық салт-дәстүрін, табиғатын керексінбеген болатын. Шал бөтен. Жаны қуыс, түк жылу жоқ, қатыгез. Пойыздың үстінде өткен өмірі, теміржолшы мамандығы шалды жасынан тек арзан, кір, жексұрын қылықтарға дағдыландырды. Отбасын аялауды білмеді. Осынау шалға ұқсайтын жамандар көбейіп кеткен жоқ па? Автор рухы жаншылған дүние бұған бейім келетініне наразы екенін ескертеді.

«Батыр» атты әңгімеге ширыққан сюжет тән. Қазақтың бұрынғы дәуірі, жаугершілік егесте қиылысып, морт сынатын сор айдаған тағдырлар. Грек эпосындағы Пенелопа арудың Итакасына оралатын Одиссейін 20 жыл күткені тәрізді аңыздық желі бар. Бекзаттық, адам баласы үшін ең қымбат ұғымдар туралы бұл әңгімеде шынайы детальдардың жетіспейтіні анық. Деректі, жанды детальдардың аздығынан ба екен, нандырмайтын мезеттер ұрланып шығады.

Несіпбек Дәутайұлының жағымды кейіпкерлері кім? Ол – «Көкмойнақтан шыққан көкжал» атты әңгімесінде Асыраубай. Ол Қамбар батыр сияқты елді асырайтын, патриотизмді жан-тәнімен қалайтын, ел қамын жеген Едіге.

Ауылдың тозғанына кінәлі біраз адамдардың аты аталды. «Құдай ұрғанда барлығы бір ауылда туған...».

Ал ауыл – Көкмойнақ – көркем мекен: «үйдің шаңырағындағы қарлығаштың ұясы сияқты, қияндағы биік таулардың қапталында жатқан шағын мекен».

Асыраубай, әлбетте, әрленген, пафосы мол образ. Бірақ жасанды емес. Асыраубайлар әр ауылда тұрады. Олардың қолы қысқа болса да, жүрегі кең, жаны таза. Жақсы мен жаманды шатастырмайды. Оның қалада шалқып отырған, ірі қызметі бар досы қара басынан аспайды. Асыраубайлар ақ адал сүт емген болмысымен мұндай «достарын» да кешіреді. Ал Асыраубай сияқты жайсаңдарды қаһарман қылатын әділдік жаршысы «сызу пәнінің мұғалімі». Осы екеуіне ұқсас адамдар бар жерде ұлттың тегі мен мәйегі сақталады.

Жазушы қаламынан туған «Көгілдір көйлекті келіншек» атты әңгімесі бар. Еуропа XX ғ. басында эротикалық прозаның көркем туындыларын сот процесінде қарап, жазушылардың басын даушардан арашалап жүрді. Оны порнографиямен шатастыруға болмайды. Бұл әңгіме қазақ

қоғамын жегідей жеп, торлап тастаған бір қатердің тиым салынған жабуын ашты. Ер жігіттердің азаюы, оның асыл тегінің сирек кездесуі, жартыкеш семьялардың көбеюі ұлттық қасірет. Отбасын ұстап тұратын тірек әйелге ауғаны игіліктің нышаны болып табылмайды. Ошақ құру үшін әуелі бас керек. Еркек бас болып жарытпайтын қисынсыздық дендей бастады. Әйел асыраушыға айналды. Әңгімедегі әйел арқылы ашылатын адам табиғаты психологизмге құрылған. Астыртын бір сипаты, қазіргі қазақ қоғамына жұт болып тиген ерсіздік тақырыбы. Бұл өзі Құлагердің қазасындай атсыздыққа рухани жақын сезіледі. Этносқа зиянын тигізетін кесірге айналған. Сол себепті әңгімеде ер-азаматқа лайық кісілік, тектілік пен намысқойлық, ізгіліктің азаюын автор көгілдір көйлекті келіншектің қайғы-шері арқылы суреттейді.

МОМЫН МЕН МҮЛӘЙІМ

Жұмабай Шаштайұлы прозасындағы сарын

Қазақ әдебиеті ақын-жазушыларды буын-буынымен өлшеуге шебер. Азаматтық адал жаратылысы прозасында айнымай берілетін Жұмабай Шаштайұлының «Қызыл қар» атты тұңғыш жинағы 1984 жылы жарық көрді. Кейінгі «Жаңғырық» атты романымен арасы 20 жыл. Бұл екі кітап – хикаят пен романның алтын көпірі ортақ. Алғашқы хикаяттағы жас Жайлау – автордың прототипі десе болар. Романдағы «Қыс деген жарықтық қысылтаянда» (15-бет) қой бағудың жанкешті сұмдық азабын енді Сансызбай бастан кешеді. Шынтуайтында, Жайлау мен Сансызбай бейнесіндегі, жалпы көмпіс қойшы күйіндегі күллі қазақ ұлты көрген ауыр тұрмыс.

Қазақ ғадетте амандықты «Мал-жан аман ба?» деп сұрайды ғой. Жұмабай Шаштайұлы әңгіме-хикаят, романында мал мен жанның итрәсуа азапқа қатар шомуы, дәлірегі, малы – бір отар қой мен жаны – ол қойшы қазақ, өкіметтің малайына айналып, «ортаның малы» үшін қысы-жазы көретін асқан ауыртпалығы параллель, бір деңгейде, бір биікте берілген. Қақаған қыс пен ми қайнатар аптапта дер кезінде сырттан көмегі жоқ, мыңмен жалғыз

алысқандай малды өзі бағып-қағу шопандыққа жаралған деп ұйғарылған қазақ баласының соры болды. Бағы, әрине, жеке біреулерге тиесілі, науқаншылдықтан қаулайтын кезеңдер. Шығармадағы нағыз жұт – қыс табиғилығымен тықсырса, өкіметтің шолақ белсенділерінің немқұрайлылығы мен жаны ашымас зұлымдығы – қайырымы жасандылығымен шопан жанын тозаққа салды.

Жазушы жамандық пен жақсылық нышандарын бүкпей айтуды парыз санайды. Мұның жарамсақтық пен өтірікпен де күн кешкен кешегі совет заманында, дер шағында айтылуы үлкен ерлікке тең.

Оның «Шал мен жылқы» атты хикаятында жабайы иен жайылған, қолға түспейтін асауды «Сол айғырды атып алсақ қайтеді?» деп сұрайды ата жолынан айныған шалдың бір ұлы. Қазақтықтан алас, ұлттықтан адас кеткен «шіріген жұмыртқа» тұспалы, осынау сұмдық динамизм «Жаңғырыққа» өзгеше сипат алған. Малдың киесі мен адамның жан төзгісіз қорлықтан жапа шегуі осынау ұлттық рухтағы ұдайы жоғалтулар мен өзгерулерден басталады.

Жұмабай Шаштайұлы жоғалған жылқы мен ана тілінен мақұрым, ата-баба сөзінен дым түсінбейтін, орысша өскен ұрпақ-немере туралы әпсананы бір сарынға балайды. Мысалға, «Үй мен түз» атты өте мұңды әңгімесінде ата-бабаның таза дәуірімен қоштасу бар. Қазақы жаратылыстан арылудың дерті Жарасбайды науқас қылды. Ағайынды екі қазақтың ынтымақ бірлігі бұзылған, оған қаланың әсері бар. Көшіп-қонудың, ұлы түз – жасыл жайлауда көшіп-қонып, қаздай қалқып, шалқып жүрудің енді келмесе кеткенін біліп қайғы жұту.

«Жала мен нала» атты әңгімесінде ауыл мұғалімінің портреті тура микроскоппен көргендей. Мұнда да ата тұрмысы мен мінезі өзгерген халықтың кейпіне жаның ашиды.

«Жаңғырық» – біртүрлі роман. Мұнда ғадеттегі қазақ романдарына тән тәнқұмарлық, ашынажайлық, сәнқойлық, артық-ауыс сөз ойнатудан туатын көлгірлік атымен жоқ. Гламур прозаның әсіреқызыл далабы мен бояма шашы, яғни, қорқаулық сүреннің жұқанасын да таппайсыз.

Жазушы қым-қуыт 19 жүзжылдықтан жаңа ғасырға салтатты, арбалы, арда табиғатымен енген өз жұртының дара болмысына үніледі. «Бұл қазақ кім? Неге оның жоғы

елу жыл өтсе де түгенделер емес? Өзге жұрт қазақты не үшін басына, қорсына беруге бейіл? Оның екпіні космополиттік құбылыста жатқан жоқ па?» – деп сауал тастайды жазушы. Қазақтың зиялы қауымы екіжүзділіктен олжа тауып жүргенде бұқара халық жетім қозыдай қорғансыз. Сол себептен де жазушының жаратпай қолданатын бір сөзі бар: ол – шалыс, яғни, шалық, шала, шатаға да тақау ұғым болса керек. Мысалы: «...әпенде шалыс біреу» (36-бет), бұл космополитке тағылған ат. «Шайтан шатыс» – бұл маңыраған ешкінің сықпыты. «Қалмақ шалысы...» (56-бет), «Осы біреудің құйыншалыс ұйтқыған қылуасына жыны ұстады» (66-бет), «Мысқыл шалыс» (107-бет). Кітаптағы астыртын бір сарын – Мәскеудің әсерін, астанамен шатысқан қазақтардың өз болмысынан безінетін аярлығын жақтырмайды.

Шалағайлық, шалыстық елдіктен кетіретін дертке ұқсайды. Оның түбінде қазақтың ұлттық қалыбына түскен ақау мен рухани құндылықтардан айырылу зары жатыр. Романдағы Сансызбай қойшының ауырған қос ұлы мен тас болып қатып қала жаздаған бөрте ешкінің егіз лағының азабы психологиялық қатар сурет.

Бұл эпизодтан қазақ менталитеті асқан мейірім екенін оқырман жадына түймей қала алмайды. Расында сол бір атауы момындық делінетін мейірімнің шапағатынан тозақы өмірді жұмаққа айналдыруға тең қуат аңдалары сөзсіз. Қойшының түйсігі алдамайды. Екі лақтың обал-сауабы екі баласына тиді, ауыр науқасынан айықты. Сөйтсе, ол қазақтың түйсігі болып шықты. Жаңа туған қос лақты мұз болып қатып қалатын қорадан әкеп, қойшы ыстық суға салып, сорғытып, пеш түбіне орап тастайды.

Зулап келе жатқан пойыздың астына теке бір отар қойды бастап апарып арандатады. Расы солай ма, теке христиан мифологиясында сайтанның нақ өзі. Ешкілердің тоғайларды жалмап, жазиралы алқапты шөлге айналдырғанын көне дүние біледі. Пойыз қойды баудай түсіріп, жүз шақтысын турап өте шықты. Теке аман құтылды. Бұл ишара, әлбетте, республиканың 50 млн. қой өсіреміз деген ұранына пародия емес. Әсілі, бұл – жоқтау. Зар.

Жазушы ұлтсызданудың трагедиясын бергенмен, жылқы мінезден, жылқы кейіптен арылғысы келмейді. Даланың символы – кентавр. Аңыз. Аңыздың сұйылып кетуінен,

тұқымы жоғалып тынуынан ол өлердей қорқатын тәрізді. Сол себепті, бәлкім, «Арыған әруақтай далиған сұлық жазық» (133-бет) деп суреттейді.

Кітаптың өн-бойынан қазақ халқының ойлау ерекшелігі мен дүниетанымындағы өзіндік үлгілерді көре береміз. Ұлттық менталитетке жазушы үйірінен адасқандарды қайырып алғысы келгендей, айналайын деп елжірегендей, қазығына оралған жылқыдай шұрқырайды. Сол себепті қалаға сіңіп жатқан қазақ интеллигенциясының екі жүзділігін, аяр қалыбын жазушы «Оның ештеңеде шаруасы жоқ, бір сұмдық мүләйім» деп қайырды (144-бет).

«Жаңғырықта» ол негізі жарымаған тексіздіктің сатқындыққа, арсыздыққа икемді табиғатына өштеседі. Мәскеуде өзінен 15 жас үлкен орыс, болмаса еврей әйелге үйленіп, үлкен мансапқа жеткен, жазушы, ғалым атанған Майлыбаевты жағымсыз образ деу аздық етеді. Сорлағанда ол тип ретінде кейіннен дүр етіп көбейген. Еркегі де, әйелі де. «Арсыз болмай атақ жоқ, / Алдамшы болмай бақ қайда?» (Абай).

Автор тектілікті көп айту арқылы ниеті күйкентай адамдардың залалынан аңдайды.

Романда адамның шыққан тегіне үнілу проблемасы көп. Жұмабай Шаштайұлы мұны метафора арқылы суреттейтіндей: «Қызылала апорттың көк жолақтары кіршіксіз тұп-тұнық» (234-бет). Егер романда өзге ұлтты жатырқау, олардың адамшылық қалыбын қомсыну кездесе берсе, мұны ол қазақтың салт-дәстүрі мен ой-санасына сызаттанып түсіп, жарыла бастаған кеселден сескеніп суреттейтіні тағы айқын.

Романдағы журналист жігіт Бегімбеттің қорыну сезімінен арылмайтыны ұлттық жеңілістерді, рухани азып-тозуды түйсінуден туады. Бегімбеттің Мәскеуде оқып келген әпкесі Нұрғаныштың беймезгіл қазасы романды көктей өтетін жад күйініші мен ұлттық қасиеттен безіну, ұлтсыздану трагедиясын айғақтайтындай сезіледі. Өзгеше ұғыну қиын.

Романда тарихи тұлғалар, жыр алыбы Жамбыл мен қазақтың ірі мемлекет қайраткері, рухани көсемі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың образы ұлттық нақышта берілуі бұл дәуірдің шынайылығынан сыр тарту үшін алынған.

«Жаңғырық» атты романның күллі санасы – құлан қағынан

жерімейді деген қағидадан көз жазып қалу – жалқының емес, жалпының трагедиясына ауысуы.

Иіні жұмсақтық қазақы қалып, комплекс ретінде жиі айтылады. Бір кейіпкері «Алматының аты ғана біздікі» дейді күйіп-пісіп (15-бет). Осы ойды тиянақтағандай, Бегімбетті ішіп алған екі орыс бұзақысы қараптан-қарап, «Осы жердің иесі мынау жұқана сен бе?» деп ұрып кететін жері көп сырды ашады. Қорап автобус – қамау, көшпелі тұрмыстың кеңдігі енді жоқ. Қазақтың урбанизацияға бейімделуі мәжбүрлік қана емес қой, ол – ұлттық мүдде. Қажеттілік, онсыз ештеңе бітпейді. Бірақ оны дәмі ащы дәрі жұтқандай ауырсынудан жазушы арыла алмайды. Жаңа әлемде де ұлттың өз орнын табу идеясы тумай ма? Асыл мұраттың алдын қазақтың ұлттық қасіреті – оның екіге бөлінуі, екі мәдениет түзуі орап-ақ кетеді. Бүтіннің қақ айырылуы зарлатады.

Қалада өскендер орыстілді мәдениетке қосылса да, далада өскендер ана тілінде уызынан жарыған. Сондықтан екеуінің мінез-салты әр түрлі қалыпта дамиды. Екеуі басы қосылмай, бір-бірін надандыққа таңуға құштар. Күнкөріс, құлқын қамын күйттеп, екіжүзділік пен рухсыздықтың алдамшы табиғатына елту осыдан шығады. Ең кереметі, бұл кінәрат қарапайым халықтан бөлек, зиялы қауымға тән. Қалада өскендер бауырмалдықты керексінбейді, оны басы артық бөгет, кемшілік, кертартпалық деп түсінеді. Мүддесі үшін кім көрінгенмен ауыз жаласудан тайынбайтын ұсақшыл пиғылды өзінікін менсінбегендерден күту керек. Соның үшін әменгерлік салтты мазактау, терістеу бар (78-бет).

Ұдайы қазақтың дәстүрі мен өткенінен қорқуы, тегін жасыруы, құпиядан зәресі кетуі бар. «Әкесінің молда болғанын айтып қоя ма деп қатты қуыстанды» (82-бет). Халық жауы деген ұғымнан жады уланған ұрпақ. Қазақы ұлы қасиеттерге шабуыл, тектілікті кінәлау, ірілікті ылғи айыптап, қалайда жер қылып жығу мен Сталинді кейіптеу бар, себебі, заман соңікі, бұл сарын үндес. Оқиғаның 1953 жылы көктемде өткенін де көсемнің қазасына көз жасын көлдеткен жұрт арқылы білеміз (118-бет).

Автор үшін атасы басқалық айып емес, бірақ олардан қазақы ұяң жаратылыстың қылдай ұшығын көрмесе-ақ түңіліп шыға келеді. Интернационализм, ұлттар достығының кейде жасанды мезетін пародия сынды қабылдайды. Үстемдік бар

жерде, теңдік қайдан болсын деп кірпішешенше жиырылады.

Алайда біз қазақы сана құт, өзгенікі жұт дей алмаймыз ғой. Мәселе ұтылу мен ұтылмауда. Бұл тағы ұлттық параметрлермен өлшенетін құбылыс.

Жазушы иен жабайы құстардың өзін тұмағы мен тақиясын кезек киетін қазақтың өзінде көруге шақ қалады. Тырна мен сарыалақазға деген буырқанған сағынышы соның әсері. Артығали ақынның жүрегін жұлдызға жарған қаршығасындай көктәңірілік ностальгия.

Сансызбайдың айдалада ашыққан екі ұлына дәм ұсынған диуана бейнесі – ұлттық таным. Диуана аян, пайғамбарлық, күдірет. Қазақ классикасынан бұл образды Жүсіпбектен бастап Оралханға дейін сүйіп қолдануы соның нышаны. Романның соңындағы эпизодта диуана текке алынбаған. Қазақтың қыспаққа түскен, жаны қорланған ауыр кезеңдерінде құдай қолдаса, адал құлын жоғалтулар мен жұтылулардан аман сақтап қалса деген ұлы үміт хәм гибадаттан туған.

ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙ. АБАЙТАНУШЫ

«Күйесің, жүрек... сүйесің...». Бұл кітапты ә деп оқи бастағаннан түйсіндім, Тұрсын Жұртбайдың Абайы өзінің жүрегінен әбден өткен, рухы айрылмастай қауышып, тұтасып кететін рухани сыр-шежіре екен. Егіздің сыңарындай әсте айрылғысы жоқ. Демек, бұл шығарманың жанрын дәл анықтағанымға күмән жоқ: жазушының жан сыры. Абай арқылы айтылатын ісі қазақтың шер-мұңы, құса-қайғысы, арман-мұраты. Теңіздей буырқанған орыс әдебиетінің алтын ғасырында әулие Лев Толстой «Исповедь» деп атаған, өтірігі, алдауы хәм сырлауы жоқ ар рухынан жаралған. Автор «*Мұрат – Абайды түсіну*» дейді. Дегенмен Абаймен қоса күйініп, шер тарқатып отырған тап өзі. Жазушы Абай арқылы қазіргі қазақтың ұлттық қалыбын айғақтайды.

Тұлға тану туралы кітаптарды сүйіп оқудағы мақсатым, ежелгі данышпан Платон: «Менің білетінім, мен ештеңені білмейді екенмін» деген шындыққа сүттей ұйып, алғаш

қаріп таныған жеті жасар кезімдегідей шәкірттік күйге алаңсыз бір шому болатын. Одан кейін салыстырмалы түрде ғылыми зердеге салу басталады. Қайталау – білім анасы, біз Абай сөзіне көкірек кере жұтар саф ауа тәрізді әрдайым ділгірміз. Әрі Абай жарықтық оқыған сайын наурыздағы жыл маусымындай санаңды жаңғыртатын ерен қасиеттің адамы. Абайдай халық ұлын саралау үшін Тұрсын Жұртбай ғалымның кәсіби мүддесінен ғөрі жанның рухани мұқтажы қысып, булығы, тебірене, кейі һәм ашына ой толғауы, көкейінде миғұла ел ұқпаса да бәрібір мыңнан біреу сөзімді қабылдар-ау деген күдік пен үміт текетірес түскені анық. Қазіргі қазақ зиялы қауымының зейін сөзін Тұрсын Жұртбай ұлтына жеткізуді шын мақсат тұтқан екен.

Әлқисса, Абай – қазақтың рухы дейміз, бірақ шынтуайтында қазақ асқан сол Абайды керексініп жүрген турашыл ел аз. Ұлы ақынға біреудің жалақор аузынан ебедейсіз шыққан «Қазақтың жауы – қазақ деген Абайдың нақ өзі» деген қара күйені жағып қойып, осы жалған пікірді ұран десіп, әлдеқашан өз білгендерін қылып, пайда қуып кеткен. Абай көрген сол дүние өзгермеген: «Кейіс дүние», жазушы сөз басын сөйтіп бастайтыны текке емес.

Абайды тану Шыңғыстаудың киелі топырағынан басталып, алаш баласына ақырындап тарала бастады. 1909 жылы Қазанда татарлар бауырмалдығын танытып, Мүрсейіт қолжазбасын жарыққа шығарғанда үш жүздің бағына басылған кітап сол болды. Мұхаң Абайға күллі өмірін арнады, қазаққа хакімін еншілеп алып берді. Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ілияс Абайды уағыздады.

1934 жылы Құдайберген Жұбанов «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деп талдап, түркі халықтарындағы тұлғалармен өлшеп жазғаны ұлттық құбылыс болды. Абайдың тұлғалық, ғұламалық орнын ғалым нықтап берді. Абайтанушылар кезең-кезеңімен жан-жақты іс тындырды, әркім лайықты үлесін қосты. Бірақ Абай сарқылмайтын бұлақ, біз шөл қысқан жолаушы тәріздіміз, әрқайсымыз жағасына жата қап, жабысып сусын қандыратын. Әркімнің басыбайлы, өзіне икемдеген Абайы бар. Одан Абай және таусылмайды. Абайдың бір ғажап қасиеті мынада, оны білдім деу бекерге

шығып отырады, оған үнілген сайын Наурыздың айындай жаңара береді. Күллі ғұмырыңның әрбір қимылына Абайдан сөз тауып жұбанасыз.

Әлхисса, Тұрсынның Абайы қандай? «Болмасаң да ұқсап бақ, / Бір жақсыны көрсеңіз» деп ұлы ақын өзі ұрпағына өсиет қылды. Тұрсын аға осы өсиетке тым адал болғандықтан өзі Абайға ауық-ауық айналып кеткендей. Абай тұлғасы мен қазақ қоғамын ол біртұтас алып, оқырманына ой елегінен өткізіп, екшеп, танытып береді. «Әйтеуір өзін тереңнен, / Іздеген жанның бірімін» деп жасында жыр жазған Тұрсын Жұртбай Абайды әуелі өзін танымаққа тандап, онысы ұзамай ұлы мұратына, алаштың идеясына бастағаны анық. Сондықтан Алпамыстың садағындай бұл кітаптың көтерер жүгі ауыр, себебі көркем әдебиет туралы көркем әдебиет, роман-эссе. Оның және күрделі түрі: тұлғатану арқылы ұлттанудың құлжа мүйізін қасқая абыздық дәрежеге көтеру керек. Михнаты мол еңбек, бірақ құлша жегілу емес, бүкіл ұлттың жанын сүйер, қазақ асқан ұлы арқылы тану. Тұрсын Жұртбай Әуезовтануға өз үлесін қосқаны текке кетпегені анық. Абай мен Мұхтарды қатар зерттеу ғалым үшін темірқазыққа айналды.

Қасым Аманжолов Абайға: «Бір өзің бүкіл халықсың, / Қалдырмай бәрін жиғансың» деуі ұлы түйсіктен туған.

Кенес идеологиясына лайықтап, қазақ қауымы Абайды орысшыл деп келді. Тұрсын Жұртбай Абай арқылы орыс отаршыл жүйесінің қазақ пен орыс ұлтына тигізген кесірін, мешелдікке ұрындырған қысасын дәйекті ашып көрсетеді. Абай феноменін, күрескер қайраткерлік болмыс-бітімін іргелес орыс қоғамындағы тарихи дәуір тынысымен параллель алып қатар түйіндейді. Қазақ ай бетінде, орыс Шолпанда өмір сүрген арасы жер мен көктей алшақ қоғам емес, еуразиялық кеңістіктегі көршілес, іргелес, бір-біріне жанаса қоныс тепкен қос халық. Ақ патшаға амалсыз ант қабылдаған, бодандық қамыт киген қазақтың заманы Абай кезінде қалай ушыға түскенін автор тұңғығынан қопарады. «Бодан» деген сөздің өзі орыс тіліндегі «поданный», «қол астындағы», тәуелді деген сөз.

Орыс самодержавиесінің Ресейдің отарындағы ұлттар мен ұлыстарға қалай иелік жасағаны туралы көп айтылған. Бірақ миссионерліктің ұсақ ұлттардың мәдениетін, тілін,

ділін жоюға, жас ұрпағын өзіне құлша сіңіруге бағытталған аяр бейнесін автор мейлінше тап басып, тереңінен танып әшкерелеп айтпағы мүлде бөлек әсер етері анық. Расында бұл «Зар заман» ақындарынан біраз білетін жайт болғанмен, қабырғалы ғалым мұны архив деректерімен нақты бергенде ел басына үйірілген ұлттық трагедияның аса ауыр зардабын жаныңыз азап шегіп сезінеріңіз анық. Жалпақ жұртқа әйгілі үш ақын Шортанбай, Дулат, Мұратқа жазушы Жанақ ақынды қосып айтады: «Телмірген, теңдігі жоқ ел болған кез!» (101 бет).

Қазақ поэзиясының тұтас бір дәуір әдебиеті осылай шер-шемен, тығырық қапаста қыстыққан көңіл-күйді айғақтайды. Ол колонияға айналған, ырықсыз тобырға бастайтын заманның туғанын сезінген, жаны азаттықта үйренген елдің зары.

«Иман – Абай үшін жан бостандығының кепілі» деп айқындауыш қосып айтады автор (27 бет). «Дінді өзгерту, Абай үшін рухани құлдыққа, басыбайлыққа түсу. Ол шырмауға бір түскен адам қайтып шыға алмайды» (28 бет). Дінді жамылған дінсіздік қазаққа кезең-кезеңімен кері айналып соға беретіні несі? Бірліктің осалдығынан. Күлшелі бала тым сүйкімді болған соң кезбенің кезі торуылдайды.

Тұрсын Жұртбай Абайдың хатшысындай, анық мұрагеріндей, шөбересіндей сөйлейді. Абайды иемдену жақсы үрдіс. Тек күйініштісі, Абайды терісқақпай бұрмалалауға солардың біразы тосқауыл қоя алмай жүр.

Орыс билеген заманды тарихи құжаттар арқылы деректермен айта білген автор орыс ұлтына қара жақпайды. Арсыз билікке бейкүнә халықты араластырмайды. Бұл Тұрсын Жұртбайдың азаматтық һәм қазақы кредосы. Дүниетанымы ерекше пәк, таза халық жер бетінде бар болса, соның бірегейі біздің қазақ екені айқын. Сабал, сауапты ерекше қастерлейтін тектілік қазаққа тән. Орынсыз жала жабуға зауқы соқпас, шындыққа ұйыған халықтың ақты ақ, қараны қара деуге құдай берген зерде, парасаты жетеді. Ол орыс пен қазақтың ұқсастығын дәл айтады: «Арлы-бергі замандағы орыс пен қазақ халқының танымы мен тағдыры, ұлттық мінезі, тіршілік философиясы мен өмір сүру түзілімі жөніндегі ойшылдардың тұжырымдарын сараласақ, осы көрші қоныстанған және ғасырлар бойы

бірін-бірі кезек-кезек билеп келген екі ұлттың бойындағы кемшіліктері де ұқсас екен. Ол – шетсіз-шексіз кеңістікке ұмтылу. Ұлы кеңістікке құлшыну орыстардың түйсігіне сіңіп кеткені сонша, ол ұлттың ұюына мүмкіндік бермеген. Ресейдің өз ішін игермей жатып, жаңа қонысты жаулап ала берген» (36 бет).

Тұрсын Жұртбай Абайға үкілі үмітін ақтау үшін жан тартуы заңды. Абай түбі заты өшетін елге айналмауды аңсап, аласұрған рух жаршысы, барымыз, бағымыз. Абайды қазақты өлтіре сынады, өз халқын басқалардың алдында әшкерелеп, жығып берді, артын ашты, мазақ қылғызды, жек көрді деп жалған айыптайтын қауым қазір де жын атады, солар нақ осыны түсінбейді, әлде тоңмойындықпен жорта түсінгісі келмейді. Ауыруын жасырған өледі деген қазақ. Дертті айтса ол жанашыр болған соң айтты.

Соның үшін автор Абайды арқаланып, бүгінгі қазақты құрсауын қоймаған кесел мен кемшілікті ашып айтуы заңды: «Демек, С.Соловьевтың «қайдағы бір көшпелілердің бойында ұлттық ортақ мүдде болуы мүмкін емес» деген тұжырымы жанға батса да шындық. Абай мұны:

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,

Сыпырылды байлығың, баққан жылқың.

Баста – ми, қолда малға талас қылған,

Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.

Оналмай бойда жүрсе осы қыртың,

Өр жерде жазылмай ма, жаным, тырқын?»- деп үстемелей түседі» (44 бет). Атап айтқанда, автор ұлттық мақтанышымыздың түрі сол, ағайын күндестік жел беріп, әр ру, әр жүз өзінен басқасын асырғысы келмей ұсақталады, майдаланған бөлшектенудің бықсық жанған шаласын үрлейтін шолақ белсенділер ең алдымен зиялы қауым өкілдері екеніне наразылығын анық білдіреді. Абай заманын айтқан болып, өз заманының рухсызданған қасіретін, зар-наласын үнемі қайрыла соғып, елдік намысты қызғыш құстай қорғаштап айта бермегі бек анық. Бәрібір сөзді ұғар жан таппаса да, сөйтуге пейілді.

Тұрсын Жұртбай Абай: «Бірінді, қазақ, бірін дос, /Көрмесен істің бәрі бос» десе, ортақ ұлттық идеология осы болуға тиіс деген ойын терең бекітеді. Ол Абай шығармаларының мәтінін, қазақ қоғамының ащы, көлеңкелі шындығын

орыс пен батыс қоғамының ойшылдарының зердесі мен ақыл сүзгісі арқылы қарайды. Ал бұл енді автордан терең ғұламалықты талап етпек. Оқу-ғылым арқылы жоқ іздеу тегінде ит тұмсығы өтпес қалың жыныстың арасына түсіп адасқан адамның тығырықтан шығар жолды жанталаса іздегені тәртізді.

Абай өлеңдерінің жалпақ жұртқа үйреншікті көрінетіндей мазмұны орыс империясының мүддесінен туындайтын іс-қағаз, ережелер, заңдар арқылы түсіндіріледі. Абайдың өз ұлтынан түніліп, жаны қинала налитын құсалы тұстарының қиямет шындығы ашылады.

Абай заманы ақ патшаның пәрмені қазаққа күшейген уытты кездің ақиқатын Тұрсын Жұртбай орыс қоғамдық ойының қазаққа қатысы бар тұлғаларын зерттеу арқылы қопарады. Бұл ретте ғалым ағамыз әдебиетші маман емес, астыртын барлау органының эмиссарынан аумай қалған. Қазақ халқы жанына жақын тарта жылыұшырап, есімдерін өзіміне атайтын Н.И.Ильминский, В.В.Бартольд тәртізді тұлғалардың пиғылы бөтендігін танытады: «... бүкіл түркі тарихының шежіресін бір ізге салған ғұлама ғалым В.В.Бартольдтың да пиғылы таза болмапты. Түркілердің тарихы оған тек тарих пен атақ үшін және «өлі тарих» жасау үшін керек екен. Өсіресе, зиялылардың ішіндегі ғұламалардың өзі екінші бір халықтың жер бетінен жойылып кетуін тілеп:

«Түземдіктерге олардың өз тілінде ғылыми мағлұматтарды тым көп бермеу керек, сондай-ақ сол арқылы олардың әдебиеті мен мәдениетін орнықтыра дамытуға жағдай жасамау қажет, мұның барлығы олардың орыстануына кесірін тигізеді», – деуінің өзі төбе шашынды тік тұрғызады. Мұндайда еріксізден еріксіз Абай -

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап, -

деген жолдары ойыңа түседі»(55 бет).

«П.П.Семенов-Тяньшанский, Ф.А.Щербина, П.И.Пестель, С.Соловьев іспетті тұлғалар да бір халықтың екінші халықты құлдануын тарихи заңды құбылыс деп қабылдады»(56 бет). Үстем нәсіл басып алушылық көзбен қарамаса аспан айналып жерге түспей ме?! Жыртқыштығы ізгілігін шайқап жіберетін адамзаттың мінез-құлқында қашан адамсүйгіштік идея бәрінен астам тұрып еді?! Мұны да ойлау керек. Күшті

сақтануды бек біледі.

Мұны автор неліктен ежіктеп айтпағы белгілі. «Жат жарылқамайды, өз өлтірмейді» деген бабаларымыздың көрегендігін тірілту. «Дұспанға белиңді шешіп инанба, / Инантып тұрып өлтірер» (Шалкиіз жырау). Ұлттық идеологияны оң түйсінер кезің жетті ғой дегені. Сонысымен Тұрсын Жұртбай бүгінгінің Асан қайғысынан аумады.

Абайдың әр өлеңі бір әлем. Бірақ ол қиялдағы патшалық емес, қазақ деген ұлттың дүниетанымы. Тұрсын Жұртбай Абай шығармаларының әлеуметтік астарын ұғындыруды парыз санайды. Себебі адамтануға мұның тигізер үлесі мол: «»Абайдың «мал баға алмай кеттің» деп меззегені: мал да өзіңдікі емес, жаттыкі. Бүкіл игілігің империяға қызмет етеді. Яғни, өз малыңды өзіңдікі дей алмайсың – дегені».

Орыстың отарлық саясаты көшпелілерді күйзелту, экономикалық тәуелділікті нық орнату, дінін өзгерту арқылы өзіне сіңіру, жалыныштылыққа бағыштап қайта өңдеу болды. Тұрсын Жұртбай миссионерліктің, елді шоқыншы қылмақтың аярлығын, отарлану еңсесін езген елдің ұлттық мінез-құлқы азғындау себептерін осы кітабында мейлінше күйзеле жазған. Бәрі де Абайдан шығып, бізге жетіп отыр. Бұл ретте алаш арыстарының мұрасын зерттеп жүрген ғалымның жан-дүниесіне Әлихан, Ахмет, Міржақып, Ілияс, Мағжан идеялары терең енгенін ұғу қиын емес. Біздің тарих, рухани жеңіліске мойынсұну бодандық жүйенің басқарылатын тетігі болыстың түгін қалдырмаған Абайдан бергі күйініш. Жеңіліске тұтыла бермес үшін танымды күшейте беруді автор мақсат тұтады. Бұрынғы болыс – қазіргі әкім. Заман озғанмен, уақыт өзгерсе де қазақтың солқылдақ халі өзгермегені жүректі қан қылады. Ғалым мұндай биік санаға тек өте сирек кездесетін Гете, Пушкин, Абай тәрізді таза ұлттық ақындар ие екенін қадап айтады. Ұлттың зары олардың қара басының қайғысын басып кетеді.

«Абай жарықтық елдікті қалай сақтау керектігі қақында айтудай-ақ айтқан. Бірақ соны түсінетіндей «елін ұғымды» етіп бермегеніне кімді кінәлаймыз? Бүгін де соны түсініп жатқанымыз шамалы сияқты көрінеді де тұрады. Құдай қателестіруге жазсын» (105 бет).

Бұдан «Баяғы жартас – бір жартас, / Қаңқ етер, түкті байқамас», Абай сөзі күйігі басылмағанын анық ұқпау үшін

миғұла болу қалды. Мен қазақ болмасам селт етпес пе едім. Өздері кінәлі дей салу оңай. Затым жат болғанда барды ұқсапайтын, бөтенге жем бола беретін ашық-шашық бұл не халық дер едім. Бірақ құдай бұларға бәрін аямай берген ғой, кеңістікті де, потенциалды күш-қуатты да, жан мен тән сұлулығын да, имандылық, рақым, ақыл-ой, қабілетті де, білімді азаматтарды, батырлықты да. Алайда соның бәрінен басым шығатын бір сұмдық пәле бойларына жынша жабысып алған. Бұл не жұмбақ дер едім. Дүниеде жоқтан бар жасайтын, терісі тар кейбір халықтар өздеріне өлердей сұқтанатынын қазақтар сезбейтіні жаман. Бұл біздің құзырымызға көнбейтін кесел ме?!

«Қауіп – бүкіл ұлттың күлембайланып кетуінде», жазушы қазақ түгел күлембайланып кетсе ұлттың сау тамтығы қалмас деп аңырайды (98 бет). Автор Абай сынаған Күлембай типажын жіті зерттейді.

Абайды оқымас бұрын оған тәпсір, комментарий десе арзандайтындай сезілер, демесе даналыққа тағзым тәрізді есті кітапты оқып шығу исі қазақты темірқазықтай адастырмас еді. Абай сондай құбылыс. Хакімге елін бастайтын әуелгі киелі қара жолды Мұхаң салды, оны кейінгі ізбасарлары жалғауы орынды. «Алтын шыққан жерді белден қаз». Жазушының айтпағы өмірдің өз нышанындай қарапайым ой: елін азбас үшін құлдық пейілден арыл, өзіңді түзе, рухани тәуелсіздігіңді қастерле! Абайдың өсиетіне адалдық. Абайдың азабы арқылы көкірегіндегі сөзін айтып қалу. Ұлттың буынына түскен жегі құртты Абай білді, өленіне салды, «Демек, елдік пен ерлік рухы сөнген. Рухани басыбайлыққа бой алдырған» (101 бет). «»Бұл өлімге, халық, ұлт ретінде жойылуға бет алды» дегені ғой Абайдың» (102 бет). Тұрсын Жұртбайдың роман-эссесінің лейтмотивы осы ой. Артынша ол өзі осы ойынан өлердей шошынып, райынан қайтып, астафыралла дегенге ұқсастырып: «Абай елден емес, пысықтардан жерініп отыр» дейді. «»Көп шуылдақ не табар, / Билемесе бір кемел, – деуі де сондықтан» (102 бет).

Тегінде Абай сайлаудағы би-болыстың мінезін қасында жүрген соң айнадан көргендей суреттеді. Сөйтіп, тұтас бір қоғамның, құлдықтың бет-бейнесін түзді. Абайға ол қиын соқпаған, көрген-баққанын айқын санамен, даналық болмысымен таңбалады. Асылында, бәрібір данышпанның

ой шалымына біздерге ілесу қиын. Ұстазсыз. Абайтанушылар шетінен шамшырақ ұстаздарымыз болмағы заңды құбылыс.

Отаршылдықтың теріс үлгісінен, қамыт-құрсауынан қазіргі қазақ арыла алмай жатыр дейді автор, мұны зиялылардың дер кезінде тәуелсіз идеология жасап бере алмауынан көреді. Кейде ол афоризмдік үлгі түзейді: «Нәпақа – нәпсіні ашады» (146 бет). Бүгінгілер нәпақаны көп ойлауға мәжбүр болмағына автор қарадай налиды. Капитализмнің жабайы санасы «Өз күніңді өзің көр» демей ме?! Қазіргі мемлекетіміздің беріктігіне кеселді құбылыс сыбайлас жемқорлықтың жүгенсіз кетуі де соның жаңа заманға лайық соңғы үлгісі, ар-иманға қас үлгісі.

Тұрсын Жұртбай Абайдың қара сөздерін талдау арқылы терең бір иірім, тұңғықтарға сүнгуге мүдделі, соның үшін тайынбайды. Өйткені Абайдағы қара сөздер мемлекет, философия, дін, саясат, психологияны біртұтас камтиды. Абайдың ойын бағу, данышпанға ілесем деп онымен ой жарыстыру қара жаяуға алдырмайтын күрделі іс. Тұрсын Жұртбайдың осы үшін өзін аямағанын ұқпау мүмкін болмай қалады. Шындықты үнемі суыртпақтан аша беру оңай емес. Абайды сүю. Ол бір көз жасына тағы бір көз жасын қосады, дала данышпанымен қосыла егіле жылайды. Әй, біздің қазақ сонда да сөз ұғар ма екен?!

«Тәуелді заңнан тәуелсіз ождан қымбат.

Ең ұлы, ең қасиетті Заң – Ар-ұят»

Ол қанағатқа, қайырымдылыққа, «суық ақылға», «қол қайратқа негізделуі керек – дейді Абай тағылымы» (156 бет).

Абайды ұялмағандар өзінше илейді, кейі бір сұрқылтай. Оларды автор «қазақ оқымыстысымақтары» деп атайды.

«Абай дінді ғылым деп түсінген» (168 бет). Қасиетті Құран-кәрімді Абайдың қалай қабылдағанын «Ол өзі сенген діннің тарихы мен таным тамырын түбегейлей зерттеп, исламияттың ұлы ойшылдарының қатарына көтерілді», «Ол уағызшы емес, таным тұрғысынан талдаушы», (168 бет) деп таниды. Аллатағаланы сүйген құлы Абайдай сүю бізге үлгі. Ұлы ақынның өлеңдері шынайы құлшылықты танытары айқын. Исламды дәріптей отырып, Тұрсын Жұртбай түркілердің өткен тарихын жадынан өшірмейді, өйткені ол ұмытылмас төл тарихымыз. Көшпелі қауымның монотеистік діні тәңіршілдіктің туы құлауы түркі этносының

әлсіреуін көрсеткенін жазушы айтуға анық қақы бар (173 бет). Адамзат тарихы тұтас ғарасат майданынан түзілгенін танымы мол кез келген адам баласы білуі тиіс.

Ислам Абайға қазақты шоқыншыдан арашалап, ұлттық негізін сақтап қалуға дер кезінде қорған болды: «Абайдың діни танымы – ұлттық тәуелсіздік үшін күрескен қайраткердің бір амалы еді» (175 бет). Жазушы Абай және қазақты шоқындыру һәм жазалау саясатын түбегейлі саралайды. Біз шынында Абайдың қарасөздерін әсіре бейқам оқиды екенбіз. Мына кітапты оқыған сайын жүрегімізге сәуле түсті, сол саңылау арқылы қайғы-шер қоса енді. Дінді саясатқа айналдырудың айласын Абайдан соңғы 165 жылда қазақ халқы әлі де бастан кешіп келеді. «Ұлттың аза рәсіміне жат діннің араласуы – ол халықтың өлі тобырға айналуының басы болатын»(232 бет). Тарих қайталанып тұрады деседі. Қазақтың ата дәстүрін құртуға құлшынғандар қазір де көбейіп барады.

Абайтанушы ірі ғалым, академик Мекемтас Мырзахметұлының «Абай және Шығыс» атты іргелі еңбегінде отаршылдық жүйені таныту, құлдық қамытты әшкерелеп, санадан лақтыру бар болатын.

Абайдың ақындығы алты алашқа азды-көпті мәлім. Ал оның қайраткерлігі, ұлт мұратына мүддесіне лайық істеген істерін Тұрсын Жұртбай мұқият, замананың әр қимылын қалт жібермей талдайды. «Ол 1885 жылы мамыр айында өткен Қарамола сиязында бұл тұрғыдан алғанда қатты күш шығарды. Ояз бастығының ұйғарымымен Абай Құнанбайұлына тапсырылған қазақтарды басқару туралы «Ережеде» ант беру рәсімі ресми түрде қағазға түсті. Әрине, оған ұлықтар мүдделі емес еді. Бірақ та көпке топырақ шашудан сескенді. 74 баптан тұратын «Ереженің» он бір бабы ант рәсіміне арналды. Бұл – шарифат жолының биліктен, рухани өмірден шеттетілмеуінің кепілі еді. Абай соған отарлаушы әкімдерді мәжбүр етті» (247 бет).

Абайды әлемдік ойшылдармен бір кеңістікте зерделеу расында алыптың ісін талап қылмақ. Тұрсын Жұртбай талант иелерін «игілік иелері» деп өзі нақ танып бағалағандай бұл әрі михнатты ғылым іздеу, әрі құнарлы ойшылдан рухани қорек, шынайы игілік табу. Автор Ницше мен Абайдың сана тоғысуын талдай отырып, жазушының өз жазу мәнері

қара сөздердің ырғағына ерекше ұқсап кетеді. Мысалы: «Мінезге ұласқан жүгенсіз сезімнің өзі де дерт», (288 бет); «Сонымен адамның бойындағы ең қасиетсіз сезімнің бірі – пиғыл. Ол көрсеқызарлықтан, арамзалықтан, мекерліктен рухани және тұрмыстық мұқтаждықтан туындайды екен», «Демек, адамның түйсігінде әлдеқандай шекара болғаны ғой. Мұны Абай «қанағат» деп атайды. Қанағатсыздықтың пиғылы, яғни, қанағатсыздық – барлық ібілістік жексұрын қылықтардың «кесірлі ұясы» екен»(290 бет).

Абайдың жан әлемін ғұламалар: Гете, Монтень, Ницше ілімдері арқылы таныту инемен құдық қазғаннан бетер білімді болуды қалайды. Ғылым, дін, иман, этнос, т.б. адами ахуалдармен берілуі және шарт. Ұлтының ішкі әлемін сыртқа шығару арқылы олар туған халқының тектілігін қызғыштай қорғауын танымы зорайған ұлттардың рухани эрозияға ұшырамауымен ұғындырады. Бұл менмін деген талай оқымыстының жүрегі дауалай бермес іс.

Тұрсын Құдакелдібаласы Жұртбай Абайды жамылып, оны үстірт түсіндіргенсіп, арзандату арқылы қазақ халқын қорлау асқынып кеткенін де, арандатушылық лаңды да кітабында баса көрсетуі дұрыс. Абай – қазақтың бары, нәрі, әулиесі. Оның рухын жасқау, жасыту, бұрмалаумен ұлтымызды түп-тұқиянымен қайта өңдеуді армандайтын жаулар айнала ордалы жыланша өріп жүр. Абайдың қазағына қалдырған өнеге сөздері олардың алдына «Шошқаның алдына маржан төкпе» деген қағидамен жүруді талап етері даусыз. Сондықтан «Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!» деп ұлтының жарқын болашағына үміт еткен Абайды бөтен болмаса да өз қазағы өгейсімей тани бермегін, сүйген үстіне сүйе бермегін ұрпаққа жалғау мұратымен Тұрсын Жұртбай алтын көпірдей қызмет қылған. Ұлттың маңдайын біткен мықтыларынан жерітетін небір сайтани амалдарды мынау күн астындағы құбылғыш дүние талай көріп келеді. Лев Толстой мен Михаил Шолоховтың суреткерлік, ойшылдық табиғатына жағылған қара күйе, жалған жала, арсыз соққының уытын мүйізі қарағайдай, қара ормандай орыстың өзі зорға қайтарған түрі бар. Мұндай қасақана қаскөйлік ұлттық рухты күйрету үшін жасалынады.

«Ақылдың азабы – қарғыспен тең екен ғой!» (386 бет).
Ұлылықтың орыста «великомученик» деп дөп айтылатын

бөлек жаратылысын жазушы осы роман-эссесінде айтудай-ақ зерттейді.

Автордың өзі кейіпкері Абаймен қосылып фәни дүниенің мәнін, мағынасын, ұлттық тәуелсіздіктің зораюын, жан жұбанышын іздеп, қазақ философиялық ойының биігінде шарқ ұрып кетеді. Ол өксісе, Тұрсын Жұртбай қоса өксиді. Бұқар жыраулардан қалған дәстүрмен күнірене толғайды. Бір ғана айырмашылығы, өлеңмен емес, қара сөзбен. Роман-толғау. Ал қазақ үшін толғау илайым ұлттық сипатта, толғаудан асқан ештеңе жоқ.

Абайтанудың текстология саласында Мұханның ізін басқандардың ішінде Қайым Мұхамедханұлы орны бөлек. Тұрсын Жұртбайдың текстологиядағы пайымдаулары аса мәнді дер едім. Абайдың суреткерлігі ерте оянуын ол өлеңімен талдауы оқырман үшін маңызы бар. Әйгілі төрт шумағы: «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...» туралы: «Роман болмаса да романға лайықты көркем ой мен суреткерлік, көрегендік бірден байқалады. Бір ауыз өлеңмен айдалада түйесін қайыра алмай далақтап шауып жүрген, белін күлдәрімен бұған әйелдің астындағы жауыр айғыр жүрмегендіктен ызаға булыққанын, ол ол айғырды сараң төркінінің бергенін тасқа таңба басқандай анық әрі қысқа сөзбен толық жеткізіп тұр емес пе? Бұдан артық суреткерлік шеберлік бола ма?» (323 бет).

Тегінде бұл кітаптың идеялық мазмұны осы түйіндермен ғана сарқылмайды. Бұл кітапты бір демде саралау жалынан ұстатпайтын тарпаңдай сезіледі. Жазушы Абайдың «күйіп тұрып сүйген жүрегін» оқырманына мейлінше сырластырды. Оның азабын шекті. Даналық мекеніне қайрыла кету сол жұртынан болуға жазсын!

7.07.2011.- 16.10.2011.

ЕСЕНҚҰЛДЫҢ САҒЫНЫШЫ

Эссе

1. Сұлулыққа тағзым.

Ақынның нәрестедей ақ жүрегі елуінде өзгермейді. Есенқұл ақын «Иіскесең жөндеп әлі бар,/Исі менде жөргектің», «Ақын деген ақ сәби ғой өтетін,/Өмірбақи құшағыннан шығармай» деп жырлайды. Асау балалығын сетінетпей сақтау Есенқұл бойында жасөспірім қылықпен ашылатын сияқты:

Күпейкемнің жағасын көтеріп ап,

Шыққым келіп көшеге тұрғаным-ай...

Ол Мұқағалиға қарата айтатын қыран-көкек дилеммасынан соң әдебиетті өзімен шектейтін, зорлықшыл үстемдік пиғылға ойыншығы сынған балаша өкпелейді: «Адам жанын таптап өтіп кететін,/Ағалардың бәрі кейде трамвай» деп бір басылады. Біресе наза кернейді жанды: «Бір сарынды күндерге,/Құрбан болған басым-ай». Ақын бір дәруіш: «Кетер ем, кең далаға қаңғырып шын», «Өзін бір өзі қаңғыртқан,/Дәруіштен бейне аумайсың». Бірақ өзге білмесе де өз бағасын ақын біледі: «Сені бәрі клоун санаса да,/Онашада қалғанда ұлы Абайсың».

Ақындық жалғыздықпен қоспаққа, торығуға көп көнбесе көптің бірі болар еді. «Жағалап жарды жүрмісің,/Жалғыздық – жалғыз жолдасым?». «Ағайын, өйткені мен жаралғамын,/Өзіммен-өзім ғана сөйлесуге,/Өзімді өзім ғана тербетуге./Қосағым құдай қосқан ғашық өлең,/Қос аққу жүзгендейін көл бетінде». «Жан-тәнім сезді жанымның жалғыз екенін/Кемелге келіп, толысқан кезде ақылым». Ақындар жаратылысы дей салма. Бұл құдайдың құдіретін тану. «Қарасаң биік заңғарға, / Көрініп тұрар тауларда / Орасан шексіз жалғыздық». Бағзы бір әулие таңғажайып құпияны халыққа сондықтан айтқан: «Адам күбірін тау, тау күбірін құдай естиді».

Қызғалдақ қыздарға адал көзбен қарай алатын сезімтал ақындар ғой. Әдемілікті ұққанда балалықтан арылып, ересек тірлік балы мен уын татқан Есенқұл. Періштедей көрінген «Әлімбаидың сары тәмпиш қызы екен», бұл санаға сәуле енуі. «Сонша неге ұнаттық екен, құдай,/Көзі ғана әдемі қара қызды?!». Қыз-келіншектер психологиясын

ақыннан артық білетін кім бар. «Сүйгеніме шынымен сене тұрып./Көнбей маған кетуші ең, көне тұрып», ««Қарамашы» деп тұрып, «қара» деп тұр./ Сүйгізбейтін сүйкімді бұзау қыздар». Грек мифтерінде танакөз ару Гера, оны Гомер, эпик жырау «өгізкөз» деп атайды, рас, нағыз сұлудың көзі танадай жарқырап тұрады. Есенқұл бәйкүнә сұлулықты көп жырлайды, әйел образдарында сайқалы жоқтың қасы. Қазақ қыздары. Оның өлеңдерінде «Ішімдегіні тап» деп сезімін жасырып өмір кешуге бейіл қарындасты қорламай жыр жазған бауырмал жүрек лүпілі бар. Психологизм көкесін ақын қазақ әйелінің бейнесінен іздейді.

Әйел зағының жалғыздығы қазақтың ұлттық қасіретіне айналды. «Жатаққана. Жалғыздық» атты өлең: «Арулардың балқытады жан-тәнін./Аналыққа – деген абзал құмарлық» – дер кезінде теңін таппаған қыздардың күйігін таңбалайды. Ерсіздік. Бұлқайғы қазақ қоғамының дертін, дисгармониясын ашады. Жары Одиссейді 20 жыл күткен Пенелопа синдромы. Христиан ілімі «Дева Мария» деу арқылы ана болудың өңін өзгертіп, шынайы мағынасын жоғалтып алды. Қазақ халқын тығырықтан қос әйел алу шығара ма? Бұл айтуға оңай болғанмен, ішкі қалтарысы көп мәселе.

«Жаным барда жақсы көрмей тұра алман». Ақын «Құндыз кірпік, құмыра мүсін» сұлуларға нәпсі емес, жүрек көзімен қарайды. «Моншадан шыққан қыз» атты өлеңнен түйдім, неткен мейірім! Өлеңде қыздың уыз көркі мен тазалыққа сүйсіну ғана емес, оның келешек тағдырына ағалық алаң қоса өрілген. Есенқұлдай тұнық ақын үшін ару – «Қыз-аққу». Ол судан тазарып шыққан қыз образын ерен сүйеді. Асылы дүниені басқа өлшемдермен таниды. Есенқұл ақын әйел баласына қызыға көз тастаса, оны қор тұту үшін емес, әдемілігін бағалап, патшайымдай қастерлеп, хор қызындай көретін ерлерден екеніне ақжарма жыры айғақ. Қосағын, сүйген сұлуларын күң қылар жауыздықтың инедей жасуы оның бойында жоқ. Дегдарлық сұлулықты сүйіп ардақтайды. Романтикалық көпірме әсіре образдары үшін Г.Белинский өлеңдерін менсінбей сынап, «бenedиктовщина» терминін әдеби айналымға енгізген, дегенмен жас Афанасий Фет пен Николай Некрасовқа ықпалы тиген В.Г.Бенедиктов есімді ақын болған. Ол «Жемчужина в венце творений! / Ты вся любовь» – деп әйелге, «Ты жемчужина Востока, /

Поля жаркого цветок!» – деп сұлу қызға жыр арнаған. Әйел затын пір тұтуда А.Пушкин мен А.Блок жыры көктегі құс жолындай нысаналы.

Көркемім сені көрсем де жақсы өзгеден.

Қиналдым соны айта алмай саған сөзбенен.

Есенқұл Жақыпбектің «Өзіңді аңсап» атты жан сыры айнадай көрінетін өлеңі естіген ел елжірейтін әуезді әнге айналған.

2. Елегзу.

«Ақ көйлек, көк көйлек» – ақын бойжеткен қыздың небір түрін қалай дәл суреттейді. Сөйте тұра неге ол «Сүймеген, сүйілмеген сияқтымын» деп налиды? Шынтуайтында Мәжнүн ет пен сүйектен жаралған адам емес, адамның Аллатағалаға ғашық жүрегі мен құлшылығының тұлғалануы екенін аңдағанмын. Есенқұлдағы тылсым сезім сол дәруіштік емес пе? Бекзаттық па? Адамзат үшін мінсіз болу жазылмаған. Кіршіксіз саф тазалық бір Жаратушы Иеге ғана лайық. Адам нәсілден туған асылда тек көркемдікке мәңгілік ынтызарлық бар. Себебі дүниегі барша құбылыс әлемдік тартылыс күшіне бағынады.

«Аспанасты/Жер үсті дүниеде,/Біреулерді сағынам./ Кімдер екен? / Кімге кетем?». Бұл адам жанына лайық мәңгілік аласұрған алауыздық, қарапайым өмір мен көркем қиялдың қабыспауынан туады. Арман-мұрат, үміті мазалайды.

«Сылдыр қағып тұратұғын ішімде,/ Сарқылғанын қарашы бір бұлақтың!». Мынау керемет үндестік тұнған жарық дүние ақынға неғып жақпай қала береді? Шығасыға иесі басшы, ол өзін-өзі жегідей жеп, санасын сарғайта беруден сау ма? Беймаза наразылық жомарт құдайға шет емес пе? Тоңмойын болса жұтты елемес еді. Тоғышарлық жайлап алған мизбакпас қоғамда «Сезбейді, түсінбейді бірақ олар, / Болуға мал табарын еңбекпен де», жемқорлық пиғыл асыраушы, аярлық озық сияқтанады.

«Бір қаракөз арман боп өтті маған,/Бала күнгі,/Батырлар жырындағы», «Өзімді-өзім бір түсірсем есіме,/Қыз Жібектің ерер едім көшіне» – қан арқылы берілетін қазаққа тән қасиет – біз эпостық бағзы өмірімізді аңсай береміз. Басқа ұлттар одан басы бүтін арылып болған жоқ па? Жыраулық дәуір көкіректен өшпейді. Алмына жарық дүние көшпелі тұрмысты

өркениетке ілестірмесі анық. Қанипа ақын қазасына жазған: «Бұл дүние өркендеп өскен сайын,/Нағыз ақын азайып бара жатыр». Біз енді не істей аламыз, алда келешек тұрғанда өткенді аңсай беру дұрыс өмір сүре алмау әрі әлсіздік емей не?! «Мен аңсаған баяғы қайда ғалам?», «Қиялилар азайған дүниенің,/Қимайтұғын жоқ екен ештенесі». Сервантестің дон Кихот туралы шедевр романы шыққалы 500 жыл өтті. Дон Кихот ұлы образ, жер бетінен өшпейтін рух. «Ешкім бізді шын түсінген жоқ бірақ». Дон Кихотқа бәрі күлуге бар, бірақ қиялиларсыз жарық дүние қараң.

«Шыққан күнге,/Өскен Гүлге қуанған./Естілмейтін дыбыстар бір шығарған,/Жүрегімнің жан дүрсілін/Өлеңге сап тындайын», «Албастыны алдаймын өлеңменен...».

Есенқұлдың жүректі кеміретін құсалы сағынышы иррациональдық сипат алады. Бұл сөзбен айтып жеткізуге бағынбайтын тылсым күй, өнер үшін туған, шеңберге сыймайтын арманшылдың құпия таңбасы. «Елес сүйреп» – Есенқұл өлеңінің атауы: «Жоқ қызды сүйетіндей / Қайран адал, қияли сол бала кез, / Қырға шықсам жүретін бір қаракөз, / Сүйретіліп жусанға бұрымдары. / Беу, қаракөз!».

Керемет құбылысты жұрт сезбеген,

Сезгендей болатынмын өзім ғана.

Есенқұлдың жаны қыздан нәзік болды: «Еске түсіп жылаймын жігіт күнім», «Бар пендені оп-оңай алдарсың-ау,/ Ақын жанын алдарсың неменемен?» – өлеңі Асан қайғы. Абайша көз жасын жасырмайтын бұл Есенқұл жылауық. «Қара құлдай қайыспас қайран көңіл,/Оңашада қалғанда шын жылайды». «Тіршіліктен теремін құр несібе» – Абаймен үндесу: «Мен келмеске кетермін түк өндірмей». Өнер адамы жазмышы – жалғыздық, жалпақ жұрттың бейқам бақытына қызығудан ештеңе шықпас. Үмітсіз шайтан.Торығудан дәнеме өнбейді.«Өмір сүріп келеді ел тәубеменен./Неткен ұлы ұғымсың «тәубе» деген!» деп айтқаны қайда?

Есенқұл жырларында қара өлеңнің нақышы бар. Абайша айтса, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Фольклордан асыл мұра қалған.

Сағынсаң мені тоғай бар

Артыңа қарай қарай бар.

Ақын жаратылыс біресе от, біресе мұз. «Ап-анық бір аспан едім тамаша,/Көздің нұры тоятұғын қараса» – автопортрет.

Қазтуған жыраудан бергі үзілмеген дәстүрдің мәні рух шақыруда. Ақын болып тумаса Есенқұл кім болар еді? Ол өзі білді: «Өмірге өлең үшін бола келген».

«Кейжұрт мені пешші орыс екендеп қалады», – деп ола алғаш көргенімде өзін таныстырғаны көкейімде жазылып қалды. Бұл ойнақы сөз қуыстану, өзін қорашсынып, кем көру деп ойлау түбірімен қате, расында өзін-өзі ғашық нарциссизмге лайық. Жұлдызды жан не десе жарасар. Ақын жаны шарап ішіп шалқып, кілең ақындармен қатар отырған эйфория сәтте қоршылық ой қайдан тусын. «Сынық қанат тырнадай жаяу қалған» деп мұңаятын өлеңіне бұл ауызекі юморы үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Шығармашылық адамы бір сарынды мимырт тіршіліктен жалықса, албырт, тентек балаша қалыптан шығып кетуге ұмтылады. Кісімсу, позаға ену, данышпан болғансуды шөлге қуып жіберген хайуандай көреді. Бағзыда бір жұрт бүкіл күнәларын арқасына артып, бір сорлы есекті шөлге қуып жіберген деседі, сол сияқты. «Қулығына ақыл ғой деп құлаған» – басқаның бақай қулығын ақындық дегдар болмыс місе тұтпасын, албастыдай көгерін өлеңінде Жұматай Жақыпбаев жазды.

«Бір сынаған жаманды екі қайтара сынама!» дейтін Бұқар жырау бабадай кейінгінің Есенқұлы кесіп айтуы заңды.

Жау қашырып керегі жоқ, жаудан жаман –

Жаны ашымас жақыннан қорға өзінді!

3. Шер.

Есенқұл Жақыпбек Абай елі, Семей атом полигонының қасіретін жазды. «Қарауыл қайғысы» поэмасы психологиялық драма мен ащы трагедияға негізделген. Поэма Абайдың «Жігіт сөзі» («Айттым сәлем, қалам қас»), «Қыз сөзі» («Қиыстырып мақтайсыз») атты лирикалық өлеңдерінің үлгісімен жазылған, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» лиро-эпостық жырының мақамы бар. Абай эротикалық өлеңнің қас үлгісін жасады, негізгі сарын адамның жастық шағы, махаббат қызығы. Есенқұл зұлмат полигонның сұмдық құрбанына айналған ер мен әйел, ерлі-зайыпты қос зарлықтың монологын жан айқайымен берген: «Жарың өлік», «Тірі жесір», «Албырт шағым алданып өтті, қайтем, /Кебіні жоқ, көрі жоқ тірі аруаққа» – жас отбасында тіршілік семген. Әлем әдебиетінде өте сирек кездесетін

осы бір аса ауыр тақырыпқа Эрнест Хемингуэйдің «Күн шығады» («Фиеста») атты культтік романы мен Дэвид Герберт Лоуренстің «Леди Чаттерлейдің ашынасы» (1932) атты пуритан Англияны естен тандырған, шіркеу айыптап, сотпен қуғындаған атышулы романы арналған. Екі роман жоғалған ұрпақтың қасіретін терең, тыйым салынған сұрапыл құпияны жария қылу арқылы ашты. Хемингуэйді соғыс жанын жаралап, тәнін мүгедек қылған, үміті кесіліп, ер адамға тән бақыты жоғалған қауқарсыз журналист жігіт испан дәстүріндегі фиеста, бұқамен адам сайысатын коррида мезгілі туған кезде ғана тіршілікке елігеді. Жанына алданыш тауып, жұбанады.

Есенқұл аз халықтың сорын, тоталитаризм зардабын былай түйіндейді: «Халықтың ұлымын деп мойындаймын,/ Өз басына өзі ие бола алмаған». «Өмір бақи өтіп ем «Елім-айлап»./Болашаққа тағы да жылап барам».

Қазіргі қазақ қоғамы сын көтере ме? «Мені де арбап барады./Дүниенің боктығы». «Киіз үй – қазақ үшін бәрі, бәрі! /Өспеген киіз үйде балаларға,/ Қазақтық қанша айтсақ та дарымады. / Киіз үйі жоқ жерде қазекеннің / Пейілі де біртүрлі тарылады». Мөңке би, Мұрат, Дулат, Шортанбай зарлаған сарын этностық ұлы жоғалтулар. «Кебеже кең құрсақ батпандар./Әйелін басқаға сатқандар» – қазақтың ұлттық мінезі қаншалық өзгерді? – деуге ақын құқылы. XX ғ. басында Шәкерім қажы «Қазақтың аты бар да, заты жоқ» деген. «Қаз-үйрек едім көлдегі./Қанатты жылан боп кеттім» – қазақтықтың асыл тегі айнып бара жатыр. Оның түбі бүгінгі сиыққа, екіжүзді өтірік жалғанға ұрындырды. «Зандармен қорғанған зәндәмдар./Сырты –қой,/Ал іші – доңыздар./Адамды білдірмей бауыздар,/ Жалтырақ жайсаң бір жауыздар» – бірақ бүгінгі мырза, бай-бағлан жаңа қазақтың бәрі осындай емес шығар? Гламур, сырты жылтыр, іші құнарсыз пасықтықтың тажал кейпін ақын дәл аңдайды.

Арсызды арсыздар ардақтап,
Қамсызды қамсыздар құрметтеп.
..Бір-бірін арбайды күрмектеп.

Батыстың гендерлік саясаты қазақты шайқап жібермей ме? «Әне жүр жас қыздар, жас қарлар,/ Ханмен де, құлмен де жатқандар». Осы хал адамзаттың ежелгі тірлігі емес пе, өзгерген түк те жоқ?!

Есенкұл Жақыпбектің біздің дүниеқоңыз заманның сұрқын деп суреттейтін азаматтық лириканың биік үлгісі «Ала жіп» атты өлеңі бар.

Есіктің алды – ала жіп,
Қарайды қасқыр қадалып.
Ала жіп егер аттаса,
Ар-ұятын тастаса,
Қасқырлық кетер жоғалып.
Бұзылмас серті бөрінің,
Ар-ұят үшін бас құрбан.
Ала жіп көрсе қорадан,
Ойланып қалар абадан.
Өз елін өзі тонаған,
Болса ғой сендей көп Ағам.
Қасқырдың сертін ұғып көр,
Қасқырдай арлы жігіттер!
Ұлысты тонап бітті ғой,
Бұралқы өңкей ұры иттер.

Есенкұл «Жаны адалдар ешкімге болмаған құл» деп айқын жырлады. Адалдықты делқұлы, қор санап, менсінбейтін ардан безген бейсана қоғам туғанын білсе де кезене айтты.

4. Мойынсұну.

Есенкұл үшін даланың өзі жылқы, өлең. Туған жер ол үшін тірінің де, өлінің де алтын бесігі: «Қорымдар, зират, көне ордам», «Зираттар – көнекөз елім,/Киелі қара орманым». Бұлай деп айту тек қазаққа бұйырған. Нақ осы өлеңінде Есенкұл жанының күллі құсасы тұнып тұрғандай сезіледі.

Ақын «өлім» деген сөзді көп айтпайды. Оның синонимі бар: «мола». Мола – ақын үшін көкейін тескен идефикс, Қорқыт күйін кешеді. Есенкұлдың «Қорғандар», «Сары дала. Мола» атты қос өлеңі ажал культын жазмышқа көнбіс мистикалық үреймен бере алған. «Өлім оңай сол молаға барғанда».

Қара жер сенен қорықпаймын,
Саған да жазда шөп шығар.

Үш күннен соң адам көрге де үйренеді деп өзін жұбатқаны, ажалдан именбеймін дегені бекер. Федор Тютчев: «Мысль изреченная есть ложь». Ақын әулие болады, ғұмыры жер бетінде ұзақ болмасын сезсе жарыққа құштар жүрегі шер жұтып атойлайды.

Обыр дүние көмейіндей тойымсыз,
Обырайған мола жатыр үндемей.
Опырайған мола жатыр қылжиып,
Бүйірінде бір үңгір бар тұңғық.
Атжалмандай ар жағынан жылмиып,
Ажал күтіп алатындай ыржиып.
«Зев могильной пропасти» (Пушкин), «Яма могильная»
(Н.Некрасов), «Пещера гроба мрачная» (В.Капнист), «Дыра
безымянная» (М.Цветаева) – қабірге анықтауыш берген
орыс ақындарымен Есенқұл Жақыпбектің мынау үндестігі
ғаламат, жүрек сөйлесе жалған айтпайды.

Сол тесіктен сұмдық бір сөз естілер,
Еңірейді елсіз қырда ескі көр.
Тесірейіп үңіледі үңгірге,
Екі көзі оттай жанған ешкілер
Естіп, жылап өлген мола өлеңін,
Елсіз қырда ешкі баққан мен едім.
Көпшілікпен бірге мен де барып ем,
Апамызға ақ топырақ салғалы.
Көрдің аузы көпті көріп ыржиды.
Тіршіліктен алым-салық алғалы.

P.S. 2007 жылы 7 маусымда Қазақстан Жазушылар одағының кезекті съезі өтті. Кешінде Гүлнәр Салықбаева бір топ ақындарды кафеге шақырып, қонақасы берді. Есенқұл, Тыныштықбек, Светқали, Жанат, Нәзира. Осы кеште Есенқұл Жақыпбекті алғаш рет көрдім. Қас жақсы екенін тану үшін бар болғаны бір кеш, аз мезет жететін адамдар болады өмірде. Есенқұл жаратылысы тұнық, таза бұлақтай мөлдір жан екен, адам баласына деген мейір тұнған болмысы пендешілік, бықсық мінезге атымен жоқтай сезілді.

Есенқұл әндерін әнші Ақан Әбдуәлі сүйіп салды. Ол Сүйінбай мен Қатағанның айтысын шырқап салғанда залда көрші үстелде толып отырған қытайлық кәсіпкерлер сөзден сап тиылып, тыңдай қалысты. Жат елдіктер үшін жұмбақ қазақ жаны келмеске кеткен эпикалық дәуірін әлі аңсайтынын сол сәт өрттен ұшқан ұшқындай тыз етіп сезгендей көрінді маған. Олар біз сияқты ұзақ отырған жоқ, бас-аяғы бір сағатта ас ішіп, уақытқа бағынып, тарқап кетісті.

Осы жазбаны әуелде Есенқұл Жақыпбекпен әдеби сұхбат жасауға дайындаған едім. Мерзімі: «25-27.03.2010. Черновик.14.02.-15.02.2011». «Атамекен-Жамбыл», газеттің электронды адресіне бірнеше рет жібердім. Есенқұл аға текстті жоғалтып алдым, қайта жіберші деп қонырау шалады. Бірде Дәутайұлы Несіпбек ағаға Есенқұл Жақыпбек сұхбат бермей қойды деп айтсам, күліп жіберді, ақындарға қара сөзден өлең онай, прозаға шорқақ, ал өлең оларға көктен құйылып тұрады деді. Айтысқа келгенде суда жүзген балықтай тосылмайтын қайран ақындық. Расында солай-ау, өлең жаз десе қай жазушы өзін шабан сезінбес.

Ризашылық, шынайы құлшылық Есенқұл үшін тіршіліктің ұлы мағынасы: «Айналайын ағайын! Сендермен жерді бір басқан, / Сүйгізген, сүйген, мұңдасқан / Өмірі өлең кыр-дастан, Мен де арман жоқ шығар». Түйін осы.

31.01.2014.

РАҚЫМЖАН ОТАРБАЕВ. «ДАУСЫҢДЫ ЕСТІДІМ»

Қазақ әдебиеті ежелден көркем сөздің атажұрты. Алайда заманалар ауысып, қоғам құбылғанда тілдік қор қоса өзгереді. ХХІ ғасырдың басындағы қазақ үшін тіл факторы мейлінше күйіп тұрғаны рас. Жұтаң, шұбар, қадірі қашқан туған тілдің қасиетін қорғап қалатын қауым – ақын, жазушылар, өнер иелері. Атадан қалған асыл сөз солар арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысады.

Қазіргі қазақ әдебиетінде тілдің таңғажайып қазыналы керуеніне, көркем стиліне айрықша мән беріп, тұшынып жазатын жазушының бірі Рақымжан Отарбаев. Әр сөзін екшеп, саралап, ұлттық дүниетанымға қылдай қиянат жасамай жазу екінің бірінің қолынан келмейді. Оған адам психологиясын дөп танып, сол күйінде беру шеберлігін қосыңыз. Бұл орайда ұлы жазушы Лев Толстойдың көркем әдебиетте бәрін қиялдан тудыруға болар, бірақ адам психологиясын қолдан жасауға болмайды деген даналық сөзі еске түседі.

Рақымжан Отарбаевтың әңгіме, повестеріндегі кейіпкерлердің ұлттық психологиясы, дүниетанымы ешқашан жалғандыққа ұрынбайды. Кей сәт біздің

жадағай мақтаушы сыншыларымыз өзінің нысанаға алып, өлердей дәріптеп отырған шығармасының кейіпкерінің мінез-құлқы өтірік ситуацияға құрылғанын аңдамай қалып, жасаңдылықты үдете түсетіні бар. Ол негізгі дүниені көре білмеуден туады.

Жазушының «Дауысыңды естідім» атты жаңа жинағы 20 шақты әңгіме мен повестен тұрады. Бұл әңгімелердегі ең басты қасиет автордың тілдік стильге бай екенін анық көрсетеді. Қазақ дүниетанымын ашуда қылдай қате жібермейтін жазушы өзге жұрттың да этнографиясын, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын жетік біледі.

«Бәйтерек» атты әңгіменің идеясы өте тереңнен алынған. Ел қорғаған аруақты ердің есімі кейінгіге қалмаса да, мифтегі өмір ағашы – бәйтерек тәрізді зор тұлғалы. Ертеде елі мен жерін жаудан қасық қаны қалғанша қорғаған осындай ерлер болатын. Халық жадынан асыл образы өшпейтіні сондықтан. Шап-шағын әңгімеде ата тек қазақтың да, ежелгі дұшпан жоңғардың да дүниетанымы тұнып тұр. Қазіргі пайымда мұны менталитет дейді. «Еркек тоқты – құрбандық», ең жас, көрікті қазақ жігіті ата жаудың өшпенділігінен, екіжүзділігінен қапияда мерт болды. Сөйтіп оның беймезгіл өлімі пайғамбардың құрбандығына айналды. Ол өзінің жер бетіндегі өмірін аяқтап, алып бәйтерек символына ауысты. Бұл фәниде бәрі өткінші, тек құдай мәңгілік. Сол себепті бір күні алып бәйтерекке де жай оты түсіп, айдалада жалғыз өскен молаң ағашқа айналды.

Енді ұрпақтары жол түскенде бұл бәйтерекке дұға бағыштайды, ертеде ел қорғаған ұлы бабасын аңсайды.

« – Исі Ысықтың ұранына айналған Бәйтерек бабамыз сол ағаштың астында жатыр».

Бағзы шалдардан қалған осы әңгіме патриоттық рухтың жебеушісі.

« – Апыр-ай, Қарекем-ай, есіл ердің азан шақырып қойған ныспысы кім болды?

– Ол ұмытылған. Тек «Бәйтерек» атанып ұранымызға айналды. Сол

қалпында жасасып келеді».

Кейіннен «Ағатайлап» жауға тиген Исатай басшы Махамбеттей асыл ерлерді соңына ертті.

Жоңғарлар – малмен күнелткен көшпелі нәсіл.

Көшіп-қонып, төрт түлікпен жан сақтаған атам қазаққа ұқсас ғұрыптары жоқ емес. Бірақ мал союда қазақ пен жоңғардың әдет-ғұрпы жер мен көктей алшақ жатыр. Қазекем жүрегінде рақымшылдығы күшті, обал мен сауапты ешқашан ұмытпайды. Мал бауыздарда бата сұрап, дұға қайырып, кей сәтте «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ, аллауәкбар» деп бет сипайды. Ал монғол нәсілді жоңғарлар жануардың қолқасын үзіп өлтіреді. Әбіш Кекілбаевтың «Күй» атты тамаша повесінде түркменге тән рәсімдер суреттелетін.

Рақымжан жоңғардың қатыгездігін беру үшін тек мал сою рәсімін таңдап алып суреттейді. Жоңғарлардың жануарды қинап, азаптап өлтіретін салтын жазушы бойы тітіреп, тіксініп жазады. Монғолдардың малды тамағынан бауыздамай, асып қойып қолқасын үзіп жіберетіні туралы сол елден оралған қандасымыз, марқұм Жамлиқа Шалұлы этнографиялық очерктерінде жазды.

Арам өлген малдың етін жемейтін, адалды сүйетін қазақ нәсілі жоңғарлар дастарханға қойған астау толы жас еттен татып алмайды, өйткені тай мен ісекті бауыздамай, бірін буындырып, бірін қолтығын сөгіп жүрегін сығып жіберді. Қазақ үшін бұл асқан қиянат һәм тағылық. Қонтайшы қазақ ғұрпын білмей отырған жоқ. Осылайша дұшпанына сұс көрсетіп, ықтырып жібергісі бар.

Бәйтерек – бабалар рухы. Бұл идея әңгімеде терең ашылған. Сюжеті келіскен, кейіпкерлер образы оқиға арқылы ашылады. Осы күйінде көркем фильмнің фрагменті болуға бек лайық. Елдікті аңсаған ұлы бабаларымызға деген шынайы сүйіспеншілік, құрмет есіл ерлердің арда образын байыта түседі. Ердің соны Махамбет құрбандық мұратын ту ғып көтерді, ол Бәйтеректей нағыз ерлердің тұяғы. Әңгіменің арқауы осы: ер елі үшін өледі, ұрпағы оны ұмытпауға жаралған.

«Американың ұлттық байлығы» – сарказмға, ащы мысқылға толы әңгіме. Несіпбек Дәутайұлы, Тынымбай Нұрмағанбетов тәрізді жазушылардың стилінде де күлкінің асқан құдіреті бар.

Әңгіме өрісі аңшы Қапардың төңірегінде өрбиді. Қапардың әкесінің портреті даяр, ал қазақ аңшының екі сөзінің бірі өтірік десе, Қапардың мақтаншақтығы өзіне жарасады, Қапардың анасының эпизодтағы бейнесі де

ерекше нанымды. «Шалы олжалы келсе, шешесі өз етегіне өзі сүрініп жүріп имекбас жез құман мен легенді алдына тосып, ақ сүлгіні тізесіне тастап жылы суды сыздықтатып құяр». Шешесі кейінде баласына «Тек, көбейгір» дейді. Осы бір-екі сөз қазақ әйелінің ұлттық бейнесін жарқырата ашып тұр. Асылы қазақ әйелі құдайдан тілегенде дұрыс тілейді, ең әуелі бала-шағасының амандығын сұрайды. Дүние боқтың мұқтажын ұрпағының амандығынан анық төмен қояды. Тегінде жазушының тілдік қоры зор болған соң ба, адам баласының ойына беталбаты келе бермейтін қитұрқы сөйлемдерді дәл тауып қолданады: «Жамылғы көрпеге тұмшаланып, кесер басы ғана қылқиып жатқан Қапар: «Шырамытамын ғой» деп күбірлеп құтылды». Кесер бас деп автор тегін атамайды. Қапардың сорына үйіне сайтандай сап ете түскен Жетес нағыз эзәзілдің өзі болып шықты. Жетес емес, жетесіз десе артығы жоқ, арбаушы біреу. Бұл ретте Жетестің әңгімедегі рөлі Гогольдың жалған ревизорын, Хлестаковты еске салады. «Я везде, везде» деуші еді ол, сол айтқандай, Жетес те тімтініп жүріп, аңшы Қапардың аңқаулығын пайдаланып, жанын азапқа салады, шыркөбелек айналдырады.

« – Аллам-ау, – деді амалы таусылған аңшы үні тозып, мұржаға сүйене кетіп. – Шәуіл – деген жаман шибөрі Американың ұлттық байлығы болсын. Мен сонда Қазақстанның кімімін? Өкпесіне тебер өгеймін бе? Бұл дүниеде жиғаным, о дүниеде иманым бұйырмай кететіндей сұрауым жоқ па? Оң қол қиянатқа жүрсе, сол қол арашаға ұмтылмас па. Бұл ел – ел ме, әлде ашық-тесік жатқан мал қора ма?..»

Бұл жазушының жан айқайы. Қырт, мылжың Жетес сияқты қыдырма, бірді-бірге соққан алаяқтардан қоғам қорғамай тұр. Жазушы күлкілі, анекдот тәрізді шағын бір ситуациядан үлкен түйін жасайды. Жетестің өсек-аяңы, кінәмшілдігі бағдарынан айырылардай қазақтың сергелден халін мейлінше айғақтайды. Бұл әңгіменің рухани құндылығы мынау: ұлттық идеологияның жоқ екеніне наласын автор осылайша білдірген. Адам факторы мен шибөрі символы екі түрлі қоғам барын, бірінің кемшілігін, екіншісінің артықшылығын анықтайды.

«Надандық сені қайтейін» деп ән қайырмасындай

әлсін-әлсін қайталап, жұтынып отыратын Жетес ауыл қазақтарының қысыр сөзге үйір келетін жаман әдетін тап басып иелейді. Асылы нағыз надан оның өзі болса да, сол надандық шырмауы Қапасты босатар емес. Жетес Ревизорды ғана емес, Чеховтың Хамелеонын де еске түсіреді.

Ұлттық идея жоқ жерде адамдар ұсақталып, тозып кетеді. Кезінде адам баласының жеке тұлғасын кемсітіп, қорлаған крепостнойлық тәртіпті басыбайлы шаруалардың трагедиясын, рухы солған помещиктердің имансыз қалыбын Гоголь мен Чехов жүрегі қан жылап әшкерелеген еді.

Рақымжан Отарбаевтың бірқатар әңгімелерінде осынау сарын бар: «Қытайдан келген сәлемдеме», «Торшақыз бен тотықұс», «Тоқтышак», «Жасырынбақ», т.б.

«Қытайдан келген сәлемдеме» атты әңгімеде «балапан басына, тұрымтай тұсына» болған кер заманға қор болып, үй ішіне сатқындық жасаған Өмірбай соның сазайын ақыры тартты. Құдай қосқан қосағы, бөтен елде әкесіз өсуді тағдыр жазған балаларының анасы Әсемай, қырық жыл көрмеген әйелі Өмірбайға Шыңжаңға барған көршісі арқылы тон мен магнитофон жіберіп, үнін естіртті. Гогольдың кейіпкері Акакий Акакиевич Басмашкиннің өмірінің мәніне айналған шинелі өзіне бұйырмай кеткені тәрізді ащы шындықтан алас ұрған Өмірбайдың иығына бұл тон да бұйырмайды. Бұл жай бір тон емес, ар мен ұяттың, қарыз бен қасиеттің тұспалына ұқсайды.

«Жасырынбақ» атты әңгімесіндегі жемқор бастық типтік бейне. «Шырадай жанып, түбінде ұялы сайтан бұғып жанарын екі-үш мәрте сипап өтіп, бұдан да қайран болмаған соң орамалды қолағаштай мұрынға түсірді». Бұл елдің алдына шығып, «аңқау елге арамза молда» тәрізді позаға түскен жемқор басшының аяр кейпі. Жазушы оның әбден типтік образға тән болмысынан жиіркеніп, атымен атауға пейіл танытпайды. «Түгеншевич» дей салады. Мұның астында зіл жатыр. Әңгіменің соңында Кафка мен Эдгар Поның косүрей әңгімелеріндегідей фарс жатыр. Жиылған жұртшылық зейнетақысын талап етіп, жемқор бастықтың кабинетіне бұзып-жарып кіріп кетіп іздейді. Ол болса шкафқа тығылып жасырынып қалады. Тәуелсіздік алған тұста осы тектес фарс қазақта жиі ойналғанын, қоғамның дәрменсіздігін жазушы ащы әжуа арқылы ашады.

«Төбелес» атты әңгімеде совет кезеңіндегі жалған

идеологияның келеңсіздігі айтылады. Кейіпкерлерінің портретін шебер сомдайды. Қызыл жалаушаға таласқан екі еңбекшінің жанжалы кісі өліміне апарып соға жаздады. Бұл топ жазушының жылы пейілін тудырады. Бұлар қарапайым еңбек адамдары, бірі жарымжан, бірінің көңілі жетім, заманның ызғары шалып, кейіннен жалғыздыққа басы байланған бір пақырлар. Жұмыстан басқа жұбанары, бір-бірінен басқа арқа сүйері жоқ. Соның үшін ұсақ-түйек кикілжің бұлардың өмірінің мағынасы тәрізденеді, өздері өткен шақпен, елеске елітіп өмір сүреді.

«Торшақыз бен тотықұс» – мұнды әңгіме. Заман шындығы тордағы тотықұстың аузымен айтылады, бұл расы, парадокс һәм символ. Шыны солай, бірақ неткен беймағыналы өмір десенізші. Қаланың қапас төрт қабырғасына қамалған күйкі тірлігі, бас бермес жалғыздығының аллегориясы – тордағы тотықұс. «Аруақты – ес, көлеңкені дос қып жүрген жесір қатын...», академик Айсариннің аспиранты, жас әйел бәйбішесі екеуі бақталас, бәйбіше-тоқал трагедиясын айтып, Мұхтар Әуезов жалғанға жар салды. Бүгінгінің ұштағанында бөлек бір уытты зіл бар. Ол қазақ қоғамында әбден шегіне жетіп, шиеленіскен, күрмеуі қиын мәселеге келіп тіреледі. Ол оң жақта отырып қалған кәрі қыздардың тым көбейіп кетуі. Қазақтың генофондына мейлінше кесірі тиіп отырған мүшкіл хал. Қаланың оқыған қыздары жастық шағын арзан құндылықтарға айырбастап жіберіп, жер ортаға жете бергенде опық жейтіні рас. Бірақ уақытты өткізіп алған, жалғыздық кеселден арыла алмай қалады. Жазушы бұл қасіретті бір жағы жаны күйзеліп, бір шеті сатира арқылы ашқан.

«Аспандағы ақ көбелектер» атты әңгімесінің тақырыбы бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Базар жағалап күн көруге мәжбүр елдің арызы тәрізді дүние. Базар қожайынының арсыз қызы Сырғалы байдан қайтқан қыз жаман деген бабалар өсиетін ашады. Бұрын зәңгіге тиіп, қара құрлықтың дәмін татқан әйел. Бұл орайда Сырғалы лирикалық есім емес, қолында билігі, байлық-базары бар деген ойды білдіреді. Дәурен ұнатып сүйген ұяң қыз Әлима, ол базарда су сатады. Бұл әңгімедегі су – аллегория, Дәурен өзі байлыққа қызығып, айрылып қалған періштедей сүйгені Әлима. Әңгімедегі неке сарайы – көне зираттың орнын тегістеп салынған жер, таза жер емес. Әлиمانы ақ құс тұспалдайды, ал ақ көбелектер

Дәуреннің тумаған баласының жаны тәрізді.

«Тоқтышақ», бұл-дағы құсалы, дағдарысты дүние. Жазушы «Көрген-баққан», «Жалғыздық», т.б. әңгімелерінде үзік-үзік өмір суреттерін береді. Ол жап-жалаңаш, боямасыз һәм мағынасыз әлем. Рақымжан Отарбаев прозасында өмір баяндарын, тіршілік суреттері этюд, этюдпен, фрагментті түрде беріліп, барлығы бірігіп, біртұтас полотноны береді. Қазақы мінездерге жазушы өте сыралғы. «Қайдағы-жайдағы» атты әңгімесінде кейіпкер тірлігін көз алдыңызға әкеле қояды.

«...бата тілемес көкмойнақ», бұл не десеніз, шөлмек екен. Рас-ау, қайырлы дүние емесі... бағасыз құл жарымас.

Тіл көркемдігіне автор ерекше құштар, әр сөйлемінде білініп тұрады. Мысалы, «балық – судың құрты», теңеу халықтікі болғанмен, қазіргілер барын жоғалта беруге мәу дер емес.

Типтік бейнелер де әр әңгімеде мойнын созады. Жанама болса да, бірден типтігімен есте қалады: «Опырып жейтін Орбай бұрынғы перм бастық. Жекешелендірудің алақызба тұсында асап қалғанның бірі». Ол орден сатып ала береді, нағыз осы заманның «Қаһарманы». Юмор осынау ел адамдарының бәрінде үйіріліп тұрады.

«Елегемндікке жеткен елең-алаң тұста қысқа жіп байлауға келсе де күрмеуге келмей... «Ой, пірім», деген шақта: «Несін айтасың, әлгі Орбайдың кенже ұлы бизнесмен екен. Екі қап ұн беріп Ленин орденін сатып алыпты. Елу кило кантқа Еңбек Қызыл Ту, палас төсенішке «Құрмет белгісін» сұрапты. Медаль берсең он қадақ кір сабын ұстатады», – десіп ел-жұрт елеурескен. Сауда қызды. Сақал сипағанша небір озаттың өңірін әшекейлеп тұрған атақ-абырой сылдыр қағып со баланың қоржынына түсті.

– Әлгі сиыршы Сайлаудың борпаяқ әйелін білесің ғой.

– Ал...

– Соның да бала көп тапқаныңның байғазысы деп үкімет берген «Алтын қатын» деген медалін жымқырып кеткен».

Күлесіз, әрине, күлмей қала алмайсыз.

Әңгімеде қарапайым адамдардың бір мезеті суреттелген. Шығарма астарындағы ирония тіпті олардың бағасын асырып жібереді. Леонид Гайдайдың кинокомедиясындағыдай зиянсыз, тоғышарлау кейіпкерлері залымдыққа еш қоспасы

жоқ, табиғи, дербес мінездер. Қарауыл орыс кемпір Антонина үнемі мылтығын қолдан тастамайды, тігінші корей шал мен екі қазақ Санақбай, озат атанамын деп жамбасы сынған Ерлепес бір-біріне ұқсамаса да, өзара тату-тәтті, бір атаның балаларындай бірінің бірінсіз күні жоқ. Олар саясаттан да құралақан емес, бірақ бәрі де қоғамды шарпыған өзгерістерді өз басынан кешкен. Ешкімге жаулығы, өш қастығы жоқ қарапайым жандар. Сондықтан олардың баршасын жазушы ұнатып, мейіріммен қарайды. Тіпті көзіне дүрбі салғандай ұсақ-түйегіне шейін аңдап, қалт жібермейді.

«Сог» атты әңгіме атауы латын қарпімен жазылса да, қазақша «сор» деген сөз. Мұндағы басты кейіпкер жезөкшелік шырмауына іліккен қыз Айсара емес, екіжүзді аяр депутат. Ол теледидардан жүз көрсетсе-ақ елім, халқым деп еңіреп, өтірік жылайды, расында сауна ұстап отырған сутенердің нақ өзі.

Сор демекші, жазушының көп әңгімесінде «пері көшетін қызыл іңір» бар. Бұл бак пен сордың алмасып тұратын өліара шағы. Бірде оны «пері көшетін намаздыгер мен ақшамның арасы» деп суреттейді. «Жасырынбақ» атты әңгімесіндегі Түгеншеевич тәрізді бұл депутаттың да есімі жоқ, себебі, ол типтік бейне. Біздің қоғамның өзі жасырынбақ ойнайды. Жазушының кейіпкерлері күліп тұрып жылайды, жылап тұрып күледі.

«Тәркі дүние» атты әңгімеде дарвинизм теориясымен қаруланған кеңестік жүйе тудырған ғылымның теріс екені ашылады. «Адам маймылдан жаралған», ғұмыр бойғы идеясы қате екенін білу оңай емес.

«Жайық жыры» атты әңгімеде аллегория мол. Жайық суында толас таппай ағып жүретін қу сүйек, адам басы арқылы автор баянсыз өмір философиясын береді.

«Жұлдызды аспан мен Жайық және тынбай жолаушылаған сары кемік бас бар. Жалбыр шаш жазушы жігіт не деп еді? «Ей, аға, дүние жалған дейсіз, қате ойлайсыз. Дүние жалған емес, адам жалған. Дүние тұр ғой мәңгілік өсіп-өніп, жасарып, асқақтап. Адам өзінің опасыздығын, айнаымалылығын соған жауып құтылғысы келеді» – деген.

Бір құпиялы, сырға толы елес дүниеге автор жаны құмартып, елегзитіндей, сол сәттің діндар ғайып сұлулығынан қайыр күтетін тәрізденеді. Ол кеудесін кернеп,

бұ дүниеге сыйғызбайтын әлдебір бұла сағынышын басар, мәңгілік тондай мұңды аластар шақ... Ол өзі ертегідей әлем. Соның үшін жазушы «Ал пері көшетін намаздыгер мен ақшамның арасында қасиетті көлді елбең-елбең елес кезіп жүрді» деп елегізуге бейім.

«Ыстықкөл» атты элегиясында, осынау су айдынына байланысты ойнақы баян ішінде талай тағдыр матасып жүр. Бұл баянда сұлулар «...ақ бетін соңғы идіріммен жуған, сәмбі белін алтын қаусырмамен буған», Мысыр патшайымы Клеопатра тәрізді аңызға лайық. Абылай мен Наурызбай батырдың бейнесі қалықтап келіп жаңа заманға ұштасады. Көлдің суында талай-талай ғажайып жазмыштардың дерегі сақталған, соны жазушының түйсігі жазбай таныса керек.

Перінің қызындай сұлу дүние үнемі жарқырап жатпайды, ол әп-сәтте құбылып, ызғарлы күйге көшеді. «Дүние – ғайып» атты повесте автор әлімсақтан бергі Адам атаның ұрпағына тән құбылысты аңдайды. Ол баяғы Абыл мен Қабыл текетіресі, қос бауырдың басы жалғанға сыймай, Абылды Қабыл өлтіретін әпсана. Повес оқиғасы Қиыр Шығыстағы мәңгілік тоң елінде өмір кешетін эскимостар тұрмысынан алынған. Олардың өмірі қатал, тіршілік үшін күрес қиямет. Емрон – Қабыл болса, Айнан – Абыл. Сол аз халықтардан шыққан аса көрнекті жазушылар Юрий Рытхэу мен Владимир Санги. Владимир Санги айтқан нивх халқының аңызы желісінде классик жазушы Шыңғыс Айтматов өзінің «Теңіз жағалай жүгірген төбет» атты гауһар повесін жазды. Ол Шыңғыс Айтматовтың шығармаларының шоқтығы, хас үлгі. Рытхэу, Санги, Айтматовтан кейін осы бір күрделі һәм өзгеше өмірді жазу оңай емес. Рақымжан Отарбаевтың «Дүние ғайып» повесі мен Тынымбай Нұрмағанбетовтың «»Айхай» атты повесінде өзара рухани үндестік бар сияқты. Рақымжан Отарбаев күллі адамзат тағдырының символы деп ұғынған Айнан мен Эмронның ғұмырының баянын қазақы дүниетанымға салып жібереді. Эскимостар емес, тап бір ауылдың екі қазағы ұзақ сапарға шығып, жолай бастан кешкен тәрізді әсер етеді. Аңшылықпен күн көрген бұл екеуі кей сәт оқымысты жандардай сөйлеп кетеді. Бірақ авторды бұл олқылықтар үшін, эскимостарға тән өмір салтын жетік білмегені үшін кінәлау қажет пе?! Адалдық пен арамдықтың ара жігін айыру үшін дүние ғайыптан өтесіз. Анадан шыр

етіп нәресте болып туғандардың бәрінің пешенесіне осынау өмір заңдылығы жазылған. Сондықтан Эмрон мен айнан эскимос болып тууы шартты. Бұл екеуі шынтуайтында сіз бен біз. Күллі адамзат нәсілі.

Экзотика жазушы атаулыны баурап алатыны рас. Бұл повестегі ең негізгі түйін философиялық монолог, диалогтарға келіп тіреледі. Сондықтан автор «Дүние жалған емес, адам жалған» деп ой түйеді. Ақиретке шейін үзілмейтін жазмыш осы.

Жазушының «Махамбет пен Пушкин» атты әңгімесі жүрек дауаламайтын тақырыпқа енуімен ерекшеленеді. Себебі эрудицияны, батылдықты талап етеді.

Рақымжан Отарбаев Махамбет пен Пушкин тұлғасын шын сүйген соң батылдық жасап отыр деп ойлаймын. Әңгіме кейіпкерлері тарихи тұлғалар, екі бірдей халықтың адал сүт емген, жаны нұрға толы, маңдайы күн сәулелі ақындары, ал расында, өмірінде Пушкин мен Махамбет бір-бірімен кездесті ме, жоқ па, оны мамандар білуі тиіс. Дәуірі бір, тілегі бір, асқақ рух пен құдайшыл азаттықтың ақындары. Махамбеттен Пушкин бес жас үлкен. Пушкиннің серігі Владимир Иванович Даль ұлы лингвист, жазушы, деректі дүниелер іздеп өткен, тамаша саяхатшы, мықты этнограф-ғалым. Дальдің қазақ үшін орны бөлек, атамекені Орал тауы айналасындағы түркі текті халықтардың фольклорын, этнографиясын жинап зерттеген.

Рақымжанның бұл әңгімесінен анық байқалған бір мезет, ұлы Пушкиннің өз прозасындағы, эпистолярлық жанрдағы хаттарындағы қолтаңбасын сақтауы.

Пушкин Жайыққа Пугачевтің ізімен келеді, қазақтың ұлы эпосы «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» еншілеп қайтады. Бірақ, жазмыш оған қазақ эпосының бір вариантын сомдауды жазбапты. Мұндай тағдыр арада жүз жыл өткенде қазақтың соңғы жырауы, шыңғыстаулық сайыпқыран ақын Шәкір Әбенұлының маңдайына жазылған екен. Бұл ретте ерекше екпін түсірер бір құпия – ұлы ақындардың сюжетке деген сүйіспеншілігінен туады. Мұндай сүйіспеншіліктің құлы болып өткен Дакики мен Фирдоуси, Низами мен Науаи, Дехлеви, Жәми сынды шығыстың жарық жұлдыздары жадқа оралмай ма! Еуразиялық кеңістікте батыс пен шығысты тел еміп өскен біздің қазақ әдебиеті. Сол ұлы дәстүрге адалдық

жазушы Рақымжан Отарбаевтың қанында бар. Ал дәстүрсіз сөз өнері тұл.

Махамбет – ердің ері, анадан ұл болып туған тарлан. Елім, жерім деп жалындаған отты жүрек пен жалындаған жырдың иесі. Расымен әлем әдебиетінде Махамбеттей күрескер ақын көп емес. Жыраулардың соңғы тұяғы, қазақтықтың асыл рухын жоғалтудан өлімді артық санайтын хас батыр. Жазушы екі ақынды әңгімелестіріп, бір-біріне деген құрметі мен сүйсінуін суреттей келе, бодандықтың ауыртпалығын, ұлт-азаттық рухтың өшпейтінін ұқтырады. Менімше, Александр Сергеевич Пушкиннің ұлы даланың қыраны Махамбетке деген жан шуағы Достоевскийдің Шоқанға деген сезімі тәрізді көлеңкесіз, айқын. Махамбеттің қасына ерген Жанкісі жырау да бұл портретті толықтырып, аша түсері аян. Жанкісі жырлаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан Пушкинге ерекше ұнаған образ – Қодар: «Ең ұнағаны – Қодар. Жауыздықтың бет-бейнесін осыншама терең аша білген халық жақсылықтың нарқын неге білмесін?! Еһ...»

Пушкин Махамбеттің ұлылығын оның өз халқына қамқор бола білуінен көреді. Адам баласының ең қымбаты Отаны, елі мен жері, адам болып өтудің сыры да осында деп түйіндейді автор.

«Алтын» атты әңгімеде жазушының өмірлік ұстанымы мен көзқарасы астарлы берілген. Бұл өте құсалы әңгіме, өзегінде түңіліс сарын тұрған. Басты символ – Мұғаджар тауы. Басты образ – Қызданай. Баяғыда дәурені өтіп кеткен, ел аузында аңыз болып қалған ару Қызданай. Оның әлемге әйгілі сұлулардан еш кемдігі жоқ, Мәжнүн аңсаған Ләйлә да өзі, бір шашбауына бес жүз жылқының құнын беруге татитын, Ақан сері, Біржан сал, Иманжүсіп сүйген арулардың тегінен.

Әңгімеде бір тұқымнан жалғыз, әжесінің мәпелеген немересі Алмат «Бай атам Итжеккенге айдаларда ат басындай алтын жасырған деседі. Рас па?» деп сұрайды.

Әжесі мұны Алматтан жасырып бағады, жүрегі бір сұмдықты сезгендей-ақ, алтын іздеуден қорғаштайды. Неге? Ол тағы біздің халықтың «дүние жалған» деген ұлы дүниетанымынан туады: «...алтыны бар жерге жын-сайтан, пері әуес деуші еді бұрынғылар. Ордалы жылан қорғап, қоршап жатады десетін көнекөздер. Осының бәрін сезіп-біліп

отырып Үдербайдың жалғыз қарғасын жар басына қалай жұмсасын...»

Бозбала алтынды тапты. Мұнан арғысы мистика. «Жандәрмен қалпы баяғы «Қызданайдың қырғыны» өтетін жазықтыққа шығып кеткен екен. Кенет күн күркіреп, Мұғаджар тауы теңселіп кетті. Жамырай шапқан тұяқ дүбірі естілді.

Азынаған ат, андағайлаған дауыс».

Автор алтыннан қымбат ар, намыс, иман, қанағат туралы ой ұшығын тастайды. Таңдау еркінде дейді. Бірақ адам нәсілінің ашкөз жаратылысы алтынды артық санап, құрдымға құлай беруге бейім.

Жазушы «Алтын» атты әңгімесіндегі мистикалық астармен өз жан дүниесін меңдеген құлазуларды, түңілістерді бейнелейді. Ол құлазу ауық-ауық сахараның құм дауылындай соғып, жанын жегідей жей берген соң, сірә.

Шығармашылық жұмбақ дерт. Мұнан шын мәнінде арыла білген екі ұлы тұлға өткен: Гете мен Толстой. Ал ақын-жазушылардың басым көпшілігі бұл дертті жеңіп, құрсаулы шеңберін бұзып шыға алмай қалған.

Автор өзіне де, оқырманына да сол бір құпия дерттен, сағымдай толқыған сұмдық сағыныштан азат болуды тілейді. Соның үшін кеудесін құса меңдеп, «Алтын» философиясын түйіндейді. Өмірдің өзіндей қарапайым шындықтардан, сары алтынның буына елітіп, дүние әзәзіл арбап, адасып өлменіз деп ескертеді. Бұл түйін Рақымжан Отарбаевтың күллі прозасына тән. Әрқилы тақырыптарға барса да, өз жүрегіндегі жазулы осы бір ақиқаттан айнығысы жоқ.

Сондай-ақ, бұл әңгімеде тағы бір романтикалық әңгіменің силуэт-сұлбасы айқын. Елес дүниесінің сиқырындай көркемдік тұнған. Ол «Жалды Құрманғазының» (автордың айшықты эпитеті, қарға бойлы Қазтуған, еңсегей бойлы ер Есім деген тәрізді) «Төремұрат» күйінің кейіпкері Төремұрат ер мен ару біткеннің көріктісі Қызданайдың махаббаты. Махаббат сезімі өшпейтін әлемді аңсайтын жазушының патшалығындай ұлы мекен.

ЖЫЛҚЫНЫҢ КИЕСІ. **Жанболат Башардың «Қос боз аңызы»** **атты әңгімесі туралы**

Қазақ аттан түскелі қай заман. Заман жаңғырған сайын үдей түскен урбандалу үрдісі қазақты мүлдем қаражаяу қалдыруға бақұл. Қазақтың тақымынан жылқы жануар кеткелі ұлттық мінезі азып, жаман жағына өзгеріп, қитырқы, жемқорлыққа ойысып, ұсақталып барады. Айтулы ерлердің есімі жер жарған алтын заманы қайран жылқы жануарына тіке тәуелді болмағына енді еш күмән қалмағандай.

Бірақ қазақтың жылқының өрісіне бола жаралғандай сезілетін есілген кең даласы барда жылқыны қазақ жоғалтпайды, жылқы атымен жоғалмайды, тек жарлы мен қала қазағының көзінен бұлбұл ұшып кеткені болмаса. Қазақтықты тудырған таңғажайып өмір-салтын халқымыз этнографиялық өткен тарихы кейпінде қалдырмай, іс жүзінде қайнаған тіршілігінің тұтқасы қылып алса, онда жылқы жарықтық қайта түлейді!

Қаны, жаны қазақ жазушы екенін Жанболат Башар бір ғана әңгімесімен танытты!

«Бейқам тұрған екі ат селт ете түсіп, бір сәт ұйқыдан шошынғандай ұзын мойындарын бұра жалт-жалт қарасты. Өзіне тесіле қараған бейкүнә көздер құдды адамның жанарындай-ау...».

Адам мен жылқы, жылқы мен адам бірін-бірі ешқашан жоғалтпауы тиіс. Жылқыны адамдай көруін автор бұл әңгіменің түп-төркіні мен болмысында жарқырата ашып бергенімен артық.

«Қос боз аңызы» – тілі көркем, шынайы, тамаша әңгіме. Көлемі шағын әңгімеге сыйғызып, автордың тұтас бір халықтың жанын, аласапыран сұм заман бейнесін, қазақ дәстүріндегі обал, кие деген халықтық ұлы ұғымды, қазақтық тектілікті шебер бергеніне риза боласың.

«Шәушік Ақтан байдың егіз құлынын көрді ғой. Кереге жал боз биенің екі жағынан таласа еміп жатқан меңсіз ақбоз құлындарға қатты қызыққаны бар.

Керемет-ай десейші, жылқы баласы егіз туады дегенді кім естіген? Кейін білді. Екі құлынның үйір басы бір, енелері басқа екен. Біреуінің енесі қолды болып, жетім құлынды

мама биеге теліген».

Автор бұл деректі бергенде әуелі үлкен малдың егіз төлі болуы аса сирек екенін біліп айтады. Әрі қазақтың ұлттық дүниетанымында бұл жаман ырым. Сиыр екі бұзау туса, біреуін біреуге беріп құтылған, немесе туа сала бауыздап жіберетін болған. Өйткені елге үлкен кесапат келе жатыр, егіз бұзау соның белгісі деп ұққан.

Ал мына әңгімеде қос боз әуелде енесі бөлек, бірі жетім құлындар екені шынайы суреттелінеді.

«Аңызға айналған екі боз соқа сүйреп жүр», – деп көз сұғын қадайды аларман. Ол «Қимылы, жүріс-тұрысы маңғаз, елдің айтысына қарағанда осы аудандағы ләшендік милицияның орынбасары дейді. Болса болар, талтандауы келісіп тұр, – деп ойлады бұл».

Көргеннен көз ақы алды деген анық сөз қазақта бар. Қызыл көз болып шығады бұл сұқтану, қызғаныш тудырған соң солай болмағанда қайтеді. Қос боздың бірін өкімет адамы болып есептелетін әлгі озбыр Мынбай арнайы қалап келіп, қолқа салып тұр, мұнысы және ердің артық қасын сұрағаннан бетер болып шығады.

Мұның түбі қос боз, асыл текті арғымақтардың ажалына бастайды.

Әңгіменің лейтмотиві осы – аспани сұлулық еркін жаралады, тектілікті бұғалықтау – оны өлтірумен тең. Құдай берген сұлулықтың күші жойқын, аяр көңіліне бір алаң кіріп, сол сұлулыққа өлердей сұқтанған адам түбі сол сұғанактығы әрі асыл тектіге қиянаты үшін сазайын қоса тартуға үкім етілмек.

Қос боздың қасына тірі тышқан жолай алмайды. Оларды колхозшы атанғанмен ер қазақтың нәсілі Шәушік темірқазыққа байланған Ақбозат пен Көкбозатты торуылдаған жеті қарақшы тәрізді ұзақ қарауылдайды. Бұл да қазақтың сүйегіне сіңген табиғи мінез.

«Сөйтіп аптаға жуық шілденің ыстығына шыжып, тұзақ аңдыды. Құдай сәтін салып бір күні үлкен боздың алыңғы аяғы қыл шашадан тұзаққа іліксін. Ақбоз ат та адамның бұзақы ойын сезгендей, аспанға шапшып, атқи жөнелген. Бірақ қыл шашаны қысқан қыл арқаннан енді құтылу жоқ еді. Сонда оның үрейлене шұрқырап кісінегені, үрке қашып біраз жерге ұзап кеткен кіші боздың арқырап кісінеп

қайта оралғаны, осы қазірге дейін көз алдынан кетпейді. Өмірі кісі қолы тимей тағы болып кеткен аттар сол жолы шаппай-желімей ақ көбік терге түскен еді».

Шәушік қос жылқыны зорға олжалайды. Бірақ сонысына ол талай өкінеді. Жанболат Башар жылқы баласын адамнан кем көрмей суреттейді. Үлкен боз бен кіші бозды жазушы ағайынды қос жігіттей көретіні ғажап. Жылқының қасиеті бұл реальды және символдық әңгімеде қазақтық болмыспен астасады.

Бір ауданның милициясы күшпен әкеткендей сезілген ақ боздың сыңары жетім қалып жаутаңдайды. Шәушіктен маза мен ұйқы қашты.

«Түн көбесі сөгіліп аспан төсіне бозамық нұр жүгірген. Байлаудағы боз шиыршық атып тұр. Жер тарпып Алайғыр сілеміне осыра қарайды. Кенет, әлдеқайда тым алыстан, жылқының кісінеген дауысы құлаққа талып үзіліп, талып үзіліп жетті».

Арқа төсін танытатын небір детальдар әңгімеде тұнып тұр. Табиғат, Арқаның жер бедері, адамның жан дүниесі бәрі табиғатпен астаса беріледі. Суреттеушілік жағы қамшы салдырмайды.

Шәушік образы терең бейнеленген. Ол айтулы ер. Қаны мен ділі қазақ. Тегі прототипі бар текті адам екені айқын.

Аттың тамағынан, алқымынан сипай қасып тұрып, кекілінің түбіне тұмар байлады. Осындай үшкіл тұмар үлкен боздың да кекіліне байланды».

Екі жағы дарияның қалың шұбар,

Көкмойынға үкілеп тақтым тұмар.

Бір түстеніп аттанған ауылымның

Қыздары болушы еді маған құмар.

Иманжүсіп атына тұмар таққанын жырлайды. Тұмар тағу жылқы баласына сүйіспеншіліктің белгісі.

Мыңбай милиция – саяси қуғын-сүргін алдындағы өз бауырларын шімірікпей өлімге қиған безбүйрек есірік қазақтың типтік бейнесінен аумайды. Ол алаш арыстарын түрмеге айдатып, сол жерден атылып кетуіне түрткі болған надан күншілдердің бейнесі.

Ол қолға оңай түспейтінін біліп, бейіт маңында атып өлтіргені кіші ақ боз, қайран жануар адамнан аумайды, жылқы баласын НКВД жендеттері Мағжан мен Ілиясты

атып өлтіргендей қылып, Мыңбай сұм қапияда дәл көздеп атып өлтірді.

Қос боз символдық бейне. Кіші боздың ажалын Жанболат Башар Ақан серінің Құлагерін жоқтағандай қылып суреттеуі қисынымен, көркемдік тұрғыдан өте нанымды шыққан.

«Үздік-создық кісінеген үлкен боздың ащы даусымен мұқым Қарашоқының құз жотасы, оның азудай ырсиған жақпар тастары жаңғырығып, қоса күңіренгендей еді».

Светқали Нұржанов жылқыны Совет үкіметі қасақана құртқаны туралы поэма жазды.

Мағжан мен Ілияс Ақан серінің ұшқан құс жетпеген Құлагеріне соншалық жаны шырқырай елтіп, тегін құлап түспеген ғой. Қазақтыққа сүйіспеншілік мендегендіктен алаштың қос ақыны Құлагер образына жаны елжірей ғашық болған.

Мен Ілиястың аңызға айналған «Құлагер» поэмасы туралы екі эссе жаздым. Ол шығармашылық туралы шығармашылық ретінде сәтімен көркем, пәлсапалық дүниелер болып шықты.

Өзі зордың болады ығы да зор.

Бұл Абайдың бір жол өлеңі, мұнда жуандық пен озбырлық туралы айтылған. Бірақ оны басқа мағынада да қолдануға болар еді, классик ақындардың творчествосын зерделеу қарабайырлық емес, көркемдік әлемін байытары айқын.

Жанболат Башардың ұлықсыған кейіпкерін боз жылқының киесі қара жылан кейпінде келіп, кіші бозды атып өлтіргенде шақпай кеткені оң болып шыққан. Ажал Мыңбай милицияға солай елес берді, әділ жаза ар-ұятын солай жыланша шақты.

Жылан оны шағып бірден өлтіргенде әңгіме оншалық әсерлі болмас та еді. Әңгіменің мистикалық элементі өте нанымды. Образдар шынайы.

Біздің көп журналистер прозаға өңмендей ұмтылғанда, көркем әдебиет тілін публицистиканың батпағына батырып жіберетіні бар. Әдеби соны тілді лайлау, жұпыны қылу, көркемдікті шұбарлау, прозаны құлазыту содан басталады.

Публицистика – мықты жанр, бірақ әдебиет пен оның шегі екі түрлі, өзара будандастыру, шатастырудың еш қажеті жоқ.

P.S. Әңгімеден таңғажайып шынайы әсер алдым, көзбен көргендей күй кештім.

Жылқы ұрлығы қазіргі қазақ тұрмысында бой бермей өршіп тұрғаны туралы осыдан бірнеше жыл бұрын «Қазақ әдебиеті»

газетінде ерекше тебіреніс пен дерекке толы мәліметтермен жазылды. Авторы – Сарыарқа төсінде тұратын жазушы Өмір Кәріптегі. Қазіргі сыбайлас жемқорлық өршіп, тыя алмай отырған Қазақстан жағдайында қазаққа жылқы өсіру бір қияметке айналған, әрі автор жылқыны үйірлеп ұрлайтын мықты топтар полицияны елең қылмайтынын, сатып алатынын жазған.

Ал Алтай жақта ұры топ қайран жылқы жануарын жабайы аң тәрізді шетінен атып алатынын ТВ хабарлап жатқанын естіп, ақырзаман шын төнгенін ұғамыз. Киені де, иені де керек қылатын сана қазақта қалмай бара жатқаны ма? Баяғы барымташы бабаларымыз дәл осындай сорақылыққа бармады, рас қой?!

Мұның түбі әсте қайыр емес. Бірақ оны ұғатын қазақы зердеміз батыстың мәдени экспансиясымен, тобырлық сананың меңдеуімен әбден ластанып бара жатыр, іштегі кірді қашырмай, қазақтығымызды қайта қалпына келтірмей, тұма бастаулардан қанып ішуге талпынбай, бұл кері кету қауіпті.

Бірақ көп асқанға бір тосқан болары айқын, жылқы ұрлығы да, жылқыны етке тонналап өткізіп, беталбаты құртып, қор қылу да тиылатын заман туады әлі. Занды құрметтейтін, заң күшінде болатын елге түбі айналамыз. Үмітсіз шайтан.

Қазақ жылқыны сеңсең бөрік түркмендей ұлықтауы керек. Олар ақалтекесін соймайтын, соғымға қимайтын көрінеді. Қазақ түркменнен тым құрыса осыны үйренуі керек сияқтанады. Халықтығын жоғалтқысы келмесе жылқыны қынадай қырып, ұдайы рәсуа қылмай, көбінесе қымызын ішуі керек. Жылқыларды шамадан тыс құртып, ақшаға айналдыру жолында ашкөз дүниеқоңыз озбырлықтан зардап шегуі біздің елдік тағдырымызға тіке әсері бар екенін ұғу керек. Мүмкін, қазақ көк бөрімен, жылқымен, аққумен тотем екені өз алдына, кіндігі бір халық шығар.

1.03. – 4.06.2013.

ҚАСЫМХАН БЕГМАНОВ. БАБАЛАР РУХЫН АҢСАУ

1. *«Ағаларым-ай ардақты, екі дүниеде де сатпаған...».*

Қасымханақын «Архивтерді ақтарып, оңашада жылармын» деп Ташкентпен қоштасқан құса сәтін таңбалағанда анық айтады. Бұл бір лирик бозбаланың студенттік думанды шағы өткен шаһармен қимай қоштасуы емес. Әңгіме ұлттық кеңістікті қамтиды. Жерден айрылудың зары. Өз-Жәнібек пен Керей хандардың тұсында қазақ пен өзбек айрылысқан, түбі бір болғанмен еншісі бөлек екі халыққа айналған. Қазақ өзбектен басқаны өз ағам демейді. Бірақ осы сөзді кең пейілі құдай дарытқан, шегі көрінбес дархан даласындай аңқылдаған, жылқы түлігіндей текті мінезі бар қазақ емірене айтқан сайын өзбек теріс қарайтыны несі?! Шекаралар тікенекті һәм алабақан. Кеңес заманы орнағанда Ташкент шаһары өзбектің иелігіне берілді. Атамекенін қимай жылаған қазақ ақынының ностальгиясы құса таңба басылып, өлмейтін жыр өлкесіне көшуі заңды:

Қап қойған арғы жағында,
шекара дейтін сызықтың,

Моласы ғана болмаса, кешегі өткен шалдардың.

«Төрт қақпалы Түркістанға тағзым».

Қарғыс емес, шер мен қимастық. Тым болмаса оқығанда ішіміз оттай жанып, күн түбіне жортқан бабаларымыздың асыл рухына тағзым етерміз. Қазақтығымыз бір өрекіп басылар. Теңдесі жоқ бекзада халықпыз. Өзге ешбір ұлт пен ұлыста жоқ асыл қасиет де, антұрған бықсық мінез де қазақтың бір басында жетерлік. Түптен қараса, адамзаттан озып шыққан таңдаулы ұлдарымен иық тірестіретін даналар дәл қазақтан туды.

«Қазақтың зарын айтты-ау» деп,

Мені де жоқтар, сағынар.

«Дүние».

Бұл ақынның отансүйгіштік концепциясы. Мақсат айқын.

Мен өзімнен бөле алмадым Тұранды...

Мұстафа Шоқайдың асқақ рухын қазағына тірілткен, соған жан қинап, өзіндік үлесін мол қосқан Қасымхан Бегмановтың еңбегі ұланғайыр екенін деректі фильмнен жазбай тануға болады. «Архивтерді ақтарып, оңашада жылармын» –

ақын тегін айтпаған екен, мұнда архивтің небір көкесі бар. Сондай-ақ, Қасымхан ақын өзі жырлағандай, «Ағаларым-ай ардақты, екі дүниеде де саппаған...» – қазақтың бекзаттарын арқалану, ардақтау арқылы ұлттың өзін-өзі сақтау түйсігін күшейткісі бар. Деректі фильмде эмоциясы айқын тұстардың кездесетіні сондықтан.

2011 жылдың жазы мен күзінде фильмнің тұсаукесері Алматы мен Астанада өтті. Фильм экранда 80 минут болғанмен, оның артында қыруар уақыт пен еңбек тұр. Автор айтып өткендей, 80 сағат түсірілімнен жинақталған, сұрыпталған. Қазақстанды қосқанда 8 мемлекеттің жерімен өткен экспедицияның сапарнамалық парақтарын қоса қамтитын рухы биік дүние. Ерлерін ескермеген ел кеменгерді қайдан табады деп қайғырған Ілияс Жансүгіровтың қанды қақпан 1937 жылғы наласын кейінгі жас ұрпақ жадтан шығарса болғаны, жат жанынан түнілмек түгіл, басыңа шығып, табанымен езіп-жаншып таптап өтуге әманда даяр.

Қасымхан Бегманов әлхиссасын, жол басын Мұстафа Шоқайдың туған жері Сыр бойындағы Шиелі, Наршоқы ауылынан бастайды. Кіндік Азия, Жерорта теңізі, Қап тауы, Стамбул, оның студенттік шағы өткен Санкт-Петербург, Батыс Европа. Автор ағынан жарылып айтқандай, осы мемлекеттерді аралап, Мұстафаның рухын іздегенде Ресейде оны әлі күнге халық жауы, орыс халқына жау санайтын адамдар кездескен. Мұстафаның сүйікті жары, христиан дініндегі Мария Горина ұлты орыс. Қазақтың дегдарын Мария жан-тәнімен сүйген, өле-өлгенше марқұмға адал болған. Асыл жарының рухы өшпеуіне Мәриям ханымның сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Егер күйеуі өз ұлтының жауы болса оны қандай сәулесіз әйел болсын оң қабылдас еді. Өз халқының мұратын артық санағаны, сол жолда ғұмырын арнағаны үшін асып туған ер азаматты қас дұшпаны болсын лайық бағалауы парыз. Бұл туралы Қасымхан Бегманов былай дейді: «Мұстафа Шоқайдың жары Мәриям Шоқай жерленген Шель қаласындағы зиратында крест белгісі тұр. Оның ислам дінін қабылдағаны бекер, көбі қате айтады. Мәриям сүйген жарына адал берілген, саналы ғұмырын арнаған. Артқыға Мұстафадан жеткен дүниенің бәрінде Мәриям апаның жанашырлығы мен еңбегі бар». Бұл фәниде қос аққудай жұбын бұзбай өткен ерлі-зайыпты екеуінің

отбасылық бақыты екінің біріне бұйырмаған. Сүйініш пен күйініште ол әрдайым ерінің қасынан табылған, ардақ тұтқан.

Қасымхан Бегманов жоба авторы, продюсері, деректі фильмнің сценарийін жазған һәм қоюшы режиссері.

Бас кеңесшісі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді. Фильмде бірнеше жерде Мәмбет Қойгелді Мұстафа Шоқай туралы көкейкесті сөздерін қапысыз жеткізеді. Ғалым ұлт азаматын сүйе білген жүрекпен, құжат арқылы сөйлейді: «Ұлттық мемлекеттің құрылуын жақтаған, барша түркі дүниесінің бірігуін мұрат көрген Мұстафа болашақты ойлаған. Тектес халықтардың бірігуі мемлекеттіктің негізін сақтау екенін ол көрегендікпен дәл таныған». Тарихшы ғалымның алаш арыстарына адалдығы, ұлттық идеяны мейлінше ұлықтауы біліктілігімен қабыса келуі көрерменін бейжай қалдырмас. Ол Мұстафа Шоқайдың фашистік концлагерьлерден қара жұмысшы күші ретінде пайдалану керек деген сылтаумен Германия үкіметінің басшылығына нақты хат жолдау арқылы тегі түркі мындаған тұтқынды ажалдан аман алып қалғанын айтқанда қазақтың көзіне жас келуі рас. Тегі адамзатты, отандастарын бауырым деп сүйген Мұстафаның осы қайраткерлігі кейіннен идеология майданында «Түркістан легионын» құрды деп айыптауға негіз болғаны шындық. Расында екінші дүниежүзілік соғыс бастала сала, небәрі жарты жыл өтер-өтпесте қайтыс болған Мұстафаның бұл жүйеге қандай қатысы бар?! Нағыз тарихшы болса, әсіре шовинистер генерал Власовтың жұмбағын зерттесе керек-ті.

Мұстафа Шоқай армандаған, өзі жеке заңын жаздырған Түркістан автономиясы уақытпен жаңғырғандай, жаңа мыңжылдыққа, уақыттың кетігіне онжылдық жетпей тұрғанда тәуелсіз Қазақстан Республикасының көк туы болып желбіреген. Міржақып, Ахмет, Әлихан, Мұстафа аңсаған күн тарихта туды. Оның алаштық идеясын ұлттық қалпында қорғау парыз.

Көк бөрідейін көп Түрік, бөлінген кезде жан-жаққа,
Қазаққа қалған киелі,
қастерлі қара шаңырақ.

Мұстафа Шоқайдың Парижде шығарған «Жас Түркістан» журналы фильмде ұдайы айтылуы деректерге сүйеніп,

жүйелі зерттеу арқылы сарапталады. Ақын ел үшін туған ерлерді бағалайды:

Өзгеше туған асыл ер,
елімді алға бастайды.

Дихан Қамзабекұлы, Дархан Қыдырәлі сынды жас ғалымдар фильмге кеңінен ат салысты.

Қасымхан фильмнің музыкасына тапсырыс беріп, жас композитор Арман Бексұлтанұлына жаздырған. Экраннан дара туған ұлт перзентіне деген сағыныш әуен төгіледі. Онда қазақтың шалқар даласы мен күнбатыстың өркениетті қаласының рухы қос ішектей қатар құйылады.

Мұстафа Шоқайдың эмиграцияда өткен өмірі мен қызметінің ең маңызды кезеңдерін автор қалыс қалдырмау үшін жанын салғаны көрініп тұр. Ол қазақ рухының, исі түркінің азат қоғамы үшін күрескен Мұстафа Шоқайдың тұлғалық портретін ашатын сұхбатты негізінен тарихи орындарда, батыс мемлекеттеріндегі билікте отырған азаматтармен, атап айтқанда, төтенше және өкілетті елшілермен, қаланың мэрі, қоғам қайраткерлерімен жасайды. Шоқайтанудың соқтықпалы, соқпалы тар жол тайғақ кешуін Қасымхан ақын ешкімге қарайламай, өз бетінше жүріп өткені шын құрметке лайық. Оның жүгі қомақты болғаны сондай, ақын сиясы кеппеген осы деректі фильм аттас қос томын жарыққа шығармақшы. Бұйырса, елін сүйер, ел бағына туған ерін сүйер қауымның қолдарына тиетін күн алыс емес.

Қаным қазақ, дүниетанымым дәстүрлі болғандықтан, Мұстафа атамыз (51 жасында қайтыс болған алаш арысын шал деу қисынға келмесе де) жерленген Берлин қаласындағы зиратта күзетші болып істейтін бір мұсылманның «Мына адамның қабірінен жарқыраған нұр көріп, тегін емесін ұқтым» дегені жүрегімде бекіп қалды, ерен риза сезім тудырды. Елі үшін ең қымбаты – өмірін арнаған адамдар Алланың ең сүйген құлдары екен-ау. Жалған да жарық дүниеде тұтынушылық пейілін ардақ тұтатындар, соның үшін қиянаттан тайынбайтын сұмдар расында оңбай адасушылар екен-ау! Мұхамед пайғамбардың өнегесі мен хадистерінің мазмұны биік адамшылық рухты қорғайды.

Қасымхан Бегмановтың туған жері Түркістан іргесіндегі Бабайқорған. Сол маңға тиіп тұрған Шорнақ деген ауылда

«Елім-ай» әнінің бұзылмай сақталғаны туралы мәліметті композитор Илья Жақанов жазады.

Керуен де керуен ұзаған,

Бабаларыма жетермін.

«Төрт қақпалы Түркістанға тағзым» және «Ташкентпен қоштасу» – ақын шығармашылығында дербес тұрған, раджаның гауһарындай жарқыраған элегиялық һәм ода өлеңдер. Отанды сүюдің шынайы үлгісі. Бұл расы анау тұлпар тұяқты, алтын қияқты бекзат жыраулардан жалғасқан ата қазақтың рухы.

Асанқайғыдай қайғыра алмастай жыр жаздык,

Ақтамберді мен Қазтуған шалға еліктеп.

Жаппай қалалық болудың түбі неге апарып соғарын кім білген?! Көшпелі стихия мен отырықшылық әлемнің қарама-қайшылығы трагедиялық сарында суреттелінуі шумерлік көне жыр «Гильгамештен» басталғаны рас. Бірақ қазақ ұлтының алтын бесігі ауылдан шығудың бір құдіреті сол:

Адал сүт еміп ауылдан шыққан ұл едік.

Қасымхан Бегмановтың «Ташкентпен қоштасу» атты өлеңін қазақтың телегей-теңіз білімді, мықты, жыры кенішті ақыны Қадір Мырза-Әлі поэтикалық құбылыс деп бағалап, оның тамырында бағзы дуалы ақындардың азуын айға білеген толғауларының жанартаудай жойқын жаратылысы жатқанын дәл таниды.

Алшандай басып алашордашыл осында жүрді-ау асылдар,
Асылдарымызды біздерден бөліп, түбіне тартты ғасырлар.

Алайда тіршіліктің өз талабы бар. Қор болмаудың, зор болудың құпиясы неде? «Ұлтымның рухы сен ешқашан қартайма» («Жесірлерін қаңғытып») – Қасымхан ақын мұның дуа екенін бек біліп айтады.

...Қала жаққа қарасам, көзіме жас толасың,

Қалай қиып кетермін Төлебидің моласын?!

Елеусіздеу жүрген бір ақыны едім даланың

Шерге толып өзегім кері аттанып барамын.

Қош, Ташкент, аяулым, көшімді артқа бұрамын,

Шайырлардан жайыңды хат арқылы сұрармын.

Архивтерді ақтарып, оңашада жылармын...

...Қайран Жиделібайсын – атамекен баяғы,

Байбөрі бабам жайлаған өлке саялы.

Сол түні мені әруақтар түгіл, жұлдызды аспан аяды.

Қалайша бұрын қайшылық барын сезбедім?!

Алпамыстай түп атам менің атасы бопты өзгенің.

Жайымды ұғар деймісің ұпайы түгел өзбегім...

«Қайран менің Еділім» деп жырлай жылайтын Қазтуған жыраудың заманындағы ноғайлының зары қазақтан әлі күнге арылмапты. Қазақтың атамекені кімге қалмаған. «Ташкентпен қоштасу» – қаны мен жаны қазақты бір сілкіңтер. Тым құрыса «Айтпаса сөздің атасы өледі» дейді ғой, сөз атасы сақталсын. Кәрі тарих нелер кепті көріп, мелшиген қалпы келеді. Атамекенді қазақтай аңсай беретін халық қайда бар? Жоғалтулардан көз ашпадық. Бұлардың жері неліктен кең дейтіндер әлі табыла бермек. Сондықтан рухы жасымаған іргелі ел болудың барлық қамы жасалуы керек.

2. «Біздің қазақ «абадан» деп қасқырдың көсемін айтады».

Ата жұртқа адалдықтан мынау дүние қор болмайды. Әлемді билеп-төстеген ірі этностар шыққан тегінің айбынын өсірумен ғана алға баса беретінін бек ұғынып қойған. Ата-бабасының тарихи шежіресін қасиетті діни кітапқа айналдырып жіберген халықтар неткен мықты! Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыстан аумады. Ендеше шежірешілдігі ешкімнен осал емес қазаққа өзін асыра сүю қазір ерекше қажет.

Қасымхан Бегмановтың көкірегі сырға, білімге, иманға толы ақсақал, жазушы, этнограф Жағда Бабалықұлымен сыр-сұхбаты әдебиетіміздегі осы жанрға Құлагердей олжа салуымен құнды. Қас жүйрік рулы елге олжа салса, сөздің құдіретін дәл танитын қаламгер бір халықтың қазынасын шашау шығармайды. Сұхбат жанрының өзегінде Абай айтқан «Мұны жазған білген құл – / Ғұламаһи Дауани» – шын асыл сөздің құдіретін мойындау жатуы керек. Осы сұхбат бірер жыл бұрын «Ана тілі» газетіне шыққан сайын сүйсіне оқыған едім. Бұл дәстүр, салт, этнографияны түгендеуден бөлек мәдениеттану саласы үшін айтарлықтай үлес. Екеуара өрбіген иманжүзді әңгіме ұрпақтың несібесіне асары даусыз. Өзін таныған халықтың күш-қуаты, жігері тасиды. Ақын 90-нан асқан Жағда атасын жасарын жасаған көп шалдың бірі деп қарамайды, үлкен оқымысты, зиялы,

қазақтығында арлы қалыбы сынбаған, этнограф жазушы деп бек лайық бағалайды. Марқұм Жағда ағамыздан өмірден өтер шағында таспаға жазылып алынған, қазының қабырғасындай қазыналы қәрияның дер кезін өткізіп алмай, халық игілігі үшін қам қылған. Біз ұлттық этнография, мифология мен фольклор, аңыз-ертегі, жырлар, эпос пен жыраулар поэзиясы әулиенің сөзіндей асқан құндылық екенін ұққан сайын мәртебелі халыққа айнала бермекпіз. Бұл аксиома. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген ақиқат мақалды Қасымхан ақын елгезектен айналып өткен екен. «Алтын шыққан жерді белден қаз» демекші, рухани өсиетті зердемен түйсіну осы емес пе! Қазақтың қандай шұрайлы сөз қоры, сол асыл байлықтың негізін ұқпай ит рәсуа қылған кейінгі жарымес сана, шұбарланған масқара тілмазақ, арзандаған, кер кеткен қайран кісілік. Жоғалтқан дегдарлығыңмен қайта қауышу құдайшыл жанға ризық.

Жүріп өткен иір-қиыр жолдарым,

Менің нәзік ғұмырнамам секілді.

Ақын бір өлеңінде өзі ағынан жарылғандай, «Қара өлеңнен қадірлі дос таппадым» десе де, мынау деректерді алған да, берген де олжаға батып, қос ғұмырнама қатар көсіліп, үйірімен үш тоғыздай айнала келе басқаларды да құр қоймаған. Бұл сұхбаттың текстіндегі ұлтқа тән айшықты ұғым-түсініктер Қыз Жібектің көшіндей ажарлы болуымен баурайды.

«Біздің қазақ «абадан» деп қасқырдың көсемін айтады» деп ұрпақ санасына құяды Жағда ағамыз көк бөрілігін ұмытуға шақ қалған, түркілік тотемін тым болмаса символ қылуға жарамаған қазаққа. Тұқымы өспейтін қардағы теңбіл барысты нышан қылып таңдаудан фәрі үйірімен жүретін текті көк бөріні елдігімізге нышан қылсақ болар еді. Содан ұтылмас едік. Іргедегі екі ел бірі өзін аю, бірі өзін айдаһар атағанда, бізге, ежелден азулы көкжал батырлары көп қазаққа неге түз тағысы көкше бөрі атанбасқа!

Расында қазақтың рухани сөз байлығына, фольклор, эпос, аңыз, ертегі, мифіне үзіле һәм сүзіле қарап отырған қаны да, жаны да бөтен, бірақ өзі дегенде өгіз қайда, жылан арбаушыдан бетер күші бар, рухы мықты, есебі түгел ақылды халықтар көкжиекте пайда болғалы қашан. Олар біздің құнарлы төл дүниемізді, әдеби қорымызды әжетіне жаратпаққа төне жалаңдайды. Экранизация жасайды, сол

арқылы қазақтың түсіне кірмеген батпан пұл табады.

Қасымхан ақын «жазулы тұрған хатпен тең» асылзада кәрісін неге тауып ала қойды? Алматы шәрінде қаламы күштілер аз емес. Мен бұл құпияның ұшығын оның «Әдеби орта» атты өлеңінен тапқан тәріздендім:

Бұл орта біздің ескермес кейде ұлысын,

Айтатын сөз бе, айтпаймын оны құрысын.

Алдымда кеткен сан толқындарға бас ием,

Қазақты сүйіп қалдырған асқақ жыры үшін.

«Әдеби орта» атты өлең бәйгеге қосылған Қойлыбайдың қобызындай сиқырлы һәм шындық құбылыс боп көрінді. Әркім бұл өлеңнен өзін дөп таниды. А.С.Пушкин айтпақшы, біреу өзін құлағынан, енді біреу тырнағынан таниды, ақын күншілдерге ызасы өткен соң айтса керек. Сыршыл лирика, субъективті әрі объективті, қайғылы әрі салтанатты, қалам ұстағандардың портреті, болмыс-бітімі биік пафоспен берілген. Өлеңнің эпиграфқа лайық тұстарын аңдамай қалмадым. Өкпе де бар, өрлік те бар, адамдық пен пенделіктің аражігі айқын ашылған. Сөз бағынан дәмелі әдеби ортаның құйып қойған шақ бейнесін ақын шебер, психологиялық анық суреттеуінде қапы жоқ! Бұл өлеңде біз тегіс бармыз. Кейіпкерміз бәріміз.

Әдеби орта айрылған талай тарланнан,

Қасқа жайсаңмен түседі еске барған маң.

Рухқа айналып том-том боп тұрар сөреде,

Өткендерімен өздері мынау жалғаннан.

Жағда Бабалықұлы, тал бесіктен жер бесікке түсетін ажалды адам болып жаралған игі жақсымен ізгі сұхбат баршамызға үлгі болуға жазсын! Қалам ұстаған қауым, бір-бірімізді іздей жүрейік. Оқиық, таниық. Тасадан тас ататындарды қарғамасақ та, батыраштыққа өкірте барғызбай, жаман пиғылын қасиетті сөзбен тыялық. Егер біреуге ор қазсаң, өзің түсерсің дегенді ол жадынан шығармасын. Тіршілігімізде бір-бірімізді шын бағаласақ ұлт болып ұтар едік шынында. «Біріңді қазақ, бірің дос / Көрмесен істің бәрі бос» деген хакім Абай өсиетіне адалдық танытқаны Қасымхан ақынға бекерге кетпес.

25.09.2011. / 6.10.2011.

«КӨЗГЕ ҰРЫНБАЙ ТҰРУШЫ МЕ ЕД / АЗ ХАЛЫҚТЫҢ ҮЛКЕН ҰЛЫ!». МҰСТАФА ШОҚАЙ ТУРАЛЫ

Қасымхан Бегмановтың «Мұстафа Шоқай жолымен» атты үлкен жобасы 2 жыл бұрын деректі фильм болып экранға шықты. Бұл жанр нар тұлғалар әлемінен иненің жасуындай ештеңені қағыс қалдырмайтынбатыс әлемінде әбден кемеліне жетсе, біздің қазақ халқы үшін әр қилы жанрда – фильм, кітап қылып бір мезгілде құнды жобаны жүзеге асыру тың дүние. Өйткені барын бағалап, ізгі жақсысын ардақтауды болып-толған, кемеліне жетуге асық, өзгеден өктем немесе терезесі тең тұрғанды қадір тұтатын, парасаты озық, бөтеннің алдында жасымайтын мәдениетті елдер пір тұтады. Іріліктің айқын белгісі осы.

Тәуелсіздіктің бұл жанрдың гүлденуіне тікелей қатысы бар. Есі кірген ел өткенін іздейді деу бекерге айтылмаған. Неге іздейді?! Өзін-өзі зор тұтып, ұлықтау үшін, отансүйгіштік рух зорая түсуі үшін, өзгеге құл, ниеті теріске жем болмауы үшін іздейді. Ұрпақ жадын солай бекітеді. Бұл аксиома. Батыста қоғамға белгілі адамның өмір жолы мен қайраткерлік болмысына психологиялық, ғылыми тұрғыдан сараптама беру өнері ғылымға айналып, мейлінше дамып кеткен. Ендеше, баса айту керек, мұндай жоба Қазақстанда бұрын-соңды дәл осы формада болмаған сияктанады. Тәуелсіздіктің арқасы. Барлық пен негіз, түп-тамыр, тектің мықтылығын, орнында бар оңаларын білдіреді. Ұлтжандылықты асыратын руханият әлемінің жарығын сөндірмеудің игі істері үзілмей жалғасып тұруы керек.

Әлемде жер көлемі жағынан 9-шы орын алады деп танитын қазақ елі осындай танымдық-рухтық жобаларға зәру және ықыласты болуы заңды құбылыс. Данғазаға, бір күндік ойын-сауыққа қыруар қаржыны аямай төгетін шоу бизнестің аты жүріп тұрған мына заманда бұл сияқты тарихи-деректі жобаларға сұраныстан бұрын қаржы салу аз.

Мысалы, жасыратын несі бар, бұл жағынан бізден көш ілгері тұрған орыс ағайын қас асылын бағалауда біздің қазақты 100 жыл бұрын-ақ артта қалдырып кеткен. Олар дерек танудан, ұлы адамдарын пір тұтудан әлі де өзгелерді оздырмай, қара үзіп келеді. Орыс жырының күні деп

сүйетін А.С. Пушкиннің жарық дүниеде өмір сүрген 37 жыл ғұмырының әр күнін зерттеп жазып қойған деседі! Бұл үлгі алуға татитын, ізгілік пен сұлулықты, ар-иманның артықшылығын, қас үлгіні, классиканы лайықты танитын әрекет.

Құдайға шүкір, қазақы ортада өз нәсілінен шыққан ерен ерлердің есімін ұмытпау, кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге қылу ендігі заманда қайта жаңғырып, тәуелсіздік идеясымен бұрынғыдан бетер көркейетін болады.

Қасымхан ақынның «Мұстафа Шоқай жолымен» атты қос томдық еңбегі соның бір айғағы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері туған өлкесінен шыққан мықты азаматтарды, қоғам қайраткерлері мен шығармашылық адамдарын осылай зерттеп, іздеп, таным көкжиегін кеңейте беруге ат салыса, Қазақстан келешекте шын гүлденіп кетері анық. Рухы өскен елдің бағы жана бермек.

Сондықтан ақынның өлеңін жазып, кітаптарын шығарып жүре беретін, прозасын, драматургиясын ғана білетін басқа авторлардан үлкен айырмашылығы сол, оның елін сүйген данышпан ерді қастерлеудің бір соны үлгісін көрсетуі, тыннан түрен салуы болса керек.

Кітаптың алғысөзінде Стамбулдағы Мимар Синан Көркем өнер университетінің профессоры, шоқайтанушы қазақ ғалымы, тарих ғылымының докторы Әбдіуақап Қара қос томдық іргелі еңбектің шоқайтануға қосылған үлкен үлес деп жазыпты.

Қазағы Мұстафа Шоқайды бүгін іздесе, ертең Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков сияқты алаштың біртуар азаматтарының жүріп өткен жерлерінің деректерін іздеу басталып кетсе, мұның тірілер үшін қажеті, пайдасы зор болмақшы. Бұл ұлы рухқа риясыз қызмет. Ақын-жазушыларға шығармашылығынан бөлек бір асыл мұрат осы. Тіпті, өмірден өткен тұлғалар өз алдына, қасыңда тірі жүрген, замандас, тұлға-бітімі бөлек жандарды асыра неге бағаламасқа?! Әр буынның өз мықтылары бар. Ойландыратын, айрықша танымды идея. Өз халқының маңдайы жарық адал ұлын ардақ тұту – кез келген мемлекет үшін маңызды іс, елдіктің іргесін бекіте түсумен тең құбылыс. Бұл оның әлеуметтік

жүгін қоса көтеруге ұқсап кетеді. Көбінесе жетілген, азуын айға білеген, мықты, ірі елдерге тән саяси, рухани үрдіс.

Міллет үшін жанын қиған – жиылсын деп жат айылы,
Мен сені алғаш сонда ұққанмын!

«Ел аумасын қонысынан, тек көгімде тырна көшсін,
Мыңсайрамдар өз аспанын өзі ғана жырға қоссын!» .

Осы ой сені жатқызбапты –

Зар бар баста көген жайлы:

«Өз төрінде өзі қожа болсын халқым» деген қайғы.

Алаштың кейінгі ұлтшыл ақыны Светкали Нұржанов Мұстафа Шоқай рухына арнап жыр жазды. Ол «Көзге ұрынбай тұрушы ме ед Аз халықтың Үлкен ұлы!» деп елі үшін күресте шейіт болған айтулы Ер тұлғасын ардақтайды.

Қасымхан Бегманов Сыр бойының Шиелі ауданы, Наршоқыдан басталған зерттеу экспедициясын Парижге дейін жеткізеді. Ол Қазақстан, Өзбекстан, Грузия, Түркия, Германия, Франция мемлекеттері арқылы шығыс пен батысты көктей өткен айшықты сапар. Автордың эмоциональдық көруі оқырман үшін мейлінше құнды. Ташкент түбіндегі Жиделібайсынға барған сапарында Алпамыс батырды, бағзы бабаларын еске алар тұсы, Мұстафа Шоқайдың зиратындағы жарық, т.б. бұл дүниені ақынның көруі болып табылады. Мұстафа Шоқай рухын іздеу жобасы, қазақ үшін ғана емес, күллі түркі халықтарының теңдігі, азаттығы, өсіп-өркендеуі үшін күрескен айтулы Ердің аруағына тағзым, өткен мен бүгінді жалғау арқылы нақты фактілерге құрылып жасалған. Экспедицияға қатысқан адамдардың баршасы дерлік жаңа әсерлер мен бөлек қазынаға бөленді.

Қасымхан Бегманов 1918 жылдан бергі мұрағаттардан Мұстафа Шоқайдың қайраткерлік қызметін, өмір дерегін жалықпай іздейді. Сол заманның тынысы оған Батуми, Ташкент, Тбилиси, Берлин, Париж тәрізді әлемге әйгілі әйдік астаналардың архивтері арқылы ашылады. Бұл ретте автор өзі қайраткер болуға бір табан жақын қалады. Іздеу миссиясы зор кемістікті қамтығаннан соң солай.

Мұстафа Шоқай Қасымхан Бегманов ашқан жұмбақ тұлға емес, ол бұрыннан талай зерттеу, дау-дамай мен көзқарастардың нысаны болған. Оған Совет үкіметі жапқан ең ауыр жала – Түркістан легионы туралы дақпырт. Ұлы Отан соғысы кезінде фашистік Германияға тұтқынға түскен

түркі тектес ұлттардан құрылған дивизия өз отанына сатқындық жасап, қарсы соғысты деген қаскөй айып болатын. Бала кезімде «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітапты детектив тәрізді қызыға оқығаным бар. Бірақ 30 жылдан аса уақыт өткен соң мазмұнын ұмыттым, кімді қалай кейіптейтіні жадымда қалмапты.

Мұстафа Шоқайды, нағашы атам Оразхан «Көкенай садақ тартты дүркіретіп» деп «Қалқаман-Мамыр» атты поэмасынан жатқа айтып, есімін сағынышпен атап, жаны қалмай жақсы көріп отыратын Шәкерім қажыны, алашордашыларды мектепте халық жауы деп үйретті. Халық жауы атанып, 1937 жылдың ызғарында барсакелмеске айдалып, анық өлімге үкім етілген, түрмеден оралмағанның бірі өз атам Кемелбай Насырханов болған соң, бала болсам да, сана түпкірімде олардан білместіктен құбыжық жасамаған, дұшпан санамаған сияқтымын. Атамның жаман адам болмағанын, аштық жылдарында көп адамға қайыр қылғанын, ауқатты тұрғандықтан жазықсыз ұсталғанын ақырын естимін ғой.

Бұл кітаптың 2 томында легионға Мұстафаның қаншалық қатысы барлығын сол кезде тұтқанға түскен жас қазақ жігіті, енді 92-ге жасы келген еңкейген қарт Әлім Алматтың өз аузынан Стамбулда жазып алған.

Кірпігіне жас қонақтап – тұрған талдай тұт ұялап,

Тек «пленте» болған шалдар сені айтатын құпиялап...

Светқали Нұржанов «Мінәжат» атты Мұстафа Шоқайдың аруағына бағыштаған өлеңіндегідей шындық бұл. Совет дәуірі өтті, жария кезеңде, Түркия елінде тұрақтап қалған, жасында концлагерьде өліммен талай тілдескен алаштың бір баласы, заманының құрбаны деуге де болмас, өзі қатарлы қазақтың сайдың тасындай жігітерінен жастай өлгендерден көрер жарығы, ризық-несібесі артық болғаны рас.

Легион енді құрылмақ сәтте, шын мәнінде оның құрылуына қарсы болған, фашизм түркі халықтарына бостандық әпермесін білген көреген, саяси сауаты анық кемеңгер Мұстафа Шоқай ауруханада жұмбақ жағдайда көз жұмған. Дұшпан қолынан қаза болып, тіршіліктегі татар дәмі таусылған Мұстафа Шоқай ажал төсегінде жатып, өлім алдында Түркістан легионына еш қатысы болмайтыны айдан анық.

Соғыс біткен соң туған еліне оралу маңдайына

жазылмаған осы бір қазақтың тағдыры бір фильм түсіруге татиды. Ол соғыста тұтқын болып, фашистік Германияны, батыс Европаны асқан шеберлігімен тәнті қылған, кейіннен сталиндік лагерьде ұзақ жыл сотталып келген, Шыңғыстау топырағынан шыққан, Абайдың аталас туысы Әйткеш Толғанбаев тәрізді скрипкашы болыпты. Семейлік ақын Мұратбек Оспановтың өнері асқан скрипкашының қуғында өткен өмірінен жазған поэмасы бар.

Тұтас бір экспедиция Мұстафа Шоқай туралы бұрын бейтаныс деректерді тынымсыз іздеп табады. Қос томдық кітаптың негізгі құндылығы да осында. Әсіресе, мерзімді басылымды зерттейтін журналистер мен тарихшылар үшін бұл кітап таптырмас қор көзі.

XX ғасырдың басында тұтас әлем бөліске түсіп, аласапыран болып жатқанда қазақ халқының ел мен жер мүддесі үшін күрескен, империялық аранға түсіп, қанауға ұшыраған Түркістан халықтарының сана-сезімін ояту үшін ұлт қайраткері болған Мұстафа Шоқайдың өмірінен хронологиялық деректерді автор Мысырдан керуен тартқандай тізіп алады. Жол-жөнекей басқа халықтар өкілінен қанша адам Мұстафа әлеміне тартылады. Ол сол уақытта орыс тілінде жазған сауатты қазақтың бірі. Заман соны талап еткен.

Кітаптағы Мұстафаның бейнесі аса биік деңгейде ашылған. Автор оған деген сүйіспеншілігін бір сәт жасырмайды. Оның кемел адам болғанын үнемі дәлел, факт арқылы айғақтайды. Мұстафаның адал жары, ұлты орыс Мария Горина ханым жаны кіршіксіз таза, Мұстафасын жанынан бетер сүйген, текті, ізгі жаралған жан. Кітаптағы Марияның бейнесі Мұстафаға лайық, құдай оны биік ерге арнайы жаратқандай риясыз әсері бар.

Батумиде Мұстафа екі жұма тұрған екен. Сол үшін Қазақстан Республикасынан арнайы іздеп келген экспедицияға сүйінішін Аджария білім, мәдениет және спорт министрі Матэроин Такидзе жасырмайтыны көп сырды аңғартпай ма!

Батумиде А.П.Чеховтан басқа, орыстың ұлы ақыны Сергей Есенин ғұмырының соңғы жылында 2 ай тұрған, «Парсы сарындары», тағы басқа керемет жыр циклін тудырған. Есенинге қатысты деректерді ақын айналып

өтпейді, мейлінше ықыласты жазады. Бір қызығы, біздің қазақ ақындарының бірталайы Есенинді туған бауырындай жан-жүрегімен сүйеді, қастерлейді. Біздің ақындар Есенбай, Есенғали, Есенқұл десе де, көбінің есіне Есенин түсе кетеді. Есенин әдебиетте сүйікті бейнесін сомдаған Шаганэ – армян аруы екен. Қысқы қарға қамалған Батумидің кешінде танысып, жүрегі сүйген қыз, ақын жырына жарық жұлдыздай жарқырап, образ болып қонбағанда жалғанның бір өткінші қонағы болып белгісіз қалар еді-ау.

Бұл кітапта өткен тарих пен қазіргі тарих ұштасып, астасып отырады. Бұған топ мүшелерінің Тбилиси сапарында Эдуард Шеварднадземен кездесуі куә. Ол Қасымхан Бегмановқа: «Мұстафа Шоқай – азаттық үшін алысқан ірі қайраткер. Ной Жордания грузин халқына қандай еңбек сіңірсе, Мұстафа Шоқай тек қазақ халқы үшін емес, бүкіл түркі халқының мүддесі үшін басын бәйгеге тіккені мәлім. Ол большевизмге қарсы күресті, біздің Кавказдың да тәуелсіздігін аңсады», – дейді.

Кітапта небір тағдырлар мен тұлғалар молынан қамтылған. Батумиде тұрған қазақ зиялысы, қоғам қайраткері – «Қазақ жерін қоныс аудара келген қарашекпенділерге үлестіруге Мемлекеттік Дума мінберіне алғаш қарсылық көрсеткен Бақытжан Қаратаев», оның Әбілқайыр ханның тұқымы екенін автор құрметпен айтады. Баку сапарында қазақ газетін шығаруға қаржылай көмек берген Зейнел-Ғабиден Тағиев туралы дерек береді. Башқұрт халқының қайраткері Зәки Уәлиди Тоған, Осман қожа. Бұл ретте Ғұмар Қараштын есімі айтылады. Әзербайжанның алғашқы президенті Мамед Емин Расулзаде. Оның ұлы жер аударылып келгенде қазақ жерінде туған, сол кісінің естелігі, репрессияның түркі текті ұлттарға жасаған жебір қиянаты. Қазақ жазушысы Хамза Абдуллиннің Түркістан комитетінде жұмыс істегені, өзінің ұстазы Мағжанды шәкірті болып ерекше сүйгені туралы деректер бар. Мұстафамен Парижде жолығысқаны, екі қазақ жат жерде бір-біріне сағынышын білдіріп, бауырмалдық танытқаны үшін артынша елге оралған соң үш әріптен қуғын көріп, жұмбақ жағдайда көз жұмған, қазақ әнін әлемге танытқан әйгілі Әміре Қашаубаев туралы деректі сол кездің тірі куәсі Әлім Алматтың айтуында беріледі. Оның ұрпағы түріктеніп кеткен, арғы бабасы Киікбай атты қазақ болған.

Расында тағдыр біздің қазақ баласын қай қиырға салмаған.

Ақындар қай заманда болсын қуғынға ұшырайды. Қазіргі өзбектің көрнекті, ұлтжанды ақыны Мұхаммед Салихпен Қасымхан Бегманов Стамбулда 4 сағаттық кездесуі туралы шынайы деректер тебініреніске толы. «Өзбек өз ағам» десе қазақ, бірнеше ғасыр бұрын, Өзбек ханның қол астында бөлініп кетпеген бір туған мезеттерін айтқаны. Қазір қалайша көп құнарлы дүние құнын жоғалтып, азып, өзгеріп кетті, сол өкінішті.

Мұстафа Шоқай мұрат қылған Тұран идеясы түбінде түбі бір түркінің туына айналатыны анық. Бұл туралы 2 томда былай дейді: «Мұстафа Шоқайдың идеясын қазіргі кезде Орта Азиядағы түркі мемлекеттерінің басшылары да қолдап отыр. Назарбаев та қолдаушылардың қатарында. Дегенмен Мұстафа Шоқайдың идеясын толық іске асыру мүмкін емес. Заманымызға қарай экономикалық немесе басқа да бірігу арқылы бірге бола аламыз. Біз қалай да бірігуге мәжбүрміз. Біздің тарихымыз, мәдениетіміз, діліміз бен дініміз бір».

Мұстафа Шоқай рухын іздеу сапарында жолай кездескен қаншама көрнекті адамдар, өткен тарих беттері, таңдаулылардың халқына көрсеткен ізгілікті қызметі бұл кітапта мәртебеге лайық. Жобаға тартылған көрнекті тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелді кітапта келтірілген тарихи деректердің сараптаушысы да.

Жанры жағынан сан қилы, интервью-сұхбаттар, хаттар, құжаттар, ескі газеттерден дерек көздері – жылнамалар, ақынның элегиясы, жол сапар очеркі, тарихшылар мен қоғам қайраткерлерінің тарихи пікірлері, естеліктер, т.б. құнды деректер бұл кітаптың жанды туынды, көтерер жүгі зор екендігіне куә. Бұл кітаптан әлі талай тарихшылар дерек алады, көркем шығармаға астар болар тұстары да бар.

22.09.2013.

ӘУЕЗХАН ҚОДАР аударма жанрында

1. Аудармасыз күн жоқ.

Иоганн Вольфганг Гете «Әлем әдебиеті» деген таңғажайып ұғымды енгізгелі бері 200 жылға жуықтады. Вавилон мұнарасынан соңғы адамзат нәсілі тілі сан алуан болғандықтан күн сәулесіндей ортақ болуға о баста құдай нәсіп еткен дүниежүзілік әдебиет аударма өнерінсіз айнала таралмақ түгілі, өркениет құндылықтары атымен зардап шегер еді. Адамзат руханияты шектелмеуін құдай хош көрмесе рухани алмасулар болмас та еді. Мың жерден ұлы әдебиеті бола тұра, әр халық тұйық су тәрізді бұйығы әм калыс қалары айдан анық. Егер аударма құдіреті болмаса.

Аударма жанры әдебиет үшін орны мен маңызы, рөлі мен басымдығы дәуірлер озған сайын маңызды бола бермек. Қазіргі ақпараттық кеңістіктер тегіс ашылып кеткен заманның да ұсынса қолы жетпестей болып жүрген бір кереметі осы – көркем аударма.

Көркем аударма құны ешқашан құддиламайды, инфляция оған жат. Керісінше, ол неғұрлым күшейген сайын мифтегі Атланттай алып тәрізді, қуаты зорайып өсе бермек.

Қазақ әдебиетіне орыс тілінен әлемдік әдебиет туындылары аударыла басталғанына бірталай дәуір озды. Абай аударманы жаңғыртып, авторымен үндес, үзеңгілес болды. Абай аударманы төл туынды қылу шеберіне айналды.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан үшін жана алап, тың түрен болуға тиіс: әлемдік жетекші тілдерге қазақ әдебиеті шедеврлерін аударуды мемлекеттік іс, саясаттың бір ажырамас құрамы деп қарастыру мүддесі.

Өйткені тек шикізаты мол, халқы бір уыс, жері аса кең мемлекет ретінде әлемге танылып үлгерген байтақ еліміздің рухани қуаты ешкімге дес бермесін мынау тәкәппар әлем танып, білсе ғана шынайы құрметі оянады. Әйтпесе, материалдық байлығыңды май жинаған борсықша сора беретін жат пиғылдардан арылу жоқ.

Енді сірә, дүние,
Танисың ғой мені сен.
Тәкәппар ұлы дүние!
Қазақ деген – мен деймін.

Бұл Қасым Аманжолов. Кез келген халықтың әдебиеті сыртқа аудармасыз танылмақ емес.

Расында аударма өнері қазақта сынаржақты (дәлірегі, негізінен қазақ тіліне аударылған), ал ұлттық қазынаны қазақ тілінен басқа тілдерге – орыс, испан, ағылшын, үнді, француз, неміс, жапон, т.б. тәржімаламай көсегеміз еш көгермейді! Аударма өнері биік болмаса Махамбет, Абай, Қасым жырлары өзге халықтар үшін құны көк тиын. Олар қазақтар әншейін өздерін мадақтай беретін шығар деп ойлайды да қояды. Дерекке дүние бағынған.

Мәдениеті ұлы халықтар ғана рухы биік. Рухы биік болу – ешкімнің жетегінде кетпеу, құлдыққа жегілмеудің алғышарты.

Мәдени экспансия – көп халықтарды жасытып, ерік-жігерін, өмір сүруге беріктігін атымен құртып барады. Мұны алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі өлген халықтың өзі өледі» деп айқын түйіндейді.

Қазақ сөзі ерен көркем халық болған соң қас үлгі-шедевр шығармаларға кенде емес. Шығыс пен Батыс классикалық әдебиеті әлемді жаулап алды. Бір кездегі құрылықтарды жаулаған мемлекеттер сияқты. Руханиятта зорлық болмайды. Руханиятта сананы жаулау өзгеше құбылыс.

Қазақ өркениеті ерекше сұлу, дүниетанымдық, гуманистік жаратылысы таңғажайып құбылыс. Оны дүниежүзі халықтарына мейлінше таныту керек.

Ол құдірет құдай оңдаса көркем аударма арқылы жасалады.

Қазақ тілінен орыс тіліне тіке аударатын әдебиетші қауым аз.

Әуезхан Қодар – Махамбет, Абай, Мағжан өлеңдерін аудару ісіне тер төкті.

Махамбет қаза тапқан 1945 жылы дүние есігін інгөлап Абай ашқан. Абай қайтыс болған 1904 жылы бала Мағжан қазақ сөзі құдіретін бойына дарытқан ақындық тағдыр жолына қадам басты. Бір-бірімен сабақтас, асыл өзегі бір үш алып ақынды Әуезхан Қодар тұлға мықты болмаса өтірік мойындауға баспайтын өр орыс әдебиетіне айқындауға бас қойды.

2. Махамбет жырлары орыс тілінде.

Әуезхан Қодар жыраулар поэзиясы қазақ халқы үшін «Таурат» – еврей халқыныңдіні, әрі тарихы, әрі шежіресіндей ата кітабына тең, нақты сондай қызмет атқарды деп жазды. Халықты сақтаушы, оның қиын-қыстау, екі талай замандарда рухын жоғалтпай аман қалуына себепкер құдірет қазақ үшін жыраулар поэзиясы деп терең бағалады!

Махамбет – ноғайлының Қазтуған, Доспамбет, Шалғез, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтанбердіден бергі Үмбетей, Бұқар жыраулардың алтын тұяғы. Жыраулар шындықты тіліп айту үшін туған, хан алдында да, қара алдында да. Махамбет ұлы дәстүрді жалғады.

Әуезхан Махамбет жырау тұлғасын объективті биік бағалап, оның оты жырларын ол күрескен империя – ақ патша жұртының мұрагері – ойлы да ғәділ ұлдарының жүрегіне шок түсіру үшін аударды:

Я чтим был всеми, громко чтим,
Когда в Нарыне обитал,
Я был и славен, и любим.
Когда был жив мой Исатай,
Как волки в бой мы рвались с ним.
Кто что-то мог сказать в упор?
Я дорог людям до сих пор!

Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» – бұл асқақ жырды ісі қазақ біледі:

Мен – мен едім, мен едім!
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.

Күрескер ақындар ғәдетте жасы 30-40 арасында өлімге үкім етілген жауынгер халық, олар өз халқының тәуелсіздігі үшін күресте қаза табуға жаралған, мысалы, Шандор Петефи. Махамбет жырауды аудару – Әуезхан Қодар үшін бабалардан жеткен аманат.

Был львом рычащим Исатай.

Махамбет Исатайды ерекше дәріптейді, әлемдік поэзияда үзегілес жолдасын, жорықтарда жауға бірге жүрген қас батыр досын, ту көтерген көсемін осыншалық сүйіспеншілікпен жырлаған екінші бір ақынды мен

білмеймін! Махамбеттің жарқыраған темірқазық жұлдызын қазақтан өзге халық білсін, көрсін, ұқсын деп аудармашы құдықпен ине қазғандай мехнатты тірлікті қолға алса керек.

Мальчонкой рос я у него,
Нет никого с тех пор родней.
Был предо мной он как гора,
Я шел за ним с любовью всей.
Ты – хан, вельможа из вельмож,
Но Исатая ты не трожь!

Әлем әдебиеті мұндай өткір жырды білмейді. Қасқайып тұрып сұлтанға қарсы сөйлеу екінің біріне бұйырмас жойқын күш. Махамбетті өзге халыққа таныту қазақтың ержүрек халық екенін, шындықтан тайсалмас ұлы рухын танытар, елі үшін еңіреген ерлері көп нағыз халық екенін таныту.

Я прячусь в степи как карсак,
Считаюсь без крова и пищи.

Исатай-Махамбет көтерілісі тегін кеткен жоқ. Ол рух – қазақ халқын ойсырата жойып жібере жаздаған кейінгі қолдан жасалған аштық – миллиондаған құрбандарға әкелген Голощекиндік геноцидте, елдің түп тамыры бүтін қалуына әкелді. Ақындық миссия елді аман сақтау екенін бүгінгі мәңгірт кеп киген тоғышар қоғам білуі тиіс.

3. Әуезхан Қодар – Абайды аударған ақын.

«Абай. Избранное» атты кітап 1996 жылы жарыққа шықты. Қолыма тиген сәтте Абайды аударған адамның жүрегінің түгі бар шығар деп ойладым. Неліктен?

Абайды түбі әлем халықтары, бұйырса, түпнұсқасында оқуға талпынатын болады. Абай – аударылуға көнбейтін күрделі асау ақын. Өйткені қазақ тілінің телегей теңіз мол қоры Абайдың нұрлы кейде зәрлі сөзінде түгел жасырулы. Абай – ұлттық код.

Абай – өзге тілге оң аударылмақ түгілі, қаны қазақ өресі жете бермес жұмбақ құбылыс. Бір оқыған соң іс бітпейді. Абайды екі, үш, төрт... он оқы мейлі, оқыған сайын тұма бұлақ суындай таза, таңғажайып, мағынасы терең, жалынан ұстатпайтын пайғамбарлыққа тән бір керемет жаратылысты мойындайсың. Япырау, өткенде оқығанда, мына өлеңді дұрыс қабылдамаппын ғой деп таң қалуың ұласа береді. Сондай Абайды, қазақ жарытып ұқпаған алып ақынды

орысқа ұқтыру бұл не азап? Тантал азабы емес пе?

Жоқ. Әуезхан Қодар Абайды аударуға ерен мүдделі. Себебі, оған дейінгі ұлты басқа ақындардың біразы Абайды түсінбей-ақ аударған. Оның мәнісі мынау: жолма-жол аударылған шикілі-пісілі қолжазбаны өңдеу үрдісі.

Абайды ғұмыр бойы оқи берсең таусылмайсың. Әуезхан Абайға нақ осы қырынан келердей. Әуезхан Қодардан соң да Абайды сан алуан сүйген жұрт аударары әлі. Бірақ қазақшадан тіке аударудың қиыншылығын ол бастап берді.

«Жазғытұры»:

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда
Жарқ-жұрк етіп ілінер көк дауыл баз.
Құс қатарлап байлаған қанжығаға
Қыз бұрандап жабысып, қылады наз.
Әуезхан түпнұсқадан алшақ кетпейді:
Гуси, лебеди здесь, величавы, царят,
Птичьи яйца влекут стайки шумных ребят.
Если сокола пустишь с коня на скаку,
Он в мгновение ока рад жертву подмять.
Дева, ластясь к тебе, тянет руки к седлу,
Где добыча твоя приторочена в ряд.

Өлең динамикасы, суреті, психологиялық болмысы, мінезі сақталған. Аудармашы «қанжығаға» деген қазақы ұғымға тән, ұлттық бояуы күшті сөзді «к седлу» – «аттың ерімен» ауыстыруы үйлесімді.

Осы өлең түпнұсқамен дәл түсуімен қанық.

Әуезхан «Из пейзажной лирики» деп алып, Абайдың табиғат лирикасын тегіс сүйіспеншілікпен аударған. Ал «Аттың сыны», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» тәрізді екінің бірінің тісі баға бермейтін суреткерлік шыңы – керемет өлеңдерді аудару үшін үлкен шеберлік талап етілмек. Әуезхан Қодар Абайды орыс тілді аудиторияға қазақ ұялмайтын қылып ұсынды.

Махаббат лирикасын аударғанда түпнұсқалық сәуле орыс тіліне жоғалмай жетеді. «Қыз сөзі», «Жігіт сөзі» – Абай таңғажайып лирик қана емес, «Ұлы сөзде ұяттық жоқ» деп дүние танитын қазақ халқының өз менталитетінен алынған шоқ жырлары. Әуезхан Қодар бейнелей айтсақ,

қазақ киіз үйінде маздаған сол шоқты өшіріп алмай, орыс избушкасының пешіне салады. Ал оның Сергей Есенин туған қасиетті шаңырақ екенін ұмытпайық! Шоқты сөндірмей апарар жол қаншалық шытырман екені оқырман атаулының миына кіріп те шықпайды! Міне, аударма жанрының бір құпиясы!

Әуезхан Қодар Абай аудармаларына ден қойған соң, оны академиялық еңбек жасауды өзіне парыз санайды. Комментарий – түсініктемелер соның айғағы. Бұл ретте оның нағыз мәдениеттанушы, әдебиеттанушы ғалымдығы нақты көрініс тапқан.

4. Мағжан әлемі.

Мұхтар Әуезов биік бағалаған Мағжан Жұмабаев өлеңдерін қазақ тілінен аудару мәртебесі зор. Сондықтан қазақ ақындары бұл іске құлшыныспен кіріседі.

«Мағжан Жұмабаев. Пророк» атты жинақты Москваның «Русская книга» баспасынан орыс тілінде жазатын белгілі ақын Бақытжан Қанапьянов 2003 жылы өзі 2002 жылы «Жібек жолы» баспасы шығарған нұсқасымен қайта басып шығарды. Мағжанның 110 жылдығына орай. Бұл жинақ – ұжымдық жинақ. Мағжанның 7 өлеңін Бақытжан Қанапьянов аударған, қалғанын тегіс басқа орыс ақындары жолма-жол аударма арқылы аударған.

Әуезхан Қодар «Мағжан. Избранное» атты жыр жинағын 2006 жылы Москваның «Русский раритет» баспасынан шығарды. Жинақтағы 72 өлеңді Әуезхан Қодар аударған, ал біраз өлеңдер басқа ақындардың қолтаңбасы.

Мағжанның қуаты тасыған, этностық рухы азуын айға білеген атақты «Түркістан» атты өлеңін Әуезхан Қодар былай аударған:

О Туркестан – граница двух миров!
Ты – колыбель для нас, твоих сынов!
Ты избран Тенгри как Отчизна тюрков,
Храбейших в битвах, словно стая львов!

Столетия прежде, иль в седую рань,
Не Туркестан ты звался, а Туран.
Здесь наши предки пребывали вечно,
Отсюда всюду простирая длань.
Мағжанда «Түркістан» – біздің ел-жұрт тарихы, ода,

шаттық жыры 27 шумақтан тұрса, аудармашы оның 13 шумағын іріктеп, таңдап аударған. Оның мәнісі неде екенін Әуезхан Қодардың өзі біледі. Мүмкін, бұл жырды аударудың оңай еместігінде ме?!

Алайда, 1937-1938 жылдары қанды репрессия құрбаны болып атылар алдында Мағжан Махамбет бабасындай адамзат нәсіліне қас, ібіліс жайлаған озбыр жүйеге қасқайып карап, артқы ұрпаққа өлмес рухын қалдырып кетті. Сол қасапты-қанды 1937 жыл репрессиясында нақақ атылған Аркадағы бір қазақтың туған немересі ретінде мен бұл жырдың күрескерлік рухын жүрегіммен сүйіп қабылдаймын.

Алдыңғы аталған жинақта «Түркістан» атты өлеңді Б. Жылқыбаев аударған. Ол Мағжанның 27 шумағының 25-ін аударған. Екі аударма да құнды, сапалы. Қазақ сөзі мәртебесін осы тектес вариациялар асыра бермегіне дау жоқ.

Мағжанға Әуезхан ерекше шабытпен келгенін кітапты оқыған адам тез аңғарады. Аударма өнерінде алынбас асулар бары айдан анық, бұл жинақ одан да құр алақан болмауы айқын. Әуезхан Қодардың аудармашылық қайраткерлігі жеке-дара зерттеу нысанына айналары айқын.

Қазақтың үш таңдаулы ұлы – Махамбет, Абай, Мағжанды аудару мәртебесі маңдайдағы бакпен тең. Мұндай білікті, тайпалған жорғадай маман, шебер, ықыласты аудармашыға тапсырысты мемлекет өзі беруі тиіс. Өйткені, мәдениет – мемлекет ісі.

Жолма-жол аударма көбінесе ақша күшімен жасалса, тіке аударма жүрек қанымен жасалары даусыз. Бұл жайтты да ескерген жөн.

Болашақта маған Әуезхан Қодар – Мұқағали мен Жұматайды аударатын тәрізденеді. Қазақ әдебиеті қоржынында аударма жанры тоқ болуы біздің саусақпен санарлық мықты мамандарымызға байланысты.

БАУЫРЖАН ЖАҚЫП: «ХАЛҚЫНА БАР АСЫЛЫН БЕРЕДІ ҰЛДАР...»

Бауыржан жырларында кібіртіктеу немесе постмодерн деген сылтаумен беймағына шоқырақтау, сандырақ жоқ. Ол кең сахарада еркінше көсілетін ұлттық дүниетанымнан айнымайтын ақын. Жаңа заманғы өлең өрісін ол бір ақындай біледі.

*Жай – қамшымен сұр аспан тартып қалып,
Бұлт иегі бұлттып кемсеңдеген.*

«Бұлтты жұбату» атты өлеңі ұлттық сипатта өріліп, Тютчев, Лермонтов дәстүрінде қазақы қалыбымен бұлғақтайды. Бауыржанның лирикасының өзегін табиғат, туған жер және азаматтық жыр құрайды. Тың, тосын теңеулер, жыр әлемінде метафоралар қайталанса да қаймағы қалың бейнелеуден ақын кенде емес. Бауыржанның Ертісі ерке, балық ерін өзен.

*Төсінен көктің төменге /Төгіледі-ай кеп ырыздық,
Жуынып жуа белеңде, /Жұтады ылғал қымыздық,
Ақ селеу – сәні қыр, белдің, /Тоятпап басын шайқаған.
Тәтті иіске әтір-гүлдердің / Құтысы толып қайтадан.*

«Нөсер». Ақ селеу – қыр төсін теңіздей ырғалтып өсетін шөп. Бұл атаудың ұлттық ұғымға тым жақындығын, шежірелі елдің атрибуты екенін даланың адал сүт емген, бөтенге елікпеген өз баласына қойған айшықты есімінен де аңғару қиын емес.

Бауыржанда өтірік көз жасы жоқ, жас балаша таңырқау мен масайрау қайғы-мұңды көміп кететіні бар. Өлең ырғағына жасанды нәрсені жұқанадай болсын жолатқысы жоқ тәрізді. Арқаның сауырында өскен баланың континенттік қоңыржай ауа-райын сүйіп суреттей беретіні рас. Табиғат пен жыл мезгілдерін көп жырлаған қазіргі қазақ ақындарының бірі. Мұнда өмірсүйгіштік сарын үстем. Бауыржанның күні де, түні де, таңы да ақ һәм ару болатыны содан болса керек.

Тамшылар, толқындар, нөсер, бұлтты ақын сан алуан сұлулығымен көреді. Бауыржан Жақып бұлтқа ода жазған. Қазақ болып туған соң ақын қаздардың қаңқылынан бұлттардың жазған жазуын оқиды, содан халқының шежіресін ұғады. Негізінде осынау әсіре тәрізденер

поэтикалық суретте ақиқат шындықтың нәрі бар, ғылым куә: әлем жадына жазылатын ақпарат атаулы су тамшыларында болады екен. Су – дерек сақтаушы табиғи қордың көзі. Ал көктегі бұлт – су тасушы, судың алтын ордасы ғой. Адамның өзі тегіс дерлік судан тұрады. Ақын жаны тіршілік көзі суды риясыз сүйеді: «*Су да – кен зой*» десе, «Судың да сұрауы бар» дегенді көшіп-қонған ұлы бабасы айтқан. Оның көшпелі бұлтты төрт түлікпен кейіптелген: «*аруана-бұлт*», «*Шөкімдей ақ бұлт – менің жырым деп ойлағын*», «*періште-бұлт, жыр-бұлт, бұйра бас бұлт, бұлт-ойларым, бұлт өртенді, бәдәуи бұлттар көші*», «*Ақ бұлттан кигізіпті далам бөрік*», «*Қорғасын бұлттын балқыған*», «*Қара бұлт – қара сәйгүлік тауға қонады*», «*Ақша бұлт сонау аппақ ән*», найзағай төпей қамшылаған құлын бұлт, «*Түннің алтын кебісі – Айды ұрлады қара бұлт*». Қазақ ертегілерінде алтын құйрық құлынды ұрлайтын қара күш жадымыздан өшпейтіні рас. Фольклорлық санасы терең халықтар әлемде аз қалды. Өлеңнен айрылғанның бәрі есеңгіреп, материалдық құл дүниенің шырмауықтай торына әбден тұтылған, өзін жоғалтқан.

Жыраулар поэзиясынан мәлім: Шалкиіз жырау «*Шағырмақ бұлт жай тастар*» деп рух шақырады. Бұл тылсым дүниенің қозғаушы күші көктен екенін анық танытатын, көркемдігі теңдесі жоқ образ. Өмірді астан-кестен ететін құдіретті күштің символы – аспанды торлаған шағырмақ бұлт. Жарқылдап, жапан дүниені тітіретіп жай отын тастар шағырмақ бұлт – құдайдың құдіретінің кенеттен басатын тұспалын аңдататын аса биік поэтикалық образ. Жыраулар поэзиясының кие қонған асыл рухы бір жолынан-ақ танылмақ, онда тұнып тұрған азаттық пен күрес рухы бар.

Абай дәстүрі баршаға ортақ. «Еліккөрген» – марапаты асқан жас поэзияға тағзым. Оқыған сәтте өлеңнің пірін іздеп жазылғандай көрінді. Ол келесі бір өлеңінде осы сарын, Еліккөрген, өлеңтөбенің рухын аңсайды: «*Кіндігін өлеңімнің тауым кесіп, / Самалмен тербетеді ауыл-бесік*». Таудың құдіреті ерекше, яғни, биіктік, жан биігін сүйетін рух. Бір толқын замандас ақындардың кескін-келбеті, даралығы бар. «Еліккөрген» – сол 1980 жылдар басындағы буынның рухани тазалығындай, ересейсе де алтын бесік ауылдан, уызынан жарып шыққан қазақтығының ақ сүті еріндерінен

арылмағандай әсер етеді. Олар романтик, ана тілінен мақұрым адасқан ұрпақ еместігімен баурайды. Сондықтан арада отыз жыл аунағанда бұл өлең ностальгия тәрізді оқылады. Сол достар ішінде 40-тан аса ерте о дүниелік болған ақындар бар. Олардың тірі күнінде-ақ ақынды сағымдай толқыған сағыныш бұғаны бекер болмапты. Адам гапыл болған соң.

Жүрегім сағыныштан кетті езіліп,

Достарым қайда жүрсің Еліккөрген.

Бауыржан Жақып – қыр баласы. Оның өлеңдерінде «*Бірде ұршығын иіріп елестесе, / Бірде тоқып көрінер алашасын*» әжесінің бейнесі ерен сағынышпен, балалық балдай тұнық сезіммен, сүйіспеншілікпен жарқырайды. Бесік жырын тыңдап, уызынан жарып өскен жылқылы ауыл баласының көзі қырағы, көкірегі сау. Танымы қазақтан қисық өскен, томырық өзімшілдіктен аспас қаланың боз өкпе шалақазақ баласы емес. Қала баласында бауырмалдық, қазақтық дарқан мінез сирек болатыны ащы шындық.

Ауылда өскенін басындағы бағындай көретін Бауыржанның әжесі қолынан ұршығын тастамайтын, құрт қайнайтын, қазы-қарта, жал-жая пісетін ырысты қара қазаны оттан түспейтін, алаша тоқып отыратын, тұла бойы тұнған мейірім, аналық ақ ниеті кіршік шалмаған. Қазақтың анасы солай болады.

Бауыржанның «Қолтаңба» атты өлеңінде өмірден өтіп кеткен, аруаққа айналған ата-бабасына тағзым бар. Мұнда ақын өз әжесінің бейнесі арқылы исі қазақтың асыл текті әжелерін суреттей алғаны айдан анық. «*Жан әжем, сенің баурыңда, / Тыңдадым қазақ өлеңін*», «*Өмір сүрген бір менің бағым үшін, / Әже, әже – мәңгілік сағынышым*» – ол үлкен шешенің мейірімі, жан жылуы жадында ғұмыр бойы өшпестей болып тұнған балалық шағындағы, тұрмыс-салтты айнытпай көшірген суретке жан салады. Бұл қазақ ұлтының тұтас психологиялық портреті. Ата-бабасын, өскен ұясын, түп-тұқиянын ұмытқан қазақ тегінде қазақ емес, қаны бөтен біреу, әлдекім. Нағыз қазақтықтың коды міне:

...Келешек бізді күтті алдан,

Келмеске сәби кетті күн.

Сол кезде сықпа құрттарда,

Қолтаңбаң барын білмейтін.

*Құртыңды аңсап жаныммен,
Қолтаңбасын мен сағындым –
Аялы алақаның мен,
Салалы саусақтарыңның.*

Ең кереметі, бұл өлең тек Бауыржанның қаламынан шыққан жырға ұқсамайды. Оның авторы мына сіз, мына біз. Со замат о дүниелік болған ұлы әжелерімізді сағынамыз, көбін көзімізбен көрмесек те, құлағымыз естіген қайталанбас есімдері сұлулыққа оранып көкейімізге оралады: «*Өлінің бәрі тірілген, / Асыл сөз төгіл тілімнен*» («Қайрау») дейді бір жырында ақынның өзі, сол айтпақшы, әже десе, менің есіме оралатын Нұржан, Балдай, Шәкім, Кенжеғаным – үлкен шешелерім. Бауыржанның өлеңі есіме сол ардақты аналарымның нұрлы бейнесін салуымен құнды. «*Сендердегі қазақы қасиеттер / Қалар ма екен қалтқысыз маған дарып?*» («Ақсақалдарды аңсау»). Олардың қазақы мінезінің бір бояуын еншілесек, бағымыз қайтпағаны. Ал сол асыл әжелерімізге, аталарымызға мүлде ұқсамай шықсақ, онда құдай шындап атқаны деп білемін. «*Жұлдызды аспан көрпедей әжем жапқан*» – Бауыржан біздің ұлтқа ежелден тән мейірімді ардақ тұтса, ол соған лайық болғаны. Қазақ аяғы жерде тұрғанмен көк жүзіне жиі телміретін, тәңір құтын көңілі аласұрып іздей беретін діндарлығы табиғи халық. Бірақ оның діндарлығы басқа халықтарға мүлдем ұқсамайды. Қазақтың ұлттық санасы «*Көк пен жерді байқастап*» космогониялық сана болып қалыптасуы шынайы құтты білік құдайшылдығынан.

*Көмейден төккен көркем үн,
Сен айтқан аңыз, ертегің,
Білмеппін сол кез, шіркін-ай,
Ертеңім екен, ертеңім.*

Бауыржан «Әжемнің шырағы» атты өлеңінде өсер баланың бағы әжелердің бесік жырында, ертегі-өлеңінде екенін анық айтса, бұл елдіктің, тектіліктің қасиеті хәм қастерлі мұрасы. Қазіргі жаһанданған сана асылын жоғалтып алған соң азған қоғамның рухы төмен құлдылап, бәнгі күйге ұрынған. Сөз киесін ұмытқан соң солай.

Дала поэтикасы Бауыржанда мол, сондықтан ақын кейбір өлеңдерінде табиғатты бейнелеуінде қайталауға ұрынуы заңды. Бірақ бұл оның перзенттік болмысының

шынайылығынан болса керек. Адам жадында тұнған бейнелерді есте қимайды, көрікті әннің қайырмасындай еміренеді. Ақынның сондай бір айшықты өлеңі – «Қынананың монологы», жаратылыстың әрбір құбылысын сүю. Қойтастың бетіне шыққан қына мынау дүниенің сән-салтанаты:

*Қынамын, мен – қынамын!
Қойтасқа өрлеп шығамын.
Жабысып жартас басына
Қайызғақтаным тұрамын.
Қабыршақтанған бетімді
Ай нұрына жуамын.
Бояуы бар не түрлі
Күн нұрына жуамын.
Желмаядай желіп кеп,
Жел келіп мені өбеді.*

Ежелгі қазақ санасындай айқын. Толғаудай көркем. Ертегідей сұлу һәм қарапайым жыр. Қазақ баласы осы тектес жаны жұмсақ бейбіт өлеңмен өсуі керек. Бұл ретте бесік жырының сарынына, ертегінің ұйқасына ұқсайтыны ғажап: «Әлди-әлди бөпем-ау», «Ерте, ерте ертеде, /Құйрық жүні бөртеде...». Бауыржанның желмаясы Қорқытты һәм Асанқайғының сағымдай бейнесін жадымызда тірілтеді. Бұлар әлемді сақтар сұлулықты кие тұтқан, ізгілік аңсаған әулие жүрек иелері. Тұңғиығынан тартса тас бетіне өскен қынада қобыз сарын бар: «*Бота-қобыз киелім / Неге сонша боздадың?*» («Қобыз сарыны»). Қисын қайсы дер?! «*Қашсаңдағы өлімнен*» – бұл Қорқыт баба образы, аңызда ол қобызын желмаясының мойын терісінен жасаған дейді. Бауыржан жырларында жалған құсаның ізі жоқ. Кейбір жоқ қайғының өзін қайдағыдан қазып алғыш ақындарда бұл қасиет ырымға жоқ.

«Менің далам». Қазақ әлемінің флорасы мен фаунасын тегіс қамтитын отансүйгіштік рухтағы зоологиялық өлең. Оқып отырғанда жан сүйсінтетін бір құпия болатыны, адам жаратылысы табиғатқа телі. Оның аң-құсы, өсімдігі өлмесе, адамзат нәсілі өлмейді. Табиғатқа қазылған ор, жан-жануардың тұқымын тұздай құртар көр – бұл адамзаттың түбі өзі өкіріп келіп құлайтын қара көрі. Ертеде «қара» сөзі үлкен, ұлы деген мағынада қолданылғанын ескерсек, бұл

көрдiң көлемi дөңгеленген жер бетiн тегiс қамтуы тиiс. Эсхатологиялық дiни ұғымда ақырзаман.

Алтайдан кең көсiлген Атырауға

Сүйемiн мен даламды жан-тәнiммен.

«Санаған бабам иттi құт» – қазақ үшiн ит – жетi қазынаының бiрi. Сергей Есениннен берi болмаса да ақындар ит ғұмырды қарғайды. «Қусүйек ит қу сүйектi кемiрiп», келiмсек жұрт салтанат құра беретiн қалаға көндiксе де бекзат қазақтығын кимай, ұлттық дәстүрге берiктiгiн ауылға деген басылмас сағынышпен бейнелейтiн Бауыржан зарзаман ақындарынан берi қазақта астарлы болып кездесе беретiн урбандалған өмiрге қарсылығын «Ит туралы баллада» атты өлеңiнде берген. Өйткенi ол адамдарға деген мейiрiм мен сағынышты уағыздайтын ақын: «Кәрлен кесе», «Ұста шал», «Сиыр айдаған шал», «Ескi арба», т.б. Бұл сарын оның өзi өмiрiнiң жалғасы болып табылатын әкесiне арнаған толғау жырларында айдан анық берiлген. Ата өсиетi мен бала жолы жалғасады.

Ақынның жан азабы, зары, азаматтық қасiретi – Дегелең полигоны. Тегi африкалық студент Қазақстанның басқа жерiнiң атауын жадында сақтамауы мүмкiн, бiрақ Семей десе: «О, о, полигон!» деп дереу даусын созып, бiлетiнiн айтып шыға келедi. Бұл құсалы тақырып Бауыржан Жақыптың ««Омар қой сойған» бұлағы» атты балладада әсiре айқайсыз қоңыр мұңбен берiлсе; «Қоңыр үйрек»: «Өн-бойы сәулеленген қоңыр үйрек, / Өлсе де, туған көлге сүңгiп өлер», атом тажалдың көзге көрiнбейтiн сиқырын ұқтырады; «Атыңнан айналайын Абыралым» – Тәтiмбет күйшi, Өмiре әншi, Төлеужан ақын туған құт мекендi құрбандыққа шалу; қобызын бөлек бiр атқа артып жүретiн, «Телмiрiп теңдiгi жоқ ел болған кез» деп шер төккен, Дулат, Шортанбай, Мұратпен заманы бiр Жанақ ақын туған бұл өлкеде әлi талай таланттар туады, бiрақ сол құтты өлкенiң жаратылыс қорын, тiршiлiк көзiн, көшпелi бабаларым қылдай қиянат жасамаған ұлы даламызды отарлау арқылы қанатынан қайырып, «Қуарған шөп, тамбай көктiң кәусары. / Зәр секiлдi, у секiлдi кәдiмгi / Гүл атаулы сап-сары... / Шыңғыстауда жатыр мазар сазарып..» – улап кеткен қарғыс атқыр, мұхиттың арғы жағымен аңдысқан қу саясатты астыртын айыптайды. Абыралы – қазақ халқының есiмiн әлем таныған бiртуар үш бiрдей ұлы: Қаныш Сәтбаев, Ебiней Бөкетов, Ермұқан

Бекмаханов туралы деректі ғұмырбаяндық романдарды Мәскеудің «Тамаша адамдар өмірі» атты сериясымен шығарған жазушы Медеу Сәрсекенің туған елі.

Бауыржан полигон қайғысын «Жан дауысы» атты кең тынысты эпикалық поэмасында елін сүйген ұлдың үні мен құсадан тіл біткен жер, су, жел, тоғай, тау арқылы береді. *«Сөз десе ішкен асын жерге қойған, / Өлеңін өлтірмейтін ұлы ел қалды»* – Шыңғыстау, Абыралыдай құт мекенін ол артық туған ұлдарының өшпес рухымен қорғауға жанын салады: Абай, Тәттімбет, Шәкерім, Әміре. Өлім туралы өмір шуағын қоса өріп бергенде, мұңға оранған сұлулықтың трагедиясы ашылады. Ал жырының оптимистік сарынын ол *«Ұлы Абайдың туған жерін қорғайын. / Ұлылардың топырағын қорғайық!»* деп ұран түрінде, полигон жабылар алдындағы атақты Олжас ақын оқыған өлең түрінде беруді хош көрді.

Келешек ататұғын таңдар үшін,

Күл болып жанды талай жолбарысым.

Күлгін түс жеткізеді күлге айналған,

Дегелең деген таудың жан дауысын. («Жеті бояу»).

Өзі бауырында өскен, ата-баба зираты бар Берікқара тауы, Мыржық тауы, Арқат, Саржал, беріректе жыр мекен Жидебай, бұл өңірді өзге жұрт атом полигоны деп құрғақ ақбармен атауға тым шебер – Бауыржан үшін публицистикалық сарын емес, азалы жыр, ұрпақ үні. Осы поэманың эпиграфына Абай, Қасым Аманжолов, Төлеужан Ысмайыловтан сәуле құйылатын өлең алынған. Қасым жырында: *«Хан, Орда, Дегелең мен Құндызды, Арқат, / Дейтін Жер – шіркін көңіл құмар тарқат»*. Өзім туған құнарлы топырақ Құндыздыға Қасым ағаның аяғы тиді ме екен?! Жидебайға келген соң Рақымжанның Қасымы асу-асу бел асса таяу ауылға неге келмесін. Ол халық ақыны, соңғы эпик жырау Шәкір Әбеновты іздеп келді ме екен?! Ал Төлеужандай ерте кеткен тарлан таланттың табаны бұл жерге тигені рас. Біздер, осылардың тұяғымыз, солардың рухани аманатын арқалаймыз, тірі сөздің қазына қорын кейінгі ұрпаққа уағыздайтын хатшысы болуді мәртебе санаймыз. Расында мынау жарық дүниенің кереметтігі сонда, құдай текке жаратпаған жәндік атаулының, жауын құртының мәртебелі орны бар.

«Төлеужан ...ақын еді туа біткен» – Бауыржан қазақ әдебиетіне еңбегі сіңген жерлесі, аталас ағайыны, біртуар ақын, аударма өнерінің тарланын айтып отыр. Оның жарқын бейнесін жаңғыртуды көздегені құптарлық. Қазақ сөз өнерінде қайта ашылуын күтіп жатқан талай мықты бар: Төлеужан Ысмайылов, Тобық Жармағамбетов, Қарауылбек Қазиев, Ақан Нұрманов, т.б. Батыс әдебиетінде классик екені өлгеннен соң көп уақыт оздырып мойындалған Уильям Блейк, Амброз Бирс, Германн Мелвилл есімі ұмытылып қалып, қайта жаңғырған ақын-жазушылар.

Мирасқорлықты Бауыржан Жақып таңдап сүйеді. Ол азуын айға білеген ноғайлының қас жырауларынан жас ғұмырлы Бауыржан Үсеновке дейінгі тұтас бір ақындар галереясын жасайды. Оның өлеңдерінде ақындар есімі жиі аталатынын аңдадым. Бұл тамаша қасиет, ақынның ұлттық дәстүрге беріктігі, аталы бидей әділдігі, бекзаттықтың алтын қазығын жоғалтпау.

*Тайқазан Түркістанға алынған соң,
Басына бақ қонды қазағымның.*

Елдік атрибуттарды сүйіп бейнелеу, ертегілік сана, рухани дегдарлықты аңсау, өмірден өзі бөліп алғысы келмейтін өлеңінің желмаядай табиғи тазалығы Бауыржан жырларының артықшылығын айқындайтынына күмәнім жоқ.

07. 12.2006. / 23.10. – 31. 10. 2011.



II БӨЛІМ



ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬДЫ СҰХБАТТАР

АҚУШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВА: «БОЗ ДАЛАНЫҢ ЖУСАН ИІСІН САҚТАСАҚ...»

Айгүл Кемелбаева: – Ақұштап апай, армысыз! Қазақ өлеңінде бір төбесіз. Ақұштап Бақтыгереева десе, оның дербес ақын екенін білетін жұрт елеңдейді. Ата тегіңізде жүректен өшпес Алтын Орда тарихының жаңғырығы тұрған жоқ па! Ормандай орысқа «Киреев» деген есіммен сіңген түркі қаны Қырым мен Донның қатпар-қатпар шежіресінен сыр тартары айқын.

Композитор, өнер зерттеушісі Илья Жақановқа арнау өлеңде: «Иілгеніңмен сынбадың, аға, / Біздің ән-жырды тыңдады дала. / Әбубәкір деген айтқыштың тегі, / Қош келіп айтып тұрғанын қара», – көгіңізді қошаметтейсіз.

Бергі атаңыз Әбубәкір Кердері зар заман ақындарының алтын шоғырынан көрінді. Елдік пен ерлікті, ар-иман, адамшылықты жырлады. «Жігітке бақыт та оңай, дәулет те оңай, / Болса егер қабырғалы халқы оның...», «Еділ-Жайық екі су, / Ел қонарға тар болды». Нұрмағамбет Қосжановпен айтысында Ашубай Жарымбетұлы (1879-1943) «Өлеңші ұялмаған болса-дағы, / Дарига, Әбубәкір болу қайда?» – деп мойындайды.

Ақұштап Бақтыгереева: – Бар бол, Айгүл сіңлім! Сұрағың қиялымды алысқа жетелеп әкетті. Иә, Алтын Орда тарихы. Бізге жұмбақ нәрселер, ата-баба тағдыры мен тарихы ойлап кетсек, жүректі сыздата бермек. Сол «Киреев» хан менің Бақыт деген әкеме Бақтыгерей болып тіркелуі де ұлтымыздың ұлы арманының бір шеті болмасына кім кепіл? Бүгін саналы ұрпақты мазалайтын сауал ата-бабаларға да аз салмақ салмаған шығар. Келер ұрпаққа өткенін еске салар көпір бола алсақ, бізде не арман бар?!

Илья Жақановтың бабалары Еділ-Жайық бойынан үш ғасыр бұрын кеткен көрінеді. Әжесі нәсер жауыннан кейін «Шіркін, Еділ-Жайық сияқты айнала суға толды-ау» деп қуанады екен. Сол ағамыздың Еділ-Жайыққа ән арнауы да тегін емес. Илья ағай Жайыққа оралып келгенде алдынан шығып, өлең арнағанмын. Ал менің тегімде сөз өнері қонған

Әбубәкір Кердерінің қаны болса ше? Ол кісі қара сөзбен сөйлей алмайтын болған. 44 жасында жәрмеңкеде таңданған екі татардың көзі тиіп, өлген деседі. Әр шумағында үлкен философия жататын төкпе шешен, жырауды керітартпа деп оқытпай келген кезең ұрпақтың обалына қалғаны рас. Әйтпесе, Әбубәкір Кердері айтқан ойлы өлең бүгінгі еркіндік таңының ерлеріне де ауадай қажет дер едім. «Жасық туған жаманың, / Атқа мініп зор болмас. / Асыл туған бекзатқа, / Қой бақтырсаң, қор болмас. / Тегі таза жібекті, / Шұлғау етсең, бөз болмас. / Отыз ұлың жиналып, / Жол көрсетіп жүрсе де, / Тәңір өзі сыйлаған / Маңдайдағы көз болмас», – деп сөйлеген шешеннің айтқандары кезінде «Бисмиллямен» басталғандықтан, оқылмай қалды. «Еділ-Жайық – екі су» – сол заманда да, бұл заманда да есі барларға ой салатын ұлттық тағдырымыз.

Айгүл К.: – Қазақ лирикасы туралы арқалы ақын Жарасқан Әбдірәшев пен жас сыншы Тұрсынжан Шапаевтың әңгіме-сұхбатында («Жұлдыз», 1988) «Ақұштап Бақтыгереева секілді нәркес нәзіктігін қоспасыз асылзат қимастықпен сақтап қалғандары сирек», – бағалайды, ер мінезіне еліктеген, табиғатынан асып, еркек шора жырлар жазуға көшкен әйел ақындар сарынын жақтыртпай.

Қызын ұлша өсіру дүниежүзінде тек қазаққа тән бір ерекше мінез сияқтанады маған. Қолтаңбаңыздан сондай бұла мінезді көремін. Бұл қазақ халқы ғасырлар бойы жонғар шапқыншылығына ұшырағанының бір зардабы, бір шеті қазақтық, қазақ шыға бару, асыл еркіндіктің бұла сипаты. Қызын жаттай сыйлайтын, жаны елжіреп тұратын халықпыз, соның әсері. Әдемі, нәзік болғаныңызбен, Сіздің жырда жауынгерлік рух, қаһармандық күй бар.

Намыс пен кек түнеріп қабағында,

Мұң аралас жас тұнып жанарында,

Ел алдында арқадан жүгі түсіп,

Ақын тұрды тазарып ар алдында.

Жұбан ақын портреті. Өрлік пен елдікті жақтайсыз. Өке мен жылқыға жақындығыңызды ұл орнына ұлындай көріп өсірген ерке қыз, сүйікті перзент екеніңізден ұқтым. Бұл ноғайлы, жыраулар көгінен жалғасқан тектік нышан. Өлеңдеріңізде өсиет, шешендік, мақал-мәтелге лайық тобықтай түйін тұруы мұны растайды. Көптеген өлең

жолдары эпиграфка, афоризмге сұранып тұрады. «Білетінім: Отанын, Халқын сүю / Болу қажет қашан да басты мода!», «Жаным деген жігітті жат көрмендер, / Өзі сүю қыздардың сору ғана». Түйіп, кесіп айтасыз. Бұл үлкен суреткерлік.

Ақұштап Б.: – Нәзіктік о бастағы ұраным еді. Ал өмір арпалысына үйретті. Анама жаздым: «Әуреге түспе, оңаша баға алмассың, / Мұқалмай қалмас жүзі ақ алмастың. / Сен мені тағдырымның үлесінен, / Бәрібір оқшау сақтап қала алмассың» деп. Оның үстіне 70 жыл еркекпен теңсің деп, әйелді құрылысқа салды, трактор айдатты. Нәзік болу онайға соқпай қалды бізге. Бәрібір әйел ұядағы өмірге сән беріп, мейірім шашады. Тайрандаған ерсі қызда сән болмайды.

Ақ Жайықты жырлауым әсіре жершілдігім емес. Ұққан адам өз кіндік қаны тамған жерін өліп-өшіп сүйсе, тұтас Қазақстанды, Ұлы Отанды сүю содан басталады ғой. Бұл күнде мүмкіндігі барлар шетелден үй алып, аз күндік жан тыныштығына бәрін ауыстырып жүргенде мен жұмақтай Алматыдан облысқа көштім. Есейген ортам, мәдени ошақтар мен түсінетін көзқарасы сәйкес адамдарды қиып кету оңай болмады. Сөйтіп оралған Оралда мені ғажап ұққан кім бар дейсің?! Бірақ ата-баба мекеніне балалық борышымды өтемесең, сенің тірлігіңнің құны түкке тұрмайды деп ұқтым. Біреулерге бұл жай сандырақ, күлкілі болуы мүмкін. Егер мен келіп айтпасам, жас қыздардың құлағында ұлт тәрбиесі жайлы әңгіме қалмай бара жатыр ғой деп ойладым. Ал жас ұрпақ түгелдей мәңгүрт емес. Өз басым қазақ ұлтының есею сатысын, тағы да таяқ жеп тағдырына үңілетін ғасыры алда деп сенем.

Менің табиғат берген талантымды күндейтін, кейде домалақ-арыз жазатын сорлыларымен қоса, желкілдеп өсіп келе жатқан, қолына қалам ұстап, қоғам итеріп тастаса да, туған даланың мұңын жазатын жастарын сүйем. Шеттен келген идеологияның сырын ұғып, күреске шығатындар көбейеді деп үміттенемін. Халық деген – ұлы күш қой, бейбіт өмір болса, сол халық есейе түседі. Өз бастауына да оралуға да тиіс, әйтпесе құрып кететінімізді әр саналы азамат ұғарға керек. Әттең, біреулер тек бір күнмен өмір сүреді. Солар ғой қауіпті. Сатқындар мен жағымпаздар ғой талай тірлігімізді бұзып тұрған. Табиғат экологиясы ұрпақ ғұмырына қауіп төндіретінін әр адам ұғынатын кез келді.

Адамзат экологиясы бұзылса, тіршілікке қауіп төнетінін түсінетін сана мен сауат-дарын иесінің жібі босап тұрғаны рас. Шынында да, біздің медицина әлжуаз ауру баланы өмірге әкелмеу жағын ертерек ойласа, жақсы болар еді-ау. Ғылым дамыған кезде мүгедекті дүниеге келтіру қиянат. Бірақ біздің ұлттың айтуынша, ол жеті атадан келе жатқан қарғыс, өмір бойына шектірген азап. Қазақ тәрбиесі өмір бойына қан тазалығын сақтауды насихаттаған еді. Олар алыс руларды үйлендірген. Негізі, біздің халық – дана халық.

Айгүл К.: – Ақұштап апай, тілге шешенсіз, ауызекі әңгімеде төгіле сөйлейсіз. Жыр әлеміңізде эпикалық суреттеу қанық. Біздің қазақ әдебиетінде эпостық рухы білініп тұрмаса, ұлттық әдебиетке жатпайды.

«Кейде мынау тағдырға ризамын / Сезімталдау жаратқан ақын етіп», – дейсіз. Жазмышына риза болмау мүсәпірлік. Күллі келбетінде ақынға тән кескін, кейіп болмаса, оның несі ақын.

Ақ Жайық, отан, ел-жер, ұлт, адам мен табиғат, отбасылық құндылықтар, ана, қыз бала жаратылысы, мейірімділік, қоғам, ақындық, махаббат тақырыбын жырға қостыңыз. Өз сарын, өз үнімен шалқу ақынды ерек қылады. Әр өлеңде жан сырыңыз бар.

Бөлсе егер ана тілден, ананнан

Адам үшін қажет болмас жұмағың.

Қазіргі дәстүрлі қазақ қоғамын жалған дін жамылып кеп, ыдыратуға көшкен, бөгде идеологияны сырттан әкелгендерге айтылған сөз.

Өлең патшалығыңызда жасандылық, жігерсіздік, еліктеу жоқ. «Азамат! Жігіттің екінші есімі. / Жұртшылық сынының қорытынды шешімі», «Азамат емессің, сендегі жақсылық жүрсе егер өз қара басыңнан ауыспай» – Ақұштап апай, осы өлеңді мектеп оқуына енгізу керек, әрбір ұл бала жаттап өсуі тиіс.

Өркениет дамыған сайын еркектік нышан азып барады. Еркектік намыс өлсе, өмірде еш мән жоқ. Әйел сиықтану, еркек болғысы келмеу, қызтеке қылық жарты әлемді ойсырата жаулап алғыдай. Ібіліс көкейінде ақырзаманды шыр айналдыру бар. Олар насихат, жарнамадан алға шықты.

Нәзік әйелдің көзі, ананың жұмсақтығы азаматты танытатын жыр-ұранда ысырылып тұр, бұл бағзы батырлық

мұратты осы заманға бейімдеп айту, жыраулық дәстүр. Ертеде спартадық шыңдалу, әлжуаз ұлды өлтіру дәстүрі грек-рим мерейін үстем қылды. Ұл бала тумысынан дертті, қораш болса өлімге үкім ету қазір санада жоқ, қатігездік жоғалғаны имандылық, бірақ көпе-көрнеу ерге тән кесек мінезді қасақана құрту кесірдің зоры. Ерді жорта құлдилатудың небір қитұрқы тәсілін санаға жалғыз көз тажалдай төнген теледидар мен небір арсыздықтың қоқыс-қордасына айналған интернет арқылы таратуда. Европа азуды үдетті. Бір жынысты некені заңдастыруы сорақы. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады», «Құлақ естігенді көз көреді», – деген қазаққа мұның шеті келді. Тәңірі қаһары келетін оқиғалар үдеп барады. Анасы баласын сатуды бастаған есуас қоғам қайда барады? Экологиялық апаттар мен адамзаттың іріп-шіру процесі қосарланғаны айдан анық.

«Ақ Жайық, сенсің әр кез сыйынарым», «Шырылдар қарлығашың – Ақұштабың» – жағасына өрімтал өскен ақ Жайықтың арнасы тартылған суын жоқтап, мұнын шағып жүрсіз? Экологиялық күйзелістердің ұшы көрінер ме? Боз жусан дала, қазақтың кеңістігі Бальзактың романындағы сиқырлы құлан жарғақтай тарылып бара жатқан жоқ па?

Ақұштап Б.: – Адам өз табиғатын аттап кете алмаса керек. «Жинамай асық қалтаға, /Ерекше сенің өсті «ұлын». /Бір күні менің арқама, /Төгіліп кетті қос бұрым» дедім, ұл күткен әкеме. Тәңір жаратқан, маңдайға жазған тағдырды мойындау керек қой. Ал ерлік рух, өзің айтқан, қанда бар қайсарлық шығар. Кіндік қаным тамған топырақ Махамбеттің жортқан жері болса, бесігімді Құрманғазы күйі тербетсе, сызылып отыра беруге де болмай қалатын сәттер аз ба өмірде? Ал Жұбан ақын өз көзін көрген өр тұлғалы азаматтар ішінде ерекше еді. Ұсақ сөзге жоқ, мәрт адам болатын.

Боз жусан даланың исін сақтап қала алсақ, жарар еді-ау!.. Жайықтың тартылуы – ұлт ырысының кемуі екенін әлі біраз адам ұғынбай отыр. Менің ғұмырымның өзінде бекіресі құрып бара жатыр ғой. Ендеше, неге оның сақталу шарасына аз көңіл бөленеді?

Айгүл К.: – Өткенде жазушы Табыл Құлыяс торғайлық ақын Ырысты Шотбаеваны еске алып, ол «Сиыр сауып отырғанда мені өлең түрткілейді, – деп айтып еді. 10 баласы болды. Ырысты 90 поэма жазған ақын. Орысша оқыған қазақ

баласы ел болмайды екен. Анасының ақындық мұрасын іздеген біреуі жоқ», – деп қынжылды.

«Болса да нәзік гүл өнім, / Өсірдің еркек баладай. / Қыз деуді, әке, білемін, / Көңілің жүрді қаламай. / Қалмадым елі қасыңнан, / Мен болдым қызың, ұлың да. / Үйір ғып қойдың жасымнан / Қамшыға асау құлынға» – «Әкеме» атты өлеңнің лейтмотиві «Әке, қыз болсам да үмітіңді ақтармын, атыңды шығарармын» деген сертке ұқсайды. Әке аруағы риза шығар.

«Біздің халық ұл тілеген: / Шаңырағын ұстайды деп атаның» деп ағытылатын өлеңде қазаққа бұл үшін өкпе айтасыз: «Ұл тілеген болса-дағы не түрлі, / Құр қайтарып жүрсін мейлі кекілді. / Байқап тұрсам біздің халық ешқашан / Ақын қызды тілемеген секілді», «Тағдыры қыздың мүлде өзге», «Кейде мынау тағдырға өкпеледім, / Сезімталдау жаратқан ақын етіп».

«Кіммін мен», әйел ақын толғанысы: «Жыр жазар жылдар өтіпті жөргек жуумен, / Қаламдас достан шет қалғандаймын бүгін мен», «Жыр мен баланың арасы / Екі оттың ортасы секілді. / Анамын бөбегін сағынған, / Ақынмын жыр болып ағылған, / Көңілмін екіге бөлінген / Жүрегің екіге жарылған». Бесік тербеу, ана болу бақытын жиі жырладыңыз. Ана сүтімен сіңген қасиет.

«Өлең деген – күдірет қой, шынында». Еркекке не болсын жарасар, ал әйел заты шығармашылыққа жұмбақ құштарлығының сыры неде деп ойлайсыз?

Ақұштап Б.: – Ұлттық дүниетаным қызық, дүниеге сәби келсе, «Ұл тапты» деп қуанады. Бата берсе, «ұл тап» дейді. Қыз баласы көп болса, бір ұл сұрап зар илейді. Соңғы жылдары сауаттанған жастар жоспарлап ұл баланың санын арттырғанын мектептерден байқауға болады. Бірақ, жақсы оқитын, қоғамдық жұмысқа араласатын қыздар басым. Қазір журналистиканың өзін қыз балалар «жаулап алды». Ұстаздық пен медицинаны қойып, әскери қызметке қыздар араласып кетті.

Кәрі қыз көбейіп, бала саны кеміп кетсе – ұлт экологиясының бұзылуы осы емес пе? Негізі, қай ғасырда да, ер-азамат өз келбетін жоғалтпағаны ғанибет қой. Сол арманнан «Азамат атану – бір рет серт беру, өмірде пасықтық, күңкілді жек көру» – деп қиялдаймын. Қазір бизнесі бар естияр әйелдің қолына кіріп, күн көрген жас жігітті көрсем,

жиіркенем. Ал баласын тастап, не сатып жүрген қазақ қызының денесіне таңба басып жіберсе деп те ойлаймын. Құс та балапан өсіріп, ит те күшігін емізіп жүрген табиғи заңды бұзған қазақ қызын жауапқа тартқан дұрыс шығар. Намысты қыздарға қалам ұстататын ұлы сөз, ол – Намыс. Табиғат берген талантты ақшаға сатып алып, кітап шығарам деп әуре болып жүргендер – ақымақтар. Бәрінің бағасын беретін – Уақыт және Халық.

Айгүл К.: – Қасым Аманжолов «Оралым, сенің қойныңда, / Ойнақтап өткен жылдарым. / Жаркылдап Жайық бойында, / Достармен сайран құрғамын», – деп жырлаған ақ Жайықтың қызысыз. «Қазақ әдебиеті» газетіне алғаш өлеңіңіз шыққанда Сәбең, Сәбит Мұқанов елден ерек атыңызға ерекше мән беріп, «Жібек жолында сауда керуені таситын бедерлі жылтыр жібек матаны ақұштап дейді», – деп этимологиялық түсіндіріп беруі тартымды.

Фарица апай есімінің этимологиясында «бирюза» деген көгілдір асыл тас атауы бар. Иосиф Бродскийдің фольклорлық үлгідегі «Песенка» атты өлеңін оқып, оның неліктен ұлы ақын атанғанын сезіндім: «А у меня – слеза, жидкая бирюза, / просыхает под утро», – бұл неткен көркем көру, ұйқыдағы арудың көз жасы ма дейсің.

Асқан лирик ақын Төлеген Айбергеновтың «Оралдан ұшқан көк қаршыға» атты лирикалық өлеңі Сізге арналған. Оған жауап жыр арнадыңыз, әнші Гауһар Қаспақова ерен драматизммен орындайтын әнге ұласқан: «Мен сені ойлайтынмын / Таусылмас жыр-ән ғой деп, / Төменге конбайтұғын / Төкаппар қыран ғой деп ».

«Қарлығаштай кезіп жүріп жер-көкті, / Ертелі-кеш жудың талай жөргекті. / Әйелдігің аз болғандай, / Бір кездер / Оянады болмай қалған еркектік!», – Қадыр Мырза Әлидің Ақұштап қарындасына арнауы. Сағынғали Сейітов Ақұштап бейнесін өлеңнің аққуына теңеді.

«Ақұштап, неге есіме түсе береді, / Он сегіз бен жиырманың арасындағы» деп жазған қай ақын?

Ұлықбек Есдәулет «Ақжайық аруы» атты өлеңінде: «Көз қандай, келбет қандай, шырай қандай, / Көркінен күннің көзі нәр алғандай. / Аш белі ақ қайың боп бұралғандай, / Өлеңге өзі келіп сұралғандай», – десе, ол Сізге арналмаған, бір әдемі сіңліңізге арналған екен. Жеңгеніз Халима бала

кезден «Көркем қыз» деп атаған Ақұштап апай, құдай берген әдемілікке ризашылық жүрегіңізде неден білінеді?

Ақұштап Б.: – Әжем баласы болдым. Шешем Ақзила жеңгем сияқты еді. Әжем Қатира «Жалғызымды жаудан қайтарған жалғыз қыз бұл», – дейді мені. Анам 28-де. Әжем айтты дейді: «Мен түс көрдім, енді тумайды». Келіннің көңіліне келгенмен, әжемнің айтқаны келді. Қырқымнан шыққанда әжем менің қарын шашымды алғызбаған. Құйқасына ұстара тигізбеймін, өте жұқа. Осы қарын шаштан өсіріп бұрым өремін. Алмаңдар қарын шашын депті. Бүкіл ел бала қырқынан шыққанда қарын шашын алады. «Е, немене, әулие болады дейсің бе, елден ерек. Қатира немере қызының қарын шашын алғызбады. Барып, әйтеуір, шайын ішіп келдік», – деп көрші әйелдер күліпті.

Өлерінде әжем айтты: «Ешкімді қарғама. Қарын шашыңды алғызбап едім, айтқаның қата кетпейді».

Сабырхан Асанов «Сен қайтесің өлең жазып, өлең жазған қыздарға күн бермейді. Бәрі қызығады», – дегені бар. Еркектердің үстемдігіне отбасы берекесі үшін әйел көну керек.

Төлеген Айбергенов. 1967 жыл, мен 22 жастамын. Каскелең, күз, филологиядан практика өтіп жатқан кез. Көп студент. Бәріміз мектепте араласып тұрамыз. Сабақ бітті, үш қыз жалдаған пәтерге кетіп барамыз. Бір ағаштың түбінде қойтасқа шығып алған бір жігіт, жіп-жінішке, бұйра қара шашы таралмаған, өзі қап-қара, тасқа шығып өлең оқып тұр. ҚазПИ-дің студент жігіттері: «Қыздар, келіңдер мұнда, қарақалпақтан келген ақын жігітпен танысасыңдар!», – деп айқайлады. Ондай тәрбие жоқ бізде. Мойнымызды бұрдық та, кетіп қалдық. «Анау сары қыз, өлең жазады, Оралдың қызы», – дейді біреуі. Содан Төлеген намыстанып, «Оралдан ұшқан көк қаршыға» өлеңін жазды: «Сен маған душар болдың, / Батқанда бақтар сырға. / Мен саған сусар болдым, / Қатқанда қақтар шыңға. / Деміме мынау алқынған, / Сен енді тоқтарсың ба, / Оралып ұшқан алдымнан, / Оралдан ұшқан көк қаршыға!»

Айгүл К.: – Оралда Белла Ахмадуллинадан бірге жыр кешін өткіздіңіз. Екеуіңізден бір ұқсастық көремін. Мариям Хакімжановаға өлеңмен ризашылық білдірдіңіз. Кеше ғана арамызда жүрген ақын Марфуға Бектемірова: «Жүзі



таныс, жанға қымбат кім десем, / Періштенің қызы екенсін, Мариям», – деп ол-дағы өлеңге қосатын ақын апамызды көш басы санайсыз.

Авар ақыны Фазу Алиева, тәжік ақыны Гүлрухсор Сафиева, ұяң болғанмен жыры көркем, қуатты ақын Қанипа Бұғыбаева рухына жыр арнадыңыз. Евразия кіндігінен тараған халықтардың қандай ақын қыздарына іш тартыңыз? Қазіргі жастардан кім жақын? «Ақынды ақын оятпаса болмайды», бұл Мұқағали өлеңі, өсиет.

Махачкалада Россия ғылым академиясының Дағыстан ғылыми орталығы Гамзат Цадасы атындағы Тіл, әдебиет және өнер институты бар. Дағыстанның ұлы ақыны Расул Гамзатовтың әкесі Гамзат Цадасы Кавказ асқан халық ақыны болған. Былтыр Расул Гамзатовтың 90 жылдығына арналған халықаралық конференцияға орыс тілінде екі эссе жазып жібердім. Институт жариялайтын ғылыми жинаққа Расул Гамзатов шығармашылығы туралы екі зерттеу эссем енді. Институттың Расул Гамзатов мұрасын зерттеу орталығының меңгерушісі Фатыма Хамзеевна Мұхамедовамен электронды почтамен хаталысып жүргенде, белгілі қазақ ақыны Ақұштап Бақтыгереева Фазу Әлиевамен кездескенін мәлімдедім. Тау қызына жыр арнағаныңыз үшін алтын тапқандай қуандым. Фатыма ханым менен дереу өлеңді салып жіберуді сұрады. Өлеңнің тұпнұсқасы мен аудармасын почтаға салып жібердім. Мәдениет өзара ықпалдастық пен бауырмалдықты сүйеді. Әдебиетте еш шекара жоқ.

«Бабаларымыз күмістен белдеу тақ деген жоқ па? Ұлға да, қызға да кіндігінді күміспен жап» – дейсіз. Бұл ойыңызды құптаймын. Қазақша оқыған бала бәрібір көгіне тартады. Өз басым, балаларымды ана тілінен қағажу көргізбей өсіргенім ұлы стратегиялық қимыл, ел болуға тамшыдай үлес деп танымын. Мұның мемлекеттік саясаттан еш кемдігі жоқ екенін көп надан қазақ ұқпай жүр. Үш қызды қазақы тәрбиемен өсіргеніңіздің несібесі қандай екен?

«Өсірген күй атасын қайран шеше, /Өзіңнен емес пе екен даналығың?!» – Құрманғазының анасы, алып анадан туады дейді қазақ. «Ең алыс құмды өңірде Ғарифолла Құрманғалиев туған «Ақкөл» деген ауыл бар. Бұл аймақта ұлы Құрманғазыға домбыра үйреткен Ұзақ күйшінің моласы бар деседі қариялар», – деп ақпар бересіз, ұлы тұлғалар

туралы қылдай дерек қымбат. Ұрпаққа ұдайы өсиет сарынды ұстанасыз. Қазақ жерін қастерлеу парыз: «Шындықпен жаны өштер де, / Алдаумен өмір кешкен де, / Мекендеп сені жүреді / Өгейлік көрмей еш пенде. / Боз жусан дала, боз белдер, / Құландар еркін кезген жер. / Маңқиған дала – мінездің/ Қадірін аздау сезгендер». Қазақ халқының бұрынғы даладай дархан мінезінің сипаты шығады. Қазір ғой осы қазақы кең мінезді ақау, ақымақтық, бишаралық деп ұғатыны.

«Болмаса дүниеде сұлу қыздар / Кейінге айтылатын қалмайды аңыз».

Ананы сыйламаған қоғамнан не күтуге болады, біздер ұлттық байлықпыз ғой. Біздің қоғам қазақ әйелінің қасиетін сыйламай ойламай тұр дедіңіз бір сөзіңізде.

Ақұштап Б.: – Белла Ахмадулинамен Оралда 2002 жылы поэзия кешін өткіздік. Ол өлең оқығанда барлық дүниені ұмытып кететін, мен де өз өлеңімді жатқа оқимын ғой. Әдемі поэзия кеші болды. Қолтаңба жазып, кітабын сыйлады. Белла – ұлы ақын ғой. Тағы да «Киреев» хан еске түседі. Ресейдің ұлы ақыны – татар қызы Белла Ахмадулина бізбен қандас екеніне кім дау айта алмақ? Оның әр шумағы терең ойға толы ғой, шіркін! «Күтіммен өскен гүлге араны тербету бакыты бұйырмаған», – деген жолдарда қаншама ұғым жатыр?!

Цветы росли в оранжерее.

Им дали света и земли
не потому, что их жалели
или надолго берегли.

Их дарят празднично на память,
но мне - мне страшно их судьбы,
ведь никогда им так не пахнуть,
как это делают сады.

Им на губах не оставаться,
им не раскачивать шмеля,
им никогда не догадаться,
что значит мокрая земля.

Авар ақыны Фазу Алиева мен тәжік ақыны Гүлрухсор Сафиеваға өлең арнадым. Фазумен Фариза екеуміз 1973 жылы Москвада әдебиетшілер үйінде

(ЦДЛ) жолықтық. «Сен тау гүлі, мен – елік даладағы, / Бірақ ортақ жүректің қалағаны» деген жолдар сонда туды.

Гүлрухсор мені Душанбеге шақырды, бардым. Неғмат деген жары бар, ол үйде тамақты ер адам даярлайды екен. Неткен рақат деп ойладым. Гүлрухсор менің қасыма сүрме жағып, әуре болды. Оларға қона кететін қара сүрме маған жұқпай-ақ қойды.

Қанипа Бұғыбаеваның өмір жолының өзі ерлік. Римма Казаковамен Пушкин мерекесі тұсында 1979 жылдары дәмдес болдым. Алматыға келгенде көріп тұрдым. Ер мінезді ақын еді. Өзбекте Гүлчехра хабарласып тұрған, кейін байланыс үзіліп кетті. Зүлфияның өлеңін аударған да кезім болған.

Қазір өкшелес сіңлілерім хабарласып тұрады. Атырауда Бақтыгүл Бабаш деген жақсы ақын қызымды көріп кайтамын. Айтыскер Жансая Мусина Оралда, қасымда жүр.

Айгүл К.: – Жұбан Молдағалиевқа арналған өткір, күшті өлеңді 2014 жылдың 3 сәуірі күні Л.Н.Гумилев атындағы Ұлттық университетте қалың қауымның алдында оқығанда студенттер санасына елдік рухтың асқақ сәулесін түсірдіңіз деп білемін. Сахнадан өлеңді қызулана оқығанда жастар гу ете түскені көкейімде.

Ақырып теңдік сұраған, қасқая шындық айтқан ақынның ар алдындағы рухы биіктігін жырға қосу, билікке именбей қарсы сөйлеу жыраулардан мұраға қалған ата дәстүр. Жұбан ақынның бұл тірлігі, режимге жеке батыр болып тік айтқаны қанда бар адалдық. «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің!» – дегенде Үмбетей 17 жаста. Хан үкіміне қарсы айту бағзы қазақта бар мінез болса, кейінгі тоталитарлық дәуірде тұтас бір жүйеге лағынет айтудың салмағы бір басқа.

Ендігі қазақ тым үйкүшік болды. Урбандалу процесі тоқтамайды, қалаға шоғырлану көп дүниені шығынға шығарды. Бірақ дамуда басқа жол жоқ. Даламыз қаңырап бос қалса, бөтен халықтар бас салуға даяр. Ұлттық қауіптен құтылу үшін жылқы институтын, мал өсіруді жаңа заманға лайық үлгіде дамыту керек. Осы дилемманы ұлттық идеология қалай бітістірер екен?

Ақұштап Б.: – Тарихи құжаттардан құлаққа жеткен бір сөз тұр санамда: «Кең қыпшақ даласын мекендеген қазақ атқа қонса, көзі көрмей қуаттанып кетеді екен. Алдымен бұларды арғымақтан ажырату керек», – деген саясат болған деседі. Қазір далада мал бағатын, арғымақ баптайтын азамат

аз қалды. Ендеше, сол саясат дегеніне жеткен. Ата-баба Қобыландының Тайбурылын, Ер Төстіктің Шалқұйрығын өсиет еткен ұлттың ендігі ұрпағы атқа мінуден безіп кетті. Қымыз ішпеген жігітте қайрат-қауқар азайып, қыз кейпіне көшулері заңды құбылыстай көрінді ғой...

Айгүл К.: – Әдебиет ерлер үшін оңайға соқпайды. Әдебиетке өмірін бағыштаған әйел затына үш есе қиын тиеді. Қадыр ағаның иығына ауыр жүк артқан қыз-келіншектерді аяймын дегені бар. Біз екеуміз бақыттымыз, Ақұштап апай, құдайдың бермегенін тартып алудан аулақпыз. Қалам бергенге шүкір дейміз. Рас қой?!

«Белгісіз неге ғашық екені де / Әйтеуір, ақын деген жұмбақ адам».

«Қысқы түн» атты өлеңде махаббат лирикасы өте нәзік. Қыздың алғашқы сүйіспеншілік сезімінің пәктігі керемет. Түнгі қар образы – әсемдік тұспалы, қыз бен жігіттің тазалық, іңкәрлік сыры табиғат күйімен параллель берілгені әсем. Қыз пальтосының қарын жігіті қаққан сәт қыз кешкен сезім әлемдік лирикаға бек лайық. «Үлгермей мені не деуге, / Сен қарды еппен қаққаның. / Сау ете қалды еденге / Иығыма қонған ақ қарым. / Бір жалын шарпып өткендей / Селк етіп шоршып түстім мен, / Қапыда сусып кеткендей / Ақ торғын көйлек үстімнен...». Құс қанатындай асқақ періште дүр етіп көкке ұшқандай әсері бар. Өлеңде махаббаттың күнәлі жағы емес, періштелік сипаты ерен жарқырайды, қазақ қызына әсіре тән ұяңдықты, иба мен нәзіктікті, ұлттық менталитетті айдай жарқырата ашады. Эротикалық өлең емес, лиро-романтикалық өлең. Күйеуі текті, келісті, адал жар болса, ақын әйелге одан артық бақ жоқ.

«Қазақтың қыздарының ұяңдығы / Тастаған Мұхиттың да тілін байлап», – осы мінезі қыз баланың ең күшті қаруы емес пе.

Ақұштап Б.: – «Қымызды кім ішпейді, Қызды кім айттырмайды?» деген халық даналығы. Көрген көз қызықпайтын қыз болмайды. Кейде қыз бала да біреуге қызығып қалады. Ондайда Жиреншенің Қарашашы еске түседі. Әйел даналығы, ана жауапкершілігі мол жерде сабыр сақталады. Мұндайда жар сүйе білетін азаматтың ықпалы бәрін де орнына қоя алады. «Жарын сүйе білмейтін жасық еркек, / Елін сүйетініне күмәндімін» дейтінім сондықтан. Менің мінезім әкемнің еркекше өсіргені ғой. Менің формам

әйел, ішімде бір еркектік мінез бар. Қатарластарым мені Ақас, Ақаң дейді. Біреуі маған қыз деп қылмаңдап көрген жоқ.

Біреумен біреу көңілі жақын болса, ол тылсым сәті ғой. Мұқағали, Қадыр, Әнуар Дүйсенбиев маған інім деп қарады. Мұқағали маған аузын толтырып: «Бауырым!» дейтін. Софы айтты: «Бұрымын көріп келейік ана қыздың деуші едік». Үлкендер сары бала, сары қыз деп атайтын. Қаламгер, ақындар асау жүрек, қоршау, шектеуге сыймаймыз. Үйдегі жарымның мейірімі, жақсылығы мені ұстап келген.

Айгүл К.: – Қазіргі қоғамның қорқаулығын әшкерелейтін «Жүрек ауыстыру» атты өлеңіңіз бар: «Ал мен, достар, шынымды бүкпей айтсам, / Ауыстырған жүрекке күдіктімін. / Иемдену жүрегін басқа адамның... / Болмас па екен өзгеше тапса амалын?! / Нашарлаған жүрегі мына науқас / Алмақшы ма жүрегін жас баланың?..». Иман мен адамшылықтың зор сауалы үкімдей естіледі. Әлеуметтік теңсіздікті, қайырсыз бай, қайыршы көбейгенінің, пейіл тарылғанын жырға қостыңыз. «Молаларды сәнделік о заманғы, / Жас жігітке пәтер жоқ паналаған».

«Адамдар көргенсіздеу неге пасық?», – өмірдегі топастықты айыптайсыз. Әлдінің әлсізді талауы қайғыға батырады. «Қос қанат құтыла алмастай / Бұл ажал не деген күшті еді», – қарлығашты сұр мысық жеп қойды. Өлеңдегі тіршілікке тән ақиқат ұғыммен жүректі дір еткізер суреткерлігіңізге тәнтімін. Әсіреқызыл, бейсаналы сөздерге есте баспайсыз. Тілі жұғымды, ұғымға жеңіл, оқылғанда жан қинамайтын жатық ақын болуды А.С.Пушкин асыра бағалаған соң орыс поэзиясының күні атанды. Арнасынан лықси төгіліп, аққан судай мөлдір жыр шумақтары Сізде мол ұшырасады. Әйтпесе ажалды тырнаққа қапыда іліккен құс баласын бейнелеу сөз өнерінде аз емес.

«Ақ сөйлеп адал күлетіндермен, / Шындықты жақтап жүретіндермен, / Жаманға жағынбайтындармен / Жоқтыққа тарылмайтындармен, / Арманмен арылмайтындармен / Табысқым келеді менің».

Өмірдегі қарапайым шындықтарды көркем бере аласыз. «Ана үнсіз. Налиды ұл. Күйреп келін», «О махаббат, сен де бір бейнет пе едің?!», – «Ана сыры» атты өлеңге ене мен келін арасындағы қақтығыс, оның психологиялық астары арқау.

Ене мен келін арасындағы түсінбестік, жатырқау көп өлеңде бар. «Ана жүрегі», «Ана махаббаты», «Енші алу».

«Қыз үлесі қашан да – болу ана», «Ана сүтін, сәбидің иісін қадірле». Адам мен жаратылыстың үйлесімін жырлап, даласын сүйген жүрек толғайды. Ақұштап ақын ешкімге ұқсамайды, басқаны қайталамайды, бөгде сарынға қосылып кетпейді. Табиғи дауысын жоғалтпаған. «Мен әйтеуір халқымның бір қызымын, / Мына өмірді сүйетін осы күйде. / Ірі сөзбен сөйлейтін кей пенденің / Ұсақ өмір кешетін кезін білем».

Қазақтықтан нәр кетуі табиғи құбылыс па?

Ақұштап Б.: – Жүрек ауыстырып жатыр, ғылымға қажет шығар, кей адамға қажет шығар, бірақ жас баланы ұрлап сатып, жүрегін алып, күнәһар болғанға өзім қарсымын. Қиянатпен сүрген өмірдің не керегі бар?

Ене-келін – мәңгі тақырып. Қай ұлтта да бар жайттар, қазақтық нәр кету – сана тәрбиесінің әлі жұтандығы негізгі ұлттық үрдісті жоғалтқаннан болып отыр. Мәдениет пен сана тәрбиесі, білім бәрін қайтарады деп сенемін.

Иә, не де болса, маңдайға жазғанды, тағдыр сыйын қабылдауға міндеттіміз ғой. Әйел заты бола тұра, қалам ұстап, ұлт намысын қорғауға ат салысу аз бақыт пе екен? Елің ардақтаса, оқырманың қадірлесе, есіміңді қыздарына қойып, жолыңды тосып, бата алып, жастар жазғаныңа иланса, аз бақыт па екен? Одан өткен байлық бар ма? Басынан талайды өткеріп, өр қалпын сақтайтын ұлтымыз аман болғай деп тілеймін өз басым. Ел тыныш болғай!

Айгүл К.: – Қадыр Мырза Әлидің бейнесін өлеңде дәл бересіз. 75-ін елінде тойлап жатқан, 4 ай ғұмыры қалған қайран ақынға сахнада көк дөнен сыйлаған сәтте драма бар.

Қадыр аға рухына арнаған естелік жырда («Көк дөненнің кісінеуі») жерлес ақынның шешесінің басына қойған құлпытастағы жазуды эпиграф қылып пайдаландыңыз. «Ана қабіріндегі жазу. Баладан қайыр көрмеген, / Байдан да қайыр көрмеген, / Қайдан да қайыр көрмеген / Бұл жерде жатыр кейуана. Тас қойған баласы Қадыр».

Япырмау, Омар Хайямның өлмес төрттағанындай биік философия, ащы ақиқат, сағыныш, сүйініш, өкініш, жетімдік, жесірлік, қу тірлік, өлі аруақ мен тірінің зират басында қауышуы, мейір, кешірім, көз жасы, азанама, рухқа

тағзым, бәрі-бәрі – уақыт озғанда күнәһар жер бетінен рух аластаған сайын аспандағы жұлдыздай көкке өрлеп, бір ұлы нышанға айналып, құс жолына шығандап кеткендей таңғажайып әсер қалдырды жаныма. Ел-жұртына қайран ақынның жан құсасын аманат қылып жеткізгеніңізге рахмет! Ана рухынан аңыздағы адасқан ұлдай жаны құлази кешірім сұрап тұрған жоқ па, Қадыр аға?! Рухы неткен биік! Жанды, тірі сөз. Тұтас бір дәуірдің құса-наласын, трагедиясын ашады. Жұрт Қадағанды «Иірім», «Жазмышты» жазды, ақын-жазушылардың бет-бейнесін боямасыз көрсетті, құпия сырын ашты деп кінәлайды. Шындықты айтуда өз жанын да жаралап айта білген Ақыннан өткен кім әулие?

Ақұштап Б.: – Қадыр ағадан сұрадым, ауыр сөз екен дедім. «Қарағым, не де болса, шындық қалсын», – деді. Қадыр Мырза Әли менің ұғымымда да Әулие!

Айгүл К.: – Өнші, композитор Мұхит Мералыұлына арнаған цикл бар. Мұхиттың образын беруде эпикалық суретке басымдылық берілуі заңды. ««Айдай» – деп әнге салдың ала қырда». «Даланың тарады үнің сан қырына, / Ұрпаққа мәңгілікке қалды мұра. / Жаттаған ән-жырыңды мынау халық / Таланттың мән бермейді тағдырына», «Даланың дархандығы қанша болса / көре алмас күншілдігі сонша болған».

Сырым Датұлына арнауда осы түйткіл, қас жақсыға қиянат, кінәратты ойдың ұшығы тағы шығады: «Білмеймін, сол қазақта жоқ па қайғы, / Ұлысын тірісінде мақтамайды. / Шындық пен ұлылықты өлтірмейтін / Өлшем бар халық және уақыт деген».

Ақұштап апай, мақтамаса мақтамасын, риясыз мадақ тек бір Аллатағалаға лайық, бірақ жабыла талайтын күншілдер, жамандар барда өмір-күрес әсте солғын тартпайтын тәрізді. Мен сол бықсықтарға қазір мән беруді қойдым. «Ішің күйсе тұз жала!» – бұл құбылысты, түк жамандық қылмасаң да қарадай өштескен қиянатты негатив емес, позитив деп тану керек, сонда бәрі реттелмек!

«Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын, / Болсам да малға кедей, әнге баймын », – деп шалқитын Шашубай, «Мұхитта мал дегенде жалғыз сиыр » – деп өнері өлмесін жүрегі сезіп, кедейлігін шыбын шаққан ғұрлы көрмей мойындайтын Мұхит, «Боз торғай, шырылдайсың жерге түспей, / Мен

жүрмін кешке дейін тамақ ішпей», – деп жайнаған жастық шақтағы мойнына түскен қамыттай зарын шырқап салатын Өзірбайдың Кенені кедейшілік қамытын, ішқұсасын құстай қанат қақтырып, әнге ұшырған.

Ақұштап апай, сол мыңды айдаған байлардан не белгі қалды?! Шашубай мен Мұхит, Ақан сері мен Біржан сал, Сүйінбай, Сара қыз есімі өшпейді. Таланттар қара өлеңнен ән жырға айналып кеткені Тәңірі бұйрығы. Соған қарағанда, мұның бір құпия сыры бар. Өлшеулі фәниде дүние байлық бермеген құдай дарын атаулыны өлшеусіз бақида жарылқап, рухани байлықты еншілетері, асыл мұра көптің қазынасына айналары тасқа таңба басқандай айқын. Қандай керемет үйлесімді қисын: әркім өзі жиған-тергенін еншіліп қалмақ. Не ексең соны орасың. Боқ дүние десе дегендей атам қазақ.

Ақұштап апай, біздің бастағы бақ та осыған келетіндей. Белла Ахмадулинаның бір томдығы жеке кітапханамда болғанмен, оның өлеңін Сізден естіген әдемі бір әңгімеңізден соң оқуға көштім. Мен проза жанрына құстай төніп, көбірек жүгіремін, ақындарды сәл ысырып қоятыным бар. Проза өз стихиям болған соң.

Орыс классикалық өлеңінде тегі түркі Ахматова мен Ахмадуллина зор үлес қосқанын мақтаныш тұтамын. Күләш Ахметова мықты аудармашы тапса, бұл құбылысқа орыс сыны мән берер ме еді. Белла ханымның «Заклинание» атты мынау өлеңіне зер салыңызшы, біздің тірлік қой:

Не плачьте обо мне – я проживу
счастливой нищей, доброй каторжанкой,
озябшею на севере южанкой,
чахоточной да злой петербуржанкой
на малярном юге проживу.

...да под звездой моею и пресветлой
уж какнибудь, а все ж я проживу.

Әдебиет пен өнерді қастерлейтін ендігі қауым, туған елінің рухани қазынасын ардақтайтын, құнарлы үлес қосуға пейілді шығармашылық иелері кедейшілік торға өз еркімен түсетін бейқам құстарға ұқсайды, Ақұштап апа! Сол үрдіс өзгермек емес. Өйткені араны күшті жыртқыш құстардай болуды оларға Тәңірі жазбаған. Қазіргі жетілген заманда ұлы еңбегі қаламақысы төленбей рухы қорланып, ақын-жазушы, суретшісін қайыршы қылмаса да, кейде жарылқасын мейлі,

сырт форманы қуып кеткен қоғамнан ақ адал үміт күтуден жазған құлда шаршау жоқ.

Күміс үнді әнші Сәуле Жанпейісова Мұхит әндерін бабымен орындайтын дискіні ден қоя тыңдадым. «Айнамкөз», «Үлкен айдай», «Көк айдай», «Зәуреш», т.б. кең даланың баяғы эпикалық ұлы салтанатын өшірмейтін классикалық әндер. Осындай көркем дүниелер қазақтықтың қасиетін ерен ұлықтайды. Тыңдасам кино түсіргім келеді. Жайлауым қайда, қыстауым қайда?

Ақұштап Б.: – Баланы қазақша оқыту өте дұрыс, ұлтын сүйеді, тілін қастерлейді, қайырымды болады. Үш қызымыз қазақша оқыды, төрт немере қазақша мектепте, орыс пен ағылшын тілдерін толық меңгерген. Ана тілде оқыған баланың дүниетанымы дұрыс болатын сияқты. Орысша оқығандар қазақша айтқаныңды жартылай ұғады-ау. Ұлттық тіл мен тәрбиенің жөні бөлек қой түсінген адамға. Сонау жылдары Шона Смаханұлы ағамызға еріп, ұлт мектебін ашуға біраз жүгіргенім бар. «Ер Төстік» балабақшасын ашу жыры – бөлек әңгіме... Сонда Шона ағамыздың қолында нақты есеп жүретін. Түзету колониясына орыс мектебінде қазақ балалары көп түседі екен. Таза қазақ мектебі балаларының тәртібі дұрысырақ болатынын дәлелдеп бағатын марқұм. Қартайғандар үйіне де ата-анасын қазақ мектебінде оқыған ұл-қыз аз тапсырушы еді бұрын, қазір қайдам...

Әйелді сыйлау 8 наурыз күні ғой, қалған уақытта қоғам өгізше жегіп отыр емес пе? Қыз сыйлаған ұлтпыз, бірақ әлі кейбір қазақ жігіттері әйелге жеке меншік құралы сияқты қарайтыны рас. Әйелді ұлт анасы деп қастерлеу соларға байланысты.

Айгүл К.: – Тұмағаңнан Маралтайға дейін Сізге жыр арнайды. «Атадан туып, анадан адал сүт еміп, / Алаштың адал қызы атандың, Ақұштап апам», – деп жазған Маралтай.

Бүгінгі шыққан биігіңізге ризасыз ба?

Ақұштап Б.: – Маған арналған өлеңдер, шүкір, жетерлік. Қадыр, Тұманбай ағаларым мені туған қарындас деп санады. Бізді туыс еткен – Өлең. Төлеген Айбергенов – лап ете қалатын ақын, бір көргеннен жыр арнады. Мен ауызша жауап қайтардым. Кейін ол жолдар қыз қиялындағы бейнеге арнау өлеңге айналып кетті. Қыз біткеннің барлығы ұнатқан жігітін қырандай биік болсын армандайды емес пе?!

Жеңгем Қалима «көркем қыз» дейтін. Ол кезде ең жақын қайын сіңлісіне ат қоятын қазақтың салты еді ғой. Адамның әдемі көрінуі ішкі жан-дүниесіне байланысты. Біреуді қызғанып, күндеп, тырысып-ұрысып жүрсем, менің де келбетім тартымсыз болуы ғажап емес-ау. Мейірімді жүрек сыйлаған ата-анама мың алғыс айтып жүрем. Одан соң мені сүйе білген жар жолықтырған тағдырға, еркелеткен ағалар мен еліме, сыйлап өскен қыздарыма, жақсы жандарға алғысым зор.

«Мен, әйтеуір, халқымның бір қызымын, / Мына өмірді сүйетін осы күйде» дегенім деген. Туған жер, өз замандастарым алдында да адал жүріп, ақ сөйлеп өмір кештім. Менің бағамды ертеңгі ұрпақ пен халқым бере жатар. Аналық борышымды да, ақындық борышымды да атқарған сияқтымын. Жағымпазбен дос болмадым, жалған сөзге әуес болмадым, күштіге жағынып күн көрмедім, шындықты жақтадым, әділін айттым. Иә, ешкімнің көлеңкесі емес, өз орным, өз биігім, өз ойым барына ризамын.

Сұхбаттасқан: Айгүл Кемелбаева.

19.07.-20.07.2014.

БАҚЫТЖАН ТОБАЯҚОВ ПЕН СҰХБАТ

Бақытжан Тобаяқов, ақын. Халықаралық Түркі поэзиясы, Абай поэзиясы сыйлықтарының лауреаты, көптеген жыр мүшәйраларының жүлдегері. ҚР Ұлттық Инженерлік академиясының мүше-корреспонденті, ҚР Мәдениет қайраткері. Алматы облысы Кербұлақ ауданының құрметті азаматы. 30-ға жуық кітаптың авторы.

– Бақытжан аға, сөз өнері жарық дүниенің – ең кербезі, ең керімі, ең асылы. Қазақта техникалық жоғары білімді белгілі ақын-жазушылардың қатарында барсыз. Сізді өлеңге байлап қойған кие неде?

– Кие ана сүтінен ғой деп ойлаймын. Шешем классик ақын Қасым Аманжоловқа туыс болып келеді, ал әкем әйгілі Жанак ақыннан тарайды. Қасекеннің 100 жылдығына орай эсселер мен өлеңдер жаздым, олар баспасөз бетінде басылды. Мен үш-төрт жасымнан өлең шығара бастаппын. Ауылымызда Жұматай деген кісі болды, соның бой жетіп отырған екі қызы байға бір мезетте шығып кетіп еді. Сонда:

Мінгенім алатай мен құлатайым,

Қос қызың қашып кетті Жұматайым, – деген екем.

Әрине, өлең жазу – киелі өнер. Алғашқы дүниелерді жариялауға жүрексіндік те. Сонда да тұңғыш өлеңім он бес жасымда аудандық газетке жарияланғаны рас. Талдықорған өңірінде (Бостан ауылы) тудым да, Алматының іргесінде (Тұздыбастау кенті) өстім, осы мекендегі мектепті алтын медальмен бітірдім. Ағаларым Мәскеуде оқысын деді, алайда әке-шешем қарт адамдар болатын, оның үстіне тым әлжуаздау болдым, бойым кішкентай, өйткені онжылдықты он бес-ақ жасымда бітірдім ғой (мектепке алты жастан барып, бір рет кластан аттап өттім). Сол тұста физиктер, ядәршикерлер, ғарышкерлер жұрттың аузында болатын, одан бетер барлық сабақтан үздік болғаннан кейін қай кәсіптің құлағын ұстаудың шешімін табу оңай болмады. Сөйтіп политехтың энергофагына түсіп кеттік, кейін ол Энергоинститут атанды. Әлбетте, Олжас пен Ілияс ағаларым әдебиеттің ардақүрендері ғой. Осы Астанада Иген деген

бір фанат жазушы бар. Соның айтуынша, әдебиетке басқа саладан келгендердің жазған дүниелері мөлдір мүбәрак келеді, ал гуманитарийлердікі тым таптаурын, тым кәсіби, тым жылтыр болып келеді деп еді. Әрине, мұнымен мен көрнекті әдебиет өкілдерінің еңбектерін мансұқтап отырғам жоқ. Осында Аяған Сандыбай деген журналист азамат бар. Сол жігіт маған бірде «Біріншісіз ғой» деп еді. «Қалайша бірінші?». «Себебі Сіз әдебиетте жүріп қайтадан инженер болғандықтан біріншісіз, ал инженерліктен ақын-жазушы атанғандар біршама барсыздар ғой».

Қарап отырсам, шынында да жас кезімде энергетика саласында, электр станцияларында, ғылыми-зерттеу институтында істедім де, соңыра баспа, газет-журнал редакцияларында, телеарналарда, мемлекет органдарында қызмет жасадым, содан барып энергетикалық «KEGOC» компаниясына қайта келген екенмін. Енді, міне, 60 жас та иек астында тұр, не де болса өзімнің жолымды таптым ғой деймін, әдебиет, ғылым бойынша 30-дан артық кітап шығарыппын. Қазір бірақ «ерінбеген етікшілер» өз шатпақтарын жазып шығарып, әдебиет айналасын былғап бітті. Оларға тоқтау да, тосқауыл да жоқ, зейнетке шығып алып жазған шимайларын әдебиет ретінде ұсынатынын қайтерсіз...

– Қобызын ереуіл атқа теңдеп жүретін, «Телміріп, теңдігі жоқ ел болған кез» – зарзаман атанған дәуірде Сарыарқаны кезіп, қобызбен жырлайтын Жанақ ақын ғой. Эпикалық таңғажайып тереңдік сол бабаларымыз жыраулардікі. Тек ұғымы осал болмайды. Жырларыңызда ұлттық рухты қорғайтын, ата намысты қозғайтын сарындарға көп барасыз. Қазіргі заман гламурлы, әсіреқызыл дүниелерге, шоу сипатты, имитация мен симулякрға икем құбылыстарға тым құмар болғандықтан табиғи қасиеттерді місе тұтпайды. *«Қазақы бойда тұмармын»* деп жырлайсыз. Ұлттық құндылықтарды экзотика дәрежесінде арзандатып қоюдың түбі не болмақ?

– Енді ол менің ақындық кредом. Реноме дейді. Ұлттық құндылықтар арқылы өз елімді жаһандыққа кіріктіру. Ұлттық бай мұрамызды паш ете отырып, ойлы образдар ашу. Тұмарым да, құмарым да ұлттық рух, елдің рухани

кеністігін кеңейту, руханиятымызды ту етіп ұстау. Сол руханиятымыздың киелісі де, күй-өрісі де – әдебиет пен өнер. Мәселе экзотикада емес, қайта оған жан бітіріп жалпақ елге ұмсына білуде. Гламур да, амур да, жын ойнақ шоулар да өтпелі дүние ғой. Өтеді, кетеді, ал ұлттық асыл жауһарлар – мәңгілік.

– *«Бишікештер жаңа бір «ұлт» шығарды», «Дүниені билеп тұр ақша ғана»* – салтанат иесі арам ақша дейсіз, адам баласына емес, Алатауға мұнданасыз. Адам күбірін тау, тау күбірін Тәңірі естиді деген халықтық терең ұғымға сай. Әдебиет осы тектес образдарды сүйеді. Қазақ қоғамы нарық заманында нені тапты, неден айрылды деп ойлайсыз? *«Алакөлім – астамқоқ құс алабым»* – нені жырласаңыз да қазақтың ұлттық дүниетанымындағы тарылуға пейілсіз ақындық жүрек урбандалудың теріс жақтарын қалай қабылдайды? Ол болмаса әлемдік өркениетке ілесу тағы жоқ?! Бұл дилемма ма?

– Ақын заманының жүрек лүпілі болып тұруы керек. Кейбіреулер тар шекесімен тек интим-лирика болғаны дұрыс дейді. Бұл – керісінше, бұрыс. Қашан да ақын халық сөзін сөйлеген. Халықтың жоғын жоқтаған, мұңын, зарын айтқан. Шынтуайтпап келгенде, бізде мұсылмандыққа дейін тәңіршілдік болған, одан біз қашып құтыла алмаймыз, ол бойымызға сіңіп кеткен. Қазақ қоғамы нарық заманында тым еркінсіп кеткенмен, өзара бірлігінен, ағайынгершілігінен, бір-біріне деген алғаусыз бауырмалдығынан, кінәратсыз шынайы достығынан, бір-бірінің уайым-қайғысын бөлісіп жеуден айрылып қалды ма деп ойлаймын. Қоғамды эгоизм меңдеп алғандай. Бір-бірімен бәсеке, алашапқын дүние. Ал, өркениетке ұмтылу – әрбір мемлекеттің мақсаты ғой.

– *«Мең-зең менің алапара алашым», «Қарағым-ай, жетілмеген жетімек, / Шетке сатты мұндарлар», «Аманатын айта-айта алаштың / Қайран жүрек егілді»* – қазақтың әлеуметтік күйінде күйзеліс бар. Уайымсыз ел болмайды. Артынша *«Алаш барда уайым, құрсын қайғың»* деп тәубеге түсесіз. Ал ізгіліктің нышандарын қайдан көресіз?

– Ізгілік қасиеттерін келешек ұрпақтан көрем. Мағжан ағамыз да айтыпты ғой: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты мен жастарға сенемін!». Жас қауымның дінге

бет бұрғаны қуантады, бірақ та таза мұсылмандық дінді уағыздасын, әсіре діншілдіктің керегі жоқ. Орыс-нойыстың 300 жылдық отаршылдық езгісінде болдық қой, олардан жұққан ең сорақысы – арақ-шараппен елімізді ұлауы еді. Қаншама отбасылар күйреп, қаншама жетімдердің көздері жәудіреп қалды. Осы тұрғыданда таза ислам діні харамдықтан арылтады, жастарымызды жаңа түзу жолға сала ма деген үміттемін. Ал, біздің елімізде отарсыздану үдерісі әлі жүрген жоқ. Ең бірінші сананы, психологиямызды отарсыздандыру керек. Әлі де жалтақпыз, әлі де бұлталақпыз, әлі де үркекпіз, намыс пен жігерді бірінші орынға қойсақ, діліміз де, тіліміз де, дініміз де өз орнына келеді.

– Ақында кей мезет Алпамыстың күші болса, кей сәт жанында жасу басым. *«Бір Алладан сыйынып алам дарын»*. Өнер иелері өздерін құдайсыз көзге елестетпейді. Мұның сыры неде?

– Мұның сыры – ішкі дүниемізде, интуицияда. Біз тұрмақ Абай да, Пушкин де Алланы, Құдайды ауызға алып отырған. Құдай біздің ішімізде, жүрегімізде. Жүрегіміз неғұрлым сезімтал, ойымыз неғұрлым мөлдір болған сайын біз Аллаға бір табан жақындай түсеміз. «Махаббатпен жаратқан адамзатты» деген Абайдың сөзінде орасан ой мен идея, мақсат пен арман бар. Махаббат – бүкіл дүниені ұстап тұрған субстанция, түп-қазық. Отанымызға, елімізге, жерімізге, анамызға, адал жарға деген махаббат... кете береді. «Махаббатсыз дүние бос, /Хайуанға оны қосыңдар» – деп тағы да айтқан абызымыз Абай. Ынтызарлықсыз, құштарлықсыз, айналаңа деген сүйіспеншіліксіз, бауырмалдықсыз, достықсыз өмір сүріп керегі не? Онда оттаған жануармен бірдейсің, өмірдің мәні жоқ болады да.

– Елорданың бой түзеуін циклді көп жырға қосыпсыз. Ол жаттанды жырлардан емес, шынайы қуаныштан туса керек. *«Астанамыз Тұран-Алаш жұртының»* – Астанаға тамаша гимн болып туыпты. *«Байтақ елді барша әлемге паш ете / Бартал көшті бастан берген Елбасы»*, *«Осы жердің бөлек екен бітімі-ай, / Алашыма алаботен құтын-ай»* деуіңіз орынды. Қазақ елінің бренді осы кіндік қаламыз деп сенесіз. Қазақстанның рухани потенциалын неден көресіз?

– Сонау Сауран, Сығанақ, Созақ, Сарайшықтан басталған

астана парадын жырмен өрнектепін. Осы жерде сұхбатымды
өлеңмен өрнектегім келеді.

Астаналар парады

Уақыт деген ұршықтай зырлап аққан,
Айырмашы тәңірім, жыр-қанаттан.
Асқақтаған астана шежіресі
Бастау алған елордам – Сығанақтан.

Көненің көзіндей ғой сол шаһарлар,
Оларға үзілмеген жол сапарлар.
Өркениет үлгісіндей өлкедегі,
Тарихтағы кенттерім болса парлар.

Жайбарақат алайын қалай тыным,
Өткелекті өткерді талай сыным.
Самаладай болған ғой сар далаға
Сан ғасырдың куәсі Сарайшығым.

Анталаса жау біткен кіл тұстан мың,
Жауып қақпа, қолыма кілт ұстадым.
Қамалындай қазақтың, қорғанындай
Түркі дүние кіндігі Түркістаным.

Салсадағы дұшпандар жалын өртін,
Өшірмеді жүректі – жаным, сертім.
Феникстей түлеген дүр сілкініп,
Жібек жолы бойында Яныкентім.

Сахарада сап түзеп ғаскер легім,
Ел қорғаған батырды дәстерледім.
Күллі түркі дүниесі дүрмегіндей
Дүрілдеген жаһанға Тәшкен дедім.

Шекарамды бекіттім толым қолдай,
Тоба деймін өткенге, жолым болғай.
Орыс жұртқа кетсе де тарихымыз,
Болды астанам ойкүмен Орынбордай.

Одан әрі тірелдік Ақмешітке,
Оны ұлықтар астана, бас десіп пе.

Ақ пен қызыл шайқасып, сансыратып,
Санамызды бұрғандай басқа есікке.

Қасиеті қалар ма қарға тұнбай,
Бар ма шаһар дүлдүлі Алматымдай.
Өркениет өрісімен, желісімен
Зулай берер зымырап алға тынбай.

Неден мен де жығылып, ұтылайын,
Ендігіде алаштың құты дайын.
Ақмола мен Астана тұғырлары
Ежелгі кент Бозоғым, Бытығайым.

Арнаймын ғой тасына дастан әрбір,
Бар әлемге барқадар бас қалам жыр.
Арындасын алаштың аты көкке,
Жалындасын жарқырап Астанам дүр!

Қазақстанның рухани әлеуеті – мемлекеттік тілде. Мен қазіргі таңда «Руханият» партиясынан республика Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидатпын. Әдебиет айналасында жүргеннен кейін осы партия жаныма жақын. Оның үстіне мен партияның рухани көсемі атанған Мұхтар Шахановтың мемлекеттік тіл қозғалысының Астанадағы орынбасарымын. Бұл додада кім жеңерін енді бір Аллаһ біледі және халықтың қалауы шешеді. Осы партиямыздың бағдарламасында біз ана тіліміз – мемлекеттік тілді Конституциядан да жоғары деп ұйғардық. Өйткені ғасырлар бойы осынау байтақ жер-аумақты біздің ата-бабаларымыз ана тілімен қорғап қалды. Ана тіліміз және жеріміз. Екеуі ажырамас ұғым. Ал, қазіргі нарық заманында бәрі сатылып жатыр. Қазба байлықтардың басым көпшілігі шетелдік алпауыттардың қолында. Жер де сатылатын тауарға айналғаны қашан, оның да шұрайлыларын келімсектер алған. Жалғыз тіліміз қалды сатылмаған деп ұлт патриоттарының зар қақсап жүргені рас. Сонан соң Қазақстанда жалғыз ғана ұлт бар. Ол – Қазақ. Қалғандары – диаспора, этнос өкілдері. Көбісінің әрқайсысының өз отандары бар, тілдері сол жерлерінде гүлденуде. Бізде өзімізден басқа тіліміз қай жерде өркен жаяды? Сондықтан Қазақстанды көпұлтты демей, көпэтносты деген жөн. Және

де 130 ұлт бар деп ауыз толтырып айтқанға жақсы, ал шындығында олай емес қой. Бір ғана эскимос, 5-6 гагауз үшін көпұлтты бола алмаймыз ғой. Содан кейін Қазақстан Республикасынан гөрі елімізді Қазақия деу орынды. Себебі «стан» деген жұрнақтың мағынасы – республика. Ал, туған тілімізде ананың сүтіндегі жүзден аса дәрумен-витамин компоненттер секілді барлық жасампаз қасиеттер: батырлық, намыстылық, шешендік, көсемдік, өткірлік, болжампаздық, кеңдік пен биіктік, тереңдік пен мәрттілік, т.б. бар. Біз бабаларымыздың пассионарлық қадари-қасиетін қайтадан бойымызға әлемиеттің озық технологиясымен қарулана отырып сіңіруіміз қажет. Сонда ғана біз өркениетті, алдыңғы қатарлы ел боламыз.

– Осы газеттен «Жыл адамы» туралы сауалды оқығанда Москваның «ЖЗЛ» сериясынан қазақтың үш бірдей алып тұлғасы туралы үш үлкен роман жариялаған семейлік жазушы, жерлесім Медеу аға Сәрсекке ойыма бірден түсті. Ал соңғы кезде біздің әдебиеттің мәртебесін асыратын іс қылған кімдерді бөліп атар едіңіз?

– Әдебиет бойынша жыл адамы деп биыл мен Кәкімбек Салықовты атар едім. Ол кісі жыл басынан бастап төрт бірдей соқталы кітаптар шығарып, оқырман қауымға ұсынды. Ең алдымен ол Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романын қазақшалап, тамаша басылым етіп шығарды. Сонан соң қазақтың маңдайалды жұлдыздары болған – мемлекет қайраткерлері, ғалымдар Фазыл Кәрібжанов және Манаш Қозыбаев туралы кітаптар, одан бетер «Дүлдүлдер дүбірі» атты тамаша дүниені оқырманға тарту етті.

– Бақытжан аға, Елбасы жарлығымен Тәуелсіздіктің 20 жылдығы медалімен марапатталып, ҚР Мәдениет Қайраткері атағын алдыңыз. Мәртебеңіз құтты болсын!

Сұхбаттасқан Айгул Кемелбаева.

10.12.2011. – 12.12.2011.

СЕРІК АСЫЛБЕК: ЖАЗУШЫ ЕҢ АЛДЫМЕН ӨЗІН ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ АЙНАЛАСЫН ЖАЗАДЫ

Айгүл Кемелбаева: – Серік аға, «Фолиант» баспасынан 2008 жылы жарық көрген екі томдық прозалық кітабыңызды ықыласпен оқыдым. Қызылорда облысы әкімдігінің демеушілігімен «Сырдария кітапханасы» сериясымен шығыпты. Бұл ізгі іс, некен-саяқ болсын, әр облыстың осындай сериясына ену нарық заңына тәуелді жазушылар үшін Сахара шөліне тамған жауындай рухын жандандырар нағыз қамқорлық.

Кейбір жазушы қанша дабырайта мақталсын мейлі, олардың көркемдігі жоқ кітабын оқыған оқырман түлкіге зорлап қосқан тазыдай нәумез күй кешеді. Сол жазғаны жасық, әншейін қара көбейткенмен нашар категорияға қосылмайтын жазушы екеніңізге сенесіз ғой?

Серік Асылбек: – Айгүл, ең алдымен мынау бәрінен де уақыт тапшы болып тұрған қарбалас заманда менің шығармаларымның екі томдығын ыждағат қойып оқып шыққаныңыз үшін алғысымды білдіргім келеді. Өзіңіз жақсы білетіндей, жазушы өзінің көкірегін жарып шыққан әдеби туындысын осыны ертең біреулер оқуы мүмкін-ау деген үлкен үмітпен дүниеге алып келеді ғой. Егер осы үміт ақталып жатса, суреткер үшін ең үлкен марапат, ең үлкен бақыт сол ғой деп ойлаймын.

Енді алғашқы сұрағыңызға келейік. Онда Сіз: «Кейбір жазушылар қанша дабырайта мақталып жатса да, олардың көркемдігі төмен кітабын оқыған оқырман түлкіге зорлап қосқан тазыдай нәумез күй кешеді, Сіз өзіңіздің жазушылардың осындай категориясына жатпайтыныңызға сенесіз ғой?» депсіз.

Қадірлі Айгүл, жазушының өз шығармаларына өзі баға беруі, жалпы әдепсіздік саналады емес пе. Сондықтан мен де осы бір этикетті бұзбай-ақ қояйын. Менің қандай жазушы екенімді әдебиет сыншылары мен оқырмандардың айтқаны дұрыс болар, асылы.

А.Кемелбаева: – «Сағыныш» атты әңгімеңізде айдалада мал баққан екі үй қосқұдық басында көрші отыр. Жасұланның атасы жылқы бағады. Баланың ермегі атасы, ол немересіне ертегі, батырларды әңгімелейді. Дала мен қала бір-біріне жат ұғым. Әже – дала символы, оның кең, жомарт болмысы. Әжесі өлген соң, дархан өмір қарғадай бес жасар бала үшін келмеске кетті.

Қыр баласы енді қала тұрмысына, тар, шектеулі дүниеге бейімделуі керек. Осы әңгіме арқылы 1975 жылдары қазақ халқы үшін урбандалу процесі шапшаң дендей бастаған дилемманы шынайы көрсетесіз. Бұрынғы ата-бабаның кең жайлаған боямасыз өміріне шынайы сағыныш қазіргі қазақ ұлтының бойында қаншалықты сақталды деп ойлайсыз? Өткен көшпелі тұрмысын менсінбеу мен туған тілінен жеруден Кіндік Азияда алдына жан салмаған қазақтар әбден комфорт, рухани тоғышарлыққа құлай беріліп алған жоқ па?

С.Асылбек: – Сіз тілге тиек еткен «Сағыныш» – менің тұңғыш көркем шығармаларымның бірі. Сіз өз талдауыңызда «Осы әңгімеңіз арқылы 1970 жылдары қазақ халқының урбандалу процесінің шапшаң, әрі үлкен қарқынмен жүре бастағанын шынайы көрсетіпсіз» депсіз. Сіздің тарапыңыздан менің алғашқы шығармаларымның біріне мұндай баға берілуі, шынын айтайын, менің көңілімді біраз көтеріп тастады. Өйткені әрбір қаламгер үшін оның көкірегін жарып шыққан туындысы рухани перзенті секілді ғой. Ал қай ата-ана өз баласы туралы жылы лебіз естігенді теріс көреді.

Шынында да, қазақ халқының, оның ішінде әсіресе жастардың, ауылдардан қалаға қарай ағылуы 1970-1980 жылдары қатты белең ала бастады. Бұл табиғи процесс болатын, жер бетіндегі кез келген халық секілді қазақ ұлты да мынау техникалық процесс барынша қарыштап дамыған заманда бұл үрдістен тыс қала алмайтын-ды. Бір ғана мысал – қазір дамыған батыс елдерінде халықтың тек 15-20 пайызы ғана ауылдар мен деревняларда, хуторларда тұрады. Ол мемлекеттерде ауыл шаруашылығына да техникалық прогрестің барынша дендеп енгені сондай, әлгі 15-20 пайыз ауыл шаруашылық өнімдерімен өз мемлекетінің тұрғындарын қамтамасыз етіп қана қоймай, азық-түліктерінің біраз бөлігін сыртқа экспортқа шығарады екен.

Әрине, туған халқымыздың бірте-бірте қалалық ұлтқа айналып бара жатқаны, – біз қалайық, қаламайық, – болмай қоймайтын процесс. Бұл үрдісте біздің тапқанымыз да, жоғалтқанымыз да жеткілікті. Тапқанымыз – ұлтымыздың қалаға шоғырлану арқылы мемлекетімізде жүріп жатқан экономикалық, саяси процестерге ықпал ететін үлкен әлеуметтік күшке айнала бастағандығы. Өйткені мемлекеттің стратегиялық әлеуметтік-саяси мәселелері алыстағы шағын ауылдарда емес, осы үлкен өндіріс ошақтары шоғырланған, Парламент, Министрлер кабинеті, Президенттік аппарат, облыстық, қалалық әкімдіктер қоныс тепкен қалаларда шешіледі. Осы қалаларда қазақ ұлты шапшаң урбандалудың арқасында қазір саны жағынан басқалардан әлдеқайда басым социумға айналып отыр. Олай болса, жоғарыда біз атап өткен билік институттары алдағы уақытта бұл күшпен санаспай тұра алмайды.

Айгүл, ұмыта қоймаған шығарсыз, 1970-1980 жылдары Алматы секілді еліміздің ең басты мегаполисінде бір қазақ балабақшасы мен мектебінің ашылуы үлкен күшпен, ұлт жанашырларының орасан ынта-жігерінің арқасында әзер-әзер жүзеге асатын, өйткені ол кезде бұл қалада жергілікті ұлт өкілдері бар болғаны 15-18 пайыздың о жақ бұ жағында ғана еді. Ал қазір олар оңтүстік астанамызда 60 пайыздан астам үлесті құрайды, сондықтан да қазір ұлт тіліндегі оқу орындары жыл сайын ешкімнің күш-қайрат жұмсауынсыз-ақ табиғи жолмен өсіп, өркендеп жатыр. Осыған қоса қазақ ұлты қалаға шоғырлану арқылы жоғары білімге, сапалы медициналық көмекке, ғылыми инновацияға қол жеткізді. Бұл – біздің қалалық ұлтқа айналуымыздың жағымды жақтары.

Сонымен бірге жаппай урбандалу процесі кезінде біздің ұлтымыз біраз асылдарынан да айрылды. Олар – көршінің көршіге, ағайынның ағайынға деген мейірімділігі, бауырмалдығы, кішінің үлкенге деген ізеті, халқымыздың қонақжайлылығы. Осы қасиеттерден қазіргі қалалық қазақтар мүлде мақұрым деуден аулақпын, алайда қала бәрібір адамның жанын қатайтпай қоймайды. Мысалы, бір подъезде пәленбай жыл қатар тұрған қалалық көршілер бір-бірінің үйіне бас сұқпайды, отбасыларында бір қиыншылықтар болып қалса, бір-бірілеріне мүлде

көмектеспейді. Әркім тек өзі үшін, өзінің игілігі үшін ғана өмір сүріп жатқан бір жұрт. Мен «Сағыныш» деп аталатын Сіз атаған әңгімеде осы жайларды шамам келгенше өзім жақсы білетін кейіпкерлердің образдары арқылы көрсеткім келіп еді.

А.Кемелбаева: –«Бөтеннің тойы» – шоқтығы биік, мінсіз әңгіме. Мұнда дала мен қаланың бір-біріне ымырасыздығы, қала даланы менсінбейтіні, дала қаланы жерсінбейтіні; бірі шынайы әлем болса, екіншісі жасанды, өтіріктен тайынбас тасбауырлығы, қос полюстей бірін-бірі кері теуіп, кері кетісуі терең психологиялық иірімдермен ашылады. Қала – ғылым-білім, мемлекет тірегі болуы керек. Дала – оның кеңістігі, тынысы.

Әңгіме-повестерде шөл табиғатының қайталанбас бояуын дәл әрі сүйіп суреттейсіз. Сирек сексеуілдер, тарбиған дүзгендер, шалқыған құм кеңістігінде оазистей жалғыз түп жыңғылдың жап-жасыл басында сары шымшық отыр, ұясы бар. Баялыш бұталары басында бұжыр-бұжыр арқасын күнге қақтап кесірткелердің басы қылқияды. Құм жыланының иір-иір ізін оқырман зердесі көзімен көріп отырады.

Таңжарық – құмды ауыл баласы, Алматыда кәуәп пісірген сексеуілді көріп, туған ауылын елжірей сағынады. Құлтай – қырда өскен жігіт, туған жерінен алшақ кетпеген. 13 жасында интернаттан қашып кеткені тегін болмады. Ноқтаға басы сыймайды. Тіпті оның ағасы мен інісі отырықшылықты, жан қинамауды жөн көреді. Ағайынды үш қазақтың екі түрлі болмыс-бітімін дөп бересіз. Құлтай мал соңында көшіп, бейнет көріп жүре бергені, ағасы оның еңбегінің қызығын рахаттана көріп, шұрайлы қазы-қарта, жал-жаясын жеп, қыл аяғы інісі біркиер киімін алып кететіні соның айғағы.

Құлтай мектепті толық оқымай қалса да, көркем әдебиетті сүйіп оқиды. Оның прототипі кім? Ердің соңы тәрізді ерекше жұлдызды жігіт екенін үйлену тойына келген қаланың сайқал қызы жабыса қалғанда, жолдасының тойында шампан әкелу үшін атына мініп, күн ыстықта алысқа барған сәтінде танылады. Бірақ студент жолдасы оны досым деуге қомсынып, курстастары алдында жалтарып кетеді. Қала даланы бойына теңгергісі жоқ. Василий Шукшиннің «Алеша Бесконвойный» атты әңгімесінде: «Қалалықтар, иттер, қалайда өз мәдениетін көрсете алады, ешкімді

төмендетпейді» дейтін жері бар. Бірақ қазақ қала ұлттық мәдениеттің ұясы деп ұялмай айту үшін озық халықтардан ділі күшті берік дәстүршілдікті үйрену керек. Нарық әдебиетті көгертпейді, ендеше тығырықтан шығудың қандай жолын көріп тұрсыз?

С.Асылбек: – «Бөтеннің тойы» деп аталатын әңгіме – өмірде болған, өзім куә болған ситуацияларға негізделіп жазылған туынды. Әрине, көркем шығарма өмірдегі оқиғалардың тура натуралдық көшірмесі емес қой, сондықтан бұл туындыда автордың көркемдік қиялы мен идеялық көзқарасының да белгілі рөл атқарғаны түсінікті жай болса керек.

Құлтай менің құрбым, құрдасым болатын. Екеуміз бір ауылда – Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Қазалы» қой совхозының «Бірлік» деп аталатын №3 фермасында өстік. Оны мен әңгімеме өзінің ата-анасы азан шақырып қойған шын ныспысымен, атымен енгіздім. Осындағы Әли деген кейіпкерге менің аз-маз қатысым бар десем де болады. Алматыдағы институттағы оқудан босап, жазғы каникулға келгенде қой бағып жүрген Құлтаймен ауылда талай кездесіп, бірге жүрген кездеріміз болған. Сонда мені оның жан дүниесінің тазалығы, бетіне иманы шығып тұратын пәктігі және көркем әдебиет шығармаларын көп оқып қана қоймай, содан үлкен адамгершілік тәлім алғандығы риза ететін. Өзімнің азды-кем өмірімде осы күнге дейін мен дәл Құлтай секілді адамгершілік, адамдық сипаты жағынан мінсіз жаратылыс иесін өте сирек көрдім. Сондықтан бірге өскен сол құрбыма осы бір туындым арқылы көркем сөзден әдеби ескерткіш қойғым да келді бір жағынан.

Құлтай 1973 жылы 22 жасында Сырдариядан қайықпен өз отарын өзеннің екінші бетіне өткізіп жатқанда қапияда суға кетіп, қаза болды. Жалпы, ескерткіш дегеннен шығады, менің ойымша, біздің халқымыз екі тұлғаға – өзін дүниеге әкеліп, мәпелеп өсірген Қазақ Анасы мен өзін сонау есте жоқ ескі заманнан бүгінге дейін азық-түлікпен қамтамасыз етіп, асырап келе жатқан Қазақ Қойшысына – айрықша қарыздар. Ендеше Алматы мен Астананың, басқа да ірі қалаларымыздың ең көрнекті жерлерінің біріне осы екі тұлғаға арнап еңселі ұлттық ескерткіштерімізді асқақтатып қоюымыз керек, өйткені дүниедегі қазақ атаулының бәрі – кара да, хан да, батыр мен би де – қазақ анасының қойнынан



өрбіп, өркендеді, ал қойшылыққа келетін болсақ, біздің бәріміз сол алдынан құт-береке кетпеген қасиетті қазақ қойшысының ұрпағымыз, жеті атамызды алсақ, солардың кем дегенде екі-үшеуі заманында мал баққан бақташы болып шығады, өйткені мал шаруашылығы дала көшпенділерінің, номадтардың ең басты кәсібі болған, сондықтан да ата-бабаларымыз бір-бірімен амандасқанда «Мал, жаның аман ба?!» деп, әуелі малдың амандығын сұраған, себебі мал аман болса, жанның да аман болатынын олар жақсы білген.

Айгүл, мен қазақ халқы барда қазақ ауылы бәрібір сақталып қалады деп ойлайтын оптимистердің бірімін. Неге десеніз, дүниежүзілік өркениет қанша дамығанмен, адамзат бәрібір электрондық тауарлармен емес, ауылдағы бау-бақшаларда өсірілген көкөністермен, жеміс-жидектермен, фермерлік шаруашылықтардың жайылымдарында өсіп-өнген қойлар мен сиырлардың, жылқылардың, түйелердің, ешкілердің ет-сүтімен қоректенетін болады емес пе. Ендеше ауыл сақталып қалады, алайда қазіргі заманғы әлеуметтік өмірдің бір сегменті болып табылатын ол да, өзіңіз айтқандай, моральдық, этикалық тұрғыдан біраз өзгеріске ұшырамай қоймайды. Өйткені қазір біз, қалалықтар, көретін теледидарды ауыл да көреді, біз оқитын баспасөз өнімдерін ауыл да оқиды, ең бастысы, біз пайдаланатын интернетті де бұл күндері ауыл тұрғындары да жаппай пайдалана бастады. Осыдан шығарып айтсақ, Сіз бен біз бала күнімізде бал дәуренімізде өткізген қаймағы бұзылмаған патриархалды қазақ ауылы енді тарих қойнауына кетті. Әрине, сол ауылдардың келмеске кеткені біз үшін өкінішті, алайда атамыз қазақ «Елу жылда ел – жаңа, жүз жылда – қазан» деп бекер айтпаған ғой. Сондықтан да мен бұл күндері ұзын саны Қазақстанда 11 миллионнан асып, жер жүзінде 16 миллионға жақындаған қазақ халқының тағдырына зор шүкіршілік етем.

Қазақ халқының тағдыры қыл үстінде тұрған 1980 жылдары Ақселеу Сейдімбек ағамыздың Алматыдығы Қазақстан Жазушылар одағының «Қаламгер» кафесінде түстеніп отырғанымызда айтқан бір сөзі әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Сонда Ақаң күрсініп қойып: «Жігіттер, егер менің қазақтарымның саны өз Отанында 10 миллионға жетсе, мен келесі күні-ақ Аллаға мың да бір шүкіршілік айтып, о дүниеге армансыз жүре берер едім» деген-ді. Біз: «Неге,

Ақа?...» деп, мына тосын әңгімеге елең ете қалыстық. Ақаң сәл-пәл ойланып барып: «Өйткені ұзын саны он миллионға жеткен халықтың ассимиляцияға ұшырап, мүлде жоқ болып кетуі ешқашан мүмкін емес, егер Жаратушының тосын бір пәрмені болмаса. Тарих сабақтары бізге осыны айтады. Бұл – біріншіден, екіншіден, бұл пәнидің жалған екенін кім білмейді, сондықтан менің де әйтеуір бір кезде, – ерте ме, кеш пе, – о дүниелік болатыным ақиқат қой, сол кезде туған халқымның 10 миллионға толған қабырғалы ел болғанын көріп кетсем, менде бұдан басқа қандай ұлы арман болуы мүмкін» деген-ді. Бұл күндері, шүкір, сол асыл ағамыздың арманы орындалып, қазақ халқы үлкен қабырғалы елге айналып отыр. Сондықтан біздің Жаратушыға айтар алғысымыз шексіз болуы керек.

Ал «Қазақ аулының материалдық, моральдық тұрғыдан күйзеліске ұшырай бастағанын қай жазушылар тереңдеп суреттеді?» деген сұраққа келетін болсақ, мен олардың қатарына Ш.Мұртаза, С.Мұратбеков, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, М.Ысқақбай, Д.Исабеков, Қ.Мұханбетқалиев, Б.Нұржекеев, Т.Әбдіков, О.Бөкеев, Т.Нұрмағамбетов, Ж.Түменбаев, тағы басқа бір топ қаламгерлерді жатқызған болар едім. Сонымен бірге мен бұл күндері шығармалары біздің сыншылар мен әдебиеттанушылардың назарынан тыс қалып бара жатқан екі талантты прозашымыздың аты-жөндерін атай кетуді парыз санаймын, олар – марқұм Сейдахмет Бердіқұлов пен марқұм Болат Қанатбаевтар. Менің ойымша, Сейдағанның «Электрик», Болаттың «Жар басындағы жалғыз үй», «Керек адам» деп аталатын әңгімелері – қазақ аулының қайталанбас бейнесін жасаған классикалық дүниелер. Бұлар – қазақ аулының тағдырын суреттеген ең таңдаулы шығармалардың антологиясына ұялмай ұсынуға татитын әдеби жәдігерлер.

Жалпы, нарықтық экономика көркем әдебиеттің көсегесін көгертпейді деген пікірге мен көп қосыла бермеймін. Еліміздегі руханиятымыздың осы саласының құлдырап кетуіне басты кінәлі капитализм емес, кінәлі біздің заңымыздағы кейбір олқылықтар және біздегі кітап саудасы менеджментінің дамыған елдерге қарағанда артта қалғандығы. Мысалы, дамыған елдерде кітап өнімдеріне біздегідей қосымша құн салығы салынбайды, елдегі

мәдениеттің нығаюына, көркеюіне қамқоршылық жасаған меценаттарға кейбір салықтық жеңілдіктер жасалады және ұлттық көркем әдебиет, кино, театр өнерлері туындыларының өз халқының арасында кеңінен таралуына мемлекеттің өзі айрықша мүдделік танытып, өнерге, ғылымға деген бас демеушілікті өз мойнына алады.

А.Кемелбаева: – 1966 жылы көрнекті орыс сыншысы, әдебиеттанушы Игорь Золотусскийге жазушы Федор Абрамов Ленинградтан телефон соғып, «Север» журналын тап, Василий Беловтың «Привычное дело» повесін оқы, Русьқа үлкен жазушы келе жатыр» дейді. Золотусский рухани өліп, қаңырап құрып бара жатқан орыс деревнясы туралы бұдан артық дүние оқымадым, үйіңе пәле келгенінде жүрегің қалай ауырады, соны сезіндім деп тебірене жазады. Бұл повесте совет дәуіріндегі шаруа адамының ұдайы жоқшылыққа байланған, колхоз шөбін бір сиыры үшін түнде ұрланып шауып, үлкен отбасын асырай алмай, соның кесірінен әйелі зорығып өлген ащы қасіретін суреттейді. Ал советтік идеология мұны көрмегенсіді.

Орыс патриархальды тұрмысының ақыры А.П.Чеховтың «Шие бағы» кесіліп, И.А.Буниннің «Деревнясы» күйзелген кезден бұрынырақ басталған. Қазақ әлемінде орыстың басына туған күн кешігіп қайталанды. Қазақ әдебиетінде ауыл күні батқанын терең суреттеген жазушылар кімдер деп ойлайсыз?

Ауыл мен қала қақтығысы, ауыл адамдарының шынайы прототиптері анық талай әңгімелерде, сондай-ақ, «Тұқым» атты әңгіменізде керемет дөп берілген! Қазақы домалақ жала сөзді, өтірік қосып, тұздықтап, зиянсыз әсірелеуді көрсететін юмор тұсы: «Айдарбайдың үлкен ұлы Қорғанбек... әкесіне әбден көңілі қалған соң, «Енді бұл шалдың өлігіне келермін» деп кетіпті дегенді ауыл арасындағы әйел, бала-шаға сыпсың-сыпсың әңгіме етіп жүрді», «Осыны айтқанда, Қорғанбектің қасында кім тұрғанын құдай білсін, әйтеуір, көлденең жұрт: «Рас, одан шығады» десіп намазға ұйыған молдаша ықыласпен құп алысты...».

«Қысқы каникул» атты әңгімеде қазақтың көпе-көрнеу шоқиған, қыстауда жалған қонған оқшау тұрмысын, интернатта оқитын жас баланың анасына, ананың бауыр еті баласына жан тебіренерлік сағынышын, Мойнақпен

сырғанақ тепкен Шынтастың кейпін дәл суреттейсіз.

«Қоңыртаудың басында бір топ жусан» атты әңгімеде қазақтың жаны бар. Ностальгия қазақ жазушысына шын мәнінде не береді? Ендігі ұрпақ орыстан асып, шығандап, Европа, Америка, ағылшын шығып кетті. Олар тегіне қайтуға бейілді ме?

«Шеше» атты әңгімеде жесір әйел Толқын ұлын оқытты, жеткізді. Ұл есімі анық аталмай, ұл делінеді, қарақан басынан аспайтын, дөкей басшының күйеу баласы болу арқылы кісі болғысы келген, тоғышарлықты таңдап, заманға күйлеген, ең жақын анасы мен қарындасын үйлену тойына шақырғысы жоқ, бірақ шешенің жиған-терген ақшасын қағып алуға арланбайды.

Ауыл артта қала бермек, соған үкім етілген, саясат нәтежесі. Ауыл-қиын, қала-жеңіл, ауыл-сұрықсыз, қала-сұлу, сөйтіп, ұдайы салыстырулардан тектік белгілер ұтылып, ғаламдану ұта береді. Бұған не қайран бар? Қазақтықтың негізі, ұлттың алтын ұясы ауыл емес пе?!

С.Асылбек: – Айгүл, менің Сіз атаған «Тұқым», «Қысқы каникул», «Қоңыртаудың басында бір түп жусан», «Шеше» деп аталатын әңгімелерімнің бәрі дерлік біздің ауылдың тіршілігінен алынып жазылған дүниелер. «Қоңыртаудың басында бір түп жусан» деп аталатын туындыдағы шалдың прототипі мен 5-сыныпқа дейін қолында өскен атам Қани Қосымұлы болса, «Қысқы каникулдағы» шеше мен бала – менің анам Ләтипа мен менің өзім. Екінші дүниежүзілік соғыстың солдаты менің әкем Асылбек Өтегенов майданда қатты жараланып, Уфа қаласындағы әскери госпитальда 5 ай жатқаннан кейін, 1944 жылдың соңында әскер қатарынан босатылып, елге оралады. Елге келген соң 6-7 жыл колхоз председателі болып істейді де, 1950 жылдары бастықтың жұмысын райкомға қайта тапсырып, бір отар қой алып, қырға кетеді. Өзінің бұл қадамын ол кісі: «Менің сауатсыздықты жою мектебінде 3-4 ай алған азғантай білімім 1950 жылдардың басында бір-бірлеріне қосылып ірілене бастаған үлкен колхозды басқаруға қауқарсыз бола бастады. Елге бұл уақытта кәсіптік училище, арнаулы ауыл шаруашылығы техникумдарын бітірген жас мамандар келе бастады, сондықтан мен райкомға барып, арыз жазып, өз орнымнан ерікті түрде босануды жөн көрдім. Ол кезде



қанша майдангер болсаң да, шала сауатты адамға ауылда екі-ақ жұмыс бар, біреуі – қолыңа кетпеніңді алып, дихан болу, екіншісі – қазақтың ата кәсібі қойшылық. Мен екінші жолды таңдадым», – деп түсіндіретін.

Енді бәрі айқын болған шығар деп ойлаймын, «Қысқы каникулдағы» совхоз орталығындағы интернатта жатып оқитын, он күнге үйіне қысқы демалысқа келіп жүрген қойшының баласы Таңаттың прототипі – менің өзім. Бір айта кететін жағдай, малшылардың балалары кішкентайынан ел-жұрттан жырақта, жаратылыспен етене өскен соң болар, табиғатқа, ондағы өсімдіктер дүниесі мен жан-жануарлар әлеміне өте жақын, сезімтал болып өседі. Сонан соң қиялшылдау болады, олай болатын себебі айналаңда сенімен бірге ойнайтын құрбы-құрдастарың жоқ, ал бала болған соң бәрібір біреулермен ойнамай болмайды, сондықтан сол қиялыңдағы құрбыларыңмен асыр саласың, немесе «Қысқы каникулдағы» Таңат секілді азаннан кешке дейін Мойнақ секілді иттің бірімен жарысып ойнайсың. Әйтеуір айналысатын бір ермекті өзің тауып алуың керек.

Тағы бір айта кететін жағдай, малшылардың баласы орталықтағы жайлы үйлерде өскен ауыл мен қала балаларына қарағанда ерте есейеді. Малшының ауыр тұрмысы оны ерте есейтпей қоймайды. Мысалы, мен мектептегі екінші сыныпты бітіріп, үшіншіге көшкен жылғы жазғы каникулдан бастап демалыс кездерінде бір отар қойды жалғыз өзім бағып жүрдім. Әрине, күн сайын емес, жетісіне екі-үш реттен дегендей. Өйткені малшы да адам баласы, кейде оның да басы ауырып, балтыры сыздайтын кезі болады, немесе көрші ауылдағы құрдастары, құдалары, не нағашы-жиендері оны той-томалаққа шақырады. Сол кезде қой қотанда иіріліп тұрмайды ғой, оны біреу өріске шығарып, бағып келуі керек, әдетте сол біреу басқа емес, сол әлгі тойға кеткен малшының әйелі, не баласы болады. Біздің үйде менің шешем малшының зайыбы болса да, бір күн толық мал бағып көрген жоқ, ол жұмысты әкем, мен, кейінірек менің інілерім атқарды.

С.Есениннің бір көреген сөзі бар: «Не өтсе, сол аяулы» деген. Бала күнімде «Қысқы каникулдағы» Таңат секілді: «Шіркін-ай, совхоз орталығында тұратын балалар қандай бақытты. Әрқашан әке-шешелерінің, құрбы-құрдастарының

қасында, мына мен секілді әр каникул сайын әрі-бері шұбырып дiңкелемейдi. Менiң ата-анам не ғып осы бiр отар қойға байланып қалды екен?!» деп, арман ететiнмiн. Ал қазiр қарасам, сол қияндағы жалғыз қыстауда таңертеңнен кешке дейiн ақ тер, көк тер болып Мойнағыммен жарысып жүретiн қамсыз күндерiм өзiме ерекше ыстық, аяулы көрiнедi. Сол бiр ендi алтын берсең де сатып ала алмайтын, ешқашан оралмайтын балалық деп аталатын пәктiктi сағынам.

А.Кемелбаева: – «Ех, Россия!» – трагикомедиялық әңгiме, күлкiсi мен қайғысы тең. Қасқырбай – әскерден Қызылқұмдағы шағын ауылына жаңа оралған жас жiгiт. Бөрi – тотем. Қасқырбай – нағыз қазақ. Қазақтың көрсеқызар, әсiрешiл, елiкпе, ергiш мiнезiн ерекше дәл берiпсiз. Баяғыда таза қазақ ауылының бiр ауыз орысша бiлмей өскен баласы әскерден қайтқанда ана тiлiн ұмытып қалыпты-мыс. Қабырғада iлүлi тұрған әкесiнiң тонын көрiп жалбыранка, қамшыны – салбыранка, иттi зымыранка деген екен. Өркениеттi елдердi көрiп оралған қазақ сол анекдоттағыдай, өз елiн қораш санап, қомсынып, жатырқай қалатын тосын мiнезi типтiк мiнезге айналып кеткен. Бұл ой екiұшты, орысқа тән рухани дүниенiң бәрi көрiктi, қазаққа тән тұрмыстық дүниенiң бәрi өгiз арба iлбiңмен артта қалған тәрiзденедi. Бұл астары мол әңгiмеде ұлт мүддесi үшiн жаны күй, қазақ идеясы берiлген. Экономикасы дамымай артта қалған аймақтарды ит байласа тұрғысыз көрiп, нәпақасыз халық туған жерден кетiп жатқан, жаппай урбандалу сыры ашылады.

Гюстав Флобердiң «Мадам Бовари» атты әйгiлi романында провинциядағы бiр сұрыс өмiрден жалығып, жаны көркемдiктi аңсаған елгезек бас кейiпкерi сияқты Қасқырбай Ресейдегi екi жылда көзi көрген небiр артықшылықтарды аңсап, жаны құлазиды. Бұл этностық мүдде. Әңгiме юморы қарадай көз жасына бергiсiз. Орыс халқы әдiл, орыс озық деген идея басқа бiр әңгiменiңден кездеседi. Бiздiң қазақ қайтсе өзгелерден кем қалмайды?

С.Асылбек: – «Әх, Россия!..» әңгiмесiнiң тууына бiздiң ауылдағы мынадай бiр болмашы оқиға себеп болды. Бейсен деген кластасымыз бар болатын, өзi аңқаулау, адал, ақжарма жiгiт-тi. Сол Бейсен Ресейде екi жыл әскери қызметiн атқарып, елге оралады ғой. Бiрсыпара кластастарымыз, –

ішінде мен жоқпын, – құтты болсын айтуға Бейсекеннің үйіне жиналады. Дастархан жайылып, бір бірлерін көптен бері көрмеген құрбылар арқа-жарқа болып қалады. Әдеттегідей бәрі жүз грамдатады сол кездің салттарымен. Сүйтіп екінді кезінде ауылдың шетіндегі төбеге көтерілмей ме бәрі абыр-жабыр болып.

Жаз. Жарықтық Қызылорданың күні күйіп тұр. Оның үстіне ауа тымырсық. Сол кезде дембельге шығар алдында рота старшинасының көмегімен жергілікті саудагерлерден сатып алынған теңізшілердің көкжолық мәйкесімен тұрған Бейсен ұясына қарай дөңгелеп бара жатқан қып-қызыл күнге қарап тұрып: «Жігіттер, мына ыстыққа қалай шыдап жүрсіндер?! «Әх, шіркін Россия!.. – дейді ғой мәйкесінің кеуде тұсын бір қолымен желпіп қойып күрсініп. – Әх, Россия!.. Саған жер жетпейді ғой әлемде!..». Кластастар әуелі Бейсекеннің бұл тосындау монологына түсініксіздігімен қалады, кейінірек көздері мәселенің мәнісіне жеткеннен кейін арқа-жарқа бір күлейін десе, Бейсекеннің түрі өте байыпты, орысша айтқанда, өте «серьезный». Сағыныштан дымданыпқырап кеткен қой көздерін батысқа, яғни Россия жаққа қадап алған.

Міне, осы бір кішкентай деталь осы әңгіменің жазылуына түрткі болды. Әңгімедегі қалған оқиғалар Ресейдегі әскерде қызмет еткен таныс, жолдас жігіттердің бастарынан өткен әртүрлі эпизодтардан құралған. Былайша, айтқанда, бұл әңгімедегі Қасқырбай – Ресейде әскери қызмет еткен қазақ жігіттерінің жинақталған типтік бейнесі.

Айгүл, сіз «Әх, Россия!» – трагикомедиялық туынды, күлкісі мен қайғысы тең» деп, бұл әңгіменің табиғатын бір ауыз сөзбен дәл ашып беріпсіз. Шынында да, Қасқырбайдың көптеген іс-әрекеттері мен мінездері оқып отырғанда күлкі тудырғанымен, оның ар жағында қазақ жанына орыс отаршылдығының салған ауыр жарасы жатыр. Қасқырбай неге дастарханда үкіметтің заңды өндіріс орнынан шыққан арақ-шараптары самсап тұрғанда өзі әскерде жүргенде деревнядағы кемпірлерден сатып алып ішкен қайдағы бір орыс самагонын аңсайды, неге ауылдағы сүмбіл шаш, кара көз аруларға көңілі толмай, Ресейде қалып қойған Наташаның ыстық құшағын, аспан түстес назға толы әдемі көгілдір көздерін ойлап сағынады. Өйткені ол отарланған

ұлттың өкілі, сондықтан оған қазақы атаулының бәрі артта қалғандықтың, ал орысқа тәннің бәрі озықтықтың, прогресстің белгісі секілді боп көрінеді. Жасыратын несі бар, егемендік алғанымызға жиырма жылдан асса да, осындай кембағалдық комплексі (комплекс неполноценности) көбіміздің бойымыздан әлі арылып болған жоқ қой, өйткені философ қазакең біліп айтқандай, ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады.

А.Кемелбаева: – Қазақ қоғамының кертартпа бейнесін әжуа күлкі, ащы мысқыл арқылы суреттейсіз. «Алтыбақан» – Жаңабек әділет іздеген кейіпкер. Ол ауылдағы қазақбайшылық кері кеткен көнбістік пен озбырлыққа шыдай алмай тілші болады. Оның аудандық газетке басылатын мақалалары расында арыз-шағым. Мұнда тіліп түсердей қазақ ақиқаты бар. Осы әңгімеде «Алдош – Алданыш – Алдакең» кейіпкері қоса жүр. Кез келген кейіпкеріңіз арқылы, мейлі ол жақсы не жаман болсын, қазаққа ғана тән психологияны беру шеберлігіңіз ерекше.

Әуелде бір шығармасынан екінші шығармасына кейіпкерлері ауысып жүре беру тәсілін Джемс Фенимор Купер, Уильям Фолькнер, Эрнест Хемингуэй үлкен прозада дамытты. Сол өміршең тәсіл өте әсерлі, мен оны біраз әңгімеде ұштастыра жалғастырдым.

Жаңабек тілші шындықты атымен түстеп айтқаны үшін ақ қарғаның кебіне ұшырап, қоршылық соққыға жығылды, сотталып кете жаздап, қарадай 1000 сомынан айрылды, ауылдан аласталды. Ең жаманы, оның шындық сүйгіш рухы жасыды, қай заманда болсын адалдықтың құны көк тиын екенін ұқты. Қазақтың жақауратқан өтірік мінездері оның титығына жетті.

Осы әңгіменің негізгі идеясы күштінікі қашанда заң, жарамсақ жұрт екіжүзділікке еті үйренген, соның үшін зұлымдыққа елең етпейді, әманда «Сен тимесең мен тиме, бадырақ көз» деп бұғып қалады деген елдік құса. «Алтыбақанды » жазуға не түрткі болды?

С.Асылбек: – Біз осы күндері қит етсе, билікті кінәлап жатамыз. Айталық, дер кезінде суарылмағандықтан бір фермердің егіс алқабы курап кетсе де, немесе бір жекеменшік фабриканың шатырын дауыл ұшырып алып кетсе де. Қойшы, әйтеуір бәріне кінәлі солар, яғни биліктегілер



сияқты болып көрінеді бәрімізге. Мен бұл арада билікті ақтап алғалы оларға адвокаттық қызмет көрсетіп отырғаным жоқ. Рас, мемлекетімізді жегі құрттай жеп, әлсіретіп жатқан да биліктегілер, параны мыңдап емес, миллиондап қылғытатындар да қарапайым көпшілік емес, сол лауазымды атқамінерлер, сүйтіп қоғамды айрандай ірітіп жатыр сарбаздар. Бірақ солар қайдан шықты? Жер астынан тесіп шықты ма, әлде аспаннан парашютпен салбырап түсті ме? Жоқ, нақ біздің қоғамнан, өзіміздің қақ ортамыздан шығып еді ғой. Олар біреуіміздің сыныптасымыз, біреулеріміздің ауылдасымыз, енді біріміздің нағашымыз, немесе жиеніміз. Ендеше бар гәп біз өскен қоғамда болып тұр екен ғой!.. Егер біздің бәріміз анау Балтық жағалауындағы эстондар мен латыштар, немесе Скандинавиядағы шведтер секілді шетімізден турашыл, әділетті, парақорлық пен екіжүзділікке атымен төзбейтін ақжүрек жандар болсақ, олар да бізден шығандап алыстап кете алмас еді ғой. Өйткені кілең әділетшіл, турашыл ақжүректер ат төбеліндей билікті ондай оспадарсыздыққа барса, жаппай митингілетіп, бір-екі аптаның шамасында бір жағына шығарар еді ғой. Жоқ, біз, жасыратыны несі бар, ондай ақжүректер емеспіз, біз де билігімізге ұқсаңқыраймыз, дәл солардың өзі болмасақ та, мінезімізде, құлқымызда соларға тән толып жатқан белгілер бар. Ендеше Қазақ қоғамында болып жатқан кінәраттарға билікпен қоса біз де кінәліміз.

Айгүл, жалпы көркем шығарманың идеясын автордың ашып көрсеткенінен гөрі, оқырманның, одан да гөрі әдебиеттанушылар мен сыншылардың ашып көрсеткені тиімдірек болатынын екеуіміз де жақсы білеміз ғой. Алайда өзіңіз сұрақ қойғаннан кейін этикетті сәл-пәл аттап, өз шығарманың идеясын өзім айтуға тура келіп отыр. «Алтыбақан» повесін (мен бұл әдеби туындының атын кейінірек «Ақ қарға» деп өзгерттім) жазу барысында мен өз оқырманыма осындай идея айтуды мақсат тұттым. Ал повестің бас кейіпкері Жаңабекке келетін болсақ, мұндай адамдар әр ауылда, әр ауданда бар. Бірақ бір өкініштісі, қоғамдағы былық-шылыққа көз жұмып қарау әбден қанына сіңіп кеткен қазақтардың арасында олар тым аз, көп қара қарғалардың арасындағы азғантай ақ қарға секілді бірлі-жарым. Сондықтан да олар дәл қазіргі күндері біздің қоғамымызда ауа райын жасай алмай отыр.

«Алтыбақан» повесіндегі Жанабектің шығарманың соңында қоғамнан тауы шағылып, жалғыздыққа ұшырауы менің қалауыммен болған ситуация емес, қазіргі қазақ қоғамының шындығы тудырып отырған жай. Мен мына азды-көпті өмірде осы кейіпкерге ұқсас бірнеше азаматты көрдім, алайда әділет үшін жүрегін суырып беруге даяр осындай жандарға біздің кертартпалау қоғамымыз әпенділерге қарағандай шекелерінен күліп қарайды, сондықтан да соттарда да, біздің қазандай қайнаған әлеуметтік өмірімізде де көбінесе әділет жеңіліске ұшырап жатады. Осының бәрін сараптай келгенде данышпан Абайдың біз туралы: «Бұл қазақ иә қолында шексіз билігі бар, немесе шексіз байлығы бар адамды ғана тыңдайды, оған әділеттің де, адалдықтың да қажеттілігі шамалы» дегені рас болып шықты ма деп қауіптенем. Және Абайдың заманындағы қазақ пен қазіргі жаңа қазақтардың құлқы мен мінезі (олардың үстеріндегі киімдерін, көздеріндегі көзілдіріктерін, астындағы көліктерін айтып отырғанымыз жоқ) бір бірлерінен онша көп алыстап кетпеген сияқты. Ең қатерлісі – осы, өйткені Абай дүниеден өткелі арада бір ғасырдан астам уақыт өтті, – ал бұл аз мерзім емес, – ендеше дүниежүзілік даму заңдылығына сай осы жүз жылда біз ұлт ретінде сапа жағынан көп ілгерілеуіміз керек еді ғой. Алайда, өкінішке қарай, әзірше олай болмай отырғанға ұқсайды.

А.Кемелбаева:–«Үлкен қаладағы кішкентай оқиға» – өте нәзік, лирикалық әңгіме. Жас қыз – Гүлсара, балаң жігіт, студент – Таңжарық. Жастық шақ – таңғы шықтай тазалық бар. Алғашқы махаббаттың оқыс тұтануы. Қимастық. Аэропорттағы бейкүнә айырылысу. Екеуінің тағдыр жолын автор жұмбақ қалдырады. Бірақ жігіт қызды іздеп соңынан барардай зарығады. Маған бұл әңгіме өлеңдей сезілді. Автобиографиялық сарындары бар сияқты?!

С.Асылбек: – Айгүл, «Үлкен қаладағы кішкентай оқиға» деген әңгіменің автордың өмірбаянына қатысы бар ма?» деп сауал қойыпсыз. Иә, ептеп қатысы бар. Біздің бәріміздің өсіп шыққан Отанымыз ол – балалық, жасөспірім шақ қой. Аталған шығарма менің қаламгер ретінде әлі ештеңемен ласталып үлгермеген алғашқы ақша қар секілді балауса, мөлдір сезімдерімізге қойған әдеби ескерткішім десем де болар. Бұл әңгіме ең алғаш рет «Мәдениет және тұрмыс»



журналының 1982 жылғы 7-інші нөмірінде «Абитуриенттер» деген атпен жарық көрді. Ол кезде бұл басылымның таралымы 450 мыңның, яғни жарты миллионның шамасында еді. Өзіңіз айтқандай, аталған шығарманың басты кейіпкерлері балаң студент жігіт Таңжарық пен жас қыз Гүлсараның өмір жолын финалда шешілмеген жұмбақ күйінде қалдырдым, өйткені адам баласының алдағы тіршілігінің қалай жалғасары әрдайым белгісіз ғой, оның қалай болары тек бір ұлы Жаратушыға ғана аян, сондықтан да біздің бәріміздің тағдырымыз кейде өзіміз мүлде күтпеген бұрылыстарға толы. Мүмкін адам өмірі сонысымен қызық, сонысымен ғажайып шығар.

А.Кемелбаева: – Серік аға, алғашқы балаң махаббатты «Мектеп бітіру кеші», «Рабиғаның махаббаты», «Сары қыз», т. б. әңгімелерде терең, психологиялық қалтқысыз суреттейсіз. Мұнда қазақ тұрмысындағы кері өзгерістер бар, мұғалім әйелдердің арақ ішуі, қазақ тілі шұбарлануы, ерлердің бос мылжындыққа, рухсыздыққа салынуы. Бостекі көке мылжынды қазақ ертеде бәдік бас деген. Ендігінің бәдік басы Гогольдың Ревизоры – Хлестаковтан еш кем емес, жүрген жерінде үлкен құрметке ие. Жаттанды, өлең-жырларды көсілте шешенсіп, бір сәтке өзге жұртқа данышпансып көріне алады. Өйткені қазіргі шоу өнерге әбден үйренген надандау халық әдебиетті, құнарлы сөзді өзі жарытып білмейді, сондықтан бір псевдофилософ шықса шынымен мәз болып, түк көрмегендей таңырқай қалуға, қадір тұтуға еті үйренген.

Махаббаттың бағы мен соры кілең үштікке байланған. «Мектеп бітіру кеші», әңгімеде ересей басталар сәтте Нұрашқа Алмагүл жабысады. Ең кереметі, ол зәлім қыз бозбаланың Бибіжанды ұнататынын біле тұра, араға тікенек болып өсіп шығады. Жас десе де нағыз сайқал. Балауса қыз кезінде-ақ кей әйелдің қулығы қырық есекке жүк болары өмірде жиі кездеседі. Махаббатта күншілдіктің шегі болмайды. Екеуінің араларын Алмагүл бәрібір бөледі. Сол сәтте жаңбыр жауып, аспан қақ айырылардай күн күркіреп қоя беруі психологиялық паралелизм. Нұраш құсалы аңырап тұр, бұл қателігі бүкіл өміріне кетерін іші күйіп сезеді.

Нұраш сүйген қызымен татуласуын оқырман соңғы сәтке шейін күтеді. Әңгіме реалистік қуаты зор, құпия драмасымен баурайды.

С.Асылбек: – Сіз атаған «Мектеп бітіру кеші», «Сары қыз» деп аталатын шығармалар да негізінде өмірде болған оқиғалардың негізінде туған. Жалпы, мен барша қаламгерлер секілді екі нәрседен – тіршілік ақиқатынан және көркемдік қиял деп аталатын ішкі рухани күштен – қуат алам. Меніңше, өмір шындығы жазушы үшін шикізат болса, көркемдік қиял шығармашылық еңбекпен қосылып сол шикізатты белгілі бір өнердің формасына келтіруші қалып. Егер адам тумысынан суреткер болып жаралған болса, ол мына айналамыздағы қайнаған өмірден өзіне лайықты, қолайлы шикізатты бірде болмаса бірде міндетті түрде табады, сонан соң оны қандай қалыпқа салып пішіндеудің әдістерін, методикасын ойлана бастайды. Бір күні суреткер өзі де күтпеген бір сәтте сол әдіс, сол методика жазушының ойында, қиялында оның жан дүниесін қуанышқа, ақшаңқан сәулеге бөлеп, жарқ ете түседі. Ал қалғаны енді техниканың ісі. Мұны шынайы шығармашылық тұлғалардың бәрі біледі, өйткені олардың әрқайсысы белгілі бір көркем туындыны өмірге әкелерде міндетті түрде осы жолмен жүріп өтеді.

«Сары қызда» Абай атындағы Қазақ педагогикалық мемлекеттік институтының филология факультетінде менімен бірге оқыған бір курстас қыздың басынан өткен оқиға суреттелетін болса, «Мектеп бітіру кеші» 1968 жылы жазда менің кластастарымның мектеп бітіру салтанатына арналған қоштасу кешінде өмір сахнасына шыққан әлеуметтік, интимдік ситуациялардан тұрады. Шығармада мен, әрине, кластастарымның аты-жөнін өзгертіп алдым, тек бізге орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген Майя Дмитриевна Тен деген мұғалімамыз ғана бұл туындыға өзінің шынайы ныспысымен кірген. Майя Дмитриевна Л.Н.Толстой, А.П.Чехов секілді орыс классиктерінің шығармаларын терең түсініп, білгірлікпен талдайтын, С.Есенин, А.Ахматова, В.Маяковский секілді ақындардың кейбір өлеңдерін жатқа соғатын өте білімді педагог-тын. Сондықтан мен осы бір сүйікті ұстазымызды аталған әңгімеге өз аты-жөнімен кіргізуге тәуекел еттім. Бұдан ол кісінің азаматтық атақ-абыройына пәлендей көлеңке түсе қоймас деп ойладым.

Маған оқырмандармен кездесуде осы «Мектеп бітіру кеші» туралы көптеген сұрақтар қойылады. Соның ең бастысы –



«Осы әңгіменіз арқылы нендей ой айтпак болдыңыз?» деген сауал. Мен осы шығармам арқылы егер оқырманға жеткізе алсам, бір емес, бірнеше авторлық идея айтпақшы болған едім. Олар – балалық шақтың ғажайыптығы, оның адам өмірінде жазғы нәсердей айналасын озонға, жұпарға бөлеп, тез өте шығатын өткіншілігі және ең бастысы біздің ең үлкен жетістіктеріміз бен қателіктеріміздің осы жасөспірім шақта басталатындығы. Ешкім о баста туа бітті бірыңғай алаяқ, екіжүзді, жылаңқы, аяр, немесе ақжүрек, батыр, қайтпас қайсар болып тумайды. Сәби кезімізде бәрімізде періште секілдіміз. Алайда қоғамдық орта, көше бізді өз қалауына қарай жұмбаздап, өзінше тәрбиелейді. Меніңше, бұл тәрбиенің әсері ата-ананың, ұстаздардың тәрбиесінен де күшті. Өйткені қоғамдық ортада, көшеде бәсекелестік, тартыс бар. Сол тартыс, бәсекелестік сені неше түрлі пәлеге, жақсылыққа да, жамандыққа да итермелейді. «Мектеп бітіру кешіндегі» басты кейіпкерлер Нұраш пен Алмагүлдің, Бибіжанның ортасы – олардың өздері және басқа да бой жетіп, ержетіп қалған сыныптастары. Бұлардың арасында да ересек қоғамдық ортадағы секілді тартыс, бәсекелестік бар, ал олар бар жерде міндетті түрде қателесу бар, жеңу бар, жеңілу бар. Өмірдің мектебі дегеніміз – осы. Оның қатал сынынан өтпейтін ешкім болмайды, міне, сол кезде біз өзіміздің адамшылығымызды сақтап қала аламыз ба, әлде пенделіктің шырмауынан шыға алмай, оңбай сүрінеміз бе, меніңше, бар мәселе осында.

А.Кемелбаева: – «Рабиғаның махаббаты» – күллі қазақтың әр ауылында тегіс болып өткен типтік қайғылы оқиғадай елестейді. Әңгіме идеясы – адамдар шынайы өмір сүруге қабілетсіз, ең қымбат қазынасын қараусыздық пен немқұрайлылықтан, көз қарашығындай аялап сақтауды үйренбегендіктен тез жоғалтады. Адамзат үшін махаббаттан артық дүние болмаса да, соны дер шағында танымай қор болады.

Образдар нақты, жалғандық жоқ. Беймезгіл солған гүлдей нәзік Рабиғаның айдалада жалғыз қонған қойшы әкесінің үйіне мектеп директорымен осы қазаға қатысы бар делінген жандар барған сәттегі трагедиялық тұсын суреттеуіңіз үлкен прозаның аңсары. Көзбен көргендей әсер етіп, жүрек ұлып қоя береді.

Рабиға ғашық болатын сырты жылтыр, іші бықсық

Мадрид есімді жігіт, ол тәрізді тоғышарлар, жаны қарау надандар қазақта зорая көбейіп алған. Олар қазір дес бермейді. Осыған келісесіз бе, Серік аға? Оның бөтен есімі тексіздік өршитін теріс нышанды білдіреді. Сондай жат жерлік есімдер де сұмдық көбейген. Мадрид Рабиғаның жас өліміне селт етпейді. Бірақ повес астарында Мадридтің осы құрбандықтан түбі құтылмайтыны, обал жібермейтіні, өмірде опық жеп тынатыны сезіледі. Не алған әйелі жаман болар, не болмаса басқа қырынан ілігер, әйтеуір, Мадрид сұм оңбайды.

Аталы сөзді тек Дәулет деген үлкен кісі айтады: «Адамзат баласының ең ділгір нәрсесі – махаббат емес пе? Мадрид шырағым, сен оның – Рабиғаның махаббатынан неге қорықтың? Неменесіне ат-тоныңды ала қаштың? Роза қалқам, сен сол қыз баланың бір жапырақ хатын құбыжықтай көріп, неден шошындың?». Қазақ ұлттық тамыры, ата дәстүрінен ауытқуы, мектептегі жалған идеология беймезгіл трагедияға әкелді. Әйтпесе, ғашықтық хаттар бұрынғының салты болатын.

Әлеуметтік астары айқын дүние болуымен бұл повес құнды. Қолдан жалған құса жасалған жоқ. Сол кезеңнің уытты мәселесіне айналған соң туған жазушының жан айқайы. Рабиғаның жауапсыз сүйіспеншілікті, ұятты желеу етіп, өзіне-өзі қол жұмсауы советтік атеистік тәрбиенің кесірі деп ойлайсыз ба? Қызғалдақтай әдемі қыз баланы аман алып қалуға болмады ма?

С.Асылбек: – 1973-1979 жылдары мен Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Құмжиек» совхозының орталығында орын тепкен №92 қазақ орта мектебінде әуелі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, кейінірек мектеп директорының орынбасары болып қызмет істедім. Сол кезде аталған мектепте «Рабиғаның махаббаты» повесінде суреттелетін оқиғаларға ұқсас бір жағдай болған-ды. Бұл – 1970 жылдардың екінші жартысы еді. Алайда ол кезде осы оқиға кейінірек мен жазатын бір шығарманың арқауына айналады-ау деген ой менің үш ұйықтасам түсіме кірмеген жай болатын. Әрине, барлық мектеп мұғалімдері мен адал ниетті ауыл адамдарын жаңағы біздің мектепте орын алған қайғылы оқиға бей-жай қалдырған жоқ, бәріміз де ойда жоқта мектеп жанындағы интернатта жатып оқитын жап-жас қыз

баланың қазасына қайғырдық, өкіндік. Алайда уақыт емші бәрін де жазады ғой, кейіннен арада біраз мезгіл өткенде біз бұл оқиғаны мүлде ұмыттық. Мен жұмыс бабымен 1980 жылы Алматы қаласына ауыстым.

1980 жылдардың ортасында неге екені белгісіз араға он шақты жыл салып барып менің осы жай есіме жиі түсетін болды. Сүйтіп күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалдым деп тым әсірелемей-ақ қояйын, бірақ мен осы оқиғаны өзімнің ақ қағаздың бетіне түсіруге міндетті екенімді айқын сезіне бастадым. Осылайша аталған туынды өмірге келді.

Советтік басқару жүйесінің қарапайым еңбекші қауымның әлеуметтік мәселелерін шешуде кейбір озық жақтары да, сонымен бірге тозық жақтары да болды. Тозығы – бұл жүйе ұлттар мен жеке адамдардың дамуын үнемі шектеп, қырағы бақылап отырды, оларға еркіндік бермеді. Қоғамдағы адамгершілік қарым-қатынастардың нормасын белгілі бір қатып-семіп қалған коммунистік-большевиктік рамкаларға салып тастады. Осы рамкаға сай келетін адамдар ғана мемлекет пен қоғамның құрметіне бөленді, солар ғана мансап баспалдақтарымен жоғары көтеріле алды. Әдетте мұндай мүмкіншілікті әруақытта да пысықайлар құр жібермейді ғой, олар кез келген қоғамдық-әлеуметтік ситуацияларға тез бейімделіп ала қояды, сол жолда ешқандай обал-сауапқа қарамайды, тіпті кісілердің өлігінен де шімірікпестен аттап жүре береді. Адамзат қоғамын осы уақытқа дейін жебір құрттардай сорып, оны үнемі ала тайдай бұлдіріп келе жатқандар – осындай пысықтар мен пысықайлар. Олар, әдетте, жағымпаз, екіжүзді, тек қана өзінен күштілерді ғана мойындайтын, соларға ғана өтірік құлшылық ұратын пенделер болып келеді. «Рәбиғаның махаббатындағы» Мадрид – сондай жан. Рәбиға соның аярылығының, екіжүзділігінің, қорқаулығының құрбанына айналады.

Рәбиға – әлі, қазақша айтқанда, он екіде бір гүлі ашылмаған, аңғал, жан дүниесі көктемгі ашық аспандай соншама мөлдір, періште тектес жас бойжеткен. Сондықтан да ол Мадридті ешқандай бір ішкі есепсіз жан-тәнімен құлай сүйеді. Ал сүйткен адамы оны сатып кеткенде, онымен қоймай Рәбиғаның өзіне жазған ғашықтық хатын мектептегі қыздар советінің төрайымы Роза Қасымхановаға апарып бергенде, ол адам жаны төзгісіз зор күйзеліске,

стресске ұшырайды. Осыншама опасыздықты, надандықты оның көктемгі бәйшешектей құлпырған нәзік жаны көтере алмайды, сондықтан сірке суын ішіп, бақи болады. Сөйтіп өзі білместіктен құлай сүйген бұл дүниенің осыншама лас, осыншама жексұрын бір пендесінен, бір шындығынан мәңгі бақи құтылып, ғазиз жаны тыныштық табады.

Қадірлі Айгүл, Сіз өз сауалыңызда «Қызғалдақтай әдемі қыз баланы аман алып қалуға болмады ма?» депсіз. Нәзік жанды Сіздің ақ ниетіңізді мен адам ретінде түсініп отырмын, маған салса да Рәбиғаның аман қалғаны әлдеқайда жақсы болар еді, бірақ өзіңіз жақсы білетіндей, жазушы ең алдымен өзінің симпатиясы мен антипатиясына, эмоциясына емес, өмір шындығына бағынуға тиіс қой. Ф.М.Достоевский айтпақшы, «Шындық А.С.Пушкиннен де, Н.А.Некрасовтан да, орыс халқынан да, тіпті Россиядан да жоғары, сондықтан да қанша ащы болса да тек ақиқатқа, шындыққа бағынып, соған ғана жүгінуіміз қажет» емес пе.

А.Кемелбаева: – «Қалқаш» – автобиографиялық сарындары айқын реалистік әңгіме. Тұнық, жанды киносценарий, керемет мазмұнды көркем фильм шығар еді. Жазда пішен шабуға шыққан төрт бала алғашқы өмір сабағын алғандай әсері бар. «Көздеріміз аш бөлтіріктің қомағай қос жұлдызындай жылтырай түседі», бұл шөп шабушы балалардың ас пісіп жатқан сәтті күтіп отырған сәті. Жас жігіт, тракторшы Қалқаш пен «итбалықтың күшігіндей балпанақтай» балалы жас келіншек Кенжегүлдің тыйым салынған махаббаты бейнеленген повесте ауыл тұрмысының небір қалтарысы мен көлеңкесі бар. Кенжегүлдің сүймей шыққан топастау күйеуі сиыршы Торша – о жар, маскүнем. Қазақ ауылдарынан арылмайтын типтік отбасының сиқы. Сұлу келіншекке мардымсыз сорлы күйеу. Ал ерлердің отбасындағы жетекші рөлі құлдырауы кез келген халықты түбі құртып тынады.

Негізгі лейтмотив – жасөрім ұл баланың сезім дүниесі сырын енді аңғара бастауы, әйел сұлулығына алғаш сұқтануы әрі жан адамға мойындауға болмайтын алғашқы құштарлықтың таңғы шықтай жалтылдаған нышандарын өз бойларынан тануы. Кенжегүлге Еркін ғана емес, ұлдардың бәрі шетінен ғашық, суға түсетін мезет мұны айғақтайды.

Айлы түнде қос ғашық аз мерзім шынайы бақытқа бөленді:

«Тек сол тым-тырыс дүниенің күміс нұрын екіге жарып, Қалқаш пен Кенжегүл бара жатыр».

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілегінде» бір кемпірдің аты ...шалдікі болатын. Қазақы дәстүрмен ырымдап, бұл жігіттің есімін Қалқаш қойған.

Таскене атанған бала кітапты көп оқиды, эстет.

Құндақтаулы баласы бар жас келіншек қос жаққа құлази қарап, теңселе басып, қара күш иесі досын ертіп, жанжал шығарып, қуа келген маскүнем күйеуіне еріп кетуге мәжбүр болғанын екі бала байқап, қиналып, оның буырқанған теңіздей аласұрған ғашық жанын түйсініп тұрады.

«Қалқаш» – ауылдың тұйық судай, сұрықсыз, нәрсіздеу, жаны сүймеген қораш адаммен өмір сүруге басы байлаулы шерменде, бағы жоқ әйелдерінің тағдырына нала тәрізді әсер етті. Қалқашпен қол ұстасып кетуге болмайды, есік көрген аты бар Кенжегүлдің бәрібір бағы жанбасы аян. Қалқаштың шешесі неге жыңды кемпір атанған? Ол зікір салады, бақсылыққа қатысы бар ма? Қалқаштың өміріне осы бақсылықтың ұшы тиіп тұрған жоқ па?

С.Асылбек: – «Қалқаш» повесінің кейбір автобиографиялық сарындары бары рас. Жалпы айналып келгенде, барлық жазушылар ең алдымен өзін, өзінің жан дүниесін, сонан соң айналасын жазады ғой. Сондықтан да әрбір суреткер өмірге әкелген кейіпкерлерінің әрқайсысына өз жан дүниесінің бір бөлшегін береді, сонда ғана ол персонаждарын тірілте алады. Осыдан шығарып айтсақ, Бовари ханым қазаға ұшырағанда Флобердің «Бұл – мен ғой!..» деп, еріксіз еңіз-теңіз болуы тегіннен тегін емес.

Айгүл, мен сіздің: ««Қалқаш» маған ауылдың тұйық судай, сұрықсыз, нәрсіз, жаны сүймеген қораш адамдармен өмір бойы бірге өмір сүруге басы байланған шерменде, бақсыз әйелдерінің тағдырына нала тәрізді әсер етті» деген пікіріңізге толық қосыламын. Шынында, қазақ қоғамында осындай қаншама мыңдаған әйелдер бар. Олардың да басқалар секілді бақытты болуға хақылары бар еді ғой, бірақ тағдырлары басқаша қалыптасты. Неге? Оған кім кінәлі?

Көркем әдебиет, өзіңіз жақсы білетіндей, қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді шешіп бермейді, оны тек басқалардан бұрынырақ аңғарып, қоғамның, әлеуметтің алдына үлкен сұрақ етіп қояды, сүйтіп жұрттың назарын

соған аударады емес пе. Мен де аталған повесте Қалқаш, Кенжегүл, Торшаның тағдырлары арқылы осы бір әлеуметтік, адамгершілік проблемаға шамамның келгенінше көпшіліктің назарын аударуға тырыстым.

А.Кемелбаева: – «Шер тарқату» атты әңгіме қазақ елі тәуелсіздік алар тұстың хикаясы. Диалогтар ерлі-зайыпты болсын, ауылдастар болсын біздің қазаққа етене тән ойлауға құрылған. Ауылдағы жемқорлық, алдап-арбау, нарық заңына жабайы мойынсұнудың уытын нысана етіп алыпсыз. «Енді айтшы өзің – кісіні тірідей тонау емес пе осы!» – деп шағынып, налиды 3 машина қауын-қарбыз, картопты кооперативке өткізіп, тиын-тебен алған Көмекбай әйелі Ырыстыға. «Қазақтан сен ешқашан әділет таба алмайсың, білдің бе?! Кеттім боқтап-боқтап!». Әңгімеңізде орысты паналау деген ой жүр, әрі бұл қазақ үшін тың ой емес.

Қу, епті, момын елді қанаған арсыздық қаладан өтіп, ауылға келуі «Алтыбақандағы» жаны қалап, өздігінен журналист болған жігітті де ашындырған. Бірақ оның күресі де жанбай жатып сөнген.

Соңы А.П.Чеховтың «Ионич» атты құсалы әңгімесін еске түсірді. Ұлы өліп жалғыз қалған арбакеш шал шерін айтатын кісі таппай, арбаға жегілетін жылқының құлағына айтушы еді ғой.

С.Асылбек: – «Шер тарқату» әңгімесінде орысты паналау деген ойдың жүргені рас. Бірақ бұл автордың аңсары емес, шығарманың басты кейіпкері Көмекбайдың ойы. Меніңше, ауылдағы жемқор қазақ атқамінерлерінің әбден қорлығы өткен оның қысылғанда: «Осы ерегескенде Ресейге көшіп кетсем бе екен?!» деп толғануын түсінуге болатын сияқты. Көмекбай түгілі надан қазақ атқамінерлерінен таяқ жеп, алтын басы қор болған тұста данышпан Абай да басқа елге қарасын батырмақшы боп, астындағы атымен өз елінен безбек болған жоқ па еді?! Ұлы ақынымыздың сонда қай елді паналамақшы болғаны «Абай жолы» романында айтылмайды. Ал басына ат белін қайыстырар ауыртпашылық түскенде ең алдымен Көмекбайдың есіне Ресей түседі. Несі бар, әбден қисыны бар ой. Өйткені дамыған мемлекеттердің ішінде Қазақстанмен шекаралас жатқан жалғыз ел – осы Ресей ғана, анау мұхиттың арғы жағындағы Америка Құрама Штаттары, немесе қиырдағы Франция, Германия



жайлы Көмекбай тіпті армандай да алмайды, ол жаққа көшуге, біріншіден, оның қаржысы жоқ, екіншіден, тіл білмейді. Ал Ресей болса, жанында тиіп тұр, тракторының тіркемесіне дүние-мүкамалын тиіп алып, кеденнен әрі асса, жетіп жатыр, әрі әжептәуір орысшасы да бар, сондықтан ол бұл елге сіңісіп кетермін деген үмітте. Мен, шығарманың авторы ретінде осылай ойлаған едім.

А.Кемелбаева: – «Қазақ повесі» атты монография жаздыңыз. Прозаның шағын жанрындағы шығармаларды талдайсыз. Осы әңгіме-повестердің ішінде қаншалық типтік кейіпкерлер бар? 1960 жылы әдебиетке келген буыннан соңғы буындарда қазақ әдебиеті тоқырады деген пікірге келісесіз бе?

Халық пен әдебиет егіз. Халық әдебиетсіз ешқашан болмайды. Классикпін дейтін кейбір жазушылардың әдебиетті өзімен тұйықтауы нені білдіреді?

С.Асылбек: – «1960 жылдары ұлттық сөз өнерімізге келген буыннан кейін қазақ әдебиеті тоқырап қалды» деген тұжырымға келіспеймін. Мойындаймын, ол буынның өте тегеурінді болғаны рас, тіпті оларды ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі бір құбылыс десек те жарасады. Алайда, Құдайға шүкір, одан кейін де ұлттық әдебиетімізде қадау-қадау талай таланттар, дарындар келді. Өсіресе қазіргі қазақ поэзиясы дүниежүзілік көркемөнердің ең биік деңгейлеріне дейін өсіп, үлкен сапалық өзгерістерге ұшырады.

Жалпы, қазақ сөз қонған халық қой, бәріміз жақсы білетіндей, көркем сөз – көркем ойдың көрінісі. Ендеше қазақты әлемдегі ойшыл халықтардың бірі десек, ақиқаттан онша алыс кетпейміз. Меніңше, халқымыздың мұндай ерекшелігі оның үнемі табиғатпен етене өмір сүрген номадтық өмір салтынан шығатын сияқты. Ендеше адамзатта көшпелілікті ең соңғы болып аяқтаған туған халқымыздың сөз өнеріне деген іңкәрлігі оның дәстүрінде, қанында бар қасиет. Ал осындай ұлттың көркем әдебиеті, иншалла, ешқашан суалмаса керек.

Қадірлі Айгүл, сөз соңында менің азы-көпті шығармаларыма ілтипат білдіріп, оларды білгірлікпен талдағаныңыз үшін өзіңізге тағы рахметімді айта отырып, ой-толғаныстарымды осы арадан аяқтағанды жөн көріп отырмын.

*31-шілде, 2013 жыл,
Алматы.*

ҒАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЙ. ТҮРКМЕН ЦИКЛІ

Айгүл Кемелбаева: – «Алтын тұрман – Ертоқымын дайындап, / Ақалтеке арғымағын айылдап, / Күтіп отыр досым менің Атажан. / Дос қарызын достығымен қайырмақ. / Төбемізде төңкерілген қызыл бұлт, / Алдымызда аңыздай көл Қызылқұрт. / Түркпенмен тұтасқан бір даламыз, / Шындық болып алдымыздан шығады, / Қазақ айтқан, түркпен айтқан кәрі аңыз», – Сырбай аға Мәуленов жырға қосқан түркмен еліне, дастан, эпос жанрының негізін қалаған Әндіәліп шайырдың туғанына 350 жыл тойына Жұмабай Шаштайұлы, Жанарбек Әшімжан үшеуіңіз барып қайттыңыз, «Керуеніңе керуеніміз жалғанып. / Махаббаттың мәңгілігі шын болса / Сен де мәңгі, Нұрмұхамед Әндіәліп!», – деп толғайсыз.

Ғалым аға, бұйырған Мақтымқұлы медалі құтты болсын! «Magtymguly – sozlar tili turkmenin» – «Мақтымқұлы – сөзлар тілі түркменнің» деп атайы есімін өлмес өлеңге таңбалаған ұлы ақын тілі түпнұсқасы қазақ тілінен алшақ еместігі жүрекке сонша жылы тиды. Дүйсенбек Қанатбаев «Мақтымқұлы – сөйлер тілі түркменнің» деп аударды. «Сіреседі жалғыз өзі, / алдырмайды азапқа. / Сексеуілдің бар мінезі – Түркмен мен қазақта», – деп қайырасыз. Қазақ пен түркменнің ең асыл ортақ қасиеті неде деп ойлайсыз?

Ғалым Жайлыбай: – «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» дейді қазақ мәтелі. Балқан тау – түркменнің теке, ерсары, салор сияқты байырғы тайпалары қоныстанған жер атауы, Маңғыстау жақ. Барыс-келіс, аралас көп болған.

Түркмен мен қазақ, түбі туыс, қонысы таяу халықтар, малмен күнелткен көшпелі жұрт болған соң, өмірді қабылдауы, сана-сезімі, даралауы ортақ.

«Түркпендердің төңкерген қауға бөркіндей, / Қарауытады бұтақта құс ұялары», – деп Алматының ақпанын Ұлықбек жырға қосты.

Кіндік Азия, Каспий теңізі бассейні аумағында, Тұран мен Иран аталған бағзы елдер, небір құнды эпостар, батырлық жырлар, махаббат лирикасының үздік үлгілерін тудырған

құдайы көрші ежелгі түркі жұрты мен ежелгі парсы жұрты, бұл да біздің ортақ тарихымыз, көркем рухани жадымыз. Тілдік туыстық негіз. Тілі туыс, түбі бір халықтар бір-бірімен қанша шекіссе де, тым ащы бола алмайды, бір құдіретке көзсіз бағынады. Бір-бірін түп-тамырымен қынадай қырып-жою олардың өмір салтында жоқ. Аламандықтан аспайды.

Бүгінде түркі өркениетінің мәртебесі туралы үлкен ой айтылуда, жаңа ғасырда рухы туыстық, бауырмалдық, өзара жатсынбау, асыл рухты қор қылмау ерекше маңызды. Біздің Әндіәліп ақын тойына, өлең өлкесіне бару сапарымыз сондай мұраттан туған.

Нұрмұхамед Әндіәліп – Мақтымқұлының адал досы болған, жас үлкен замандасы, Хиуа хандығында өмір сүрген ақиық ақын. Түркменнің ұлы ақыны, ойшыл данасы Мақтымқұлы болса, Ломоносов, Вольтер, Гете заманының жыр мен ой алыбы. Бұл заман еуразиялық құрылықта небір долы буырқану, толқу, қараңғы қапастан түңілген адамзат рухы жарыққа талпынған, ағартушылық нұры жанған, жойқын реформалар уақыты болғаны белгілі. Мұндай сұрапыл замандарда өмір сүрудің өзі ерлікке баланары анық.

Айгүл К.: – Сағи Жиенбаевтың башқұрт жырлары бар. Түркмен циклі несімен таңбалы? «Бармысыздар түбіміз бір түркмен!», «Зылықаға ынтық болған Жүсіптей / Ата қазақ ұсынады жүрегін», «Махаббаттың жыры туған өлкеден – / Ләйліні іздеп ләйліп кетсем деп келдім», – деп қазақы мақамға салдыңыз.

Әділбек Абайділданов: «Бетін бүркеп ұялып тұрғанменен / Көзге сонша тәкәппар көрінеді», – деп түркмен қызының ай-күндей көркін сүйіп жырлады.

Пушкин: «Я помню чудное мгновенье: / Передо мной явилась ты, / Как мимолетное видение, / Как гений чистой красоты» деп сүйіп қалған бір сұлу бейне түркмен ару – «Сені көрген бағым ерен, Гүлрайхан, / Ташауызға тағы келем, Гүлрайхан!...» – деп муза көрдіңіз.

Түркмен әлеміне шынайы сүйіспеншілік неден басталды?

Ғалым Ж.: – Бұл сапар аялап, жақсы сезіммен барып қайттық.

Көне түркілік бастауларымыз бір. Түркмен әдебиетіне тиген парсы мәдениеті біздің қазақ әдебиетіне мейлінше

тиесілі болды. Былай қарасаң, оғыз-қыпшақ нәсілінің ақындар жаратылысының ұқсастығынан мұны анық көруге болады. Сопылық, өмірдің өткіншілігі, жазмыш, дінге қатысты өлеңдер, насихат жырлары, философиялық сарын екі халықта бірдей дәрежеде жырланып, айтылып келді. Бағзы бабаларының рухы күштілігін күдірет тұтып, кейінгі ғасырлар азғанын, қоғамның материалдық байлыққа тұтылған дертін, бай-бектердің екіжүзділігін, ашкөздігін әшкерелеу, бағзы рух пен мәртебеден айрылу шағымы, арзу жырлар, ақырзамандық сипаттарды қадай айту екі халық өкілдеріне бірдей ортақ. 18 ғасырда өмір сүрген руы салор Шейдай есімді түрікмен ақынының сарыны, біздің зарзаман ақындарымен үндес. Азаматтық сарын екі жақта бірдей. Ақындық рухты, жүрек сөзін соңғы пайғамбар өсиеттеген оң жолдың, ақиқаттың досы санайтын қас жақсылар халықты рухани азудан сақтандырады. Сондай-ақ, екі елде қатар араб-парсыдан аударма әдебиетті өз атынан жырлау салты, назирашылдық дәстүрі молынан дамыды деп ойлаймын.

Түркмен дәстүрінде көркемдікті көре білу, эстетикалық талғам жұмақты ансаумен, жұмақ бағын көрумен тең.

Айгүл К.: – «Иманы – нұр, / Сабыры ұлы, / Салты ұлы, / Жанарында найзағайдың жарқылы. / Шырағданын жағып қойған секілді / Оғыз ханның орда тіккен алты ұлы»– деп эпостық құлашпен түркменді дәріптейсіз. Түркмен – құрметке бек лайық мәрт халық. Таможнясы коррупция дегенді білмейді, арзанға малданбайды, рухын сатпайды деп естідім. Алабай, ақалтеке, зерлі кілем мен алтын-күміс әшекейіне дейін «Түркменнің ұлттық байлығы» деп көлденең сұқ көз сұғанаққа қол тигізбейтіні ұлттық асыл мінез. Мұндай аққа берік халық рухани келбетін жоғалтпайды. Шіркін, біздің дүниеқоңыз жемқор кей қазақ мұны білсе ғой! Қазақтың жартысындағы ана тілін, тамырын, ділін менсінбейтін кердең мінез оларда ырымға жоқ. Бұл ненің әсері деп ойлайсыз?

Ғалым Ж.: – Қазақтың ана тілін жетімдей телмірткен әлсіздігі неде, түркменде атымен жоқ кемшіліктер бізге неге жұқты? Мұның астарын жаның қинала ойламасқа амал жоқ. Түркмен елі жана дәуірлермен ілесе келетін жоғалтулар, жұтаңдану, таяздану симптомдарына ұрынбағаны елдің өзін-өзі құрметтейтін, өзгені қадірлейтін оң пейілінен

көрінеді. Бұл ағайын мәрттігін, таза, бекзат болмысын сақтай білгеніне көргенде расымен елжірей қуанасың. Қазіргі заманғы түркмен ұрпағы ынсап, мейірімді алға қояды. Меніңше, демократияның да шегі бар. Өзгелердің қаңсығы бөгденің дүниесін шегінен, межеден асырмауды үйренген ақылды халыққа таңсық болмайды. Сыртқы жегі әсерді, елдікке кесірі тиетін дүниелерді бұл халық қабылдауға бейім емес. Тектілігін жоғалтпауға мұнан өткен қандай ұлы қорған керек!

Айгүл К.: – Ғалым аға, «Ақша маңдай Ар өсірген, түркмен, / Ақ самалдай жаны есілген, түркмен. / Сахараның түйелерін шұбыртып / Құм ішіне бақ өсірген, түркмен», – деп арнау жыр жазған ақынсыз. Бұл әуелде өлеңмен халқының болашағына бата берген Мақтымқұлы арман, мұраты жүзеге асқаны! Ауызы дуалы ақындық миссия. Ол тұтас бір халыққа магиялық сөзбен бата берген, нұрлы болашағын болжаған әулие ақын.

«Мақтымқұлы мұның ішкен кеселеп / Ұлы Абайдың ұрпақтары келіп тұр!»– деп сапар сазын шертесіз.

«Дархан жанын жаз жайлаған Берді аға», – деп түркмен классик жазушысы Берді Кербабаевқа жыр арнаған Әділбек Абайділданов Ашхабадты: «Жүрегіңді жібереді тулатып, / Молланепес жырлап өткен ғашықтар», – дейді, «асықтар қаласы» деп аударылады екен.

«РУХ отын жаққан мекен», «Ашғабатта, – / Тұлпар сыйлар ел барда хас талапқа, / Барғың келмей қалады басқа баққа, / Ашғабатта...» дей келе, «Оғыланың орман болғыр – Көнеүргеніш, / Көнеүргеніш...» – деп тілек тілеп, бата бересіз. Бұл ризашылықтың сағынышы ғой?

Ғалым Ж.: – Түркмен халқы ата-бабадан мирас барша жақсы қасиеттерін сақтап қалғанына риза болдым. Азын-аулақ орыс халқының бар-жоғы білінбейді. Түрікменге қылығы жат емес. Бір топырақта туып, бір суды ішкен соң оның мәдениетін қастерлеуі заңды. Түрікмендер оғыздар ғой. барлық жерде өзінің ұлттық киімі, дәстүрі. Қарап көз тояды.

Салыстырудан анық көрінеді, біз көп асыл қасиеттерімізді жоғалтып алдық.

Қонақүйден елшілікке бару үшін такси ұстадым. Жол ақшасын төлеймін десем, жап-жас түркмен жігіті: «Сіз

мейман екенсіз, аға, мен жолақы алмаймын», – дейді. Бір жарым сағат бойы машинасымен алып жүрді, сол қызметін бауырмалдық сезімге, құрметке балады. Бір ғана кісісі сондай деп ойлама, басқа адамдарының мінезінен мәрттігі, шынайы қонақжайлылығы білінеді. Біздің қазақ та бұрынырақ ерекше аңқылдап тұратын. Кез келген түрікменнің баласы үйіне қонаққа шақыруға дайын тұрады.

Айгүл К.: – 1000 жыл бұрын Махмұт Қашқари оғыз бен қарлұқтан шыққан түркі мұсылмандарын түрікмен деп жазады. Түркітанушы ірі ғалым В.В.Бартольд түркмен халқы өзінің бірлігін тек поэзияда жете ұғынды деп жазды. Руы ғөклен Мақтымқұлы Пырағы түркменнің ұлы ақыны, ұлттық тұлға. Тұңғиық, нұрлы суреткер, «асқан ұлы акын» деп Гете беретін сирек анықтауышқа бек лайық. Мақтымқұлы жырлары туралы 2 үлкен эссе жаздым, әлі зерттеп жаза беруге шын ниетім бар.

Мақтымқұлы, Сеиди туған елінің бірлігін мұрат етті. Сөз материяланады дейді, әсіресе, қуатты, күшті, сәулелі сөз. Бүгінгі Түркменстан бірлігі жарасқан дербес мемлекет. Руханияты соған бастады.

Абай хакім рулық-тайпалық қоғамда «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп жүрегін дерт алып, қайғырды. 1937 жылдың репрессия құрбаны Құдайберген Жұбанов 1886 жылғы бұл өлеңінде Абай өз руы тобықтыдан асып, халықтық деңгейге көтерілді деп зор баға берді.

Ғаламдану билеп-төстеуге уақыт бет берген қазіргі уақытта біздің қазақ жазушылары неге тар шенбер, ұсақ-түйек қораш трайбализмнен тұсаулы аттай шығып кете алмай жүр? Сөзі бөлек, ісі теріс, зиялы саналған жұрттың кейі екіжүзділік пен өзімшілдік, амбицияның құлы болуы ұлтқа кесірін тигізіп болған жоқ па? Құдай адамға айланына емес, пейіліне беретінін олар қалай ұқпайды?

Ғалым Ж.: – Біздің халық небір жанкешті ауыр сын уақыттан өтті. Құдай сақтап, небір зұлмат заманнан аман қалған елміз. Бірақ тұнығынды лайлайтын дәуірлік трагедиялар текке кетпейді. Қаусатып кетеді. Тектік нышандарға үлкен зақым келгенін мойындауға тура келеді. Елдік биік рух жаңғырса, оның да орнасы толар кез алда деп сенемін.

Айгүл К.: – 14 ғасыр қара түнек заманда қарапайым адам

баласын зорлық-зомбылықтан қорғап, адам ең зор құндылық, құдай нұры кеудесіне қонған жан иесі деп күштіге жазықты болған, әмірші терісін тірідей сыпыртқан шерлі жазмышты Насими шайыр туралы дастан жазған Нұрмұхамед Әнділіп өз есімін әр өлеңінде келтіреді. Шығыстық дәстүрді қазақ ақындарынан Қасым Аманжолов көбірек қолданды. Сфрагида, есімін қол қойған сияқты өлеңінде мөр қылып басу дәстүрін тәжік-парсы ұлы ақындары үнемі сақтауы неліктен деп ойлайсыз? Плагиаттықтан қорғану ма? Сізде сондай сфрагида өлең бар ма?

Ғалым Ж.: – Өз атымды қосып жазған бірен-саран өлеңім бар. Ақын, сал-сері, халық композиторлары арасында өз есімін өлеңге қосу дәстүрі Біржан сал, Жаяу Мұса, Мұхит, Естай, Ыбырай, Әсет, Шашубай әндері арқылы исі қазаққа тарады. Мәдидің әнінде есімін емес, руын атайды. Қазақта жырлаушы ақынның өз есімінен гөрі шыққан тегін, руын атау дәстүрі кеңірек қанат жайғаны рас. Бұның бәрі ата-бабамыз өткен далалық дәстүрлі қоғамда рух шақыру үшін, рухы мықтылық үшін қолданылған игі салт-дәстүр. Тектілік, қазақтың әр баласы тегін білуі парыз саналған, қан тазалығы солай сақталғаны аян. Рушылдық әншейін, қорғаныш үшін керек болған. Өйткені бұрынғы билер қара қылды қақ жарған. Тура биде туған жоқ деп шындықты жақтаған.

Ал парсы-тәжік жырларында есте жоқ ескі, жыр тұнығы лайланбаған көне бастауларда сондай бір есімін жариялау дәстүр болуы, жыр мектебі тәрізді, шұғыла тарауы ерекше дамыды.

Айгүл К.: – 200 жыл бұрын туған түркмен ақыны Молла Непес өзін «Махаббат шахы» деп атаған, өйткені қытымыр заманда дінбасылар сезімді көл-көсір жырлауға тыйым салғанына қарамастан тек сүйіспеншілікті сүйе жырлаған. Молланепес жас қыздың зерлі тақиясын көріп, жарқылы күндей жарқырап, көзімді қарықтырды деп ынтызарын айтты. Абай «Көзімнің қарасы» деп асқақтатқан сұлуды Молла Непес «Көзімнің ағы мен қарасы» деп ұқсас тенеумен жырлайды. Түркі ақындарының ойлау жүйесі, дүниені көруі бірдей болу сырының түп қазығы неде?

Ғалым Ж.: – Өлең менің ұғымымда ерен тылсым, қастерлі дүние. Оның құпиялы қасиетін, арда, жұмбақ болмысын ең мықты әдебиет зерттеушісі де түсінбейді. Көзге көрінбейтін

ырғақтар, сикырдай саздар, бір шумақтың ішінде түсін түстей алмайтын мыңдаған элементтер болуы мүмкін. Қазір нағыз өлеңнің алдына жеңілтек әуендер шығып кетті. Өлең дегеннің ұлы табиғатын жұрт түсінбей қалды. Бір шумақ. Шексіз ғайып дүние. Ақын өлең жазып отыр. Өлеңмен бірге ол өмір сүріп отыр.

Айгүл К.: – Ақын сапар шексе, өлең бағы өсер. «Керней айтсын Самарқанның жеріне / Жұматай әл-Қазаһидың келгені», «Пиренейге Лоркадан келген кейін / Ұлы ақын жоқ», «Азияда Сағди шәйір қаңғыды, / Тірісінде ешкім ұлы демеген», «Ұлы ақындар күнде мені жебеді» (Жұматай Жақыпбаев). Өнер көгі космостық өріс, рухани тартылыс, үндестік сарын таусылмайды.

«Барлық құрылық сенен жарлы, шөлейтім!» (аударған Д.Қанатбаев) деп жырлаған Сейтназар Сеидидің ақ аруана киесін Светқали Нұржан поэмасына кейіпкер етті. Есенғали Раушановтың құстар туралы зоологиялық эсселерінде түрікмен туралы ізгі ойлар бар.

Мәмедуәлінің лақап аты Кемине, «кем», «мүсәпір», «пақыр» деген мағына береді. Ол дәруіш, суфий, Алла сүйіспеншілігіне мұхтаждығын сондай биік ұғымда берді. Қазіргі адамдар өзін зор тұтып адасады. Рух пен материя ымырасыз қайшылық тудырған шірік қоғам құриды. Материя бәсі рухтан төмен болуы керек. Қазақ сөз өнері қазіргі спорт, музыка дүниесінен, шоу-бизнестен неге сұмдық төмен бағалануда?

Ғалым Ж.: – Айгүл, Қадыр Мырза Әли ақынның өзі түрікменнің маңдайына біткен үш классиктің бірі деп бағалаған Кемине туралы «Кеминенің шапаны» деген өлеңін есіме түсірдің. Жамаудан бір сау жері жоқ жыртық шапанмен өткен ақын бейнесін жырмен ұлықтайды. Біздің қазақтағы Жиренше шешен айтты дейтін даналық сөздерді бұрынғының адамдары ұмытпай айтушы еді. Жиренше: «Қайран менің өзі үйім, кең сарайдай боз үйім» дегенде аяғы лашықтан сыртқа шығып жатады екен деп.

Шығармашылық дарын иесінің жазмышындағы бір жасырын астар осы аңызда тұрған жоқ па екен. Құдай маңдайын жарқыратып, санасына деғдар сөз берген, даналық дарытқан адамдардың бай немесе кедей болуы аса маңызды болмағанға ұқсайды. Артқыға өлмейтін сөз

қалдырған тұлғаның бақыты шартты ұғымдардың шеңберіне сыймайтын болса керек.

Айгүл К.: – «Тәтті-тәтті түс көрдім түркменде – / Мақтымқұлы ақынның мақамын бер!» – дейсіз. Абай 13 жаста шығыстың жеті шайырын пір тұтып, сыйынды ғой: Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз. Шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаев Абайдың Шәмси дегені Жалаладдин Руми деп нақтылады.

Асылы ақынды ақын пір тұту, жазушылық символды ақтайтын тұлғаларды сүю адамдықтың шыны. «Асыл сөздің әулиесі, / Сен де маған медет бер!», «Шерлі Науаи, өзің жар бол!» (Несіпбек Айтұлы). Абайдан соңғы қазақ ақындары алдыңғы буынды пір тұтуды үйренсе, бұл оң құбылыс.

«Дүние шөккен нар екен, / Шөккен нардың арқасында тағдыр Жүгі бар екен», бұл Өтежан Нұрғалиев. «Ұлы Хафиз, өлең-жырдан басталған, / Сіз бен біздің арадағы жақындық» (Қасымхан Бегман), Хафизді Шәкерім ұстаз тұтты, жас ақын Қайырбек Шағыр перифраз алды: «Сонда жаным, Хафиз шайыр жырлағандай сенің де, / Самарқанд пен Бұхараның құны жалғыз меңінде», мұның бір мәнісі жақсының аты өшпеу, сәулелі көркем жад. Ұларбек Дәлейұлы «Омар Хаямды адақтау» деп толғау жазды, Гомерді «Гректің Абайы» деп қазақы ұғыммен теңейді. Гомер көне, Абай кенже, ұрпақ сабақтастығы.

«Жүз ақыным – үзілмейтін жол дәйім, / жүз ақыным – тегеурінді қолдайын», «Ақын болу Хақтың ісі» – деп жазды Нұрлан Оразалин. Қалам адамдары үшін жарық дүние жүз ақын, жүз жазушы, тегінде шығармашылық иелері сүйіспеншілікпен өсірген мәңгілік жасыл бақпен тең. Қазақ біраз санды дөңгелектеп, жүз, мың дей салады ғой.

«Анық елсің арманы Ай таңбадай, / Көңілімнің құстарын қайтармағай! / Бес мың жылдық тарихын түркменнің / Бес-он күнде айғақтап айтам қалай?..», «Тірлігіне туыстың ғажап қалып, / Елге қайтып барамыз қазақтанып. / Күздің жарық кездерін кие тұтқан – / Біздің халық сезгенім аз-ақ халық». Ғалым аға, Түркменбашы әуежайындағы сәулелі әсермен жазылған бауырмалдық қоштасу жырында кімді аз халық деп айттыңыз, қазақты ма, түркменді ме?

Ғалым Ж.: – Оғыз-қыпшақ түркі жұртының бүгінгі мұрагерлері түркмен мен қазақты қатар айтып отырмын.

Расында екеуі де күллі әлемнің алдында саны аз халық болып саналады.

Бізді алып жүрген қыздың аты – Гүлрайхан. Көзі ашық қыз. Біздің тарапымыздан оған бос әңгіме айтуға, арзан қалжың айтуға ол қыздың болмысы жібермейді. Қыздың жолы жіңішке дегенде баяғы аталарымыз осындай үріп ауызға салғандай дегдар биязылықты ұлықтаған. Түркмен аруы көзімен, сөзімен бәрін қоршап тастаған. Тас қоршау емес, тұйықталудан тыс ар-намыс, тектілік қорғаны десе оң болар. Бір ұлттың қызы сондай болсын. Қыз қылығымен дейді қазақ, түркмен қызына тән инабат, әдеп, асыл тәрбиенің мықтылығынан деп ұқтым, қымтап алу арқылы еш бүлдіргі кірмеген.

Негізі күллі бір ұлттың болмысын аялап сақтайтын аналары ғой. Әйел заты азып, құлдырауға кеткен халық түбі құриды, тегеуріні қатты тарих оны сан мәрте дәлелдеумен келеді. Жарты ғасыр айналған жоқ, біздің аналарымыз қандай еді, тұтас қазақ даласы сондай дана ел аналарын аңызға айналдыруы, ұрпаққа үлгі тұтар ардақты есімдерін ру атына шығаруы тегін тумаған.

Айгүл К.: – Ғалым аға, Сіз маған сюжетін берген «Ереймен мен Ақынай» атты әңгімемді 2009 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялаған едім, реті келгенде, ризашылығымды қайталап неге айтпайын! Ақынай образына прототип болған апамыздың есімі – Қонақай, әкеме туыс болып келеді деп айттыңыз, Күлеймен жезденізді авторлық нұсқада Ереймен деп өзгерттім. Кеуденізге өшпеспей болып жазылып қалған бала кезде көзбен көрген сол уақиғаларды ризашылықпен суреттеген сәтте, Қонақай апаны ұлттың анасы деп айтқаныңыз көкейімде әлі сайрап тұр!

Орнында бар оналар десе, тектілігі түркі жұртында ерекше аталатын қазақ халқы болудан құдай айырмасын. Аты бар да, заты жоқ болудан аман болайық.

Өлең өмір, жолыңыз қашанда оң болсын!

11.11-12.11.2014. / 2.12.2014.

Мұратбек ОСПАНОВ: АҚЫНДЫҚ ДЕГЕН БІР АЗАП

Республикалық «Абай» журналының бас редакторы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Абай ауданының Құрметті азаматы.

«Сандықтас», «Дүние дидар», «Сүмбіле», «Жырұйық», «Таңдайдағы тамшылар» атты жыр кітаптарының авторы.

–Мұратбек, «Жасымнан жан серігім өлең еді», «Ақын едім, аңғылдаған жүрегі, / Бір басында мың бақсының жыны бар» – ақындардың иесі Қорқыт бабадан қалған дәстүрлі өнер, «Өлеңімді ешкім сатып алмайды, / Онан басқа байлық та жоқ менде түк!» деп жырладың. Қазір сөз өнері өгей бала көрінгенмен, адамзат қоғамы жетілген сайын әдебиеттің күшті үлгілеріне зәру бола бермек. Бірақ сол жан мұқтаждығын адасқан қоғам түсінбейді. Ақындар бұған не дер екен?

–Біздің қазақы ұғымда «өлең», «жыр» деп жатамыз. Орыс ағайын «стих», «стихотворение» дейді. Соңғысы өлең табиғатына жақын келетін сияқты. Өйткені көзге көрінгенді көңіл елегінен өткізетін, ішкі жан күйзелісін, шабыт шуағын жүрек соғысымен лықсыта сыртқа шығаратын өнер ғой бұл. Оның қалай шығатыны, қандай үлгіде берілетіні ақынның еншісіндегі, ақынның қабілетіндегі қасиет пен қасірет шығар.

Сонау «зар заман» деп ат қойып, айдар таққан ақындардан бастап, бүгінгі жас буынға дейін осылай жазылып келеді деп ойлаймын. Сондықтан адамзаттың қай қоғамында да тіл өнерінің жолы даңғыл бола бермеген. Шөлдеткен, аңсатқан. Сол зәрулігімен де оның құны арта түскен. Мұқтаж дүние қашан да қымбат. Бәрі жақсы болып кетсе – ішкі тоқырау басталады. Ізденіс жоғалады.

Өз басыма келсем, қоғамдық құрылыс ауысқан тұстағы келеңсіздіктер, адам психологиясындағы өзгерістерді еркіндіктің арқасында ептеп қағазға түсірдім. Аңсаған азат күніміз туды, енді неге түзеліп кетпейміз дегендей. Біреу – ұқты, біреу – ұқпады. Басқаша жорыды.

Тәуелсіздік туын тіккен жиырма жылдың ішінде қазақты

әлем таныды, ел жамалы жадырай түсті. Осы қуанышты жайды да құмарлана жырладым. Біреу – ұқты, біреу – ұқпады. Тағы да басқаша жорып әлек. Міне, ішкі «стихия» дегенім – осы.

– Абай дәстүрінде өлең жазу бір ганибет. «Абайды жастайымнан ұғып өстім», «Ашығын айтқан Абайға сенем» деп өзің жырға қостың, «Қоянды» атты өткен мен бүгінгі қоғам шындығын қатар өрген өлеңің растайды. «Ит пен құстың тілін байлап тастайтын, / Оспан атам молда болған деседі ел». Шыңғыстаудың атом жарылысы 40 жыл тынбаған киелі топырағы бүгін қандай күйде? Жер кіндігі атанған ата-баба ізі қалған қасиетті туған өлкеміз не күйде? «Қазақтың тақиясы тәрізденген, / Шыңғыстау – атырабын аңыз керген», «Рим қанша тұнғанменен аңызға, / Шыңғысыма жетпейді екен күрең бел!», «Ұстазым Оразалин Кәмен аға», «Төлеген ақын ұстазым». Өлеңдеріңде өткен өмір иірімдері бар. Қарауылда өткен балалық кезең саған не берді?

– Дана Абай мүлде өзге әлем. Шапаны түгіл, түймесін тіккен инесінің жасуындай ізіне түссек – үлкен бақыт! Ана сүтінен дарыған ақындық, әке қанымен құйылған құдіретті даналықты өз бетімен дамытқан. Интернеті жоқ қоғамда отырып-ақ әлем әдебиетінің есігін қаққан. Кітаппен сусындаған. Батыс пен Шығысты тел емген. Өз қайнарымыздан қанып ішкен. Құран сөзіне имандай ұйыған.

Әуелі аят, хәдис – сөздің басы,

Қосарлы бәйітмысал келді арасы.

Қисынымен қызықты болмаса сөз

Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.

Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» дей келе, Құран да өлеңмен түскендігін мегзейді.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денен.

Өлеңді сөз патшасына балайтын себебін өзі айтып беріп отырған жоқ па? Мұны Ахмет Байтұрсыновтың былай бағалайтыны бар: «Абай өлеңге өзгеше көзбен қарап, өзгеше құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын берген». Ол заманда мұнан артық қалай айта алсын, жарықтық.

Осындай киелі өнердің соңына түскендіктен мейлінше адал болуға тырысатыным рас. Өткен мен бүгінді өлшеп

жазу кейінгі ұрпақ үшін керек. Кәрі тарихтан тағылым алу қажет. Көбінесе, өлеңнің сыртқы сұлулығы емес, ішкі мағынасына ден қоямын. Қиял жетегіне еріп, абстракциялық шендестірулерге көп бара бермеймін. Ібіліс-шайтандармен табақтас болуға да зауқым жоқ. Оқыған адам толғанса, қорытынды шығарса екен деп отырамын. Тасбұлақтың суындай сылдырап, іштей келісіп тұрса деймін.

Кейбір сырты сыңғырлаған сұлу жырлар – ақылы аздау, бірақ хаса сұлу келіншек сияқты әсер етеді маған. Ынтықтырып, құмарландырып қоймай ма?.. Мұның бәрі өз түйгенім. Бүгін біреу келісер, біреу келіспес.

Атом полигоны – біздің басымыздағы трагедия.

У жоқ еді Абай атам ішпеген, / Мына уды біз сімірдік күшпенен.

Соның бәрі атом болып жарылып, / Сыртқа шығып кете ме деп тістенем! – деп күңіренген едім, Кеңес кезінде. Ұрпақ ұсақтап барады. Әлі қаншаға созыларын кім білсін. Қанға түсіп кеткен жемір құртты жеңіп шығатын күн туар деп үміттенемін. Медицина күшейіп келеді ғой.

Оспан атамды көзім көрген жоқ. Әже әңгімесінен құлақта қалғаны: Әулет иелігіндегі «Игілік» жайлауына шығардан бір-екі жұма бұрын жалғыз өзі барып, сол жерде құран аударатын көрінеді. Өте діндар адам болған дейді. Сол жаз біздің үрім-бұтақты бір шыбын шақпайды екен. Тылсым дүние. Аруағына басымды иемін.

Жер кіндігі – Жидебай біздің ғана емес, Түркістаннан кейінгі бүкіл қазақтың қасиетті мекені. Өзің де талай байқаған боларсың, Семейден шыққаннан көлігің биікке қарай көтеріле бермей ме. Ұлы Мұхаң үш арқалық деп жазады. Еуразияның кіндігін әйгілейтін белгі тұр. Тегін емес. Дәннің де түскен жеріне бітетіні бар.

Дәл осы тұста, үшінші сауалың екіншімен емшектес екен, бірақ жауап бере кетейін.

Төменгі сыныпта оқып жүрген кезімізде аудан басшылары және мектеп мұғалімдері осы Жидебайдың басын тазалатуға талай апарған. Шәкәрім атаның ұлы Ахат ақсақалды көзім көрген. Ұзын бойлы, ат жақты, ашаң жүзді адам еді. Ұстазым Кәмен ағамен сырласып отыратын. Амал қанша, басымызда жел гулеп тұрған балалық – байыбына барғызбапты.

Ветер дует, ветер дует, / Когда дует, когда нет.

Мой девченок, казаченок, / Когда любит, когда нет, – деген орысша өлең шумақтарын балалық құмарлықпен Ахат ақсақалдың аузынан шыққанда-ақ жаттап алғанмын. Оның орысша грамматикалық жағынан сауаттылығында шаруам қанша. Әлі күнге ұмытқан жоқпын. Осындай ортада өстім. Кейін есейе келе Елдар досыммен (Кәмен ағаның ұлы) ұстаз үйінде сан мәрте болдым. Абайды құлағымызға құйып беретін, Мұхаң жайлы ұзақ толғайтын. Мұның қызығын Алматыдағы ҚазГУ-ге түскенде көрдім. «Болыс болдым, мінекейді» басынан аяғына дейін жатқа айтып бергенімде, сол кездегі журфактың темірдей қатал деканы, сатира сыншысы Темірбек Қожакеев қарқылдай күліп, оқуға қабылдаған.

Шыңғыстаудағы ағылып-төгілген ақиық ақын Төлеген Жанғалиев, аудандық газеттің сол тұстағы редакторы, сатирик ағамыз Манар Құрманбеков, нәзік нақышты лирик Әнуарбек Мәкенов, облысқа танымал журналист Совет Махметов, қазір астаналық болған Бекен Әбдікәрімов, Әйгерім Сейсенбина, мақаланың өзін майын тамыза жазатын Майсары Рақышев, райкомда басшылықта жүрсе де қаламгерлерді туған баласындай бауырға басқан әрі талантты сазгер, әрі ақын, әрі драматург Мейрамбек Жанболатовтардың бесігінде тербелдім. Жалпы тәлім алу, тәрбие көру жағынан мен өзімді аса бақытты адаммын деп есептеймін.

– Екеуіміз республикалық «Абай» журналында 11 жыл қызметтес болдық. «Жаяу ақынды кімдер көзіне іледі, / Жүрегі үлкен Ырысхан ағам болмаса!». Журналдың бас редакторы Ырысхан Мұсаұлының тәлім-тәрбие, үлгі, өнегесін бойға сіңірдік. Адамдар салыстырғанда ізгілік арқылы биіктейді немесе күншіл, өзімшіл қасиетсіздігінен аласарады. Ырысхан ағамның қадірін Астанаға келгелі біліп жүрмін. Расында ол кісідей әділ, білікті һәм толерантты, кісі қақысын жемейтін, адам баласын бөліп-жармайтын бас редактор мұнда келгелі бұйырмады. Ол кісінің рухани тағлымын Абай дәстүріндегі ұрпақтар сабақтастығы деп анық айтқым келеді! Бұған не дейсің?

– Өте орынды айттың. Ырысхан ағаның қаламгерлігін де, қайраткерлігін де бүкіл Қазақстан біледі. «Абай» журналын қайта жалғастырып шығару – ұлы Мұхаң салған дәстүрге адалдығы деп есептеймін.

Бірде маған «Қазақ әдебиеті» газетінен «Кімді тұлға

тұтасыз?» деген сауал тасталды. Сонда мен: Жазба өнерінде Ырысхан Мұсаұлын тұлға тұтамын дедім. Бірнеше романның авторы. Ерекше мінезі – ешкімді бөлмейтін, адамды қабілетіне, ой-өрісіне қарай бағалайтынын айттым. Ұзақ жылдар облыстық «Семей таңы» газетінде редактор болғанда, үстірт қарап, салғырттық танытпайтындығын, жылтыраққа әуестенбейтінін үлгі тұтатындығымды жеткізген едім. Осы пікірімнен айныған емеспін. Айнымаймын да! 23 жылым сол кісімен біте қайнасып, бірге өтіп келеді. Толық мағынадағы шәкіртімін.

– *Қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби скрипкашы, соғыста тұтқынға түсіп, фашистік Германия мен Еуропаны өнерімен таң қалдырған Әйтікеш Толғанбаев туралы поэма жаздың. Осы поэма және «Бала күнде мен талай Шәукімбайды көргенмін, / Болғанымен тілі жоқ саусақтары сөйлейтін», «Нұр бейнесін ақынның жендеттерден жасырған!» – Шәкерім қажы суретін аман сақтаған Шәукен және «Жан біткеннің сұлуы екен бұл Мағи» деп михнатты жазмышын жырға қосқан кейбір деректі кейіпкерлерің киноға лайық бейнелердей елестейді.*

– Мен өзіме-өзім тәжірибе жасап жүрмін. Қолымнан не келеді, поэзия түрлерінен нені жаза аламын дегендей. Сол оймен бірнеше поэма, баллада, элегия, сонеттер дүниеге келді. Бәрі шедевр десем, шектен шығып кетермін. Бірақ, мана айтқан тарихи парыз, қарызымыз мойнымызда.

Әйтікеш аға Толғанбаев, хакім Абаймен аталас. Текті тұқымнан. Біздің елге скрипканы әкелген Абайдың бел баласы Әбдірахман (Әбіш) ғой.

«Абай жолы» эпопеясында Мұхаж Балқыбек жайлауында Әбіштің скрипкада ойнағанын суреттейтіні бар. Сонда Мұқаға (Әділханұлы) Әбіш сын көзбен қарап, саусақтары тым жуан екен, жылдам икемге келмей жатыр деп кірпияздығын білдіреді. Яғни, қанда бар, текте бар дүние шықпай тұрмайды. Тағдыр тәлкегімен жүрсе де, Германия мен Италияны бекзат өнер скрипка үнімен мойындатқан нар қазақты қалай жазбасқа!

Шәкерімнің суретін ұзақ жыл қойнына жасырып жүрген Шәукімбай (Шәукен) де осы асыл тектен. Кемтар болса да ақылды адамның қолынан келе бермейтін батырлыққа барған. Толғанбаев Балтақай ата мен менің ағам Айтбай Әлиасқаровтың үй арасы жақын болды. Бала күнімде

Шәукенді талай көргенмін. Қолымен қабырғаға неше алуан аңдардың бейнесін жарық көлеңкесі арқылы көрсетіп отыратын.

Мағидың тағдырын біздің жақтағы үлкендер жақсы біледі. Жас күнінде жан біткеннің сұлуы болыпты. Тоқпақтай бұрымы тобығын қағады екен.

– Семейдің бекзат орманы оталып һәм тоналып, шетел асып, кей қазақ қыздары асыл тегінен жаңылғанына өлеңмен налсың. Қазіргі әкімді баяғы Абайша сынайсың. Қоғамның беті: «Байлық екен, ақша екен, бүгінгінің ұраны, / Тәуелді боп тәнге қалды жанымыздың құмары», «Дініңді айырбастан құлқыныңа». Осы екеуі неге ымыраға келе алмайды, рухани бет көрмес қайшылықта?

– Семейдің сынсыған орманы алдымен өртенді, артынша оталды. Қарағайлар қан қақсап Қытайға қарай тасылды. Қайта қымбат жиһаз болып өзімізге келіп жатыр. Арзанға апарылып, аспандаған бағамен алғанына жүрегің ауырады.

«Ағаш жерді қимайды, жер ағашты» деп марқұм Ермұрат Зейіпханның өлеңінен алып өзін де өзегін өртенге жаздың. Сол тұстағы өзге ұлттың өкілі болған облыс әкіміне налығанмын. Игілігімізді ит талағандай етпей, тосқауыл қоймай ма деп.

Қазіргі облыс әкімі Абайға ескерткіш орнатты. Рухани жүдеушілікке араша түсті. Тән құмарлығын жан құмарлығына жеңдірудің үлгісін көрсетіп келеді. Шығыстан шыққан ақын-жазушыларды арнайы шақырып, ишарат көрсетіп жатыр. Бұрын мұндай болды ма? Жақсының – жақсылығын айту парыз. Елде болса, ерінімізге тиер, ертең-ақ.

«Ақынмын деп қақпай-ақ кеудемізді, / Айналамыз таниды кейде бізді» деп Жарасқан айтқан. Осы орайда алдыңғы буын Кеңшілік, Жұматай, Темірхан, Иранғайып, Израил, Несіпбек, Жүрсін, Тұрсын, Ұлықбек, Ғалым, Қасымхан ағаларымнан алғаным, үйренгенім көп. Аспаннан бір күнде түсе салған жоқпын. Бұл жайлы «Өлең деген жалғыз түйір дән едім» атты жырымда поэтикалық тілмен өрнектеп жазғанмын.

– «Жазда Қадыр ағамның, / «Жазмышын» оқыдым. / Ақындарға таң қалдым, / Ақындықтан шошыдым!». «Ақын едім, арқаланар қозбасы». Абай даралаған «Білгенге маржан, білмеске арзан» өнер жолы тегіс болмайды. Мұның міні мен артықшылығын қатар айтсаң?

– Қадыр аға Мырза Әли маған университетте «Әдебиет

теориясынан» дәріс берген. Асқан білімпаз, энциклопедиялық қоры бар ақын. «Жазмыштын» кейбір бөлімдерін біз сонау 80-ші жылдары лекция ретінде тыңдағанбыз. Кітап болып, қолыма тигендегі қуанышымда шек қалмады. Жадтан өше бастаған деректерді астын сызып оқыдым. Жастанып жаттым. Қалыпқа сыймай кететін қасиеттерден шошынғаным да рас. Сөзді ауызға Алланың өзі салатыны да айдай ақиқат.

«Жырұйық» кітабым басылып шығарда ақ батасын берген, өз сөзімен айтқанда, «бестік бағасын қойған» ағамды мәңгілік құрметтеймін.

Тұмағам, Тұманбай ақынның қыран туралы өлеңіме берген бағасы жүрегіме жазылып қалған. Мақтаным емес, ақын ретіндегі шынайы ризашылығым бұл. Мінім мен артықшылығымды сол кісілер дөп басып айтты деп ойлаймын. Ақындық деген бір азап екенін көзі тірісінде екі ағам да ескерткен.

– Мұратбек, Елбасыға бата берген, бес поэма жазған, эпик ақын Шәкір Әбенұлының бейнесін бірнеше өлеңде суреттедің. Елияс Жансүгіров талантына тәнті болған Шәкер атаның шығармашылығы (елі есімін сәл өзгеше атайды) «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітапта жоқ болғаны қайран қалдырады?! Неліктен?

– Бұл сауалың өте өтімді. Шәкір ата Шыңғыстаудың бір шыны. Асу бермес Абай дара туған соң, аласалау бағалайды біздің ел. Әйтпесе, жыраулық дәстүрді өлтірмей сақтап, бүгінге жеткізген осы шынашақтай шал. Қай дастанын алсаң да төгіліп тұрған өмірлік философия. Әндері мен күйлері өз алдына бір төбе. Шақпа тілінен тітіркене ме, басқа бір гәп бар ма, есімі елене бермейтіні өкінішті.

Кемеңгер Мұхаң өзі тізімдеп кеткен Абайдың ақын шәкірттерінің кітаптары толық шықты. Қайым аға Мұхамедханов ғылыми тұрғыда Мұхтар Әуезовке жүгіне отырып, жазып берген. Жаңсақ сөз, жалған пікірге баспаған. Солай саралап, дәлелдеп жазатын бір ғалым болмаса, біздің қолымыздан келе кетуі екіталай. Ұрпақтық парыз ретінде абыз атаңның рухани мұрасын жоқтап, халқына шығармашылығын уағыздап жүргеніне рахмет, Айгүл!

– Еліміз аман, қара орман қазақ ырыс-берекесінен, ұлттық қалыбынан айнымасын деп тілейік!

Сұхбаттасқан Айгүл Кемелбаева.

ЖЫР БҰЛБҰЛЫ – ЭЛЬМИРА

Эльмира Манасқызы Жаңабергенова, жыршы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері:

– Эльмира, әлмисақтан бергі ата-бабадан жалғасқан киелі өнеріміздің көшіндесін. Саған қанмен берілген жыраулық қасиет қазақтың тірі сөзі! Ғасырлар шеруінде рухымызды сақтап, қилы-қилы қанды кезең, карағай басын шортан шалған бұлғақтардан аман алып жеткен бабалар өсиеті! Сыр – ақтабан шұбырындыда қазақтың генофондын сақтап қалған ана дариямыз еді. Текпен берілетін жыраулығыңның түп-тұжиянын тарқата айт.

– Арал теңізінің маңында Аманөткел деген жерде 18 ғасырда 20-25-ке тарта үй болған шағын Мырзас ауылынан ер адамды есептемегенде 18 жырау қыз шыққан. Ел киелі ауыл атаған. Сол маңда эпостық жырдағы Назым сұлу мен Қамбар батырдың бейіті бар. Тау жиегінде Қамбаш көлі бар, жеті атадан бергі атамекеніміз. Осы ауылдан артына 8 дастан, 40 мың жол өлең қалдырған Нұртуған Кенжеғұлұлы шыққан. Ол ноғайлының батырларын жырлаған, Абайды өте пір тұтып, Қазаннан шыққан өлең кітабын бір мал беріп алдыртқан. Бұл кісіні әулие десе болады, 1941 жылғы соғысты алдын-ала білген. Тегін білу тектілік дейді, алты ата Әлім ішінде шекті-жақайымнан тараймыз. Қазақ үйсін, арғын, алшын деп үш жүзге бөлгенде тегін анық сақтаған. Содан қарға тамырлы қазақтың сұраса келе түбіміз бір шығатыны. Өз аталарым ішінде Ұлтарақ, Түктібай, оның үсті басы туғанда түкті болған соң атаған. Ұлтарақ деп бала тұрмағасын атаған, Қыдыр көрген, бақ қонған деп ел сыйлаған осы кісіден тараймыз. Ескі қазақ санасына не қымбат, соның бәрі аталарымда болған. Сыр бойына аты шыққан Бақжорға жүйріктің иесі, атсейіс болған үлкен атам Қосмамбет. Ол кісі жетім-жесірлерге торыққанда көмек беріп, маңдайынан сыйпаған. Қазір ойласам, кейінгі ұрпағына берілер несібе ұлы бабалардың асыл қасиеттерінен туындайтынына күмәнім жоқ. Нағашыларым Жетіру,



самат, тілеу. Нағашы жұртымда көнеден, Қорқыт бабадан келе жатқан бақсылық бар. Анам Қантайдың дауысы маған берілген. Сол бақсылық үлкен әжем Жанбала мен өз анамнан қанмен берілген. Жыраудың түбі – бақсы.

Қазақтың танды таңға ұрып жырлайтын жыраулар дәстүрі түркі халықтарына тән. Баяғыда бұл дәстүр Еуропада да болған. Аталуы басқа. Бірақ уақыт өте ол ұмытылған. Эпикалық сарын сақталып қалған бірден бір ұлы жұрт – біздің қазақ.

– **Әнге бала кезден құмар болғаның айтпаса да түсінікті. Бал бұлақтың көзін ашқан не?**

– Мектепте 1 класс оқып жүргенде қызық болған. Біздің №13 Тарас Шевченко атындағы мектепті киелі мектеп деп атауында бір мән бар. Құрманғазы бабамызды қолдаған, кобзарь атанған, қобызшы деген сияқты, украинның ұлы ақынының құрметіне берілген. Класс жетекшіміз Іңкәр апай араларыңда домбыра тартып, өлең айтатындар бар ма? деп сұрады. Ешкім үндемеді, мен құлшынып, қолымды көтердім. Шын мәнінде білмесем де сөйттім. Әлде құдай ауызға салады деген сөздің жаны бар. Үйде бір бұрышта радио саңқылдап тұрады, ауыз жаппайды. Шешемнің ұзын көйлегін киіп алып, шәйнектің сымын алып, радиодан жаттап алып, ән салғанды ұнатамын. Апай мені «Келе ғой!» деп қасына шақырды. Бұрыштан алып, қолыма домбыра ұстатты. Өзімше оны дыңғырлатып қаққан болдым да, «Мынаның құлағы келмейді ғой» дедім. Өтірік, әрине. Мектептегі бар домбыраны кезегімен қолыма ұстатып шықты, бәрін жаратпай тастадым. «Құлағы келмейді!». «Үйде домбырам бар» деп тағы алдадым. «Барып, алып кел!» деді Іңкәр апай, ата жөнелдім. Үйге келе сап, анама қиғылық салып жылайын: «Мама, домбыра алып бер!». Анам түк түсінбеді, «Кет, сабағыңа бар» деп қуып жіберді. Базар үйдің қасында, сонда жылап отырып, ұйықтап қалыппын. Мені әзер іздеп тауып алыпты. «Домбыра әпер!» деп күнде жылаймын. Сөйтіп, үш күн мектепке бармай қойдым. «Домбыра тартпасаң тартпа, сабағыңа кел» деп апай үйге келді. Сабаққа келсем «Құлағы келмейді» деп балалар мазактап күледі.

– **Болар баланың кебі солай. Ырықтан тыс сиқырлы бір күдіреттің жетегіне ергенің шығар.**

– Біздің үй шатырлы үй емес, төбесі жайпақ. Кемпірлер көлеңкеде ұршық үйіріп отырады. «Концерт басталады, – деп айналаға айқайлаймын. – Сахнада Роза Бағланова!»). Жасым жетіде, бір сөзді қайталап, қайырмасын қатырып, ән шырқаймын. Апаларым «Ой, айналайын!» деп бір жасап қалады. Екінші әнім: «Әлия», «Сахнада Роза Рымбаева» деп жариялаймын. Мектепте каникулға шыққанда нағашыларыма барамын. Қанатбай көкем агроном. Ел нағашымды Бақшабай, әйелі Гүлжанды Бақшагүл деп атайды. Бақшашылардың алдында трактордың үстінде тұрып, әлгі атақты екі әнімді шырқаймын. Ұялу қайда, құйтымдай болып өжетпін. Олар мені қызықтап күледі, жақсы көреді. Далада өскен күнбағыс пен жүгерінің арасында жүріп, собықтарын микрофон қылып, көбін қиратқан екенмін. Күн көкте жанып тұрады, асыр салып, алаңсыз ойнаймыз. Өз қызы Ләззат екеумізді көкем ұстап алып, бақшаға ағатын, ағыны күшті мұздай суға ағызып жіберді.

– Қазақ мұны өнер қысып тұр дейді. Бала кезіндегі тағы қандай ерекшеліктерің жадында? Мына өмірде кездейсоқ ештеңе жоқ.

– Мектепте мені желаяқ, осы қыз ұшып жүреді, аяғы жерге тимейді, құстай ұшады да жүреді дейтін. Туғанда үсті-басым түкті болып туыпты. Біраз күнге шейін атымды қалай қоюды білмей, көзім жылтырап жатыпты. «Өзі түкті бала болғаны несі?» десіп бәрі таңданыпты. Ешкім қызыға қоймаса керек. Тұңғыш баламын. Әкеммен бір туған Сәйдолла ағамның әйелі Зиягүл жеңешем, оны «мама» деп атап, өз анаммен қатар сүтін емгенмін ғой, тел өскен ұлы бар. Тараздың қызы, атымды сол жаңашалап «Эльмира» қойыпты.

Ақыры қоймай жүріп, әке-шешеме домбыра алдырттым. Үш ашпалы айнама болды, радиоқабылдағыш, айнаға қарап ән салуды әуезе қылдым. Бала кезімде көзіме бір ақ киімді кісілер елестейтіні есімнен кетпейді. Солардан қашамын деп өкпем ұшып жүріп, желаяқ атандым. Кейде жүрегім ұшып, талып құлайтын едім. Анам мені содан қатты уайымдаған ғой. Қарақұм деген ауылда қонғанда түсінде аян алған. Ел «Қарамолда» атаған шал, шын есімі Абдолла, «Эльмираны алып кел» депті. «Манас келсін, сонда барамын» дейді анам. Ойын баласымын. Анамның



түсіне әлгі кісі қайта кіріп, «Неге алып келмейсің, қызыңды алып кел» дейді. Анамның төркінінен алып келген ақ киіз бар екен, соны алып кел десе керек. Анам оған «Алладан қызыма өкіметтің нанын жейтін өнер бере ғөр деп тілеңіз» дейді. Мені сол ата ақ киіздің үстіне отырғызып, үш күн дем салды, «Жорғаның басы, жыраудың алды бол!» деп батасын берді. Үш күннен соң дел-сал болып қалдым. Домбыра тарта алмайтын едім, бірден Сары Батақтың термесін, жыр айтып кеттім. Мектепте «Байқаулардан үнемі қалып қоямыз, кім өнерлі?» деп сұрады апай. «Мен!» десем, балалар «Құлағы келмейді!» деп шуылдап күлді. Сол жолы термені төгілгенде бүкіл мұғалімдер жүгіріп келді.

– **Бала кезіндегі қызық оқиғанды айтшы.**

– Үйдің үлкенімін. Су тасимын, бөпе қараймын. Алты баланың басы болған соң бауырларымды жуындырып, киіндіріп қойсам, демде кірқожалақ болып шығады. Жолбарысханды тап-таза қылып ойынға жібергенім сол еді, көмірі бар сарайдың ішіне кіріп, күйе-күйе болып жетіп келгенде ызадан күйіп, 3-4 жасар ұл баланы кір машинаға салып жіберіппін, қақпағы ашық тұрады. Нағашы апам Ханымша кіріп келіп, «Астафыралла!» деп баж ете түсіп, інімді кір машинадан суырып алғаны.

– **Эльмира, сені тындасам ата-бабам жоңғар шапқыншылығынан бас сауғалап, Есіл-Нұрадан ауып, Сыр бойына көшкені, ақтабан шұбырындыға ұшырап, құдай сақтағасын үштен бірі аман қалып, ата жұрты Арқаның Абылай аспас Сарыбеліне қалай оралғаны жадымда тіріледі. Сені тындасам, жүрегімді Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтанберді, Бұқар жыраулардың асқақ үнін естігендей тылсым шаттық кернейді. Қазақта әнші көп, бірақ елдің көгін танытатын, ұлттық колориті кереметі өзіңсің. Сенің сахнадан саңқылдаған әсем жырынды естіген адам сахара қазағының ұлы қазынасына кенелері сөзсіз. Сазыңмен де, сәнінмен де баурайсың, бұл да әртістіктің негізі. Елдің риясыз сүйіспеншілігін қалай қабылдайсың?**

– Мәдениеттің ең жоғарғысы – қарапайымдылық. Мақтан емес, мен өте қарапайыммын. Өнер адамына халықтың шынайы махаббатына бөленуден артық сияпат жоқ. Бір жолы туған жерім Қызылордада концерт бердім. «Айналайын! Эльмиражан, бір сәтке уақыт берші!» деді

саңқылдаған дауыс. «Сен көмейіңе бұлбұл ұя салған әншісің ғой, соны білесің бе?! Мен жалғанды жалпағынан басып жүре алмадым, жарық дүниені екі көзімнен көре алмадым. Сенің әніңді, жырыңды тыңдағанда мына менің соқыр көзімнен жас ағады. Үнтаспаң бар ма, болса, берші, балам! Бақытты бол, бақытты бол!» деп айқайлады бір адам. Өлгі кісі ауылдық жерден мені тыңдау үшін қалаға келіпті, баласына билет алдырған. Сол концертке көп халық ауылдық жерден келген екен. Қатты шабыттанып, елең айтқан кезде мүлде басқа болып кетемін. Өзімді-өзім танымай қалуым керек.

– **Эльмира, ән-жырды ежелден қазағың сүйіп тыңдайды ғой. Ал Қазақстаннан тыс жерлерде қазақ әншісін қалай қарсы алады?**

– 1997 жылы Түркі халықтары музыкасы фестиваль конкурсы өтті. Бір дастан орындадық. Сонда 18 түрлі мақаммен дастан айттым. Гран-при иелендім. Видеоға жазып алынды. «Қалай жаттайсыңдар? Ойдан шығарасыңдар ма? Әуендерін қайдан аласыңдар?» деп сұрайды. «Жазба әдебиет қалыптасқан соң жыршылар жаттап айтады. Ата-бабамыздан бізге жеткен әуендер» дедім. Волга өзенінің үстінде бес қабатты «Александр Грибоедов» атты теплоходтың ресторанында қонақасы бергенде қазылар алқасының төрағасы, халықаралық академик Мақсұт Садықұлы маған ерекше ризашылығын білдірді. Үлкен кісі, ұлты татар, өзі бірнеше тіл біледі. Ол кісі менен қайда тұрасың деп сұрағанда, Арал теңізі маңында ел көшіп кеткен ауылда жалғыз үй бар, сонда, әке-шешемнің қасында тұрамын десем қатты таң қалды. Мәдениет министрлігіне, елшілікке хат жазамын деді.

– **Полиглот дейсің ғой! Түркілік рух қанында болар.**

– Мақсұт аға маған «Кезінде Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова қазақты дүр сілкіндіріп, дүниеге танытып еді. Қазір бір сенімен Қазақстанды әлемге танытуға болады» дегені жадымнан ұмытылмайды. Сол жолы жыраулық өнерімді тыңдаушы қауым «Феномен, ешкімге ұқсамайтын құбылыс» деп биік бағалады. Мен өз халқымның өкілі болсам, бұған неге қуанбайын! Самарқандта «Шығыс жұлдыздары» халықаралық конкурсында топ жардым. Әнші үшін өнер белестері қымбат.

Сонымен дәм тартып, 1997 жылы Алматыға, 2000 жылы

Астанаға келдім. Президенттік оркестрге қабылдандым. Жаңа шаһардан кең сарайдай пәтер бұйырды. Бұл игілік Президент Н.Ә.Назарбаевтың өнер адамдарына ерекше қамқорлығының арқасында болды. Ол кісі маған: «Сенің орындау шеберлігің ерекше. Соны Астанада өркендетіп, жыршылық, жыраулық өнерді соныңнан ерген жас таланттарға үйрет» дегені қанат бітірді.

– Эльмира, түркі тілдес ағайынға қазақтың дәстүрлі өнері қалай әсер етеді?

– Туысқан елдерден Қап тауындағы ноғай ағайын наз айтқан. «Мына бабалар өнерін біздің балаларымызға үйрет, түбіміз бір халықпыз» деген ұсыныс болды. Ноғайлы-қазақ айрылған заман жадыма орала кеткенмен, елдің бетіне қалай қараймын, қазағымнан безгендей болмайын деп жағдайыңды керемет қылып жасаймыз десе де көнбедім. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» дегенді ұрпағына өсиет қылған қазақтың қызымын ғой. Менің даусымды естігенде әйгілі Има Сумакты елестетіп, сүйінген адамдар баршылық. Қазақтың жыр, терме, хиссалық өнерін басқа жұрттар әлі біле алмай жатыр. Дін, философия, тіл бір ғана магиялық құдіретке сыйып кететіні ғажап! Ол дәстүрді ұстанған әншілердің көмейінен жыр болып ақтарылады. Теңіздің дауылынан несі кем! Қазақтан өзге халықтарда бұлар жекедара өнер, білім, ғылым салалары.

– Эльмира, сенің Парижден, Венадан, Мәскеуден ән салғаныңды естіген сәтте ұлттық рухымыз көкте қырандай қалықтайтынын мәдениеттің тұтқасын ұстап отырған азаматтар айқын білуі керек. Сені және басқа тандаулы дәстүрлі әншілерді шетелдерге көрсетуден ерен ұтар едік-ау. Сонда қазақ болғысы келмейтін қазақ қалмас еді деп ойлаймын. Елдің ұлы мәртебесі, жаны – өнерінде екенін қашан мойындаймыз?

– Өнер халықтікі. Қазақтың ұлттық рухын сақтап келген жыраулық кие екені рас. Асан Қайғы, Доспамбет, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтанберді, Жиёмбет, Бұқар, Қашаған, Нұрым, Қарасақал Ерімбет, Балқы Базар, Жиенбай, Нұртуған жыраулар сөзі қазақтың көкірегінен сөнбеуі керек. Музыкатанушы ғалым ретінде жақында «Арал

өңірінің жыраулық дәстүрі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым. Қазақ халқы жадынан өшпейтін жыраулар сөзімен мықты. Шетелдерде сахнада жыр айтқанда мұның неткен құдірет екенін арқам шымырлап сезінген кездерім аз емес. Бір сөзін түсінбесе де, эпикалық тылсым қасиетке елітіп, жан-тәнімен беріліп, көзінен жас ағып тыңдаған нәсілі бөлек адамдарды көрдім. Америкада бір бойжеткен қыз «Мен неге қазақ болып тумадым екен? Осындай ән салғым келеді» дегені есімде. Мен қазақтың әдет-ғұрпы мен салтын жанымдай сүйетін әншімін. Дәстүрімізді өте құрмет тұтамын. Шеттен бірденені алып, өнерімізді мансұқтап, сандалма сөздерді айту надандық. Өнер харам деп жүргендер біздің қазаққа жат ағымдар. Біздің ұлттық дүниетанымымыз асқақ, оны өзгертудің керегі жоқ. Елбасы жақында Түркістанға тағзым еткенде: «Мен хиджаб кигенге қарсымын. Дәстүрімізден жаңылмаңдар. Алланы киіммен емес, жүрекпен сүйіндер» дегені үшін ризамын. Әруақ деу Аллатағалаға серік қосу емес, қазақ Жаратушы Иемізді өте биік санаған. Қазақ өзі тікелей сұрауға жасқанған. Құдайға әруақтар тірі адамнан ғөрі жақын тұр деп есептеген. Қазақ «Әуелі Алла» деп сөйлеген. Аллатағаланың мәртебесі бәрінен зор, айнала қоршаған ортаны Алла жаратқан деп жерге тәу еткен, Тәңіріге сыйынушылықпен түбі бір. Бір Жаратушыны әртүрлі атау тарихи дәуірлердің жаңғырығы. Меккеге барғанда мұсылмандар неге айдалада тас лақтырады? Ырымдап тұр, әйтпесе көздеріне шайтан көрініп тұрған жоқ қой. Сондықтан ислам діні мен төл дәстүрімізді қарама-қайшы қоюды қауіп санаймын. Далалық мәдениетте бұл бағзыда қабысып кеткен. Қазақ ұлтының рухани даму жолы бұл екеуін қатар алып жүруге дағдыланған.

– **Өнер тұқым қуалайды. Балаларың өз жолыңды тандап алды ма?**

– Үлкен қызым Салтанат қобыз, жетіген, сазсырнайда ойнайды. Кіші қызым Сандуғашқа домбырамен терме үйретіп жүрмін. Музыкалық академияда оқиды. Қазақтықты ұрпағыңа дарытпасаң қазіргі қым-қуыт заманда тегінен жаңылу оңай. Сыр сүлейлері туған өлкеден шыққан менің терме-жыр айтпауым ұят шығар. Сондай өнержандылық қасиетті қыздарыма сіңіретінім рас. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі



дегенді қазақ текке айтпаған шығар. Ғасырлар бойғы ұлттық құндылықтарымыз балаларымызбен бірге жасай беруі керек. Өзім бала кезімнен термелерін сүйіп өсіп, тәлім алған, шынайы ұстазым санайтын Нұртуған Кенжеғұлұлының «Жырауларға өсиет» атты жыры бар: *«Күш атасы – жыққанда, /Сөз иесі – ұққанда. / Қолыңа алсаң домбыра,/ Халықты бей-жай қалдырма. / «Әу» деген жырышы болмайды /Ел тілегін ақтамай»* деп келетін, еліңнен зор емессің, қолпаш сөзге көкірегің өсіп, жұртыңды танымай кетпе, ұлтыңның мұратын бәрінен артық сана деп келетін. Қазір өзім де шәкірт тәрбиелеп жүрмін, осы өсиетке адал болса, құдай өнер берген жанның оң жолдан ауытқымағы деп үйретемін. Астанада Қазақ Ұлттық өнер университетінде оқытушы болып қызмет атқарамын. Өзімнің мақам шығаратыным бар. Нұртуған Кенжеғұлұлының өлеңдеріне шығарған мақам.

– «Жүйрігі жыраулардың желден озған, / Бір сөзінен табатын жүз жан мият, /Эльмира елден ерек, қыздан зият» деп бір ақын өзінді жырға қосқанын білемін. Сенің әншілік арманың қазақтың рухани мұратынан алшақ бола қоймас. Асыл арманың?

– Дәстүрлі өнерден ерен салтанатты концерт қойғым келеді. Қазір жастықтың буырқанған жұлдызды шағы. Әр әншінің өз дәурені бар. Ол да бақшада пісіп тұрған тәтті жеміс сияқты, шырыны күшті дер шағында пайдалану керек. Қазақстанның төл мәдениетін шетке таныту барша өнер адамдарының асқақ арманы. Одан мен де қалыс емеспін.

– Қазақ продюсерлік жол ашуды батыс пен іргедегі орыстың өнер жолындағы жарық жұлдыздарын танытқанындай қылып меңгерсе, онда Эльмира, сен тәрізді біртуар таланттың дария өнері теңіздей тасып, мұхиттай буырқанар еді-ау. Мұның өзі ұлттық идеологиямызға риясыз қызмет қылары айдан анық. Исі қазақтың бағына өзің тәрізді мықты дарындар биік кеңістіктерге қанаты талмай шырқап, ұлт өнерін әлемге танытса екен!!! Алла тілеуінді берсін, Эльмира!

Сұхбаттасқан: Айгүл Кемелбаева
12. 03. 2011. / 20.05.2011. / 19.06.2011.

**Композитор Кентау НАЗАРБЕК:
ӨНЕР АДАМЫ ЕЛ ҮШІН,
ОЛ ӨЗ БАСЫНДАҒЫ ҚИЫНДЫҒЫН
ШЫҒАРМАСЫНА АРҚАУ
ЕТЕ БЕРМЕУІ КЕРЕК**

Айгүл Кемелбаева: – Кентау, екеуіміз кіндік қанымыз Қарауылда тамған жерлес, түй құрдас екенбіз. Семейде біздің «Абай» журналының редакциясына келіп ән салғаның ойымда. Дауысың тамаша тенор екен. «Алдымда ағаларым аман жүрші» деген әнінді домбырамен шырқағаныңда Ырысхан аға Мұсаұлы ризашылықпен тебірене тыңдап қалды. Әншілігің мен композиторлығың құстың екі қанатындай қосарлы болғаны артықшылық деп санаймын. Әуенге ену үшін былайғы жұртқа беймағлұм тылсым қуат керек. Әу баста көркем сурет факультетін бітіргенің таң қалдырды. Суретшілікті қойып, композитор болуына не әсер етті? Табиғи тартылыс өз алдына?

Кентау Назарбек: – Ия, Айгүл, әр қазаққа туған жері құт мекен, біз үшін ұлылар елінде туу зор мәртебе, «Болмасаң да ұқсап бақ», – деген хакім Абай. Абай елінің азаматы деген атқа лайық болу үшін өзімді жақсы жағымнан көрсетуге тырысуым керек деп түсініп, осы принципті ту етіп, алға жүріп келемін.

Мектепте тәтті ойға шомып, бабымен сурет салуды жақсы көретінмін. 10 класта ән айтуға ынтықтығым арта бастады. Семейдегі педагогикалық институттың көркем сурет факультетіне оқуға түстім. Институтта көркем өнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі болдым. Ән жазуыма бірден бір себеп болған қазақ жастарының намысын оятып, жігерін жаныған 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы еді.

От басы, ошақ қасы тіліміздің мүшкіл халіне оттай жанған жүрегіммен неге бұлай деп аласұра жауап іздеп, ой толғап жазған алғашқы әнім – «Анамның тілі» дүниеге келді. Содан бастап өзімді толғантқан өмірдегі сан қырлы тақырыпты шама-шарқымша әнмен суреттейтін болдым. Ән шығаруыма суретші мамандығым айтарлықтай әсер етті ме деп ойлаймын. Сурет ол әсемдікті көру, тамсану,



ғажайыпқа шаттану ғой, ал осы құдіретті байқап, көре тұра ән жазбау мүмкін емес қой.

Көңіліңді толқытқан бір ғажайып дүниені байқап, көру арқылы таңдана – тамсанып түйсігіңе түйесің, санаңмен қабылдайсың, бүкіл тұла бойыңды тербетіп, жүрегіңді елжіретіп, сезім қылымен еркелей жүріп, дүниеге келген әуен шынайы болса тыңдарманың тәнті етері сөзсіз сияқты.

Ән шығаруыма, әнімнің тыңдарманға сол қалпында жетуіне ептеп ән айтуым үлкен септігін тигізді. Өйткені жақын – жуық арасында өзімнің ұнаған әндерімді айтып, сынатып алып барып, әншілерге ұсынамын.

Аллаға мың рахмет, Семей өңірінің Рысхан Мұсаұлы бастатқан ақсақалдары өнерімді тыңдап, риза болып, ақ батасын берді. Мәдениет Ешекеев, Санақ Әбеуов, Дауыл Хайрулин, Тұрсынғазы Рахимов пен Амангелді Жікенов – исі қазаққа танымал әнші ағаларым әндерімді нақышына келтіре орындап, талаптанып, өрге тартуыма зор ықпал етті.

А.К.: – Жидебай исі қазаққа Абайымен сүйкімді. Елден табаны аумаған ақын Төлеген Жанғалиев «Айналайын, кең тынысты Кентауым, / Кемел елдің көркі болып көп жаса! / Кіндігіңнен шықпаған соң өзіңнің, / Кім береді Нұрғиса мен Шәмшісін» деп өзіңе жыр арнапты. Абай, Шәкерім, Шәкірдің композиторлық өнері белгілі. Кейінгі ұрпаққа эпик ақын Шәкір Әбенұлының әрі талантты композитор екенін таныту керек. Өзің пір тұтқан сазгер кім болды? Алғаш ән шығаруыңа не түрткі болды?

К.Н.: – Абай, Шәкерім, Мұхтар туған киелі өлке әрдайым

тума таланттарға кенде болмаған. Солардың бірегейі эпик ақын, композитор Шәкір Әбенұлы ағамыз болашақ ұрпаққа өлең, жырларымен қоса саф алтындай мол ән мұрасын қалдырды. Ақын әндерін жақсы меңгерген мен білетін екі адам бар, Шәкір атаның Қасқабұлақтағы досы Амангелді Жікенов пен ауылдас інісі, қазір Қапшағайда тұратын шәкірті Серікболсын Қыдырбайұлы.

Шәкір Әбенұлы әндерінің нотасын Серікболсынның айтуында түсірген – Теміржан Базарбаев. Оны кейінгі ұрпаққа насихаттап жеткізу өнер танушылар мен

әншілердің міндеті деп ойлаймын. Төлеген Жанғалиев үлкен жүректі талантты ақын ағам. Ол маған үнемі өмірден көрген, білгенін, ақыл кеңесін айтып отырады, шабыттансын деп маған екі өлең арнап, рухыма жігер қосты. Өнерде үлгі тұтатын сүйікті сазгерлерім: Ұлы Абай, Шәкерім, Ақан сері, Біржан сал, Шәкір Әбенұлы, Теміржан Базарбаев, Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Бекен Жамақаев, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Төлеген Мұхаметжанов, Кеңес Дүйсекеев.

А.К.: – Жақында Астананың «Шабыт» Ұлттық өнер университетінің Жамбыл атындағы үлкен концерт залында шығармашылық кешің өтті. Өнерді, талантты биік бағалайтын ағамыз академик Мырзатай Жолдасбеков ел алдында тұсауыңды кескендей, ағалық батасын беріп, «Біржан сал мен Ақан серінің ізбасарысың», – үлкен қолдау көрсетті. Бұл кеш Елорда өнеріңді қабылдаған алғашқы қадамың болсын. Композиторлық өнер өте талғампаз. Көкжиекте Кентау Назарбек болып жұлдызың жарқырап шығуың үшін не істегің келеді?

К.Н.: – Рахмет, Айгүл! Бұған дейін Семейде үш, Талдықорғанда бір мәрте шығармашылық кешім өтіп, өнер сүйер қауымның қошеметін көрдім. Өнер қонған адамға тоқтау қиын екен, аңсарым ел ордасы Астанаға ауды да тұрды. Мемлекет және қоғам қайраткері, академик, қазақ өнері, руханиятының жанашыры Мырзатай ағаны сырттай құрмет тұтып, қадірлеп жүретінмін. Астанада әлем әртісі, профессор, ҚҰӨУ-нің ректоры Айман Қожабекқызы Мұсаходжаеваның қабылдауында болдым, ол кісі мені Қорқыт ғылыми зерттеу институтына қызметке қабылдады. Бірде Мырзатай ағаға әндерім бар ұнтаспаны ұсындым. Талантты тез танитын ел ағасы ғой, әндерімді жоғары бағалап, рухани қолдады. Ол кісі өнер кешін ұйымдастыруыма өзі ұйтқы болды. Концертімді Мырзатай аға зал толы тыңдарман алдында сөз сөйлеп, ақ батасымен ашса, Қазақстанның майталман өнер жұлдыздары қатысып әндерімді нақышына келтіре шырқады. Кешті ерекше үні бар қазақи, таңдаулы әнші Ерлан Рысқали жүргізді. Концерт қорытындысын қазақ тілінің жанашыры, мәжіліс депутаты Оразкүл Асанғазықызы сөз сөйлеп, өнеріме ақ жол тіледі. Мен



жазған дүниелерімнің халыққа керек екенін сезіп, бір жасап қалдым.

Шығарған әндерім қазақы рухын, шынайылығын, әуезділігін сақтауы керек деп ойлаймын. Ал жылаңқы, ыңырысқан немесе арнау әндер жазбауға тырысуым керек, өзіме тән стилімді сақтауым керек деп түсінемін.

А.К.: – Қазақтың үлкен композиторы Теміржан Базарбаевтың шәкіртісің. Ол кісінің сендегі ұшқынды байқауы тегін болмады. Ол туралы не айтасың? Теміржан аға әндерінді қалай бағалады, қандай сын айтты?

К.Н.: – Өмірге қадам басқан өнерімді өзгелер көрсе де, көрмегенсіп теріс пікір айта бастаған кезде өнердегі ұстазым Теміржан аға оларға тойтарыс беріп, маған «Әндерің жақсы, ешкімге алаңдамай жаза бер» деп ақ батасын беріп, жол сілтеді. Теміржан аға шындықты бетке айтатын турашылдығымен, адалдығымен жұртқа беделді, сыйлы адам болатын. Ағаның алдына ойдан – қырдан өнерін бағалатуға өнерпаздар келіп жататын. Теміржан аға ерінбей, жалықпай алтын уақытын бөліп, оларды тыңдайтын. Егер алдына келген адамның шығармасы түкке тұрмаса, оны мәймөңкелемей тура бетіне айтатын, нәрлі дүниесі бар талант болса мойындап, қамқорлық қылатын. Теміржан ағаның ақ батасын алған шәкірттері – Төлеген Мұхаметжанов, Жолан Дастенов, Тұрсынғазы Рахимов, Мейрамбек Жанболатов, Болат Сыбановтар өнерімен барша қазақтың ықыласына бөленген беделді композиторлар. Ағамен үнемі тығыз байланыста болдым, біраз бармай қалсам, қайран ағам іздеп отыратын. Теміржан аға Шәмші Қалдаяқовпен консерваторияда бірге оқыған. Бір әңгімесінде, Шәмші ағаның бірталай танымал әндерінің шыққан кезде жанында болғанын, нотаға түсіріп, өңдеп бергенін де айтқаны есімде. Ағаның әндерге түсірген нотасы биік деңгейде сапалы болатын, қандай мықтыға апарсаң да, нотадан қате таба алмайтын. Алдына апарып тыңдатқан әндеріме ол кісі сын айтқан емес, керісінше «Әндерің жақсы, алаңдамай, батыл жаза бер», – деп қолдап отыратын. Менің көкірегімде ұялаған әуенге, сенім шоғын жағып, қамалдай қорған болған Теміржан ағадай шоқтығы биік ұлағатты ұстаздың шәкірті болғанымды әрдайым мақтан етемін.

А.К.: – «Сегіз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе» демекші, әндеріңнің ішінде халық жүрегіне риясыз жол тапқан «Бір бәйтерек, бір шынар», «Ардағым», «Мен қазақпын» сияқты үздіктері бар. Көп әндеріңнің табиғаты қуаныш, салт-дәстүрдегі өмірсүйгіштікті жандыруға арналған екен. Келін түсіру, шашу, бақытты аңсау, ата-ананы сүю, отбасы құндылығын сақтау идеясы айқын тұр. Әндерінде құлазу, жабығу жоқтығы ұнады.

К.Н.: – Рахмет Айгүл! Менің түсінігімде өнер адамы басындағы қиындығын творчествосына шама келсе арқау ете бермеуі керек, оған не жетпейтінін халық өзі де байқайды. Ол керісінше елге не қажет екенін байқауға тырысып, халықтың рухын көтеріп бірлікке шақыратын, қиналған сәтте көңіліне медеу болатын, адами тұрғыда сыйластықты дәріптейтін тәрбиелік мәні бар тақырыптарды творчествосына арқау етуі керек. Ата-ана, махаббат туралы, мейлі бақытты, басқаны аңсайсыз ба, ән жігерлі, оптимистік көңіл күйде болуы керек деп ойлаймын. Шығарма шынайылығын сақтауы керек. Ұстазым Теміржан Базарбаев үйреткен, өмірдегі, өнердегі қағидам осы.

А.К.: – Бір сарынды әуен композиторлық өнерде кездесетін сияқты. Тыңдарманды тартпайтын әндерім бар деп ойлайсың ба?

– **К.Н.:** Менің бір байқағаным, халық мойындаған әр ақынның өлеңінде ешкімге ұқсамайтын өзіне тән стилі болады ғой, композитордың басты мақсаты Алланың қалауымен әр ақынның болмысына, өлеңдегі философиясына сай әуен табуда. Қазақ асқан Абайға Абайдың стилінде, Шәкерімге Шәкерімнің стилінде, Мұқағалиға – Мұқағалидың стилінде жазып, ақынның айтар ойын терең зерттеп, байыппен ұғып, өлеңінің деңгейіне жетуге тырыспасаңыз, шығарған әндер нәрсіздігімен қоса, бір-біріне ұқсап кетері сөзсіз деп ойлаймын. Мен өзім шамам жеткенше әр ақынның болмысын ұғуға, төл стиліне сәйкес әуен табуға тырысып келемін. Әрине, менің де тыңдарманға ұнамайтын әндерім баршылық.

А.К.: – «Мен қазақпын» – отансүйгіштік рухтағы, баяғының жауға шапқан батырлары ұран салғандай

атойлаған ән екен. «Желтоқсанда мұзға от жақтым» деген бір жолы жадқа «Бұз үстіне от жағып, / Бұзбай бұлан пісірген» деп жырлаған Шалгез жыраудан жалғасқан бабалар рухын жаңғыртқандай. Сүйінбайдың қырғыз Қатағанмен ақынмен айтысындағы өршіл елдік рух пен Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» өлені еске түседі.

К.Н.: – Тәуелсіздік алған тұста барша қазаққа ортақ, ел үшін еңбек еткен қасиетті тұлғаларымызды анау сенікі, мынау менікі деп бөлісу қылаң бере басталды. Сонымен қоса ішінара қалаларда, ауылдарда қолында барлар өздеріне ғана белгілі өз ата бабаларын дәріптеп, көшелерге, мәдениет үйлеріне, т.б.м. аттарын бере бастады. Бұл буыны қатпаған болашақ ұрпақты адастыратын, тарихқа иненің жасуындай құны жоқ келеңсіз жағдай еді. «Мен қазақпын» ән – толғауы Абай ата сөзімен айтқанда «Бірінді қазақ бірін дос, / Көрмесен істің бәрі бос», ал кеменгер халқымыз «Жүзге бөлінгеннің жүзі қара, руға бөлінгеннің құруға асыққаны, атаға бөлінген адыра қалады, көпті қорлаған көмусіз қалады», – деп айтқандай, өз тарапымнан исі қазаққа ортақ айтулы ерлерді аспандатып, ат төбеліндей аз қазақты береке – бірлікке шақырған, отансүйгіштік рухта жазылған ән болды ма деп ойлаймын. Бұл менің өнер адамы ретінде әсіре рушылдыққа берген жауабым еді.

Айгүл, мен көп ойланып, толғанып, қазіргі заманғы қазақты төрт топқа бөліп қарайтын болдым. Бірінші топ: Ұлттың әдет-ғұрып, салт-санасы, тілі, діні, имани құндылықтар бұларға жат. Ұрпағы кімге тисе де, кімді алса да, қай тілде сөйлесе де, бұларға бәрібір. Әр түрлі сектаға кіріп, қазақ мүддесінен гөрі, өзінің, сектаның мүддесін жоғары қоятындар немесе жаһандануды жақтайтындар, өзінен кейін не болса да, бұларға мейлі, өздері, балалары жақсы өмір сүрсе болды. Қысқасы, бұларға бәрібір.

Екінші топ: Қазақтың мүддесінен өз руының мүддесін жоғары қоятындар.

Бұлардың түсінігінде, өзінің руы қазақтың басқа руынан қадірлі, қасиетті. Қолынан келген жақсылығын тек руластарына ғана жасағысы келетіндер, яғни сана-сезімі, азаматтық қалыбы таптық деңгейде қалып қойғандар. Барша қазақтың тұтастығы мен береке-бірлігі бұларды

аса ойландырмайды. Бір жақсысы, әдет-ғұрыпты біледі, қазақша жақсы сөйлейді.

Үшінші топ: Елдік деңгейге жеткен тұлғаларды жатқызамын.

Бұлар қазақ елінің, яғни бір қазақтың болашағын ойлап, жан аямай қызмет еткендер. Шіркін, алдыңғы екі топтағы қазақтарға құдай сана беріп, осы топтағы қазақтардың санын көбейтсе, қазақ елінің болашағы жарқын болар еді деп ойлаймын. Төртінші топ: Әлемдік деңгейге жетіп, қазақтың атынан әлемдік көшке үн қосқандар. Бұл топқа барша қазақ талпынғаны дұрыс, бірақ екінің бірі кіре алмас.

А.К.: – Абай хакімге арнау ән жазу көкейінде бар ма?

К.Н.: – Абай атамның 6-дан астам өлеңіне ән жаздым. Марқұм ұстазым Теміржан аға Абайдың өлеңдеріне жазылған әндерімді жоғары деңгейде деп бағалады. Абайдың 150 жылдық тойында ақын сөзіне жазылған композиторлар әндеріне халықаралық байқау жарияланған болатын. Сол байқауға «Жастықтың оты қайдасың» деген әнімді маған айтпай, бағын сынасын деп бәйгеге қосып жіберіпті, қызық болып, жүлделі орын алғаны бар еді. Ұлы Абай бабамызға ұрпағы қанша арнау жазса да көптік етпейді ғой. Ақынның баға жетпес шығармаларын дәріптеп, ақын Әділғазы Қайырбековтың өлең сөзіне «Абайдың өлеңі» деген ән жаздым. Алла бұйыртып, бұл ән әншісін тапса халық тыңдайды ғой.

А.К.: – Кентау, әңгімеңе рахмет! Өнерің өрлей берсін!

Әңгімелескен Айгүл Кемелбаева.

20-21.11. -18.12. 2013.

КОММЕНТАРИЙ. ЭССЕЛЕР МЕН СҰХБАТТАРДЫҢ БАСПАСӨЗДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МЕРЗІМІ

1. Дулат Бабатайұлы. «Жігіт болар ма екенсің?!». 2013
2. Абайдың махаббат лирикасы.»DANAY» (Данай) журналы № 2 (2) 2004./ »Қазақ әдебиеті». №33. 19. 08.2005. Абай және Омар ибн Аби Рабия.
3. Иманжүсіп. Эссе. «Таңшолпан» журналы, №1.1013.
4. Әлкей Марғұланның «Қазақ әлемі» нақында. «Абай». № 2. 2004. / «Астана ақшамы», №83 (3140) сейсенбі 29.07.2014.
5. Георгий Гребенчиков әңгімесіндегі көкбөрі. «Астана ақшамы», №109 (3019) бейсенбі, 26.09.2013.
6. Марина Цветаева, «Ол өлді мәңгіге «тіріліп»», «Астана ақшамы», №36 (3093), 3.04.2014.
7. Қасым жырындағы авторлық мөр. «Мырза» газеті, №8 (48) қазан 2011.
8. Ғабит Мүсірепов. «Ұлпан». «Егемен Қазақстан», 1.10.2013.
9. Герольд Бельгер. Тек пен жад. «Қазақ әдебиеті», №46 (3418) 31.10.2014.
10. Жазушы Тобық Жармағамбетов. Отамалы. «Қазақ әдебиеті», №12-13 (3385) 21.03.2014.
11. «Артық ғылым кітапта». Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Абай және шығыс» атты еңбегі хақында. «Жамбыл» журналы, №3.2005.
12. Мекемтас Мырзахметұлы шығыстанушы. Конференция материалы.
13. Нәзирағөйліктің Нұрғалилық нысанасы. Рымғали Нұрғали «Еңлік-Кебек» трагедиясы туралы. «Астана ақшамы», № 70. 26.06.2012.
14. Қазағын сүйген қаламгер. Жазушы Шерхан Мұртаза туралы. «Астана ақшамы», №110. 29.09.2012.
15. Медеу Сәрсекке. Өнегелі өмір жаршысы. «Қазақ әдебиеті», №1.2016.
16. Тың өнердің тарланы. Жазушы Сұлтан Оразалы. «Түркістан» газеті, №18 (876) 05.05.2011.
17. Құм даланың наласы. Жазушы Дүкенбай Досжан. «Қазақ әдебиеті», №37. 7.09.2012.
18. О. Бөкеев әңгіме жанрында. «Абай». № 4. 2002. / «Қазақ әдебиеті». № 33 (2819) 15.08.2003.
19. Оралхан Бөкеев прозасындағы мифологиялық сарындар. «Ардақ». «Алтын Орда». № 4 (210). 30.01. -5.02. 2004.
20. Оралхан Бөкей. «Қар қызы». 2013.
21. Ырысхан Мұсаұлы. Тектілік ғұмыр таңдаулы. «Абай» журналы, №1.2013.

22. Әділбек Абайділданов. «Өлеңнің мен-дағы бір ырысымын». «Астана ақшамы», 2013.

23. Кәдірбек Сегізбаев. Дала жыршысы. «Егемен Қазақстан», №182-183. 04.05.2011.

24. «Көкірекке құс берген өлең». Ақын Нұрлан Оразалиннің шығармашылығы туралы. da Қазақстан. Халықаралық түрік журналының 21 нөмірінің қосымшасы, 2006. / «Әдебиет айдыны». № 17(114). 3.05.2007.

25. Роллан Сейсенбаев проза жанрында. «Қазақ әдебиеті», №3-4 (3060) 25.01.2008.

26. Асылға құштар дүние. Жазушы Несіпбек Дәутайұлының әңгіме, повестері. «Қазақ әдебиеті», №48. 30.11.2007.

27. Момын мен мүләйім. Жұмабай Шаштайұлы прозасындағы сарын. «Жас қазақ» № 18(122). 11.05.2007.

28. Ғарасат майданы және біз. Тұрсын Жұртбай – абайтанушы. «Егемен Қазақстан», №27-32 (27104) 24 қаңтар, сейсенбі 2012.

29. Есенқұлдың сағынышы. Ақын Есенқұл Жақыпбек. «Қазақ әдебиеті», №6 (3378) 7.02.2014.

30. Қаламгердің құпияға мол әлемі. Жазушы Рақымжан Отарбаев. «Алтын тамыр», № 4. 2009.

31. Жанболат Башар. «Жылқының киесі», «Жұлдыз», №10. 2015.

32. Бабалар рухын аңсау. Ақын Қасымхан Бегманов. «Қазақ әдебиеті», №44. 4.11.2011.

33. Қасымхан Бегман. Мұстафа Шоқай жолымен.

34. Әуезхан Қодар аударма жанрында.

35. «Көмейден төккен көркем үн». Ақын Бауыржан Жақып. «Қазақ әдебиеті», №13. 30.03. 2012.

II. Интеллектуальды интервью.

36. Ақын Ақұштап Бақтыгереевамен әдеби сұхбат. «Боз даланың жүсан иісін сақтасақ...». «Астана ақшамы», №119 (3676) сейсенбі, 21 қазан 2014.

37. Ақын Бақытжан Тобаяқовпен сұхбат. «Халық сөзі», №03 (147) 13.01.2012.

38. Жазушы Серік Асылбекпен сұхбат. «Сағыныштан» «Рәбиғаның махаббатына» дейін. «Ақ желкен», №6.2015.

39. Ақын Ғалым Жайлыбаймен сұхбат. Сұхбат түріндегі рецензия. «Қазақ әдебиеті» газеті, №52 (1) (3425) 26.12.2014.

40. Ақын Мұратбек Оспановпен сұхбат. «Игілігімізді ит талағандай еткен әкімдер де болды». «Халық сөзі», №34-35, жұма, 04.05.2012.

41. Әнші Эльмира Жаңабегеновамен сұхбат. Жырау түбі – бақсы. «Халық сөзі», №07 (151) 27.01.2012.

42. Композитор Кентау Назарбекпен сұхбат. «Өз басындағы қиындығын шығармасына арқау ете бермеуі керек». «Ақ желкен» журналы, № 8. 2014.

АВТОРДЫҢ ҚЫСҚАША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯНЫ

Айгүл Жолдасбайқызы Кемелбаева, жазушы, әдебиеттанушы, кинодраматург, эссеші.

1965 жылы 21 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Семей өңірі, Абай ауданы, Құндызды ауылында дүниеге келген.

ҚазМУ-дің журналистика факультетінің III курсын (1984-1987), Москвадағы М.Горький атындағы Әдебиет институтының проза бөлімін (1989-1994) бітірген.

Баспасөзде 200-ден астам әдеби мақалалары, эссе, аудармалары жарық көрген.

«Жетінші құрылыққа саяхат» (1986), «Тобылғысай» (2001), «Мұнара» (2003), «Мәжнүн жүрек» (2013) атты прозалық кітаптардың авторы.

Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесі бойынша Ш.Айманов атындағы Қазақфильм түсірген «Күнә» атты көркемфильмнің (Режиссері Болат Шәріп, 2005 ж.) және «Сүлеймен Есқараев» (2012 ж.), «Сұлтан Оразалин» (2013 ж.), «Жиембет жырау» (2014 ж.) атты деректі фильмдердің сценарийін жазған.

ӘДЕБИ СЫЙЛЫҚТАРЫ:

1983 ж. – «Жалын» баспасының республикалық жабық конкурсында балалар әдебиетіне арналған II жүлде.

1996 ж. – Сорос-Қазақстан-Дебют конкурсының лауреаты.

1997 ж. – Мұхтар Әуезовтың 100 жылдық мерейтойы құрметіне арналған творчестволық конкурста III орын.

1998 ж. – Жастар Одағы мен Журналистер Одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығының лауреаты.

1999 жылдан бері. Жазушыларға берілетін Президенттік стипендияның бірнеше мәрте иегері.

2000 ж. – «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты.

1998 және 2000 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің ең үздік әңгіме және ең үздік мақала номинациясы бойынша лауреаты атанды.

2002-2003 жж. – «Қазіргі заманғы Қазақстан романы» аталған Сорос-Қазақстан қоры ұйымдастырған жабық конкурстың гранты.

2003 ж. – «Дала мен қала» апталық газеті жарияланған «Қаланың қысқа әңгімесі» атты бәйгенің бірінші жүлдесі.

2006 ж. – 13.11. Меценат Медғат Құлжанов қорының «Абай және ислам» әдеби конкурсының III сыйлығы.

2006 ж. «Баянауыл алтын белгісі» медалі. Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімдігінің әдеби сыйлығы.

2007 ж. 14.08. Республикалық «Абай әлемі» конкурсының I жүлдесі.

2008 ж. Қараша. Халықаралық Махмұт Қашқари конкурсының II жүлдесі. Әңгіме жанры. Түркия.

2012 жыл, шілде. Бұқарбай батырға арналған республикалық байқаудың II жүлдесі. Қызылорда.

2012 жыл, қыркүйек. Шерхан Мұртаза шығармаларының инсценировкасы, бас жүлде. Тараз.

2012 жыл, қараша. Халықаралық Махмұт Қашқари конкурсының II жүлдесі. Әңгіме жанры. Түркия.

2012 жыл, желтоқсан. Виктор Шнитке атындағы Халықаралық сыйлықтың I дәрежелі дипломы. Россия.

2014 жыл, 9.12. «Алтын асық» Халықаралық сыйлығы. Номинация: проза.


2015 жыл, 28 наурыз. Қамшы кз сайтының жүлдесі – Қазақ мемлекетігіне 550 жыл, проза, 2 орын.

2015 жыл 16 қазан. «Алтын көпір» халықаралық аудармашылар байқауы, II орын.

МАЗМҰНЫ

I бөлім. Эсселер мен мақалалар.

1. Дулат Бабатайұлы. «Жігіт болар ма екенсің?!».....	4
2. Абайдың махаббат лирикасы. Омар ибн Аби Рабия мен Абай. Эссе.....	8
3. Айтулы ер Иманжүсіп. Эссе.....	20
4. Әлкей Марғұланның «Қазақ әлемі» хақында. Эссе.....	33
5. Георгий Гребенщиков әңгімесіндегі көкбөрі. Эссе.....	43
6. Марина Цветаева. Эссе.....	52
7. Қасым жырындағы авторлық мөр. Эссе.....	59
8. Ғабит Мүсірепов. «Ұлпан». Эссе.....	62
9. Герольд Бельгер. Тек пен жад. Эссе.....	77
10. Тобық Жармағамбетов. Отамалы. Эссе.....	87
11. «Артық ғылым кітапта». Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Абай және шығыс» атты еңбегі хақында.....	97
12. Мекемтас Мырзахметұлы шығыстанушы Абай. "Білген құл" – хакімдік идеясы.....	108
13. Рымғали Нұрғали. Нәзирашылдық дәстүрдің жаңа өнердегі көрінісі.....	113
14. Шерхан Мұртаза. Ұлтын сүйген Шерағаң.....	120
15. Медеу Сәрсекке. Өнегелі өмір жаршысы.....	126
16. Сұлтан Оразалы. Тың өнердің тарланы.....	132
17. Дүкенбай Досжан. Құм даланың наласы.....	137
18. Оралхан Бөкеев әңгіме жанрында.....	146
19. Оралхан Бөкеев прозасындағы мифологиялық сарындар. «Ардақ».....	151
20. Оралхан Бөкей. «Қар қызы».....	157
21. Ырысхан Мұсаұлы. Тектілік ғұмыр таңдаулы.....	165
22. Әділбек Абайділданов «Өлеңнің мен-дағы бір ырысымын».....	186
23. Кәдірбек Серізбаев. Дала жыршысы.....	195
24. Нұрлан Оразалин. «Көкірекке құс берген өлең».....	203
25. Роллан Сейсенбаев проза жанрында.....	212
26. Несіпбек Дәутайұлы. Асылға құштар дүние.....	217



27. Жұмабай Шаштайұлы. Момын мен мүләйім.....	225
28. Тұрсын Жұртбай – абайтанушы. Ғарасат майданы және біз.....	230
29. Есенқұл Жақыпбек. Есенқұлдың сағынышы.....	242
30. Рақымжан Отарбаев. «Даусыңды естідім».....	250
31. Жанболат Башар. Жылқының киесі.....	262
32. Қасымхан Бегманов. Бабалар рухын аңсау.....	267
33. Мұстафа Шоқай туралы.....	275
34. Әуезхан Қодар аударма жанрында.....	282
35. Бауыржан Жақып. «Көмейден төккен көркем үн».....	289

II бөлім. Интеллектуальды интервью.

36. Ақұштап Бақтыгереевамен әдеби сұхбат. «Боз даланың жусан иісін сақтасақ...».....	298
37. Бақытжан Тобаяқовпен сұхбат.....	316
38. Серік Асылбек «Жазушы ең алдымен өзін және өзінің айналасын жазады».	323
39. Ғалым Жайлыбаймен сұхбат.	347
40. Мұратбек Оспановпен сұхбат. «Игілігімізді ит талағандай еткен әкімдер де болды».....	356
41. Жыр бұлбұлы – Эльмира.....	363
42. Кентау Назарбек: "Өнер адамы ел үшін, ол өз басындағы қиындығын шығармасына арқау ете бермеуі керек".....	372

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

Сөз хикмет

Эсселер, мақалалар, сұхбаттар

(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсепбай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 20

Таралымы 2000+120 дана.

Тапсырыс №370

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143. офис 400

Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.

Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-7505-23-3



9 786017 505233



ИЗДАНИЕ АКАДЕМИИ НАУК СССР
ИЗДАТЕЛЬСТВО АКАДЕМИИ НАУК СССР



000001516894



*Айгүл Жолдасбайқызы
Кемелбаева, жазушы,
әдебиеттанушы,
кинодраматург, эссеші.*